

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ

АХМЕТ

Шығармаларының
академиялық
толық жинағы

БЕСІНШІ ТОМ

Алматы, 2022

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 қаз)
Б 20

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Ғылым комитеті

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған

OR11465467-OT-21 «Әдебиеттану және өнертану саласындағы қоғамдық сананы жаңғырту жағдайында жаңа гуманитарлық білімді қалыптастыру және инновациялық зерттеулер жүргізу: әлемдік тәжірибе және отандық практика» атты конкурстан тыс нысаналы бағдарлама аясында әзірленді.

«Академиялық басылым» сериясының негізі 2020 жылы қаланған

Идея авторы және жоба жетекшісі:
ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,
филология ғылымдарының докторы К.І. Матыжанов.

Томның редакция алқасы: К. Матыжанов (жалпы редакциясын басқарған), А. Ісімақова (жауапты редактор), Т. Қыдыр, Ж. Рақыш, А. Ақан, Н. Сәрсек, Н. Елесбай (жауапты шығарушы), Ә. Ахмет, К. Мұстафаева.

Пікір жазғандар:
филология ғылымдарының докторы, профессор Ө. Әбдиманұлы,
филология ғылымдарының докторы, профессор А. Әбсадық.

Ахмет Байтұрсынұлы. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Бестомдық. 5-том / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Матыжанов К.І., Ісімақова А., Рақыш Ж.С., Жұбай О., Мұстафаева К., Сәрсек Н., Елесбай Н., Ахмет Ә. – Алматы: «Brand Book», 2022. – 780 б.

Т. 5 ISBN 978-601-230-109-0

Ахмет Байтұрсынұлы шығармаларының академиялық толық жинағы ғалымның 150 жылдық мерейтойына орай текстологиялық зерттеулер негізінде сараланып, мазмұндық, мәтіндік, құрылымдық тұрғыдан толықтырылып шығарылып отыр.

Академиялық жинақтың бесінші томында ғалымның мақалалары, мұрағат құжаттары, фотосуреттері топтастырылған.

УДК 821.512.122
ББК 84 (5 қаз)

ISBN 978-601-230-109-0

© М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2022

МАҚАЛАЛАР



КИРГИЗСКИЕ ПРИМЕТЫ И ПОСЛОВИЦЫ

Желая собрать и опубликовать приметы о погоде мы в №25 «Тург. Газ.» обратились к своим корреспондентам, живущим в степи, с просьбою записать несколько киргизских примет и прислать их в подлиннике или в переводе на русский язык.

Ныне нам любезно доставлены следующие приметы о погоде:

1) Восход солнца в тумане предвещает жаркую погоду.
2) Закат солнца в ясный край неба и очень красная заря при этом предвещают жаркую погоду.
3) Закат солнца летом в облако предвещает дождь, а зимой – снег.
4) Появление солнечного круга предвещает глубокоснежную зиму, а появление лунного круга – суровую зиму. Эти приметы выражаются в киргизской поговорке: «Күн кораланса, күрегин сайла; ай кораланса, арысын сайла», «если появляется солнечный круг, то запасайся лопатами; если появляется лунный круг, то запасайся верблюдами». Это значит, что круг солнца предвещает глубокий снег, из-под которого придется лопатами добывать корм для скота; круг же луны предвещает суровую зиму, когда приходится искать другой местности, где зима для скота благоприятнее.
5) Уши утреннего солнца предвещают буран, или резкий холод, а уши вечернего солнца – теплую погоду. Эти приметы выражаются в киргизской поговорке: «Эртенги кун кулактанса, элинди жау шапкандай корк; кешки кун кулактанса, келинин ул тапкандай куан», т.е. «если у утреннего солнца есть уши, то бойся этого так же, как боишься нападения врагов на свой аул, а если у вечернего солнца есть уши, то радуйся этому как рождению внука». Поговорка эта вполне справедлива, потому что скот составляет главное средство к существованию киргизов и неблагоприятная погода для скота наводит на киргиза-скотовода такой же страх, как от нападения врагов; наоборот, теплая погода, как более благоприятная для скота, радует киргиза как рождение внука.

6) Если новая луна имеет наклонное положение, то в этом месяце погода должна быть неблагоприятной для скота, а если вертикальное – то погода будет благоприятная.
7) По наблюдению киргизов за небесными светилами, звезды «уркер» (т.е. звезды расположены группою) не выходят из горизонта с 1 мая. Затем начиная с 10 июня, звезды появляются на небе, а 21 они уже находятся рядом с луною. Такое расположение звезд, называемое киргизами «тогыс», бывает в году 10 раз: с 21 июля, 19 августа, 17 сентября, 15 октября, 13 ноября, 11 декабря, 9 января, 7 февраля, 5 [марта] и 3 апреля. 1-го же мая звезды исчезают и до 10 июля их не видать. Если при этом звезды «уркер» и луна стоят близко друг к другу, то, значит, между ними царит мир, и месяц этот должен пройти спокойно.
8) Так как «куянъ-джилъ» (голодный год) всегда разрушительно действует на киргизский скот, то кочевники стараясь найти особую примету этого года, предположили, что летом голодного года цвет неба бывает светлее против обыкновенного. Из этого киргизы вывели такое заключение: если летом небо имеет цвет светлее обыкновенного, то зима будет суровой. Вследствие долголетних проверок справедливость этого заключения оказалась очевидной, и киргизские астрономы (исепше) по этой примете предсказывают суровую зиму нередко очень удачно.
9) Если вечером дым из трубы поднимается прямо вверх, то погода зимой будет теплая.
10) Обилие росы предвещает урожай травы
11) Если зимой облака ходят против ветра, то пойдет снег, а летом – дождь.
12) Если тучи рассеятся в середине неба, то погода будет плохая, а если на окраине неба, то погода будет хорошая.
13) Есть особое облако, которое появляется, будто бы, с двух сторон света. При своем появлении оно бывает похоже на холм, подобный опрокинутому котлу. Облако это сперва

появляется на окраине неба и появление его наводит страх на всякого. Когда оно появляется на горизонте и скрывается за него, то будет сильный ветер и резкий холод; если же облако это поднимается кверху, постепенно увеличиваясь, то будет сильный буран, который занесет снегом целые аулы. Облако это по-киргизски «найзагай-булт» (найзагай – молния, булт – облако). Киргизы очень боятся этого облака-молнии.

14) Если ветер дует с юга, а затем с востока, то быть хорошей погоде, если же ветер дул с юга, а затем с запада, то погода будет дурная.
15) Соответственно жгучему летнему ветру, такой же резкий ветер будет и зимой.
16) Если летом было много ураганов вихрей, то зима будет суровая.
17) Если первый весенний дождь сопровождается грозой и громом, то будет обильный урожай.
18) Если направление зимнего ветра, противоположно направлению летнего ветра, то будет буран.
19) Гром в октябре месяце предвещает очень короткую зиму.
20) Если летом бывает много молний, то зима будет благоприятной для скота.
21) Если верблюд зимой по ночам фыркает, то будет буран.
22) Если зимой верблюд мотает губами, а лошадь икает, проглатывая при этом слюну, то верблюду и лошади скоро придется пить снеговую воду, т.е. нужно ожидать скорое наступление весны.
23) Лошадь икает и лягается – к бурану.
24) Овца бьет себя ногой в брюхо – к глубокому снегу.
25) Если овца скрежещет зубами, то будет буран. Если зимой овцы входят в овчарню спокойно, то быть теплой погоде, а если спеша, толкаясь и суетясь, то погода будет холодная.
26) Скорый отлет птиц осенью предвещает короткую зиму, а медленный отлет – долгую зиму.

27) Если птицы улетают группой, то зима будет благоприятной для скота, а если разбросанными вереницами, или по одиночке, то зима будет суровая.
28) Отлет птиц с криком и гамом предвещает благоприятную зиму, а отлет птиц молча и тихо – суровую зиму.
29) Если гагары при отлете поднимаются высоко, то зима будет благоприятная, а если летают низко, то зима будет суровая.
30) Если зимующие в степи черные скворцы поднимаются вверх очень высоко, то будет буран или резкий холод.
31) Первый весенний прилет лебедей и уток предвещает холод.
32) Если весной прилетают первыми коршуны, то снег сойдет быстро.
К теплой зиме мыши собирают траву вне норы, а к холодной – во внутрь норы.
33) Обилие мышей летом предвещает благоприятную зиму.
34) Крик лягушек в ясную погоду предвещает дождь.
35) Если овца зимою, в ясную погоду, шевелит ушами, как будто бы стряхивая с них дождевые капли или снеговые комья, то быть бурану.
36) Если положенный в котел снег тает и на поверхности воды появляются при этом пузыри, которые лопаются, то будет буран, если же снег в котле пенится, то нужно ожидать хорошей весны.

Ахмет Байтурсунов

Киргизские приметы и пословицы.
«Тургайская газета», 1895 г., №39.

КОРРЕСПОНДЕНЦИЯ
(От нашего корреспондента)
Бистамакская волость, Актюбинского уезда

Нельзя не отметить того отрадного явления в нашей степи, какое произвело учреждение фельдшерских пунктов с назначением фельдшеров-оспопрививателей. Киргиз давно нуждался в рациональной врачебной помощи и учреждение фельдшерских пунктов послужило как раз кстати, спасший его от давно ненавистных лекарей-даргеров и баксы-шарлатанов.

Известно, что до учреждения фельдшерских пунктов, киргизы лечились у своих даргеров или баксы, от которых немыслимо получить никакое облегчение. Охотно киргизы обращались и к русским докторам за врачебной помощью, но эти обращения их всегда были сопряжены с большими затруднениями и неудобствами. Главное затруднение и неудобство киргизы встречали в громадном расстояний от аула до города: русские врачи не давали никакого лекарства без осмотра больного, а везти его в город при громадном расстояний было весьма затруднительно, даже совсем невозможно. После этого понятно положение киргиза, одержимого какой-нибудь болезнью. Несчастному больному приходилось лежать без всякой помощи или, еще хуже, подвергаться помощи даргеров и баксы, совершенно невежественных в этом деле, которые вместо пользы, наоборот, делали вред и тем причиняли смерть, или, настолько усложняли опасность болезни, что и русским врачам редко удавалось восстановить здоровье пострадавшего, и часто дело заканчивалось смертью больного. Такие печальные последствия дел поселили среди киргиз уверенность [в том], что и русские медицинские средства и лекарства не приносят никакой пользы. А между тем тут виновата запущенность, застарелость болезни. Если бы в среде киргизов были русские врачи или фельдшера и киргизы во время обращались к ним за врачебной помощью, то вышеупомянутое ложное понятие о русских медицинских средствах не имело бы источника. Совершенно иначе поставлено это дело в русских

городах и селах, где жители всегда вовремя могут обращаться за врачебной помощью к местным врачам и фельдшерам, которыми своевременно подается разумная и целесообразная помощь. Вот в этой-то разумной и целесообразной помощи давно нуждались наши киргизы, нуждались и дождались. Один из фельдшеров назначены и к нам – в 4 фельдшерский участок, в Бистамакскую волость. Живя вблизи этого пункта, я был свидетелем врачебной деятельности его с самого начала. Как только приехал фельдшер, то киргизы, бросив своих даргеров и баксы, стали являться к нему целою толпою. Из этого видно, что только крайняя нужда заставляла киргиз лечиться у даргеров и баксы. Еще только второй месяц, как приехал к нам фельдшер и как киргизы аула, где я живу, перестали лечиться у даргеров и баксы, а между тем число обращающихся возросло до 200 человек.

Такое значительное число больных ясно доказывает, насколько киргизы нуждались в врачебной помощи и насколько разумно и благотворно распоряжение администраций об учреждении фельдшерских пунктов в казахской степи.

А. Байтурсунов

«Тургайская газета»,
1896 жыл 20 ақпан № 60 саны

ТАҒЫ ДА НАРОДНЫЙ СОТ ХАҚЫНДА

«Народный сот жоғалса я оның қуаты кемісе, талас кемір еді» деген сөзді оқып, мен өз ойымды айтып өткім келеді. Менің байқауымша, сайлаудың қазаққа бәле болып жүрген себебі народный сотқа берген қуаттың молдығы емес, халықтың сайлауды «сайлау» деп ұқпағандығы. Сайлауды қазақ бір ерегіс деп ұғады. Солай ұғатыны сайлауға «талас» деп ат бергеннен де көрініп тұр. Ерегіс деп ұққан соң, сайлаудың мағынасы жалғыз-ақ жеңу мен жеңілуде деп біледі. Мұнан басқа сайлауда мағына бар, яғни жұртқа келер пайда, яки сор бар деп білмейді. Сайлауды ерегіс-талас деп ұқпай, сайлау мағынасында ұқса, талас дерті мұндай зораймас еді. Қазақ мұнша іріп-шіріп, азбас еді. Би, болыс, ауылнай сайлауы шыққанға 40 жылдан асты. Сонша жыл сайлауды көріп келе жатып, ойға қалған қазақ аз шығар:

«Сайлау атыстырып, шабыстырып, таластыруға шығарған нәрсе ме, яки мұның басқа бір мағынасы бар ма?» – деп.

Сайлаудың мағынасын білетұғын жұрттар «талас» демейді, «сайлау» дейді. Народный сотты жоқ етсек, болыстық, ауылнайлық қалады. Оларды сайламаймыз ба? Сайлауды талас мағынасында ұғып тұрғанда, олар үшін талас болмай ма? Кім білсін, қазаққа депутаттық, мүфтилік беретұғын күн болар. Солардың бәрін өзіміз сайлап оңдыра алмаймыз, бізге болысты, ауылнайды, мүфтиді, депутатты хүкімет өз қалап қойсын демек керек пе, яки басқа жол керек пе? Менің ойлауымша, басқа жол керек. Ол жол – сайлауды талас емес, сайлау деп халыққа түсіндіру, құлағына сіңіріп, көңіліне қондыру. Сайлауды сайлау деп білсе, пайдасына баспай, зарарына неге жүрсін? Зарарын біліп тұрса, хайуан да жоламайды. Қазақ хайуан құрлы жоқ па? Сайлауды сайлау мағынасында тұтынбайды да, қазақтар: «Сайлау бәле болды», – дейді. Сайлау рас бәле болса, білімді, өнерлі халықтар ісінің бәріне басынан бастап, аяғына шейін неге сайлау кіргізді? Сайлауды өз мағынасында алып қарап көрелік, бәле болып табылар ма екен? Сайлау деген өзіңе берген ықтияр. «Адам баласы ғой, пайдасын, зарарын айыра білер, өзіне-өзі қастық

ойламас. «Жұртқа жағымды, пайдалы болар, зарары тимес» деген адамдарын өздері сайласын. Зарарлы болар деген жер иесі адамдарын өздері де сайламас», – деді де, хүкімет қазаққа сайлау берді. Сайлау көп үшін берген нәрсе, көп пайдасын көздеп сайланса, яғни «мынау – халыққа тынышты, пайдалы, зарарсыз адам, анау – бұзық, зарарлы, зорлықшыл, қиянатшыл адам» деп, тексеріп, таңдап сайласа, сайлау дұрыс өз мағынасында болғаны.

Халықтың пайдасы, зарары қаралмай, «мынау туғаным, тұқымдасым, я құда-құрмаласым» деп, иәки «мынау анадан пәлендей сомын артық беріп тұр ғой» деп сайланса, ол – сайлау емес, құр талас, я сауда. Талас болған соң, таласқан ит бірін-бірі аяй ма? Сол сықылды, жеңген ит жеңілген итті қандай талайды? Талас біткеннен соңғы қазақтың істейтұғын істері де сондай болады. Талас жұртты бүлдірді деп, жұрттың бәрі де шулайды. Таластыратұғын – жұрт, атыстыратұғын – жұрт, өзі таластырып, атыстырып отырып, жұрт сайлаудың мағынасын білсе, қалай еткенде тыныштық болады дер ме еді? Жұрт тыныштық ойласа, тыныштықтың тұтқасы өз қолында емес пе? Жұрт өзіне тыныштық, зарарсыз адамнан ауылнай сайласа, көптің пайдасын, өз басының пайдасын көздеп, ақшаға сатпайтұғын адамнан елубасыларын сайласа, бұзық би, бұзық болыс шығар ма еді? Әлбетте, шықпас еді. Олай болғанда, біздің дерттің тұқымы народный сотта емес, халықта жатыр. Бұзық билер, бұзық болыстар сыртқа шығып, көзімізге көрінген дерттің іріңі, шірігі. Іріңін, шірігін сүрткенменен, тұқымы жоғалмай, ауру кетпейді.

Сайлау қазаққа балалардың асық ұтысқан ойыны сықылды көрінеді. Қарауылшыл, зорлықшыл болса да, одақтасы ұтса екен дейді. Халықтың пайда, зарары асықтай елеусіз нәрсе ме?

Пайдалы адамды сайлау менен зарарлы адамды сайлау арасында ешбір парық болмаса, жұрт неге азды? Өз басының уәдесі табылып, ақша алып тұрған кезде, иәки жақынын сайлап, дегені болып тұрғанда жақсы болып, бар мақсаты табылғандай көрінеді, жалпақ жұртты алып қарағанда, жұрт жұрт болмай,

азып бара жатқанын көреді. Халал, харамды талғамай, жақыным деп, я ақша берді деп, би, ұлыс сайлайтындардың өздері де айтады: «Жұрт бұзылды, сайлау бәле болды» деп. Өзінің не істеп отырғанын білсе, солай деп айтар ма еді?

«Народный сот – жаман, жоқ қылу керек» дейміз. Народный соттың орнына болатұғын сот қандай боларына көзіміз жете ме? Бұл сотымызда туралық болмай жүргенін хүкімет білмей жүр ме? Білсе де, народный сотты жоқ қылып, өзге сот беруден тартынады. Ол сот народный соттан артық болып табыларына көзі жетпейді. Надан судиялардың орнына ғалым судиялар жіберер, бірақ ғалым болғанменен, қазақ жайын білмесе, расына жетіп іс қыла алмас. «Орысқа өтірік айтсаң, құтыласың» деген қазақта сөз бар. Орыс чиновниктері расына жетіп, дұрыстықпенен істейтұғын болса, бұл сөз қайдан шығып жүр? Қазақтың лауазым иесі адамдарының жолсыз істері народный сотқа емес, казенный сотқа тиісті; казенный сотпенен мақсатқа жететұғын болсақ, би, ұлыс, ауылнайлардың бұзықтығын, қиянатшылдығын неге тыймай жүрміз?

«Енді қалай етпек керек» дейміз ғой. Народный сот дегеніміз қазақтың ғадетіндегі қағидалар бойынша айтылатұғын билік. Бұрынғы әділ билердің қолында билік қазақтың неше түрлі дертін жазатұғын жақсы дәру еді, бұл күнгі арам билердің қолында дәру болмақ түгіл, у болып жұғып тұр. Дәру жаман ба, дәрігер жаман ба? Дәру жаман болса, басқа дәру алу, дәрігер жаман болса, басқа дәрігер шақыру дұрыс емес пе? Бір дәрігердің қолында талай ем болып сыналған дәрі екінші дәрігердің қолында ем болмаса, шипа дәріде емес, дәрігерде.

Олай болғанда, дәрігерді жаңалау керек, яғни билерді жаңарту керек, мұны істеу оңай болмас. Көп еңбек, көп уақыт керек болар, бірақ сонан шыққан жеміс дәмді һәм жұғымды болар. Бойға сіңіп, ескіріп, үйреншікті болған ауру тез жазыла қоя ма? Сол сықылды нәрсе ғой. Қазақта білімді адам жоқ емес, көп, бірақ солардың көбі, құты, бәрі білімін халалға емес, харамға жұмсап әдеттенген. Білім – бір құрал. Білімі көп адам құралы

сай ұста сықылды, не істесе де, келістіріп істейді. Қазақтың білімді адамдары жамандық істесе де, халық оған сүйінеді, келістіріп істеген себепті. Өзге жұрт білімді бұзықтыққа жұмсағанға күйінеді, біз оған сүйінеміз. Бұл адасқандық емес пе? Жаман іс әркімнің қолынан келеді, жақсы іс қолдан келуі қиын. Біз қуаттап, қостау керек жақсылық істі емес, жамандық істі өнер көруіміздің жөні жоқ. Бұзықтықты қуаттап, көкке көтерсек, бұзықтық өсіп, көбеймей, кемір ме? Халық бұзылмай, түзелер ме? Адасқанымызды байқағандарымыз, бетімізді түзу қойып, жөн мынау делік, ерген – ерер, ермеген – қалар. Адасқанменен бірге адаспай, тым болмаса өзіміз жөнімізбенен өлелік. Мұсылманша, орысша оқыған қазақ балалары білген жөнін не түрменен, не жолменен болса да халықтың құлағына жеткізуге тырысса, көптен не шықпайды. Айтқанымызды алатұғындар да, алмайтұғындар да болар. Сайлау кезінде жұрт жалғыз таласқанды көреді де, сайлаудың мағынасы «талас екен» деп ұғады. «Асыл мағынасы ол емес, мынау» деп ешкім айтпайды. Менің ойлауымша, «сайлау – талас емес» деген сөз қазақтың құлағына кіріп, көңіліне қонып, түсінсе, талас дерті басылар еді. Сайлаудың мағынасын түсініп сайлағанда, қандай сайлайтұғын түрін кешегі думаға депутат сайлағанда қазақ көрсеткен жоқ па? «Мынау жұрттың пайдасына сөйлер, я көздер» деген дәмелі адамдарын сайлады ғой. Халықтың ойлаған жерінен сайлаған адамдары шықты ма, шықпады ма – ол басқа сөз, бірақ сол дәмелі адамдардан жалғыз қазақ емес, өзгелер де үмітті еді. Барын сайлады, басқасы болып, сайлай алмай қапыда қалған жоқ. Сайлаудың бәрін солай түсініп сайласа, таласқа орын аз болар еді.

Біз хүкіметтен сұрарлық мұң-мұқтажымыз көп. Сұрағанымызды беруге жалғыз мұқтаждығымыз шарт емес, хүкіметтің өз есебіне дұрыс келу де шарт. Біз сұраушы, ол беруші. Сұраушы сұрағанменен, берушінің жайы, ықыласы біледі. Народный сот өзіміздің қазақы билігіміз, өз нәрсеміздеи өзіміз безіп, «құтқар» деп сұрамай, бізге жөн сұрауға, «жат нәрсе жағымсыз болды» деп. Билердің абақты кесетұғын

билігі – қазақтың әдетінде жоқ, жат нәрсе. Басқа шүберектен қойған жамау сықылды, қолайлы болар орны жоқ. Билер орыс законын білмейді, абақты кесу турасында қазақта қағида жоқ. Закон білмесе, қағида жоқ болса, билер не жолменен абақты кеседі? Әрине, жолсыз кеседі. Жолсыз болған соң, олар не хәкім?!

Екінші, народный сот турасында істерлік іс; народный судияларды бетіменен жайылтпай, қазығынан айналтып ұзатпасқа ғамал. Қазақта қандай оқиғалар турасында қандай қағидалар бар – жиыстырып, кемі болса, толықтырып, ескірегі болса, жаңартып, я ақсақалдар, яки народный судиялар сондай қағида қазақта барлығын куәландырып, тиісті орынға бекіттіріп, бастырып шығарса, билерге ол қазық болар еді. Осы күнгі билер қағида бойынша істемейді, ойына келгенін істейді. Қазақ қағидасын жию оңай жұмыс емес, бірақ ниет болса, қолдан келерлік жұмыс. Әр жерден «Айқап» сықылды бір жерге жиыла берсе, жиылып болған соң қағида, шариғат, низам білетұғын адамдар бас қосып, жиылған нәрсені қарап, қолайлысын алып, қолайсызын қалдырып, кемін толықтырып (шариғаттан, низамнан алып), жоғарыда айтылған ретпенен бекіттіріп, «Қазақ қағидасы» деп шығарса, соған муафык салған билік хүкім болып, оған хилаф билік хүкім болмаса, судиялар бетіменен жайыла бермес еді деймін.

Айқап 1911

Тағы да народный сот хақында. «Айқап» журналы.
1911 жылы июнь (сарыатан) айы №6 саны

ФЕЛЬЕТОН:
Қазақ өкпесі
(Кесек әңгіме)

Қамсыз жатқан қазақтың көңіліне соңғы кезде ғана қайғы кіре бастады. Басқа келген нәубеттің қайдан келгенін, кімнен болғанын біле алмай, әркімнен көріп өкпелейді. Пайдаланып отырған жерін «мұжыққа алып берді» деп хүкіметке өкпелейді. «Қазақ жерін қазыналық етуге неге көнген» деп өткендерге өкпелейді.

Төменде қазақ өкпелеуінің жөні бар ма, жоқ па соны жазбақпын.

Біздің заманымыз – өткен заманның баласы, келер заманның атасы. Атадан алған мирасымыздың жайы мәлім, балаға бұл қалыпта тұрып не мирас қалдырмақпыз. Оны болжауға да артық әулиелік қажет емес. Қай жұртта да ілім, өнер кем, бәрі қаралас тең заманда қазақта қалт-құлт етіп, өз алдына хан болып жүрді. Хандары да, халқы да ілім, өнерді керек қылмаған. Біріменбірі жауласып, басқа бір-екілі жұмыс ойланбаған. Өзге жұрттар ілгері басқанда, қазақ кері басқан. Ханы надан, халқы надан жұрт мықты мемлекеттің жанында өз алдына хан болып тұруға көп күш керек. Ол күш - алты бақан, алауыз қазақта болмаған. Хан басын қарашаға теңгеру жеңіл болмаса да, өз алдына жұрт болып тұра алмайтұғын болған соң, хандарымыз халқыменен Россияға қосылған.

Қазақ жерінің қазыналық болғанына өкіне білмегендік. Әуелі қазыналық етемін дегенде көнбеске шара жоқ. Екінші, жер өзінде болса, қазаққа пайдалы емес, бәле болар еді. Жер өзінде болған естек жұртын көрмей жүрміз бе? Жері көп, малы көп естек көрінбейді ғой. Шаруа жерімен бай, жерден айырылған соң жұмысы біткені. Естекті жерінен жұрдай ғып түбіне жеткен надандық пенен жалқаулық. Шай, шекер, шүберектей болмашы нәрсеге сатып, естектер жерін тауысты. Жерден айырылып, шаһар-шаһарға тозып тентіреп кетті, кетпегені кедейліктен жүре алмайды. Тұрған шаһарымның көшесін сыпыратын, қорасын

тазалайтын, отынын жаратын боқтығын таситын уа ғайри қара жұмысын қылатынның бәрі болмаса, көбі естек (Башқұрт).

Қазақтың естектен надандығы да, жалқаулығы да кем емес. Жер өзінікі болса қазақ естектің істегенін істемейді деп кім айтар? Айтатын адам болса, тыңдауға бармын, істемейді деп айтуға жоқпын.

Қазақтың әлі күнге жерден қол үзбей отырғаны, жер қазыналық болғандықтан. Бүгін тойғанына мәз болып ертеңгісін ұмытатын қазақ, бүгін жерін сатып тойып, ертең тентіреп кетер еді. Жер жалдаған қазақ аз ба? Жерді жалдаудан тартынбағандар, сатудан да тартынбайды. Жер қазыналық болған соң сата алмайды, жалдаудан тартынып қалған қазақ аз шығар. Қазақ облыстарындағы мұжық қалаларының көбін хакім қондырған жоқ, қазақ өзі қондырған. Естектер сықылды шай, қант, шүберекке қызығып, жер жалдап мұжықты ішіне кіргізген өзің емес пе? Өзің қондырсаң дұрыс та, хакім қондырса бұрыс па? Өткендердің көзіне қырау түскеніне өкінбей, өз көзіне түскен қырауды аршып қара. Асқа өкпелеген балалардай құр бұртиғаннан еш нәрсе өнбейді. Ісің оңға басарлық қылығың жоқ, амалыңды түзет, түземесең ешкімге кінә қойма! Беті жаманның айнаға өкпелеуі жөн бе? Ниеті жаманның Аллаға өкпелеуі жөн бе? Талап жоқ, үміт мол бір халықпыз. Үмітіміздің көбі қошқар, қасқырдың үміті сықылды. Өзім жатсам екен, керегім өзі кеп тиер болса екен дейміз. Оны Алла да, адам да қабыл көрер ме? Еңбексіз егін шықпайды, терлесең терің тегін қалмайды. Телміріп алған теңгеден тер сіңірген тиын жұғымды. «Қараған қарап қалар» деген қазақта жақсы мақал бар, бірақ ол мақалды ескеретұғын қазақ жоқ. Қарап жатқанда табылатын болса ғылым, өнер баршасы қазақта болар еді. Олардың бірі де көрінбейді.

Ата жолдасы надандық, өнерсіздік қазақтан айырылатын емес. Надандықтың кесапаты әр жерде-ақ маңдайымызға тисе де ата жолдасымыз болған соң, біз де қиып айрылмай-ақ келеміз. Олжалы жерде үлестен қағылғанымыз, ордалы жерде орыннан қағылғанымыз, жоралы жерде жолдан қағылғандығымыз,

бәрі надандық кесапаты. Бәрінде соны ғылым, өнерден артық көреміз. «Алладдан ойбайым тыныш» дейтін қазақ, ғылымынан надандығын тыныш көреді. Не шара бар?

Дүниеде теңге теңдік, кімге кімдікті көпке теңеретін, елсізді елдіге апаратын, жоқты барға теңеретін ғылым менен өнерді керек қылатын қазақ аз. Теңдікке әлі қалай жетіссін? Қатерлі жерде қаперсіз отырдық. Өзімізге өкпелемесек, өзгеге өкпелер бет жоқ.

Қазақ өкпесі. «Айқап» журналы.
1911 жыл февраль (сафар) айы №2 саны

ТАҒЫ ДА ЖЕР ЖАЙЫНАН

Қазақ осы күнде, қалың орманға кіріп адасқан адам секілді, қалай жүрсе жөн боларын білмей, дағдарған кезі. Олай-бұлай жүріп еді, жол табылмады. Енді тоқтап таңдап, қайдан, қандай дыбыс шығар деп, құлағын салып тұрған кезінде, әркім шама қадірінше, адасқанға айқайлап дыбыс берген сықылды, үнін шығарып, ойын айту міндет.

«Айқап» басқарушы мырза өз-өзін жұрт алдына салды, мақұлдағандар нешік мақұлдап, мақұлдамағандар не жөнменен мақұлдамайды, ашып айту тиіс. Қазірде аяулы жерді алып қалудың айласы жалғыз-ақ, сол жақсы жерге қала салу. Бұл қала салу деген сөз, қазақтың бәріне айтқан емес, егін салып күн көрерлік жері бар қазақтарға айтылған сөз. Мұны мақұлдамайтұғын адам аз шығар. Талас болатұғын «Сұрап салалық» деген сөз. Сұрап салғанды қолдайтұғындар да бар, қолдамайтығұндар да бар. Сондықтан сұрамай салғанда қандай зарар бар, сұрап салғанда қандай пайда бар, осыны тексеріп қарастырып, екеуінің біріне сөз байлансын. Әуелі сұрап салу жайын қарастыралық, осы күнде екі түрлі сұрау болып жатыр. Біреулер баяғыдан бері қыстау салып отырған жерлерін алып бара жатқан соң «мұжықпенен қатар жан басына 15 десятинадан жер кесіп беріп, орнымнан қозғама» деп сұрап жатыр, біреулер өзгелердің жерін алып жатқанда, біздің жерімізде аман қалмас деп алдын ойлап, қала салу сұрап жатыр. Бұларға жер қарастыратұғын мекемелердің айтатұғын жауабы: «Жерлерінің алуға кесіп жатқан жердің жанында болса, жер кесушілер сендерге де жер кесіп береді. Жанында болмаса, сендер үшін арнап жер кесуші шықпайды. Жер өлшейтұғын, кесетұғын адамды өздерің жалдап апарып істеңдер» деді. Солай болған соң мұжыққа кесетұғын жерге жері жақын қазақтар жерін кескізіп алып жатыр, жақын еместерінің берген арыздары үйіліп босқа жатыр.

«Пәлен жерде пәленше еткен» дегенге сырттан құр дыбысына құмарланбай, жанына жақын барып қарап, көзіменен көріп, қызығарлық іс болса, құмарлансақ екен. Әуелгі істеген істің қатесі көп болатұғын, қатесін көріп кейінгілер істемес үшін.

«Оренбургская газетаның» биылғы 30-ншы нөмірінде біреу жазыпты: «Орал менен Торғай облыстарында мұжыққа жер алып беруге істелген жұмыстар зор, қолайлы іс болып байқалып тұр. Мұның қолайлы болған себебі қазақтар мал шаруасының қалып мөлшеріменен орындасқан жоқ, мұжық ретіменен орындасты (еркек басына 15 десятина), қазақтар көшкін қалыптан тұрғын қалыпқа шығуға бек ықыласты болды. Мал шаруасының мөлшеріменен жер алудың мұжықпенен қатар жер алуды артығырақ ұнатады. Тұрғын болған қазақтың ішіндегі малы көп байлардың шаруасын шайқалтпас үшін, қалаларың маңайындағы оброчный статия ретіндегі жерлер қазірге хақысыз беріліп тұр. Осы реттің қолайлы болғандығынан неше мың көшкін қазақ мал шаруасынан қол үзбей тұрғын егіншінің қалпына кірді. Қазақты риза қылып орындастырғаннан кейінгі артық қалған жерге екі жүз мың мұжық келіп орналасты. Бұл сан қазақтар тұрғын қалыпқа шықпағанда орнарлық мұжық санынан талай он мәртебе артық. Бұл істің әсіресе көңілді қанағаттандыратұғын жері қазақтар осыған бек риза болып жатыр һәм хал-ауқаты артыла бастағаннан көзіміз көріп тұр» депті.

Орынбор газетінде жазылған сөз осы, бұл сөздің қаншасы рас, қаншасы өтірік әуелі Құдай, екінші ризалық табып, мәз болып жатқан қазақтар біледі. Бізге расынан өтірігі көп көрінеді. Сұрап қала салудың осындай өтірік сөзді қуаттауға керегі болмаса, өзге пәлендей қажеті бар деп өз басым айта алмаймын.

Степной положениенің 120-ншы статиясы бойынша жердің басы патшалық болғанменен шөбі-суы қазақтікі. Қазақ жерді патшалықтан серіксіз арендаға алған есебінде жалдап алған жеріне үй сал, қора сал, егін сал, мал жай, ықтияр өзінде емес пе? Өз қолында тұрған жерге қала салам деп өзгеден сұраудың не жөні барын, ұқпаймын. Қазақ ісін нық істейтұғын халық болса, қазақ қолындағы жерге қала салуға рұқсатты өзгелер сұрар еді. Қазірінде қазақтан жерді рұқсатсыз алып жатса, жол менен жолсызды араластырып, жол сықылды көрсетіп алып жатыр. Әуелі үлкен ауылдағы бар күшті ауыл жеріне келіп басып қонғанда, нашар ауыл оған не істейді? Мал-мүлкі түгіл, жан жамағатына

ие боламайтұғын жамандар дүниеде аз ба? Екінші, жоғарыда айтылмыш 120-ншы статияның примечаниесінде қазақ жерінің артығы болса, қазына керегіне алынады деген. Осыған сыйдырып артық жер деп алып жатыр. "Жеріміз артық" деп көрсетіп отырған қазақтың өзі. Қазақтың жер жалдауы, жеріміз артық дегені емес пе? Мұжықтарға қарасақ, олар жерін мал жаюға жалдаса да, егін салуға жалдамайды. Егін салатұғын жерді өз жері бар болса да қазақтан жалдайды. Неге олар жерін мал жаюға жалдайды да, егін салуға жерді өзгеден жалдайды? Әуелі өз жерін тың сақтау үшін: «Жер өзгеден табылып тұрғанда өз жерім тың жатсын» дейді. Екінші, мал жайылған жер тозған жер болса жаңарады, жаңа жер болса семіреді. Мұжықтардың ісі ақылға да, есепке де тура келеді. Қазақ жалдағанда не ой, не есеппенен жалдайды, ұғып боларлық емес.

Жалдау жайын сөйлеп, сөзді көбейтпей «Айқаптың» орны тығыз, сөз санаулы боларға керек жоғарғы айтылған сөздерді қорытып, шындығын ғана айтайын. Егінге жайлы жерді алып қаламын дегендер қала салу керек. Қала салуға бел байлағандар сұрап әуре болмасқа керек. Жақсы жерге жиылып қала салсаң, "сен неге салып жатырсың?" дейтұғын ешкім жоқ, қазақ қалаған жеріне қала болып отырса, мешіт-медресе салса, қаланың маңайындағы егіндік жерлерді өлшетіп планға түсірсе, өлшеген жер артылмастай көп болып жиылып отырса, қаланды бұзып, мешітіңді қиратып, жеріңді ала қоймас. Аламын десе, сонда ізден. Қала салуға қазақ мойын қойса, баяғы тіленгіш әдетін істемегенде басы ауырмайтұғын болса, қала салам деп сұраудың орны жоқ. Қазақтың жерін алғанда жалғыз-ақ "артық" деп шығарып алып отыр, қандай өлшеуменен, қалай өлшеп артық дейді, ол бек қараңғы нәрсе. Аларман «жағы аларлық» бар дейді, алдырман жағы «сен өлшесең, менде өлшеймін, артығы жоқ» деп көрсетерлік дәлелді қолында нәрсесі жоқ. Сондықтан, артық болсын, болмасын, артық болып шығып жатыр. Бұл қазақтың баяғы қай ісінде болса, бос ұстайтұғын әдеті. Жаманды ретін тауып кім жем қылмайды?

№ 4 1911 نچی جل اپریل

آیقاپ

№ 4

Тағы да жер жайынан. *«Айқап» журналы.*
1911 жыл апрель айы №4 саны

ҚАЗАҚ ПАЙДАСЫНДАҒЫ ЖЕРДІ АЛУ ТУРАСЫНДАҒЫ НИЗАМДАР МЕН БҰЙРЫҚТАР

Қазақ пайдасындағы жерлерді алады, қыстауларынан көшіріледі, қай жөнмен алып, қай орынға көшіреді – оны қазақ білмейді. Жоғарғы хакімдердің қазақ жері турасында шығарған низам, бұйрықтары болса да, ол бұйрықтарды мұндағылардың қайсылары орнына келтіріп, қайсылары орнына келтірмейді. «Қазақ жол ретін білмейді», – дейді де, біреулері жолменен істемей, жосып, бетімен кетеді. «Мынауың жолсыз ғой», – деп, қазақ дауласа алмайды. Білмейтұғын қазаққа бәрі жолды болып көрінеді. Сондай жолсыз істерден орынсыз жәбір көріп, әуре болып жүрген қазақтар көп. Қыстау салған жерінен айрылып, қыстайтұғын жаңа жерді общества бермей, жер алып беріп орындастыруға міндетті мекемелер оған қабырғасы қайысып қайғырмай, екі жыл, үш жыл, төрт жыл пішен шаба алмай, егін сала алмай, отырарға орын таппай сандалып жүрген қазақтарды көз көріп тұр. Қазақ жерін алу турасында шыққан низам, бұйрықтарды қазақ білсе, осындай жәбір көрушілер азаяр еді деймін. Жол бойынша: қазақты қыстауынан көшірмей тұрып, жаңа жерден орын сайлап беруге міндет, қазақ көшкенде даярлап, шығарып, белгілеп берген жерге көшпек. Жаңа жер бергенше орнынан қозғалмасқа. Бұл жолды білмей, «мұжық қуып шығарды, пәлен қуып шығарды, отыра алмадық» дейді. Мұжық болсын, басқа болсын, низамнан күшті емес. Жолды іске көнуге, жолсызға көнбегеннен ешкім айыпты болмайды. «Үй-мүлкімізді көшіргенде дұрыстықпенен кеспеді, арзан бағалады» деп жүрген қазақтарды да көреміз. Осылардың барлығы да қазақтың жол білмеген нашарлығының кесапаты.

Жалпақ жұрттың бәрі болмаса да, жалғыз-жарым азы да болса, пайдаланар деген ниетпен қазақтың жерін алу турасындағы шыққан низам, бұйрықтарды қазақшаға аударып, бірте-бірте жұрттың құлағына тигізбек ойым бар.

Қазақ пайдасындағы жердің артығын алу турасында шыққан низам, бұйрықтардың ең әуелі білуге керегі – 1909-шы жыл,

9-шы июнде Министрлердің Советі ұнатып шығарған насихат бұйрық. Бұл бұйрық қазақ жерінің артығын қарастырып, шығаратын мекемелерге көрсеткен көшесі, жолы, мұның бойынша істеген істер жолды, мұнан тысқары істелген істер жолсыз болсын деп 9-шы июннің бұйрығы 22 пунктке бөлінеді. Қай пунктте, қалай етпек жол деп айтқанын төменгі жазылғандардан қараңдар. Түсініксіз жері болса, әркім сұрасын.

Ауған мұжықтарды қондыру үшін һәм мемлекеттің басқа керегіне қажет орындар алар үшін Ақмола, Семей, Торғай һәм Орал облыстарындағы жерлердің шамасын білмекке.

Жасалып, 1909-шы жыл, 9-шы июнде Министрлер Советі ұнатып шығарған инструксия, яғни насихат бұйрығы:

1-пункт: қазақ пайдасындағы жердің артықтарын мұжықтарға, я патшалық керегіне шығару жолы Тобылск, Томск, Енесейск һәм Иркутск губерналарды жер кесуге шығарған низамның 124-127, 129 130, 134-154-ші статьяларының жөнімен бөліп, осы насихат бұйрықтың 2-ші пунктінен бастап, 19-шы пунктіне шейін айтылған жолдардан тысқары кетпеске.

2-пункт: қазақ пайдаланып отырған жердің мемлекет билігі жер шығарғанда, қазақтардың қазіргі күн көріс халына қарай, шаруасына жетерлік жер қалдыруға. Қазаққа қалғанда жететұғын шамасын, өздерінің жерлес отырған ыңғайына қарап, таптабына бөлек мөлшерлеуге.

3-пункт: қазаққа жетерлік жер деп шамалағанда өлшеуіш болатұғын сол жердегі қазақтың тәуір ауқатты деген үйінің шаруасына жетерлік жер. Бұлай еткенде, жердің қай шаруаға жарамды һәм қазақтың қай шаруасы қай қалыпты, яғни отырықшы болып, мал бағудан нағыз егінші болуға тұрмысы қанша жақын я алыс. Қыстаулық, жайлаулық жерлерін қазаққа бөлек қалдыру керек орындарында: қыстаулығын өз алдына, жайлаулығын өз алдына мөлшерлеп қалдыруға, жайлауда аз, көп отыруына қарай.

4-пункт: қазақтарға қалатұғын жердің шамасын анықтап білу үшін Жер министрінің әміріменен әр түрлі жұмыстар болады: жердің түрін, түгін, елінің ыңғайын, жігін, жанын, малын,

шаруа қалыпын білуге. Мұнымен көрінеді: а) қаралмыш жерді шаруасы бар қанша үй пайдаланып отыр, арасындағы қонақтарды басқа көрсеткенде; б) қанша еркек жаны бар; в) бағылатұғын қанша малы бар; г) жыртатұғын жері қанша, шабатұғын шөбі қанша; д) мал, егін, пішен елдің ауқатына қарай бөліп таратқанда қаншадан келеді; ж) қандай шаруаға, қанша жер қолайлы екендігі; з) судың даяр, даяр емесі; к) бір бас малды асырауға қанша жайылым, қанша шабын жер қажет һәм орта ауқатты шаруашылықпен күн көруге қанша мал жеткілікті.

5-пункт: қарастырып, сұрастырып, есептеп білгеннен кейін, жерді қай шаруаға жарамды түріне қарап тілім-тілім бөледі һәм әр тілімге өз алдына норма, яғни план десятина жер шаруа басына, я жан басына деп, мөлшер істейді. Жасалған норманы генерал-губернаторға қараған облыстарда генерал-губернатор, ол жоқ облыстарда областной правлениелер Жер министрінің бас мекемесіне тапсырады. Өз ойларын қоса айтып, оны Жер министрінің мекемесі министрлердің советіне кіргізеді, бекіту үшін.

6-пункт: қазаққа мөлшерлеп қалдыратұғын жердің есебіне қолайсыз жерлер кірмейді. Мысалы: сулар, құмдар, ащы көлдер, керуен жүретін, мал айдалатұғын жолдар; бұл жолдардың ені жайлаулық жерде шақырым жарымнан аспайды, қыстаулық жерде, я қазынаға алынған жерлерде жүз сажыннан аспасқа.

7-пункт: жер ыңғайыменен бөлген жерлес ауылдардың шаруасына жеткілікті деп қалдырған жер жеткіліксіз болса, араларында малдары көп бай болғаннан һәм егетұғын егіні, шабатұғын пішені көптіктен, ол ауылдарға мұқтаждығына қарай шамалап, 5-ші пункт бойынша қалдырған сыбағалы жердің үстіне қосымша артық жер қалдыруға болады. Мұндай артық жерді қалдырар-қалдырмас билігі министрлердің саветінде.

8-пункт: қазаққа жеткілікті жер қалдырғанда (5-ші пункттағы айтылған), көп ортасындағы жайлау жерді, я қыстау қасындағы жайылым жерді, сол арадағы жер кіндік елден басқа, көшпе, келімсек елдер де пайдаланып жүрген болса, сол жердегі шаруаға

қалып етілмес мөлшерменен көшпелілерге де жер қалдыру керек. Олардың отыратұғын уақытына қарап һәм соңғы жылдарда көшіп келіп жүрген үйлердің санына қарап.

9-пункт: қазақтан артылған жерді патшалық керегіне алғанда, бұл алатұғын жерлер қазақпенен аралас болып, араларын үзіп, қатынастырмастай болмасын.

10-пункт: патшалық алатын жер мен қазақ пайдасына қалатұғын жерлердің жігін ашқанда, 11-ші пунктте айтылған орындарда болмаса, сөзсіз қазақтың өзінде қалуға тиісті нәрселер: а) қазақтардың орнығып, қора-қопсы, үй салып, қыстау еткен орнындағы жер; б) қазақтардың өз күшіменен қазылған арықтары, істелген бөгеттері (байланған тоғандары); в) жеміс ағашы егілген жерлері; е) егіндік, пішендік жерлер, егінге иә пішенге қолдан суарғандықтан жарап тұрған жер, я қолдан суарса жарағандай жерлер, қазақ пайдасына сол жердегі мұжыққа берген мөлшерменен қалынады, бұл ретте қазақтың жалға бермей, өз еңбегі сіңген жерлердің бәрі де ықтималынша қазаққа қалатұғын жер есебіне кіруге керек; д) адам қойылып келе жатқан зираттар, халық қадірлейтін молалар, низам жолымен салынған мешіттер,

Тәнбие: шаруа керегіне я өздері тұруға қазақтың уақытша салған қора-қопсы, үйлері тұрған жерлерді алуға бұл уақытша салған нәрсе тоқтау болмайды.

11-пункт: мұжық поселкелері сусыз, я суға мұқтаж болған жерлерде, яки мұжық жерлерімен қазақ жерлері аралас, аттамалы (через полост) болатұғын орындарда, жоғарыда 10-шы пунктте а, б, в харіптерінің тұсында айтылған жерлердің бәрі де қазақ пайдасынан алынады. Бірақ ондай жерді алғанда, сол волостағы жерден, болмаса өзге волостағы жерден жері алынатұғын қазақтарға, өз жерінде егіндік, пішендік жер алып бергеннен кейін һәм а, б, в харіптерінің тұсында айтылған еңбегіменен істелген нәрселерінің бағасын төлегеннен кейін алу тиіс.

12-пункт: қазақтың егін еккен, я егін егейін деп даярлаған жері патшалыққа алынатұғын болса, ол жерлер егінін жеп алғанша бұрынғы иесінің қолында бола тұрады.

13-пункт: жерінен көшірмекші болған қазақтарға көшкен шығыны уә ғайри 10-шы пунктте а, б, в харіптерінің тұсында айтылған жерлерін алғандықтан көрген зарары үшін, осы насихат бұйрықтың 14-16-шы пункттерінде айтылған жол бойынша, көшіруден бұрын ақша төлеу тиіс.

14-пункт: көшірмекші болған мүліктерді, алынбақшы болған жерлерді, су үшін жасалған нәрселерді, еккен ағаш, егіндерін жер жұмысының чиновниктері (производитель работ) қағазға тіркейді. Ол қағазға жазылады: а) үй иесінің есімі; б) жерінің түрі, үстіне салған мүлкі, еккен ағаштарыменен; в) үй иесі, білім иесі адамдар, қазақтың жер жұмысының чиновнигі – бәрі қосылып, мүлікті жаңадан берген қонысқа көшіруге шығатын расходы; г) бұзу расходы, қайтадан орнату расходы, сынатын, бүлінетін шығындарыменен; д) су үшін қазылған арықтардың, байлаған тоғандардың (бөгеттердің), егіп шығарған ағаштар уә ғайри егумен шыққан жер түгінің бағалары. Бұл қағазға басында болған мүлік иесі, жер жұмысының чиновнигі, басында болған қазақтың білімді адамдары қол қояды.

15-пункт: бұл тіркеу қағаз, алынатын жердің жігін ашқан планымен, мүлік иелерінің сұраған хақысы шығыныменен – бәрі мезгілдік (временная) камиссиаға түсіп, сонда переселенческий правиланың 145-149-шы статьяларының жолымен қаралады. Егер жер жұмысының чиновнигі тіркеген мүліктің кескен бағасының дұрыстығын анықтау қажет болса, мүліктің басына барып, қайтадан қағазға тіркеп, қайтадан бағалайды.

16-пункт: мезгілдік комиссияның кескен бағасына риза болмаған мүлік иелері областной правлениенің общий присутствиесіне арыз етеді, оның айтқан хүкімі – бітім.

17-пункт: жер жұмысының чиновнигі жері алынатын қазақтарға үй басына бір адамнан шақырып, волостной управитель һәм ауылнай старшинаның алдында жер алатын жобасын айтып естіртеді. Естірткеніне протокол жасалады, оған шақырылған қазақтардың, лауазым иесі адамдардың, чиновниктің қолдары қойылады, протоколға жазылады: а) чиновниктің істемекші

болған планы; б) оның планы турасында қазақтар айтып, чиновник қабылдаған, қабылдамаған арыздары; в) қазақтың қабылданған арызы бойынша түзетіліп шыққан жердің планы, граница жүретін жерлерін қалдырмай, түгел тіркеген.

18-пункт: мұжықтарға алатұғын, я патшалық запасқа шығаратын жерлер планы переселенческий правиланың (свод закон, том IX.) 146-541-ші статьяларының жолымен қаралып, бекіледі. Мұны қарайтын мезгілдік комиссияның ішінде, жері кететін волостной сиезбен сайланған дауыс иесі бір өкіл болады.

19-пункт: қазыналық жерге салынған қалалар қазақтарменен суды қалай пайдалану ретін переселенческий правиланың 145-149-шы статьяларының жолы бойынша мезгілдік комиссия айырады. Комиссияның хүкіміне риза болмаған жағы областной правлениенің общий присутствиесіне арыз етеді.

20-пункт: отырып қала ретінде боламыз деген қазақтарға жер бөліп беретұғын партиялар қазақ пайдасында қалатын жерден (5-ші һәм 9-шы пункттерде айтылған) ауған мұжықтармен теңгеріп, жан басына 15 десятинадан асырмай жер кесіп береді. Олардың хүкімет билеу турасындағы һәм сот реті общий крестьянский положениянның 47-112 һәм 154-229-шы статьяларының жолыменен болады. Бұлайша орын алған қазақтарды казенной палата үй алымынан шығарып, оброк алымына түсіреді, ауған мұжықтармен қатар алым салып, сол казеннай палатаның билігінде, областной правление қала ретіне шыққан қазақтардың хабарын жеткізгеннен кейін, оларды қазақ есебінен шығарып, мұжық есебіне жазу.

21-пункт: қала ретінде боламыз деп бүтін ауылнай обществаның бәрі, я бір парасы ғана, иә жалғыз үй иесі сұраса да, азкөбіне қарамай, 20-шы пункте айтылған ретінше орнасады. Обществаның болып үй болып, мұжықтардың қаласына кірісіп, я өз алдына басқа қала болып.

22-пункт: жер үлесін жан сыбағасыменен алғандықтан (20-21-ші пункттердегі) артылып қалып, патшалыққа кететұғын жерлер қазақты тегіс орындастырып, жер ретін әбден түзегенге шейін жерлес үйлердің, ауылдардың пайдасында болады.

№ 9

Қазақ жерін алу турасындағы низам. «Айқап» журналы.
1911 жыл сентябрь (мизан), октябрь (Ахраб) айлары 9-10 сандары

ҚАЗАҚ ҺӘМ 4-ШІ ДУМА

«Айқап» оқушыларға мағлұм: төртінші думаға қазақ депутаттық сұрау керек деп жазылғаны. Бірақ ол сөзді ескеріп, депутаттық сұраған ешкім жоқ. Бұл қазақтың еш мұңы һәм думада еш жұмысы жоқтығы емес, алаңсыз ұйықтап жатқандығы. Қазақтың халі не болары белгісіз: қазақтың жері турасында бекіліп закон шыққан жоқ. Төртінші Дума арқылы бес жылдың ішінде талай закондар шығар. Олардың ішінде қазаққа деп арнап шығарылған, яки қазаққа келіп ұшығы тиетін закондар шықпай қалмас. Сондай орындарда қазақтың өзінен барған депутаттардың пайдасы тимей тұрмас еді. Оны ойлаған қазақ болмады. Ондай нәрселерді ойлауға қолы да тимейді. Өз араларындағы дау-шары басқаға мойнын бұрғызбайды. Елдің бір жағын жау шауып жатса, екі қазақтың ерегесі оған барғызбайды. Ізденіп, сұранып депутаттық алып, ол жолменен қазақ Думаға кірмейтініне көз жетті. Басқа жұрттар сайлауға даярланып жатты. Орынборда тұрған қазақ азаматтары ішінде Түркістан жағынан келген Қоңырқожа Қожықов бар, ақылдасып, басқа жолменен қазақтан депутат болу жайын қарастырдық. Ақырында, Орынбор шаһарынан сайланмыш выборщиктің біреуін қазақтан сайлаңыз деп, ноғай туғандардан сұрамақ шы болдық. Бұл ойымызды «Уақыт» адресіндегі адамдар да мақұл көріп, Орынбор сайлаушыларына жазған ашық хатымызға газетасынан орын беріп, ағайынды жұрттың бір-біріне еткен ұмытылмас сыйы болатындығы, бір-біріне махаббаты артылуына себеп боларлық нәрсе екендігін халыққа ұқтырмақшы болды. Хатымыздың сөзі мынау еді: «Құрметті діндес, қандас сайлаушы әпенділер! Баршаңызға мағлұм, үшінші июнь кануны бойынша жеті облыс қазақ жұрты дәулет Думасына өкіл сайлау хұқынан мақрұм болғаны. Өткен 3-ші Думада қазақтар хұсусында сөз болғанда, мұсылман өкілдері, уә ғайрилар, қазақ сөзін сөйлемек, қорғамақ ниеттері болса да, жайын-күйін жақсы білмеген себепті, әсерлі һәм дәлелді еш нәрсе айта алмады. Бұ болашақ 4-ші Дума қазақтарға тағылықты хүкімет тарапынан проектілер кіргізбекші. Олардың тіршілігінің таянышы – жер мәселесі

турасында проектілер қаралмақшы. Жоғарыда айтылмыш 3-ші июнь законы бойынша қазақтар бұл Думаға да депутат жіберу құқынан мақұрым. Хал мүшкіл: шонки жер проекті қаралғанда қазақтардан өкіл болмайды, басқа өкілдер олардың халін жақсы түсіндіре алмайды. Сондықтан бұ Думаға бір ғана болса да қазақтан өкіл кіру бек қажет.

Әгарда мұсылман қарындастарымыз қазақ халінің мүшкіл екендігін ойлап, мархабат ететін болса, Орынбор шаһарының өзінен қазақтан бір өкіл кіргізуге мүмкін. Қысылған жерде қарасу, қиналған жерде болысу адамшылықтың, мұсылманшылықтың ең жоғары дәрежесінен еді. Шафқат деген нәрсе бар болғандықтан, біздер, Орынбор шаһарында тұрған һәм сайлау құқықына мақұрым болған қазақ зиялылары, діндес, қандас қарындастарымыздан өтінеміз. Орынбордың екінші кориесінен сайланатын выборщиктікке қазақтардың біреуін сайласаңыз екен. Егер мұсылман қарындастарымыз бұ өтінішімізді қабылдаса, орыс сайлаушылар да қарсы келмес еді деген үміт бар. Қазақтан сайланатын депутат қазақ интерестерімен қатар бәрімізге матғұлық ғумуми мұсылман интерестеріне тырысатыны, мұсылман фракциясында болып, қызмет ететіні шүбәсіз. Татарлардан Уфа, Қазан губернияларынан бірнеше депутат бар. Енді Орынбордан болған бір орынды бізге мархабат еткеннен Сіздерге кемшілігі болмас. Әмме алты миллион діндес, қандас қарындастарыңызға мәңгілік ұмытылмас бір ағайыншылық еткен болар едіңіздер».

Бұл өтінішімізді естіп, Түркістан шаһарынан «Уақыт» адресіне Шымкент уезінің қазақтары Байтереков, Қарынбаев, Алдияров, Махмұт Шариповтар телеграмма соқты. Телеграмма сөзі: «Біз, Шымкент үйезінің қазақтары, Орынбор мұсылмандарынан өтінеміз – бізге қарындастық етіп, жәрдем қолдарыңызды созып, Думаға бір қазақ сайлауыңызды, Орынбор губерниясындағы мұсылмандардың бұл еткен жәрдемі қазақтарға бек қымбат тарихи бір белгі (сый) болар еді».

Ноғайлардың ашық пікірлі адамдары: «Жолымызды қазаққа берелік, бұл бұйымнан емес, құқықтан қарасып берген сыйымыз

тарихтың жүзіне де, қазақтың көңілінде қалатын нәрсе», – деді. Қараңғы пікірлі адамдары бұл істің асылына ой жіберіп қарамады. Қараңғыларға басшы болушы молдалар ғой, олар да: «Қазақ қандас қарындасымыз еді, бұлар депутатсыз қалып барады, жолымызды берелік», – деп айта алмады. Өздерінің қолайлап жүрген адамы Ғайса мырза Енекеевтен айрылмады. Енекеев мырза да: «Қазақ қарындасымыз үшін мен жолымды қиямын, менің орныма қазақтан біреуді сайлаңыз», – деп айтпады. Осы себептермен Орынбор шаһарынан қазақтан выборщик сайлана алмады. Төртінші Думаға қазақ депутатын кіргізуден үміт үзіп тұрғанда, Троицк шаһарындағы мұсылмандар Жансұлтан Сейдалинге "выборщик бол" деп еді, Сейдалин қабылдамай тұр деген сөз естілді. Мұны естіген соң, Орынбордағы қазақтар Жансұлтан әпендеге телеграмма соқтық: «Троицк мұсылмандарының выборщик бол дегенін қабыл етіңіз» деп. Жансұлтан әпенді выборщик болып Орынборға келген соң білдік: «болмаймын деп тұр» деген сөз бекер екен, выборщик болуды әуелден-ақ қабылдаған екен. Выборщик болған соң, ойлап едік: депутат болуға да ойы бар шығар деп. Ондайы жоқ екенін Орынборға келген соң білдік. Депутаттықтан тартынатын себебі: пенсия алуға үш-ақ жылы қалған екен. «Депутат болсам, пенсиядан айрылып қаламын. Екінші, бұл Думаның ағзаларының көбі қаражүздерден болайын деп тұр, ондай Думада қазаққа не пайдалы іс етемін», – деді.

«Осы көптен маған не тиеді» деп, тойдан қайтып кеткен сықылды, мұнысы дұрыс емес, бірақ шыны пенсиясын қимағандық болды. Жолын Енекеевке беріп, Орынбордағы олай-бұлай жұмыстарын жұмыстап қайтты. Қысқасынан айтқанда, қазақты жатып жеген де, сатып жеген де төрелер еді. Мойнындағы борышын біліп, төлеуді ойлайтын төрелерден болып табылмады, «Қатын ерге қарайды, ер жерге қарайды» деген сықылды болды.

Ашық пікірлі, тарақи жолындағы ноғайдың азаматтарына көп-көп рақмет, қазақтан депутат болуына күш салып-ақ еді, болмады. Өзімізге болмаса, өзгеге өкпелер жайымыз жоқ.

//Айқап 1912

№ 12

1912 г.
Ноябрь

آیقاپ

Қазақ hәм 4-ші дума. «Айқап» журналы.
1912 жыл ноябрь (қауыс) айы №12 саны

АЗ УАҚЫТТА КӨП БІЛУ ЖОЛЫНЫҢ БАСЫ

Мақсұтты жерге баруға сапар жолын анықтап білу міндет. Жалғыз болып жаңылса қатесі өзіне тиеді. "Басшы бола аламын" деп, болып адасса үлкен зияншылық шашады. Қазақ халқы барамыз деген жерін сезіп жүр «ғылым, білім» деп. Барамыз деген жерін біліп оқуға көңілденгенде басшы молла мұғалімдер не жолменен апаруын өздері анық білуге аса міндетті. Басшы түзу болса ұзын жол қысқа, басшы олақ болса қысқа жол ұзын. Қысқа жолға уақыт аз, ұзын жолға уақыт көп өтеді. Уақыттан бағалы дүниеде еш нәрсе жоқ. Өткен ғұмыр қайта келетұғын тағдыр жоқ, бұ күнгі күн ертең жоқ. Байлық уа бақыттылық айналарға мүмкін.

Қазақ халқы жаңа көзін ашып келе жатқан халық: боларлығы, жетерлігі, пісулері, гүлденулері алдында һәм бала тәрбиесін уа оқыту жайын нашар біледі, бұрынғы өнер, ғылым, білім уа тәжірибелері жоқтығынан һәм бала тәрбиесі, оқыту жайы турасында кітаптары аздығынан. Соның үшін халімше қарлығаш болып түзу тәртіппенен сабақ бермек жолын һәм тәрбиесі хақында жазбақ ойым бар.

Әр бір жүз жылда көтерілген, қуаттанған жұмыстарменен, заманы мінездеу (бір қалыпқа кіргізу) бар. Үстіміздегі 20-ншы ғұмырды (ғасырды) «білім ғұмыры» деп айтылады. Кім біледі түзу жолменен жүріп кетсек һәм базардың қызуында кез келген болып 20-ншы ғасырда балаларды бәйгеге қоссақ, алдыменен келіп бәйге алмасақ та, бөлініп қалмасақ жарар еді. Халықта да жазық мол шығар, солай да болса «жұмыс ісмерден қорқады» деген. Халық су болғанда, мұғалімдер жер секілді боларға керек. Жерге су шыдап тұра ала ма?!

Бұрынғы уақытта көбінесе моллалар қарын қамын жеп халықты пайда шығарлығына бір кәсіп тұқымы көретіндей еді. Бұл уақытта жаңа тәртіпті ойы бар мұғалімдер шығып, моллалықты халыққа қызмет ету деп ұғатұғын секілді. Халық құлқынды моллаларды ұмытып жаңа мұғалімдерге басқа көзбенен қарар деген үмітім бар һәм мұғалімдер «молланың айтқанын

істеп, қылғанын қылма» деген мақалды өз заманындағы моллаларға беріп, өздерін сөз мәтінін жеткізбей үлгі болып кім екендерін халыққа көрсетер деген тілегім бар. Жаңа, ескі моллалар өтірік намыс ойламай, жұмыс қайда, сонда болып, бірінің надандығын бірінен жасырмай, бірлігі болулары мақұл. Бірлігі болмағанда халықтың аңқаулық артығырақ заманның «жаңа қонаққа, ескі қонақ орын бермек» деген мақалын ұмытпасқа керек. Әуелден жаңа жеңбек, ескі көнбек.

Аз уақытта көп білу жолының басы.
«Айқап» журналы. 1912 жыл апрель айы №4 саны

ЖАЗУ ТӘРТІБІ

Оқу керек. Оқу керек емес деп ешкім айтпайды. Сондықтан даулы нәрселер турасында жұрт бір ытфаққа келіп жеткенше, даусыз нәрсе оқуды тәртіпті жолға түсіру жайындағы ойымызды жұрт алдына салалық.

Қазаққа керек оқу екі түрлі: бірі – мұсылманша оқу, бірі – росша оқу. Осы күні алты-жеті жыл росша оқығандарымыз дұрыстап росша сөйлей алмайды һәм жаза алмайды. Росша жақсы білуге он-он бес жыл керек. Ондай уақыт оқуға жалпақ жұрттың бәрінің қолы жете алмайды. Сондықтан росша оқудан гөрі жалпақ жұртқа керегірек һәм қолы жетерлік оқу жайын айтамын. Мұсылманша оқуға, мұсылманша болғанда қазақша оқуға, оншама көп жыл керек емес. Не үшін десеңіз, росша оқығанда уақыттың көбі тіл үйренуге кетеді. Қазақша оқығанда тіл үйренуге кететұғын уақыттар басқа нәрселерді үйренуге керек уақытқа ауысады. Сондықтан росша 6-7 жыл оқып білетұғын білімдерді қазақша үш жыл оқып білуге болады. Росша оқып дұрыстап хат жаза білуге аз болса 8-9 жыл керек. Қазақша дұрыстап хат жаза білуге бір-екі ақ жыл керек. Қазақша оқу дегенде мен осы күнгі мұсылманша оқып жүрген жол менен оқуды айтпаймын, қазақтың тілі менен оқуды айтамын. Бұл күнгі мұсылманша оқып жүрген жолдың былғалақ-шырғалағы көп, оны менен жүріп хат жаза білуге жеткенше росша білуден уақыт кем кетпейді. Себебі қазақ тілі менен оқытпай, ноғай, түрік, фарсы, араб тілінде жазылған кітаптар араласып бас қатып, ми ашып, балалар әуре-тәуре болады. Сондықтан оқу керектігі даусыз болса, оқуға керек құралдарды сайлау керектігі де даусыз. Жақсы құрал менен іс істегенде күшке тиіп жанды қинамайды. Оқу құралы да сондай, жан қинамайтұғын болса, жақсы болады. Әр істің басы қиын. Басында қиналмай кетсе, онан әрі тың кетеді. Бұлай болған соң әуелі оқу құралы жақсы болып жан қинамасына не керек? Соны сөйлелік.

Оқу құралының ең ұлығы – бала оқытатұғын кітап; оның жақсы болып, балалардың жанын қинамасына жазудың тәртібі

болуы шарт. Тәртіпті жазу деп айтамыз: тілдегі бар дыбыстың бас-басына арнаған белгісі (харфі) бар болса. Осы күнгі жазуымызда дыбыс басына арнаған белгіміз жоқ; бір белгі менен әлде неше түрлі дыбыстарды жазамыз. Мысалы: «و» менен жазамыз бес түрлі дыбысты, «ي» менен жазамыз үш түрлі дыбысты. Балаларға hәр түрлі айтылатұғын сөзді бір түрлі айтып жазып қойып, hәр түрлі айтып оқу керек дегеніміз зорлық емес пе? «Бірдей жазылған сөзді қалай hәр түрлі оқысам дұрыс болады» деп бала қиналмай ма? Сондықтан әуелі оқу құралын сайлаудан бұрын жазуымыздың тәртібін түзетіп, жөнге салу керек. Сонан соң сол жөн менен құрал сайлау керек. Жазу тәртібі менің ойлауымша болса жарар еді деп, жұрт алдына саламын.

Қазақ тіліндегі дыбыстар hәм олардың жазу белгілері (харіптері). Қазақ тілінде 24 дыбыс бар. Оның бесеуі дауысты, он жетісі дауыссыз, екеуі жарты дауысты.

Дауысты дыбыстар: **آ (а), و (о), ۇ (ұ), ى (ы), يە (э).** Дауыссыз дыбыстар: **ب(б), پ (п), ت (т), ج (ж), چ (ш), د (д), ر (р), ز (з), س (с), غ (ғ), ق (қ), ك (к), گ (г), ڭ (ң), ل (л), م (м), ن (н).** Жарты дауысты дыбыстар: **ۋ (у), ي (й).**

Бұл дыбыстардың ішінде **قق))** hәм **ғ (غ)** дәйім жуан айтылады, **г (گ), к (ك),** hәм **يە** дәйім жіңішке айтылады. Өзге 19 дыбыстардың hәр қайсысы екі түрлі айтылады: бірде жуан айтылады, бірде жіңішке. Егер де бұл 19 дыбыстың жуан айтылғанына бір харіф, жіңішке айтылғанына бір харіф керек десек, мысалы: ص – س، ـت ط сықылды, онда 19 дыбысқа 38 харіф керек болар еді, бұған дәйім жуан айтылатұғын **қ (ق)** менен **ғ (غ)** ларды, дәйім жіңішке айтылатұғын **к (ك), г (گ)** hәм **يە (е)** лерді қосқанда, hәммасына 43 харіф керек болар еді. Араб әліппесінде 43-ке жететұғын харіф жоқ. Өзге жұрттың әліппелерін қазақ қабыл алмайды. Араб әліппесі қазақ арасына дін менен бірге таралған, сіңген: дін менен бірге байласқан әліппені алып тастап, басқа әліппені алдыру қиын жұмыс. Бұлай болған соң араб харіптерін қазақ дыбыстарына жеткізу амалын табу керек. Араб харіптерінің түрін тым бұзып өзгертуге болмаса,

қалай амалын таппақ керек? Мұның амалы менің ойлауымша мынау:

Дауысты дыбыстарға дауыссыз дыбыстар бағынбақшы. Яғни дауысты дыбыстар жуан айтылса, олардың қатарындағы дауыссыз дыбыстар да жуан айтылмақшы; дауысты дыбыстар жіңішке айтылса, дауыссыз дыбыстар да жіңішке айтылмақшы. Бұлай болғанда дауысты дыбыстардың харіфтерінің жуан я жіңішке айтылмағын белгілеп айырсақ, дауыссыз дыбыстардың да жуан я жіңішке айтылмағын айырғанымыз.

Дауысты дыбыстарымыз: **а (ا), о (و), ұ (ۇ), ы (ى)**лардың жіңішке айтылуы үшін алатұғын белгіміз мына «ء» (знак предупреждающий). Бұл белгі дәйекші болып сөздің алдына қойылады. Сөздің алдында тұрған жіңішкелік белгісін көріп, ол сөздің ішіндегі дауысты дыбыстардың харіфтерін жіңішке оқимыз; дауысты дыбыстардың жіңішке оқылса, олар менен қатар дауыссыз дыбыстар да жіңішке оқылады, мысалы: *арман – әрман (آرمان-ءآرمان), тор – төр (تور – ءتور), тұр – түр (تۇر – ءتۇر), торы – төрі (تورى – ءتورى).* Жіңішкелік үшін бір белгі алсақ, 43 түрлі дыбысты дұрыстап жазу үшін 28 белгі (харіф) жетеді. Сонда қазақ сөзіне жазылатұғын харіф-белгілер мынау болады: а (ا), **ә(آ), б(ب) , п(پ) , т (ت) , ж (ج) , ш(چ) , д(د) , р ,(ر) з ,(ز) с(س) , ғ(غ) , қ (ق), к (ك), г (گ), ң (ڭ), л (ل), м (م), н (ن), о (و), ұ (ۇ), у (ۋ) ы (ى), й(ي)) е (ه، يه)**Бұлардың **ғ(غ) , қ (ك), е (ه، يه)** лерден басқалары жіңішкелік белгісі «ء» тұрса, жіңішке оқылады. Ол тұрмаған жерде hәман жуан оқылады. Мұнан басқа араб харіфтері – араб, фарсы я басқа түркі тілдеріне керек болса да, қазақ сөзін жазу үшін керегі жоқ.

43 түрлі дыбысты 28 әріп-белгіменен қалай жазып, қалай оқу жайын айтайын:

5 дауысты дыбыс үшін керек мынау жеті белгі: ا **(а), و (о), ۇ (ұ), ى (ы), ه، يه(э).** Оларды жіңішке айту үшін бір белгі «ء» hәм оларға сүйеу болатұғын бір белгі ا (таяқ) «ا» сөздің басында «~» менен тұрса آ (а) болып оқылады. Мысалы «ай» (آي) – луна. «~» жоқ болса, «а» болып оқылмайды. Онда сүйеу хисабында басқа

әріп қасына қойылғаны. Мысалы: *ор (ا ور) (канав) – өр (اور ء) – (подъемъ горы), ырым (ارم), ер (ایر)* дегендей орындарда. «ا» сөздің ортасында «~» жоқ болса да «آ» болып оқылады. Мысалы: *қазақ(قازاق) , қалмақ(قالماق) , қалқа (قالقا), қара(قارا)* » ашық, анық ддыбыс, оны қалдырып жазудың тіпті жөні жоқ. «آ» -ны қалдырып жазсақ, басқа түрлі оқып, басқа мағана беріп қателесуге ықтимал. Мысалы: «тамақ (тағам)» (-(تاماقты «تماق» (тмақ) деп жазсақ; «қарау» (- (قاراوды «قراو» (крау) деп жазсақ, адам (-(ادامды «адм» (ادم) деп жазсақ. Хасыл кәләм, менің ойым: сөз жазылу керек айтылатұғын түрінше, яғни сөз ішінде қай дыбыс естілсе, сол дыбыстың харфін жазу, естілген дыбыстың харфі жазылмай басқа әріп жазу керек болса, не үшін ол керектігі ғылым наху я ғылым сарф жолы менен ыспат етілсін.

«ا» жазылған сөздің алдында «ء» тұрса «ا» жіңішке айтылады: *әбдән, ән, сән* деген сөздер ішіндегідей. «و» (о) *боқай, тоғай, қоға* деген сөздерде ب (б)-ның, ت (т)-ның, ق (қ)-ның соңында естілетұғын дыбыстың белгісі. «و» (о) – қазақ тілінде анық, ашық дыбыс, оны қалдырмай жазуға керек. «و» (о) жазған сөздің алдында «ء» тұрса, «و» (о) жіңішке оқылады: *боз – бөз, тор – төр, от – өт* деген сөздердегі сықылды. «ۇ» (ұ), *азу, қару, жабу* деген сөздерде ز (з)-ның, ر (р)-дың, ب (б)-ның соңында естілетін дыбыстың белгісі. «ۇ» (ұ) сөздің бас буынында қысқа hәм көмескі естіледі: *құрау, құлақ, құрғақ* деген сөздер ішіндегідей. Сөздің басқа жерінде ұзын hәм анық айтылады. «ۋ»(ұ)-дан «ۆ»-(у)-ды айыру керек. «ۆ»(у) – жарты дауысты дыбыс. Бұл дауысты дыбыстардың соңынан ғана айтылады: *тау, тауық, тәуір, біреу, екеу* деген сөздер ішінде айтылғандай. «ۆ» (у) сөздің бас буынында анық hәм ұзын естілсе, ол «ۇ» (ұ) менен «ۆ»(у) қатар келгендіктен, онда «ۇ» (ұ) hәм «ۆ»(у) екеуін де жазуға керек. Сөздің бас буыннан басқа жерде «ۇ» ұзын қысқа естілсе де, жалғыз «ۆ» жазылады: *ашу, ашулану, тату, татулық, татуласу* اشۆ، اشۆلانۆ، تاتۆ، تاتۆلىق деген сөздер сықылды. Қысқасы, сөздің бас буынында «ۇ» ұзын hәм анық естілсе, екі харіф менен жазарға: *тұура, тұумыс, бұуын, бұуаз* بۇۆاز، بۇۆىن، تۇۆمىس، تۇۆرا дегендей.

«ۇ»-ды «و»-дан айыру үшін үстіне "ٴ" қоямыз. Себебі: «ۇ» менен «و»-ның жазылуы ұқсас болғанменен, айтылуы ұқсас емес. Мысалы: *қой* (мал) деген сөз бенен *құй* (*шай құй*) деген сөздердің мағаналары қандай басқа болса, айтылуы hәм сондай басқа. «ۇ» (ұ) – сөз ішінде қысқа естілсе де, қалдырмай жазатұғын дыбыс. «ۇ» (ұ) жазылған сөздің алдында «ء» тұрса «ۇ» жіңішке айтылады: *ұр – үр (اۇر-ءۇر), тұр – түр (تۇر–ءتۇر), бұр – бүр* (–بۇر *ءبۇر)* дегендей.

«ы» (ى) дыбысына тура келетін араб әліппесінде әріп жоқ. Сондықтан мұның нүктесіз «ى» белгісін аламыз. Оны сөздің аяғында ғана жазып, басында, ортасында тіпті жазбаймыз. Жазбасақ та болады дейтініміз: «ы» (ى) сөздің басында, ортасында бек қысқа hәм көмескі айтылады, барлығы, жоқтығы аз сезіледі. Сондықтан сөздің басында, ортасында жазбасақ, онан келер кемшілік аз. Мысал: *қын(قن), қыр (قر), қырғын (قرعن), жылым (جلم), жатыр (جاتر)* деген сөздерде «ы» (ى) жазсақ та, жазбасақ та бірдей оқимыз. Аяғында «ы» (ى) анық айтылады. Онда жазбасқа болмайды: *алды (الدى), әрі (ءارى), малы (مالى), жаны (جانى), қаны (قانى)* деген сөздерде «ы» (ى)-ны жазбай, *жаны, қаны...* деп оқуға болмайды. «ы» (ى) өзі сөз басында жазылмаса да сүйеніш таяғы «ا» жазылады: *ықтын (اقتىن), ынтық (انتىق), ырғақ (ارعاق), ызғар (ازعار), ысқыру (اسقرو), ышқыну (اشقنو)* деген сөздер сықылды. «ы» (ى) жазылған сөздің алдында «ء» тұрса, «ى» жіңішке айтылады: *бары – бәрі (بارى –ءبارى), саны – сәні* (سانى –ءسانى*), бозы – бөзі (بوزى – ءبوزى)* дегендей.

«ы» (ى)-дан «й» (ي)-ды айыру керек. «й» (ي) «у» (ۋ) сықылды дауысты дыбыстардың соңынан айтылатұғын жарты дауысты дыбыс. Мысал: *ай (اي), бай (باي), күй (كۇي), қи (قي), ки (ي)*. (كي) дауыссыз дыбыстардың соңында келсе, ол жерде жазылмайтын «ы» (ى) бар болғаннан. Мысал: *қиқм (قيقم), қин (قين), тин (تين).* «ы» (ى)-ды қалдырмай жазатын болсақ, бұл сөздерді бұлай жазар едік: *қыйқм (قىيقم), қыйн (قىين), тыйн (تىين).*

«ې» (е) дыбысына тура келетін әріп араб әліппесінде жоқ. Бұл дыбысты осы кезде сөз басында былай «ې» сөздің аяғында,

ортасында былай «ه» я былай «ه» жазып жүрміз. Мұны осы жөні менен жазып, бірақ қайсысы қай орында жазылады, тәртіпке түсіріп hәм басқа дыбыстан айтылуы басқа болған соң харфі де басқа айырылса екен деп ойлаймын. Сол үшін былай «ايه» жазылатұғын дыбыс енді былай «ې» жазылса деймін. Мұнан араб харфін өзгертіп, түрін бұзатынымыз аз, жазудың тәртіпті болмағына пайда көп. Әсіресе бала оқытқанда үйретуге hәм үйренуге жеңілдігі бек зор болар еді.

Негізгі жол: айтылуы басқа сөздерді басқа жазу; бұлай болғанда: «ит» деген сөз бенен «ет» деген сөзді бірдей жазсақ, жолсыздық болмай ма? Бұл екі сөздің мағынасы қандай басқа болса, айтылуы hәм сондай басқа.

Сөздің бас буынында ғана жазылады. Өзге орындарда «ه» жазылады. Қосылмайтын әріп соңынан «ه» орнына «ه» жазылады. «ې» жазылатын орындар: *ер, кер, жем, тең* ەر، كەر، جەم، تەڭ басқалар. «ه» жазылатын орындар: есек, желек, кеме, төбе, келеке. « ه » كيلەكە، كيمە، توبە، چيلەك، «ايسەك» жазылатын орындар: *кіре, тізе, керек, кедей, керует* كيرەت،كيدەي،كيرەك،تىزە،كىرە.

«ه يە ې» жазылған сөздердің алдына «ء» қойылмайды, себебі: бұл олсыз да жіңішке айтылатұғын дыбыс.

Дауыссыз дыбыстар үшін біз мынау әріптерді алып тұрмыз:

س، ع، ق، ك، گ، ڭ، ل، م، ن ب، پ، ت، ج، چ، د، ر، ز

Мұнан көрінеді осы күнде қазақ сөзіне көбінесе жазылып жүрген «ص» пенен «ط» ларды алмағанымыз. Жоғарыда айттық: екі түрлі айтылатұғын дыбыстардың харфін «ء» тұрмаса жуан оқимыз деп. Бұлай болғанда «ت»-ны «ء» тұрмаса «ط» сықылды жуан оқимыз. Сондықтан «ت» болған соң, «ط»-ның, «س» болған соң «ص» ның hәм «ج» болған соң «ژ»-ның керегі жоқ.

«ش»-ны алмай «چ»-ны алғанның мәнісі қазақ тілінде жазылған кітаптар, журналдарды қарасаң, «ش» жазылған қазақ сөздері тіпті аз, жоқ есебінде, көбіне «ش» орнына «چ» жазылыпты. Басқа түркі тілдерін қарасаң, бізде «س» (с) келетұғын сөздерге оларда көбінесе «ش» (ш) келетұғын көрінеді. Бізде «ش» (ш) келетұғын сөздерге оларда «چ» (ч) келетұғын көрінеді. Мысал:

бас – баш, қас – қаш, тас – таш, ақша – ақча, қанша – қанча, шара – ччара. «ش» (ш) дыбысы қай тілде болса да «س» (с)-дан гөрі «چ» (ч)-ға жақын. Сондықтан «ش» дыбысының белгісіне «چ»-ны алдым. Мұны алғаннан кемшілік келмейді, қайта ұнамдырақ болады. Мысал: ایکنچی деп жазу ایکنشی деп жазудан ұнамдырақ, قانچا деп жазу قانشا деп жазудан ұнамдырақ. «ق» hәм «ع» жазылатұғын сөздің алдына «ء» қойылмайды. Оны қойған менен олар жіңішке айтылмайды. «ك» hәм «گ» жазылатұғын сөздің де алдына «ء» қойылмайды, ол қойылмаса да бұлар жіңішке айтылады.

Тобы бөтен болса да, қазақ тіліне келіп сіңген, қазақтың өз сөзі болып кеткен араб я фарсы сөздері бар. Мысал: арабтан алған *адал – халал, арам – харам, әл – хал* ادال - حلال، ارام - حرام، ءال - حال. Фарсыдан алған *ән – аhн, қожа – хоажа* - ءان - ءاهن، قوجا - حواجه сықылды сөздер. Бұлар бұрынғы қалпында емес, өзгерілген. Міне, бұ сықылды сөздерді қазақ тілінен қуып шығару ма? Я болмаса сақтау ма? Мұны көп білсін! Мен өзім сақтау жағындамын. Өзге жұрттарда бұзып алған сөздер сақталады. Осы жоба менен әліппе бастырмақшымыз. Сол себепті оқушылардан ұнатпаған жерін көрсетіп, ұнарлығын айтса екен деп өтінемін.

А.Б.

Жазу тәртібі.
«Айқап» журналы.
1912 жыл №4 саны

ШАҺЗАМАН МЫРЗАҒА

Мырза! Көзіңіз шатынап, шеке тамырыңыз шығып, аузыңыз көпіріп, таласқа кетіп барасыз. Таластан қазақ баласы пайда тауып жүрген жоқ. Сабыр мен отырып, ойласып істелік. Қазақ тіліндегі дыбыстарды көп, я аз деп көрсетіп, борышыма берейін деп отырғаным жоқ ғой. Мақсат – сіз болып, біз болып, ақылдасып отырып, дыбыс басына харіф белгілеп, жазуымызды бір жөнге салалық деген. Осы күнде әр кім әр түрлі жазып жүр, бір жөн менен жазылатұғын жазу жоқ. Жазғанымыздың қата, дұрыстығын айырарлық емле жоқ. Оның жоқтығы қазақ тіліндегі дыбыстарға ашып-арнаған харіфтер жоқ.

Бір сөзді екі кісі екі түрлі жазады. Хатта бір кісінің өзі де бір сөзді екі түрлі жазады. Мысалы, сіз де اوزەن - بوزەن екі түр менен жазып көрсеттіңіз. Соның екі түрін жазғанша бір ақ түрін дұрыстап, кесіп айтсақ болмай ма. Сіздің жазған сөзіңізден байқаймын, қазақтың тілінде неше һәм нендей дыбыстар бар екен деп һеш уақытта ойланып қарамағансыз. Өзгелердің қазақ тіліндегі дыбыстар турасында жазғанын оқымағансыз. Дыбыс пенен харіф екеуін бір затқа санайсыз. Мен қазақ тіліндегі дыбыстарды айтамын, сіз ғарабтың харіфтерін алып келіп көрсетесіз. Сіздің қарауыңызша, ғараб харіфтеріне дұрыс келетін дыбыстар қазақ тілінде бар болмақшы, дұрыс келмейтін дыбыстар тіпті жоқ болмақшы. Олай болғанда ғарабтың харіфтері қазаққа келмей тұрған уақытта қазақта һеш бір дыбыс болмасқа керек ғой. Ғараб хәрфінен бұрын қазақ сөйлемеді дейсіз бе? Біз ойлаймыз, қазақ ғараб хәрфінен бұрын да сөйледі деп; сөйлеген соң дыбыстары да болды деп. Ол дыбыстарының ғараб харіфтеріне тура келетіні де бар, келмейтіні де бар деп; бәрі тегіс келмейтін себебі: ғараб алифбасы қазаққа деп арнап шығарған алифба емес, ғараб тіліне арнап шығарған, һәр халықтың тіліндегі дыбыстардың ішінде бөлектік болады. Бірінде бар дыбыс, бірінде жоқ болуға ыктимал.

Мәселен: ث، ج، ذ، ض، ق، ھ дыбыстар ғарабта бар, қазақта жоқ. و (о), (ы), ‘ه (э), پ (п) дыбыстар қазақта бар, ғарабта жоқ;

ғараб алифбасы өз дыбыстарына арнап шығарған олардың дыбыстарының арасында و (о), (ы), ‘ه (э), پ (п) дыбыстар болмаса, бұл дыбыстарға тура келетін харіфтері де болмасқа керек. Сіз қалай ойлайсыз? Ғараб әліппесінде тура келетін хәрфі жоқ дыбыстарымызды тіпті жоқ қылу керек пе? Негізінен ойлаңызшы: тіл харіф үшін шығарған нәрсе ме? Болмаса харіф тіл үшін шығарған нәрсе ме? Әлбетте, харіф тіл үшін шығарған нәрсе. Олай болса хәрфі жоқ деп, тілдегі дыбысты жоғалту емес, ол дыбысқа жоқ харіфті іздеп табарға керек. Ол жалғыз бізде емес, өзге жұртта да болған. Харіфке бола тілді бұзбайды, тілге бола харіфті бұзып өзгертеді. Өзіңіздің көрсеткен харіфтеріңіздің ішіндегі «پ» ,«ژ» ,«چ» осындай түсін бұзумен табылған әріптер емес пе?

Бұл ойыңыздың негізгі қатасы. Негізгі қата болған соң әрмен қарай басқасы да қата бола береді. Қазақ дыбысының бәрі де жарты дауысты дейсіз. Оны да қазақ сөзін алып, дыбысын қарамай, ғараб харіфтеріне қарап айтасыз. Мысалы: «баран» деген қазақта да, роста да сөз бар (бар), «бор» деген қазақта да, роста да сөз бар (бор), осындағы «а», «о» дыбыстарын ростар *жарты дауысты дыбыстар* демейді. Олардың «о», «а» дыбыстарынан біздің «о», «а» дыбыстарымыздың hеш кемдігі болмаса, біз қалай жарты дауысты дейміз? Бұл дыбыстарды *жарты* десек, қандай дыбысты *бүтін* деп айтармыз? Қазақ тілінде тіпті «о» дыбысы жоқ дейсіз: *бор, боз, жол, ол,* мұнан басқа да ішінде «о» келетін сөздер толып жатыр, бұларды қазақ сөзі емес дейсіз бе? Біз бұларды қазақ сөзі дейміз, hәм олардың ішіндегі дыбыстардың бәрі де қазақ тілінде бар дейміз.

«Ы» дыбысы жоқ дейсіз. *Аз – азы, бар – бары, жар – жары, бас – басы.* Бұл сөздер қазақ сөзі емес пе?

«Э» дыбысы қазақта «يه» (е) емес, «ـه»-ге жақын дейсіз. Мен қазақ тілінде бұл дыбыс қандай екенін бек жақсы білемін, бірақ ғарабта тура келетін харіф болмаған соң «ـه» менен жазалық деймін. Мұнан көрі «ـه» менен жазу қолайлы десеңіз, олай да жазып көрелік. «Ер» деген сөзді сізше «йер» деп жазу қолайлы болмақ, «кесек» деген сөзді сізше «киесек» деп жазу қолайлы

болмақ, «керек» сізше «киерек» деп жазылмақшы. Қайсысын жазу қолайлы hәм не үшін қолайлы, сіз айтпасаңыз, мен айта алмаймын. Астына екі ноқатты қоюды қолайлағаным – бұрынғы жазып жүргеніміздан тым алыс болмасын деген еді. «ـه» йә «ـه» қолайлы, көп ұнатқаны болсын.

Сіздің айтқаныңызша, «ژ» мен «ف» қазақ дыбыстары болмақшы. «ژ» ды қазақ тілінде бар дейсіз де, сөзіңізді ыспаттау үшін «журнал» деген сөзді көрсетесіз. Бұл сөз қазақ сөзі емес, франсоз сөзі ғой. «ژ» қазақ дыбысы десеңіз, қазақ сөзінен тауып берерге керек. Әңгіме қазақ тілінде қандай дыбыстар бар hәм оларды қандай харіфтерменен жазу турасында. Франсоз дыбыстарын қоя тұрып, әуелі өз тіліміздегі дыбыстарға харіф арнап, сөзді бір жерге қоялықшы. «ف» (ф) дыбысы қазақ тілінде бар дейсіз де, қай сөздерге жазылатынын көрсетпей, азырақ әдіс айтып бұлтарып кетесіз. «ف» дыбысы бар сөздер қазақта есепсіз көп болғандықтан жазып көрсетпеймін дейсіз. Есепсіз болса бәрін жазу мүмкін емес, бірақ бір-екеуін жазып көрсетсеңіз, қазақ тілінде «ف» дыбысы рас бар екенін көрер едік. Көрсетпей тұрғаныңыз көптігінен емес, жоқтығынан болар. Олай әдіс жұмсайтын бұл ісіміз қазақтың сайлауы емес еді, бірақ өзіңізге ұнағаны сол шығар. Өзіңіз айтқан Ахметhазы Мақсуди кітабында hәм «Төте оқу» кітабында осы екі дыбысты я ноғай, я қазақ сөздерінде бар деп көрсетпеген ғой. «ژ»-ды рос сөздеріне жазған, «ف»-ды ғараб сөздеріне жазған.

«ش» (ш), «چ» (ч) турасында сөзім бұрын айтылған. Не үшін «ش»-ны алмай «چ»-ны алғанымды жазғанмын, сонан басқа айтарым жоқ. Қазақта «ش» дыбысы бар hәм жалғыз, оған «ش» я «چ» – екеуінің біреуі ақ алынады. Қайсысын алу қолайлы, көптің ұнатуы болсын. چانا، چاڭ، چاڭراق، چال، چالا، قانچا، اقچا، قاچاق. Осы сөздердегі «چ» қазақ айтқанда бәрінде де бірдей айтылады, өзгеше айтылатыны жоқ. Олай болғанда хәрфінде де өз басқалық болмай, бәрі я «چ» хәрфіменен жазылады, я «ش» хәрфіменен жазылады; біреуіне «چ» біреуінеش» » жазылмаса керек.

«ص» менен «ط»-ны қазақ сөзіне керексіз дегенім мәнісі мынау: «ز» (з) дыбысы біреу болса, «س» (с) дыбысы да біреу; «د»

(д) дыбысы қазақта біреу болса «ث» (т) дыбысы да біреу. «С» дыбысы һәм «т» дыбысы қазақта бір-бірден болса, оған екі-екі әріптен алып, арнау қажеті не? Сіз айтарсыз «ص» менен «ط» жуан сөздерге жазылады, «س» менен «ت» жіңішке сөздерге жазылады деп. Онда неге «س» менен «ت»-ны жуан сөздерге жазамыз. Мысалы: *бас, басқа, жас, жақсы, ат, ата, айту, жату* бұлардың бәрі де жуан сөздер. Бұларға неге «ص» менен «ط» жазбай, «س» менен «ت»-ты жазамыз. Жуан сөзге кіріскен дыбыс жуан болып айтылады. «س» менен «ت»-ның һәмән жіңішке айтылмай, жуан болып айтылуын көрсетеді. Бір дыбыс жуан да, жіңішке де айтылатын болса, оның екі түрлі айтылғанына екі харіф алмаймыз: ондай дыбыстардың жуан, жіңішке айтылу ықтиары дауысты дыбыстарда болады. Ол жалғыз біздің тілімізде емес, басқа тілде де солай. Өзіңіз ойлап қараңызшы! Осы күнде жазып жүрміз: *бас, басқа, басқару, бастыру, атау, тау, айту, тура* توڑرا اتاو، تاو، ایتو, باسطرو, باسقارو، باس، باسقه Бастапқы төрт сөзде «с» дыбысы екі түрлі жазылғанменен, айтылуы екі түрлі емес, жалғыз-ақ түрлі. Екінші төрт сөзде «т» дыбысы екі түрлі жазылғанменен, айтылуы екі түрлі емес, жалғыз-ақ түрлі. Екі түрлі жазуымыздың пәлендей мәнісі бар деп айтып беріңіз! «ص» менен «ط»-ны қазақ сөзінен шығармалық.

Қазақта сөз екі түрлі: бір түрі жуан, екінші түрі жіңішке. Жуан сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрі жуан болады, жіңішке сөздің ішіндегі дыбыстарының бәрі де жіңішке болады. Жалғыз ақ түрлі айтылатын дыбыстар екі түрлі сөздің бір ақ түріне кіріседі. Һәмән жуан айтылатын «ق» (қ) менен «غ» (ғ) жіңішке сөзге һеш уақытта кіріспейді, һәмән жіңішке айтылатын «ك» (к) һәм «گ» (г) жуан сөзге кіріспейді. «س» менен «ت»-ның жуан сөздерге де, жіңішке сөздерге де кіріскені жуандық, жіңішкелік екі түріне де тұтынуға жарайтындығын көрсетеді.

Онан әрі айтасыз: «қағидасыз қойылған «ء» дәйекші белгіден не мағана шығады» деп. Сіз не қағида мен «ا»-ның үстіне «ء»» қойып отырсыз, мен де сол қағидаменен қоямын. Сіз қоясыз жалғыз «ا»-ны жіңішкерту үшін. Мен қоямын жалғыз «ا»

емес, басқа да дауысты дыбыстарды жіңішкерту үшін. Сіз айтасыз: «жіңішкелік белгілері бек, жақсы ретке салынған» деп. Оны ыспаттау үшін көрсетесіз اوزەن яки ىوزەن (өзен) деген сөзді. Мұныңыз дұрыс ғой, егер де (ө) дыбысы алғы сөздің басында келсе, сөздің ортасында келсе қалай жазылады деп, ретке салынғанын? Оны да айтуыңыз керек еді. Мысалы: *жон (арқа), жөн (түзу, дұрыс), боз (түс), бөз (шүберек), бол (істе, бітір), бөл (бөлекте)* деген сөзімізді алалық. Бұлардың біреулері жуан, біреулері жіңішке. Жуандарынан жіңішкелерін айыру үшін не тәртіптер салынған, айтсаңыз екен. Менің «ۆ» ні «ا» ның үстінен алып сөз алдына қойғаным мәнісі: «ۆ» ны жалғыз «ا» ның үстіне қойсақ, жалғыз «ا» ны жіңішкертуге ғана жарайды, өзгелерді жіңішкерту үшін де тағы басқа белгі алу керек болады. Мен оларға басқа белгі алынбай, осы «ۆ» бәріне де жарайтын болсын деймін. Олай болуы үшін «ۆ» жалғыз «ا» ның үстінде тұрмай, сөздің алдында тұрсын деймін. «ۆ» қоюдың асыл мағанасы жіңішкерту ғой, болғанда «ۆ» жіңішкелік белгісі. Бұл белгі сөз алдында тұрса, келесі кейінгі сөз жіңішке екендігін біліп, жіңішке оқырға. Ахметhазы да харіфті қалыңдату үшін үстіне нүкте қоймай ма? Ол не қағида менен қалыңдық нүктесін қойған?

Бұлардан басқа сізге күлкілі көрінген мынау болса керек: «менің айтқандарымды дұрыс емес дегендер наху, сарф қағидаларынан ыспат көрсетіп, дұрыс емес жерін айтсын» деген сөз. Наху, сарф дегеніміз тіл законының ғылымы. Тіл болса, оның законы боларға керек. Законы болса, оның ғылымы боларға керек. Су тоңса, мұз болмақшы, хлор менен натри қосылса, тұз болмақшы, бұлар табиғаттың законы. Осындай закон тілде де бар. Хлор менен натри қосылса, тұз болатындығын байқау, қарау, іздеу менен тапқан. Тілдің де законы сол жол менен табылады. Қазақ тілінде бір сөзге жуан дыбыс пен жіңішке дыбыс араласып кірмейді. Бұл тіліміздің законы емес пе? Осындай закон тауып жазсақ, айтсақ, ол наху, сарфтың қағидасы емес пе? Наху, сарфты мен грамматика мағанасында тұтынамын. Басқа жұртта грамматика үшке бөлінеді: фонетика, морфология,

синтаксис. Менің бұрынғы жазған сөзім һәм осы жолы жазған сөздерім фонетикаға тиісті сөздер. Фонетиканың қарастыратыны тілде қандай дыбыстар бар, олар қалай сөз ішінде байласады. Біздің сөйлеп, қарастырып отырғанымыз қазақ фонетикасы. Сіздің ойыңыздың қаталығын мен көрсетерге керек: фонетикадан ыспат келтіріп. Менің ойымның қаталығын сіз көрсетуге керек: фонетикадан ыспат келтіріп. Бұлай деп сізді тағы «қорқытамын»: сіздің қорықпайтын батыр екендігіңізді көрдім; көре тұра қорқытатыным, өткен жолы шаншып алатын найзаңыз бен бұлтарып кететін айлаңызды көрсеттіңіз. Бұлардан басқа өнерлеріңізді де көрмек үшін.

Мен ойлаймын сіз менің кейбір сөздерімді теріс түсініп, теріс кеттіңіз ау деп. Сіздің қата түсінген жерлеріңіз мынау шығар деймін: әуелі – мұсылманша оқудың былғалақ-шырғалағы көп деген, екінші – ғараб әліппесі дін менен байласқан, онан басқа алифбаны қазақ қабылдамайды деген, үшінші – қазақ тілінен шығарып тасталатын харіфті қазаққа тіпті білуге керегі жоқ деп, айтады деген шығарсыз.

Росша, мұсылманша оқу жайын сөйлегенде басқалар емес, қазақ бұл оқуларды қалай оқып жүргенін айтамын. Басқа жұрттың мұсылманша оқуы кемелденген шығар, оған таласпаймын, бірақ қазақ арасында мұсылманша оқу, азын алмай, жалпақ көбін алғанда, баяғы «қызғаныш заман»ның оқуынан алысқа кете қойды дей алмаймын. Усул жәдит яки төте оқу жолы бар екенін білеміз, бірақ сол жол қазақ арасында аз таралған соң біздің мақсатымыз да сол оқуды қазақ арасына көбірек жаю. Усул жәдит жолын сіз 28 харіф оқыту мағанасында ұқсаңыз, оныңыз қата, усул жәдит жаңа жол. Ахметһазы кітабында сіздің көрсеткен харіфтеріңізден басқарақ харіфтер бар. Мысалы: оны менен Ахметһазы усул жәдит жолынан шығып кетпейді ғой, біз де бірекі белгі қосқаннан усул жәдит жолынан шықпаспыз.

Әлде сіз қазақ арасына усул жәдит жолы жайылып болды, мұнан артық еш нәрсе керек емес дейсіз бе? Екінші, теріс жорыған сөзіңіз – ғараб харіфтерін алуға зорланады деген. Мен

қиналғанымды білдірейін дегенім жоқ, сол сөздердің ішінде қиналдым, зорландым деген сөз жоқ шығар. Ол сөзді келтіргенім мәнісі: біреулер ғараб алифбасынан қазақ тіліне жақсырақ келетін харіф бар дейді, хатта басқа харіфтермен кітап шығарғандар да бар. Мен соларға айтқан сөзім еді: басқа харіфтер қазақ тіліне жақсы келсе де, оларды қазақ қабыл алмайды, басқа жаққа алаңдамай, керегімізді ғараб алифбасынан қаралық дегенім еді. Қазақ қабылдамағанда не үшін қабылдамайтын себебін айтайын деп, ғараб алифбасының дін менен бірге байласып, сіңгендігін көрсетіп едім. Оны сіз не себептен теріс жорығаныңызды білмеймін.

Үшінші қата түсінді ме дейтінім қазақ тілінен шығарған харіфтер. Сіз бұларды тіпті оқытпасқа керек деп ойлады ма деп шүбәланамын. Бұл харіфтерді балалар қазақ сөзіндегі харіфтерді біліп болған соң оқиды. Мысалы: татарларда тіліне керек емес деп, бүлік шығарған харіфтерін оқытпай тастамайды, бірақ ғараб сөздері менен оқытады ғой. Біз де солай етеміз.

Сөзіңізді бастапсыз «Бірге қозғалайық» деп. Не үшін бұлай сөз бастағаныңызға анық түсіне алмадым. Әлде сіз «ص» менен «ط» қазақ тілінен шықса, басқалардан айырылып кетеміз дейсіз бе? Тілімізде басқалық жоқ болып, харіфтерімізді басқаласақ, онда харіфтеріміздің басқалығы арамызға жік салады, арамыз ашылады дер едік. Тіліміздің арасында жік болса, оны харіф пенен бітеп, жасыра алмаймыз. «ص»-ты шығармай тұрғанда жазатын едік: («сол, солай»). Енді «ص»-ты шығарған соң жазамыз: Татарлар жазады: («шол, шолай»; «сол» «шул») hәм деген сөздерін қазақ пенен татар түсініп жүрсе, hәм деген сөздерді түсіну олардан қиын болар ма екен? Біріміздің тіліміздегі бар сөз біріміздің тілімізде жоқ. Сол сөздерді түсінуден «س» яки «ت» менен жазып басқалаған сөздерді түсіну оңайырақ шығар деймін. Қысқасы, «ط» ,«ص» бұл екі харіфті қазақ тілінен шығарғандағы жазуымыздың басқаланғаны тіліміздің басқалығынан артық болмайды. Бұрын да екі тілдің сөзіне хәрфіне харіф қойып бірдей жазғанымыз жоқ. Мұндай басқалық, бұрын да бар-ды. Тілімізді

біріктіріп хәрфіне харіф қойып жазалық десеңіз, ол басқа әңгіме, ол болмай «құр хәрфіміздің саны бірдей болса, бірге боламыз, саны басқа болса, бөлек кетеміз» деген тіреусіз сөз.

Енді көресіз бе, Шаһзаман мырза?! Аузыңыз босқа көпіргенін. Айтқан көп сөзіңіздің бірі сұраған мәслихатымызға тура келмейді.

Менің білгенім осы, мұның дұрыс емес жерін көрсетіп, қалай түзету ақылын айтып беріңдер деп сұрадым; білетін адамдар білімдеріннен қарасыңдар дедім. Сіздей күлкіге көтермей, кекетпей ақ, сізден білімі кем емес адамдар да ақылын жай айтты. Мысалы: Бөкейханыф әфенде айтты: «Жарты дауысты **й** һәм **у** () Англия тілінде де бар, оларға өз алдына басқа харіфтер алынбайды, неге десең, дауысты дыбыстардың соңынан келетін **й** һәм **у** жарты дауысты болады деген қағидалары бар» дейді. Сол қағиданы біздің тілімізге кіргізуге болады. Жарты дауысты **й** һәм **у** үшін харіф белгілеп арнамаймыз. Екі харіф кемиді, осындай орны менен айтқан ақылдан «етек-жеңімізді түріп қашпаймыз». Орынсыз айтылған нәрсені сіздің көзіңіз шатынағанымен, істемейміз. Мен ойлаймын «былғалық-шырғалақ» деген сөзді оқыған соң ақ, атыңыздың айылы шабына кетіп яки ері бауырына түсіп, тулау менен болып, жайғасып отырып ойланбадыңыз ғой деп. Я болмаса «Жау келіп қалған екен» деп, атыңызға міне, найзаңызды ала, аяқтарыңыз салақтап, етектеріңіз далақтап, шаптыңыз ғой, жалғыз мақсат жауды мұқатуда болып, бар өнеріңізді соған жұмсадыңыз деймін.

Жау жоқ, найзаңызды тастаңыз! Жайғасып отырып мәслихат беріңіз! Құрал сайлау керек дегенде, жауласудың құралы емес, оқудың құралын айтамын. Оқу құралын сайлау оңай емес. Сіз болып, біз болып, өнерімізді осыған жұмсап, осы істі аяқтандыралық. 28 харіф пенен жазу жазып, бір-бірімізді түсініп жүрміз ғой деген сөз қазақтың баланды оқыт дегенде: «Оқымай да өлмей, күн көріп жүрміз ғой» деп айтатын жауабы сықылды. Жазуымызда тәртіпсіздік, кемшілік барлығын жалғыз мен емес, басқалар да айтады. Еш кемшілік болмаса, еш кім сөз қылмас

еді ғой. Қазаққа «Пәлен ет, түлен ет» деп, солар күн көре алмай жүргеннен айтпаймыз, тіршілігінде кемшілік, ретсіздік болғаннан түрлен, реттен, дейміз ғой. Сондай кемшілік, ретсіздік жазуымызда да бар, оны реттеу, жөндеу керек.

Жазуымыздың тәртіпсіздігі: оқу кітабын шығаралық десек, алдымыздан көлденең келеді. Бала оқытсақ, оқуға оралғы болады. Қазақша грамматике шығаралық десек, қадам бастырмайды. Сіз айтасыз осы 28 харіф пенен де оқу кітаптары таралып жатыр деп. Оныңыз рас. Бірақ ол кітаптар да кемшілік бар ма, жоқ па? – педагогике, методикеден хабары бар адамдар байқайтын шығар. Қысқасы мынау ғой: қытайша жазу үйрену қиын дейді, сонда да оқып біледі, бірақ қиын оқу менен оңай оқу бір емес. Біріне уақыт көп кетеді һәм көп қиналады, біріне уақыт аз кетеді һәм аз қиналады.

28 харіф пенен жазғанымыз жарамды-ақ болсын, соны менен жазылып шығып жатқан кітаптар оқуға қолайлы ақ болсын, бірақ жақсыдан да жақсыны іздеу – алға басу. Ілгері басу керек емес дейсіз бе? Тариқының да негізгі мағанасы: жақсыдан да жақсыны іздеу емес пе? Ауырды жеңілту, қиынды оңайлау емес пе? Бұл неше түрлі машина, от кеме, от арба жақсыдан да жақсыны іздегеннен табылған. Жел кемесі болса да, от кемені іздеген, ат арбасы болса да, от арбаны іздеген, енді көк кемесін іздеп жатыр. Осының бәрі де жақсыдан да жақсыны іздеу, тариқи жолы.

Қыңыр келмеңіз, мырза, түзу келіңіз. Жазу түзету бірімізге емес, бәрімізге керек нәрсе ғой, «битке өкпелеп, тонын жаққан» сықылды, бір-екі харіфті қазақ тілінен щығарғаныма өкпелеп, ғұмуми істен қол сілкіп, безбеңіз! Жүк қасындағы «аққу, шортан, шаян» үшеуіне ұқсамалық!

А.Б.

Шаһзаман мырзаға. «Айқап» журналы.
1912 жыл сентябрь (мизан) №9 саны

«ҚАЗАҚША СӨЗ ЖАЗУШЫЛАР ДИҚАТЫНА» СӨЗ ЖАЗУШЫҒА (*)*

Бұл күндегі адамдардың сөйлесетін тілдерінің түбі мұнарланған сағымдай алысқа барып жоғалады. Қанша қадалып қарасақ та, көзіміз оған жетпейді. Қай тілдің де болса қайдан шығып, қалай ғұмыр шеккенін ешкім анық білмейді. Тілдің ғұмыры ұзақ. Оның жасы жылдап емес, жүз жылдап емес, мың жылдап саналады. Сондай ұзын ғұмырының ішінде түрлі нәрселер себеп болып, өзгерілмеген тіл жоқ: йә азып өзгерілген, йә асып өзгерілген. Ел бұтақтап өскен сайын, тіл де бұтақтаған. Біздің түрік тілі әуелде бір тіл болып, сонан соң ел бұтақтап өскенде, тіл де бұтақтаған. Түбірі бір болса да, түрі басқаланып түрік тілінің арасына тарау-тарау жік түскен. Сондықтан бұл күнде неше бұтақ түрік тұқымынан ел болса, сонша тарау тілінде басқалық бар. Тілдің басқалануына себеп болған – әр түрлі бөтен жұрттармен сыбайлас болып араласқандық. Түріктің балалары өсіп, алды-алдына тарап әр түрлі халық бен сыбайлас болған, араласқан түрлі жұрттың түрлі тілінен түрік тіліне жат сөздер, жат дыбыстар кірісіп, тіл арасының бірте-бірте жігі ұлғайған. Мақсұт сол жікті бітеп жоғалту болса, оған түзуді қисық деп, дұрысты хата деп қыңыр жол мен кірмей, тура жол мен келу керек. Шөнке дұрыс пен қатені, қисық пен түзуді айыруға жаратқан көкіректе көз бар. Хата қайда, дұрыс қайда – қаралық. Дұрыс емле менен хата емлені айыруға менің ойымша бұлай қарау керек шығар деймін: тіл табиғатына қарай емлені ыңғайлау ма? Жоқ емле түріне қарай тілді ыңғайлау ма? Мен ойлаймын емле жазу үшін шығарған нәрсе, жазу тіл үшін шығарған нәрсе. Олай болса тілді бұзып емлеге ыңғайлау емес, емлені тілге ыңғайлау керек. Тілдің табиғатына қарамай зорлап, емлеге таңып байласақ, қытай қатындарының айағы болып шығады. Түрік тілінің бәріне хомуми емле болу керек десек, түріктің қай баласында азбаған тұнық тіл, түзу емле болса, соны

* Татарша білмегендіктен, қазақша жаздым. Татар оқушыларына ол кемшілігіме кешу өтінемін. – А.Б.

аларға керек. Асыл тіл, түзу емле қазақта боларға тиісті. Неге десек: ата кәсібін тастамай істеп келе жатқан қазақ. Басқа жұртқа араласпай, өз алдына оңаша, оқшау жүрген қазақ. Жат жазудың ыңғайына қарап, басқалардай тілін бұзуға, арасына жазу жайылмаған түрік баласы қазақ. Сырттан бірен-саран жат сөздер келсе оны жаншып жіберіп, өз тілінің қалпына түсіріп алған қазақ. Жат жұрттың шалығы тимесе, жазу шалығы тимесе, кәсібі, ғұрпы өзгерілмесе, жалғыз тіл өзгерілді деп айтуға тіпті жол жоқ. Қазақтың тілі өзгерген тіл деп айтуға жол жоқ болса, емлесін де қисық деп айтуға жол жоқ. Қазақта тілінің табиғатына хилаф келетін емле жоқ. Еділден бастап Ертіске шейін, Оралдан бастап Ауғанға шейін қазақта тіл де бір, емле де бір. Қойшы, түйеші, биеші емлесі деген қазақта жоқ нәрсе. Тоқсандағы шалының, тоғыздағы баласының – бәрінің емлесі біреу ақ, ол емлесі дұрыс па, қисық па, қаралық.

Ең әуелі біздің қисық көрінетін емлеміз «лр» орнына «дар», «тар», «лар» (жіңішке сөздерде «дер», «тер», «лер») деп жазғанымыз. «Үш түрін жазғанша «лар» деп бір ақ түрін жазса болмай ма?» деген. Бұл дұрыс болар еді, егер де сөздің бәрінің айағы дауысты дыбыс бен йә жарты дауысты дыбыс бен біте берсе. Сөздің айағы дауыссыз дыбыс бен де бітетін жері болады һәм сондай жерде қазақта «лар» орнына «дар» (йә «тар») жазылады. Дауыссыз дыбыстан соң да «лар» жазсақ болмай ма деген сөз: мәселен, «қараймын», «сөйлеймін» деп жазған соң – «бараймын», «береймін» деп жазсақ болмай ма деген сықылды, йә болмаса «малдай», «малда» деп жазған соң – «малындай», «малында» деп жазбай – «малыдай», «малыда» деп жазсақ болмай ма? деген сықылды. Сондай ақ «балалар», «аналар», «аталар» деген сөздер «лар» мен жазылады деп «маллар», «нанлар», «атлар» деп жазу керек деген сөз «бараймын», «біреймін», «малыдай», «малыда» деп жазу керек деген мен бірдей. Сөздің ұшығы бірінде дауысты дыбысқа тіркеледі, бірінде дауыссыз дыбысқа тіркеледі. Дауысты, дауыссыз дыбыстың ауанына қарай – сөздің ұшығы да өзгеріледі. Қазақ бұл екі

орнын да айырады. Тіл табиғатына қарағанда қазақтың солай істеуі дұрыс: «мал» – «малдай» дегенде («н») жоқ; «малы» – «малындай» дегенде «н» неге қосылады? Әрине, «малы» деген сөздің айағы дауысты дыбыс болғандықтан қосылып тұр. «Малы» дегеннен шыққан ұшықтарды «мал» дегеннен шыққан ұшықтармен бірдей істеу керек десек, тіл табиғатына дұрыс келе ме; сондай ақ «бала», «ана», «ата» hәм «мал», «нан», «ат» деген сөздердің бәріне де «лар» бірдей болу керек деген дұрыс емес. Қазақта жазу-сызу болмаған соң, жалғыз ақ табиғаттың законына ерген; сондықтан тілі азбаған. Өзгелер табиғатты зорлап, емлеге таңып, тілін аздырған. Мәселен, «малдар» деп айтып көріңіз, «маллар» деп айтып көріңіз. «Малдар» дегенде тілде көріс кідіріс жоқ, жеп жеңіл ағып өте шығады. «Маллар» дегенде: – тертеге оралған шыбыртқыдай тілімізді қайтып алуымыз қиын. Бұл орынсыз жерде тұрған «л»-ның айтуға кемшілігі. Естуге кемшілігі тағы бар. «Малдар» дегенде тіліміз таңдайға тірелмей, тиіп кәнә өтеді; «маллар» дегенде тіліміз таңдайға тіреліп, аузымыздың қуысын бітеп тастайды. Қамаудағы дыбыс бен ашықтағы дыбыс екеуі бірдей болмайды. Ашықтағы дыбыс ашық, көркем шығады. Қамаудағы дыбыс ажарсыз шығады.

Дұрыстыққа салып тура көзбен қарағанда, тіл турасында күйінерлік іс қазақта емес, басқа түрік балаларында. Ашық дыбыстарды көмескі дыбыстарға, көркем дыбыстарды ажарсыз дыбыстарға алмастырып, тілдің сиқын бұзып, сынын кетірген басқа түріктер. Дауысты дыбыстардың – ашық йә көмескі болмағы – ауыздың көп йә аз ашылуынан болады. Ауыз көп ашылғанда шыққан дыбыс ашық болады, ауыз тарылғанда шыққан дыбыс тұйықтау болады. Ауыз еркін ашылғанда шыққан дыбыс «ا»(а), ол барша дыбыстан ашық; сонан соң ауыздың тарылуына қарай екінші дәрежедегі дыбыстар шығады: жай тарылса «اَ» (ә), дөңгелектеніп тарылса «و» (о), онан әрі тарылғанда – үшінші дәрежедегі дыбыстар шығады: жай тарылса «ۏ» (й), дөңгелектеніп тарылса «ۇ» (у). Дыбыстың ашықтығы қай дәрежеде

болса, көркемдігі де сол дәрежеде болады. Сондықтан 1-інші дәрежедегі йә 2-інші дәрежедегі дыбыстарды – үшінші дәрежедегі дыбыстарға алмастырсақ, сөздің де көркі сол дәреже төмен түседі. Сөздің көркі төмендесе, тілдің де көркі төмендейді. Жоғарғы дәрежедегі дыбысты төмен дәрежедегі дыбыстарға алмастырып тілді аздырған кемшілік татар тілінде көп. Мәселен: «ا» (а) дыбысын «ي» (э) дыбысын «ي» (е)-ге алмастырған, «و» (о) дыбысын «ۇ» (у)-ға алмастырған орындар көп. «ا» (а) -ны «ە»-ге алмастырған жерлері: «الماي» (*алмай*) деген сөзді «ألمي» (*алми*) деп, «е»-ні «и»-ге алмастырған жерлері: (*кет*)-ті «كيت» (*кит*), *ет* «ايت» (*ит*) деп, «و» (о)-ны (у)-ға алмастырған орындары: قول (*қол*)-ды قُول (*қул*), اوت (*от*), اوت (*ут*) деп.

Бұлайша тілді бұзуға себеп болған нәрсе жазу. Ғараб әліппесіндегі харіфтер түрік тіліндегі кей дыбыстарға тура келмеген. Ол дыбыстарды жазуға басқа дыбыстардың харіфтері жұмсалған. Түрік тілінде «و» (о) дыбысы бар, араб әліппесінде оған харіф жоқ; түрік тілінде «ە» (е) дыбысы бар, оған тура келетін арабта харіф жоқ. Сондықтан «о» дыбысын «у»-мен жазған, «е» дыбысын «й»-мен жазған. Бұл дыбыстар айтылуынша оқылмай, жазылуынша оқылған. «А» дыбысы «и» дыбысына алмасуына себеп болған нәрсе: түрік сөздерін де ғараб емлесі мен жазамыз деген, мәселен: *қарамай – қарами*.

Растыққа жүгінсек, түріктің тұнық тілі, түзу емлесі қазақта. Дұрыс емес деген «дың», «ды»-ларды һәм дұрыс деген «-ның», «-ны»-ларды алып қаралық. Мен айтамын: «-ның», «-ны» дұрыс емес, «-дың», «-ды» дұрыс деп. Неге десең: тіл табиғатына қарағанда «-ны» келерге керек дауысты дыбыстардан соң, қазақта солай «-ның», «-ны» дауысты дыбыстардан соң келеді. Айағы дауысты дыбыс бен біткен һәм айағы дауыссыз йә жарты дауысты дыбыс бен біткен сөздерді алып қарасақ, солай екендігі көрініп тұр. Мәселен:

мал – жарты	*малдан – жартыдан*
малдың – жартының	*малдай – жартыдай*
малды – жартыны	*малда – жартыда*

Дауысты дыбыстардан дауыссыз дыбыстар көп. Қағида азына қарап емес, көбіне қарап жасаларға керек. Қазақша дауыссыз дыбыстан соң бәрінде «д» кіріп тұр; дауысты дыбыстан соң екі ақ жерде «н» кіріп тұр, үш орында «д» кіріп тұр. Қағиданы аздан шығармай, көбінен шығаратын болсақ, дауысты дыбыстан дауыссыз дыбыстар көп; «н» келетін орыннан «д» келетін орын көп. Қалайша қазақ тіліндегі «-дың», «-ды» дұрыс емес, «-ның», «-ны» дұрыс деп айтамыз.

Онан әрі: «-нан» дұрыс емес, «-ндан» дұрыс деген – о да даулы сөз, табиғатқа салғанда екеуі де дұрыс, жолға салғанда екеуі де дұрыс емес, мәселен:

жол бойынша боларға керек	табиғат қалауынша
атасыға	*атасына*
атыға	*атына*
қолыға	*қолына*

Сондай-ақ қазақтың «-нан» етіп айтуы табиғат қалауынша.

жол бойынша:
атасы – атасындан
аты – атындан
қолы – қолындан

қазақтың табиғат тартуынша:
атасы – атасынан
аты – атынан
қолы – қолынан

деп айтылады. Табиғатына қарамай, жолға түсіру керек болса: «атасына» демей, «атасыға» деп жазу керек, «атасынан» демей, «атасындан» деп жазу керек. «Атасыға» деп жазған татарларды көрмеген соң, біз де «атасынан» деп жазып жүрміз.

Бұлардан басқа қисық көрінетін: «ма», «ме» орнына «ба», «бе» жазғанымыз; «ш» орнына «с» жазғанымыз. Бұларды қазақ айтады: солай айтылатын болған соң солай һәм дейміз. Османылар «бін» дейді, біз «мен» дейміз, османылар «уар» дейді, біз «бар» дейміз; османылар «дағ» дейді, біз «тау» дейміз. Осы сөздердің қайсысы дұрыс? Османыларға сендердің «бін», «уар»,

«даг» дегендердің дұрыс емес, «мен», «бар», «тау» деп жазу керек дегеніміз жөн бе? Сол сықылды *ба, бе* дұрыс емес, *ма, ме* дұрыс деп айтудың жөні жоқ. Солай: *ма, ме*, йәки *ш* жазса да түсінер; ол бірақ қазақша болмас. Татарлар неге: – «атасыға», «атасыдан», «атасыдай» деп жазбай, – «атасына», «атасындан», «атасындай» деп жазады? *Атасыға – атасыдан – атасыдай* деп жазса, түсінбес бе? Әрине, түсінеді, бірақ олай жазбайды. Олай жазса татарша болмайды. Қазақ та солай: **-ның, -ны, -ндан, -лар, -лық, -лы** орынсыз жерлерде келсе, ол сөз қазақша болмайды; шөнке тілдің өзі табиғаты тартуынша әрқайсысын өз орнына қойған. Тілдің өзінің қойған орнынан басқа орынға қойсақ, онда ол қойғанымыз ол тілше болмайды. Ол тілше болмаған соң, оның түбі ол тілді бұзу – өзгерту болады. Қазақ тілін өзгертіп, татар тіліне қосу болса, онда солай деп ашып айтарға керек. Емлесін хата десек, тастап бізге келер деген ой – хата: ол жақсы мен жаманды, қисық пен түзуді айырарлық қазақта көз жоқ деген болады. Егер де Ғаспринскидің сөзін тірілтеміз десек, ұлұғ іс үшін ұсақ намысты қойып, түріктің тұнық тілін, түзу емлесін алу керек. Сол екеуі де қазақтан табылады. Азбаған асыл тілден емле шығарып, соған қарап басқа емлелерді түзету керек.

Ақтығында айтатыным: бұл күнде жазылып жатқан кітаптарда, газеттерде, журналдарда қазақ тілінде болсын, татар тілінде болсын анықталған қағидалы емле жоқ. Қағида жоқ болған соң қисық, түзу емле деп айтуға да жол жоқ. Тұтынып жүрген емлеміз сап түзеген солдаттардай болғанша мұндай сөзді қозғау түзелуімізге себеп болады. Сондықтан бұл сөзді қозғаған Хасан Ғалы әфендіге алғыс айтамыз.

«Қырық мысал», «Маса» турасында айтатыным: олар халық үшін жазылған нәрсе, халық айтуынша жазылған. Өз тіліміздан шығарып емле түзегенше, халықтың айту ауанынан шықпаймыз. Басқаларда дайар емле бар ғой, соны алайық деп, қисық емле менен тілімізді қисайтпаймыз. Тілдің ауанына қарамай, харіфтің, емленің ауанына бұрып тілдің көркін бұзған, әдеби тіл мен жазамыз деп, жат тіл мен жазып, өз тілінен айырылған

басқа түріктердің ізіне түсіп, тілімізді аздырғанымызды мақұл көрмейміз. «Уақыт» пен «Шора»-ны оқығанда, қолымызға лұғат кітабын алып отырып оқимыз. Ойлаймын, ғарабша оқымағандардың бәрі де солай оқитын шығар деп. – «Уақыт» йә – «Шорада» – бастан айағына шейін арабша сөз аз ба? Соларды лұғаттан іздеп отырып оқығанда бастан айақ оқып шығуға қанша уақыт керек. Егер де нағыз түркі тілі мен жазылса, ғарабша оқымаған адамдарға да лұғатсыз оқуға болар еді; оқығанда уақыты да көп кетпес еді.

Біздің қазақтың ісі жаңа басталып келеді. Не болары белгісіз. Қазақ йә құрып жоқ болар, йә өз тілі мен де өзгелердей тіршілік етер. 20-ншы ғасырға шейін түріктің тілін аздырмай асыл қалпында алып келген, тіл турасындағы абырой мен алғыс қазаққа тиісті. Атаның аздырмай берген мүлкін, қолымызға алып быт-шытын шығарсақ, ол ұнамды іс болмас.

«Қазақ» ғазетасының бас мухаррары:
Ахмет Байтұрсын ұлы

«Қазақша сөз жазушылар диқатына» сөз жазушыға.
«Шора» журналы. 1913 жыл №4 саны

ОҚЫУ ЖАЙЫ

Бұл күнде оқыудың керек екеніне ешкімнің таласы жоқ. Қай жұрт болса да оқыумен ілгері басып тұрғандығын, кейін қалыудың себебі оқыудың кемдігінен екенінен көріп тұрамыз. Оқыусыз халық қанша бай болса да, біраз жылдардан кейін оның байлығы өнерлі халықтардың қолына көшпекші. Мұның себебі, ойлап қараса, біздің қазаққа мағлұмсыз емес. Бұл заманда не нәрсе машыйнаға айналды. Қазақ быйыл 5 теңгеге сатқан нәрсесін келер жылы өзі 10 теңгеге қайта сатып алады. 10-11 сомға алып отырған былғары былтырғы 4-5 сомға өзі сатқан терісі. Кезі 5-6 сомдық шұғалар, торқалар қазақтың бір пұтына 3-4 сом алып, сатқан малының жүні.

Қазақтың осы күні сатып алмайтын нәрсесі жоқ, сол алған нәрселерінің бірін де қазақ өзі істеген емес. Қазақ пайдаланып отырған шөп шабатын, кійім тігетін машыйналар, соқа-сайман, арба-шана, кійім-кешек, ыдыс-айақ бәрі де завод, фабрикаларда істеліп шыққан. Бұл істеліп шыққан нәрселердің сүйегінен іс ақысы он есе қымбат. Бұлай болғанда, қазақ басқа жұрттың өнерін қымбатқа сатып алып отыр. Мұнан 20-25 жыл бұрын қазақ Бұхар, Ташкентке түйемен кіре салып қанша пайда қылыушы еді. Темір жол түскен соң ол пайда да қазақ қолынан кетті. Басқа жұрттарда өздерінің істеген нәрселері өз ішінде сатылып, жұмсаған ақша өз елдерінде қалып, шетке кетпейтін болса, оны жұртқа шығын деп есептемейді, тек бірінен біріне ауысқанға санайды. Қазақ малының басқаларға кетпейтін орны жоқ. Жоғарыда айтылған шарыуа тұуралы болсын, партыйаға мүбталла болсын, бәрінде де қазақтың байлығы осы көлденеңге, көк аттыларға түсіп, соларға жем болады.

Қазақтың шарыуасына бір жақтан надандығынан кемшілік келгенде, екінші жағынан білімсіздігін көріп тұрғандар басынып, елдіктен, теңдіктен қалдырып, тійісті сыбағасына қыйанат етіп тұрғаны санасы бар қазаққа ескерерлік іс еді. Бұл заманда қолы жетпегендерді теңдікке жеткізетін, әлсіздерге күш беретін өнер-білім, сол өнер-білімге мезгілі өтпей тұрғанда үйренсек

тұрмысымызды түзетіп, басқалардың айақ астында жаншылмас едік, біз де өз алдымызға бір жұрт екендігімізді білдірер едік.

Осы замандағы жан таңырқарлық нәрсенің бәрі ғылыммен табылған. Адам баласын көкте құстай ұшқызған, сұуда балықтай жүздірген ғылым. Дүнійаның бір шеті мен бір шетіне шапшаң хабар алғызып тұрған ғылым, от арба, от кемелерді жүргізген ғылым. Осыларды істеп отырған жұрттың бәрі де сондай болмаған. Бұлар да басында біздей, қатта бізден де өнерсіз болған. Халық жүре, оқый, талаптана келе осыншаға жеткен. Әуелгі заманда жұрт шаһар дегенді білмейді екен, далада аңша өсіп-өніп жүріпті, араларында «менікі-сенікі» болмапты, аңның терісін кійім, етін тамақ, тарамысын жіп, сүйегін ійне қылды, екі ағашты біріне бірін үйкеп от шығарды. Жазыу-сызыуды көпке шейін білмеді, соңынан оны да ойлап тауып, басында аңның терісіне жазып жүріпті. Сүйткен жұрттар осы күні қандай тамаша іс қылып тұр!

Енді біздің қазақта оқыудың көп-азын мөлшерлеу үшін мынау есепті көрсетеміз. Әр жердегі қазақтың өнер-білімі қаралас, сол себепті бір облыс, йәкій бір уез елдегі оқыудың таралыуын көрсетсек, күллі қазақтағы оқыуды шамалауға болады.

Торғай облысында 1912-нші жыл бірінші ғыйныуарға шейін 570 мың 109 қазақ тұрған, қазақ баласы оқыйтын 132 школ болған*. Бұлай болғанда, әр бір 3 мың 561 кісіге бір школдан ғана келеді екен.

Қостанай уезінде 1909-ыншы жылғы есеп** бойынша 60 мың 594 еркек, 52 мың 63 әйел – барлығы 112 мың 657 қазақ болған. Бұлардан қазақша оқыған (хат таныйтын) еркек 6 мың 65, орысша хат таныйтын 690. Қазақша хат таныйтын әйел 379, орысша хат таныйтын әйел 29. Бұл есептен көрінеді: Қостанай уезінде қазақша хат таныйтын еркек әр бір жүз кісіден алтау, орысша

* Справочная книга Тургайской обл. на 1912 год.

** Материалы по киргиз. землепользов. собр. статист. Пар. Тург-ур. перес. района Куст. у. - Стр. 412-413.

хат таныйтын әр бір мың кісіден алтау. Қазақша хат таныйтын әйел әр бір үш жүз кісіден біреу, орысша хат таныйтын әр бір төрт мыңнан біреу екен. Бұл сифрлар қазақта оқыудың тіпті аздығын көрсетеді. Қостанай қазағынан кейбір жерлердің қазақтары кем оқыйды.

Қазақта орысша болсын, қазақша болсын оқыу ісі жақсы тәртіпке қойылмаған. Қостанай уезіндегі 132 школдың 109-ы ауылнай школ. Қай жерде болса да қазақ үшін ашылған школдардың көбі ауылнай школ. Сонда оқыған балалар ілгері школдарға келіп оқымаса, тіршілікке пайдалы білім алып шыға алмайды. Азғантай үйренген орысша жазыу-сызыуынан қарайып, тілін тіпті ұмытып қалады. Қазақ баласы тәуірірек оқырлық школдарда қазыналық орын аз, өз күшімен оқытыуға әркімнің шамасы келе бермейді. Екі класты школдар әр уезде бір-екеуден, оларға 30-дан артық қазақ баласын алмайды. Орта һәм жоғарғы школдарда қазыналық орын бұл кезде жоқтың қасында. Әр облыстың қазақтары үшін өнійверістет, институттерден 2-3-тен артық орын жоқ. Бұрынғы ашылған орындар әр түрлі сылтаумен кеміген. Сүйтіп, тәуірірек оқыйтын орындардың қазақ үшін есігі бекіп, жолы жабылған.

Қазақша оқыу әлі бір белгілі тәртіпке келіп жеткен жоқ, кемшілігі есепсіз көп. Қазақша оқыу кітаптары жаңа ғана көрініп келеді, тәртіппен оқытарлық мұғалімдері аз, оқыу програмы жоқ, белгілі оқыу жылы жоқ, салған мектептер жоқ, мұғалімдерге арналған айлық ақы жоқ, қазақша оқыуды аймаққа бірдей жеткілікті етерлік жасалған өрнек жоқ, оқытыу ғылымын үйрететін дарыймұғаллыймыйн жоқ.

Орысша һәм қазақша оқыудың екеуінен де керегінше пайдаланыу үшін, қазақ әуелі әр нәрсенің асылына түсініп іс етерге керек. Хүкімет қазаққа қазақша мектеп салып бермейді, қазақтың қазақша оқыуын тіпті тілемейді. Сондықтан мектептеріміздi тәртіпке қою, қазақша оқыуды халыққа таратыу өз міндетіміз.

Жалпақ жұрттың қолы орысша оқыуға түгел жетсін, оқымаған жан қалмасын, орта һәм жоғарғы школдардан көбірек

оқылсын десек, қазақтан қазынаға деп жыйылған ақшалардың нендей орынға, оның ішінде оқыу жолына қанша жұмсалатынын, хүкіметтің осы күні қазақты оқытыуға жұмсап отырғаны бізден жыйылып тұрған ақшадан артық па, кем бе соны біліу керек. Егер кем болса, кінәні хүкіметке аудармай, кемін толтырыу керек. Ақшаны артық төлеп, пайдасын кем көретін болсақ, лайықты жолымен есептесіп, школдарды көбейттіріп һәм жоғарғы школдардан молырақ орын аштырыу тійіс.

Қазақ халқында бұл күндегі орысша һәм қазақша оқыу жайы осы. Мұнан былай оқыу һәм оқытыу мәселесі «Қазақ»-та түгел жазылып тұрмақшы.

Оқу жайы. «Қазақ» газеті
1913 жыл. №11 саны

ОРЫСША ОҚЫУШЫЛАР

5-інші августа Орынбордағы киргизский үшійтілский ышқолаға кіремін деп келген талапкерлерге ымтыйхан болды. Кіріуге келген 80 кісі еді, оның жартысы қазақ, жартысы орыс балалары. Жаңадан аларлық қақына һәм істипендия орны алтау-ақ екен. Келген 80 кісінің алтауынан басқалары ауқаты көтерсе өз жанынан оқымақшы. Өз жанынан оқыйтындар пәтерде тұрып, сонан келіп оқып жүреді, йә жылына 150 сом төлеп, ышқоладан тамақ ішіп, кійім кійіп, сонда жатып оқыуға да болады. Бай адамдарға жылына 150 сом көп ақша емес, кедейлерге күшінен келмейтін көп ақша. Солай болған соң дұрысы былай істемек еді: бай балалары өз жанынан оқып, жарлы балаларына қазына орнын беріу еді. Оны істейтін біздің Торғай мен Орал облысында байлар жоқ. Қазына орнына бай балалары жарлы балаларымен таласа кіреді. Қазақ байларының қалыбын істемей тұрған Мамановтар көрінеді. Медреседе оқып жүрген балалардан зерек-зерек балаларды таңдап алып, жылына 300 сом ақша расход кесіп, орысша, мұсылманша болсын оқыу оқып қайтыуға жібереді екен. Сондай жіберген баланың бірі быйыл киргизский үшійтілский ышқолаға кірді. Бұрын «Медресе Ғалыйада» оқып, былтырдан берлі орысша мұғалімдік ғылымын біліу нійетпен үшійтілский ышқола йә симинарыйаға кіріу үшін орысша оқыған екен. Талапкерлерге керекті ақшасын беріп, оқыуға жіберіп жүрген байлар да, олардың ақшаларын адалдап орнына жұмсап жүрген бала да жарайды. Бір жыл орысша оқып, бірден соңғы болып ышқолаға ымтыйхан беріп кірді.

Жоғарыда айтылған алты бос орынның үшеуі қазаққа, үшеуі орысқа екен. Маманов талапкер қазынадан тійісті орнын ымтыйханнан 5-інші болып келген бір жарлы баласына беріп, өзі Мамановтардан алатын ақшасының 150 сомын төлеп, ышқолада жатып оқыйтын болды. Сүйтіп, быйыл қазақтан келген қырық баланың төртеуі-ақ кірді, басқалары өз күшімен оқыуға ауқаты жоқ болған соң, қазына орыны жетпеген соң еліне қайтты. Жылда үшійтілский ышқолаға 40-50 бала келеді,

төртеу-бесеуі, йағный оннан бірі кіріп, басқалары оқыуға орын таба алмай, еліне қайтады. Бұлар городской, губернский класты, сельский ышқола бітіргендер. Олар барып оқырлық орындар шамалы; үшійтилский ышқола, симинариа, адам фельдшері йә мал фельдшерінің ышқолалары. Торғай мен Орал облысында фельдшерлік ышқолалар жоқ. Симинариаларда қазақ стипендийасы йә тіпті жоқ, йә бар болса аз, жоқ есебінде. Киргизский үшійтілский ышқолада қазына орны 60, оның жартысы қазаққа, жартысы орысқа деп, ол жағынан да үлкен ауыл үлкендігін қылатын көрінеді. Торғай мен Орал облысының қазағы дендеп, көбірек оқыйтын орны киргизский ышқола, бұған кіре алмай қайтқаны оқый алмай қалғаны. Бұлардың 5-6 жыл оқып білгені шала-шарпы орыс тілі, шала-шарпы орыс жазыуы. Білгендері шала-шарпы мұсылманша хат біледі, білмегендерінде ол да жоқ. Переводчик, хатшылық орын-морын табылса жарады, табылмаса елде тұрып тіл де, жазыу да ұмытылып, оқымаған қалпына түседі. Сана-саңылау түскендей йә мұсылманша, йә орысша жете оқыған жоқ: «аз білімін көпсініп, көп қазаққа епсініп», переводчик йә хатшы болса, пысықсып тікектейтіндер осылардан шығады.

Жоғары һәм орта оқыулыларымыз аз болса да, шолақ оқыулыларымыз тәуір бар. Ең аз болса һәр облыстан шолақ оқыумен қалатын қазақ баласы 50-60 болады. Бұлардың қызметке кіргендері қазаққа епсініумен болады, үйінде тұрғанының оқығанынан жұрнақ қалмайды.

«Асыл тастан, өнер жастан» деуші еді, шырақ ұстап, жұрт алдына түсіп, түзіу жолға бастайтын адамдар шығар деп, үміт ететін жастарымыздың жайы осы. Орысша оқығандарымыздан пайда жоқ деп, қазақ өкпелейді. Сондағы оқығандарымыз дейтіні шолақ оқыулылар болса, оларға өкпе жүрер ме? Егер де оқығандарымыз деп жоғары йә орта оқыулыларды айтса, олар тіпті аз-ақ есепте емес пе? Ұлт жұмысы үлкен жұмыс, үлкен жұмысқа көп жұмысшы керек. Үлкен үй салыуға да қанша жұмысшы керек, жеті облыс қазақтың жұмысы үй жұмысынан ұлұғырақ

емес пе? Жұмысшы аз болса, жұмыстың өнімі де аз, көп болса, өнімі де көп болмақшы. Егер де оқыу іздеген талапкерлеріміздің қырықтан төртеуі ғана оқырлық орын тауып, басқалары қаңғырып далада қалып отырса, жұрт жұмысшысы көбейіп мандыр ма, жұмысшы көбеймесе, жұрт жұмысы ілгері басып өнер ме? Алты милион қазаққа алты ат жегіп, тарта алмады деп өкпелеу жөн бе? Бұ да сол сыйақты емес пе?

Сол қаңғырып қалып тұрған балалар ұлттың ұлы емес пе? Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын. Бала деп бағып оқытып, адам қылғаннан кейін жұртым деп танымаса, сонда өкпелеу жөн ғой. Аталық міндетін атқарып отырған жұрт жоқ, жұртқа борыштымын деп жүрген қазақ баласы жоқ. Баққан қазына, қазынаға борыштымыз деп жүр. Жастарды оқытыу расходынан қашып, қазынаға борышты қылып қойса, жастарда не жазық бар? Баланы ұлша тәрбійелесең ұл болмақшы. Құлша тәрбійелесең құл болмақшы. Айып балада ма? Егер де осы күнгі орысша, мұсұлманша оқығандардың арасында жұртым дегендер шығып жатса, жұрттың өткізген борышын төлеу үшін емес, адамшылық борышын басынан атқарыу үшін. Мойындағы борышты біліу білім ісі, борышты төлеу адамшылық ісі. Білім мен адамшылық екі басқа нәрсе, бірақ борышын біліушілер көбейсе, төлеушілер де көбеюі ықтыймал.

Жоғарыдағы айтылған сөздердің ақтығы мынау: әуелі, қазақ, жұртшылық етіп оқыймын деген жастарыңды бүйтіп қаңғыртып қоймас үшін, қам қылыңдар! Ол үшін һәр жердегі оқыйтын орындарда көбірек істипендия ашыу керек, оны ашыу қыйын да емес, қымбат та емес. Баланы оқытыу ата-анасына ауыр болғанмен, жұртқа жеңіл. Екінші, істипендияларды түрлі школдарда ашыу керек. Қандай школдарда, қанша стипендия ашыу һәм қалай ашыу жайын тағы да жазармыз.

Орысша оқушылар. «Қазақ» газеті
1913 жыл 15 тамыз №26 саны

ҚАЗАҚША ОҚЫУ ЖАЙЫНАН

Қазақ ішінде әр жерде бала оқытатын адамдардан бала оқытыуға прагырамма (жосық) көрсетілсе екен деген өтініштер келеді. Бұл күнде қазақ арасындағы оқыу жосықсыз һәм жосық жасауға болмайды да. Үйткені қазақтың бастауыш мектебінде оқыйтын кітаптар белгіленбек түгіл, әлі шыққан да жоқ. Жаңа ғана алифба шыға бастады: оның да қайсысы оқылары белгіленген жоқ. Алифбадан әрі оқытатын кітаптар әлі шыққан да жоқ. Дін жайынан оқытатын, есеп оқытатын, жағрафиа һәм тарихтан қысқалап хабар беретін кітаптар әлі жоқ. Сондықтан праграмма деген сөз әзір ертерек. Әуелі біз бала оқытатын кітаптарымызды түзеп, сайлап алып, сонан соң неден бастап, неге шейін оқытатынымызға жосық белгілеуге дұрыс.

Бұл сөзді қойа тұрып, мұнан бұрынырақ ескертетін бір жұмыс бар. Ол мынау: бір нәрсені істегенде сол істі істей білетін адам істесе шапшаң да, жақсы да істейді. Бұл жалғыз қол ісі емес, мый ісінде де солай. Мал бағатындар мал бағыуын жақсы білерге керек, ел бағатындар ел бағыуын жақсы біліуге керек. Бала оқытатындар бала оқытыуын жақсы білерге керек. Бала оқытыуын жақсы білейін деген адам әуелі балаларға үйрететін нәрселерін өзі жақсы білерге керек, екінші, баланың табыйғатын біліп, көңіл сарайын таныйтын адам боларға керек. Оны біліуге баланың тұуғаннан бастап, өсіп жеткенше тәнімен қатар ақылы қалай кіретін жолын білерге керек. Баланың ісіне, түсіне қарап, ішкі халынан хабар аларлық болыу керек. Ол үшін бала тұурасындағы педагогика ғылымын біліу керек. Бұл күнгі ғылымды жұрттарда бала оқытыу жұмысы бала оқытыу ғылымын оқып шыққан адамдардың қолында. Сол ақылға да дұрыс. Содиа содиалық ғылымды оқығаннан болғанда, доктор докторлық ғылым оқығаннан болғанда, мұғалым мұғалымдық ғылымын оқып шыққан адамдардан болыуы тійісті.

Біз болысымыз, басқа жұрттың болысындай, елді бағалмайтын мінін айтып жатырмыз, бійлерімізде – содиадай әділдік жоқ, мінін айтып жатырмыз, дәрігерлеріміз, бақсыларымыз

доктордай аурыуды емдей алмайтын мінін айтып жатырмыз – халқымыздың басқа жұрттай білімді емес, надандық мінін де айтып жатырмыз; бұлардың мінін айтқанда бала оқытыуымызда қандай мін барын да айтып, әуелі біз елді түзеуді бала оқытыу ісін түзеуден бастау керек. Неге десек: болыстық та, бійлік те, халық та – оқыу мен түзеледі. Қазақ ісіндегі неше түрлі кемшіліктің көбі түзелгенде оқыу мен түзеледі. Бұл күндегі үлкендердің көбі біздің жаңалық ісімізді жатырқап, жаңалық фікірімізді түсінбей, айтқанымызды тыңдамай, істегенімізге қосылмай отыр. Олар өтіп, кейінгі жастарымыздың да заманы жетер. Жаңалыққа жастар мойнын бұрып қайырылар, халық түзеліуінің үміті жастарда. Сондықтан жастардың қалай оқып, қалай тәрбійеленіуі бәрінен бұрын ескеріп, бәрінен жоғары қойылатын жұмыс.

Қазақтың оқыу жұмысы бұл күнде ышқолда: қазақ балаларының бір парасы орысша оқып жүр, бір парасы ескі молдалардан оқып жүр, бір парасы соңғы замандарда ғана жаңа жолмен оқый бастады. Орысша оқығандарды оқытыу һәм тәрбійелеу ғылымы оқыған адамдардың қолында. Орысша оқыу орыс қолтығында тұрған жұртқа керек, керек болғанда қазақша оқыған-ның үстіне керек. Қазақша оқый, жаза білген соң, шама келсе орысша да біліу қажет.

Ескі жолдың оқыуын сөз қылып, қозғамаймын. Бүгін бар, ертең жоқ болатын нәрсе. Дүнійа тегеріші кейін айналмайды. Ескі мен жаңаның оқытыуға шыдамдылығы бірдей емес. Ескі әлі-ақ тозып, жыртылып, пара-пара болып тұтыныудан шығады.

Жаңа жолдың оқыуы жаңа оқып шыққан жас мұғалімдердің қолында. Бұлардың күштері тың, білімдері соны, фікірлері жаңа. Ниеті жұртына қызмет етіу. Бұлар білгенін, тапқан-тайанғанын жұртынан айап қалатын емес. Қазақтың бастауыш мектебіндегі жұмысын қолдарына алыуға лайық адамдар. Әр жайдан хабардар, дүнійада не істеліп, не қалыпта тұрғанынан бұлардың мағлұматы мол. Қысқасы, қазақ арасына білім нұрын жайыуға нағыз қолайлы адамдар.

Бұлардың бір кемшілігі сол: бала оқытыу ғылымын оқығандары ішінде кем болады. Сондықтан көбіне бала оқытыуында кемшіліктері қазақ мұғалімдері түгіл, ноғай мұғалімдерінің көбі дыбыс айырыу жағына шорқақ көрінеді. Дыбысты жақсы білмей, усул сотие жолымен жақсылап бала оқытыуға болмайды. Менің көрген медресе «Ғалыйа», медресе «Хұсайниадан» шыққандардың азы болмаса, көбі қазақ тілінде қанша hәм қандай дыбыстар бар екенін жақсы білмейді, көбі қазақ тіліндегі дыбысты араб хәрфіне қарап есептейді. Араб хәрфі дұрыс келмейтін дыбыс қазақ тілінде де бар болса да, жоққа санайды. Қазақ тіліндегі дыбысты жақсылап білмей, қазақ балаларын усул сотие жолымен жақсылап оқытыуға болмайды.

Екінші кемшілігі – қазақ мұғалімдері де, қазақ ішінде бала оқытатын ноғай мұғалімдері де оқыуды дыбыспен жаттықтырыудан бастамайтын көрінеді. Ол дыбыспен жаттықтырыудың оқыуды, жазыуды жеңілдетіуге пайдасы көп екенін йә білмегендік, йә білсе де істеп көрмегендік. Дыбыспен балаларды жаттықтырыу – оқыу мен жазыу үйретіудің негізі. Істің басы түзіу бастасса, барысы да түзіу болмақшы.

Осы айтылған кемшіліктерін түзеу мұғалімдерге қыйын емес. Қазақ тіліндегі дыбысты қазақ сөздерінің ішіндегі дыбыстарды айырып байқаумен біліуге болады. Дыбыспен жаттықтырыуды олай оқыта білетін адамдардың оқытқанда істеген ісінен көріп үйреніуге болады йә білетін адамдардан 10-15 күн сабақ алып үйреніуге болады.

Бұлардың бәрі де балаларды қыйнамай оңай оқытыуға керек нәрселер. Қыйналмай оқыса, оқыуға балалар қызықпақшы, балалары тез хат білсе, ата-аналары балаларын оқытыуға ықыластанбақшы. Ата-анасы баласын оқытыуға ықыластанса, оның оқыуына керек расходты шығынсынбас еді. Сүйтіп, мұғалім жақсы оқыта білгені қазақ ішіндегі оқыушыларды көбейтіп, оқыу ісінің шапшаңырақ ілгері басыуына күш берер еді.

Қазақша оқу жайынан. «Қазақ» газеті
1913 жыл 16 мамыр №14 саны

ОТЗЫВ БАЙТУРСУНОВА О РУКОПИСИ РУКОВОДСТВА К ПРЕПОДАВАНИЮ КАЗАКСКОГО ЯЗЫКА РУССКИМ, СОСТАВЛЕННОГО Т. КОСИВЦОВЫМ

Руководство состоит из трех частей: 1) букваря; 2) практических уроков и 3) краткого словаря с краткими по фонетических и грамматических особенностей каз. языка.

Букварь состоит из 12 уроков, расчитанные на бессознательное чтение слов и фраз.

В части практических уроков заключается 45 конспектов, из них приблизительно половина представляет собою практические уроки, содержание которых составляет материал, взятый из непосредственно окружающей ученика среды (школа и деревня).

Краткий словарь является ключом к практическим урокам. По краткости времени для ознокомления с данным трудом, я не мог входить в подробный разбор его, а при беглом просмотре мною замечены следующие недостатки:

1) Я не согласен с тем, что учащиеся должны только довольствоваться лишь слиянием букв, не зная, что у него получилось слова или набор пустых звуков.

2) Казакский алфавит без всякой надобности представлен в трех начертаниях, должно показать в одном или в крайнем случае в двух.

3) В практических разговорных уроках делаются частые скачки от одного предмета к другому, придающие подобранным материалам как бы случайный характер, безсистемность. Благодаря этому преподаватель будет лишен возможности пользоваться в приведенных в названных уроках материалы, и придется им самим подбирать материалы на каждый урок;

4) В части фонетической и грамматической следовало избегать одновременного ознокомления с 3 и 9, одновременного ознокомления с коллективной притяжательной и вежливой спрягательной формами. Так как произношение некоторых звуков, резко отличающихся от произношения русских звуков,

трудно удается русским, то материалов для упражнения подобных звуков в букварной части нахожу недостаточным.

5) Встречаются часто исправленные обороты и местные наречия, которых следовало бы по возможности избегать, так как учебник пишется для большинства, а не для меньшинства.

Сюда же относятся неправильное употребление глагольной формы.... вместо.....

6) В рукописи частенько страдает и орфография.

По устранении указанных недостатков внесением соответствующих изменений, труд может служить пособием для преподавания каз. языка русским в (27/VIII - 27 г) курсе.

При крайней нужде в учебниках казакского языка для русских данный труд может служить пособием и в настоящем виде.



ОТЗЫВ БАЙТУРСУНОВА О РУКОПИСИ РУКОВОДСТВА К ПРЕПОДАВАНИЮ КАЗАКСКОГО ЯЗЫКА РУССКИМ, СОСТАВЛЕННОГО Т. КОСИВЦОВЫМ.

Руководство состоит из трех частей: 1/ букваря, 2/ практических уроков и 3/ краткого словаря с краткими по фонетических и грамматических особенностей каз.языка.

Букварь состоит из 12 уроков, рассчитанные на бессознательное чтение слов и фраз.

В части практических уроков заключается 40 конспектов, из них преобладательно половина представляет собой практические разговорные уроки, содержание которых составляет материал, взятый из непосредственно окружающей ученика среды / школа и деревня/.

Краткий словарь является ключем к практическим урокам.

Из краткости времени для ознакомления с данным трудом,я не мог входить в подробный разбор его, а при беглом просмотре мною замечены следующие недостатки:

1/ Я несогласен с тем, что учащиеся должны только довольствоваться лишь сложением букв, не зная что у него получилось слова или набор пустых звуков.

2/ Казакский алфавит без всякой надобности представлен в трех начертениях должно показать в одном или, в крайнем случае в двух.

3/ В практических разговорных уроках делаются частые скачки от одного предмета к другому, придающие подобранным материалам как бы случайный характер, бессистемность. Благодаря этому преподаватель будет лишен возможности пользоваться в приведенным в названных уроках материалом, и придется им самим подбирать материалы на каждый урок.

4/ В части фонетической и грамматической следовало избегать одновременного ознакомления с 3 и 9, одновременного ознакомления с коллективной притяжательной и лежащей отрицательной формами. Так как произношение некоторых звуков, резко отличающихся от произношения русских звуков, трудно уловить русским, то материалов для упражнения подобных звуков в буквенной части весьма недостаточным.

5/ встречаются часто неправильные обороты и несвязные не-

Отзыв Байтурсунова о рукописи руководства к преподаванию казакского языка русским, составленного т. Косивцовым.
ҚР Орталық Мемлекеттік архиві: 81-қор, 1-тізімдеме, 1314-іс.

Утверждаю Коллегией НКП
прот. №6 от 29.12.1927г.

ЗАКЛЮЧЕНИЕ
О ходатайстве Джетысуйского ГИКа о переименовании г. Алма-Ата в «Алматы и уезд «Алматинским»

Все соображения, приложенные в объяснительной записке Председателя Джетысуйского ГИКа тов. Алибекова, заслуживают внимания. Его ссылки на мнение акад. Бартольда, одного из авторитетнейших тюркологов, и другие исторические и бытовые справки имеют под собою полное основание. К мнению Джетысуйского ГИКа можно добавить следующее: образование имени прилагательного из имени существительного через прибавление к окончанию последнего твердой частички «ты» вместо современной «лы», «ды» свойственно тюркским языкам, в частности казакскому. При окончании «ты» в казакском языке является более древним, чем другие формы этого рода. Оно «ты» означает обилие или присутствие чего-нибудь, главным образом воды и растительности, животных и предметов потребления. Поэтому окончание «ты» чаще всего встречается в древних названиях урочищ. Примерами чего могут служит названия совр. урочищ и рек: *Чыдер-ты* (вместо современного *Чидер-лы*), *Өлеңті* (вместо современного *Өлең-ды*), *Калдыгай-ты* (вместо современного *Калдыгай-лы*), *Бұлдыр-ты* (вместо *Бұлдыр-лы*), *Мойын-ты* (вместо *Мойын-ды*) и т.д.

Подобные окончания урочищ сохранились во всех губерниях Казакстана, они особенно часто встречаются в Джетысуйской губернии, например, *Тобылгы-ты, Бугыты* (название урочищ в Жаркентском уезде); *Соге-ты* (в Алма-Атинском уезде); *Ырғай-ты* и *Раут-ты* (в Талды-Курганском уезде).

Помимо название урочищ это окончание сохранилось доныне в казакском языке после звуков **п, б, т, к, ш, с.** Примеры: *шашты* – волосатый, *бас-ты* – головастый, *шөб-ті* – многотравный и т.д. Таким образом, лингвистические данные и образования

названий урочищ в крае говорят о закономерности и необходимости словообразования *Алма-ты* – яблочный или обильный яблоками.

Алма-Ата является неправильным словообразованиями с точки зрения современного правописания каз. слов,. создает неудобство при письме, так как по современному казакскому правописанию слово *Алма-Ата* должно писаться слитно, а в одном слове два гласных звука рядом не встречаются. Кроме того раздельное письмо *Алма-Ата* имеет неудобство при телеграфных отношениях.

Поэтому считаем целесообразным переименование *Алма-Ата* в *Алматы* и уезда в *Алматинский.*

Члены научного и научно-методического совета
Байтурсынов, Шонанов 29.12.1927 года г. Кзыл-Орда



Заключение. ҚР Орталық Мемлекеттік архиві:
81-қор, 1-тізімдеме, 1313-іс

БЕС МЫҢ ДЕСЯТИНА ЖЕР

Россияда құрт ауруға қарсы қару ететін жәмиғат (общество) бар. Құрт ауруына дала қымызымен емдеу үшін қазақ жерінен қымызхана ашпақшы болған. Қымызханаға керек 5 мың десятина жерді хүкімет тарапынан сұрап алмақшы болған. Бұ алатын жері Біршөгір станциясының қасындағы Ырғыз үйезінің Шенгел болысының қарамағындағы қазақтар пайдасындағы жер. Өткен жаз землемер шығып, жерді өлшеп, бораздасын тартып алуға әбден даярлап қойса керек. Бұл бес мың десятина жерде 13 үйдің қыстауы бар, басқа қазақтардың жайлауы бар. Ол қазақтар жерін алғанына ырза ма, жоқ па, беймағлұм. Бұл жер мұжықтарға алынған сықылды зорлықпен алынып жатқан шығар. Қазақтың жерін басқалар талап алып жатыр деп біздің де талау жолымен алғанымыз лайықсыз. Басқалардан қазақтың жері жылдан жылға тарылып жатқанда "біз де бір жағынан жырмалап жер аламыз дегеніміз жарамайды" деп – жамағаттың кей ағзалары қазақ жерін алуды мақұл көрмеген. Бұл мақұл көрмеген жағы Мәскеудегі жәмиғаттың бас советіне қазақ жерін алу лайық еместігін білдірген. Жерді алу-алмасы талас болған соң, қай жағының сөзі дұрыс екендігін ашу үшін Мәскеудегі бас совет тарапынан Орынборға бір адам келген. Осы марттың алтысында Орынбордағы ағзалардың жиылысы болды. Ішінде Мәскеуден келген адам да болды. Осы жер туралы сөз болатын болған соң, мен де барып едім. 5 мың десятинаны алу-алмасы турасында көп сөздер сөйленді. Біреулері: "Бұл жерді алу керек: мұнан қазаққа пайда болмаса, зарар жоқ" деді. Біреулер: "Алмасқа керек, қазақтың іске асатын жақсы жерлерін мұжыққа беріп құртып жатыр, оның үстіне біз сықылды жәмиғаттар келіп тағы алса, қазаққа не қалады?» дейді. Ақырында көптің пікірі жерді алуға айналды. Мәскеуден келген адам бұлардың сөзін тыңдап болып айтты: «Сіздердің пікірлеріңізді естіп болдым, майдың 13-нде бұл турасында айтылған пікірді Мәскеу советінің жиылысына саламын. Мен жалғыз-ақ біле алмай тұрғаным, бұл жер турасында қазақ пікірлері, жері алынатын қазақтардың пікірін білсем екен, – деді, – Орынборда

«Қазақ» газетасы бар екен, сол арқылы сұрап білуге болмас па?» деді. Газета арқылы сұрау керектігін мен де қуаттап, қазақтардан сұрап, олардың газетамызға жіберген пікірлерін Мәскеу советіне жеткізу міндетін мойынға алдым.

13 майға шейін бұл турасындағы пікірлер Мәскеу правлениесіне барып даяр болып тұрарға керек. Сонда қаралып, әркімнің пікірі саналып, жерді алар-алмас мәселе бекіп, тәмам болады. Енді біздің өтінетініміз: сол Біршөгір станциясының жанындағы алуға ыңғайлап қойған жерде 13 үйдің қыстауы болса, қыстап һәм жайлап отырған қазақтар сол жерді алуға риза ма, жоқ па? Осыны солар бізге білдірсе екен. Білдіргенде сенімді һәм қуатты болуы үшін 13 үйдің адамдары тегіс қол қойып, я таңбаларын салып, ауылнай, би яки болыс сықылды адамдардың бірі мөрін басып жіберсе екен.

Және де пікірлерін жіберетін адамдардың ісіне салатындарымыз мынау: бұл қымызхана салынғанда қазаққа болатын пайдасы қанша, зарары қанша екенін салыстырып, өлшеп жерді берубермес пікірді соған тіреп айтарға керек.

Пайдасы, зарары қанша екенін мұнан байқауға болады: қымызхана жүз ауруға шамаланып жасалады. Олай болғанда жүз аурулы адамдар қымыз ішіп жатуы ықтимал.

Жүз ауруды бағатын доктор, фельдшерлері болмақшы. Ол қымызхана үйлерін жуып, тазартып тұтып тұратын жұмыскерлер болмақшы. Ауруларға һәм ауруларды бағатындарға қымыз керек. Ет керек. Олардың бәрін қазақтан алмақшы. Олай болғанда биесі барлар – 5 мың десятина жерге биесін бағып, сүтін сатпақшы; қой-қозысы барлар қойын-қозысын сатпақшы; малы жоқтар жұмыскер болып жалданып, мал таппақшы. Бұл кәсіп жағынан қазаққа боларлық пайдасы. Мұнан басқа пайдасы болуға ықтимал: жақын жердегі қазақтардың ауруларына; құрт аурулы я басқа аурулы адамдарға жақын жерден дәрігерлер табылып тұрмақшы. Мұның бәрі пайдалы жағы.

Енді зарарлы жағын алалық. Қазаққа мұнан зарар болады: егер де қыстауы бар қазақтардың қыстап отырған жері

жақсы – шаруаға қолайлы болып, көшіргендегі алатын жері бұрынғы жерінен төмен болса; екінші – бұған кететін жайлаулық жерлер – суы тұщы, шөбі мол жайлауға қымбат жер болса һәм оны жайлап жүрген елдердің мұнан басқа қолайлы жайлаулары болмаса; үшінші – ақша табуға қызығып, құлындарын қатырып, биелерін жүдетіп, қыс күні қырып алып жүрсе. Мұнан басқа қандай зарары болар қазақтың өздері шамалап білер. Біз сырттан қараған боларлық зарарларын һәм пайдасын айтамыз.

Және де айтатынымыз: бұл жер басқа осындай нәрселерге болмаса мұжыққа алынбайтын жер; қазақ риза болмаса, жоғарыда айтылған жәмиғат халықты ренжітіп зорлықпен жер алмайды. Бұл жәмиғаттың ішінде сендердің ырзалығыңды керек қылатын адамдар көп.

Ахмет Байтұрсынов



Бес мың десятина жер.
«Қазақ» газеті.
1913 жыл №6 саны

БІЛІМ ЖАРЫСЫ

Білімді жұрттарда "білім жарысы" деген болады. Ол жарыста бәйгеге қосылатындар білімділер, зейінділер. Оларға бәйге тігіп, жарыстыратындар бай адамдар я обществолар. Бәйге тігу, жарыс істеу біздің қазақта да бар. Қазақта бай адамдар я қуаныш нәрсеге той істеп, ат шаптырады, я өлген адамына ас беріп, ат шаптырады. Байлығына қарай, адамдығына қарай ас пен тойдың үлкені де, кішісі де болады. Зорлығы бәйгеге тіккен малынан гөрі, шақырған елдердің санынан, сойылған малынан байқалады.

Тойдан көбіне ас зор болады. Асқа сойылған малды, шайқантына шығатын пұлды, ішілетін қымызды, тігілетін бәйгені ақшаға аударып есептегенде, зор астарға талай мың жұмсалады. Соның бәрі жұрт жиылып, бір-екі күн ішіп, жеп кету үшін істеледі. Не жұртқа келер онан пайда жоқ, не ас берушіге тиер сауап жоқ, құр далаға кеткен бір мал болады да қалады. Ақылдың ауанымен санағанда, астың шын мағынасы босқа мал шашу болып шығады. Ат шаптырып, ас берді деген бес-он жылға ат қалады. Қазақ жомарттығының түрі һәм оның ақырғы тиімі осы.

Білімді жұрттардың білім жарысына келсек, оның мағынасы да, көздеген мақсаты да басқа. Ол бірнеше ұлыс ел жиылып, бір-екі күн дуылдап, ет жеп, қымыз ішіп кету үшін ғана жасалмайды, бүтін ұлт, я дүниядағы бүтін жұрт үшін һәм көпке қаларлық іс үшін істеледі. Дүнияда күн көріп, тіршілік етудің ауырын жеңілту үшін, жеңілін рақатқа айналдыру үшін істеледі. Неше түрлі ғылым, өнер – бәрі де тіршіліктің ауырлығын азайту үшін, рақатын молайту үшін шығарған нәрселер. Ғылым, өнер артылған сайын дүнияда бейнет кемімекші. Осыған ақылы жетіп, есі енген жұрттар ғылым мен өнерді бірден-бірге асыруға тырысады. Асыру үшін әр түрлі істер істейді. Сол істердің бірі – білім жарысы.

Білім жарысы дегеніміз: бай адам пәлен мың сом ақшаны бәйгеге тігеді де, мәлім етеді – "осы ақшаны пәлендей іс істеген кісі алады" деп. Мысалы: "пәлен ауруға ем тапқан я пәлен ғылымнан, яки өнерден жаңа жол тапқан, я пәлен турасында жазып, кітап шығарған адамдарға беріледі" дейді. Ал бәйге тігілді. Енді

ат жарысы болса, әркім атын жаратып, бәйгеге қосар еді, білім бәйгесі болған соң, білімділер бәйгеге қосылады. Бәйгеден дәмесі бар білім жүйріктері бірінен-бірі озуға жүйріктігін аяп қалмайды. "Тап" дегенді табуға ойланады, істе дегенді істеуге қарманады. Ақырында әркім істегенін, тапқанын сынға жібереді.

Сыншылары ғылым ордасында тұрған білімді ғалым адамдар болады. Бұлар қарап, сынап бәйге кеседі. Еуропада, мысалы, "Нобелевский білім жарысы" бар. Бұл жарыста бәйгені ғылым ауданында, я әдебиет ауданында еңбек етіп, озған адам, я соғысқа қарсы һәм халық арасын жақындастыруға пікір жайған адамдар алмақшы.

Жылда Рождество мейрамының алдында швед жұртының Стокгольм шаһарында білім жарысынан озғандарға бәйге аталады. Өткен 1912-нші жылы Нобель бәйгелерін алған адамдар: 1) Инженер Дален – ғылым хикметінен көрсеткен үздік біліміне алды. 2) Профессор Каррел – дәрігерліктен көрсеткен үздік біліміне алды. 3) Неміс жұртының атақты драма жазғыш жүйрігі Гауптман – әдебиет жүзінде үздік біліміне алды. 4) Сабатиа (Сабатье). 5) Гриниер (Гриньяр) – француз ғұламалары, ғылым химиадан (химия) көрсеткен үздік білімдеріне алды.

Осылардың һәм басқалардың жылда озғанда алатын бәйгелері шведтің "Нобель" деген бір инженерінің білім бәйгесіне деп шығарған 18 милион ақшасы.

Осындай жұртқа пайдалы, үлгі аларлық жақсы істі жұрттың құлағына салып, біздің айтайын деп отырғанымыз мынау: білім жарысын істеу әр жұрттың қолынан келетін іс. Істейін десе, қазақтың да қолынан келеді. Еуропадай зор істеуге болмаса, бойымызға шағындап, «сабасына қарай піспегі, мұртына қарай іскегі» дегендей етіп істеуге болады.

Еуропада ғылым, өнер толық, қазақта олардың жұрнағы да жоқ. Олар асқанның үстіне асу үшін істеп отыр, біздер жұрнағы болу үшін істеу керек. Мың жылқысы бар байлар оның үстіне мал іздегенде, бір аты жоқ жарлы мал іздемей, қарап отыруы дұрыс па? Ғылым, өнер турасында біздің жайымыз да сол жарлының

халі сықылды. Ғылымның жаңа жолын табуға іздемек түгіл, тапқан ғылымға қолымызды жеткізерлік бізде еш нәрсе жоқ.

Жұртқа ғылым үйретумен, көрумен, білумен жайылады. Білімнің бас құралы – кітап. Қазақ арасына білім жайылуына, әуелі, оқу үйренетін орындар сайлы болу керек, екінші, білім таратын кітаптар жақсы боларға керек һәм халық арасына көп жайыларға керек. Осы мақсатқа жетуге зор себепкер болатын істің бірі – білім жарысы.

Білім жарысының басқадан артық бір жері мынау: бұған шығарған ақша далаға кетпей, көздеген мақсатқа тура тиеді. Егін салсаң, шықпай қалып, босқа шығындау ықтимал, мал жисаң, өліп қалып, шығындау ықтимал, білім бәйгесінен пайда болмаса, шығын болмайды. Пайдасы боларлық істі істемей, бәйгеге ешкім қол созбайды. Солай болған соң, бұған шығарған ақша босқа кетуге тіпті орын жоқ.

Еуропа байлары мұндай іске ақшасын басы бүтін қиып, жомарттық етеді. Ақшасын пайда қылып, сонымен малын көбейтуге шығармайды, әуелден-ақ жұрт үшін, көп үшін қайтпас қайыр құрбаным деп шығарады.

Біздің қазақ байларында Еуропа байларындай мол байлық жоқ. Аз байлықпен халінше жомарттық қылатын байлар қазақта аз – жоқтың қасында. Біреудің малы көп болса да, саңылауы жоқ болады. Жұрт ісіне жаны ашып, жұрт намысына қаны қызатын қазақта адамдар аз болады. Себебі жұрт жұмысы деген қазақтың әдетінде болған емес. Өзге жұрттан оңаша жүріп, қазақ басқа халықтармен бәсекелесіп, жарысқа түскен жоқ. Сондықтан жұрт жұмысы, ұлт намысы деген сөз қазақтың көбіне түсініксіз нәрсе. Отбасына келерлік бәле болмаса, жұрт басына келерлік бәлені ойлап уайымдамайды. Қуанышы, қайғысы от басынан аспайды.

Ұлт намысы дегенді қазақтың көбі екі ауылдың, екі таптың, я екі рудың намысы деп ұғады. Басқадан кемшілік көрсе намыстанбайды, кектемейді, бір-бірінен кемшілік көрсе, кегін жібермейді: ауылын шауып, адамдарын сабаса, жауын мұқатып, мақсұтына жетіп болғаны. Халықтың көбі сондай болған соң, сол

көптің ішіндегі байлар қайда барсын? Сондықтан қазақ байлары білім бәйгесіне ақшасын Еуропа байларындай басы бүтін бере алмайды. Еуропаша істе деп айтуға аузымыз бара алмайды. Осыны есімізге алып, Еуропа үлгісін қазақтың мүшесіне лайықтап, артығын мінеп, қазақ байларының алдына саламыз.

Қазақ байлары білім бәйгесіне ақшасын басы бүтін шығармасын, өзіне қайтаратын етіп бәйгеге тіксін. Оны былай етуге болады: жоғарыда айтылды, білім жарысы қазақ арасына білім таратын кітаптар шығаруға болсын деп. Білім түрлі болады. Білімнің әр түрін бірдей жақсы білетін адамдар аз болады. Бір түрін жақсы білетіндердің табылуы қиын емес. Докторлық ғылымын оқығандар денсаулық жайынан керек кітаптар жазуға мүмкін нәрсе; шаруа жайын оқығандар шаруа жайынан қазаққа керек жақсы кітаптар жазуға мүмкін нәрсе; оқыту жайын жақсы білетіндер мектеп кітаптарын жақсылап шығаруға мүмкін нәрсе; әдебиет ауданында жүйріктер халықтың құлқын түзетуге керегі бар жақсы романдар уә ғайри сондай сөздер шығаруға мүмкін нәрсе. Осындай кітаптарға бәйге тігілсе, ол бәйге нағыз жақсы шығарған ғана кітаптарға берілсе, тігілген бәйгеге қарай бәйге берілген кітапты бір я екі рет бай бастырып, ақшасын өндіріп алатын болса, сонан кейінгі бастырулары жазушының өз еркіне берілсе, осы шартпен білім жарысы, істелсе, әуелі, бәйге тігуге жомарттық көп керек болмас еді: неге десең, сынаудан өтіп, жақсы деп бәйге берілген кітап өтпей қалады деп қауіптенуге орын жоқ. Екінші, жазушыға да қолайлы. Шығарған кітабы жақсы болса, еңбегіне тиісті даяр ақшаны алып, онан әрі жақсы кітап шығаруға кірісер еді. Еңбегіне ақысы татымды болған соң, ол өзін сол жұмысқа алаңсыз жегер еді. Әр жерден сондай жазушылар шықса, білім жұмысын айдап алға бастырмай қоймас еді.

Бәйге тігушіге де, бәйге алушыға да тынышты, жұрттың білім турасындағы істерін алға сүйреуге қолайлы һәм нағыз керек жолдың бірі, біздің ойымызша, осы. Бұған басқалар һәм байлар, не айтасыздар?

Білім жарысы. «Қазақ» газеті.
1913 жыл №16 саны

БАС ҚОСУ ТУРАСЫНДА

«Бас қосу керек» деген мәселені жыл басында «Айқап» журналы қозғап еді. Сол «Айқаптың» 10-шы нөмірінде Р. Мәрсеков мырза да бас қосу керек дейді. Темір үйезінен үш кісі: Жұбекен Тілеубергенов, Омарғали Хангерейұлы, Сауырбай Тоқбайұғлы бас қосу турасындағы пікірлерін жазып, «Қазаққа» басуға жіберіпті.

Олар да «бас қосу» керек дейді. Біз бұл турасындағы басқалардың пікірін басудан бұрын, өз пікірімізді айтып өтуді мақұл көрдік.

Бас қосуды біз де керек нәрсе дейміз. Керек болса да, бас қосалық деп айта алмаймыз: кейбір істі істеу керек бола тұра, істеуге болмайды.

Бас қосу қазір сондай істің бірі. «Істейміз» деп бастасақ, онан келтірер пайдамыздан зарарымыз он есе зор болуы ықтимал. Министрдің кешегі бұйырығы естеріңізде бар ма? Қазаққа қандай ілтипат бөлген? Бас қосу жұмысына қалай қарамақшы?

Мұны ескеру керек емес пе? Бас қосудың орнына, басымызды сақтарға орын таба алмай жүрмелік. От пен суды қазақ тілсіз жау дейді. Оларға қосарлық үшінші тілсіз жау бар, оны да ойлау керек.

Біз кірсіз пікір, таза амалмен жұмыс істеу үшін, мысалы, мұң-мұқтаждарымызды кеңесіп, дертімізге ем қарап, ісімізге жөн қарап, жоғымызды іздеуге, барымызды сақтауға ақылдасу үшін жиыламыз дерміз; басқалар оған не мағына беріп, не көзбен қарар? Өзгелер бас қосуымызға сенімсіз көзбен қарайтын болса, оларға көмекші өзімізден табылар. Ағашты кесетін балта, балтаның сабы – ағаш. Соның мысалы басқа нәрселерде де бар. Адал кәсіппен күн көре алмайтын, я арам жемесе басы ауыратын иттер қай жерде де болса табылады. Айтпағанды айтты деп, етпегенді етті деп оттайтын хайуандар әсіресе біздің қазақта көп. Былтыр ноғайларға жұмысымыз түсіп барғанымызда: «Орынборда 5-6 қазақ бар. Оның жартысы шағымшы, тыңшы», – деп бізді ұялтқан. Оны айтқан ноғайдың ортан қолдай

адамының бірі. Білмей, сезбей, босқа айтар ма? 1907-ші жылғы Надиров жиған кеңесте де, онан соң Қарқаралы істерінде иттік қылған қазақтар болмады ма? Осының бәрін көре, біле тұрып, хүкіметтің сенбестік көңілін байқап тұрып, «бас қосалық деп едік» деп, әуелі, сұрап, рұқсат алуымыз қиын. Екінші, тыныш отырып тыңғылықты жұмыс істеп, аман елге қайтуы екіталай. Қайтса да, қарақшылы түйедей болып қайтуында шәк жоқ.

Қане, осыған ерлік етіп жиылатын қазақ табыңдаршы! Хакімдер шақырса, таласып барар, ол шақыруда қорқыныш жоқ. Біздер шақырсақ, «әлдене істейін деп жүр» деп, қорқа соғады. Өзі үркіп тұрған жұртты үркітуге ықтималы бар кезде бас қостырамыз деп, әлдеқалай бола қалса, онан соң ондай жұмыстан бездіріп алып жүрмелік. Нақ осы кез бас қосу қанша керек болғанмен, бас қосуға қолайлы кез емес.

Біз шаруа кеңесіне жиылсақ та, құбыжығы бар шығар деп, сенімсіз көзбен қарайтын кез; солай болған соң, бас қосуға рұқсат берсе де, кеңесті орыс тілінде құру керек деп шарт қоюға ықтимал. Орысша пікірін түгел айта алатын қазақтар жиылса – жақсы, ондай қазақтар келе алмаса, тілсіз кеңес құрылмақшы. Орысша білетін қазақтардың ілуде бірі болмаса, көбі қызметте, ат сықылды арқандаулы. Қазықтан босанып келе алар ма?

Іске қарасақ, оның түрі әсіресе орысша білетін қазақтарды керек қылатын көрінеді. Жиылғандар құр сан көбейту емес, жұмыс істей білетін, жол айтып, жөн сілтеуге жарайтын білімді көсемдер болмақ керек. Жалғыз қазақ халқы емес, басқа жұрттардың да жай-күйімен таныс, басқа жұрттардың ісінен үлгі табарлық мағлұматы мол кісілер болуы тиісті. Ондай адамдар оқыған адамдардан шықпақшы. Білімнің тарауы, саласы көп. Солардың бір тарауын жақсылап жете білген адамдардан сиезде ең аз болғанда бір-бірден адам боларға керек, мысалы, юрист, дәрігер, мал дәрігері, инженер, агроном, техниктер, учителдер, мұғалімдер. Бұлардың мұғалімдерден басқалары орысша оқығаннан табылмақшы. Бұлар бас қосуға келе алар ма? Олардың келуіне қазіргі күйде ерлік пен жомарттық қабат керек.

Ал бұлар келе алмады. Көбі оқымаған жабайы қазақтардан жиылады, ішінде бірен-саран оқығандары, білімділері болды. Олардан оқымағандары істеуге керек жұмыс бар екенін, іздеуге тиісті жоқ бар екенін білді де, бет-бетіне елдеріне тарасты. Мұнан еш нәрсе өнер ме? Жұмыс қолға алып істесе бітпекші, жоқ артынан қалмай іздесе табылмақшы. Айтқан айтқан жерде қалып, үйлеріне барып теңкиіп-теңкиіп жатып алса, жұмыс өзінен-өзі істелер ме? Сиезге жыйылған адамдар елге қайтқанда, сиезде керек деген жұмысты қолға алып, тастамай істеп, басқаларға басшылық етіп, өнеге көрсететін болса екен. Сонда сиезден мағына шығады.

Ол болмаса, құр сиезге жиылып, «анау керек, мынау керек, олай істеу, былай істеу тиісті» дегеннен еш нәрсе өнбейді. Халықтың ісі машинаның тетігі емес, бұрап қалса, басқа жөнге түсетін. Жұрт жұмысы құмырсқаның илеуіндей жұмыс сияқты. Құмырсқаша жабыла тынбай істесек өнеді. Бірі оны, бірі мұны істеп, илеуде қарап тұрған құмырысқа болмайды. Жұрт жұмысын да солай істесе, алға басады. Әр құмырсқа бәріне керек илеудің өсуі үшін күші жетіп көтерген шөпшегін апарып салады. Ұлтын керек қылып, халыққа қызмет етемін деген қазақ балалары қазақ жұмысына қолынан келгенінше қарап тұрмай кірісіп істей берсе, ұлт жұмысы ұлғайып, толықпақшы. Қазақтың іс қолынан келмейтіндеріне сөз жоқ, іс қолынан келетіндері де қарап жатыр.

Осы күні қазаққа керек нәрсенің көбі әркімге-ақ мағлұм. Қазаққа не керек екенін білмегеннен істей алмай тұрған адам жоқ. Қазақ керегі айтылып жатыр әм айтылар да. Жұртқа керегін білетіндер көп, істейтіндер аз. Білушілеріміз білгенімен қоймай, істеуге кіріссе екен. Білушілеріміз істеуші болса, оларды көріп, өзгелер де істер еді. Сөйтіп, көсемдер көбейсе, ерушілер де көбейер еді.

Біреу жұмыс қылайын десем, тұрған жерім жаман дейді, біреу маңайымдағы елім жаман дейді. Бұлардың бәрі де бос сөз. Абақтыдан жайсыз орын жоқ, онда да отырып жұмыс істеуге болады.

Расын айтқанда, біздің қазақ балаларының жұрт жұмысын істеу әдетінде жоқ. Көбіміз ондай жұмысқа бөлерлік уақытты карта ойынына жұмсағанымызды қызықтырақ көреміз. Сондықтан ойыншымыз – көп, жұмысшымыз – аз.

Сөздің қысқарып тынарында айтарымыз: бас қосуға бұл күнде қолайсыз шақ, оны басқа кезге қарата тұру керек. Қазақтың керегін өзге жолмен сөйлесе тұралық, бұрынғыдай емес, қазақта қазірінде бір журнал, бір газета бар. Сыйғанынша солар арқылы кеңеселік, сыймағанын хатпен сөйлесуге де болады. Сиезде сөйлесіп, кеңескенменен, түбі барып істеушілерге тіреледі. Ісімізді істеушілер, жоғымызды іздеушілер көбейсе, ойлаған пікір, көздеген мақсат жан бітіп, тірілмекші. Әркім қолдан келгенін сүр сақтап, түбінде үйіп-төгіп бір молықтырамын демей, аз-көбіне қарамай істей беруге әдеттенсе екен. Қазақ керегінің көбі әркімге-ақ мағлұм ғой; біз кейін қалған халық, алға басып, жұрт қатарына кіру керек. Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай hәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек.

Менің сиез турасындағы бұл сөзім көбіне құр тартыншақтық, сары уайым боп көрінер. Солай көрінсе де, ойым сол. Айтқанымды тексеріп, адасқанымды көрсетіп, бас қосу мәселесін қайта қорғап басшылық ететіндер болса, қосшылық етіп, көмегінде болуға мен дайын.

КӨШПЕЛІ ҺӘМ ОТЫРЫҚШЫ НОРМА

Біздің басқармамызға әр жақтан хаттар келеді: «Қай нормамен жер алғанымыз жағымды?» – деп. «Біреулеріміз көшпелі норма көп болған соң, мұны алғанымызды жағымды көреміз, екіншілеріміз, отырықшы норма түпкілікті дегенге, оны алғанымызды қолайлаймыз. Соңғыларымыздың сөзін переселен чиновниктері де қуаттайды», – деген хаттар көптен-ақ келіп жатыр. Бірақ біз жер сөзін ашып айтарлық қолайлы мезгілге қаратып жүр едік.

Бұл мәселе турасында қазақтың білемін деген адамдарының пікірлері екіге бөлінуші еді. Бірі отырықшы норманы ұнатушы еді. «Отырықшы нормамен де болса жер алып қалғанымыз дұрыс, жақсы жерді алып кетіп, жаман жерге қамалып қаламыз», – деген пікір. Бұл пікірді ұнатушылар жұртқа басшы болу үшін әуелі өздері отырықшы норманы қабыл етіп, жер алды. Жұрт тоғытатын қой сықылды. Серкесі суға түссе, топырлап бәрі тоғытқа түседі. Атақты, біледі деп жүрген адамдар алып жатқан соң, ол білмей алып жатқан жоқ шығар деп, отырықшы норма сұраушы қазақтар көбейді. Сол жылы-ақ, переселен правлениесінің хабарына қарағанда, отырықшы нормамен жер сұраушы қазақтар саны Торғай мен Орал облыстарында 16 мың 441 үйге толып қалған. Оның 11 мың 490 үйі Орал қазақтары. Осы пікірді қазақтың орысша, мұсылманша оқыған жастарының көбі қуаттайды. Бұлар қуаттағанда, көбінесе шаруадан бөтен жағын ойлап қуаттады, мысалы, қазақ отырықшы нормамен жер алып қала салып отырса, қазақ арасына ғылым, өнер таралуына жақсы болады деген ой. Бұл пікірдің дұрыс-бұрысы тағы бірде айтылар, енді екінші пікірге түселік.

Екінші пікір: «Қазақ отырықшы нормамен күн көре алмайды», – дейді «Қазақтың жеріне келіп, мұжықтар күн көре алмай, көбіне патшалықтың асырауымен ғана жан сақтап отыр. Қазақ жерінде отырықшы норманы алу керек, нағыз жері жақсы қазақтар – я жерді арықпен суаратын қазақтар, я һәман патшалықтан асырар деп дәме қылатын қазақтар. Ондай жері жоқ қазақтар, я олай дәмелі болмайтын қазақтар отырықшы нормамен күн көре алмайды. Онымен жер алдым деп жаман атты болғанша, қарап

отырған жақсы», – дейді. Бұл пікірді қуаттаушылар айтушы еді: «Отырықшы норма – қазақ сонымен күн көреді деп көзі жеткендіктен шығарған норма емес, қазақтың жерін көбірек алу үшін шығарған һәм көбірек алғанда, қазақтың ырзалығымен алдық деп көрсету үшін шығарған норма», – деп.

Осы екі пікірдің бастапқысын көбі қолайлап, соңғысын әншейін наразылықпен айтатынға санаңқырайтын еді.

Өткен 11-ші июнде Думада айтылған сөздерден мағлұм болды: қай пікірдің дұрыс-бұрысы. Депутаттар қазақ жерлері жолсыз алынып жатыр дегенде, переселен управлениесінің бастығы Глинка қазақ жерін жолмен алып жатқандығын көрсетуге отырықшы норманы қазаққа не үшін шығарғандығын жасырмай, ашып айтып берді. Ол айтты: «Біздің қазақ турасында істеп отырған ісіміз жолды. Біздің жолымыз екеу-ақ. Бірі – қазақтан артық жерді алу, екіншісі – қазаққа тиісті жер беріп, орналастыру. Қазақтың артық жерін алып жатырмыз – артық жерді алсын деген закон бойынша, қазаққа жер беріп, орналастырып жатырмыз – өздерінің тілегі бойынша. Қазаққа істеп отырған жолсыздық емес, ебіміз әдісіміз бар – қазаққа тиісті жер беріп, орналастыру турасында Думаға закон жобасын кіргізбей отырмыз. Кіргізбей тұрғанымыздың мәнісі мынау: көшпелі қалпында жер беріп, орнастырсақ, қазаққа көп жер тиеді, артыларлық жер аз болмақшы. Оны Дума арқылы законмен бекітіп, қазаққа берген соң, ала алмаймыз. Қазақ жері қазақтан көп артылып қалу үшін, яғни переселендерге қазақтардан жерді көбірек алу үшін, біз әдіс істеп отырмыз. Әдіс қылу жолсыздық емес, ептілік. Біз Министр Саветінен ептілік етуге рұқсат алып, қазақты ебімізге түсіруге қайырмалап едік, топ-тобымен топырлап түсіп жатыр. Ол істеген ебіміз мынау еді: қазаққа отырықшы болып, жер алуға риза болсаңдар, сендерге де мұжықпен қатар 15 десятинадан еркек басына жер береміз дедік. Айтуымыз-ақ мұң екен, қазақтар отырықшы нормамен жер бер деп жабыла сұрап жатыр. Өткен жылда отырықшы нормамен қазақтарға 700 мың десятина жер бердік…».

Міне, переселен управлениесінің министрден соңғы бастығының сөзі. Бұл құпиялап ғана досына айтқан сөзі емес,

Государственный Думада күллі депутаттардың алдында айтқан сөзі. Мұның айтқанын шылғи өтірік деп айта алмаймыз.

Жоғарыдағы сөздің қорытқандағы қысқасы мынау: переселен управлениесі қазақ жерін жолмен алып жатқан болады: артық жерді алсын деген закон бар. Қазақтан жер көп алынып жатқаны – ол қазақтың өзінің тілегі бойынша болып жатыр. Қазақтан отырықшы нормамен жер алушы неғұрлым көбірек болса, солғұрлым жер көбірек артылмақшы һәм переселендерге көбірек алынбақшы.

Отырықшы норманы қазаққа не үшін шығарғандығын, отырықшы нормамен қазақтар жер алғанын переселен чиновниктері не үшін қуаттайтындығын қазақтарға түсіну енді қиын болмас шығар. «Тісі шыққан балаға шайнап берген ас болмас» деген. Тісі шыққан адамдарға айтылып отырған сөз ғой. Переселен чиновниктері – алушы, қазақтар – беруші. Алушыға көп алғаны жағымды, берушіге аз бергені жағымды. Қазақ әуелден осыны ойлау керек еді. Олар өзіне жағымды жағын көздегенде, қазақтар да өзіне жағымды жағын көздеуі тиіс. Құр пәленше пәлен етіп жатыр деген дақпыртқа жүгірмей, істің түбінен ойлау керек. Көшпелі һәм отырықшы норма турасында біздің естіген, білгеніміз осы. Ендігісін өздерің білесіңдер. Отырықшы нормамен күн көрерлік болсын, болмасын, отандас орыстарымызға қарасалық десеңдер, отырықшы нормамен алып, жерлеріңді орысқа көбірек қалдырыңдар. Жоқ, оны алып күн көре алмаспыз десеңдер, көшпелі нормасын алыңдар. Берушіге бес көп, алушыға алты да аз. Жағымдысын ойлаңдар.

Біздің мұнан соңғы айтатынымыз: қазақтың бас адамдары! Әуелі, сіздер адаспаңыздар, адаспас үшін ақылдасып, ойланып, ынтымақпен іс етіңдер.

Екінші, қазақтың байлары, күштілері! Жарлы-жақыбай, нашарларыңды жермен теңгеріңіздер. Бір асауға да болса құлдық дейтіндер көбінесе солардан болады. Үшінші, Алашқа аты шыққан адамдар! Көсемдіктеріңді адаспай, түзу істеңдер. Сендер адассаңдар, аттарыңмен алаш адасады. Арттарыңнан ергендердің обал-сауабына сіздер қаласыздар.

Көшпелі һәм отырықшы норма. «Қазақ» газеті.
1914 жыл №20 саны

ЖАЗУ МӘСЕЛЕСІ

[*Шәкәрім ақсақалға жауап*]

Қазақ дыбысына қарай харіф түзету турасындағы ойым: бұл харіф түзету деген бүгін ғана басталған сөз емес. Шаһ Тахтински уау орнына цифрлар да салып қараған. Бірақ оны қауым қабыл алмаған соң қалған. Және біздің харфімiз – араб харфі. Оны өзгертуді жұрт ұнатпайтындығы белгілі болған. Қауым қабылдамаған харіф қала берген де. Жолы болған «г, ң, у» сықылдылар ретке кіріп кеткен. А.Б. мырзаның хамзасы (ء) мен қос нүктесін (:) жұрт қабылдағанын-ақ ұнатамын. Бірақ хамза әлиф орнына жүруші еді. Оны басқа харіфке қоймаймыз деп әуре қылар-ау деп шошимын. Сірә, солай қыла қалса, менің ойыма келетұғыны баспа машинасына реті келсе, кейде үтір орнына үлкен «уау» салсақ жазуымыз едәуір түзелер еді деп ойлаймын. Біздің тілде екі үст бар: бірі (-), бірі (ا), яғни бірі харакат, бірі әлиф, мұның әуелгісі жіңішке, соңғысы жуан айтылған харіфтерге харакат болады. Мысалы, бірі – хәммасы, бәрі болғаны дегендей. Бізде үш түрлі аст бар: бірі болар болмас білінетұғын орысша «ы» сықылдырақ, менің ойымша мұндайға түк салмасқа керек. Бірақ састы-састы, асты-асты деген сықылдылар да не аст, не сәкінмен ғана білдірілсін. Егер де мұндай «ы» сықылды аст сөздің аяғына келсе, «ى» (ы) қойылсын. Себебі, ондайды біз «ы» қылып оқимыз, ноғай һәм басқа түріктер «и» қылып оқиды. Екеуіне де бөгет жоқ. 2-ші аст «е» секілді, оған «ۑ» қою керек. Егерде сөз аяғында келсе «ه» «ھ» яғни һай рәсмие қою керек. 3-нші «и» сықылды, екі яғни «ۑ ۑ» салу керек. Мысалы, сыйыр (سيير), қыйсық (قيسق) дегендей.

Бізде үтір екі түрлі. Мысалы, бүр – ағаштың бүрі, бор – ақ топырақ.

Сіздер «у» бар дерсіз, жоқ! Ол «уауға» сүкін болады. Мысалы, бұу – байла, бұура – түйе дегендей. Бірақ бұл үтір «уаулар» жуан-жіңішкеге бірдей харіфтерге айтылғанда һәр қайсысы екі түрлі болып, төрт түрлі дыбыс шығады. Мысалы, бүр – ағаш бүрі, бұр – айналдыр, бор – ақ топырақ, бөрі – қасқыр. Міні, байқасаңыз жуанына уау, жіңішкесіне үтір салдым.

Шаһкерім

Шаһкерім ақсақалдың бұл сөзіне һәм «Айқап» журналының 9-ншы, 10-ншы нөмірлерінде жазылған Ғ. Мұса мырзаның сөзіне қысқалап, сөз қайырып өтемін.

Шаһкерім ақсақалдың керек деп отырған харіф үстіне, астына қойылатын үтір, үст, сүкін, аст һәм «уау» жалғыз жазғанда ғана емес, басқа сөзге де қойыларға керек. Баспа жүзінде оның қолайсыздығы мол. Егерде осы күнгі тұтынып жүрген матбұғат тастарымен харакат қойып бастырсақ, бастырған нәрсеміз екі есе

қымбат түседі. Олай болатыны харакатпен бастыру қиын, екінші орын көп алады. Харакатсыз баспаның екі жолын харакатты баспаның бір жолы алады. Егерде оған тағы харіф үстіне харіф қоюды қоссақ, мысалы «بور» (бүр), «بورا» (бұура) онда тіпті орынды көп алмақшы, бастырған нәрсені ол тағы көбірек қымбаттандырмақшы. Қымбат басылған нәрселерді қазақтың алу жағын да ойламай болмайды. Жүз бет боларлық нәрсеміз екі жүз бет болса, яки екі жүз елу бет болса, оған матбұғат екі есе, я екі есе жарым қымбат алады. Сондықтан бұл қолайсыз болып табылады. Егерде матбұғаттың бұл күндегі тұтынып жүрген тастарынан басқа тас істеп бастыратын болсақ, яғни үтір, үст, сүкін, аст hәм «уау» – бәрін де харіф тастарымен бірге құйдырсақ, мысалы «ۇ» (ұ) сияқты еткізіп. Онда ол орынды осы күнгі жолдарымыздан көп алмайды. Бірақ оның қолайсыздығы басқа жағынан болады. Сол айтылған бес белгі бір ғана харіфке емес, барша дауыссыз дыбыстардың харіфтерінің бас болып, орта болып, қойылатын тастарының түірінің бәрімен бірге құйылмақшы. Олай болғанда осы күнгі матбұғат тастарынан басқа құйдыру керек болады мынадай тастарды: [illegible]. Бұл бір ғана «ب»(б)-ға керек болатын тастардың өскені. Жалғыз «ب» (б) үшін матбұғаттың харіф қоятын ұясының көбеюі он болады. Бұрынғы төрт ұясымен «б» харіфінің ұясы он төрт болмақшы. Тек қосылатын харіфтің әр қайсысында сондай ұя болмақшы. Тың қосылатын харіфтер ى (ы) ،ب (б), پ(п)،ت (т) ،ج (ж) ،چ(ш)،س (с)،غ (ғ)،ق (қ) ،ك (к) ،ڭ(ң) ،ل(л)،م (м) ،ن(н), ى(ы). Яғни он төрт харіф. Бұлардың әр қайсысының бұрынғы төрт ұясына жаңадан он ұя қосылып, бұрынғы 56 ұяның орнына 196 ұялы болмақшы. Тең қосылмайтын харіфтер төртеу: د(д), ر(р), ز(з), و(о). Бұлардың бұрынғы ұясы екі-екіден сегіз болса, жаңадан әр қайсысына он ұя артық қосылып, 48 ұя болады. Қысқасы, жоғарыда айтылған бес белгіні харіф тастарына қосып құйдырсақ, бұрынғыдан басқа 180 түрлі тас құйылмақшы. Матбұғаның бұрынғы ұяларына 180 ұя жаңадан қосылмақшы.

Матбұғаның харіф ұялары көбейсе, харіфке шығаратын ақшасы көбеймекші, екінші харіф жию жұмысын қиындатып, жұмыс

жағын қымбаттатпақшы. Бұрынғы харіптердің ұясы, мысалы: жүз болса, енді оған жүз сексен қосылса, 280 болмақшы. Жүз жерден теру мен екі жүз сексен жерден теру бірдей болар ма?

Қысқалап айтқанда, бұлай харакаттарды харіптермен бірге құйдырсақ та бастырған нәрселеріміз жай бастырудан екі есе, хатта үш есе қымбатқа түспекші.

Және де соңғы уақытта мұсылман матбұғалары осы күнгі харіптердің баспа жүзінде қиыншылығы көп деп оңай етуге жол қарастырып жүр. Қиындығы – ұясының көптігі. Орыс қарпі 35, оған 35 ұя керек. Харіп басына бір-бір ұядан ғарабтың 35 харпіне ең аз айтқанда жүз шамалы ұя керек. Харіп басына екі я төрт ұядан. Мұны қиынсынып жүргенде оған тағы 180 ұя жаңадан қосып харіп қойдырсақ, онда өзіміз матбұға алмасақ, басқа матбұғаларға олай етіп бастыра алмаймыз.

Бұлардан басқа Шаһкерім ақсақалдың жете ойламаған жерінің бірі мынау: қазақ тіліндегі дыбысқа қарап харіпке ат қоймай, харіпке қарап дыбысқа ат қоймақшы. Мысалы, аст, үст, үтір, сүкін деп. Сондықтан «у» жоқ, оған сүкін бар дейді де жазады «بو» (бұу), «بورا» (бура) деп.

Біз ежік балалардың басын қатырады деп, усул сотие жолына (звуковой) түсеміз деп жүрміз. Усул сотиемен бала оқытсақ, қазақ тіліндегі дыбыстарды өз қалпында айтпай «үтір» деп оқытсақ, онда ол қалай усул сотие болады? Егерде «үтір» демей, дыбысын айтып оқытсақ, онда қалай «у» жоқ болады? Мысалы, «بو» (бұу) деген сөзде «у» жоқ десек, «б»-ның үстіндегі не дыбыс деп айтамыз һәм оның артындағы екінші сүкін қойғанын не дыбыс деп айтамыз?

Біз мұның екеуін де «у» дейміз, бірақ екеуінің арасында орыстардың «и» дыбысы мен «й» дыбысының арасындағыдай айырмасы бар дейміз. Балаларды ежікке қайырып түсіреміз демесек, шыны да сол. Ежікпенен де балаларды оқытуға болады. Бірақ жолы қиын, усул соутие жолы оңай. Оңайдан қиынға түскеніміз қанша қолайлы? Ғ. Мұса мырзаның сөзіне қарайыртын жауап келесі нөмірде болар.

А.Б.

Жазу мәселесі. «Қазақ» газеті.
1913 жыл июль айы №22 саны

ЖАЗУ МӘСЕЛЕСІ

(Ғ. Мұсаға жауап)

Ғ. Мұса мырзаның сөзіне түгел жауап қайырмай, жалғыз-ақ аяғындағы пікірінен қорытып шығарғанменен, аяқ жері турасында сөйлеймін. Ол екеуіміздің айырылатын жеріміз: ол *у* орнына و-ды алады да, *о* үшін ۇ -ды алалық, яки басқа бір белгі жасалық, мәселен, و-дың құйрығын қайырып қоялық дейді. Мен *у*-дың орнына ۇ-ды аламын, *о*-ның орнына و -ды аламын. Менің олай еткенім: *о* дыбысы қазақ сөзінде анық толық дыбыс, ноғай тілінде біздің *о* дыбысы келетін жерлерімізге толық *у* келеді, мысалы: біз *от* дейміз, ноғайлар *ут* дейді. Біздер *тоқ* дейміз, олар *туқ* дейді. Бұл сөздерді осылай жазсақ, біз өзімізше *о* етіп оқуымызға кемшілігі жоқ, ноғайлар өзінше *у* етіп оқуына кемшілігі жоқ. *У* біздің қазақ сөзінде қысқа айтылады: біздің *у* дыбысымыз келетін жерде ноғайларда да қысқа *у* келеді. Мысалы: *тұр, жүр* ноғайлардың «Ақ жол» журналында қарасаңыз, و hәм ۇ харіфтерін нақ бізше жазып отыр; ол бірімізден-біріміз көріп алып отырған емес, екеуімізді бір жерден шығарып отырған түрік тілінің табиғаты. Қысқасы, *о*-ның орнына و-ды алып, *у*-дың орнына ۇалғаннан қазақ тіліне келер кемшілік жоқ. Қайта ноғаймен ереуіл келмеске пайдасы бар. Ереуіл келмеске ықтималы бар жерде ереуіл келудің қажеті жоқ. Бұл ۇ-дың Ғ. Мұса мырзаға ұнамайтын жері: و үстіне үтір қойып жату қиын дейді. Онысы онша дәлелді сөз емес деймін, өйткені орыс сөздері үшін و үстіне үш нүкте қойып ۋ ғып жазуды қиынсынбағанда, қазақ сөзіне дегенде و үстіне бір үтір қою қанша қинар екен. Керек болған соң ج-ды چ етуді, ز-ды ژ етуді, ك-ны ڭ етуді қиынсынбаған жол бар емес пе? Солардан бұл қанша қиын?

2-нші айрылатын жеріміз: *ы* дыбысының харфі сөздің басында, ортасында қалмай жазылсын дейді. Мен *ы* дыбысының хәріфі ى болсын да, ол сөздің аяғында қалмай жазылсын, басқа орындарда ол жазылмағанда, сөздің мағынасы бұзылып, кемшілік келерлік болса, жазылсын деп едім. Оқуға кемшілік болмаса,

сөздің мағынасына кемшілік келмесе, жазуға жеңілдігі болса, *ы* дыбысының харіфін жазбағанда не залал көреміз деген ойым еді. Мысалы: қысымшылық, еркіншілік хәріфтерін түгел жазсақ, бұлай жазылмақшы: қысымжылық, еркінжілік Осы сөздерді ىء-сіз жазсақ та мағынасы бұзылмайтын болған соң, ىء-ді жазбасақ та болмай ма? деген едім: мысалы: еркінжілік, қысымжылық деп жазсақ кемшілік болар ма?

3-ші айырылатын жеріміз: мен *е* дыбысына ۆ ۋ-лерді аламын, Ғ. Мұса мырза [illegible] -лерді алайық дейді. Мен ۆ ۋ-лер сөздің бас буынында жазылсын, басқа буындарында ە, ھ жазылсын деймін. Ғ. Мұса мырза сөздің аяғынан басқа жердің бәрінде жазылсын, аяғында ғана ە, ھ жазылсын дейді. Меніңше, мысал: :كيدەي، كيلەگەي، چۇرەگەي، ايسەك، كيسەك، كيرەك *есек, кесек, керек, кедей, кілегей, шүрегей* деп жазбақшымын, оныңша:كىدىى، كىلىگى، چۇرىگى، اسك، كەسك، كىرىك *еск, кеск, керк, клді, жүрк*. Оның ۆ ۋ-лерден гөрі -лерді артық көретіні: ноқат қойып жатудан ноқат қоймау жеңіл дейді. Ноқат қоюдан қоймай жазудың жұмысы аз болғанмен, оның жаттығы мол емес пе? جيتەك، چيلەك، ايسەك *жетек, желек, есек* деп жазсақ, бұрынғы جيتەك، چيلەك، ايسەك *есек шелек, жетек* деп жүрген күйінде оқыр, егерде جىتىك، چىلىك، اسك *жетк, еск, желк* деп жазсақ, جيتەك، چيلەك، ايسەك *жетек, шелек, есек* мағынасында оқымай, *жетік, шілік, есік* мағынасында оқулары ықтимал. Мен хәріфтерді өзгерткенде, халық жатсынбай, хат білетін адамдар үйретпей-ақ оқып кетерлік болғандай ғып өзгерттім. Бұрынғы лерді оқып жүргендер - лерді де оқып кетеді, бұрынғы و-ды оқып жүргенде ۇ-ды да оқып кетеді; «» -лерді үйретпей, *е, ы* деп оқып кетер деп айта алмаймын.

Мен бұл белгілерін былтыр әліппе жазып жүргенде, *е* емес, *ы* орнына алмақшы болып бір ұйғарып, тағы да ол ойдан қайтып едім. Мысалы: ырыс, ырық, мысық деген сөздерді *ырс, ырқ, мсқ* деп жазсақ, екеуін де оқушылар бірдей оқиды ғой деп ئ, ى-лерді алмай тастап едім. Түбінде бұл белгілер алынатын болса, *е* дыбысына емес, *ы* дыбысына алуға лайық: өйткені *ы* орнына алсақ, жұртқа үйретусіз қабылдануы ықтимал.

[redacted]

[redacted]

[redacted]

А.Б.

Жазу мәселесі. «Қазақ» газеті.
1913 жыл қазан айы № 34, 35, 36-сандары

ШАРУА ЖАЙЫНАН

Қазақ жеріндегі шаруалық – мал бағу мен егін егу. Мал бағу қазақтың көптен істеп келе жатқан ісі, ата кәсіп. «Мал бағу жайын ешкімнен үйренбей-ақ, өзіміз де білеміз» деп жүр. Қазақ мал бағу жайын білмейді деп біз де айтпаймыз. Бірақ білім дәрежесі неше қабат. Қазақтың мал ұстау турасындағы білімі ең төмен қабатында. Қазақтың бұл білімі жердің молшылығында ғана білім болып жүр. Жер тарылса, бұл білімімен мал бағып күн көруге болмайды.

Қазақ егін егуге кіріскелі де біраз жыл болды. Егін турасындағы білімді де қазақтар «біліп болдық» деп жүр. Егін жайында ешкімнен үйрене қоятын емес.

Біздің қарауымызша, егін турасындағы білімі де мал турасындағы білімі сияқты жердің молшылығында білім болып жүр. Жер азайса, ол біліммен алыс кетпейтін болар. Қазірінде қазақтардың сұрып жерлерді еркінше жыртып, соныдан соныға түсіп отырғанда мұжықтан егіні төмен шығады. Ол жер дәрежесінің төмендігінен емес, білім дәрежесінің төмендігінен. Қазақтың көбі егін жайынан: егін егуге жер жырту, тырмалау, тұқым шашу керек екендігін ғана біледі. Осымен егін білімі тамам деп ойлайды. Қашан, қалай һәм қанша рет жырту керек, қалай етсе шашқан тұқымға жер жайлы болады, не нәрсе оған зарарлы, не нәрсе пайдалы, пайдалы нәрселерден пайда тию үшін, зарарлы нәрселерден зарар келмес үшін не істеу керек? Ол жағынан қазқтың білімі тіпті нашар. Ол білімнің нашарлығы қазір жердің молшылығында сезілмейтін шығар, жер таршылыққа айналса, тез-ақ сезілер. Аз жерді осы күнгі қалпында тұтына бастаса, жерін тез-ақ тоздырмақшы. Тозған жер жаңарып жетілуіне қазақ даласында 15-20 жыл керек. Қала боламыз деп ер басына 15-тен жер алғандар бұрынғы молшылық қалыппен ексе, оған өлшеулі жері шыдар ма? Жерінің бәрін тоздырып алып, ол жер түзеліп жеткенше 15-20 жыл жел оба ма?

Бұл сөзді «қала боламыз» деп өлшеулі жер алған қазақтардың кейбір ісінен хабар алып жазып отырмыз. Әуелі, қала болудың

мәнісі не екенін білмей, көптің дүрмегімен кіріп қалып, енді не екенін көзімен көрген соң, адасқанын біліп, қалай бетін түзерін біле алмай жатқандар бар көрінеді. Қала боламыз десе де, малсыз күн көре алмайтын болған соң, мал бағуға қалаға деп өлшеп берген жер жетпейтін болған соң, істейін деп жатқан амалдары мынау: екі-үш участок қосылып, жерлерін біріктіріп, бірін қыстау бірін жайлау істемекші-міс.

Бұлары әншейін далбаса ғой. Адасқанын байқаған соң абдырағанынан істейін деп тұрған іс қой. Әйтпесе, он бес десятинадан ұлтарақтай жерлерді құрастырып, жайлау, қыстау дегенмен, есебі баяғы бір он бес қой. Қалай қарай тартсаң да жер созылып, молаймайды ғой.

Әуелі, малсыз күн көре алмайтын болғанда, «сау басыңа сақина тілеп алмасқа» керек еді. Қала болу не екенін білмей барып, шорға түсіп қалсаң, ендігі істейтін іс, біздің ойлауымызша, бұрынғы «жайлау» деген атты жоқтау болмасқа тиіс. Өткен – өтті, іздегенмен, таптырмайды, қуғанмен, жеткізбейді. Өткенді қуғанды қойып, осы күйіңді түзеуге жөн іздеу тиіс. Ендігі істейтін іс: участоктарды құрастырып, «мынау жайлау», «мынау қыстау» деп ат қойып, құр көңіл жұбату емес. Көрпең қысқа болса, көсілуге жетпейді, созғаныңмен молаймайды. Көрпе жетсін десек, істерлік жалғыз-ақ амал бар: көсілуді қойып, аяқты жию. Сондай-ақ, аз жерге істер жалғыз-ақ амал бар: жердің тапшылығына істейтін амалға түсу керек. Ол амал – аз жерден көп жердің пайдасын шығара білу. Олай етуге бұрынғы мал бағу мен егін егуге жарап жүрген білімдеріңнен басқарақ білім керек. Ол – көп малдың есесін аз малдың асылын ұстап, толықтыратын білім, аз жерді аздырмай, көп жердің орнына тұтынатын білім. Бұл екеуі де қазақ қолданып көрмеген білімдер.

Малдың асылын ұстау үшін қазақ қолындағы малын асылдандыру керек, асыл малдың ішінде қазақ жерін жерсінетін, жерсінбейтіндері болады. Оны да біліп алу керек.

Аз жерді аздырмай, көп жер орнына тұтыну үшін асыл малға керек білімнен де көбірек білім қажет. Бірақ сол білімнің бәрі де

білгісі келген адамдарға табылатын білім. Білім үшін, әуелі, керек қылу шарт, екінші, жаhат ету шарт. Бұл жоғарыда айтылған сөз қазақтың бәрі үшін, әсіресе арасындағы қала боламын деп, қамытқа басын сұғып қалып, қайта шығара алмай, абдырап тұрғандар үшін. Аз жерге істейтін амал жалғыз-ақ осы.

Егін егу, мал бағу жайын жақсы білетін адамдардың сөздерін мұнан былай әр уақыт газетаға жазып тұрамыз.

Шаруа жайынан. «Қазақ» газеті.
1913 жыл июль айы №24 саны

ЗЕМСТВО

Июльдің аяғында Орынбор губерниясының земствосы ашылып, 1-ші губернский чрезвычайный собраниесі (жиылысы) болды. Бұл земствода жұмыс қылатын адамдар сайланып, земство жұмысын қолға алғанның басы. Земство деген – әр губерния, әр облыста жұртқа керек жұмысты жұрттың өзіне билету, жұрттың өзіне істету. Жұрт ортасынан қалаған адамдарын сайлап шығарды. Олар жұртқа керек жұмысты өз білігімен басқарып, өз билігімен атқарады. Басқару мекемесі «Земский собрание» деп, атқару мекемесі «Земский управа» деп аталады. Собраниенің үйездегісі уездный собрание, губерниядағысы «губернский» деп аталады. Управа да уездный һәм губернский болады. Собраниелерде жұрттың сайлаған депутаттары «гласный» деп аталады. Управа бір председатель һәм екі член болады. Гласныйлар үш жылға сайланады, управаның да председатель һәм членде рі үш жылда қайта сайлаумен жаңаланып тұрады. Уездный земский собраниенің гласныйлары уездный сайлау жиылысымен һәм волостной сходпен сайланады. Уездный земский собраниенің гласныйлары сайланған соң, олар губернский, земский собраниенің гласныйларын сайлайды.

Бұл жоғарыда айтылғаннан көрінеді: земство мекемелерінде басқарушы һәм атқарушы халықтың өзі қалап сайлаған адамдары екендігі. Олардың істейтіні халық жұмысы. Халық өзіне залал келтірмейтін, пайда келтірерлік адамдарын сайлайды. Пайда келтіретін адамдар сайланғаннан, олардың ісін де халыққа пайдасызы болмайды. Земствоның қолындағы істің бәрі де пайдалы болғандықтан жұрттың земство сұрап қақсайтыны. Россияда земство законы шыққалы 50 жыл. 34 губернада земство көптен бері бар. Олардан басқаларының кейі не жақын арада шығып жатыр, кейі не шықпақшы болып тұр, кейі не тіпті шығар-шықпасы бимағлұм. Земство законы «Земский положение» деп аталады. Россия земский положениесі бастапқы қалпында да жұрт тізгінін өзіне түгел ұстатқан закон емес еді, онан бергі жерде талай кесіліп, кеміп, земствоның басында билігі аз. Тізгіннің көбі

хүкімет қолында. Законның жайсыз күйінде де земстворының келтіретін пайдасы көп.

Земство қолында болатын халықтың тіршілігіне нағыз керекті жұмыстар. Ондай жұмыстар мынау:

Әуелі, земский ақшаның билігі земствода болады. Земство әр жылға жұртқа керек жұмысқа смета жасайды, оны раскладкамен халыққа бөліп, үлестіреді, жиылған ақшаны орын-орнынша халыққа керек жұмысқа жұмсайды. Орынсыз халықтан тиын алынбайды, алған тиын пайдасыз жоғалмайды. Земствоға берген тиыннан жұрт сомдық пайда көреді. Земство жоқ жерде де земский сбор деп ақша алынады, бірақ оның пайдасын ақша төлегендер көрмей, басқалар көреді. Мысалы, Торғай облысының қазағынан жиылған земский ақша оқимын деген қазақ баласына беріле бере ме? Қазақ баласы гимназиаға оқиын десе, стипендиа жоқ, реальный училищеге оқиын десе стипендиа жоқ, учительский школада земский стипендиаға қазақ баласы алынбай, Полтава губерниясынан келген орыс балалары алынады – халық ақшасы далаға кету деген осы болады. Қазақ ақшасы босқа кететін орны жалғыз осы деп айтып отырған емес, санаса, ұшы-қиырына жетіп болмас, мұны әншейін мысал үшін келтірдік.

Екінші, халықтың оқу жұмысы земствода болады. Халыққа оқуды тегіс таратушы, жұртқа тегіс хат білдіруші земство. Земство бар губерналарда хат білетін жүз кісіден 80, 90 болады. Россиядағы халықтың бәрін қосып жіберіп, топтап санағанда, жүз адамнан 20 адам-ақ хат білетін болып шығады, біздің қазақ облыстарында жүз кісіден 5 кісі-ақ хат біледі.

Мұнан шамалауға болады земство халыққа оқуды қандай жаратынын. Земство қала халқынан да қырдағы бізге көбірек керек. Қалада қазынадан ашылған, обществодан ашылған оқушыларға орын көп. Қала баласы оқиын десе, оқитын орын қасында, үйінен барып сабақ оқып қайту қиын емес. Қазақта қала жоқ, қала болып күн көрерлік жері жоқ. Елу, алпыс болып бір жерде үй басы құралатын қазақта ауыл аз, көбі бытырап-бытырап, жалғыз-жалғыз я екі-үш үйден отырады. Бірінің қыстауында ашқан

мектепке я школаға екінші қыстаудың баласы үйінен барып қайтатын болып оқи алмайды, қырда балалар жиылып бір жерге жатып оқымаса, болмайды. Оған әр бала азығын ала барып жатып оқу қолайсыз һәм қымбат түседі. Қырдың оқу жайындағы қолайсыз кемшіліктерін толықтырарлық нәрсе – земство.

Үшінші, земстволың көбірек ілтипат ететін жұмысы халықтың денсаулығы. Адамға жаннан қымбат не нәрсе бар? Жан денсаулықпен байласулы, ден сау болса жан тыныш, зиһин (зейін) шабытты, жұмысқа дене қайратты болады, ауру денеде мұның бірі де жоқ. Сондықтан да земстволың бас жұмысының бірі денсаулық қой. Әуелі – аурудың халыққа жайылмасына тәртіпті амал жасайды, екінші – ауырған адамның орны жайлы, емдеусіз ешкім қалмасқа тырысады. Жақсы дәрігерлер, жақсы ауруханалар земский губерналарда, дәрігер мен аурухана жұртқа жеткілікті болғандықтан, ауруларға ем даяр. Земство жоқ губернияларды алсаң, уезд басына бір-екі дәрігер. Дәрі-дәрмегінің оннан бірі жоқ. Аз дәрігер аз күйінде қалада тұрады. Қырғы ауылдарға шығып, адам емдемейді. Қырдан келген ауруларға көбіне бererлік дәрісі болмайды. Ауруды жатқызатын орны жеткіліксіз. Біздің қазақ облыстарында земство жоқ, земство болмаған соң, біздің де халіміз бұлардан төмен болмаса, артық емес. Қазақтан денсаулық жұмысына деп ақша алынады. Дәрігерлер қалада тұрады, қаланың адамын емдейді. Дәрігер үшін ақша төлеген қазақтарға ауырса, емдеуге дәрі жоқ, жататын орын жоқ.

Земстволың халыққа істейтін пайдалы ісінің бәрін баяндап, түгел жазуға газетадан орын жетпейді. Сондықтан сөзді қысқартпақ үшін жоғарыдағы айтылғаннан басқа тағы қандай жұмыстар земстволың қолында болатынын қысқалап-қысқалап айтып, жанап өтеміз.

Егін шықпағанда ел астықтан тарықпас үшін, шөп шықпағанда мал пішеннен тарықпас үшін кеңнен толғап, келесінің қамы үшін іс қылатын – земство. Егін егу, сауда істеу, онан басқа неше түрлі кәсіп қылушыларға көмекші болатын – земство. Қазына поштасы жүрмейтін жерлердің бәріне пошта жүргізіп,

хабарласу жұмысын оңайға айналдыратын – земство. Ақсақ, соқыр, мүгедек, өз еңбегімен жұмыс қылып күн көре алмайтын, асырайтын жақыны жоқ пақырларды, мойнына дорба салғызып, тіленшілік қылып қаңғыртпай, асырап-бағатын – земство. Мал жұтқа шалдықса, малың отқа шалдықса, жылу сұратып телміртпей, шығынды сезгізбей, өндіріп беретін – земство. Бұлардан басқа да пайдалы істері толып жатыр.

Бұл земство жайынан жазғандағы мақсат, әуелі, Орынбор земствосының хабарын жазғанда қазаққа түсініксіз болмас үшін, екінші, земство пайдалы нәрсе болғандықтан һәм бұрынғы бермеген губерния һәм облыстарға да сбор берейін деп жатқандықтан, қазаққа да ескерерлік жұмыс екендігін халықтың құлағына салмақ. Мұнан былай да земство жайынан жазып, қазақтарға толық мағлұмат бермек ниеттеміз.

Земство. «Қазақ» газеті.
1913 жыл август айы №25 саны

АУРУ ЖАЙЫНАН

Басқармаға келген кейбір хаттарда: "Пәлен адам, пәлен жылдан берлі ауру, жақындағы докторлар жаза алмады, алыстағы докторлардың жақсысын қайдан табуға болады?" дейді. Ауру адамның түрлі жерінен жабысады. Олай болған соң, олардың емі де түрлі болмақшы. Неше түрлі аурудың түрінің бәрін тегіс жақсы білетін докторлар сирек болады. Көбі азының емін ғана жақсы біліп, көбінікін нашар біледі.

Шет жерлерде, кішкене қалаларда аурудың әр түрін жақсы білетін докторлар болмайды. Ондай жерлерге орын таба алмаған, оңбаған, қай-қайдағы жаман барады. Үлкен шаһарларда жақсы докторлармен қатар, дәрігерлік ете алмайтын нашарлары тайып шетке шығып кетеді. Сол себепті жақсы доктор іздейтіндер зор шаһарлардан іздеу керек. Ондай шаһарларда докторлар біреу-екеу емес, әлденешеу болады. Іздеп келген аурудың еміне бірі болмаса, бірі жетік болып шығады. Ауқаты кемдер екі бастан алыстан доктор іздей алмайды, ауқаттылар жанынан малын аямайтын болса, істейтін іс мынау: әуелі, зор шаһардың біріне барып, науқас адамын көрсету, не ауру екенін анықтап білу; оны білмей тұрып, пәлен докторға емдет деп айтуға болмайды. Ауруды анық таныған соң ғана ол ауруға пәлен доктор жақсы деп көрсетіп, жөн сілтеуге болады. Ол доктор, бәлки, сол шаһардың өзінен табылар, онан табылмаса, басқа жерден табылар. Бірақ не ауру екенін анық білмей тұрып, пәлен докторға емдет деп ешкім айта алмайды. Ауру жабысқанына көп жыл болып ескірсе, оны емдеуге де көп уақыт керек. Көп емдетуге қазақтың көбі төзбейді. Тәуір бола бастаса, жазылғандай көріп, емдетуден қаша бастайды. Емдеу тоқтаған соң, жеңіліп, әлсіреп келе жатқан ауру қайтадан күшейе бастайды. Қазақтың көбі неше жылдан берлі орнығып, бойға сіңген ауруға бірер сауыт дәрі алып тұтынып, сонымен "ауру жазыла қоймады" дейді. Олай дейтіндері аурудың мәнісін білмегендіктен. Қазақ дәрігерлері ауруды бірден жоямыз деп күшті дәрі береді. Онысы ауру мен дене арасында не хикмет бар екенін білмейтіні.

Ауру – денеге зарарлы нәрселерден болатын бүліншілік. Ол зарарлы нәрселерді "микроб" дейді. Микроб денеге орнап, көбейе бастаса, тәнге зарар келтіре бастайды. Тәннің қалыпты істеп тұрған істерін бұзып, бүлдіріп, денеге зарарлы улар жая бастайды. Қысқасы, зарарлы, микробтар дененің дұшманы, жауы. Микробтар көп, олар дем алатын ауамызда да, ішетін суымызда да, жейтін тамағымызда да болады. Өздері көбейгіш, өсімтал келеді. Жайлы орын тапса, тез өсіп өнеді, олардан құтылу қиын, күтініп, қарсы қару жұмсап, жеңдірмес ғана шарасы бар. Жау тиерін білгенде қандай күтінеді, бұнан да сондай күтіну керек. Жаудан күтінгенде жолына кедергі болғандай қорғандар тұрғызады, қарсы қару қылғандай мықты әскерлер қояды. Ауруға да соны істеу керек.

Құдірет денеге зарарлы нәрселерді жаратқанда, олардан қорғайтын, денеге достығы бар, пайдалы нәрселерді де жаратқан. Тәнімізді зарарлы нәрселерден қорғау үшін теріден қорған жасап қойған, ол бүтін тұрғанда микробтар онан өтіп зарар келтіре алмайды. Зарарлы микробтарға қарсы пайдалы микробтар жаратқан, олардың жаятын уына қарсы басытқыларын жаратқан. Құдіреттің ісінің бәрі оңды, бәрі жөнді. Жөнді істі жөнсізге айналдыратын кінә өзімізден. Зарарлы микробтарға тәнімізге кіруге жол ашып беретін өзіміз. Денемізді нашар ұстап, ауруға алдыратын өзіміз. Тән қаруын мықтасақ, сырттан кірген ауру микробтары оңайлықпен орнығып, тыныш өсіп, өне салмайды. Тән мен микроб арасындағы соғыс – күнде болатын соғыс. Тән жеңіп отырса, бізге сезілмей кете береді, микроб жеңіп, тәнді ауру басқан кезде ғана сеземіз. Сонда ғана денеміз сау еместігін біліп, дертке ем іздей бастаймыз. Емнің асыл түбі – ауруды аздырып, тәнді күшейту, яғни ауру мен дененің алысқан жерінде дене жағына болысу; ауруды әлсіретіп, жеңіп беру. Ол мақсат науқас адамды бағумен һәм дәрі берумен табылады. Дәрінің көбі улы нәрселерден жасалады, улы заттар мерзімді өлшеуімен жұмсалса, тәнге пайдасы тиеді, өлшеуінен асса, зарарлы. Қазақ дәрігерлері "аурудың тұқымын бірден құртамыз" деп, дәріні

науқастарға күшті қылып береді. Оның пайдасы мен зарары бірдей: күшті дәрі микробты әлсіретуге жақсы болғанмен, тәнге жайсыз болады. Дәрі жайсыз болса, тән азады. Тәннің жүдегені емдеудің түп мағынасына хилаф келеді.

Берген дәрі тәнге пайдалы болып, микробтарға жайсыз болса, пайда бар, ғылымды дәрігерлердің емдеуі солай болады. Докторлар дәріні дертті әлсірету үшін беріп, тәнді күшейту үшін аурудың бағуын жақсылайды. Емдеу жұмысында дәріден де гөрі бағуда көп мағына бар. Бағуын келістірмей, дәрінің күшімен ауруды жазуға болмайды, дәрі бермей, бағуын келістірумен жазуға болады. Докторлардың көбі дәрімен емес, бағумен жазады. Бағым жақсы болса, тән күйлі болады, күйлі тән күшті болып, ауруды жеңеді. Бағымның жақсы болуына керек нәрселер: жағымды тамақ, жайлы орын, таза ауа. Бұлардың мәнісін қазақтың оқымаған, дәрігерлік ғылымынан хабары жоқ емшілері қайдан білер? Докторлар, фельдшерлер қазақ ішінде аз, жоқ есебінде. Қаладағы докторларға емдетуге уезд басына бір ғана ауруханадан болады, онда 10 шақты ғана орын болады, ол орын қайсысына жетер? Пәтерде тұрып емдетуге көбінің ауқаты көтере алмайды, көтерсе де, шығынын көпсінеді.

Сондықтан қазақ обылыстарында земство ашылып, денсаулық жұмысы жөнделгенге шейін елдегі емшілерге емдетпей қазақтардың шарасы жоқ. Қазақтардың емшілерге емдетіп жүргені докторлардың, фелдшерлердің қазақ арасында кемдігі, жоқтығы. Тіпті, емдету керек емес десек, ол басқа сөз; емдету керек десек, елдегі емшілерге емдетпеңдер деп қазірінде айта алмаймыз. Емдетіңдер, бірақ талғап емдетіңдер. Оқымағанмен, «Құдай еңсесіне құйған» дегендей жақсы емшілер де бар шығар. Оқыған дәрігерлердің арасында не ауру екенін айыра алмайтын докторлар толып жатыр. Ауруды танымаған доктор әліпте ол ауруды емдеуді де білмейді. Қазақ арасында жақсы сынықшылар бар, жақсы оташылар бар, олар болғанда, жақсы емшілердің де болуы ықтимал.

«Бәрін айт та, бірін айт, сөздің тұрар жерін айт» деген сөз топшысында айтарлық мынау: Әуелі, аурудан күтіну үшін не керек, сол жағынан халық хабардар болуға керек. Екінші, ауруды әлі бар адамдар, алыста да болса, докторларға емдету керек, әлі жоқтар ел ішіндегі емшілерге емдетпей шарасы жоқ.

Үшінші, қазақ емшілері күшті дәрімен аурудың тұқымын құртамыз деп ойлайтын пікірлерін тастау керек, оның пайдазияны бірдей екені жоғарыда айтылды ғой және де қазақ емшілері пышақ жұмсаудан тиылу керек, пышақпен тілген жердің жарасы жазылғанша оны микробтан қорғау керек. Оны қорғау үшін докторлар күн сайын дәрімен тазартып жуып, орауышын жаңалап отырады. Оны қазақ пышақшылары істей алмайды. Жараға микроб түссе, "пышақтан қағынды" дейтін сонда болады, ол бек қауіпті іс.

Төртінші, қазақтың дәрігер ғылымын оқыған адамдарды аурудан күтіну жайынан һәм жеңіл-желпі емдер жайынан жазып, елге ұсақ кітапшалар таратса екен. Көбіне қазақ ішінде жеңіл-желпі аурулар зор ауруға ұласып кетеді.

Ауру жайынан. «Қазақ» газеті.
1913 жыл август №27 саны

ЖАУАП ХАТ

Құрметті Жанша мырза!

Сіздің де, біздің де ойлағанымыз қазақтың азып-тозбас қамы. Сіздің де, біздің де ниетіміз қазақ азып-тозбасына қызмет ету. Тілегіміз қазақ халқы басқа халықтармен қатар жұрт қалпында ғұмыр шегуге басқаларға теңелсе екен деген. Сол үшін әркім білгенін, қолынан келгенін істеп жатыр. Сіз сиез жасаймын деп жатырсыз, біздер – «Домострой»*, кәкір-шүкірді қазақшаға аударып, арзан рисалалар жазып, газета-мазета шығарған болып тырбанып жатырмыз. Соның бәрін қазақтың көзі ашылып, көкірегіне сәуле кіруіне себепкер бола ма деп істеп жатырмыз. Орыстың мақалы айтқандай «ұжмаққа барғым келсе де, күнәлерім жібермейді» деп, қазақ үстіне ұжмақты бір күнде-ақ орнатқым келеді, бірақ қолымнан келмейді. Арзан рисалалармен қазақ жұмысы бітті деп, «гүл жастанып» көсіліп, рақаттанып қарап жатқаным жоқ, білгенімше, қолымнан келгенінше істеп жатырмын. Бірақ ұсақ іс істеп жүргеніміз зор іс істеп жатқан сізге айып көрінетін шығар. Бай жарлының кедейлігін бетіне басады, сұм аңқаудың аңқаулығын бетіне басады, іскер жалқаудың жалқаулығын бетіне басады: өзіңіз қымбат рисала жазған соң, арзан рисала жазғанымды бетіме басып отырсыз; өзіңіз күндіз дамыл, түнде ұйқы көрмей, жұрт жұмысында жүрген соң, менің «гүл жастанып», көсіліп рақатта жатқанымды бетіме басып отырсыз; өзіңіз буыныңыз өсіп, бұғанаңыз қатып, ер жетіп, есіңіз кіріп, ақылыңыз толысқан соң, емшек табы ернінен кетпеген шәкірттердің балалығын бетіне басып отырсыз; өзіңіз чиновниктің жалтыр түйме, жан қылышын жұрт үшін құрбан қылып, чиновниктігін қимай, 20-ншы числамен жалование алып отырған адамдардың чиновниктігін бетіне басып отырсыз, көкіректі керіп, көкке қарап көпіріп, күпініп әркім-ақ сөйлер, бірақ маңызы қанша? Мағынасы не?

---

* Жаңалыққа қарсы пікір жазылған орыс кітабының аты (А. Байтұрсынұлының газетте берген түсінігі - ред).

«Домострой» переводы арзан рисалада аю маймылға айтқан екен:
«Маймылжан, бір азырақ етсең төзім!
Менің бар жалғыз ауыз айтар сөзім.
Әуре боп бөлелерің санағанша,
Абайлап қарашы әуел өзіңе-өзің!» – деп.

Кекесін сөйлеп кеміткендей асқан-тасқан еш нәрсе жоқ, қайқайсымыздың да істеген ісіміз шамалы ғой. Бай кедейді кекетсе, байып отырып айтушы еді; сұм аңқауға күлсе, сұмдығын асырып отырып күлуші еді; іскер жалқауды кемсітсе, ісін асырып отырып кемітуші еді; олай болғанда, арзан рисала жазушыға қымбат рисала жазған адам күлу тиіс еді. Сіздің не жөнмен кекесін сөйлеп, кемітіп отырғаныңыздың мәнісін біле алмадым.

Жұрт алдындағы адамшылық борышымыз: әркім білгенін, қолдан келгенін істеу емес пе? Жұрттың әр жұмысының әр түрлі орны бар емес пе? Олар үшін әр нәрсе өз орнында керек емес пе? Рисала-мирсала, газета-мазета, шәкірт-мәкірт – бәрі де өз орнында керек емес пе?

Шәкірттерден, біздерден ғали таһсил алған сіздің біліміңіз көп шығар, бірақ бір кісі қанша білімді болғанмен, жұрт жұмысының бәрін істей алмайды ғой. Сіз – юрист (адвокат), мен – учител, әрқайсымыз өз орнымызда керекпіз. Әрқайсымыз арнап үйренген, я жаттығып істеген ісімізге шеберміз, онан басқа іске әркім ортақ. Сондай істің бірі – сиез. Сиез жалғыз юристтің, яки учителдің арнаулы жұмысы емес. Көп ортасындағы жұмыс. Ол турада әркім пікірін айтса, "жеріме түстің" деп юрист те, учител де айта алмайды. Олай болғанда, тарылып, таусылып сөз айтқандай еш нәрсе жоқ еді.

Мен сиез турасында жазғанда, сіздің ойлаған сиезіңіздің үстінен түсе алмадым. Олай болғаны, сиездің түрліше болатындығынан. Сиездің бір түрі: жұрт жұмысын түзеуге қызмет ететін адамдар ақылдасып, бір бағыт, бір жөнмен жұмыс істеу үшін бас қосу. Оған жиылған адамдар бас қосқанда, ұнатқан жөнмен еліне барып басқаларға басшылық етіп, іс қылмақшы. Екінші түрі: өзін ілтипатқа алмай, сөзіне құлақ салмай, қомсынғандарға

жұрт қомақты екенін білдіріп, бел көрсетуге бас қосады. Үшінші түрі: жұрт жұмысының кемшілік жағын қалай түзетсе жақсы болатын жайын ойлаған адамдар ақылдасып, ойласып, болашақ іске проект (жоба) жасап, жұрт алдына салып, ұнатса, батасын алып, жолға жіберуге бас қосу. Пәлендей сиез жасаймыз деп жазылмаған соң, менің ойыма келгені сиездің үш түрінің бастапқысы болды. Басқа түрлері болмас деп ойлағаным: серкесі суға түссе, серпіле қашатын қойлар, зорлап салмаса, тоғытқа түспейді. Сол сияқты күйде тұрғанда бел көрсететін сиез жасайды деп ойлауға ешбір орын жоқ. Үшінші түрі болар деп ойламағаным: қазақ ісінің жайынан пәленшелердің даярланып жасап қойған докладтары (жұрт алдына салатын) бар деп естілмеуші еді. Сіздің сиезіңіз, хатыңыздың сөзіне қарағанда, қазақтың сходтары, чрезвычайный сиездері сияқты, яки губернатор, генерал-губернаторлардың жасаған сиездеріндей болмақшы. Бұлай болады деп сиезді жеңілдету үшін айтатын шығарсыз, он облыстың қазағынан болыс басына екеуден шақырған сиез сход, я чрезвычайный сиездей болмас. Ең жеңіл болғанда, генерал сиездеріндей болар. Генерал сиездері қазақтың не игілігіне болып, қазақ не керегін алып, не кемтігі толғанын мен білмеймін. Ол заман қазақтың көңілін аулап, ауанына қарап іс ететін заман еді. Крыжановский, Кауфман Колпаковский заманы тай ноқталаған сықылды іс қылатын заман. Ноқталағанша һәм ноқталағаннан кейінгі істелетін істер басқа-басқа. Ол кездегі сиезде қазақтың сөзі тыңдаулы, тілегі қабыл шығар, ол заманмен бұл заман бір емес. Сондықтан ертедегі емес, жақындағы болған генерал сиездері қазаққа қанша жағымды, жағымсыз болғанына қарау керек емес пе? 1907-ші жылы Дала уалаятының генерал-губернаторы Надаров сиез жасады. Сол сиезде қазақтың осы күнгі керек деп отырған нәрселерінің бәрі болмаса да, бірсыпырасыақ айтылды. Бірақ бүгінге шейін қазақтың сұрағанынан қолына тиген еш нәрсе жоқ. Жұрттың көбі ойлап жүр: «Қазақ тілегі хүкіметтің құлағына тимей жатыр, хүкімет қазақтың мұнын білмей жатыр», – деп. Олай ойлау қате. Керегін қазақтың өзі қандай білсе, хүкімет һәм сондай біледі, қазақтың тілегін хүкімет

бермей тұрса, білмегеннен емес, беруші мен алушының есебі тура келмегенінен. Алушы да, беруші де әрқайсысы өзіне жағымды жағын көздейді. Қазақтың ақысы ауысып отырған жалғыз хүкімет пе? Қазақты кім жем қылмай отыр? Қазақтың ақысы қазақпен араласқан жұрттың бәріне де ауысып жатыр.

Қазақ өзі теңеліп, ақысын ауыстырмайтын дәрежеге жеткенше қазаққа қай жағынан да болса теңдік жоқ. Жұрт қолы теңдікке теңелсе жетеді. Жұрт азаматының жұмысы жұрты теңеліп, теңдікке жетер ме деген үмітпен істеледі. Жұрт теңелуіне көп жұмыс, көп уақыт керек. Жасаймыз деген сиез сол көп жұмыстың бірі. Көбі ойлайды: «Сиез болса, қазақтың қажетінің бәрі болмаса да, көбі сонымен табылып, қазақтың қолы дегеніне жетіп қалады», – деп.

Сиез болатын, жұртқа керек нәрселер сөйленетін, "тілегіміз мынау" деп тапсырылатын, керегімізді айтып, тілегімізді сұрап, жұмыс бітіріп келдік деп, еліне барып сиезшілер жататын. Ешкім қозғап, әурелемейтін тыныш орын таптым деп, шкафтың бір бұрышынан орын алып, олардың тілегі жататын. Бұл сөз сиез жасау керек емес, сиез пайдасыз деген емес; сиез керек жұмыс, пайдалы жұмыс; бірақ сиездегі тілек шкаф бұрышында жатса, пайда жоқ. Қазақ – жоқшы, жоғын іздеген қуғыншы. Қуғыншы қандай болса, мал қайтпақшы?

Сиез турасында айырық сөз Қыр баласы – Бөкейханов һәм менен ғана шығып тұрған көрінеді. Басқалардың бәрі жануы түскен пышақтай жаландап, даяр тұрған көрінеді. Біздер сиез пайдасыз жұмыс демейміз һәм дегеніміз жоқ. Бірақ министр бұйрығын көріп, қалай болар деп, мен әуелі сақтық жағын айттым. Екінші, сиезді тоқтата тұрып, сиезде кеңеске түсетін нәрселерді газета, журнал арқылы, оған сыймаса, хат арқылы ақылдасалық дедім. Олай болсын дегеніміз, сиезге шақырған адамдар тойға шақырған сықылды болмай, сиездегі жұмысқа күтініп келсін деген ой еді. Қазір де сайлаған, күтінген еш нәрсе жоқтығын Қыр баласы – Бөкейхан да айтты: "Он облыс қазақтан жиылатын сиез ауылнай болыс сайлауындай болады" деп, сіз жеңіл қарағанмен, ондай жеңіл бола қоймас. Қазақта кемшілігі мол істер толып жатыр, солардың түзеліп, оңдалуына жасалатын сиез

болса, әрқайсысына жоба жасалып, жол белгіленіп, даяр болып келмесе, сиездің аз уақыты оның бәріне жетер ме?

Жоба жасап, жол белгілеген докладтарыңыз даяр болса, сақтанарлық қауіп жоқ болса, тоқтатып, кейінге қалдыруға жөн жоқ. Даяр тұрған нәрсеге не даярлану керек. Ал сиезді жасалық!

Жұбекен мырзаның айтуына қарағанда, Орал облысы даяр көрінеді. Басқа жерлер де сондай даяр шығар. Ол мырзаның айтуынша, қисық сөйлеп, алауыздық қылып, жұрттың шырышын, ұйымын бұзып тұрған Қыр баласы – Бөкейханов һәм мен болсам керек. Дәлелсіз, дәнемесіз ол мырзаның қисық дегені қисық болып, дұрыс дегені дұрыс болатын болса, оған айтар не сөз бар?

Біздің сиез турасында айтқан пікіріміз ұйым бұзар сөз болып жүре алатын болса, жұрттың бәрі де Жұбекен мырзаның сөзін айтып тұрса, көптің дегенімен болайық. Солай болмағанда, жұрт сиез жасап, тілегенін алып, дегеніне жетіп, қарық болып қалатын еді деген түбінде зор өкініш болар. Біздің ойлағанымыз жұрт сиезге күтінусіз шығар, жұрт күтінсін, даярлансын деген еді. Жұрт күтініп, даяр тұрса, жұрттың біздің ойлаған жеріміздеи шықпағаны: біз жұрт жайын білмегеніміз. Талпынып тұрған жұртты тартыншақтық етіп тоқтатқан, әрине, дұрыс емес. Жұрт даяр болса, сиез басшылары, бастаңыздар, біз де қостап, қолдан келген көмегімізді аямаймыз.

Шеттеп жүрген біз болсақ, қосылдық, енді алалық жоқ. Жалғыз-ақ айтатын сөз мынау: құр аты сиез болмай, сиез сияқты болсын; қазақ сиез жасады деген соң, сиезде сөйлескен сөзімізге хүкімет құлағын сала ма, салмай ма (ол былай тұрсын), қазақ сиезінде не сөйленді екен деп хүкіметтен басқалардың құлақ салатыны болар. Сиезде де балгер сөзі сияқты дәлелсіз, құр мынау былай, анау олай десек, "мұның дәлелі қайда" демей ме? Сондықтан даярмыз деген мырзалардың дайындығы ат ерттеніп, киімін киіп, тойға жүруге дайындалған даярланыс емес, сиезге алып келіп салатын дәлелді докладтары даяр деп ұғамыз (түсінеміз).

Ахмет.

P.S. Бұл хат – Жаншаның «Айқаптың» 13, 14, 15-ші нөмірінде жазылған хатына жауап.

Жауап хат. «Қазақ» газеті.
1913 жыл сентябрь, октябрь айлары №30, 31-сандары

БІЛІМ ЖАРЫСЫ ХАҚЫНДА

Әлмен Әзірмәмбетұғлы жазады: «Қазақтың» 16-ншы нөмірінде білім жарысы оқылды, оқылса да, байлардың көңіліне тоқылған жоқ. Сөз дұрыс, түсінуші кем. Біздің байлар ақшаны болыстыққа шашады, әкесі өлсе, атаусыз қалады деп, ат шаптырып, ас береді. Бұларға шыққан мал орынсыз далаға шашылғанмен тең. Баяғыдан байларымыз малын жау мен жұтқа, дау мен партияға уыстап шашса да, халық пайдасы, ғылым талабы деген жолға өте сараң, мырзалықтары өз бастарынан артылмайды. 22-нші нөмір «Қазақта» ақсақал Ахмет ишан Оразаевтың басшылығына риза болдық: «Білім жарысына бәйге тігемін деп жар шақырарлық кісі қазақта да бар екен-ау» деп.

Әлмен мырза бұл сөздерді жазғаннан кейін білім жарысы хақындағы өз ойын айтады. Оның ойынша: «Білім жарысына бәйге тігетін байлар шығатын емес, онан да талапкерлер «Қазақ» газетасы арқылы бір сомнан жисақ, екі-үш жылдың ішінде бірнеше мың сом болмай ма, сонан кейін білім жарысына түсетін қаламы жүйріктер шықпай ма, сыншылар лайықтап қарап, бәйгені үлестіріп бермей ме?» – дейді. Әлмен мырзаның бұл ойы оқушыларға қанша ұнарын өздері біледі, біздің ойымыз айтылып еді.

Білім жарысы хақында Досмайыл қажы Қашқынбай ұғлынан бір хат келді. Бұл кісі: «Жағарапия кітабын осы жылдың аяғына шейін жазып бітіруге майданға түсемін, жағарапия жазушылар жарысқа шықсын», – дейді. Досмайыл қажының бұл туралы азырақ қате түсінгендігі бар ма деп ойладық. Себебі, білім жарысына қосылғандар тілесе, не хақында жазуға ерікті, жағарапия жазушылар бір бөлек, тарих жазушылар бір бөлек, оқу кітабын жазушылар бір бөлек жарысу шарт емес, кім нендей кітап жазса да, сыналғанда әр кітаптың өз алдына артықшылығы көзделеді.

Білім жарысы хақында. «Қазақ» газеті. 1913 жыл сентябрь №31 саны

УАҚ ҚАРЫЗ

«Уақ қарыз жайынан мағлұмат бер» деп қазақтардан, әуелі, сұраушылар болғандықтан, екінші, Оренбургский государственный банктағы уақ қарыз жұмысындағы инспектордың Торғай облысында әр жерден уақ қарыз серіктігін ашпақшы ниеті бар болғандықтан, уақ қарыз деген не нәрсе екендігін айтып, халықтың құлағына салмақшымыз.

Уақ қарыз серіктігі деген – серіктескен адамдардың қажетін шығаруға қарызға ақша беріп тұратын серіктік. Шаруасы бар, кәсібі бар адамдардың көбі-ақ қарызданбай тұрмайды. Қарызды бай да алады, жарлы да алады, бай мен жарлыға қосылмайтын орташа ауқаты бар адамдар да алады. Байдың қарызы ірі болады, басқаларының қарызы уақ болады. Байлар мыңдап, он мыңдап, жүз мыңдап қарыз алады, басқалары ондап, жүздеп ғана қарыз алады. Ірі қарыздар үшін неше түрлі банктар бар, уақ қарыздар үшін ондай орындар жоқ. Уақ қарыз алушылар көбіне ақшалы адамдардан қарыз алады, алғанда, көп өсімменен алады. Қажет болған шағында өсімнің көбіне қарамай, төлеу шартының ауыр-жеңілін талғамай ала салады. Сондай қысылғандарға көп өсімменен қарыз беруді кәсіп қылып алған адамдар да көп. Ауыр шартпен көп өсіммен қарыз алудан құтылуға болады, егерде уақ қарыз серіктігін ашып, дұрыстап, оны іс қылып жүргізетін адамдар болса.

Уақ қарыз серіктігі пайдалы һәм ашуы да оңай. Жалғыз-ақ қиын жері – дұрыстап іс етіп жүргізу. Оны дұрыстап жүргізу үшін керек, әуелі, іс мәнісін жақсы білетін адамдар, екінші, серіктіктің тиын-сиындарына көзі қызбайтын адамдар, осы екі шарт орнына келетін болса, уақ қарыз серіктігі серіктескен адамдарға бек пайдалы нәрсе.

Біз сырттан ашыңыз-ашпаңыз деп ешкімге мәслихат бере алмаймыз: жоғарғы екі шартқа тура келерлік кісілері бар-жоғын әркім өзі біледі, біз уақ қарыз деген не нәрсе екендігін һәм қалай істелетін жайын жазсақ, қолынан келер-келмесін әркім өзі аңғарар. Қолынан келерлік болса, ашқандары пайдалы, келерлік

болмаса, ашқанмен, жөндеп жүргізе алмай, пайда орнына зарар келтіреді.

Уақ қарыз серіктігінің түп мақсаты серіктескен адамдарға керекті кезінде машақатсыз, оңай жолмен, жеңіл өсіммен қарыз беріп тұрмақ. Ол қарызға берілетін ақша азық-түлік, киім-кешек һәм онан басқа сол сияқты шығыны бар да, өнімі жоқ қажеттерге емес, шыққан ақшадан өнім болатын іске беріледі. Мысалы: егін саларда я көлігі кем болып тұрса, я шашатын тұқымы жоқ болып тұрса, пішен шабуға машина алатын болса, я май алатын машина керек болса, я малға жем-шөп алу қажет болса, қысқасы, шығарған ақшасын өтерлік іс я кәсіптерге ғана беріледі.

Уақ қарыз серігін ашып, бастау үшін әуелгі кезде 20-30 адам керек. Ол адамдардың әрқайсысы өз алдына шаруасы, я кәсібі бар адамдар болу тиіс, жасы 21-ден кем болмасқа, еркек болсын, әйел болсын, бәрі бір есеп. Доктор, учитель, фельдшер, писарь, мұғалім, мұғалималар сияқты хат білетін, көзі ашықтау адамдардың кіріскені тым жақсы, мұндай адамдар тек сол жерде тұратын болса, жарайды. Жалғыз-ақ қымбаты: таза құлықты һәм халыққа қызмет етуге ынтасы бар адамдар болсын. Уақ қарыз серіктігін ашамын деген адам әуелі екі-үш адамға ойын айтып, істің мәнісін түсіндіреді, олардың әрқайсысы тағы екі-үш адамға айтады. Сонымен, серіктікке кірерлік адамдардың саны 20-30-ға толған соң, бәрі жиылып, бас қосып, іс жайын кеңеседі. Ашатын қаласын, я ауылын белгілейді һәм қанша елге, яғни бір волост я бірнеше волост елге ашу ма – оны һәм анықтап, жиылыста белгілейді. Осы іс бастап отырған 20-30 кісі "учредительдер" (жасаушылар) деп аталады. Учредительдер министр қол қойып шығарған уақ қарыз жайындағы уставты қарап, қолайлағандарын алып, қолайламағандарын, себеп айтып, өзгерт деп сұратуға ықтиярлы.

Бас қосып кеңесіп, ақылдасып, ойласып, сөзді пісіріп болған соң, ашуға рұқсат сұрап, арыз береді. Арыз беру, рұқсат алу – бәрі де оңай. Арыз беріліп, рұқсат алынғаннан кейін қызмет иесі адамдарын сайлайды, ол үшін члендердің түгел жиылысы

болады. Уақ қарыз серіктігінің қожасы – члендердің түгел жиылысы. Оны орысша «общий собрание» дейді. Түгел жиылыстың ұнатқаны – серіктік жұмысына закон. Онан асып ешкім іс қылуға ықтиярлы емес. Члендер жиылысында серіктік жұмысын атқаратын адамдар сайланады, мысалы, үш кісі сайланады серіктік жұмысын жүргізіп тұруға, оларды правление дейді. Олардың ісін тексеретін үш адам сайланады, оларды совет дейді.

Сөйтіп, серіктік жұмысы үшке бөлінеді: члендер жиылысына, правлениеге, советке. Бәріне жол салып, жоба көрсетіп беруші члендер жиылысы: қанша өсіммен қарыз беру, қарыз алу ретін бекіту, жаңа члендерді қалай кіргізу, қандай сомаға шейін оған қарыз беруге болатындығын бекіту, жылдық расходтың сметасын, жыл өткеннен соңғы отчетты бекіту, правление менен советтің үстінен арыз болса, қарау, тексеру, правление менен совет жұмысына жасалған тәртіптерді бекіту – бұлардың бәрі де члендер жиылысына міндет жұмыстар.

Қарыз алу, қарыз беру, жылдық расходқа смета жасау, жыл өткен соң отчет беру, басқа мекемелермен қатынасу, қысқасы, жиылыста істелсін деп мақұлданған істің бәрін атқаратын правление.

Советтің қарайтыны: уақ қарыз турасындағы закондерге, члендер жиылысында ұнатылып жасалған тәртіптерге хылаф іс қылынбасын көздеу, серіктік сомасы, мүлкі түгел ме – соны біліп тұру, ол үшін айында аз болса бір рет кассадағы бар ақшаны, қарызға берілген ақшаны книгеге салыстырып қарап, түгендеп тұрады. Правление менен советке сайланған адамдар хат білетін, іс білетін адамдар боларға керек, әсіресе правлениедегі адамдар. Серіктіктің маңызды ісінің бірі осылардың қолында болады, білімнің үстіне тазалық һәм керек.

Серіктік серіктескен адамдарға қарызға оңай жолмен, жеңіл шартпен ақша беріп тұру үшін ашылады деп жоғарыда айтылды. Оларға қарызға беретін ақшаны қайдан алады? Ол ақшаны қазынадан алады. Іс басталып, жүріп кету үшін қазына мыңнан бастап, үш мыңға шейін қарыз береді. Орынбор үйезінде ондай

қарыздарға 1000 сом, 2000 сом беріліп тұр. Көп, аз беру серіктіктің үлкен, кішілігіне қарай. Бұл ұзын срокты (13 жылдық) қарыз сомына алты тиын өсіммен беріледі. Ол өсім жыл аяғында, декабрде төленіп отырады. Онан басқа государственный банк қысқа срокты (тоғыз айлық) қарыз да береді. Оны да серіктіктің үлкен, кішісіне қарай, екі мыңнан бастап, бес мыңға шейін береді. Бастапқы кезде серіктікке қазына осындай көмек береді, сонан соң серіктіктің жұмысы жөнделіп кетсе, қарызға берерлік ақша бірте-бірте өз ісінен құралады. Іс жақсы кетіп бара жатқанын көрген соң, уақ қарыз кассасына өсім үшін ақша салатындар да шығады. Тоғыз айлық государственный банк беретін қарыз да істің жүрісіне қарай беріледі, жақсы бара жатса, көбірек, олай болмаса, азырақ беріледі.

Серіктік члендеріне қарыз бергенде, бастапқы кезде бір жылдан артық срокке бере алмайды. Ақшасын көп срокке берсе, кассаға өсімі ғана түсіп, капитал қайтып түспесе, қарыз берерлік кассада ақша болмай қалуы ықтимал. Сондықтан әуелгі жылдарда серіктік қарызды бір жылдан артық срокке бермеске тиіс. Кассада капитал молайған сайын қарыздың срогін ұзайтады. Қарызды қанша өсіммен беру серіктіктің қолайлауынша, бірақ сомына 12 тиыннан артық болмайды. Өсімге салған ақшаларға қанша өсім төлеу – о да серіктіктің қолайлап кесуімен.

Уақ қарыз серіктігінің өрмегін құру реті осы. Істің жақсы, жаман болуы істеушілердің шеберлігіне қарай – жоғарыда айтылған жұмыстарды атқара білетін сенімді адамдары бар болса, уақ қарыз серіктігінен пайда көп, зарар жоқ. Ондай адамы жоқ жерлерде серіктік ашу пайдалы болады деп айта алмаймыз. Қазақтардың өз бетінен ашарлық адамдары болмаса, орыстардың ашқан уақ қарыз серіктігіне қосылғанын мақұл көреміз, басқалармен қосылып, іс көріп үйренгеннен кейін өздері ашуға да болар.

Ашуға бел байлаған адамдар болса, қалай ашу жайынан толық мағлұмат беруге білгенімізді мұнан кейін де аямаймыз.

Уақ қарыз. «Қазақ» газеті.
1913 жыл сентябрь айы №32 саны

ЕГІН ЕГУ

Осы күнгі егіп жүрген астық шөптері, мысалы, бидай, тары, қарабидай, арпа – бәрі де бұрынғы кезде ешкім екпей, өздігінен шыққанмен, бұл күнде еш жерде шықпайды. Екпей шығатын тұқымдары таусылып бітіп, ексе шығатын тұқымдары ғана сақталған. Бұлар егуге сүйеніп, дағдыланып, екпесе, шықпайды да һәм еккенде де өсуі көп күй талғайды. Жерді жыртпай, тырмаламай, егін егуге болмайтынын әркім біледі. Тұқым шашатын орын даярламай, сұрып жерге ешкім тұқым шашпайды. Бірақ егіншілердің көбі жыртса, тырмаласа, сонымен егін жұмысы тамам деп біледі. Қандай жерге қай астықты егу, қашан һәм қанша рет жырту, тырмалау, қысқасы, егін жақсы шығуына жырту мен тырмалаудан басқа қандай білім керек – оны егіншілердің көбі білмейді. Ол білім: еккен тұқымға не керек екендігін білу, оған не нәрсе пайдалы, не нәрсе зарарлы екендігін білу. Шашқан тұқым жас бала, малдың жас төлі сияқты, орны жайлы, тамағы тоқ болса, жақсы өседі. Жерді жырту, тырмалаудағы мақсат тұқымға орын жайғастыру, неғұрлым жақсы жыртылса, тырмаланса, соғұрлым шашқан тұқымға жайлы болмақшы. Өйткені тұқымның тамыры таралып, бойы көтерілу үшін жолында бөгет болмасқа керек. Олай болу үшін жер қатты болмай, босаңқы, болбыр боларға керек. Жердің босаңқы, болбыр болуы жақсы тырмалаудан. Тұқым түскен жерден ас болатын заттар табыларға керек, ол заттарды жібітіп, ас қылатын топырақтың ішінде ылғал боларға керек. Яғни тұқым шашатын жердің топырағы дымқыл боларға керек. Егін еккен жерде басқа жат шөптер болса, олар егіннің жерден алатын тамағына ортақ болып, егінді ашықтырады. Олай болмас үшін егін еккен жерді жат шөптерден ада қылу керек. Тұқым жиі шашылса, тамақ жетпей, онда егін ашығады. Олай болмас үшін әр жердің түріне қарай мөлшерден тысқары жиі шашпасқа керек. Тұқым толық жақсы болса, егін де толық жақсы шықпақшы. Олай болған соң, тұқымның таңдап, жақсысын алып шашу тиіс.

Егін жақсы шығуға осындай шарттар бар екенін егіншілердің көбі-ақ білетін де шығар, бірақ ол шарттарын орнына

келтіріп егін егушілер аз. Сондықтан жері бірдей бола тұрып, егіндері бірдей шықпайды. Мысалы, қазақтармен қатар еккен орыс егіндері көбінесе қазақ егіндерінен жақсы шығады. Ол, әуелі, орыстардың қазақтардан гөрі егін жақсы шығатын шарттарын артық білгендігінен, екінші, ол шартарын қазақтардан гөрі көбірек орнына келтіріп еккендігінен. Түрлі жерге түрліше егін шығуы жеріне қарай, бірдей жерге бірдей егін шықпау, әрине, егуден болмақшы. Егін жақсы шығуына керек шарттар көп. Олардың ішінде шаруаның қолынан келетіндері де, келмейтіндері де бар. Келмейтіндерін істе деп ешкім айтпайды, келетіндерін істеу егін егушілердің әрқайсысына тиіс. Мұнан былай егін жақсы шығуына нені біліп, не істеу керек екендігін егін ғылымында айтылған сөздерден теріп алып, жазып тұрмақшымын.

Егін егу.
«Қазақ» газеті.
1913 жыл
октябрь айы
33 саны

ЖЕР ЖАЛДАУ ЖАЙЫНАН

Басқармаға келген кейбір хаттардан: қазақ жері алынбасқа амал таппағанымызға өкпелеушілер бар көрінеді. Жер жайынан айтарлық сөздің бірсыпырасы айтылып болып еді. Сөзімізге түсініп, ақылымызды алатын қазақ болып, сол айтқандарымызды істесе, іргесі ауып, табаны көтеріліп, жерінен айырылып, боспас еді дейміз. Айтқан сөзге түсінбесе я түсінсе де айтқанды істемесе, біз айтып отырсақ, жұрт оны істемей, өз ұнатқанын істеп отырса, оған етер не амал бар? Жұрт істеп отырған ісін қисық, я түзу деп айту ғана қолымыздан келеді, істеткізбей, тоқтату қолымыздан келе ме?

Қазақ жерінің тұтқасының екі ұшы екі қолда: бір ұшы қазақта, екінші ұшы орыста. Әдіс қылған жағы ауыстырып алып жатыр, бос ұстаған жағы айрылып қалып жатыр. Жерді қолында қатты ұстау, бос ұстау қазақтың өздерінен. Оған біз не істерміз?

Қазақ жері қазақтан кетпес еді – қазақ жері қазақтан кетпесіне іс қылсаңдар. Жерін алдыруға болмаса, алдырмасқа іс қылған қазақ жоқ. Әркім өз жерін ғана ойлайды, өз басының ғана қамын ойлап, өз пайдасын ғана көздеп іс қылып, жұрт пайдасы мен зарарына тіпті қарамайды. «Жұрт жері кетпесе, менің де жерім кетпес, жұрт жерден айырылса, мен де жерден айырыламын ғой» деп еш ойламайды. Сондықтан жұрт үстіндегі, көп ортасындағы жер ғой деп, сатып, пайдаланып қалайын деп ойлайды. Мұжықты қазақ жеріне үйір қылып, қоңсы қондырған әуелде де осылай ойлағандық еді, осы күнде де сол ой қалған жоқ.

Қазақ жеріне мұжықтарды шақырып кіргізген, хүкіметтен бұрын, қазақтардың өздері емес пе еді? Қазақты бағып тұрған хакімдердің көбі келген мұжықтарды орнықтырмай, көшіргендері де болған. Дала уалаятының генерал-губернаторы Колпаковский қазақ жері өздеріне де тар, мал жаюға жер жетпеген соң, қазақ орыстардан һәм Тобыл губернаясындағы орыс жерлерін жалдап, мал жайып отыр деп көрсеткен. Бірақ қазақтардың өздері келген мұжықтарға жерін беріп, құшағын жайып, қойнын ашып, қабыл алып отырған соң, Колпаковскийдің

қазақ жерін қорғап, қызғанғаны босқа қалған. 1882-ші жылы Жалғызкөл деген жерге түскен қаланы рұқсатсыз отырсың деп, Колпаковский көшірген, 1888-ші жылғы 17-ші мартта шыққан генерал-губернатордың бұйрығында Семей облысында еш жерге мұжықтар қала салушы болмасын деген.

Бұл бұйрықтардың бәрі де орнына келмей, құр қағаз бетінде қалды. Өйткені мұжықтарға жер керек болды, жұрт қамын ойлайтын қазақтың бас адамдарына жұрт пайдасынан гөрі өз пайдалары жақынырақ болды. Жұртқа келер зарарға қарамай, өздерінің жер сатып, байып алғанын артық көрді. Бір жағынан, хакімдер қазақ жерін қорып бұйрық шығарып жатқанда, бір жағынан, мұжықтар мен қазақтар хакімдерден жасырын жерді бірі сатып, бірі алып жатты. Мұжықтар жиылып, қала болып көбейіп, көзге түсерлік болған кезінде ғана хакімдер біліп қалатын болды. Переселен законы шықпай тұрғанда қазақ жерінде мұжық қаласы жоқ па еді? Оны шақырып, қоңсы қондырған қазақтардың өзі емес пе еді? Қазақтың көбі жер сатуды кәсіп қылып алған жоқ па? Қазақтың ауыл ағасы болған, атқамінер пысықсынған адамдарының жер сатуды кәсіп қылмағаны бар ма екен? Болыс, ауылнайлардың жұртты сыртынан сатып іс қылатындарын былай қойып, жай қазақтарды алғанда да жер сатпайтындары аз болса керек. Жер сату қазаққа әдет болып кетті. «Ауру қалса да әдет қалмайды» деген, сол жер сату әдетін жер мол болса да, жер тар болса да тастамайтын көрінеді.

Қостанай уезінде Кеңарал волосында Щербина нормасы бойынша «излишке» (артық жер) жоқ еді. Артық жер болмаған соң, жер жалдау болмасқа керек еді. Қазақтар, жері артық болмаса да, жалдаудан тоқталған жоқ. Щербина есебінше, бір мұжық қондырарлық жер болмасқа тиіс, қазақ ол жерге екі поселка қондырып отыр. Каменский һәм Белоярский поселкалар, Щербина есебі бойынша, жер жоқ кезінде келіп түскен. Оған орын тауып беріп қондырып отырған переселен чиновниктері емес, қазақтардың өзі. Каменский поселка болған жерге 1891-ші жылы бір үй орыс қазақтан жер жалдап келіп отырған. 1891-ші

жылы және бір үй келіп қосылған. 1897-ші жылы бұрынғыларға екі үй келіп қосылған. 1899-шы жылы 24 үй келген, 1900-ші жылы 179 үй келген. Белоярский поселка тұрған жерге 1899-ші жылы 10 үй келіп, қазақтан жер жалдап орныққан, 1900-ші жылы 63 үй келіп қосылған. Осы күнде сол екі поселкада 700 шамалы үй бар, бұлардың бәрі де «излишке» жоқ кезінде келіп орнағандар. Переселен чиновниктері бұларға жер кесіп берерде, қалай берерін білмей, қысылған. Мұжықтарға беруге норма бойынша «излишке» жоқ. «Излишке» болмаса, қазақ жерін алуға жол жоқ. Орнығып қалған екі поселкадағы 700 үйді көшіру ретін тағы таба алмаған. Ақырында жолдан тысқары жан басына 5 десятинадан жер кесіп берген. Қазақтар өздері қондырмаса, сол екі поселкаға берілген жерлер – даусыз қазақта қалатын жерлер.

Қостанай уезінде Меңдіғара волосында да норма бойынша «излишке» жоқ еді. Оған да орыс займкаларын қазақтардың өздері түсірді, мысалы, Гребенкин займкасы уә ғайырлары. Оларға да жоғарғы екі поселка сияқты жер берілді.

Мінеки, біздің қазақтың ісі! Хатта переселен чиновниктері: артығы жоқ, қалай аламыз деп қысылып, қызаратын жерлерден қазақтар ұялмай, қызармай, жер сатып отыр. Осыны істеп отырып, жеріміз аз, мұжыққа берерлік артық жер жоқ деп, ұялмай, қызармай, дауласпақшы. Ол дауды кім тыңдамақшы? Қазақтың ондай дауын тыңдар еді, қазақ арыз еткен мекемелер қазақтың жоғарыда айтылған сырларын білмесе. Оны білмейді деп айта алармыз ба, осы хабарлардың бәрін сол мекемелерден алып отырып?

Бұлардың бәрі өткен іс. Енді оларды түзету болмайтын жұмыс. Болары болып, бояуы сіңіп қалды. Бұларды қопарып жазып отырғандағы мақсат: өткен істің қатесін байқап, ілгері істерге істемесін деген. Қазақ көшпелі нормамен болсын, отырықшы нормамен болсын – қайсысымен жер алса да, бұрынғыдай кеңшілік болмайды. Кең жердегі әдетін тар жерге де істеп, сатудан тыйылмаса, қазақтың күні қараң: жерден айрылады.

Кең жердегі әдетін тар жерге істегенін жоғарғы екі поселка турасында айтып өттік. Онан да сорақы істі тағы естіп отырмыз. Ақтөбе уезінің Борлы волысының 8-ші ауылының қазағы Бәкіш Дүйсенбай баласының 15 десятинадан алған жерден арендаға жер сатқанын төменде газетаға жазып отырмыз. Жер сатып әдеттенген бір Дүйсенбай баласы емес, неше мың Дүйсенбай балалары бар шығар. Бәрі де әдетін тастамай, нормамен өлшеп берген жерге де істей бастаса, қазақ жерден айрылмай, кім айрылады? Артығы жоқ тар жерге орнаған орыстарды көшірмей, сол жерден жер кесіп берген жайын жоғарыда сөйледік қой. Өздерің шақырып қондырған орыстарға ортаннан ойып, өлшеп алған жерлеріннен жер кесіп береді. Бір жағынан, 15 десятина аз, онымен күн көре алмаймыз деп, зарлап жатып, бір жағынан, 15 десятина көп деп, артығын сатып жатса, 15 десятина көп екен деп оны да кемітер. Ол кеміткен жерді қазақ тағы сатар. Солай болған соң, қазақ жері қалай өзінде қалар?

Қазақ жері өзінде қалуға жол тауып бермейсіңдер деп өкпелейтіндер жұртты айтқанымызға көндіріп отырып өкпелесе екен. Біз көрген-білгенімізді аяп қалмай, халыққа айтамыз, оған құлақ салмай жұрт өз білімінше істесе, оған біз не істерміз? Қазақ пен мұжық бірігіп іс қылғанда, Колпаковский бұйрығы да далада қалған. Осы күнгі қазақ жеріне келіп орналасып жатқан мұжықтарды хүкімет келтірмеске бұйрық шығарса, бәрін болмаса да, көбін қазақтың өзі шақырып қоныс берер еді. Өйткені мұжықтарға жер керек. Қазақтарға еңбексіз тегін табылған мал керек. Екі жақтың керегі бір жерден табылған соң, қазаққа мұжық қоңсы қонбай тұрар ма?

Әркім жалғыз өзім демей, өзгелер жайын да ойлап, пейілін кеңге салып іс етпесе, жұрт жұмысы түзелмейді. Жұрт пайдасын аяғына басып, бетімен жайылатындарын қайырып, үйірге кіргізіп отырмаса, бір қойдың қотыры мың қойға жұққан сияқты, бір адамның кесірі мың адамға тимекші.

Жер жалдау жайынан. «Қазақ» газеті.
1913 жыл октябрь айы №34 саны

БАС ҚОСУҒА РҰҚСАТ БЕРІЛМЕДІ

«Айқап» журналының 16-шы нөмірінде Жанша мырза Сейдалиннің Қостанай үйезіндегі қазақтардың басын қосып, болашақ сиезге программа жасаймыз деген сөзін оқып едік. Сол айтуы бойынша Қостанай шаһарында октябрь басында болатын Покров жәрмеңкесіне барып, көшпелі я отырықшы болу жайын кеңесу үшін ақсақалдардың басын қосуға деп, Жанша мырза Сейдалин Торғай губернаторынан рұқсат сұраған екен. Рұқсат берілмепті.

Біз бұл хабарды «Уақыттан» оқып, онымен қатар алынған «Айқап» журналының 17-ші нөмірінде бұл туралы ешбір сөз болмаған соң, түбі бос хабар бола ма деп «Уақыт» басқармасынан қайдан шыққан хабар екендігін сұрастырып едік, олар бұл хабарды «Русское слово» газетасынан алған екен.

«Русское словоның» хабарлары ұшқалақ болушы еді деп, оған қанағаттанбай, нағыз анығын білетін орындардан сұрап, әбден анығына жеттік. Рұқсат сұралғаны да, рұқсат берілмегені де рас екен.

Сиез деген сөз бастаған кезде заманның түріне қарап, тынымы осылай болар дегенімізде, жұрттың көбі жаратпай, құр әншейін сары уайым, сары қайғы, тартыншақтық, қорқақтық деп, бірсыпыралары құр алауыздық, ұйым бұзарлық, сөз жарыс, ерегіс десіп, кейбіреулері сиезді біз керек қылмағандай көріп, кейбіреулері жұрттан сиезді біз бейне қызғанатындай көріп еді. Біздің онымыз бұл айтқандардың бірі де емес еді. Сиез жақсы нәрсе, керек нәрсе, бірақ жақсы нәрсенің жасалуы қиын болатындығын айтып едік, біздің сөзімізді жұрт теріс түсініп, ойымызды қисық жорып, қыңыр қарап, алауыздық-құлауыздыққа санап бара жатқан соң, біздің міндетіміз білгенімізді айту еді ғой, айтарымызды айттық, мойыннан борыш түсірдік, алмаса, жұрттың өзінен қалар, сиез болса, соқырдың тілегені екі көзі, болмаса, жұрт болмағанын көрер, айтқанымызды алмаса, біз-ақ жұрт ауанымен бола қоялық деп, сөз көбейіп бара жатқан соң, сөзді қысқарту үшін біз де сиезшілерге қосылып, қолдан

келген көмегімізді істеуге бел байлап едік. Он облыс қазақтың жиылысы түгіл, бір үйез қазақтардың бас қосуына рұқсат берілмей отыр, бұл екі сиез арасы жер мен көктей. Облыс жиылысы айтқан ауызға оңай, жылында, айында, күнінде болып жатқан қазақтың ауылнай, волостной сходтарындай, я черезвычайный сиездеріндей-ақ көрінеді, істей бастасаң, бұлардан он облыс түгіл, бір үйез жиылысы да бөтен болып шығады.

Бас қосу жақсы нәрсе (жұрттан ондай жақсылықты неге қызғанайық), бірақ жақсы нәрсенің қолға түсуі жаман нәрседен гөрі қиынырақ болады. Біздің айтқанымыз да сол қиындығы еді.

Бас қосуға рұқсат берілмеді. «Қазақ» газеті. Октябрь айы №35 саны

ОРЫС «МЕЙІРМАНШЫЛЫҒЫ»

Орыс қоластына паналауға келген 1000 үй Қытай қазағының мынадай аянышты халін депутат Некрасов «День»* газетасына жазады.

Алтай тауының моңғол бетіндегі қазақтар мен моңғол төрелерінің арасында үлкен жанжал шығып, 11 төре өліпті. Мұнан кейін моңғолдар қазаққа қарсы әскер аттандырыпты. Қазақтар қорыққанынан, 1000 үй 120 мың малымен орыс қоластына қашып тығылып, орыс хүкіметіне арыз беріпті, бізді қоластына алсаң екен деп. Қазақтардың бұл арызы Петерборға жеткеннен кейін арыздарын аяқсыз қалдырып, өздерін моңғолға қайтаруға бұйрық шығарған. Қазақтар еркімен моңғолға қайтпайтын болған соң, оларды зорлықпен көшіруге әскер жіберген. Осы күні шекарада моңғол әскері қазақтардың қайтуын күтіп тұр. Олар әлбетте кек алмақшы һәм басқа патшалыққа қашқаны үшін жазаландырмақшы. Енді бейшара қазақтардың қаны төгілмей, мал-мүлкі шабылмай, қалай аман қалар?

Некрасов айтады: моңғол төрелері бізге сонша-ақ қымбат па, олардың кегін қайтару үшін бірнеше мың қазақты құрбан қыларлық.

Омск – бізге жазады, биыл ондағы орта дәрежедегі селскохозяйственный школаға Мұқтар Саматов деген қазақ баласы кірген екен. Ол бұрын Семейдегі 4 класты городской школды бітіріп, Омбыға тілеген школына қазыналық орынға кіру үмітімен келген. Жоғарыда айтылған школаға кіруін кірсе де, «өз күшіңмен оқисың» деп, қазынадан орын бермепті. Бұл баланың атаанасы өте кедей болғандықтан, осы күні школға төлейтін 65 сом һәм пәтер, тамағына берерлік бір тиын ақшасы болмай, мұқтаждықтың зарын шегіп тұр, өзі тәуір оқиды, бірақ ақшасыздықтан амалсыз школадан шығып, қаңғырып қалуға тақалып тұр екен. Біз газетамыз арқылы Мұқтар Саматовқа ең болмаса бір жылдық оқуына жеткендей жәрдем жиюуға жақын арада Орынбор губернаторынан рұқсат сұрамақшымыз.

---

* «День» — Петроградта 1912-1918 ж.ж. күнделікті шығып тұрған қоғамдық-саяси газет. (Құраст.)

ОРЫНБОР. 13-НШІ ОКТЯБРЬ

Қазақ турасындағы заңдарды өзгертуге Ішкі іс министрі Г. думаға заң проектерін (жобаларын) кіргізді деген хабар естіліп тұр. Ішкі ордалық туралы өзгеріліс болатын көшесін газеталардан көрінген күйінше төменде жазып отырмыз. Қазақтың басқа облыстары туралы қандай өзгеріліс болуынан қазір де ашылған хабар жоқ. Бірақ 4-нші думадан қазақ туралы заң шыға қалса, жағымы қандай болуын күн бұрын айтуға сәуегейлік онша керек емес. Бұл думаға кіретін проектер – қазақ облыстарында қызмет етіп тұрған орыс төрелерінің пікіріне сүйеніп жасалаған проектер. Олардың көбі қазақтың қалпын, салтын, мінезін жақсы білмейді.

Заңның асыл түбі, әуелі, хүкімет пен халық арасына салатын, екінші хүкіметке қараған адамдардың араларына салатын жол. Әр халықтың бұрыннан жүріп келе жатқан дағдылы жолы бар, ол жолды түзеткенде жарамды жеріне тимей, жарамсыз жерін ғана өзгерту тиіс. Олай етпесе, соныдан ойып салған жолмен жұрттың көбі жүрмей, бұрынғы дағдылы жолымен кете береді. Әсіресе, көзі ашылып, көңіліне сәуле түспеген қараңғы халық болса, ондай жаңадан салған жат жолмен жүру оған тым қиын, сондықтан заңның түп үлгісі бір болғанмен, әркімнің бойына қарай киім пішкен сияқты, әр халықтың қалпына, салтына, мінезіне қарай заң шығарылады. Солай болған соң да, заң шығарушылар халықтың қағидалы қалпын, салтын, мінезін жақсы білу тиіс. Оны білмей шығарған заң халықтың түзелуіне емес, бұзылуына себеп болмақшы.

Степное положение онша жаман заң емес. Хүкімет пен қазақ арасына салған жолының кейбір жеріндегі таршылығын былай қойып, қазақтың өз арасындағы жұмыстарына салған жолын алғанда, жап-жақсы заң. Басшылық етіп, ел бағатын жақсыларыңды өздерің сайла деп, дұрыстық айтып, дау бітіретін адамдарыңды өздерің сайла деп, би, болыс, ауылнай сайлауды қазақтың өз еркіне беріп қойған жаман заң емес. Жер турасында да степное положение қазақ қамын ойлап, қазаққа пайдалы жағын көздемеген жоқ. Егерде қазақтар степное положениемен

пайдалана алмай, оның пайдалы жағын зарарға аударса, оған степное положение кінәлі емес, кінә қазақтың өзінде. Степное положениені шығарушылар ойлады: лауазымға қазақтар халыққа жағымды жақсы адамдарын сайлар, обырларын, жебірлерін сайламас деп. Хүкімет тарапынан қалап қойылатын болса, халқына жайлы, пайдалы адамын біле алмай, зарарлы адамдарын қалауы да ықтимал деп, еткен сақтық еді.

Қазақ олар ойлаған жерден шықпады. Әуелі, «ауылдастың аты озғанша, аталастың тайы озсын» деп, жақынын сайлады. Екінші, «жеген ауыз жесін» деп, жебірлерін сайлады. Үшінші, «аузы қисық болса да, байдың ұлы сөйлесін» деп, малдысын сайлады. Мынау елге жағымды, жайлы болар, мынадан дұрыстық, туралық шығар деп сайлаған қазақ болмады. Сондықтан жақсы закон пайдалы болудың орнына зарарлы болып шықты. Жұрттың бәрі шулайды: сайлау жұртты бұзды, сайлау жұртты аздырды, тоздырды деп. Жұрттың азғаны, тозғаны, бұзылғаны рас, ол бұзылу, азу халықтың өзінен, екінші, степное положение де себепкер болудан құр емес. Жүктің ауыр жағынан бұрау келген сияқты, қазақтың бір шетін жеріне степное положение қолайсыз келіп, істің көбі сонан бүлінді.

Степное положениені шығарушылар шығарып отырған закондарының жақсы екенін білген, бірақ халықтың мінезін, салтын білмеген. Қазақта туралық, адалдық, адамгершілік кем екенін білмегендіктен, қате істеген. Әуелі, би мен болыс екеуі жеңген жақтан болмасқа шара көздемеген, екінші, би жолдан шығып бара жатса, жолың мынау деп қайырарлық еш орын белгілемеген. Үшінші, билердің қолына жыл жарымдық абақты кесерлік күш берген. Жыл жарым абақтыда отыру оңай іс емес, жөн-жосықты білмей, жолсыз көшетін билердің қолына ондай нәрселерді беру – зор қате. Тиісі қазақтың қағидасын жиып, қағида бойынша билерге іс еттіру еді, оны істеуге болмаса, билердің қуатын көбейту емес, азайту керек еді. Билерге қағида бойынша күкім етсін дейді, қағида бойынша істеген, істемегенін ашатын ешбір орын жоқ.

Билердің салған хүкімі қағида бойынша дұрыс, бұрысын ашатын орын керектігі түсінікті болу үшін степное положениенің бастапқы шыққан кезінде Торғай үйезінде болған бір уақиғаны айтып өтейін. Тосын волосының қазағы Байғабыл Тауман баласы Шұбалаң волосының қазағы Жаманбай Ақбай баласының үстінен арыз берген: Ақбай баласының қызын Ерғабыл деген іниме айттырып, тоғыз түйе қалың мал беріп едім. Айттырған қыз алмай тұрып өліп қалды, кейінгі қызын бермейді деп.

Ол арыз Шұбалаң болосының сиезінде 1893 жылы 15-нші мартта қаралған, жауапкер Ақбай баласы сиезге келмеген. Билер сыртынан былайша билік айтқан: «Ақбай баласы Тауман баласының інісіне өлген қызының орнына тірі қызын берсін. Олай етпесе һәм қалың мал алғаным жоқ деп тапса, екі елулік елдің адамынан Таумановтың қалаған адамының жанын өткізсін, әйтпесе Таумановке 270 сом тұрарлық жарамды 9 түйе төлесін, қарындас болған халда 135 сомдық мал төлесін. 27 сом билік, 4 сом ат майы, 2 сом қалам ақы», – деген.

Ақбай баласы бұл билікке разы болмай, губернаторға арыз берген. Арызында айтқаны: «Қалың малға Тауман баласынан алғаным 9 түйе емес, 6 жылқы еді, қызым өліп қалды, алған мал 1879-шы жылғы «Жаман қоянда» жұттан қырылып қалды. Кіші қызымды аламын десе, қазақ қағидасы бойынша «балдыз қалың» төлеп алуға тиіс, қызым өлгелі 12 жыл болды, онан бері үндемей жүріп, биыл сөз шығарып отырғаны, өткен 1892 жылғы қоянда 7 жылқысын асырап шыққанымa Тауман баласы 50 сом бермекші еді, соны бермеске салып отырған бұл байбалам дауы» деген.

Областное положение қарағаннан кейін арызына қайырылған жауап: «Қазақтың қағидасын біз білмейміз, қандай уақиғаға қазақтың қай қағидасын алып, қалай мағына беріп, хүкім салу билердің ықтиарына берілген», – деген.

Билердің салған хүкімінің дұрыс-терісін тексеріп, лағып шыққандарын жолға салуға белгіленген орын болмаса, областной мекемелер қазақ қағидаларын білмесе, билердің бәрі

періштеден болу керек, олай болмаса, билер бетімен жайылмай, кім жайылар? Солай болған соң, ақын Әбубәкірдің айтқаны келеді:

«Ақша жеп, арамдардан хәкім қойдың,
Келтіріп қорқағыңды батыр қойдың.
Арасын ақ-қараның айырмайтын,
Алдына жүгінесің жылқы, қойдың», – деп.

Жоғарыда айтылған сияқты оқиғалар қазақ арасында көп болады. Областное положениелер құр білмейміз деп қайырмай, даулы жұмыс турасында қазақта қандай қағидалар барын біліп қайырып отырса, қағидалар құралып, қазақ арасына бірте-бірте жол түсер еді. Қазақ ішінде осы кезде жол дегеннің жұрнағы жоқ. Жолы қайсы, жолсызы қайсы – айырып іс істелмейді. Жол іздеген адам еш орнынан таба алмайды. Қазақта тіпті әуелден жол жоқ шығар деп айтуға болмайды, қазақ бұрыннан-ақ зорлықшыл, әлдісі әлсізіне теңдік бермейтін халық болсын-ақ, сонда да жолы боларға керек. Күштісі мен нашарының араларында жол болмаса да, терезесі теңдерінің арасында жолы боларға керек қой. Ол жол осы күнде қайда? Ол жолмен ешкім жүрмеген соң, бітелген, жоғалған. Жұрт жолды-жолсызды айырмайтын салтқа түскен. Түзіктік қайсы, бұзықтық қайсы – тексеретін жұрт жоқ. Дұрыстық-бұрыстықты білмеген жұрт, әрине, азбақшы.

Степное положение бойынша билерге қайыру жоқ болғандықтан, билер бетімен жайылып, жұртты бездіріп отыр. Степное положение, жұрт асылына түсініп пайдалана алмаған соң, жұртты бұзуға себепкер болған закон болып табылып тұр. Сол степное положениені енді өзгертуге Думаға проект кірді деген сөз бар. Ол өзгеріліп, төртінші Думада қазаққа жаны ашитын жақсы депутаттар: «Қазақ жайын білмей, жайсыз закон шығарып, қазақтардың обалына қаламыз, қазақ турасында шығатын закон Думада қаралғанда қазақ депутаты болмағаны жарамайды», – деп жатыр. Биыл Торғай мен Орал облыстарының земский сметасы қаралғанда, Мәскеу депутаты Щепкин айтқан: «Бұ қалай?

Қазақ сөзін Уфа, Баку, Забайкал депутаттары сөйлеп жатыр. Қазақтың өз депутаттары қайда? 3-ші июнь законын өзгерту керек, яғни қазақтан Думаға депутат келу тиіс», – деген.

Қазақтың дүнияда болған-болмағанымен жұмысы жоқ депутаттар, хүкімет кіргізген проект қандай болса да, жарайды деп қабыл ете салады. Қазақ үшін ойланып бастарын ауыртпайды.

4-нші Думадағы депутаттардың көбі, я сондай басын ауыртпайтындардан, я тегі басқа жұртқа күн тумасын дейтіндерден. Олар көп болған соң, олардың дегені болмақшы. Думада көп жағының ұнатқаны закон болып шықпақшы. Олардың дегені болып шыққан закон қазақты не оңдырмақшы?!

Жоғарыда айтылған сөздерге қарағанда, 4-нші Дума қазақ жайындағы закондарды өзгертіп, жайлы етіп шығарады деп үміт етерлік орын жоқ. Бұл сөзді жазып отырғандағы мақсатымыз да жұртқа соны сездірмек. Екінші, опырып істеп, орнына келтіріп тастамаса да, аз да болса пайдасы тиер еді, қазақтан Думаға депутат барса деп, жұртқа соны айтпақ. Үшінші, депутат сұрап ала алмаса, өз пікірін проект етіп, қазақтар Думаның алдына салу тиіс.

Орынбор. 13-нші октябрь. «Қазақ» газеті.
1913 жыл октябрь айы №36 саны

БАС ҚОСУ

«Қазақ» басқармасы төменде Жанша мырза Сейдалиннің хатына газета бетінен орын бермек болған соң, оқушылардың алдынан кешірім сұрап өтуді борыш көреді.

Сиез мәселесінің сөзі де, ісі де бітіп болып еді. Әркім білген халінше пікірін айтып, майданға салып, ақырында рұқсат сұралып, берілмеген соң, сөз тынып еді. Сиез туралы жақсы, жаман сөйленген сөз сонымен бітуге тиіс еді. Сиез сөзі құр арам тер ерегіске айналып бара жатқан соң, ерегіс тоқталуы үшін, ойымыз дұрыс болса да, таласпай, көптің ыңғайымен боламыз деп алдақашан айтып едік. Біз ерегістен қашсақ та, ерегісті қуып, соңыннан қалмайтын адамдар бар көрінеді, төмендегі хат – сондай адамның хаты.

Сиез мәселесін қозғаған әуелде Мұқамеджан мырза Сералин, онан соңғы Райымжан мырза Мәрсеков еді. Опырып, жапырып, оңай істеп тастайтындай болып, әркімге қақтыға, соқтыға Жанша мырза шыға келіп, ортасынан киліге кетті. Оған соқтықты, бұған соқтықты, бұлқынды, жұлқынды, көпірді, лепірді – ақырында біздің сөзіміз теріс емес екендігін көзімен көріп, қолымен ұстағандай болды.

Сиез турасында мұнан кейінгі ереуіл сөз сиез жұмысының кеңесі болмай, құр ерегіс, сөз талас болады ғой, сиезге рұқсат сұрамай тұрғанда жазған хатын енді басудың қажеті жоқ болар деп: «Басамыз ба? Жоқ па?» – деп сұрасып едік. Жанша мырза «Бас» деп жауап қайырды.

Жанша мырзаның бастырудағы мақсаты не екенін біле алмадық, яғни жұртқа өнеге, үлгі боларлық сөз болғандықтан, мезгілі өтіп кетсе де, далада қалмасын деп бастыра ма? я болмаса, ұрыншақ мінезбен ұшқалақ сөйлеген сөзін жұрт оқып, ғали таhсил алған адамның сөзі мұндай болады екен-ау демек үшін бастыра ма? Оның мәнісіне түсіне алмадық.

Сиез мәселесі біткеннен кейін, ендігі ереуіл сөз жұмыс үшін емес, құр ерегіс, сөз талас үшін екендігін де білеміз, газетаның міндеті ерегіске қызмет ету үшін емес екендігін де білеміз, орынсыз, жөнсіз, қисынсыз, томардай топас кекесін сөзде

жұртқа өнеге, үлгі боларлық еш нәрсе жоқ екендігін де білеміз – бәрін көре-біле тұра, төмендегі хатты басамыз, Жанша мырзаның көңілі бітіп, разылық табу үшін. Бұл хатты басқанымыз үшін оқушыларымыздан кешірім өтінеміз.





Бас қосу. «Қазақ» газеті.
1913 жыл ноябрь айы №37 саны

АЛАШ АЗАМАТТАРЫНА

Халықтың мәдениет жолында ілгері басып, ел қатарынан қалмасына себепші болатын нәрселердің бірі – баспасөз, яғни газета, журнал, кітаптар екендігі шәксіз. Олардың басылып шығып, жұртқа таралуына пұл керектігі де шәксіз. Баспасөздің әуелі керектігін түсініп, білу қажет, екінші, білгеннен кейін баспасөзбен жұрттың пайдалану жағын ойлап іс қылу керек. Басқа жұрттарға қарасақ, олар мұндай істерді екі түрлі жолмен жүргізіп жатыр. Бір жолы – пұл міндетін пұлы барлар алып, жазу міндетін қалам ұстаушылар алып, істеп жатқан жол. Екінші жолы – баспасөз бен халықтың пайдалануын ойлаған адамдар көп сомасы болмаған соң, аз сомаларын құрастырып, жиып, біріктіріп, күштерін қосып, серіктесіп іс қылып жатыр.

Әуелгі жолмен іс жүргізуге пұл міндетін көтерерлік қазақтан байлар шықпады. Үш жылдан берлі «Айқап» журналы шығып тұр, бір жылға жақын «Қазақ» газетасы шығып тұр, бұлардың екеуінің басындағы кісілер газета мен журнал ісіне оңашаланып шықпай, басы басқа қызметке байлаулы күйінде іс жүргізіп отыр; газетаға оңашаланып шығайын десе, салмақ газетаға түседі, оны көтеретін газетада пұлдылардың салып отырған сомалары жоқ. Байлар жомарттық қылмады деп қарап отыруға бола ма? Екінші жолмен іс жүргізуге ойлап тұрмыз. Қазақта кесек сома шығарарлық байлар аз болғанмен, аз сомасымен, адамгершілігімен серіктікке жарайтын азаматтар аз емес. Сондықтан «Азамат» серіктігін ашып, «Қазақ» газетасын мұнан былай алаш азаматтарының серіктесіп қосылған пұлымен жүргізбекшіміз.

«Азамат» серіктігінің мақсаты жоғарғыда айтылған жұртқа керек жұмыстар, яғни, газета, журнал шығармақ, кітаптар бастырмақ. Олардың ішінде қазіргі бас мақсаты – «Қазақ» газетасының аяғын нық бастырып, жүргізіп жібермек. Онан басқаларын кезінде шамамызға қарай көрмек. Серіктікке кіретін азаматтарға лайықтағанымыз ер басына жүз сом. Біздің қазіргі істеп тұрған hәм мұнан былай істейміз деп ойлап тұрған істеріміздің мәнісін түсінбейтін қара шаруа байлар көп екенін, көңілі жетсе, қолы жетпейтін азаматтар да көп екенін hәм бұл серіктікке

олардың біреулері түсінбегендіктен, екіншілері қолы қысқалықтан кіре алмайтындығын білеміз; бұлардан басқа да түсінікті байлар, жүз сомға қолы қысқалық қылмайтын азаматтар қазақта аз емес. «Азамат» серіктігіне жалғыз байлықпен емес, азаматтықпен көбі кіріседі деп үміт етеміз. Жүз сомын «Азамат» жарнасына қосқанда қолы қалтылдап, «Осы ақшам қайда кетпекші?» деп сенімсіздік қылатын адамдарға «Кіріспе» дейміз. Екінші, «Осы жүз сомнан пайда болса, жақсы, олай болмаса, шығын болады ғой» деп, ауырсынатын адамдарға «Кіріспе» дейміз. Бұл серіктік сендер «Осы кәсіпке кіріссеңдер, ақшаларың өсіп, жүз сомдарыңмен байып, қарық боласыңдар» деп, алдарыңа салып отырған серіктік емес, олай түсінетін адамдар да ойланып кірісерге керек. Ондай серіктікті көздеушілерге көпестердің, кәсіпшілердің серіктігі бар.

«Азамат» серіктігінің бас мақсаты – ақша өсіріп, серіктестерді байыту емес, істеген істің жұртқа пайдалы болуы. Ақша жағына сол пайдалы істерді істеуге, күш-қуат болуға қажет нәрсе мағынасында қаралады. Жоғарыда айтылған халыққа пайдалы істерді істеп, жүргізуге адам керек болса, ақша да керек. Адам да, ақша да бірдей сай болса, іс сайлы кезінде жақсы жүрмекші. Бір жағының кемшілігі істің барша жағына кемшілік келтіреді. Сондықтан «Азамат» серіктігі ақшасының мол болу жағын да ескермекші. Олай болған соң, бұл серіктікке жарна салушылар жарнамыз өспейді деп те үмітсіз болмасқа керек. Қысқасынан айтқанда, жарна салушы азаматтар жүз сомын жұрт үшін көп ортасында салады, пайдасы болса, пайдасын көппен бірдей алармын деп, залал болса, залалға көппен бірдей қалармын деп. «Азамат» серіктігіне осылай ойлауға жарайтын адамдар кіреді hәм серіктікке жарайды. Олай ойлай алмайтындар кірмей-ақ қойсын. Бұл серіктік көпес серіктігі емес. Кәсіпші серіктігі емес, «Азамат» серіктігі. Бұған кіретін адамдар жұрт жұмысы турасында жалғыз ақшасымен серіктес болмай, көңілімен, ниетімен де серіктес болуы қажет.

Ашушылар: Ахмет Байтұрсынов
Міржақып Дулатов

№ 42 1913 جلي

15 دكابر نومير 42

Алаш азаматтарына. «Қазақ» газеті.
1913 жыл декабрь айы №42 саны

МҰСЫЛМАНДАР ҮШІН ПЕТЕРБУРДА БОЛАТЫН КЕҢЕС ЖИЫЛЫСЫ

Газеталардың айтуына қарағанда, 29 апрелде Петербурда ішкі істер министрінің жолдасы Залатаров арқасында бүкіл мұсылман істері турасында кеңес жиылыс болатынын Петербург агентствосының берген телеграмының хабарыменен білдірген екен. Бұл хабар біздің үшін өте керекті. Неге десеңіз, бұл жиылыста мұсылмандардың тіршілігіне керекті болған кеңестер тексерілетін көрінеді. Және де 9 апрелде мүфти хазіретке Петербургта болатын кеңес жиылысы турасында ішкі істер министрінің бұйрығы менен шет діндерді басқарушысынан дағуатнама (шақыру қағаз) келгендігін естідік. Дағуатнаманың қысқаша аңдалатын мақсаты мынау:

«Биыл 29 апрелде Петербурда шет діндердің басқарылатын басқармасының жұртында ішкі істер министрінің жолдасы Залатаровтың басшылық қылғандығыменен бүкіл мұсылмандар үшін кеңес жиылысы болады. Бұл жиылыста мұсылмандардың дін жағынан күнелтулері турасында әңгімелер болады.

Сол кеңес жиылысына сізді де шақырамыз. Жиылыс: 29 апрелден 11-12 майға шейін болып тұрмақ. Бәлкім арада бір-екі күн айырма болар.

Мүфти хазірет бұл шақырунаманы алған соң қазылар менен Уфаның моллалары һәм білімерлеріменен кеңесті. Мүфти хазіреттің науқасы болғандығынан Петербурда болатын кеңес жиылысына өзі бара алмайды. Соның үшін мүфти өз орнына Петербураға өкіл жіберу турасында арнап кеңес жасалды. Сол кеңесте болған мырзалар өкіл жіберу туралы әңгімелескен соң: шеттен кісі жібермейінше духавной собраниенің члендерінің біреуін жіберуге лайықтады. Хесен ғата хазіреттің баруын өте мақұл көрісті.

Жиылыстың ішіндегі 17 кісінің 14-і Хасен ғата қазының, екі кісі Ғинайолла хазіреттің, бір кісі Сабыр хазіреттің баруын қолайлы көрді. Осы жиылыста мұсылмандардың құратын кеңес жиылысы туралы сөздер де болды.

Петербурда шығатын «Міллет» газетасының бастырушысы Сәлімкерей мырза Жанторин жақын арада ғана Петербурдан келіп мұсылмандардың жасайтын кеңес жиылысы турасында мына кеңесті сөйледі:

«Мұсылман істері туралы мұсылмандардың өздерінен ғұламалардың һәм білімерлердің қатысуыменен Петербурда бір жиылыс жасалуды бүкіл ел-жұрт һәм ұлт қамын жейтін газеталар өте керекті қылатын еді.

Кеңес жиылысы жасауды ұлтшыл газеталар депутаттарымыздан үміт қылатын еді. Патшалық думасындағы депутаттарымыз ел-жұрттың бұл үмітін, бұл тілегін орнына жеткізу қамын жемекте еді. Зор съезд жасаудың қиындығында ескеретін еді. Соңынан депутаттарымыз съезд ашпаса да, кішкене ғана мәсілихат жиылысы ашуға ыңғайлап қойды. Мәсілихат жиылысына рұқсат сұрамастан бұрын, ішкі істер министріннің арналған ойын сұрауды мақұл көрісті. Бұл мұсылмандар үшін болатын кеңес жиылысы ішкі істер министріменен 27 мартта көрісіп, сөйлесті. Құтлық Мұхамет мырзаны министр бек жақсы, ашық жүзбенен қабыл етті.

Тевкелев мұсылмандардың Петербурда мәсілихат жиылысы жасауға тілегендіктерін айтқан соң, министр кішкене съезд жасауға жарағандығын, мұндай съезге өзінің жақсы ұнатып қарағандығын білдіруменен тұрмай, съезге жай айтқан сөзбенен рұқсат беру лайық болмағанға, рұқсат сұрап арыз беруге мәсілихат берген. Мынау сөзді қосымша қылып айтқан: «Бұл турада өзімнің қоластымдағы кейбір төрелерге кеңесіп өтермін» деп. Қалайда болса, бір кішкене съезд жасауға өзінің қарсы еместігін білгізген. Арызбенен бірге съездің программы турасында һәм қанша кісі керекті, қандай-қандай кісілер қатысатыны турасында анық білдіруге қосқан. Тевкелев бүкіл міндетті өз мойнына алып, 31 мартта мәсілихат жиылысын жасауға рұқсат сұрап ішкі істер министріне арыз берген. Арызда мәсілихат жиылысының программы мынау: мәсілихат жиылысында қаралатын бірінші кеңес, әзіргі моллалар басқармасы (рухани идара) турасындағы

закондерді тексеру. Екінші, келешекте түзелетін рухани идаралар турасында жаңа закон жобасы әзірлеу. Бұл жиылыста 30 дай өкіл болмақ. Бұл өкілдер рухани моллалардан, білімерлерден болмақ. Және тағы Түркістан, Қафқаз, Қырымнан, қырғыз-қазақтардан, мұның үстіне әрбір рухани идарадан да бірер өкіл болуға тиіс. Кеңес жиылысына қатысатын адамдардың аттарын, фамилияларын көрсету мүмкін болмағанға есебі ғана айтылған. Мәсілихат жиылысының уақыты 6 майдан 20 майға дейін.

Жоғарыда сөйленген сөз, уағдаларға қарағанда, министрдің рұқсат беретіні шәксіз. Соның үшін де бұл мәсілихат жиылысына өте көңіл салу керек. Неше жылдардан бері сарғайып күтіп алған мұсылмандардан жасалатын бұл жиылысты әсіресе, мұсылмандар аса қадағалау керек. Бұл жиылысқа қазақ бауырларымыздан да өткізбей мезгілінде Петербурға бару керек.

Мінеки, осы кеңестер бізге де пайдалы болғандықтан мезгілін өткізбей, қазақтың есіне түсіріп отырмыз. Біздің қазаққа алдын-ала кеңес беріп, хабарландырып қоймаса, уақытында (өзі шабан жұртқа) кенеттен бас көтеруі қиын. Малымызды, жанымызды салып бейнеттеніп іздейтін керегіміз оп-оңай алдымыздан табылып тұр. «Қазақ» деген ел болуды ойлаған ақыл иесі ақсақалдарымыз, жұртқа оқуменен қызмет қылатын молдаларымыз һәм жас өспірім мырзаларымыздың ескерулері тиіс. Мезгілінде қимылдап қалмасақ, мезгіл өткен соң қимылдауда пайда жоқ.

Ақыл иесі, атқамінер адамдарымыз алақандай қотанда айғайлап білім сатқанша, осындай кезегі келгенде дауыс шығарып қалмаса, жұрт екендігі өтірік болар.

Мұңын айтып арыз берушілерге әдіріс мынау:

С. Петербургь, Таварическая улю 31. Кв. Преседатлю Мусульманской фракций К. Тевкелеву. Б.А.

Айқап 1914

Мұсылмандар үшін Петербурда болатын кеңес жиылысы.
«Айқап» журналы. 1914 жыл апрель (сур) айы №7 саны

«АҢДАСПАҒАН МӘСЕЛЕ» ТУРАСЫНДА

Ноғай бауырларымыздың газеталарының арасында қазақ жайына көбірек көңіл һәм орын бөлетін «Уақыт» газетасы.

Қазақ туралы естілген хабарлар, істелген істердің көбі «Уақыт» газетасына басылып һәм олардың ішіндегі маңыздылары турасында газета пікірін де айтып тұрады. Сондықтан «Қазақ» газетасы қазақ мәселесі турасында «Уақыт» газетасымен бір жөннен сөз шығаруға, арадағы аңдаспаған мәселелерді ашып, саралап анықтауды өзінің міндетінің бірі деп біледі. Қазіргі қазақ мәселелерінің ең зоры – жер мәселесі. Бұл қазақтың тірі, я өлі болу мәселесі. Бұл турасында түсініп жетпей қаталасып, қазақты теріс жолға салғанымыз, 5 миллион адамның обалын мойнымызға жүктегеніміз. Сондықтан бұл турада қазаққа ақыл айтқанымыз: қазақ та һәм басқалар да қате ұқпастай етіп, анықтап ашып сөйлегеніміз абзал. «Уақыттың» 1397-нші нөмірінде Ф.К.Афеддиннің жазған сөзінде аңдаспай жүрген нәрселердің көбі анықталды, ашылды. Әлде болса бүркеурек, көмескі тұрған бір сауал бар. Соны ашсақ, арадағы аңдаспаған мәселе аңдалып жетер еді. «Уақыт» қала бол дегенде, қай түрлі қала болу жайын ашып айтпайды. Ол ашылмаған соң, қазақтар қала болуды 15 десятинадан жер алып, егін нормасымен қала болу деп ұғады. Егер де «Уақыт» 15 десятинадан жер сұрап алып, егін нормасымен қала болуды айтса, онда азырақ сөйлесуге қажет болады. Олай болмаса, жердің түріне қарай мал бағарлық жерде бағатын, егінге жақсы жерде егін егетін қала болуды айтса, онда олай қала болуды біз де ұнатамыз һәм «Айқап» журналының 1911-нші жылғы 4-нші нөмірінен бастап айтып һәм «Қазақ» газетасы жүзінде тұтынып келе жатқан жолымыз. Біз қазаққа қала болма демейміз. Жақсы жеріңе жиылып, қаланды сал, мешітінді орнат, мектеп, медресеңді аш, рұқсатсыз неге қала болдың деп ешкім айтпайды дейміз. 15 десятинамен қала боламын десеңдер, күн көре алмайсыңдар дейміз.

Қазақтар һәм біздер қате аңдамас үшін «Уақыт» газетасынан өтінеміз: қазаққа қала бол дегенде, қай түрлі қала болуды айтады, мүмкін болса, ашып айтса екен.

А.Б.

«Аңдаспаған мәселе» турасында. «Қазақ» газеті.
1914 жыл январь айы № 48 саны

ГУБЕРНАТОР ӨЗГЕРІЛУІ

Семей губернаторы Тройницкий Тулаға губернатор болып, оның орнына Тверь вице-губернаторы Чернецов деген келмекші.

Тройницкий қазақтың қазақ екендігін ұмыттырмай есіне түсіріп отыратын губернатор еді. С.Сенод пен жер жұмысының бас мухакимасы қазақ пен орысты ауыл үйі қондырып, жақындастырып, дінін атын жоғалтып, орыс қылып, «сен қазақ, біз орыс» деген сөздер болмас қамын жегенде, губернатор Тройницкий «Сен – қазақ, біз – орыс, оны ұмытпа деп», қазақтардың есіне салып отыратын еді.

Семей қазақтарының көбіне Тройницкийдің қазақ баласына суық жүзбен қарағаны тынышсыз көрінсе де, бірсыпыраларына жағымсыз да болмап еді: адал кәсіппен тамағын асырай алмай жүрген бейшаралардың көбіне тамақ асырарлық кәсіп табылып еді. Адал жолмен адамдыққа жете алмай жүргендерге, жол табылып еді; жалған жала, жасырын шағым деген жауыннан соңғы кенедей қаулап, өріп еді. Сондықтан ойлаймын, Тройницкий кеткеніне сүйінетін де, күйінетін де қазақтар боларға керек деп. Бұл Семей облысының ғана қазақтары туралы айтылған сөз.

Қазақ жұртын түгел алып сөйлегенде, қазақ облыстарына қойылатын губернаторлар туралы екі түрлі пікір бар. Бірі бүгінгіні ойлағандағы пікір, екіншісі ертеңгіні ойлағанда айтылатын пікір. Соңғы пікір бойынша қазақ облыстарында Семейде болған Тройницкий, Торғайда болған Страховский сияқты губернаторлар бір жағынан қазаққа жайсыз болғанмен, екінші жағынан жағымды болмақшы: ондай губернаторлар, әуелі қазақтың қазақ екендігін ұмыттырмай есіне салып отырмақшы, екінші, қазақты қысып, тықсырып, тынышсыз болса, халықтың ұйқысы сергек болмақшы. Қойға қасқыр шаппаса, қойшы да, қожа да қораға келер қорқынышты ұмытады дейді. Қазақ жерін мұжыққа бере бастаған соң ғана, қазақ қайда отырғанын біле бастаған. Қазақтың ұйқысы бөлініп, сана түсіп, алдым қалай болар деп, алысқа көз сала бастағаны жерін ала бастағаннан берлі. Сондайдан тәжірбие етіп, бірсыпыра адамдар ойлайды:

халықты қанша қысқанмен қысылғаннан жаны шықпайды; қысқан сайын шынығып халық шырай береді; ұйықтағандардың ұйқысы ашылып, ойы түсуіне ондай губернаторлар себепкер болады; сондықтан Тройницкий мен Страховский сықылды губернаторлар қазақ облыстарында болып кеткені де пайдалы деп. Бірсыпыралары ол жағының пайдасынан безіп, ондай губернаторларды көрсетпесін деп, қолын жайып Құдайдан тілек тілейді.

Тройницкий кеткеніне кім сүйініп, кім күйініп жатқанынан хабарым жоқ. Өз басым Тройницкийге алғыстан басқа еш нәрсе айтпаймын; үйткені жалған жала, жасырын шағымға, инабият етіп, бұлдаушы болмаса, менің үстімнен жасырын шағым болмас еді; жасырын шағым болмаса, мен Қарқаралыдан Оренбургқа қуылмас едім; Оренбургқа қуылмасам, Қарқаралы да тұрып, осы істеп отырған ісімді істей алмас едім. Елу-алпыс балаға ғана арнап берген сабақтан алты миллион қазақты алаламай істеп отырған ісімді артығырақ көремін.

А.Б.

Губернатор өзгерілуі. «Қазақ» газеті. 1914 жыл февраль айы №50 саны

ДОСМАЙЫЛ ҚАЖЫҒА АШЫҚ ХАТ

Досмайыл дегенді біз білмеуші едік. Былтыр газета шыққаннан кейін басқармаға хат жазып, «маған тегін газета жіберіп тұрыңдар, менім де керегім болар» деп моллалығын айтқан соң, қолы қысқа ақ-қараны айыратын бір үлкен кісі шығар деп, бұ күнге шейін босқа газета жіберіп тұрдық. Газетаға жіберген кей сөздері жарамсыздықтан баспағанымыз да, бізге ұрысып, жекіп хат жазушы еді. Оның бәрі hеш нәрсе емес екен.

Осы февральдың 19-нда Досмайылдан бір хат алдық. Хатын оқып шыққаннан кейін, көзімізге нанбадық: қажы, молла, ақсақал жазды дерлік емес. Бұрынғы хаттарына өзі «қажы ақсақал Досмайыл» деп қол қоюшы еді, оның үстіне молла екендігін де сездіруші еді. Мұндағы сөзі кісіге айтуға, қағазға жазуға болар-лық емес. Қазақ тілінде бар әдепсіз, көргенсіз, лас сөздің бәрі осында.

Сол күні кешке Оренбургтағы бір журналдың мухарирі бізге, біздің жайымыздан жазған бір хат берді, мынаған не айтасыңдар, Досмайыл қажыдан «сыпайы» тілмен жазған бір хат алдым, деп оқып қарасақ, бұл алғашқы хаттан да сорақы. Бұл хатты да жауып қойдық.

Үш күннен кейін, 20-ншы февральда Уфа медресе Ғалия шәкірттерінен тағы бір хат келді. Бұ да Досмайыл хаты, біз туралы жазған. Бұ да «Досмайыл тілінде» жазылған.

Енді ойға қалдық: Досмайылдың мұндай хаты көп жерге, көп кісіге тараған боларға керек, оның бәрі бізге жіберіп тұрмас, бұл бізге неге қызықты, өзінен сұралық деп. Соның үшін осы ашық хат жазылды.

Досмайылдың өз тілімен жазуға болмайды, зор қиыншылықпен болса да, әдепсіз сөздерін қазақшаға аударып, оқушыларды көп зарықтырмай тезірек «тәбәрік» хаттың мағынасын білдірелік.

«Қазақтың» 45-нші номірінде біз жылдық есебімізде «Қазақ» жазушыларын жұртқа жария қылғанда, Досмайылды жазбаппыз. Оның «бір жыл бойынша арымай-талмай еткен қызметін»

ұмытқанбыз. Соның үшін ол бізге ашуланған. Бірақ оның отбасында отырып, күлін сабап, ашуланғанын кім білер еді, кім тыңдар еді; сөзін өтімді, толымды көрсету үшін өзіне серік іздеген. Серікті қалай іздеді, деңіз. «Қазақ» газетасын көркейткен моллалар мен шәкірттер еді. «Біздің атымызды жазбай, орыстың сорпасын ішіп, шошқаның жілігін кемірген орысша оқығандардың дәрежесін көтеріп, мұсылманша оқығандарды масқара қылды», - деп, мұсылманша оқығандарға бізді шағыстырып, жел бергісі келеді. «Бір жылдай тіл һәм пұлмен тоқтаусыз қызмет етіп едім. Жәрмеңкелерде арық қара байтал, шабан торымен жүріп еңбек қылып едім, ақырында жүзі қаралар, құдай ұрғандар қадірімді білмей түзинат...ты», дейді. Мұнан кейін орысша оқығандардың бірін қалдырмай «сыпайы» сөзбен сөгеді: «ұшан-теңіз докторлар кім еді, маржалардың «ауруын» тазартқаннан басқа. Адвокаттар кім еді, екі адамды дауластырып, теспей қанын сорғаннан басқа?! Пәлен кім еді, түген кім еді... «Байтұрсынов, Алдиаров, Сейдалин, Бөкейханов, Дулатов, Касабулатов, Шаһкәрім, докторлар, ... жазбасын, олардың сөзі бізге керек емес» дейді. Бұлардың көбімен таныс болмаған соң, олардың оқуын, ғылымын, кәсібін сөгеді. Әдепсіздікке, надандыққа шара бар ма!

Дені-саулығы шүбәлі бір кісінің сөзін газетаға басқанымыз үшін оқушылар ренжір деп ойлаймыз. Досмайылдың бар әдепсіздігі жоғарыда жазылған ғана болса, біз елең қылмас едік; оның төменгі сөздері бізді еріксіз жауап бергізеді. Досмайылдың хатындағы бізге қойып отырған жаласын бұлай бөліп һәм соларға жеке-жеке жауап береміз.

1) Досмайылдың аты жазушылардың арасында жоқ, оның қызметі айтылмаған екен. Бұған біздің жауабымыз мынау: біз 45-нші нөмір «Қазақта» жазушылардың атын жазғанда 16 кісіні атап «һәм басқалар» дедік. Жалғыз бізде емес, өзге білімді жұрттарда да газетаға жазушыларын көрсету бар, бірақ түгел жазуға міндетті емес. Ешкім Досмайылша, мені жазбадың деп өкпелеу жоқ. Біз бұл 16 кісінің атын атасақ, бұлардың көбі газетаға

тоқтаусыз керекті мәселелер туралы жазып сыналғандар, кейбіреулері аз-көп жазса да, тәуір жазғандар. Бұларды ғана атаумен қазақтың өзге білімділерін керексіз қылғандық шықпайды, білген адам бұлай жорымайды да.

Рас, күзді күні Досмайыл екі жәрмеңкеде, бірінде 20 сом, бірінде 115 сом 71 тиын жиып жіберген еді. Біз ол туралы басшылық етуші Досмайыл қажыға да, ақша беруші ел кісілеріне де кезінде Тәңрі жарылқасын айтқанбыз («Қазақ» нөмір 32 hәм 40).

2) Орысша оқығандарды көтеріп, мұсылманша оқығандардың атын жазбай масқара қылды деп, Досмайыл қазақ оқығандарының арасына жік салғысы келеді. Аттары аталған 16 кісінің төртеуі мұсылманша оқығандар, «Қазаққа» жазушылардың 4-тен бірі мұсылманша оқығандар болғанда, 3 бөлімі орысша оқығандар екендігі газетаны басқарып тұрған бізге белгілі, мұны оқушылар да байқайтын шығар. Досмайылдан басқа мені атамадыңдар деп бұртиған ешкім болған жоқ.

Біздің мұсылманша оқығандар туралы қандай пікірде екендігіміз солардың өздеріне де белгілі. «Қазақтың» 18-нші нөмірінде Досмайыл шәкірт біткенді кекетіп-мұқатып, өзі шәкірт күнінде көп нәрсе бітіргендей, орынсыз мінегенде, «Қазақтың» 21-нші нөмірінде оған жауап қайтарып: Қазақ шәкірттерін орынсыз сынамау керек, әуелі оларды мұқтаждықтан құтқарып, жәрдем беріп оқытып, оларға сонан кейін өкпелеу керек, деп жазған қыр баласы, басқармаға белгілі, Досмайыл сөгіп отырған орысша оқығандардың біреуі еді. Досмайыл алаламаса, қазақ баласын, орысша оқыған, мұсылманша оқыған деп, ешкім екіге бөлмейді. Осы күні қай оқу болса да, қолға түсуі мұң болып тұр, «орысша» деп жұртты үркітетін заман өткен.

3) «Айқап» журналынан моллалар hәм шәкірттердің бетін аударған мына Дәкең емес пе еді» дейді. (Бұл өзгертілмеген өз сөзі).

Досмайылдың мұндай жаман ниетпен қызмет еткелі жүргенін білгеніміз жоқ. «Айқапта», «Қазақта» жұртқа бірдей пайда

келтіру үшін шығып тұр еді. Бірін ақсатып, бірін көтеруден оған қанша пайда бар еді. Осылай қыл деп әлде онан біз өтіндік пе?

Екінші – Досмайылдың лепіруіндей-ақ, моллалар мен шәкірттерге ол қанша мұрындық екен, Досмайыл айтса, жөңкіле жөнелетін қанша молла, қанша шәкірт бар екен?

4) «Уфадағы медресе Ғалия шәкірттерінің «Қазақ» басқармасына тапсырған мың екі жүз сомдық кітабын Байтұрсынов пен Дулатов пайдаланып жатыр. Ишанғали Арабаевтан олар алдап сатып алды; кедей шәкірттердің хақын екі жер аударылғанмен Арабаев жемекші ме, мен соңынан түсемін» дейді.

Рас, былтыр Уфа шәкірттері «Қазақ» басқармасына үш түрлі кітап тапсырды (Бала тұлпар, Өрнек, Тумыш) бірақ бұлардың соммасы Досмайыл айтқандай 1200 сом емес, біз пайдаланып та отырғанымыз жоқ һәм оларды бізге ешкім сатқанда жоқ. Шәкірттер бізге Уфадан ол кітаптарды жібергенде, Ишанғали Арабаев қырғыздың Алатауында еді. Бізге тапсырылған кітап өз бағасымен екі жүз сомдық һәм ақшадай жіберген 47 сом, бәрі 247 сом. Бұл кітаптардың 78 сом 80 тиындығы әлі қткен жоқ, басқармада. Сатылғандарынан түскен ақша 45 сом 98 тиын; кітапшыларға комиссияға беріліп, әлі ақшасы алынбаған кітап 40 сом 72 тиындық. Бұл кітаптардың сатылғаны һәм комиссияға берілгендерінен 30% кем есептеледі. Шәкірттерден бұрын алған кітаптары үшін басқармаға тапсырған несие ақшалар 40 сом 4 тиын. Бірақ мұның ішінде Досмайылдан, я оның баласынан бір тиын келген жоқ. 247 сомды Досмайыл қалай 1200 сом қылып жүр? Арабаев бізге қалай сатып жүр? Кедей шәкірттерді біз қалай жем қылып тұрмыз? Мұның бәрін енді Досмайыл испат етерге керек. Досмайылдың 1200 сомды екі айдалған жеп жатыр деп жындануының мәнісін білмейміз. Уфадағы қазақ шәкірттері біздің бұл жазғанымызда қате бар десе, Досмайыл сөзінің мыңнан бірі рас десе, айтсын. Бұл кітаптарды шәкірттер «Қазақ» басқармасына басы бүтін берген жоқ, өздерінің үнемі тұратын жері болмаған соң, (жаз елде, қыс Уфада болып) басқармаға аманат тапсырған. Біздің бұл кітаптармен пайдаланып

тұрғанымыз сол: бұларды сатып, посылка қылып тігіп, почтаға апарып, есеп-хисабын жеке дәптерге жазып, несиелерін жинап машақаттанып, аз да болса, өзге жұмыстарымыздан қалатын сағаттар болады.

5) «Байтұрсынов пен Дулатов оқу кітаптары шығармасын, қазақ баласының тілін бұзады; маған арабша, иранша, латынша, славянша бәрібір, қазақша деген қайдан келді» дейді. Бұл тілдерге Досмайыл жетік болғанмен, біз білмейміз, соның үшін қазақша жазамыз. Қазақ тілі қазақ балаларын бұзады дегенді жалғыз Досмайылдан естіп отырмыз. Досмайыл тоқтатсын дегенге тоқтата алмаймыз, біз Досмайыл үшін емес, қалың қазақ үшін шығарып жатырмыз. Қазақшаның қайдан келгенін Досмайыл білмесе де өзгелер біледі.

6) Екі жер аударылғанмен емле хақында «Айқап» арқылы сөйлесемін дейді. Емле мәселесін Досмайыл бүгін естіп отыр ма екен? «Айқап» арқылы деп бізді шошытқысы келеді. Емле мәселесі 3 жыл мұнан бұрын «Айқапта» басталған; сондағы жазушылар да біз болатынбыз. Сонан бері Досмайыл қайда жүрген? Өкпелеген күні елден де безіп, бізден де безіп, біздің ісімізден де безіп отыр. Досмайыл ойласа керек, орысша оқығандарды жамандап, мұсылманша оқушыларды желіктірсем, бұларға дұшман болар; «Айқапты» жақтасам, ол әлгі дұшмандыққа құрал болар деп. Жоқ, Досеке, адаспа! Бізге сенен мұсылманша оқып жүргендер де «Айқапта» мың есе жақын, мың есе қымбат.

7) Абдулазиз Мұсаның атын «Қазаққа» жазып отырған себебі, Мамановтың жәрдем ақшасын өздеріне жібергені үшін» дейді.

Досмайыл жұрттың бәрін өзіндей көреді ғой, азын-аулақ ақша жиып жіберсем, атағымды алты алашқа жайып үнемі мақталармын дейтін. Абдулазиз арқылы бізге келген Мамановтардың ақшасынан 9 оқушы қазақ балаларына бердік, солардың біреуі ғана орысша оқыған, қалған сегізі медреселердегі шәкірттер («Қазақ» нөмірі 46, 47 hәм 50). Досмайыл аузына келгенін неге

ірікпей сөйлейді, біз мұсылманша оқығандарды шет көріп, масқаралау жолында болсақ, 8 шәкіртке береміз бе, «Қазақ» басқармасы кімге берсе де ерікті еді, ақша иесінің тапсыруы бойынша.

8) «Екі айдалғанды губернаторға көрсетермін» дейді. Біз сенің арық қара байталыңмен шапан торыңды ұрлап айдалғанымыз жоқ. Біздің айдалғанымызды губернатор да, жұрт та біледі hәм бұл күнде де істеп отырған жасырын ісіміз жоқ.

Ноғайлардың доносшы Ешми молласының газеталарға жазылып аты шығып еді. Саған да атақ керек қой, көрсете бер!

Ахмет Байтұрсынов
Міржақып Дулатов.

Досмайыл қажыға ашық хат.
«Қазақ» газеті.
1914 жыл февраль айы
№ 52 саны

ҚАЗАҚ ҺӘМ ТҮРЛІ МӘСЕЛЕЛЕР

Қазаққа тәуел оңаша, яки басқалармен бірге ортақ мәселелердің кеңеске бұрын түскендері де бар, бүгін түсіп жатқандары да бар һәм түсейін деп тұрғандары да бар. Қазаққа қарасақ, сол мәселелер қазаққа тәуел, я ортақ мәселелер сияқты емес, яки қазақ туралы болғанмен, не болып, немен біткені талғаусыз. Яғни, жақсы болса, жақсы болды деп қуанбайтын, жаман болса, жаман болды деп күйзелмейтін бейне бір болмашы ғана мәселелер сияқты.

Сендердің кеңесейін деп отырғандарың мен туралы іс пе? Менің ісім болса, менің жайымды өзімнен артық ешқайсың білмейсің! Маған керегі мынау деп, жаны бар, есі дұрыс адам айтпас па? Ондай тірлік біздің қазақта күні бүгінге дейін көрінбей тұр.

Бұрын қазаққа тәуел, я ортақ мәселелер қозғалған кезде, қазақ үні шықпағанда ойлаушы едік: қазақта газета жоқ, не істеліп, не болып жатқанын қайдан білсін? Біліп тұрса, қазақ та басқалармен қатар жандығын, жұрттығын білдірер еді ғой деуші едік. Мәселен, 1910-шы жылы бастауыш мектептер туралы Думада кеңес болғанда: Мектептерде оқу орыс тілімен оқытылсын, жасынан балалар орыс тіліне үйреніп, Россияға қараған басқа тілді жұрттар өз тілдерін ұмытып, орыс тіліне ауып, орыспен бірігіп, сіңісуіне жақсы деген. Сонда, жоқ, олай емес, әр халық бастауыш мектепте өзінің ана тілімен оқыту тиіс деп, орыстан тілі басқа жұрттар, оның ішінде біздің ноғай бауырларымыз тұс-тұсынан телеграмды жаудырып жатқанда, қазақ дыбысы естілмеген.

Қазақтар неге аузына су алғандай үндемей отыр дегендерге: Қазақта газета жоқ, Думада не мәселе қаралып жатқанын қазақ білмей жатыр деуші едік. Олай деп қазақты әншейін ақтау үшін ғана емес, өзіміз солай ғой деп ойлағандықтан айтушы едік, әттең, газетаның жоқтығы! Төбе басына қойған қарауылшыдай көзіне ілінгенін, құлағына естілгенін мезгілінде білдіріп тұратын хабаршы газета болса, осы кемшіліктер қазақта болмас еді-ау деп, тісті қайрап, бармақты шайнаумен болып едік.

Онан кейін: бүйтіп отырып қазақ жұрт қатарына еріп іс ете алмас, әр орында көзі жоқ соқыр, құлағы жоқ керең, тілі жоқ мылқау болар да отырар. Бұған көз, құлақ, тіл болғандай нәрсе қажет деп, газета шығардық. Газета шыққаннан берлі қазаққа не керегін, ол керегіне қолы жету үшін не керегін әркім білгенінше, қолынан келгенінше жазып жүр, құлағына салып жатыр. Қазақ туралы мұндай мәселелер қозғалып жатыр һәм қозғалмақшы, оны да мезгілімен газета жазбай тұрған жоқ. Мүфти мәселесі қозғалады деп жазылды, билік өзгеріледі деп жазылды, екі орыс, бір қазақ мәселесі жазылды, бауыздамай мал сою мәселесі жазылды. Қазақ көре, біле отырып, басқалармен қатар іс ете алмайтынын енді көрсетті. Жоғарғы айтылған төрт мәселенің екеуі, мәселен, билік пен екі орыс, бір қазақ – қазаққа ғана тәуел мәселелер, онан басқа екеу, мәселен, мүфтилік пен мал бауыздамау – Россиядағы барша мұсылмандарға ортақ мәселелер. Қазақтың басқалармен қатар жұрттық қыла алмайтындығы оңаша өзіндік мәселелерден сезілмесе де, ортақ мәселелерден анық көрініп тұр. Мүфтилік пен мал бауыздамау турасында басқалар не істеп жатыр? Қазақ не істеп жатыр? Қазақтың түріне қарағанда, айтылған төрт мәселе, «не болса, ол болсын, бізге бәрібір» деген сияқты. Қазақ жайын білмейтіндер қазақ солай деп отыр екен деп һәм ұғады. Қазақ шала мұсылман, оларға малды бауыздау, бауыздамау бір есеп, сондықтан олардың басқалардай күйзеле қоймайтыны дейді.

Малды бауыздау, бауыздамау қазаққа бір емес екенін біз білеміз, басқалардың қазақпен араласып жүргендері ғана біледі. Қазақтың қарасын көрмегендер қазақ жайын қайдан білер? Қазақ аң сықылды арам, адалды айырмайтын халық деп біледі. Жоғарыда айтылған мәселелер қазақтың нақ жанына бата қоймайтын мәселелер десе де, тіпті керексіз мәселе деп айту білмегендіктен. Қазақ керек қылмағандықтан үндемей отыр ма? Қазақ үндемей отырғаны естімегеннен емес, керексінбегендіктен емес, жандығының жоқтығынан, үрейсіздігінен. Малды бауыздамай сойыңдар, мүфтиліктің қазаққа керегі жоқ, дінің

жоғалу үшін екі орыс, бір қазақ болып отырыңдар. Тілің жоғалу үшін балаларыңды бастауыш мектептерде орыс тілімен оқытыңдар деп біз айтсақ, үндемек түгіл, дүнияны басына көшірер еді. Дінді керек қылмайтын шала мұсылман деп отырған қазақтар діншіл болып, аузына су алғандай үндемей отырған моллалар шешен болып, үрейсіздер батыр болып, қандай бізге әкіреңдер еді! Оны басқалар білмесе де, біз жақсы білеміз. Билік туралы жазылғанда қазақтың дін ісінен басқа дүнияуи, яғни тіршілік істері, шариғатқа қарамай, билік қарауында болу керек, өйткені шариғат бір айтылып, тас сияқты қатып қалған өзгерілмейтін жол, тіршілік күн сайын өзгеріліп тұрады. Сондықтан тіршілік ісі өзімен қатар өзгеріліп тұратын жолда боларға тиіс деген сөз айтылып еді. «Шариғат тас сияқты қатып қалған» деген сөзге шамданып, орысша оқығандар дін жайын білмейді деп, білмейтінімізді бетімізге басып, талай адамдар ашуланып, басқармаға хат жазды. Шариғат қатқан тас сияқты дегенге жаны күйзеліп, хат жазып отырған қазақтар, мұның әкесіндей жоғарыда айтылған мәселелер болмашы, жанға батпайтын мәселелер деп үндемей отырар ма? Үндемеу себептері басқа шығар дейміз. Ол себебін бізден гөрі қазақтың өздері, әсіресе моллалары артық білсе керек. Біз дін жайынан сөйлесек, орысша оқығандар дін жайын білмейді деп, ауыз аштырмайды, жеріме түстің деп, аяқ бастырмайды. Сондықтан біз дін істері туралы пікір айтуға тартынамыз. Қазақтың дін істері мынадай боларға керек деп, жоба сайлап, жөн көрсетіп отырған моллаларымыз тағы жоқ. Біз бірдеме десек, шап етіп бетімізден алатындар көп. Дін істері туралы пікірін айтып, жоба көрсетуге бірі де жоқ. Мүфти жайынан жазатын қазақтан молла шықпаған соң, ноғай молласы жазып отыр, 6-шы майда болатын Петербургтегі мұсылман кеңесіне барарлық қазақта қандай молла бар деп сұрағанға еш молланы көрсете алмай отырмыз. Өйткені іске жарарлық қандай молла бар екенін білмейміз. Онда барған молла қазандай қылып ораған сәлдесін көрсетуге бармайды. Қазақтың дін істері қай жөнді, қай тәртіпті болу жағынан толық мағлұмат берерге барады.

Қараңғы халыққа түндікті бүркеп, қараңғылап қойып, шариғат соғатын моллалар қазақ арасында көп екенін білеміз, бірақ білімін жарыққа шығарып көрсетпеген соң, Петербург кеңесіне қайсысы жарайтынын біле алмадық. Білімін жарыққа шығарып жүрген қазақта бір-екі молла бар екенін де білеміз, бірақ олардың сөзін басқа моллалар қуаттамай тұрған соң, кеңестегі сөзін де қуаттамас деп, оларды да көрсете алмадық.

Сөйтіп, әуелі, біз туралы мәселелер қозғалып жатыр екен деп, көңілі селт еткен қазақтарды көре алмай тұрмыз, екінші, қазақ рухани істері мынау жөнді, мынау тәртіпті болуға тиіс деп, жоба жасаған моллаларды көре алмай тұрмыз һәм қазақтың рухани істері туралы Петербург кеңесіне барып, толық мағлұмат бererлік моллаларды да таба алмадық. Қазақтың өзіне арнап жеке мүфтилік бере қалса, мүфти, қазы, ахун, имам боларлық моллалар табылар ма? Әлде, деуге жарамаса да, ауыз жеуге жарайтын дейміз бе? Қазақ моллалары да жарыққа шығып, беті-жүзін көрсетуі тиіс шығар дейміз.

Қазақ һәм түрлі мәселелер. «Қазақ» газеті.
1914 жыл апрель айы № 59 саны

БАСТАУЫШ МЕКТЕП

Қазақ бастауыш мектебі қандай боларға керек? Бұл туралы ашылып пікір айтылған жоқ. Петербургте болатын мұсылман кеңесінде мектеп мәселелері қаралмақшы, оған қазақтан баратын адамдар қазаққа қандай мектеп керек екендігін біліп барарға тиіс. Сондықтан «Қазақ» өз пікірін айтып, жұрт құлағына салмақшы.

Осы кезде қазақ балалары оқуды екі түрлі бастап жүр. Біреулері оқуды ауылдағы мектептен бастайды, екіншілері ел ішіндегі орыс школасынан бастайды. Солай болған соң, қазақтың қазіргі бастауыш мектептері осылар дейміз. Қазақ бастауыш мектебі қандай болу керек деген мәселені шешерден бұрын, осы күнгі тұтынып отырған бастауыш мектептердің жарамды, жарамсыздығын тексеріп, сонан соң керек мектеп не түрлі болу жайын сөйлеу тиіс.

Әуелі ауыл мектебінен басталық. Осы күнгі ауыл мектептерін мектеп деп айтарлық емес. Оқуға керек құрал жоқ, оқыта білетін мұғалімдер аз. Сонда да қазақта хат білушілердің проценті мужиктерден жоғары. Осы күнгі тек хат жаза білетін қазақтардан бастап, газета, журнал, кітап шығарып жатқандарымыздың бәрі де сондай мектептен оқып, хат танып, жазу үйреніп шыққандар. Мұнан көрінеді: осы күнгі мектептер осыншама жайсыз, күйсіз қалпында халық арасына оқу, жазуды мужиктер арасынан гөрі көбірек жайып жатқаны, бұл мектептің халыққа жақындығы, балалар білімді ана тілімен үйренгендігі.

Алайық енді орыс школаларын. Қазақ арасындағы орыс школалары ауылнай, волосной екі класты школалар. Бұлардан бітіргендер ілгері оқымаса, онда да, мұнда да жоқ болып шала оқумен қалады. Елде бір-екі жыл тұрса, оқыған ның көбінен айырылып, оқымағандармен бірдей болып, оқыған еңбек бос кеткен есебінде қалады. Бұл күнде екі класты школа бітіргендерден ауылнай, учитель, писарь болып жүргендері бар екені рас, бірақ бастауыш мектепте үйренетін білім жұрттың бәріне тегіс керек білім ғой. Адамға тіл, құлақ, қол қандай керек

болса, бастауыш мектепте үйренетін білімдер де сондай керек. Осы заманда хат білмеген адамның күйі: тілі, я құлағы, я қолы жоқ адамның күйімен бірдей; мұнан бұлай хат білудің керектігі онан да аспақшы. Бастауыш мектептен оқығандар писарь, учитель, фельдшер, адвокат, судья, инженер, агроном болар демей, ең әуелі, қазақша толық хат білетін дәрежеде болуын көздеу керек. Екінші, бастауыш мектептен үйренген білім әрі оқимын дегендерге негіз боларлық жағын көздеу керек. Егер де бастауыш мектептен оқып шыққандар ілгері оқымай, үйінде қалса, ұлт әдебиеті мен мәтбуғатының мүлкін пайдаланарлық дәрежелі біліммен қалсын. Әрі оқимын деген хәлде: мұсылманша оқыса, бастауыш мектеп оқуы арғы оқудың негізі болуға жарасын; орысша оқыса, орысша үйренудің қиындығын жеңілтерлік демеу hәм негіз болуға жарасын.

Жоғарыда айтылған қазақ ішіндегі осы күнгі екі түрлі бастауыш мектептің екеуі де көңілдегі мектептердің түрінен табылмайтын мектептер. Бірінде оқуға керек құрал жоқ, тәртіп жоқ, мөлшер жоқ, жоспар жоқ. Халық оқуды керек қылғандықтан, жаманда болса, «жоғынан бары артық» дегенмен істеліп отырған іс. Екіншісінде, яғни, орысша школаларда тәртіп те бар, құралдар да сай, мөлшер, жоспар бәрі де бар. Бірақ, соныcына қарай пайдасы аз. Олардың пайдасын кемітіп отырған бірақ нәрсе: қазақты орысқа аударамыз деген пікір бәрін бүлдіріп отырған. Сол школалар арқылы қазақ тілін жоғалтып, орыс тіліне түсірерміз дейді, қазақ тұтынып отырған араб әрпін тастатып, орыс әрпін алдырамыз дейді. Сол үшін әуелі, балалар ана тілімен оқымай, орыс тілімен оқысын, ана тілімен оқыса да, орыс әрпімен оқысын дейді. Соның үшін біреулері ана тілінде оқыған аты болу үшін қазақ тілінде орыс әрпі басылған кітаптардан бастап оқытып, әрірек барған соң, кілең орысшаға түспек керек дейді. Бұлар еппен қайырмалаушылардың жолы. Біреулері еп-септі қойып, бірден орысша оқыту керек дейді.

Өткен жыл 14-ші июньде патша жарлығы бойынша шыққан правилада Россиядағы бөтен текті жұрттардың мектебінде

бастапқы екі жыл ана тілінде оқытылсын деген. Ол правилаға Оқу министрі қол қойған. Оның бер жағында Қазан округінде бір инспектор попечительге жазған: учительдер чуваш балаларын чуваш әліппесімен оқытпай, бірден орыс әліппесімен оқытқанды оңай көреді – деп. Оны попечитель министрге жеткізген. Министр енді жазып отыр: чуваш мектебінде орыс әліппесінен бастап оқытқанды бек ұнаттым, бек келісті іс екен - деп. Сөйтіп, чуваш балаларын чуваш тілімен һәм чуваш әліппесімен оқытпай, бірден орыс тілімен, орыс әліппесімен оқытуға министр батасын беріп отыр. Бастапқы екі жылда ана тілімен оқытуға тиіс деген правилаға қол қоюшы да министр, онан кейін ана тілімен оқытпай, бірден орыс тілімен оқытуды ұнатушы да министр. Бұл екі қағаздың қайсысы іске асып, қолдануда болмақшы? Қайсысы хүкіметке жағымды болса, сонысы іске аспақшы. Хүкіметке жағымдысы қол астындағы жұрттың жазу-сызуы, тілі, діні бір болу. Россия қол астында түрлі тілді, түрлі дінді, түрлі жазу-сызуды тұтынып отырған жұрттар бар. Солардың бәрі тілін, дінін, жазу-сызуын орысқа аударса, хүкіметке онан артық ұнамды іс болмас. Сондықтан 14-ші июньде министр қол қойған правиланы 16-нші ноябрьде министрдің жазған қағазы жеңбекші. Ондай правилалар іске аспай қалу үшін, бір миссионер инспектор жазса, болғаны: өз әліппесімен, ана тілімен оқытып отырсақ, қай уақытта жазу-сызу, тілі жоғалады? Тегі, бөтен жұрттар тілінен, жазу-сызуларынан айырылып, орыспен бірдей болып сіңісу үшін, бірден орыс тілімен оқыту керек – деп. Бастапқы кезде ана тілімен оқыту тиіс деген сөз 1906-нші жылғы 31-нші март правиласында да бар еді. Осы күнге шейін ауылнай, волосной екі класты бастауыш мектептерде қазақ әліппесімен қазақша басталып оқылғаны еш жерде естілмейді. Себебі не? Правила бойынша қазақ тілі мен қазақ әрпінен бастап оқыт деп отырған балалардың ата-анасы жоқ. Халықтың өз тілімен, өз әрпімен оқығанын әкімдер жақтырмайтын болған соң, учительдер өз беттерімен ана тілімен, ұлт әрпінен бастап оқытамыз дей қоймайды. Сөйтіп, правила қағаз жүзінде бар болса да, іс

жүзінде жоқ. Бұл айтылғанның бәрі де хүкімет өз пайдасын көздегендіктен істеліп тұрған істер. Бастауыш мектептер жалғыз хүкімет пайдасы үшін болмай, халық пайдасы үшін де болар-ға керек. Хүкіметке керегі мемлекеттегі жұрттың бәрі бір тілде, бір дінде, бір жазуда болу, һәр халыққа керегі өз діні, тілі, жазуы сақталу. Солай болған соң, бастауыш мектеп, әуелі, миссионерлік пікірден, политикадан алыс боларға керек, яғни қазақтың діні, тілі, жазуы сұмдық пікір, суық қолдан тыныш боларға керек. Қазақ дінге нашар күйден өткен, енді қазақты басқа дінге аударамын деу құр әурешілік. Қазақты дінінен айыруға болмаса, жазуынан да айыру болмайтын жұмыс. Араб әрпі ислам дінімен бірге келіп, қазаққа орнаған. Дінмен байласқан жазу дін жоғалмай, жоғалмайды. Қазақта газета, журнал, кітаптар жоқ кезінде жоғалмаған тіл газета, журналы шығып, кітаптары басылып, жылдан-жылға ілгері басып келе жатқанда, қазақ тілі жоғалмас.

– Олай болса, мектеп арқылы қазақтың дінін, тілін, жазуын жоғалтып, орысшаға аударамыз деген пікірден хүкімет безіп, тиісті бастауыш мектеп екі жаққа да зиянсыз, пайдалы болуын көздеу. Солай ойлағанда, көңілге ұнамды мектептің түрі, біздің ойымызша, мынау: Бастауыш мектептер оқуы қазақ үшін 5 жылдық боларға. Әуелгі үш жылда балалар кілең қазақша оқу. Соңғы екі жылда кілең орысша оқу. Мужик жөнімен қала болған қазақтар бар, қазақ ретімен қала болатын қазақтар да болар. Қыстаулары жиын қазақтар да бар, қыстаулары сирек қазақтар да бар. Солардың бәріне бастауыш мектеп қолайлы болуға тиіс. Бәрінің де оқиын деген балалары, мектеп жағынан қолайсыздық болып, оқи алмай қалатын болмасқа тиіс. Сондықтан, әуелі, қазақ бастауыш мектебі екіге бөлінерге: келіп оқитын, жатып оқитын мектептер. Келіп оқитын мектептер қала болған, яғни қыстауы жиын жерлерде болу, жатып оқитын мектептер елі сирек отырған жерлерде болу.

Екінші, қыр мектебі һәм қала мектебі болып бөлінерге. Қыр мектебі – ауыл мектебі, волос мектебі болып, о да екіге бөлінерге, ауыл мектебінде кілең қазақ тілімен оқылатын үш жыл оқу

оқыларға, қалғаны кілең орысша оқылатын екі жыл волос мектебінде оқыларға. Волос мектебіне ауыл мектебінде бітіргендер алынарға. Қала мектебі қаланың үлкендігіне қарай үш жылдық, бес жылдық оқулы боларға. Жатып оқитын ауыл мектебі мен волос мектептеріне келіп оқи алмайтын балаларды ғана жатып оқитын есепке алуға. Бастауыш мектепте кілең қазақ тілінде үйретілетін нәрселер: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағрафия, шаруа-кәсіп, жаралыс жайы. Бастауыш мектептің кілең орысша оқитын екі жылында үйретілетін білім гимназияның, яки реальный мектептердің төменгі кластарына кірерлік болу тиіс. Бастауыш мектептер осындай болса, бұлардан әрі мұсылманша, я орысша оқыту үшін қазақ балаларының бастауыш мектепте үйренген білімі негіз болуға жарайды.

Бастауыш мектеп. «Қазақ» газеті.
1914 жыл май айы № 61 саны

МЕКТЕП КЕРЕКТЕРІ

Өткен нөмірде қазаққа қандай бастауыш мектептер керегін жазып едік, енді ол мектептерге не керек, сол жайынан жазбақшымыз.

Қазақ балаларын ана тілінде төте жолмен, қолайлы құралдармен оқыту жайын жақсы білетін мұғалімдер үш жыл оқытқанда бірталай білім үйретуге болады. Ана тілінде жазылған кітаптар, газеталар, журналдар о ғайри ана тіліндегі жазу-сызу бастауыш мектептен шыққандардың мүлкінде болады, яғни солардың бәрінен де пайдалануға қолынан келетін болады. Біздің қазіргі ел ішіндегі мектептерімізге жоғарғы айтылған шарттардың біреуі-ақ бар, ол бар дегеніміз – ана тілімен оқыту. Басқа шарттары орнына келмеген соң, үйренерлік білімнің көбін білмей, балалар азын ғана біліп шығады. Бізде қазірінде төте оқу жолымен оқыта білетін педагогика, методикадан хабардар мұғалімдеріміз жоқ қасында. Бастауыш мектепке керек құралдарымыз сайлы емес. Кесіп пішкен программа жоқ. Сондықтан қазаққа қандай мектеп керектігін сөйлегенде, ол мектепке не керек екендігін де айту тиіс.

Мектептің жаны – мұғалім. Мұғалім қандай болса, мектебі һәм сондай болмақшы, яғни мұғалім білімді болса, білген білімін басқаға үйрете білетін болса, ол мектептен балалар көбірек білім біліп шықпақшы.

Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, оқыта білетін мұғалім. Екінші, оқыту ісіне керек құралдар қолайлы һәм сайлы болуы. Құралсыз іс істелмейді һәм құрал қандай болса істеген іс те сондай болмақшы. Істің толық жақсы болуына, құралдар сайлы һәм жақсы болуы шарт. Үшінші, мектепке керегі белгіленген программа. Әр іс көңілдегідей болып шығу үшін оның үлгісі, я мерзімді өлшеуі боларға керек. Үлгісіз, я мерзімді өлшеусіз істелген іс лопысолпы, я артық, я кем шықпақшы. Керексіз нәрселерді үйретіп, балалардың өмірін босқа өткізбек үшін, үйретерге тиісті білімді кем үйретпес үшін, балалардың күші жетпейтін өте алысқа

сүйреп кетпес үшін, бастауыш мектепке үйрететін нәрселердің кесімі-пішімі болуға тиіс. Сол пішім программа деп аталады.

Өткен нөмірде біз айтып өттік, қазақ үшін ашылған орыс школаларының мұғалімдері, оқу құралдары сайлы деп. Біздің ана тілімізде оқылатын мектептеріміздің құралдары, мұғалімі сондай сайлы болуға тиіс. Сонда мектеп программасын үлгеріп, орнына келтіре алады. Мектепке керек нәрсенің бәрі сайлы болмаса да мектеп ақсайды, программа бойынша үстіне артқан жүкті дұрыс алып жүріп, мерзімді жеріне мезгілінде жеткізе алмайды. Сондықтан мектеп керек болса, мектепке нәрселері де сайлы болуы керек.

Мұғалім сайлы болу үшін, мұғалімге керек білімді үйрететін орыннан оқып шығарға тиіс. Ондай орын қазақ түгіл, қазақтың бұрынырақ қимылдап жатқан ноғай бауырларымызға да жоқ. Қазақтардың өздері дарилмұғаллимат (педучилище – ред.) ашып, мұғалімдерін сонан оқытып шығаратын заман алыс жатыр. Қолдан келмейтіндерін қоя тұрып, қолдан келерлігін дұрыстау тиіс. Орыс мұғалімдік школаларынан шығып, учитель болып жүрген қазақ жастары бар, мұсылман медреселерінен оқып, мұғалім болып жүрген қазақ жастары бар. Осылардың екеуі де толық мұғалімдікке жарайды, егер де бұлардың біреулері мұсылманша хат білу жағынан, екіншілері педагогика, методика жағынан кем соқпаса.

Осы күнгі орысша оқығандардың көбі мұсылманша хат білмейді, мұсылманша оқығандардың көбі педагогика, методикадан хабардар емес. Қазақтан тәуірірек школа һәм медресе бітіргендер аз. Ол аздың үстіне орысша оқып, мұсылманша да білетіндер аз. Мұсылманша оқып, педагогика білетіндері аз. Жұртқа тәртіпті мектеп керек. Мектепке сайлы мұғалімдер керек. Мектептерге мұғалім боларлығымыз жоғарыда айтылған екі түрлі жастарымыз. Олардың сайлы мұғалім болуына жетіспей тұрған жерін бітегене жетістіру ғана қажет. Орысша оқығандардың мұсылманша хат білуіне бір-екі-ақ ай үйрену қажет, мұсылманша оқығандар педагогиканы дұрыстап үйренбегенменен

методиканы біліп, жаңа усулдармен танысуына оған да бір-екі ай үйрену керек. Бұл бір-екі ай үйрену қайсысына да болса, қолдан келмейтін іс емес.

Мұғалімнен соңғы сайлы болуға тиісті нәрсе оқу құралдары. Оқуға керек қалам, қағаз, қара сия, сауыт, отыруға керек нәрселер пұлға табылатын заттар. Қазірінде пұлға табылмайтын: қазақ мектебінде қазақ тілінде оқытуға керек кітаптар. Өткен нөмірде қазақ бастауыш мектебінде үйретілетін білімдер мынау дедік: оқу, жазу, дін, ұлт тарихы, есеп, шаруа-кәсіп, жағрафия, жаратылыс жайы. Осыларды үйретуге керек кітаптар қазақ тілінде жоқ. Міне, қазір іздесек ақшаға табылмайтын құралдар осы. Осыларды дүнияға шығару керек. Біз бұларды уақыт жетуінше қолға алып істеп жатырмыз. Бірақ, бір жағынан, басқа жұмыспен байланулы болғандықтан, бір жағынан басы ашық мәтбуғамыз болмағандықтан, тез үлгеріп бола алмай жатыр. Шыға бастағандарына өкпесі бар кейбіреулер сын таққан болып жатыр. Сынағанда біреулері тіпті қолына алып қарамай, екіншілері қараса да танымай сынап жатқан көрінеді. Әркім сынау керек өзінің жақсы білетін нәрсесін. Білмейтін нәрсені сынаймын деп, құр өзінің білмегендігін көрсетеді. Біреудің бір нәрсенің білетін, білмейтіндігі істегенде ісінен көрінеді. «Айқап» журналында «Оқу құралы» есімді қазақ әліппесіне сын тағып отырғандар жаңа усулдарды білмейтін адамдар. Ол әліппе жазылған жаңа усулдардың ең жақсы – усул сотие жолымен. Оқу кітаптары жазылады. Оқыта білетін, усулдармен таныс мұғалімдер үшін. Машина hәм басқа құралдар жасалады. Сол машина құралдардың тетігін біліп пайдаланатын адамдар үшін. Жұмсауын білмей кінә қою көзілдірікке кінә қойған маймыл сияқты болады, я аузы қисық бола тұрып айнаға өкпелеген сияқты болады. Біз оқу құралдарының подретін алып істеп жатқанымыз жоқ. Біздікі жаман болса, жақсысын шығарыңдар. Жақсы шықса, жаман қалатын.

Бұл оқыту жайының таласы ақыретте не болады деп таласу емес, қазақ жерді олай, я бұлай алса, түбінде пәлен болады деп

таласу емес. Олар алдағы нәрселер. Оқыту жайын кім жақсы, кім жаман білетіндігін көзге көрсетуге болатын нәрсе – педагогика, методикаларды кәміл білетін адамдардың алдында әліппе шығарушы һәм сын тағушы, екі жағы сынға түссін, тұтынған усулы бойынша балаларға сабақ беріп көрсін. Таласпайтын орында талассын, ауыз ауыртпай соны істеу керек. Әйтпесе, біліп сын таққанымды, білмей сын таққанымды жұрт қайдан білсін деп мінеу – жұрттың бәрі жақсы мен жаманды айырмайтын ақымақ деп ойлаған болады ғой. Бұ жағын «Айқап» ойлап, я ойламай орын беретініне түсініп жете алмаймыз.

Петербургте осы күні болып жатқан кеңесте рухани істермен қатар мектеп мәселелері де қаралып жатыр, соңыра Думада да солай қаралмақшы. Ана тілімен оқытамыз деген пікір – кіли орыстан тегі басқа, тілі басқа жұрттың бәрі қуаттайтын пікір. Ана тілімен оқу бізге де керек екендігінде еш талас болмасқа керек. Назаров кеңесінде қазақта ана тілімен оқуға оқу кітаптары жоқ деп, бірден орысша оқытуды қуаттаушы чиновниктер болған. Сондай сөздер болмас үшін ана тілінде оқытатын кітаптарымыз бар деп айтуға жарарлық болуымыз тиіс.

Мектеп керектері. «Қазақ» газеті.
1914 жыл май айы №62 саны

СОҒЫСУШЫ ПАТШАЛАР

Еуропа патшалары көптен берлі өзара соғысқан жоқ. Өзара соғыспай, өзгелермен соғысып, я тіпті соғыспай тыныш отырып соғысқан патшалардың арасына билік айтып, үлкен ауылдық сыбағаларын алып, жай отыратын еді. Екі ұлығ патшаның арасынан соғыс шықса, ол соғысқа араларында байласқан уағдалары бойынша, басқалары да кірісіп, соғыс ұласып, ұлғайып, ахыры немен тынарына көз жетпей, бәрі де өзара соғысудан тартынушы еді. Соғыспаса да, қару-жарақтарын бәсекемен сайлап, соғысатындай күтініп, бірін-бірі аңдумен келе жатыр еді. Тарих жүзіне көз салсақ, таласпаған, соғыспаған халық көрінбейді. Бұл күндегі халықтар да қанша ғылымды, өнерлі, білімді, мейірімді болдық десе де аталарынан ұзап алыс кете алған жоқ; соғыспай тұратын күйге әлі жеткен жоқ. Сондықтан міне Еуропа соғысы басталды.

Еуропа патшаларының нағыз зорлары соғысқа бел байлап кірісіп тұр, ұсақтары әскерлерін жиып, бірсыпырасы қалай болар деп, соғыстың аңызын бағып тұр, бірсыпырасы басылып, жаншылып, соғысқандардың аяғының астында қалмасқа қам қылып жатыр.

Соғысқа қазірінде кірісіп тұрған 5 ұлығ патша, үш ұсақ патша соғысатын қандай жұрттар, қай жағының күші басым екенін оқушыларымыздың білетіндері де, білмейтіндері де бар болса керек. Сондықтан әрқайсысының жайынан қысқалап, мағлұмат бергеніміз теріс болмас деп ойлаймыз.

Россия, Франция, Англия – үш ұлұғ патша бір жақ; бұларға үш ұсақ патша қосымша болып тұр; олар Сербия, Қаратаулық һәм Белгия. Германия һәм Австрия – екі ұлұғ патша бір жақ. Осы екі патша қазірінде үш ұлұғ патша, үш ұсақ патшамен соғыспақшы. Соғысатын патшалардың бәрі де христиан дініндегі патшалар, бірақ түрлі мазхабынан болады. Бұлардың әрқайсысының жері, елі, әскері қанша, қысқалап айтып өтелік.

1) Біздің Россиядан басталық; Россияның жері 19 миллион, 99 мың, 165 шаршы шақырым; елі 160 миллионнан астам;

Россиядағы халықтар түрлі дінді. Түрлі тілді екендігі оқушыларымызға мағлұм; бірақ солардың арасында көбі орыс затынан. 160 миллион жұрттың 105 миллионы орыс нәсілінен. Дінге бөлінгенде де сол шамалысы православяны болып, басқалары ғана өзге діндік болады. Жайшылықтағы әскерінің саны 1 миллион жарым, соғыс кезінде 4 миллион жарымдай.

2) Россияға жақ патша Франция. Бұл патшалық Еуропаның күнбатыс шетіне таяу. Жері* калониясын қоспағанда, 471 мың 412 шаршы шақырым. Елі 40 миллион шамалы. Бәрі болмаса да, көбі жалғыз Француз тұқымынан. Басқадан жарты миллион итальянец, миллион жарымдай британец, 500 мыңдай яһуди бар. Діні христиан католик. Ғылым, өнер жағынан бас патшалардың бірі. Жайшылықтағы әскері 600 мың, соғыс кезінде 4 миллион жарымдай.

3) Россияға жақ патша Англия. Бұл Еуропаның күнбатыс жақ шетіндегі аралдағы патша. Колониясын қоспағанда жері 275 мың 990 шаршы шақырым; елі 46 миллион шамалы. Екі тұқымнан: келт пен англо-сакси деп аталады. Діні христиан лутиран. Ғылым, өнер һәм байлыққа келгенде нағыз бас патшадан саналады. Жайшылықтағы әскері 560 мың; соғыс кезінде 1 миллион 200 мың англия флоты (соғыс кемелері) дүниедегі нағыз күшті флот. Екі патшаның флоты қосылып, қандай ұлұғ патшалар болса да, бір Англияның флотына жете алмайды. Флотқа келгенде Англияның дүнияда теңі жоқ. Бұлардан басқа Россия жанындағы ұсақ патшалықтар бар деп жоғарыда айттық. Олар көмекшілікке жарамаса, соғыс бағының бетін олай-бұлай аударуға қолдарынан келмейтін патшалықтар. Сондықтан оларды қоя тұрып, Россияға жау болып тұрған патшалар жайынан сөйлейік.

Россияға жау патшаның бірі Австрия. Бұл Еуропаның орталық жеріндегі патшалық. Австрия һәм Венгрия деген екі патшалықтан құралып болған патшалық. Сондықтан Австрия-Венгрия деп көбінесе екі аты қабат аталады. Жері 593 мың 590

* Колония деп басқа жақтағы жерлері айтылады.

шаршы шақырым; елі 52 миллион. Халқы әр тұқымнан; олардың ішінде көбірегі біздің орыспен тектес славян. Олар 23 миллион, 13 миллионы неміс; 8 миллионы бізбен теңдес түрік нәсілінен мадияр деген жұрт; 4 миллионы румын; 3 миллионы яһуди, бір миллион итальянец. Патшалық неміс қолында. 3 миллион православяны, 3 миллион яһуди, 3 миллион жарымдай лутераннан, басқасы христиан католик дінінде. Ғылым, өнер жағынан бас патшалардан саналады. Жайшылықта әскері 400 мың; соғыс кезінде 2 миллион жарым шамалы.

Россияға жау патшаның екіншісі Германия. Бұ да Еуропаның орталық жеріндегі патшалық. Германия империясына қарайтын 25 патшалық. Бәрінің халқы неміс нәсілінен. Ұйымдасып күш қосып, басқалардан басын қорғау үшін ірілі-ұсақ болып бірігіп, күшті болған патшалық. Бұл ынтымаққа кірген 25 патшалықтың ешқайсысы ұйымдасқан бірліктен, айтысқан серттері бойынша оқшау шықпайды һәм ешкім бөлек шығармайды да. Өзді-өзіне тиісті істерін әрқайсысы өз бетінше істейді; көпке тиісті істерді ортасынан шығарған союзды советке салады. 25 патша ортасынан біреуін аға тұтады. Ол Германия императоры атанады. Басқалары кароль, герцог, князь атанады. Бәрінің жерін қосқанда Германия патшалығына қарайтын жер, колониясын санамағанда, 474 мың 802 шаршы шақырым. Елі 65 миллион. Оның ішінде 4 миллиондайы ғана басқа текті жұрт бар. Өзгесінің бәрі де неміс. Діні христиан протестант. Азырақ католик һәм яһуди діндегілер бар. Ғылым, өнер жағынан нағыз бас патшаның бірі. Әскері жайшылықта 600 мың; соғыс кезінде 4 миллион жарым. Құрғақтағы соғыста әскерінің күші, соғысқа керек өнері, ісі ең бірінші дәрежеде саналады. Мықтылығынан «темір жұдырық» деп атанатын патшалық осы; мұның флоты да күшті. Англиядан соңғы күшті флот осы Германия флоты. Германия құрдағы соғыс ісіне бірінші, судағы соғыс ісіне екінші патшалық деп саналады.

Жоғарыда жазғаннан көрінеді: Россияға жақ болып тұрған ұсақ патшаларды бұлай қойып, ұлұғ патшаларды ғана алсақ

та, Россия жағындағы патшалардың әскері 10 миллион болмақшы. Жауы жағындағы әскер 7 миллион болмақшы. Алты ұлұғ патша – үш-үштен бөлінсе бәлкім тең болар еді. Италия соғысқа қосылмаймын деп хабар қылып тұр. Италия Германиямен Францияға одақ еді. Бірақ одақтасқан сертінде бұлар басқаға өздері тимей, басын қорғау соғыс болса, Италия кіріспекші екен. Бұл соғыс Германия мен Австрияның бас қорғау соғысы емес, басқаға тию соғысы болып тұр. Сондықтан Италия бас тартып, бойын сақтап тұр.

Италия кіріспегені Россияға өте жағымды болып тұр. Құрда Россия жағындағы әскердің саны жау әскерінен басым; суда Россия жағындағы флоттың күші басым, әскердің көптігімен, флоттың күштілігімен жеңетін болса, әскердің көбі де, флоттың күштісі де Россия жағында. Осыны көре тұра Германия мен Австрия соғысқа шығуы иә өнеріне сенгендік, я бөтен жағынан дәмелі болғандық деп тұр. Олар, я Англия соғысқа қосылмас деп ойлады, я Россияның іші ала, тегіс намысқа шаппас деп дәмелі болды деседі. Өнеріне сенген болса, өздері біледі, басқа жағынан дәмелі болса, алданған болар: Англия соғысқа қосылды; Россияның ішкі алалығы да жоғалды. Жайшылықтағы алалықты тастап, жау келе жатқанда бәрі күшін қосып, қарсы шықпақшы болып тұр. Жау жағына жаңадан қосылатын патшалар болмаса, қазірінде жауласып түрған екі патшаны жеңеміз деген Россияның үміті тым-ақ зор.

А.Б.

№ 72 جل 1914 بیسمیه نومر 72 • ایول 31

Соғысушы патшалар. «Қазақ» газеті.
1914 жыл июль айы №72 саны

БҰ ЗАМАННЫҢ СОҒЫСЫ

Өткен нөмірде соғысқа кіріскен патшалардың қай жағының әскері көп, қай жағының флоты күшті екенін айтып едік. Енді бұл заманның соғысқа жұмсайтын құралдары һәм соғысу тәртібі қандай екендігін айтып өтпекшіміз.

Әуелі, соғысқа керек – әскер, сондықтан әскерді жиып, соғысатын жерге төгу үшін істейтін істер жайынан бастайық. Әскерді тез жиып, соғысатын жерге тез түсіруге отарба сай боларға керек. Кей патшалар сол үшін арнап темір жолдар салдырады; мәселен, Германияда әр корпус әскердің өз алдына отарбасы бар. Германия әскері жер шегіне жетіп, соғысқа даяр болуына төртақ күн керек. Франция жерінің шегіне бір сөткеде миллион жарым әскер төгуге жолы сай. Отарба сайлылығы жалғыз әскер тасуға емес, әскердің азық-түлігін, қару-жарақ, оқтарын соғысатын жерге жеткізуге керек. Жолы сай емес патшалар әскерін атпен, түйемен, өгізбен жиып жеткізгенше, жолы сай патшалар тезірек келіп, шабан жиылғанның жерін алып қоймақшы. Төбелескенде шапшаң адамның қолы бұрын тигені сияқты, кейде бұрын қимылдағаны соғыс тізгінін қолына алғанға есептеп, бұл замандағы соғысқа тез жиылып, жауға таяғы бұрын тигеніне көп мағына береді.

Екінші, соғысқа керегі – қару-жарақ, яғни мылтық, зеңбірек оғайри сондай қарулар. Өткен Балқан соғысында зеңбірегі күшті һәм тигіш жағы жеңіп отырды. Бұ күнгі зеңбіректер бұрынғы зеңбіректер емес. Бұрынғы зеңбіректер бес минутта бір оқ шығаратын еді. Бұл күнде төрт зеңбіректі бір батарея минутына 40 шрапнел шығарады (шрапнел ішінде 200 оқ болады). Олай болғанда, бір батарея бір минутта 8 мың оқ шығармақшы. Бұрынғы мылтықтармен бір солдат бір минутта бір оқ ғана шығаратын еді. Бұ күнгі мылтықтармен бір солдат бір минутте 40 оқ шығара алады.

Мылтық пен зеңбіректен басқа пулемет деген бір пәле тағы да бар. Оның біреуі бір минутта 600 оқ шығарады. Бұрынғы зеңбіректер құр шошыту болмаса, көбінесе тимейтін еді. Бұл

күндегі дала зеңбіректері 5 шақырым жерден, кеме зеңбіректері 10 шақырым жерден тиеді. Бұрынғы зеңбіректердің оғы 5 пұт болушы еді. Бұ күнгі зеңбіректердің оғы 40 пұт. Осы соғысып жатқан патшалар неше түрлі қарудың бәрін өз заводынан жасап шығарған патшалар. Бұлардың қару-жарағында кемістік жоқ. Бұ замандағы қару-жарақтың нағыз жақсысы осыларда. Қамтамасыз қаруларының қызығын көретін жері осы Еуропа соғысы.

Үшінші, соғысқа керек нәрсе – флот (соғыс кемелері). Бұ заманда патшалар жалғыз құрылық жағын ғана қорымайды, су жағын да қориды. Бұрынғы соғыстар құрда болып, суда кем болушы еді. Бұ заманда кемелерге зеңбірек орнатқан себептен судағы соғыс та зор болмақшы. Соғыс бағының беті аууына бұ күндегі флоттылық себепкер болатын нәрсенің бірі. Сондықтан осы күнгі патшалар, бірінен-бірі қалыспай, бәсекемен флот сайлаудың әлегінде. Бәсекелесіп, соңғы кезде соғыс кемесінің өте зор, зеңбіректі көп орнататын түрін шығарды. Бұл күндегі дреднот деген кемелердің батареясынан бір атқанда 2 мың, 4 мың пұт оқ шығады, құты. Түркияның Америкадан сатып алған «Рио-де-Жанейро» деген дреднотынан бір атқанда 5 мың пұт оқ шығады дейді. Флот мықтылығының пайдасы атысқан жерде жеңуге, сумен әскер һәм азық-түлік тасытпасқа керек жерде тиеді. Англия флоты Германия флотынан күшті болған себепті, Германия флотын ешқайда шығармай, басқа жерден кемелерді келтірмей, су жағынан Германияның қолын кеспекші. Сондықтан Германияның Англия жақ тұсына қойған кемелері жағадағы қорғандардың зеңбірегін саялап, басын қорғамаса, пәлендей қару қылып, күш көрсетер деп айтуға қиын. Германияның орыс жақ тұсына қойған флоты күш көрсетпесе, бұл соғыста Германия флотының қызығын көре алмайтын шығар.

Төртінші, соғыста жеңу, я жеңілуге зор себепкер болатын әскербасы. Бұл күндегі әскербасылар бұрынғының әскербасындай биікке шығып, соғысты көзімен көріп отырмайды, ілгері ұмтылу керек жерінде ұмтылтып, шегінту керек жерінде шегінтіп

басшылық ету бұл күнде жоқ. Бұ заманның әскербасылары соғыстың қарасын көрмей-ақ, үйінде отырады. Қарайтыны соғыс емес, соғыс болып жатқан жердің планы. Бұйрығын телеграмм, телефон арқылы істейді. Соғыстың хабарын телеграм, телефон арқылы алады.

Соғыстың қарасын көрмейтін себебі – бұл күнде әскерлер соғысқа қоралы қойша иірілген тобымен кірмейді, қадама тұрып, қатар түзеп, екі жақ қанатын алысқа созып, жайып жіберіп атысады. Әскердің көптігіне қарай екі жақ қанаты көп жерге жайылмақшы. Орыс пен жапон жауласқанда, Мукден соғысы деген зор соғыста жапондардың 300 мың әскері қанатын жайып соғысқа кіргенде, бір шетінен бір шеті 100 шақырым болған. Сонша алысқа жайылған әскердің соғысын көзбен көріп отыру мүмкін бе? Планға қарау, телеграмм, телефон арқылы хабар алу нақ өз көзімен көріп отырғандай болмайды, бірақ олай етпей амал жоқ. Сондықтан бұрынғының әскербасылық етуінен бұ күнгінің әскербасылық етуі қиын. Соғыстағы әскербасылардың ісі дойбы ойнаған сияқты: жалғыз қате жүрістен күллі ойынның берекесі кетіп, ұтылмақшы. Сондай-ақ, бір қателескен ісінің салдарынан соғыс бағының бетін аударып, жеңіліп қалмақшы. Әскербасылық етудің қиыны сол: әскердің жүру-тұру билігін түгел қолына алуға – бәрін көзімен көріп отырған жоқ; әр әскердің әр табының билігін бастықтарына беруге әр ауыл көш-қонын өзі билеген сияқты болмақшы, бірі ерте, бірі кеш көшкен, бірі ілгері, бірі кейін қонған ауылдай, әскердің бір табы атысып жатқанда, екінші табы қарап тұрмақшы; бір табы ілгері ұмтылғанда, екінші табы кейін шегінбекші; сөйтіп бір мезгілде бір беткей қару қылмай, әскер жеңілмекші. Сондықтан бұ заманның әскербасына батырлықтан гөрі соғыстың ғылымын, әдісін жақсы білетін адам сайланбақшы.

Бесінші, бұл замандағы соғыста жұмсалатын нәрсе аспан кемелері. Бұлар қызметінің зоры – жау әскерінің жатқан жерін білу. Жау жерін біліп алып атқан зеңбіректің оғы жаудың дәл үстіне түспекші.

Осы жоғарыда айтылғандар біреуден жерін қорғау үшін де, біреудің жеріне түсу үшін де керектер. Бекіну үшін жасалған нәрселер – қорғандар. Жауды ішкері жібермеске жер шегіне әр патша қорған салдырды. Қорғандардың мықтыларын бұзып алу қиын жұмыс. Нағыз мықты салдырған қорғандарды, я тіпті бұзып ала алмайды, я бұзса да көп адамын шығындатып барып алады. Еуропа ұлық патшаларының бәрінде де салынған мықты қорғандар бар.

نومر 73 — 8 اوغوست — جومعا — № 73 — جل 1914

قازاق

Бұ заманның соғысы. «Қазақ» газеті.
1914 жыл август айы № 73 саны

АЛАШҚА

Еуропа соғысы жер жүзіндегі адам баласын ұрандастырды. Азын, көбін демей, бәрі де, я қанына, я көрші намысына шауып жатыр.

Қаратаулық, Сербия, Болғария, патшалы славян жұрттар, Босния, Герцеговина, Чех, Галиция, Поляк бөтен патшаға қараған славян жұрттары қандасы біздің Россияға ағайындық түрінде, әдіс қылып, қазына қосып, көмек беріп жатыр. Белгия, Франция, Румыния, Италия-Роман жұрттары қанына тартып, я таяғын бірге соғып, я абыройына тілектес болып тұр. Италия қанына тартқандықтан, оғым Францияға тиеді деп, Германиямен байласқан уағдасын бұзып, болыспай қарап тұр: Румыния каролі Карл Германия патшасы Вильгельмнің немере ағасы. Жұрты соңынан ерсе, Карл Германияға болысып, соғысқа баяғыда-ақ кірісетін еді; жұрты роман болып қолын байлап тұр. Болғария патшасы неміс, жұрты славян бұ да амалсыз Румыния каролінің кебін киіп отыр. Австрия Германия тефтон тұқымы болып, бірге өлемін деп, тізе қосып соғысып жатыр.

Россия қол астындағы барша атасы басқа бұратана жұрттар. Қорадан от шықты. Бірігейік, үйі арасындағы кемшіліктерімізді қоя тұралық деп, бізді өгей бала есебінде ұстасаң да, жау тигенде орыстың өз баласынан кейін емес біз деп, әр халық өз әлінше қазына, тілек, көмек көрсетіп жатыр. Соғыс жолында осындай көмек көрсетіп жатқан жұрттар: еврей (яhуди) біздің ноғай бауырлар, армян, черкес, грузин, қарайым, қалмақ, сарт.

Торғай, Орал, Астрахань қазағы бөкейліктер болмаса, өзге жерде біздің қазақ, қазына қосып, көмек бергені білінбей тұр.

Россия қол астында қазақтан үш арыс орыс: великорус, малорус, белорус, поляк hәм еврей ғана көп. Адам санасқан жерде, Россияда біз 6-ншы жұртбыз. Қазына жиылған қоры көп шаhарларды қойып, іргелі мұжық пен ауылдағы ноғай, башқұрттармен байлық салысқанда, қазақ олардан көп есе қазыналы болады.

Еврей, армян, ноғай, башқұрт сияқты біз солдат беріп, мемлекет үшін қан төгіп отырғанымыз жоқ. Біздің алаш баласы

қазына қосып, соғыс туралы мемлекетке көмек беру міндет. Бұл туралы қазақтар съезд қылып, жиыламыз десе, тоқтау болмас. Уезд-уезде съезд құрып, ат жиып па? Ақша жиып па? Жәрдем беру турасын сөйлесу керек.

Біздің ойлауымызша былай айту: ақша көмегін приговормен үй басына салу, түндік ақшамен бірге жию, қазына жиыстыруға табыстыру, тапсырғанда қай ортаға тиісті екендігін атау: қазақтың көмек ақшасы біздің ойымызша Думадағы қазақта білетін мұсылман депутаттарының, я тарқи партия депутаттарының, яки кадет партиясының депутаттарының аттарына, земский союздың басындағы князь Георгий Евгеньевич Львов атына арнап казначействоға салыну тиіс. Мынау жаралыларға, мынау соғысқа кеткендердің қатын-баласына деп. Ат берушілер өз жеріндегі әскер басы төрелерге тапсырса болады.

Араларыңда көрші отырған переселен мұжық жігіт соғысқа кетіп шаруасы қараң қалды. Жерін жыртып, пішенін шауып, астығын тасып, малын бағып оларға да қарасу жөн. Соғыс бітер. Мен қан төгіп келдім, сен қазақ не қылдың дер. Сонда мынау қылған жақсылықтарың алдынан шығар: «бір күн сыйлағанға қырық күн сәлем» деген. Қай көмектер де болса, астарсыз емес.

Ахмет
Міржақып
Қыр баласы

غلسپرینسکی وفات

Алашқа. «Қазақ» газеті.
1914 жыл сентябрь айы №78 саны

ШАРУАЛЫҚ ӨЗГЕРІСІ

I

Шаруалық өзгерісінің жайынан сөйлеуден бұрын шаруалық деп не нәрсе айтылатынын баяндап өтейік:

Шаруалық деп дүниелік жиыуды айтамыз. Дүниелік деп адам баласының тіршілігіне керек нәрселерді айтамыз. Мысалы, ашықпас үшін азық жию керек. Күнге күйіп, жауынға жаурап, суыққа тоңбас үшін үй керек, киім керек.

Осылардың бәрін табу керек. Тапқанды ұқсатып іске асыру үшін, құрал, сайман, аспап керек. Дүниелік тегіндікпен табылмайды. Тыныштықпен сақталмайды. Дүниелікті табу һәм сақтау үшін адам баласы табиғатпен тартысады, я бір-бірімен тартысады, таласады, я, бірлеседі, күш қосады. Дүниелікті табу, ұқсату, сақтау жүзіндегі адам баласының істейтін ісін шаруалық дейміз.

Солай болған соң шаруалық өзгерісі дегеніміз дүниелікті табу, ұқсату, сақтау жолындағы болған өзгерістер. Тіршілікке керек нәрселер түрлі-түрлі болғандықтан, адам баласының шаруалық жүзінде істейтін тәсілдері де түрлі-түрлі.

Ғылым, өнер һәр түрлі кәсіп – бәрі сол дүниелік табу, ұқсату, сақтау жолында табылған тәсілдер. Шаруалық өзгерісі шаруалық тарихы болып, қай заманда қандай шаруалық түрлері болды, олардың қайсысы қалай өзгерілді, өзгеру-өзгермесіне, ұлғаю-ұлғаймасына, тасуына, қайтуына не нәрселер себепкер болғанын сөйлейді. Сондықтан шаруалық өзгерісін «шаруалық тарихы» деп айтсақ та теріс болмайды.

Шаруалық тарихы қайдан басталмақ? Анық тарихи мағлұматтар жұрт жұрт болып халық санына кіріп, жазу-сызуы болған кезден басталады. Онан арғы заманда адам баласы қандай өмір шегіп, қандай шаруалық тұтынып, тұрмыс түрі қандай болғанынан хабарымыз көмескі.

Егерде осы күнге шейін аңға жақын, анайы күйде өмір шегетін халықтардың тұрмысы сақталмаса, бұрынғы тарихтан ілгергі адам баласының тұрмысы оймен жоспарлауға да болмас

еді. Тарих соңына түскен ғалымдар ондай аңсымақ халықтардың тұрмысын көріп, танысып, соған қарай тарихи мағлұматтар қалмаған шақтағы адам баласының тұрмысы да сондай болса керек деп топшыламақ.

Осы күнгі мәдениет дәражасының жоғары қырқасына жеткен халықтардың бабаларының тұрмысы осы күнгі аңсымақ жұрттардың тұрмысындай болды ма, болмады ма оны айта алатын адам жоқ. Өнер, ғылым жоқ, білім шолақ кезінде тіршілік етіп күн көру жоспары осылай болса керек деп шамалау бар. Аңсымақ халықтар от жаға біледі. Адам баласының тіршілік ету жүзінде, ілгері басу негізінде от жағуды тапқаннан артығы жоқ. Атсыз арба жүргізіп, суда балықша жүздіріп, көкте құстай ұшырып, жұмысты машинаға түсіріп отырған адам тәсілінде отсыз болатыны жоқ. Киген киім, ішкен тамақ, бұларға да от қатыспайтыны кем. От жаға білмейтін адам баласы жоқ. Солай болған соң Тісейлон аралындағы уеддардың, Қалағар даласындағы бұшмендердің, Андаман аралындағы минкубтердің, Сұматыра ішкергі жағындағы күбүрлердің, Бразилиядағы будакоддердің тұрмысы біздің қарауымызша қанша нашар, анайы, аңға жақын көрінгенмен, сол дәрежелі тұрмысқа жеткенше де талай мың жылдарды өткізгені шәксіз. Бұл халықтардың тұрмысын бұл күнде абдан байқап, танысып, жақсы білген ғалымдар көп. Сол ғалымдар осы күнгі Еуропада мәдениет жолындағы қырқалардың биігіне шығып тұрған халықтардың бұрынғы бабаларының тұрмысы жоғарыда айтылған аңсымақ жұрттардың тұрмысы сияқты болған деп, шаруалық тарихын солар тұрмысынан бастап, осы күнгі мәдениет күйіне келеді. Аңсымақ жұрттар тұрмысы мен Еуропа жұрттарының тұрмыстары арасында толып жатқан қырқалар бар. Сол қырқалардың бәрінен өткен шаруалығы бар халықтар да, бірінен өтсе бірінен өтпеген халықтар да бар. Шаруалық тарихының жолында ұшырайтын қырқалар мыналар:

1. Екпеген жердің жемісін теріп, бақпаған хайуандарды аулап алып жеп, адам баласы аңшылықпен, балықшылықпен күн көрген кездегі шаруалық қырқасы.

2. Хайуанды үйір қылып, үйрете біліп, мал жиған, малмен күн көрген бақташылық кездегі шаруалық қырқасы.

3. Жерден терген жемісті егіп шығарса да болатындығын байқап, егінмен тамақ асырап күн көрген кездегі шаруалық қырқасы.

4. Жоғары кәсіптердің үстіне қолөнерін кәсіп қылып, сонымен мал тауып, тамақ асырап, дүниелік жия білген кездегі шаруалық қырқасы.

5. Қол өнері күшейіп, бұрынғы кәсіптердің үстіне айырбас келіп, яғни сауда келіп қосылады. Бұл егін, қол өнері, сауда кәсіптері толысқан кездегі шаруалық қырқасы.

6. Машина шығып, кәсіптердің көбі машина арқылы істеліп, жүріс-тұрыс, хабарласу-қатынасу жолы жеңілдеген осы кездегі шаруалық қырқасы.

Шаруалық өзгерісінің жолын бұлай бөлуші неміс білгіші Ф.Лист дегендікі. Мұнда 2-ші һәм 3-ші қырқалардың тұсындағы болған шаруалық түрлері туралы талас бар. Бірсыпыра ғалымдар: «аңшылық қырқадан асқанда адам баласы мал асырауды білмей тұрып, егін еге білуі ықтимал. Аңды үйір қылып, асыраудан жерді шұқып, тұқым салу қиын емес» деседі.

Ф. Лист шаруалық өзгерісінің жолын дүниелік табу үшін еткен адам баласының еңбегін негізге алып, қырқа-қырқаға бөліп отыр.

Листтің бөлуінен басқа профессор Бухердің бөлуі бар. Бұ да немістің білгіші. Бұл шаруалық өзгерісін заман-заманға бөледі. Оның айтуынша шаруалық түрінің мынадай замандары болған:

1. Үй-үйдің шаруалығы өзінен аспаған заман. Әр үй өзіне керегін өзі тауып, өзгеге ауыспай, өзіне тұтынған заман. Бұл заман адам баласының өмірінде ұзақ болған заман.

2. Қала-қаланың шаруалығы өзінен аспаған заман. Әр қала, өзінде жасалған нәрселерін өз маңайындағы ауылдардан келген нәрсеге айырбастап, онда да алған нәрселер екінші бір жаққа жіберу үшін емес. Сол қаланың я ауылдың өзінде тұтыну үшін ғана айырбасталады. Бұл әркім өзінде барының артығын өзінде

жоққа айырбастап, сауда жүрген заман. Бірақ сауда қаладағы мен ауылдағы адамдардың арасынан алысқа ұзамаған заман.

3. Ұлт-ұлттың шаруалығы тұтасып, жұрт шаруалығы ұлғайған заман. Әр ұлт өзі ұқсатып шығарған шаруалық жүзіндегі нәрселерін өз арасынан басқа жаққа асырмай я асырса, маңайындағы жақын сыбай ұлттарға ғана асырған заман. Бір ұлттың нәрсесі екінші ұлтқа аспаса да, онан кемшілік келіп қысылмаған заман.

4. Бүкіл дүние шаруалығы тұтасып, бір ұлттың шаруалығы басқа ұлттардың шаруалығына қараған біздің осы заман. Бұ заман XIX ғасырдан басталады. Әр мемлекеттің өз қол астында бір қолдан екінші қолға өткен сауда сомасынан гөрі басқа мемлекеттермен алыс-беріс қылған сауда сомасы артық болған заман. Жылына сол алыс-беріс болып тұрмаса, мемлекет шаруалығы күйзеліп, түрлі кәсіптер сынбақшы, халық апатқа ұшырамақшы. Мысалы, Англияға басқа мемлекеттерден астық бармаса, халқының үштен екісі аштан қырылмақшы. Россияның басқа мемлекеттерге жіберетін нәрсесінің зоры астық. Россия астығын басқа мемлекеттерге жібере алмаса, Россия шаруалығы күйзеліп, мемлекет байлығы сынбақшы.

Бұл шаруалық өзгерісінің негізіне сауданы алып, сауда жолы кеңіп ұлғайған сайын, шаруалық арасындағы тіркесу күшейіп, қалай тұтасып келіп осы күнге жеткенін көрсететін бөліс. ... жоғарыда айтылған Ф. Листтің бөлісі де, бұл профессор Бюхердің бөлісі де мұнан кейінгі шаруалық жайынан сөз болатын әңгімелерімізге керегі болғандықтан баяндап өттік. Бұл екеуінің айтуынан да жер жүзіндегі шаруалық бір қалыпта тұрмай өзгергендігі һәм өзгергенде де ілгері басып, ұлғайып өзгергендігі көрінеді. Шаруалық өзгерісі һеш уақытта жылдам болған емес. Жоғарыда айтылған өзгерістер ғасырлап болған яғни шаруалықтың бір түрінен екінші түріне түскенше талай ғасырлар өткен. Жалғыз шаруалық өзгерісін дүниедегі басқа істердің де шабан болмақшы. Мұны Европа тілінде эволюция деп айтады.

Дүние ісі қарғып, секіріп ілгері баспайды. Эволюция жолымен жылжып, жылысып өзгереді.

Ұлт шаруалығы өзгеруіне һәм ұлғаюына себепкер болатын нәрселер Еуропа ғалымдарының айтуынша мыналар: 1) табиғат, 2) тек, 3) ел жиілігі, 4) шеберлік, 5) басқа елді алу, 6) салт, 7) дін, мінез, құқық, 8) білім һәм оның көп-аз таралуы, 9) өнеге, 10) мемлекет мақсұты.

Шаруалық ұлғайып өзгеруіне, ілгері басып жөнделуіне осы айтылған нәрселер шаруалыққа жағдайлы, райлы болуы қажет.

Қазақтың шаруалық қалпын өзгерту турасындағы мәселе осы күнгі даулы мәселенің бірі болғандықтан, өзгеруге себепкер болатын нәрселердің қазаққа жағдайы қандай екенін байқату үшін, бәрін болмаса да бірсыпырасын айтып өткеніміз керексіз әңгімеден болып табылмас дейміз.

II

Шаруалық жайы табиғат жағдайымен кіндіктес екендігі даусыз. Табиғат жағдайына саналатын нәрселер: климат (күн һауасы), жердің топырағы, беті (ой-қыры), суы, кені, түгі, жан-жануары, халық қалыңдығы. Жер жүзінде өсіп-өнетін нәрселерге, яғни жер түгі мен жан-жануарға онсыз болмайтын керек заттар: һауа, жарық, жылылық һәм су. Бұлар тіршілігімізге керек заттар болған соң, тіршілік жүзінде істейтін ісіміздің бәрі де бұларға қарайды. Һауа жер жүзінде тегіс жеткілікті – қай жерде де болса бар. Өзге үшеуі бір жерде бар, бір жерде жоқ, бір жерде көп, бір жерде аз; бұлардың көп жерінде жан-жануар көп, жер түгі бітік. Бұлар кем жерінде жан-жануар да кем, жер түгі де нашар. Жарық пен жылылық нағыз көп болатын жерлер күн нақ төбеге келетін жерлер. Ол жерлер жердің бел ортасының маңайында болады. Жердің бел ортасынан әрі қарай да, бері қарай да күн төбеден алыстаған сайын, жарық та, жылылық та кеми бастайды. Жердің нақ екі ұшында жарық та, жылылық та тіпті болмайды. Жылылықтың аз-көбіне қарай, бел ортадан әрі де, бері де қарай, жер жүзі үйек-үйекке тілініп бөлінеді. Бел орталыққа

таяу күн төбеге келетін нағыз ыстық жерлер «ыстық үйек» деп аталады. Оған таяу «жылы үйек», оған таяу «салқын үйек», оған таяу «суық үйек», ең ақырында «темір қазықтық».

Біз жердің салқын үйегінде тұрмыз. Біздің оңтүстік жағымыздағы таяу үйек «жылы үйек», онан әрі «ыстық үйек»; біздің солтүстік жағымыздағы таяу үйек «суық үйек», онан әрі «темір қазықтық».

Жер түгі өте бітік, жан-жануар өте көп жерлер ыстық үйекте. Онан қашықтаған сайын жер түгі де, жан-жануар да бірте-бірте кеміп, ақырында темір қазықтықта өсіп-өнетін нәрселер тіпті жоқ қасында. Сондықтан, адам баласы өнер-білімі жоқ анайы кезінде, жері мырза, жемісі бітік, жан-жануары мол, күні жылы ыстық үйек пен жылы үйекте тіршілік етіп күн көрген боларға тиіс.

Жер түгі мен жан-жануарға ең бай жерлер ыстық үйекте болған себепті, мәдениет әуелі ыстық үйектен басталарға керек еді. Тарих жүзіне қарасақ, мәдениет төбесі әуелі жылы үйектен көрінеді. Ыстық үйектен басталмау себебі, жемісі мол аңы жоқ жерде тамақ асырап, күн көру жеңіл болған соң, тіршілік етуге көп тәсіл керек болмаған. Бір күнгі тамағы тойса, ертеңгінің қайғысы аз болған. Алдын ойлап, дүниелік молайту үшін, еңбек ету дегенді білмеген; өте ыстық болған соң, жұмысқа да һауасы жайлы болмаған. Мәдениет ми мен аяқ-қол қатар жұмыс істеген жерге орнамақшы.

Тарих жүзінде әуелі төбесі көрінген төрт мәдениет; мұның төртеуі де үлкен дариялар бойында пайда болған. Мысалы, Мысыр мәдениеті Ніл дариясының бойында, Ассырия һәм Ауилония мәдениеті Тигр мен Ефрат дарияларының бойында, Һінд мәдениеті Һінд һәм Ганга дарияларының бойында, Қытай мәдениеті Гуанго һәм Янцикиянг дарияларының бойында. Бұл дариялар бойында мәдениет қалай басталып, қалай жеттіккендігін білмейміз. Бірақ, осы жеті дария жердің жылы үйегінде; бұлардың бойында егін жылына үш егіліп, үш орылып, мәдениет бесігі осы жеті дария бойында болғандығы даусыз.

Онан әрі мәдениет тараған жолына қарасақ, дариялардан соң мәдениет туын тіккен жерлер Ақ теңіз жағалары. Мысалы, Финикия, Карфаген, Грек, Рим мәдениеттері. Онан кейін мәдениет күн батыс мұхитына барып, Испания, Франция, Голландия, Англия жерлеріне туын тігеді. XVIII ғасырдың аяғында Америка мәдениеті дүрси бастайды. XIX ғасырдың орта шенінде Австралияда мәдениет орын тебе бастайды.

Бірақ, Африканың үштен екісінде Азия мен Австралияның жартысынан көбінде мәдениет әлі күнге дейін орын тебіп жарытқан жоқ. Орнаған жерлерде де мәдениет дәрежесі бәрінде бірдей көрінбейді. Еуропа жұртындағы мәдениет пен Қытайдағы мәдениет дәрежесі бірдей емес. Еуропаның өзінің мәдениеті күн шығысындағысы күн батысындағымен бірдей емес. Сөйтіп, жер жүзіндегі адам баласының біреулері мәдениетке жеткенде, екіншілері оған жете алмай жатыр. Біреулері мәдениеттің жоғары қырқаларында жүргенде, екіншілері төменгі я орта қырқаларында жүр. Бұлай болуының себебі не екен деген мәселенің шешуі талай ойшыл, талай философ адамдардың басын әуреленген. Ол ойшылдар «Уақыт» газетасындағы Х. Махмодов әпенді сияқты бұл мәселені оңай шеше алмаған.

Еуропа даналары әлі күнге дейін осы мәселені шешуінің соңында, бірақ әлі күнге бәрі бірдей қол қойып, шешуі мынау деп отырған нәрселері жоқ. Өйткені мәдениет деген үйдің киізін талғап қонатын қонақ сияқты, көп нәрсенің жағдайына қарап орнайтын болса керек.

Кейбір даналар адам баласының тарихы табиғатпен сабақтас, солай болған соң мәдениет орнауы табиғат жағдайынан болады дейді. Екіншілері адамның тегінің асылынан болады дейді. Кей жұрттар асыл жаратылған, кей жұрттар жасық жаратылған. Асыл жаратылған жұрттар қайратты, жігерлі, бейнетке табанды, қадалған ісін ұқсатпай қалдырмайды. Жасық жаратылған жұрттар жұмысқа шабан, ойға олақ, білімге ынтасыз, кәсіпке талапсыз болады; ілгері баспайды, басқанмен ілгері жылжып жарытпайды дейді. Үшіншілері мәдениетке жету зейін

қуатынан болады дейді. Зейін һәм құқық жолдары, ахлақи салт, саяси тұрмыс, машина шығару, жұртқа білім тарату бәрі зейін қуатынан шығады дейді.

Осы даналардың сөзі бір жерден шықпағанмен, бір-біріне жоламай тым алысқа да кетпейді. Көбі-ақ осы айтылғандардың бірі емес, бәрі мәдениет жолында себепкер нәрселер дейді. Басқасын шығарып, біреуін ғана себепкер деп айтатындары аз. Мысалы, Францияда «мәдениет барысына себепкер болатын жалғыз-ақ табиғат» дейтін Мұжол, «Мәдениет барысы жұрт асылына қарай» дейтін Лебон, «Мәдениет барысы зейін қуатынан ғана» дейтін неміс философы Гегел. Өзге даналардың бәрі де мәдениет барысына себепкер болатын жоғарыда айтылған нәрселердің бірі емес, бәрі дейді. Бірақ, себепкер нәрселерің ішінде басқасынан гөрі артығырақ себепкер болатын нәрсені біреулері «табиғат» дейді, екіншілері «тек асылдығы» дейді, үшіншілері «зейін қуаты» дейді. Һәр қайсысының шешуі бір жерден шықпай, һәр түрлі болуы жұмбақтың қиындығы. Бөгдеден сынаушылар бәрі демей, бірі ғана себепкер деуші пікірді қате дейді. Мәселен, Мұжол пікірінше мәдениет барысына себепкер табиғат жағдай ғана болса, от жағуды білуге, буға жұмыс қылғызуға, жазу шығаруға, кітап бастыруды табуға табиғаттың қандай жағдайы болды дерміз? Солай болған соң, мәдениет себепкері жалғыз ғана табиғат емес, бірақ, себепкер нәрселердің ішіндегі ең зоры табиғат деп бұ күндегі ғылым тоқтайды.

Адам баласына табиғат әсері барлығын бұрынғы Грек даналары да айтқан – Гиппократ, Геродот, Фукидид; олардан кейін Еуропа даналары да: Бекон, Монтеские, Гердер, Риттир, Ратсел,* Мечеников мәдениет табиғатпен сабақтас деген пікірді айтқан.

Табиғат әсері адам баласының ісіне неғұрлым мәдениет жүзінде төмен тұрса, со ғұрлым күшті болмақ. Мәдениет жолында жоғарылаған сайын табиғат әсерінен адам баласы құтылыңқырамақшы, өйткені мәдениет жоғарылаған сайын табиғаттың

* Атақты Мечениковтың ағасы.

жағдайсыз жерін жағдайлы ету қолынан келеді. Мысалы, Ніл дариясының теңізге таянған ойпат алабы ұйық болып, теңізбен екі арада қатынастырмай, бөгет болушы еді. Ескі Мысыр мәдениеті қанша жоғары болғанымен, бұл күнгі Еуропа мәдениетінен төмен болған себепті, сол ұйықты кетіруге қолынан келмеп еді. Бұл күнде ол ұйық кетірілді. Ніл дариясының ол алабы жер жүзіндегі жақсы жердің бірі болды, теңізге де жол ашылды. Таулы жерлерде бұрын мәдениет таралуына бөгет болған нәрсенің бірі еді. Тауды темір жол тіліп-тіліп өткен соң, осы күнде Швецерия бас мәдени жұрттың бірі болды. Мұхит теңіздері де бұрынғы кезде мәдениет таралуына бөгет болған нәрселердің бірі еді. Параход шығып, балықтай жүзген соң, қатынасу үшін нағыз қолайлы жолдар мұхит теңіздері болды.

Мәдениет бесігі болған жеті дария бойындағы жерлердің климаты жылы, топырағы жақсы, жарығы мол, суы жеткілікті. Онан әрі Финикия, Карфаген, Грек, Рим мәдениеттері дүрсіген Ақ теңіз жағалары да климаты жылы, топырағы жақсы, жарығы мол, суы жеткілікті жерлер. Салқын үйек пен суық үйектегі жерлерге мәдениет адам баласы табиғатпен тартысудың тәсіліне жетіліп, ғылым-өнер біліп, табиғат жағдайсыздығын жағдайлы етуге жетілген кезде орнаған.

Бұл айтылғандардан екі нәрсе топшыланады:

1) Мәдениет жолында төмен тұрған адам балаларына табиғат қожа; мәдениет жолында жоғары шығып, ғылым-өнерге жетіліп алған соң табиғатқа адам балалары қожа.

2) Табиғат жағдайлы жерде адам баласы мәдениетке өздігінен жеткен һәм олай болса, бұл күнде де өздігінен жетуі ықтимал. Табиғат жағдайсыз жерде мәдениет орнауы ғылым-өнердің күшімен болмақшы. Қай жолмен болса да, мәдениет бірден келіп орнап қалмаған, бірте-бірте халық арасына жайылып орын тепкен.

III

Шаруалық өзгеруіне себепкер болатын нәрсенің бірі ел жиілігі яғни жер тығыздығы. Жер жүзіндегі адам баласының дәл қанша екені осы күнге дейін мағлұм емес. Есептеушілердің бірсыпыралары бір миллиард 550 миллион деп есеп етеді. Бірсыпыралары бір миллиард 660 миллион деп шамалайды. Бірсыпыралары бір миллиард 700 миллион деп те есептейді. Жер жүзіндегі адамдардың дәл есебі болмауының себебі, елдің санағын алу мәдениет қырқаларының жоғарысына жеткен жұрттарда ғана бар. Африканың ортасындағы, Американың оңтүстік жағындағы жұрттардың есебіне тіпті шорқақпыз. Ол сияқты жерлердің адамының санын жаһанкездердің айтуынан шамалап есепке аламыз. Жаһанкездердің беретін мағлұматтары бір жерден шыға қоймайды. Сондықтан, біреулері былай, екіншілері олай есептеп, сөздері бір жерден шықпайды. Жұрт санағын тегіс алатын күйге жеткенше жер жүзіндегі адамның есебі дәл айтылу жоқ. Кім де болса шамамен ғана есеп етеді.

Біз жоғарыда айтылған адам санының азын да, көбін де алмай, орташасын аламыз. Яғни жер жүзіндегі адам саны бір миллиард 660 миллион деген есепті аламыз. Жер жүзіне адам баласы бір қалыпта тегіс таралмаған. Бір жерде қалың болса, екінші жерде сирек; бір жерде қалың да емес, сирек те емес, орташа күйде. Елі қалың жерлер: Қытай, Үндістан, Мысыр, күн батыс Еуропа, Америка штаттарының күн шығыстағылары. Бұл жерлердің алабы бүкіл жер жүзін алғанда жетіден бірі ғана болады. Осы жердің жеті бөлегінің бірінде тұратын адамның саны бір миллиард 200 миллион; басқа алты бөліміне 400 миллион ғана адам келеді.

Адамы қалың жерлердің бәрінде де мәдениет жоғары. Елі сирек жерде мәдениет төмен. Егерде бір нәрсеге екінші нәрсе қосарланып, дәйім қалмайтын болса, ол екі нәрсенің арасында сабақтастық барлығын көрсетеді. Сондықтан ел қалың жердің бәрінде де мәдениет жоғары болуы ел жиілігі мәдениет жоғарылауына себепкер нәрсенің біріне саналады. Рас, кей жерлерде ел

қалың болғанмен, мәдениет төмен екендігі, мысалы, Африкада Конго дариясының бойындағы елдің жиілігі ішкі Россияның нағыз елі қалың жерлеріне барабар болғанда мәдениеті тіпті төмен жатыр. Олай болуының өзгеден айырықша себебі бар. Конго дариясының бойындағы нағыз мырза жерлер, ондағы адамдар тамағын жан қинамай табады. Мәдениет мый мен аяқ-қол бірдей жұмыс қылғанда орнайды. Нақ осындай айырықша себебі бар бірен-сараң жер болмаса, көбінде ел қалың жерде мәдениет те жоғары болады десек адаса қоймаймыз.

Ел қалыңдауы мен мәдениет жоғарылауы арасында не сабақтастық бар?

Адам көп болса, ауыз көп, ауыз көбейсе, тамақ көп керек. Көп тамақ үшін көп жер керек. Егерде адам көбейген сайын жер де көбейе берсе, ел қалыңдау жоқ. Ел қалыңдамаса, шаруалық тұрмыс өзгерілмейді. Мысалы, мал шаруалығын алсақ, ел өскенде, жер де қосылып көбейіп тұрса, мал жаюға тығыздық жоқ. Мал жаюға тығыздық болмаса, мал шаруалығын тастап басқа кәсіпке түспейді. Ел өскенде қосылатын жер жоқ болып, жайылым тарылса, жер көтере алмай мал азаяды; адам көбейсе, мал азайса, адамды асырауға мал жетпейді. Тамақ асырап күнеліту үшін, мал бағудан басқа тамақ табарлық тәсіл қарастыра бастайды. Басқа кәсіп тауып, яки мал шаруалығын тар жерге тәсілдеп күнін көрсе, жұрт болғаны, әйтпесе, азып-тозып құрып жоғалады. Жаңадан күн көру тәсілін табуға көп нәрсенің жағдайы керек. Мал баққан жұрттар жер тарылған кезде, жер жараса егін кәсібіне түседі. Әуелі, көшпелі күйінде егін егеді. Сонан соң біртебірте тарылып, көшуге тығыз болған соң, отырықшы болады.

Сөйтіп, ел өсіп, адам көбейіп, жер тарылуы адам баласының шаруалық тұрмысын өзгертуіне, дүниелік табу тәсілін күшейтуіне себепкер болады. Адам баласының шаруалық жүзінде тәсілі күшейген сайын, табиғаттың қожалығы кеміп, қайта адам табиғатқа қожалық қылмақ. Мәдениет жоғарылауының мағынасы сол адам баласының табиғат үстінен жүргізетін қожалығы күшеюінде. Суды, буды, электршестованы малша жұмсап

отырған жұрттар табиғатқа қожалығы күшті жұрттар. Неғұрлым табиғатпен тартысу тәсіліне жетілсек, соғұрлым мәдениет жарысының жолында ілгері баспақпыз. Сол ілгері басуға себепкер нәрсенің бірі ел қалыңдығы. Ел қалыңдығын мәдениет жеттігуінің негізгі себепкері деушілер де бар (М. М. Кауаленски). Олай болса, неғұрлым ел қалың болса, соғұрлым мәдениет жоғары болмақ керек еді. Нақ солай емес. Қытай жұртының қалыңдығы күн батыс Еуропадан кем емес. Қытай мәдениеті Еуропадан көп төмен. Сондықтан, мәдениеттің негізгі себебі, ел тығыздығы деген тым көтеру болады. Бірақ, ел қалыңдығының себепкерлігі де күшті. Бұ да табиғат себепкерлігімен қатар саналады.

Аңмен күн көретін жұртқа малмен күн көретін жұрттан гөрі жер көбірек керек. мал бағуға егін егуден жер көбірек керек. Алмастырмай егуге алмастырып егуден жер көбірек керек. Өңдемей егуге өңдеп егуден жер көбірек керек. Солай болған соң адамы өсе-өсе аңмен күн көретін жұрттың жері тарылып, басқа кәсіпке тез ауарға тиіс еді. Олай болғанда бұл күнге дейін аң hәм балық аулап күн көретін жұрттар болмасқа керек еді. Қарасақ, осы күнге дейін аң hәм балық аулап күн көретін жұрттар бар.

Англия данасы Томас Малтус айтады: ел өсуіне басқа бөгет болмаса, бір елдің адамы 25 жылдың ішінде 2 есе көбеймек, онан арғы 25 жылдың ішінде 4 есе, онан арғы 25 жылдың ішінде 8 есе, 16 есе, 32 есе... ... сол бағдармен. Нақ осылай өсіп отырса, жер жүзіне адам сыймай кетер еді. Жер жүзіне сыйып отырғанымыз осы айтылғандай өсу жоқтығынан. Өйткені ел өсуіне бөгет болатын толып жатқан себептер бар. Бөгет көп болғандықтан ел өсуі шабан. Аңмен күн көрген жұрттардың өсуі басқалардай да емес, тіпті шабан. Олай болуының себебі: ел өсуі туу мен өлімге қарай. Аңшылық дәражасындағы жұрттарда туу кем, өлім көп. Туу кемдігі: оларда мал жоқ болған соң, сүт жоқ. Баланы анасы көпке дейін емшекпен асырайды (2 жыл, хатта онан да артық). Емшек баласы бар кезде бала біту сирек. Аңшылық дәражасындағы жұрттарда баласын өлтіретін, әсіресе әйел баланы

өлтіретін салт болады. Үшінші, өздері өлтірмегенімен де тұрмысы жағдайсыздығынан бала өлімі көп болады. Сондықтан, аңмен күн көретін жұрттар өспейді; өспеген соң жері тарылмайды. Тығыздық я бөгеттік болмаған соң үйренген кәсібін тастап, басқа кәсіпке түспейді. Егерде елдің өсуінен басқа себеппен жер тарылса, аңшылық дәражасындағы жұрттар табиғат жағдайына қарай басқа кәсіпке түседі. Мысалы, табиғат жағдайы егінге қолайлы болса, егін шаруалығына түседі. Мал асырауға жағдайлы болса, мал шаруалығын істейді. Егерде екеуіне де жағдайсыз болса, ол екеуінен арғы қиын кәсіптер істеу қолынан келмей, азып-тозып құрып жоғалады. Малмен күн көрген жұрттардың өсуі аңшылық дәражасындағы жұрттай емес, күшті. Бұлардың меншіктеген жерлері де басқа себепсіз-ақ, өздерінің өсуімен тарылуы ықтимал. Бұлар да жері тарылған сайын табиғат жағдайына қарай басқа кәсіпке түспекші. Табиғат жағдайсыз болса, қашан табиғат жағдайсыздығын жағдайлы етерлік дәражаға жеткенше мал шаруалығын тастай алмайды.

IV

Өткендегі сөздерде шаруалық өзгеруіне зор себепкер болатын нәрсенің бірі ел жиілігі дедік һәм ел бір жерде қалың, бір жерде орташа, бір жерде сирек дедік. Елдің қалың болу-болмау себебі неден?

Адам баласы құрал дегенді білмей, құр қол күйде тіршілік еткен шағында дүниелік жиып жарымаған. Бірақ ол құралсыз күнін көрген замандар бек алыста болған. Қазғанда жердің астынан адам сүйегі табылған жерлердің бәрінде де сүйек, сүйекпен қатар адам баласы тұтынған я тастан, я сүйектен істелген құралдар табылмай қалмайды. Осы күнгі аңсымақ халықтарды алсақ, бұлардың құрал тұтынбайтыны жоқ. Рас, құралдары дүкір, мәдениеті жоғары жұрттардың құралындай ыңғайлы, ісі жатық, істелуі әдемі емес, бірақ, жаман да болса құр қол емес.

Дүниеде тарқи етіп, аса көзге көрінетін іс адам баласының еткен тіршілік жүзіндегі тәсілі. Сол тіршілік тәсілінің жүзінде

тастан жасаған балтадан бастап осы күнгі тұтынатын сансыз құралдарға жетіп отыр. Даяр шығып тұрған жер жемісін теріп, тамақ асыраганнан бастап, осы күнгі сансыз кәсіптерге жетіп отыр. Ін сияқты үлкен шұқырларды паналаганнан бастап, осы күнгі биіктігі аспанмен таласқан салтанатты сарайларға жетіп отыр. Сол тіршілік жүзіндегі адам баласының дүниелік табу жолында істеген істерін *кәсіп* деп, құралмен жасаған тәсілдерін *шеберлік* деп атаймыз.

Біздің мұны сөз қылудағы мақсұт: шеберлік пен кәсіп қалай шығып, қалай жетілген тарихын сөйлеу емес, ол үлкен жұмыс, ұзақ әңгіме өз-өз орнында сөйленер. Қазіргі ниетіміз: шеберлігі асқан жұрттардан мысал келтіріп, ұлт шаруалық тұрмысы өзгерілуіне шеберлік әсерінің күштілігін көрсету. Өткен нөмірде елдің қалыңдығы мәдениет жоғарылауына себепкер екендігі баяндалып өтті. Сол елдің қалыңдығы шеберлік жетілуіне де себепкер деп саналады. Адам баласына шеберлікті іздеткен елдің тығыздығы деп жорылады. Аң аңлаудың құралы мен тәсілі мал бағуға жарамсыз; мал бағудың құралы мен тәсілі егін егуге жарамсыз; егін егудің құралы мен тәсілі зауыт фабрикасына жарамсыз. Һәр кәсіптің өз алдына шеберлігі бар. Кәсіпті өзгертуге елдің қалыңдығы себепкер болған соң кәсіп жүзіндегі шеберліктің жетілуі де сол жұрттың өсуінен деген сөз түсінікті, бұған дау жоқ. Шаруалық өзгеруіне шеберліктің әсері күшті деген мәселені қалай түсіну керек?

Ел өсті, жер тарылды; аң аулаған жұрт болса, жердің түріне қарай мал бағуға, я егін егуге түседі. Оны істеуге бұрынғы аң аулағандағы құрал һәм тәсіл керек. Оны тапса жұрт өсе береді, жаңа кәсіпке бірте-бірте түсе береді. Таба алмаса, кәсібі бұрынғы болады. Елдің өсуі тоқталады.

Біреулер тіршілік тәсілінің жаңа жолын тапқанда, екіншілері таба алмайтындығы неден екендігі анық ашылмаган нәрсенің бірі. Оның бас себебі табиғат екендігі даусыз. Екінші себеп адамнан болса керек. Қай заманда да болса, тіршілік жолында жаңа жөнге мұрындық болушы тапқырлар шыққан. Олар

істеген істері, тапқан тәсілдері жұртқа өнеге болып, жұрт соның істегенін істеген. Жерден өнетін нәрсенің, малдан, аңнан түсетін нәрсенің ұқсатпай тұтынуға жарайтындары шамалы. Оны ұқсатуға шеберлік керек. Жер тарылса, көбейту қолдан келмесе, азды асылдап, көп орнына жұмсауға адам баласы жол іздеген. Жер тарылды, мал кеміді. «Малға істеген жұмысты басқа нәрсеге істетуге болмас па екен? Аз нәрсені ажарлап, көпке айырбастауға болмас па екен? Малға тасытқан жүкті басқа нәрсемен тасытуға болмас па екен?» деп ізденумен шеберлік жетілген. Шеберлікпен азды ұқсатып, көп орнына жұмсаған соң елдің өскенін жер ұрламайтын болған. Сөйтіп, жердің артылуы ел өсуінен, ел өсуі шеберлік артылуынан болмақ. Мұның қайсысы себеп, қайсысы нәтиже (өніс) болмақ?

Бұл ел мен ықтисат жайын тесе қараған даналардың ынтымағы құрылып, бір шұқырға құйылмаған мәселе. Біреулері елдің өсуі себеп, шеберлік нәтижесі дейді. Бұл пікірлердің қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс? Оны айырамыз деп әуреленбей, біздің айтарымыз мынау: шеберлік жетілмеген жерде ел сирек, бұл даусыз нәрсе. Олай болса мұнан елдің тығыз болуы яғни аз жерде көп адам күн көруі шеберлік арқасында екендігі көрінеді. Шеберлігі жоқ жұрт аз жерден күн көре алмайды; күн көре алмаса, құру болмаса өсу жоқ.

Сөйтіп, шеберлік артылуы ел қалыңдығынан болса, ел өсуі шеберлік арқасында екендігін ешкім бекер дей алмас.

Профессор Менделеев айтады: адам баласы дүниедегі керегіне жараған нәрселерді даяр күйінде тұтынған заманнан бастап, келе-келе жеміс пен отыннан басқаны табиғи күйінде тұтынбайтын болды. Тұтынбауы даяр нәрсені алудан арланғандық емес, амалсыздықтан болған. Адам өскен соң күні жылы, жері бай, ұжмақ сияқты жерлерге сыймаған. Ел өскен сайын өрісі ұзайған, тұрмысы өзгерген. Тамақ, киім, үй, жүріс-тұрыс, қатынасу-хабарласу, тұтынған күш, істеген іс, пайдаланған нәрселер түрліше болып, малшылық, егіншілік замандарын бастан кешіріп, халықтың табысын көбейтіп, байлығын шынықтыратын осы

күнгі «өнерлі кәсіпке» түскен. Асылында табиғаттан табылған нәрселерді адам баласының керегіне жарату үшін, аз-көп болса да өнер жұмсалады. Бірақ, ол істің көбі баяғыдан бері істеліп, атадан балаға ауысып, бірден бірге мирастай келе жатқандықтан, ол кәсіптерге өнер-білім керегі жоқ табиғи іс сияқты көрінеді. Мысалы, аң аңлау, мал бағу, егін егу, үй жасау, сауда һәм басқа сол сияқты атамзаманнан істеліп келе жатқан кәсіптер өнерлі кәсіпке саналмайды. Өнерлі кәсіп деп ат қойғанымыз зауыт, фабрика сияқты кәсіптер (орысша промышленность). Бұрынғы мәдениет туын тіккен Мысыр, грек, Рим жұрттарында табиғаттан қолмен алып, қолмен ұқсату шеберлік һәм сауда кәсібі қандай биік дәражада болғанмен осы күнгі дүниені дүрілдетіп, басынан айналдырып, байлық тетігін қолына алған өнерлі кәсіп болмаған. Яғни зауыт, фабрика жоқ болған. Олардың шеберлері біздің қазақтың ағаш ұста, темір ұсталары сияқты, біреу келіп бір нәрсені істеп бер дегенде ғана істеген. Онан кейінгі жұрттардың шеберлері шеберлікті кәсіп еткен. Бірақ онда жұмысты таратып істетуді білмеген (Еуропа тілінше цехи); онан соңғы заманда жұмысты таратып істейтін болған. Мысалы, матаның біреулері мақтасын түтіп, екіншілері шудалап, үшіншілері иіріп, төртіншілері тоқып – бір жұмысты бірнеше бөлектеп, таратып істеуді шығарған (Еуропа тілінше мануфактура). Бұл кәсіпті көп жұмысшы жалдап, үлкен сомалы байлар істейтін болған. Жасайтын нәрселері біреудің істеп бер дегені емес, адам баласының әйтеуір тұтынатын нәрселері: қайдағы базарға түсері, кім алары белгісіз. Онан кейін осы күнгі «өнерлі кәсіп» жұмысы машинаға түскен: адам тұтынатын бұйым, құралдардың көбі машинамен жасалатын болған. Мұның алдыңғы түрлерден айырмасы сол – машинамен жасалған соң оңай һәм тез жасалатын болды. Бұл «өнерлі кәсіптің» бірте-бірте ұлғайып, ілгері артылған түрлері. Мұның ұлғайып, артылуына себепші болған шеберлік.

Суды, желді, буды, электришествоның күшін құлдай жұмсатып отырған сол шеберлік. Бу мен электришество жұмыс

қылған соң, ауыр жеңіл болған, алыс жақын болған, нан табарлық кәсіптер көбейген.

Осы заманда ел өскенмен жұмыс табылмау жоқ. Жұмыс табылып тұрғанда нан табылмау жоқ. Сөйтіп, өнерлі кәсіп адам баласының өсу жолындағы бөгеттерді бұзып, ашып жіберді. Мұның ыспаты алыста емес. Мәскеу алабында ел тығыз. Адам басына бір жарым десетинадан жер келеді. Польшада (Полияк жерінде) онан да қалың. Адам басына бір десетинадан келеді. Мәскеу мен Польша губернияларында зауыт, фабрика көп. Жер тар деп бұл жерлерден басқа жаққа көшіп жатқан халық жоқ. Ал енді Черниговски, Херсонски, Воренежски, Полтавски губернияларын алсақ, Мәскеу мен Польша губернияларынан бұл губерниялардың жері жақсы һәм молырақ. Сөйтсе де, мұндағы халық жер аздығынан басқа жаққа көшіп жатыр. Үйту себебі, бұл губернияларда өнерлі кәсіп кемдігінен. Мұнда да Мәскеу мен Польша губернияларындағыдай зауыт-фабрика көп болса, ел де басқа жаққа аумас еді. Мұнан көрінеді: өнерлі кәсіп бар жерде жер аздығы еленбейтіні.

Жоғарыдағы сөйлегендерді қортқанда шығатыны:

1) Ұлт шаруасы өзгеріп, ілгері басуына шеберлік керек.

2) Шаруалық өнерлі кәсіп дәражасына жетсе, жер аздық қылмайды.

V

Өткен нөмірлерде айтылған табиғат жағдайы, ел жиілігі, шеберлік асуы – бұлар шаруалық өзгеруіне себепкер нәрселер. Бұлардан төменірек екінші дәражадағы себепкер нәрселер саналатын: бір жұрттың тізгіні екінші жұртқа ауысуы, хакімшілік, мәдениет жұғысы, мемлекет қамы, саясат. Бір жұрттың тізгіні екінші жұртқа біріне-бірі бағынғанда ауатыны түсінікті нәрсе. Бір жұрт олай, бір жұрт былай, түрлі-түрлі хакімшілік етуі ол әлгідей ашық түсінікті нәрсе емес. Бір жұрттағы хакімшілік екінші жұрттағы хакімшілікпен неге бірдей болмайды екен деген мәселе талайдың шекесін қаусатқан мәселе. Күні бүгінге

шейін бұл туралы бір жөннен табылып, бір шұқырға құйылған пікір жоқ. Олай болатыны мәселенің қиындығы. Қиын болатыны – жұрт тұрмысы түрлі салт-дағдысынан, түрлі қалыптан, түрлі адамнан, түрлі ғамалдан құралады. Оның үстіне, дін, ахлақ, ақыл һәм көңіл-күйі сияқты нәрселер жамалады. Заң, саясат, шаруалық, дін, ахлақ қандай түрлі болса, хакімшілік те сондай түрлі-түрлі. Бұлардың қайсысы қандай орында бір-біріне әсер етеді, оны ашу қиын жұмыс. Бір ата, бір анадан туған екі жанды алсақ, олар да біріне бірі ұқсас болмайды. Екі адам, екі мал, хатта екі ағаш я шөп біріне бірі қанша ұқсас дегенмен, нақ құйып қойғандай ұқсастық жоқ. Бір жері болмаса бір жерінде айырым болмай қалмайды. Сондай-ақ, бір жұрттың тұрмысы екінші жұрттың тұрмысы, бір жұрттағы хакімшілік, екінші жұрттағы хакімшілікпен нақ бірдей болмайды. Неліктен бір жұрттың тұрмысы я хакімшілігі екінші жұрттан өзгеше болады деген мәселені шешуден бұрын бір адамның түрі, мінезі, құлқы, жүрісі-тұрысы неге екінші адамға ұқсамайды деген мәселені шешу керек. Оны ғылым әлі шеше алған жоқ. Бұл күндегі ғылымның білетіні: адамнан адам, малдан мал, астықтан астық туатыны һәм адамды жақсы тәрбиелесең жақсы болатыны, астықты жақсы ексең жақсы шығатыны, сондай-ақ, хакімшілік турасында да біздің білетініміз: хакімшілік жақсы болса, ел де жақсы болатыны ғана. Сондықтан біз хакімшілік түрлі болуының себебін баяндаймыз деп әуре болмай, хакімшілік бір жұрттан екінші жұртқа ауысқанда жұрттың шаруалық тұрмысына нендей әсер еткен жағын ғана сөйлеп өтеміз.

Жаңа тарих жүзінде ұлық патшалар соғысып, бірін-бірі тұтасынан бағындыру болған жоқ. Үлкен патшалар соғысып, бірін-бірі жеңсе, жерінің шет-пұшпағынан алып олжаланбаса, тұтасынан өзіне қаратқан жері жоқ. Жаңа тарих жүзінде үлкен патшалар я ұсақ патшалықтарды я әрі болса да мәдениет жүзінде төмен жатқан жұрттарды бағындырумен болды. Мәдениеті кем жұрттар мәдениеті жоғары жұрттардың қожалығына қарағанда я солар мәдениетін алуға жарап, шаруалық тұрмысы ілгері

басты, я олармен қатар тіршілік етуге қолынан келмей жоғалып бітті. Шаруалық жалғыз бағындырушы биік мәдениетті жұрт болғанда ғана өзгереді емес, бағынушы биік мәдениетті жұрт болғанда да өзгереді. Жаңа тарих жүзінде мәдениеті жоғары жұртты төмен мәдениетті жұрт бағындыру болмағанмен, бұрынғы замандарда болған. Ассирия, Ууилонияны бағындырып, ууилон мәдениетін алған. Македония Грецияны бағындырып, грек мәдениетін алған. Бұлардың бәрі де ел бағындыру бағынушы жұрттың мәдениетінің жайылуына себепкер болған жағын көрсетеді. Ел бағындырудың жұрт шаруалығын өзгертуге себепкер болуы онан да күшті. Егерде, бағынушы жұрттың мәдениеті төмен болса, мысалы, Рим гректен алған мәдениетін бағындырған жұртына жайды. Испания, Франция, Англия жұртына мәдениет Рим бағындырған кезінде кірді.

Мәдениет жұғысы жалғыз ғана бір жұртты екінші жұрт бағындырғанда ғана болады емес. Басқа жолмен де жұқпақшы. Ел бағындырудан басқа жоғары мәдениет төмен мәдениетті жұртқа кіретін жолдары: 1) сыбайластық, яғни қатынасу. 2) калонизация, яғни төмен мәдениетті жұрттың арасына жоғары мәдениетті жұрттардан елдер кірісу. Сыбайлас жұрттардың мәдениеті бір дәржада болмаса, жоғары мәдениет төмен мәдениетті жұрттың шаруалық қалпының өзгеруіне әсер етпекші. Тарих жүзінде бұған ыспат көп. Орта Һіндістан мәдениеті арқа Һіндістанға, Халдей мәдениеті Ассрияға, Ассриянікі Финикаға тарады. Финика мен Мысыр мәдениеті Грецияға тарап, Грециянікі Римге тарады. Римнен әрі тағы солай сыбайлас Галлия, Испанияға тарады. Күн шығыстағы слауяндардан (славян) ығысқан германдар барып, Риммен сыбайлас болып еді, оларға да Рим мәдениеті тарады. Солтүстік жағынан Римге сыбайлас болған Франция, Англия да Рим мәдниетін алды. Күн шығыс жағынан сыбайлас болған пөләктер (полияктар), басқа слауяндар, Балти алабындағы жұрттар – олар да Рим мәдениетін алды. Біздің орыстар жері қашық болған себепті, Рим мәдениетін ол замандарда ала алмады. Днепр бойындағы орыстардың Грециямен сауда қатынасы

болғандықтан, бұларға Грек мәдениеті азырақ әсер етті. Ол да көпке бармады: орыс татарға бағынған соң Грециядан қол үзеді. Онан қол үзген соң һәм Татар мәдениеті өзінен төмен болған соң, орыс жерінде мәдениет ілгері басуға жол кесіледі. Бірақ, татарлар мәдениет жолында ілгері басып, орыс шаруалық тұрмысына түседі. Яғни көшуді қойып, қалалар салып, отырықшылыққа айналады.

Татар қожалығынан орыс жері құтылғаннан кейін баяғы Рим мәдениетінен өрбіген Еуропа мәдениеті әсер ете бастайды. Сауда һәм дипломатия жолында Еуропа жұрттары мен орыс арасында қатынасу болып, Еуропа мәдениеті орыс жеріне қарай қол созуына жол ашыла бастайды. Алексей патшаның тұсында Еуропа мен Россия арасында қатынасу тәуір күшейеді. Алексей баласы Петр патша орыс жұртын Еуропа салтына түсіруге жол салады. Сонан бастап осы күнге шейін Еуропа мәдениетінің Россия шаруалық тұрмысына әсері күшті. Осы айтылғандарға қарағанда, шаруалық өзгеруіне сыбайластық яғни қатынасу, араласу неғұрлым көбірек болса, со ғұрлым мәдениет жұғысы да тезірек һәм көбірек болмақ. Бұрын көбірек қатынасу үшін сыбайластық қажет еді. Енді темір жол, параход қатынасу жолын жеңіліткен соң сыбайластықтан басқа да қатынасуға жол ашылды. Мәдениеті жоғары жұрт пен мәдениеті төмен жұрт арасында қатынасуға қолайлы темір жол, параход болып тұрса, сыбайластық бұл күнде онша қажет емес. Қатынасу жолы жеңілдігінен Еуропа мәдениетін алып, шаруалық тұрмысын Еуропа салтына салып отыр. Сөйтіп, асылында мәдениет жұғысына себепкер болатын жердің жақындығы емес, қатынасу, араласу көптігі болып шығады.

Жоғарыда айтылды, мәдениет жұғысының себепкерінің бірі калонизация. Яғни төмен мәдениетті жұрттың арасына жоғары мәдниетті елді кірістіру деп. Бұрынғы заманда калонизация жолымен мәдениет таратуға ұста болған жұрт Грек халқы. Ақ теңіз аралдарына, Анатолияға, Қара теңіз жағасына гректер мәдениетін осы жолмен жайған. Бұл заманда да мәдениеті кем

жерлерге мәдениет осы калонизация жолымен жайылып жатыр. Еуропа жұрты мәдениетін әуелі солтүстік, сонан соң оңтүстік Америкаға калонизация жолымен жайды. Онан кейін калонизация жолымен Еуропа мәдениеті жайылған жерлер: Аустралия, Жаңа Зеландия, Жаңа Гуинея-Полонкзия аралдары.

Осы жерлердің бәрінің де тұрғын халқы надан, мәдениеті төмен жатқан жұрт. Онда барып мәдениет жайғанда тұрғын халқы надан екен, мәдениеті төмен екен деп жаны ашығаннан істемеген. Канолизация жолымен басқа жерге барушылар я өз елінде жердің бәрі байлар қолында болғандықтан, жерсіз жүрген нашарлар болған, я жердің пайдасын сыпырайын деген байлар болған. Сондықтан да канолизация барғандарға болмаса, тұрғын елге жағымды бола бермеген. Көбіне мәдениет жерге жайылса да, елге жайылмаған. Солтүстік Америкадағы тұрғын халықтар Индейстер жылдан жылға құрып барады. Мұнан байқалады, жоғары мәдениет төмен мәдениетті жұрттың көбеюіне дәйім себепкер болмайтындығы. Мәдениет те қонатын тұғыры даяр, даяр емесіне қарайды.

VI

Өткен нөмірде шаруалық өзгеруіне әсер ететін екінші дәрежелі нәрселердің бірі мемлекет қамы, және бірі саясат дедік.

Мәдениет жүзінде жоғарылаған халықтардың жүрген жолына қарап тұрсақ мынау көрінеді: мәдениет жоғарылап, белгілі бір күйге жеткен шағында, адамдар арасына жоғары-төмен жік түсіп, жұрт қабат-қабат тапқа бөлінген, ол таптар Еуропа тілінде «клас», орыс тілінде «сословие» деп аталады. Класқа бөліну реті біздің қазақтың төре-қараға бөлінуі сияқты: «билеуші клас», «көнуші клас» болып бөліну. Бірақ, кластарының арасындағы жігі біздің төре мен қара арасындағы жігінен зор болған. Олай болуының мәнісі аңысмақ күйдегі жұрттарда класқа бөліну тіпті жоқ; аңшылық күйдегі жұрттарда аз болады; малшылық күйдегі жұрттарда онан гөрі күштірек; егіншілік күйде жұртта нағыз күшті болған. Мәдениет жүзінде жоғары тұрған Еуропа

жұрттарын алсақ, бұлардың клас жігіне бөлінбегені болмаған. Клас жігіне бөлінуге мемлекет қамы себеп болған; класқа бөліну жұрттың шаруалығы ілгері басу-баспасына себепкер болған.

Бұрынғы заманда бүгіндегі сияқты ғәскер болмаған. Жорыққа аттану, соғысқа шығу жұртқа міндет болмаған; бару-бармау ерік һәр кімнің өзінде болған. Жорыққа олжа іздегендер аттанатын; соғысқа пайдаланып отырған жерін қорғау үшін ғана шыққан. Жорықтан, соғыстан түскен олжаны ішінде болғандар үлесіп, бөліп алатын. Біреудің жерін барып алса, ол да басқа олжалармен қатар үлеске түсетін. Көшпелі жұрт егінші жұрт сияқты жерге онша байлаулы болмаған. Сондықтан иемденген жерін қорғауы да егінші жұрттар сияқты болмаған. Көшпелі күйден егіншілік күйге ауған сайын жер қорғау ісі міндет түрге айналған.

Франк каролдары мемлекетті қорғауға адам көп болу жағын көздеп, жорыққа көңілді адамдарға, олжа жерден басқа, мемлекеттің өз жерлерін де уақытша иемденуге беретін болған. Олар иемденген жерлері үшін каролға қызмет етуге міндеткер болған. Сонан кейін иемденген жерлер еткен қызмет үшін жалуния есебінде өмірінше иемденуге беріліп, иемденген жер атадан балаға қалатын болған. Басы бүтін алатын болғаннан кейін һәр кім өзіне тиген жерін басқалардың пайдалануына беруге ықтиярлы болған. Пайдаланған адамдар жер қожасының аттанған жорықтарына көмекші болуға міндеткер болған. Бастапқы кезде бұлар қолындағы жерлерден басқа, патшалық қолындағы жерлерді пайдаланушылар да болған. Бірақ, ол жерлер бірте-бірте әрі жер қожаларының қолына ауып, адағында жер біткенге осы жер қожалары ғана ие болады. Жердің бәрін қолдарына алған соң, пайдаланушыларға салықты көп салғаннан жұртқа ауырлық түсіп, қара халық нашарлайды, адамшылық құқықтары да кемиді. Жермен бірге күш те жер қожаларының қолына ауып, бұлар каролдың өзін де тыңдай қоймайды. Һәр жер қожасы өз алдына карол сияқты болып, өзіне қараған адамдарын дегеніне көндіреді. Оған карол еш нәрсе істей алмайды. Халық емін-еркін қожаларының қолына тиген соң, бұлар жұртты өздеріне

әбден құл қылып алады. Құлдардың ісі түгіл түсі де басқа болу үшін киім түрі құлша өз алдына болады. Қожаларымен кездескен жерде шашының қырқулы екенін көрсету үшін бөркін алып тұратын болады (осы күнгі ұшырасқан кезде бөрік алу салт сонан қалған деседі). Француз жұртының заңдарында құлдар алыс-беріс сауда жүзінде малмен қатар жүрген. Құлдардың үйлену рұқсаты қожаларында болған. Рұқсат берілгенде құлдан ол үшін алым алынған. Құлдық онымен тұрмаған, тағы күшейген. Үйленушіден алынатын алым малдан тәнге түскен. Некеленген қыздың әуелгі түні күйеуінікі болмай, қожасының сыбағасына тартылған. Қысқасынан айтқанда, мал байдікі, тән байдікі, жан Құдайдікі – жұртта еш нәрсе болмаған. Жұрттың бұл күйге түсуінің бастапқы себебі мемлекет қамы екені жоғарыда айтылғандардан мәлім болды. Мемлекет қамы жұрттың пайдасын тегіс көздесе, жұртқа пайдалы. Тегіс көздемей халықтың бір парасының ғана пайдасы табылып, басқалары ауыршылықта болса, ол мемлекет қамы бақ орнына сор, сөйтіп мемлекет қамы деген екі ұшты нәрсе болып табылады.

Еуропа мәдениеті қалай көтеріліп, осы күнгі дәражаға жеткен десек, оның жолы бұл айтылғаннан басқа болған. Италияда кей шәһерлер күн батыс пен күн шығыстағы жұрттардың арасында істелген сауда жолында тұрып, екі жақтың саудасы сол шәһерлердің қолынан өтіп, шәһер халқы бай болады. Сондай шәһерлер Италиядан басқа жерлерде де бола бастайды. Бұлар еркін шәһер делініп аталады. Бұлар каролды керек қылмайды. Қайта өздеріне жолатпау үшін қалаларын қорғандап, бекітумен болады. Жорықшы құл иесі қожалармен бұл шәһерлер жауласып, адағында олардың түбіне жетеді. Осы күнгі Еуропа халқының шаруалық түрлерінің бәрі де ең басында сондай шәһерлерден басталған.

Енді саясатқа келейік. Саясат мемлекет қамынан гөрі де екіүштірек нәрсе. Мысал үшін алайық Англияны. Һіндістанды Англия бастапқы бағындырған кезінде тұтынған саясаты мынау еді: Һіндістан жұрты ынтымақта тұрса, күші қосылып,

билетпей, уысымыздан шығып кетер деп, жұрт иесі адамдарын жауластырып қойды. Байлық жағы Англишан қолында болу үшін Һіндістанның билігін «Сауда кампаниясының» қолына берді. Жұртқа салықты солар салып, алымды солар алып, чиноуниктерді солар қоятын болды. Пайда біткен Англишанда болу үшін, Һіндістанда зауыт, фабрика ашқызбай, Англияда жасалған тауарларды келтіріп өткізумен болды. Ішкі Һіндістаннан Англияға барып, сонда зауыт, фабрикада ұқсатылып, қайтадан Һінді жұртына өткізілетін болды. Сөйтіп, Англия Һіндістаннан алу жағымен болып, берген еш нәрсесі болмайды. XIX ғасырдың орта шенінде Һіндістанда сыпайлар бұнты болады.

Бұнттан кейін, сауда кампаниясын қалдырып, Һіндістан билігін хүкімет өз қолына алады. Хүкімет тарапынан вице карол қойылатын болады. Түрлі чиновниктерді де хүкімет қойып, алымсалықтардың бәрін хүкімет өзі жиятын болады. Сонан бастап Һіндістан турасындағы Англия саясаты өзгереді. Һіндістан байып күшеюі жоқ болса, жұрттың наразылығы өсуі онан кем соқпас; халық бірте-бірте көзі ашылған сайын, алуға бар, беруге жоқ саясатымызға түсінер; «Осыған қарағандағы пайдамыз қайсы? Кер кетпесек, оңған еш нәрсеміз жоқ» деген наразылық көбейіп, бұнт шығарар деп қауіп түседі. Жұрттың бізге қарағаны пайдалы екендігіне көзі жеткендей саясат тұтпаса болмайды деп, университет, орта һәм төмен мектептер ашады; сусыз жерлерден қаналдар қазады; қалаларын түзетіп, Еуропа шәһерлерінің салтына түсіреді. Һіндістанда осы күнде 5 университет бар. Онан жылына 4 мың шамалы жастар оқып шығып тұрады. 35 мың шақырымдай темір жол салынған. Сусыз шөлдер қанал қазылған соң егін жайға айналған. 125 мата фабрикасы, 97 көмір шахтасы, 100 шай егістігі, 98 һәр түрлі қант зауыты, қағаз фабрикасы, шұға фабрикасы сияқты нәрселер бар. Саясаттың шаруалық өзгерісіне қандай шалығы тиетінін осыдан шамалауға болады.

VII

Шаруалық өзгеріп, адам баласы мәдениет жолында ілгері басуына себепкер болған һәм болатын нәрселердің бәрі болмаса да, маңызды зорлары өткен нөмірлерде айтылып өтті. Оларды айтып өту төменде жазылған мәністермен қажет болды.

Қазақтың 15 десетинадан жер алып, отырықшы болу болмасы туралы екі пікір бар екені оқушыларға мағлұм. Бұл мәселе турасында «Қазақ» газетасының қуаттайтын пікірі де оқушыларға мағлұм. Осы өтейін деп тұрған жылдың басында бұл мәселені қайтадан қолға алып, қозғаушылар болды. Оларға бір кезде жауап қайырмадық. Қайырмау себебі мынау болды: олардың көздеген мақсаттары хүкіметтен басқа болғанмен, жол бағдары хүкіметпен бірге келді. Төтесінен қарсы пікір таластырсақ, хүкіметпен жол бағдары бір болған соң, біріне қарсы пікір екіншісіне де қарсы келетін болды. Сондықтан, пікір таластырмай, дүниеде баяғыдан бастап осы күнге дейін бұл сияқты істердің болып келе жатқан жолы қандай һәм халық өзгеріп екінші түсуіне себепкер боларлық шарттар бар ма? Әйтпесе халық тұрмысы шартсыз, халықтың тілеуінше өзгермек пе? Осы жағын айтып қана өтейік. Сонан оқушылардың өзі шамалар деп, «Қазақтың» 145-нөмірінен бастап «Шаруалық өзгерісі» деген мақаланы жазып келдік. Халық шаруалығы өзгеруіне себепкер болатын шарттардың қайсысы қазақ шаруалығы өзгеруіне де себепкер болар, қайсысы болмас, соны енді қолға алып сөйлемекпіз.

Қазаққа отырықшы болу керек деп ақыл айтатындар «отырықшы болса мәдениет орнайды» дейді. Ол пікірін қуатты көрсету үшін мұны: «жұрттың бәрі де отырықшы болып, мәдениетке жеткен» дейді. Сөйтіп, мәдениетке жетудің шарты отырықшылық болып шығады. Отырықшы болудың шарты бар ма, жоқ па? Ол жағын айтпайды. Біздің білуімізше, отырықшы болуға түрлі шарттар жағдайлы келуі қажет. Ол шарттар қазақ жерінде бар деп айтпаған соң, «мәдениет отырықшы болған жұртқа орнайды» деген сөз «ексең егін шығады» деген сияқты сөз болып қана табылады. Еккенмен егін шыға бере ме? Егін шығу үшін

жалғыз ғана егу шарт емес, басқа шарттар да керек емес пе? Әуелі, егін шығуы үшін топырағы жағдайлы болу керек. Орғыл құмға, сортаңға еккенмен де шықпайды. Екінші, топырақ ішінде ылғал боларға керек. Ылғалы жоқ, құрғақ топыраққа егін шықпайды. Үшінші, жылы ауа керек, суық жерге егін тағы шықпайды. Бұл шарттардың үстіне егушінің еге білуі керек. Яғни салуға жарайтын жерді егін шығуына жағдайлы етіп, өңдей білу керек. Дұрыстап жыртып, дұрыстап тырмалай білмесе, онда да егін шықпайды. Осы шарттардың бәрі түгел тұрған орында «ексең егін шығады» деп айтуға болады. Сортаңда, құмда, я әуесі суық жерде отырған адамға егін ексең шығады дегенмен өнімсіз шығын, төлеусіз еңбек болмай ма?

Қазақтың отырықшы болу-болмау мәселесі осы егін егу мәселесі сияқты. Егін егуден бұрын егін егуге керек шарттардың бар-жоғын білу керек. Сол сияқты қазақтың отырықшы болу-болмау мәселесін шешем деген адам, әуелі, қазақ жерінің жайын жақсы білу керек. Сонан соң отырықшы бол, болма деп айтушылар қазақ жерінің жағдайлы-жағдайсыз жағы мынадай деп айтарға керек.

Он облыс қазақтың тұрған жері үлкен. Ондай үлкен жердің табиғи жағдайлары шаруалыққа бірдей болмасқа тиіс. Табиғи жағдайлары hәр жердің басқа болғанына қарай, қазақ шаруалығының басқалығы бар-жоғына қарау керек. Егерде табиғат жағдайы басқа бола тұрып, қазақтардың істеп отырған шаруалығы қай жерде де болса бірдей көрінсе, онда қазақтар табиғат жағдайын талғамай, баяғыдан бері келе жатқан салтына тартып істеп отырған шаруалық болады. Ол шаруалық ерте ме кеш пе өзгеріп, табиғат жағдайына қарап істелетін түрге түспекші. Егерде қазақтың осы күнгі істеп отырған шаруалығы табиғат жағдайына қарай болса, онда ол шаруалықты табиғат жағдайын өзгертпейінше өзгертуге болмайды.

Біреулер қазақтың мал бағып отырғаны оңай кәсіп болған соң істеп отырған іс дейді. Ол бәлкім рас та шығар. Өйткені, ол табиғи нәрсе. Кім де болса аз еңбекпен көбірек пайда табу

жағын көздейді. Аз еңбектен көп пайда табылып тұрғанда, көп еңбектен түсетін аз пайдаға кім барар? Қазақтың мал бағуы оңайсынғандықтан ба екен? Болмаса басқа кәсіпті білмегендіктен бе екен? Әйтпесе, өзге кәсіпке табиғат жағдайсыз болған соң, амалсыздықтан ба екен? Мұны һәм ашарға керек.

Қазақ жеріне келген мұжықтар отырықшы күйінде егін егіп, күн көріп отыр ғой, қазақ неге отырықшы болып күн көрмесін дейтіндер бар. Мұжықтар отырықшы күйде күн көрген жерде қазақ күн көруге болмай ма? Күн көруге болатын болса, қазақтардың ондай жерлерде отырықшы болмай тұрғанының себебі не? Отырықшы болса не залал таппақшы? Бұл да ашарлық нәрсе. Ноғай бауырларымыздың ортаң қолдай адамдарының айтуынша, қазақтың көшіп жүргені көшуді тастауға қимағандықтан болса керек. Бір жерден бір жерге көшіп, сайран ету үшін ғана қазақтар көшіп жүрген болып көрінеді. Қазақ көшуі сайран етіп жүруін қимаған үшін бе? Болмаса, басқа мәнісі бар ма? Сайран етіп, шалықтап көшу бұл күнде қазақтың бәрінде бар ма? Бәрінде болмай, бірсыпыраларында ғана болса, ондай көшудің болу-болмау себебі не? Бұларды да айтып, қазақ ісіне көңіл бөліп отырған ноғай бауырларымызға баяндау керек емес пе?

Қазақ шаруалығы осы күйінше тұрар ма, болмаса өзгерер ме? Өзгергенде неден өзгерер һәм өзгергені халыққа қалай болар? Мұны болжап айтуға болар ма? Болжағанда неден шамалап болжауға болады?

Отырықшы болған қазақтар бар. Олар не істеп отыр? Отырықшы болғанда істеп отырған кәсібі бұрынғыдан басқа ма, бұрынғыша ма? Егін нормасымен жер алып, бұрынғыша мал бағып отыруға бола ма екен? Олай етуге болмаса, егінмен күн көруге боларлық па? Қазақтың алды отырықшы болғанына 3-4 жыл болып қалды. Сонан бері малмен, егінмен күн көрер шамасын байқаған болар. Олар не байқап отыр екен?

Осы түйіндерді дұрыс тарқата білсек, отырықшы болу-болмау мәселесі шешілер еді дейміз.

Мәдениет отырықшылыққа қарайтын нәрсе болса, отырықшылық не нәрсеге қарайды екен? Мәдениеттен бұрын бұл жағын тексеру керек емес пе? Мұны қарастырмай, басқалар мәдениетке отырықшы болған соң жеткен екен, біз де отырықшы болайық деп, аңшыны еліктеймін деп тонауға түсіп қалған маймыл сияқты болып жүрмейік.

Басқа жұрттың, әуелі, отырықшы болуына, екінші, онан әрі мәдениет жолында ілгері басуына себепкер болған нәрселер «Шаруалық өзгерісі» деген мақалаларда айтылған. Табиғат жағдайы, ел жиілігі, шеберлік, тізгін ауысуы, халық әкімшілік түрлері, мәдениет жұғысы, мемлекет қамы, саясат. Қазақ шаруалығы өзгеруіне осылардың қайсысы себепкер болар?

Қайсысы себепкер болуында көп мән бар.

«Шаруалық өзгірісі» қолжазба факсимилесі





































































ҚР Ұлттық кітапханасының
Сирек кітаптар мен қолжазбалар
қоры (480-бума)

ШАРУАЛЫҚ ӨЗГЕРІСІ* (VIII)

Қазаққа отырықшы бол деп ақыл үйретушілер табиғат жағын алдына сала отырып, отырықшы бол дейтініміз жеріннің мынадай-мынадай қолайлылығынан деп көрсете айтса екен. Ол жағына жоламай, құр «отырықшылық жақсы ма, көшпелілік жақсы ма?» деп суал қояды. Бұлай суал қою негізінде дұрыс емес. «Кітап саудасы жақсы ма? Шай саудасы жақсы ма?» деп сұраған сияқты. Асылынан қарағанда шайдан гөрі кітап халыққа пайдалы, жақсы нәрсе, бірақ, кітап саудасын, я шай саудасын ашу елге қарай емес пе? Кітап саудасын ашуға болады хат білетіндері көп елдің ішінде. Шай саудасын ашуға болады шай көп ішетін елдің ішінде. Мысалы, қазақ ішінде шай мағазынын ашуға болады, өйткені, қазақтар шайды көп ішеді. Кітап мағазынын ашуға болады деп айта алмаймыз. Кітап пен шай саудасы елге қарай болса, мал мен егін кәсібі жерге қарай; ал көшу я отырықшы болу істеп отырған кәсіптің ыңғайына қарай. Отырып сауда қылуға күші келетіндер шәһерлерде отырып сауда қылып жүргенде, оған шамасы келмейтіндер қазақ ішінде қазақпен бірге көшіп жүріп, сауда қылып жүр. Мал баққанды да, сауда қылғанды да көшкізетін тіршілік етіп, күн көру қамы. Сондықтан, жер мәселесін көшу жақсы ма, отырықшы болу жақсы ма деп шешуге емес, қазақ жерінде қандай кәсіппен күн көруге болады деп шешу. Сонда қазақ жерінің табиғаты саралап өзі-ақ жауап береді.

Қазақ жерінің табиғаты түрлі-түрлі. Он облысқа қараған жер түгіл, бір облыс алабындағы, хатта, бір үйез алабындағы жерлер де бірдей емес. Ішкі ордалық пен Түркістан жерінің табиғатын көзбен көргенім жоқ. Орал, Торғай, Ақмола, Семей облыстарының жерін тегіс болмаса да, бірсыпыра көргенім бар һәм олар туралы жиған мағлұматтарым да толық. Түркістан облыстары туралы да нақ толық болмаса да, мағлұматтан құр алақан емеспін. Ішкі ордалық жеріне перселен келіп жатқан жоқ. Олай болған соң ол туралы талас та жоқ. Осы айтылған облыстардың

* Басы «Қазақ» газетінің 145, 146, 147, 148, 158, 161, 163-нөмірлерінде басылған.

ішінде әсіресе жақсы білетінім: туған, тұрған, көбірек аралап көрген облысым Торғай облысы; «жері жақсы» деп перселен мекемесінің мұжықтарды қол бұлғап шақырып жатқан облыстардың бірі де осы облыс.

Он облыс қазақ жерінің табиғаты түгіл, бір облыс жердің табиғатын да түптей түгел айтып шығуға әлденеше том кітап жазу керек. Ондай жазу газета бетіне сыймайды. Сондықтан, қазақ облыстарының жерін екіге бөліп, жер табиғаты бір ыңғай дала облыстарын бір бөлек шығарып, газета бетіне сыярлық дәрежеде жерлерінің түрін елдерінің істеп отырған кәсібін білгенімше айтып өтпекпін.

Бір аралап жердің табиғатын сөз қылғанда, ол табиғат есебіне қосылатындар: жердің топырағы, беті (ой-қыры), суы (өзені-көлі), түгі (ағаш-шөбі), әуе жайы (ылғалы-құрғағы), күн райы. Осы жер табиғатына кіретін нәрселер бірімен бірі сабақтас. Бірінің жағындағы кемшілік я молшылық екіншісіне де білінбекші. Мысалы, су кем жерде әуе құрғақ, әуе құрғақ болса топырақ құрғақ, топырақ құрғақ болса, құрғақтығы жер түгіне кемшілік келтірмек. «Тау су сақтайды, су ну сақтайды, ну дым сақтайды» деп қазақтар да айтады. Қазақ облыстарында су сақтайтын тау аз; әуені ылғалдандыратын үлкен теңіздер жоқ. Сондықтан, қазақтың жерінің әуесі құрғақ болады. Әуе құрғақ болған соң жауын аз болады. Қар суы тасыған өзен сулары іркіліп, тұрақтайтын жерлерде болмаса, жай жерлерде қар дымы қалмай, тез кеуіп кетеді. Тау аз болған соң, қазақ жерінде өзен де аз. Ол аз өзендердің көбінесе суы ащы болады. Көлдер өзеннен көбірек ұшырайды. Бірақ, олардың суы көбінесе мал болмаса, адам ішуіне жарамайтын ащы болады. Су кем болған соң, қазақ жерінде ағаш та кем, шөбі де сирек, һәм бақал болады. Осы айтылған қазақ жерінің жалпы сыны.

Орал, Торғай, Ақмола, Семей, төрт облыстағы жердің табиғаты бірыңғай дедік. Бұл төрт облыстың бәрінің жері бірдей деген емес, бәрінде де жақсы жерлер бірыңғай, жаман жерлер бірыңғай деген сөз. Төрт облыста да жақсы жерлері солтүстік

жағында, жаман жерлері оңтүстік жағында. Солай болған соң қай облыстың да болса, солтүстігіндегі жерлер һәм істеліп отырған кәсіп түрі бір-біріне ұсас. Солтүстігіндегі жерлер һәм кәсіптер – олар һәм бір-біріне ұсас. Егерде қазақ жерінің қаншасы жақсы, қаншасы жаман екендігін көрсеткіміз келсе, һәм жақсы жерде қазақтар қандай шаруалық істеп отыр, яғни қазақ шаруалығы да табиғат ыңғайына қарап істеліп отырғанын көрсеткіміз келсе, төрт облыс турасындағы мағлұматтарды түгел көрсетпей, бірінің ғана турасында сөйлесек те, қазақ жерінің сыйқы байқалмақшы. Мысалы, Торғай облысын алсақ, өзге үш облыс туралы жиған мағлұмат та, Торғай облысына жанаспай, онша алыс кете қоймайды.

Жоғарыда айтылды: «Қазақ облыстарында жақсы білетінім де, перселен мекемелерінің жері жақсы деп, мұжықтарды қызықтырып, шақырып жатқан облыстардың бірі де Торғай облысы» деп. Мұның үстіне жақсы жері мен жаман жері көріне ашық айырылатын облыстың бірі де Торғай облысы екендігін қоссақ, қазақ жерінің сынын көрсету мақсатымызға дәл келеді. Бұл облыстың жақсы жері қанша? Жаман жері қанша? Ол турасындағы мағлұматтарды мұжық үшін шығарған перселен мекемесінің кітабынан-ақ аламын. Мұжықтарды қызықтыру үшін қазақ жерінің жақсысын асырып, жаманын жасырып жазбаса, перселен мекемесінің кітабы қазақ жерін өтірік жамандап жазып отыр деп һешкім айта алмас. Сол перселен мекемесінің кітабында да қазақтың қанша жері егінге қолайлы екендігі көрініп тұр. Щербина экспедициясының сынауынша да, қазақ жерінің топырағы көбінесе қандай екендігі тағы көрініп тұр. Мен қазақ жерін өз сынауымша алсам, өзіме тартты деп ойлаушылар болар. Сондықтан, төмендегі қазақ жері һәм кәсібі турасындағы мағлұматтарды дала облыстарына келетін мұжықтарға 1907 інші жылы переселен мекемесінің шығарған кітабынан, Щербина экспедициясы шығарған кітаптарынан мен қазақ жері туралы норма жасауға керек мағлұматтар жиған статистика кітаптарынан аламын.

Мұжық үшін шығарған кітапта айтылған (*) Торғай облысы төрт үйезге бөлінеді. Бірі оның Қостанай үйезі; бұл үйездегі жердің алабы 9 жарым миллион десетина. Екіншісі, Ақтөбе үйезі; мұның жері 5 миллион десетина. Үшіншісі, Ырғыз үйезі; мұның жері 13 миллион десетина. Төртіншісі, Торғай үйезі, оның жері 15 миллион десетина. Ырғыз бен Торғай үйезінің жері егінге қанша жарайтыны қазір сыналған жоқ. Бірақ, әуесіне, топырағына қарағанда, егінге жарарлық жері тіпті аз көрінеді депті. Сөйтіп, Торғай облысындағы 43 миллион десетина жердің 28 миллион десетинасы бірден-ақ егінге жарамсыз болып шығады. Бұл бір облыстағы жердің үштен екісі.

Тағы да бар.

* переселеній в степной край. В 1907 г.

Шаруалық өзгерісі. Қазақ газеті.
1916 жыл 31 қаңтар №167 саны

ДӘЙЕКШІ

Дәйекші – (ء) – «Юлдыздың» («Жұлдыз») соңғы нөмірлерінің көбінде емле туралы мақалалар жазылып келеді. 1577 інші нөмірінде Н. Домауи жазады: «... жіңішкертуге лайық харіфтер туралы емлешілеріміздің біреуі де жаңа бір сөз айтқан жоқ. Бұл турада қазақ емлешілерінен Байтұрсынов әпендіден пайдаланып, ортақ харіптер үтірлі болғанда жіңішкелік үшін (ء) жазуды қабыл етсек, не қадар жақсы болар еді...», – деп мысалдар келтіреді. Біздің мұны көшіруден мақсатымыз – өзімізден кейбіреулер (ء) ні жатырқаған еді. Емле түзетеміз дегенде, мұндай аз өзгеріссіз болмайтындығын, болғанда (ء) онша ерсі емес, бәлки орынды табылғандығын ноғай бауырларымыздың емлешілерінен де қостаушы барлығын көрсетіп өту.

Дәйекші (ء). «Қазақ» газеті. 1916 жыл қаңтар айы № 164 саны

ҚАЗАҚҚА АШЫҚ ХАТ

(мал есебі туралы)

4 мартта министрлер кеңесі келер 1-ші майға шейін патша «қоластындағы елдердің малы жазылсын» деп қаулы қылып, «мұның шығынына 1 миллион 760 мың сом ақша шығарылсын» дейді.

Мына 20 ай созылған дүние соғысы көп етті жем қылды. Бұрын ел аман, жұрт тынышта бір мұжық бір жылда 50 қадақ ет жейтін еді. Соғысқа барған солдат күніне бір қадақ ет жейтін болды. Әскер, қасына ерген қосшы-қолаңымен 20 миллионнан артса керек. Күннен күнге бұлардың саны артып барады. Мал бүйтіп жылдам өспейді. Біздің патшалықта қаладағы жұрт 15%, яғни әрбір жүзден 15 еді. Соғыстан бұрын біздің патшалық жұрты 160 миллионнан астам болатын. Қала адамы бұрынғы ет сыбағасын жеп отыр. Арақ тоқталғаннан соң мұжық қалтасына жылына 700 мың сом ақша аққұла қалды. Қалтада ақша болған соң мұжық күнде ет жейтін болды. "Қолымда ақша бар" деп, мұжық қалаға мал сатуын сараңдатты. Базарға салатын мал елде әскерге алынатын болды. Қала базары сататын малсыз қалды. Осы себептермен қалада ет, май 2, 3, 4 есе қымбаттады. Қала адамының кедейі еттен қалатын болды. Ет туралы бізбен соғысып жатқан неміс көргені бізден неше қайтара қиыншылық. Онда жыл асты, жетіде екі күн жұрт етке тегіс ораза. «Енді бір жетіде төрт күн ораза қылады неміс» деген қауесет бар. «Бірер күн етке ораза болады» бізде де естіледі. Мұнан басқа «жас малды союдан тыятын закон шықпақ» деген де еміс-еміс естіледі.

Осымен біздің хүкімет патшалықтағы мал есебін білмек. Бұлай болған соң біздің қазақ малы да жазылады. Мал жазғанда қашаннан біздің қазақ малын жасыруды үйреніс қылған. Жаңа заман – тараққи заманы, бұл кезде ұрланып жүріп 5 миллион жұрт күн көрмейді. Ұрлық түбі – қорлық. 240 миллион десятина жерде 5 миллион жұрт отырып құп-қу болса, "жер пайдалана білетін ерге берілсін" деген де сөз болмай қалмайды. Келешек уақыт қатын, бала, тұқым қамын саясат жолында қазақ жұрты еске алса, мына жазғанда малды жасырмасын.

Ауылдағы ыбыр-сыбыр жаяу жамандық, арамзалықты тоқтатыңдар! Қазақта бар мал жазылса, біздің патшалық байлығы қуатты болып көрінуіне себеп болады. Бұ да жауға бел көрсеткеннің белгісі, бұ да көмек болады.

Қыр баласы
Ахмет
Міржақып

Қазаққа ашық хат. «Қазақ» газеті.
1916 жыл наурыз айы №174 саны

ТОРҒАЙ ҺӘМ ЫРҒЫЗ ҮЙЕЗІНІҢ ХАЛҚЫНА!

Өздеріңе мағлұм, Россия қоластындағы әскерлік қызметінен азат халықтарды, оның ішінде біздің қазақ халқын соғыс жұмысына алуға 25 июнде патша жарлығы шыққаннан бері бес ай өтті. Сонан бері бұл халықтардың көбі көніп, кісілерін берді. Бірсыпыра халықтар мәселен, Түркістан сарттары, әуелгі кезде шошынып, «бізді жұмысқа алмайды, солдатқа алады» деп қарсылық қылды. Бұл қарсылық қылғандарды аз күннің ішінде әскер шығып қырғынға ұшыратты. Жизақ деген шаһардың 20 мың халқы жоқ болды. Тірі қалғандары ары босып кетті. Мал-мүлік шаруадан айырылды. Жетім-жесір шулап қалды. Жер-суы қазынаға кетті. Сөйткенменен бұл Түркістан халқы да патшаның құрығынан құтыла алмай, ақырында көнді. Жігіттерін берді. Жетісуға қараған қырғыз халқы да көнбейміз деп, тау-тасқа, сайсалаға паналап қашты. Ақырында бұларда бүлгіншілікке ұшырап, қырғын тауып, бұл күнде көніп жатыр. Бұл елдердің бүлікбасылары военный сотқа беріліп, асылды, атылды. Осы алғашқы кезде көнбей жанжал шығарған Түркістан сарттары һәм Жетісу қырғыздарынан алынған жігіттер бұл күнде Орынбор арқылы өтіп жатыр. Ақмола, Семей облыстарының кейбір үйездерінде қазақтар шошынып қашқан екен, елге әскер шығып, күш жұмсайтынын көрген соң, «Текке қор болмалық, қатын-баланың көз жасына қалмалық, жазықсыздан қан төктірмелік, бәрі бір құтыла алмаспыз» деп, оларда көнгендігі бізге анық мағлұм.

Міні, біздің Торғай һәм Ырғыз үйездерінен 15-20 октябрден бастап кісі алынбақшы еді. Жастар келмеді. Сондықтан елге неше мың әскер зеңбірек, плуметпен шығып тұр. Жақсылықпенен көнбесеңдер «патша жарлығына мойын ұсынбағандық, законге қарсылық» деп күш жұмсамақ. Жетісу, Жизақтың күні сендердің бастарыңа туады, қырғын болады, босқа қан төгіледі, шаруа күйзеледі, жұрттың жұрттығы, берекесі кетеді. Соның үстіне әскер көндірмей, алмай қоймайды. Қатын-бала бір қырылады, жігіт екі алынады, бүлікбасылары военный сотқа беріледі, асылады, атылады.

Бұл хатты жазушы біздер, өз балаларың, өз тумаларың. Жанымыз ашиды, қабырғамыз қайысады. Біздің ата-ана, туған-туысқандарымыз іштеріңде. Бізді қазақ баласы, қанына тартады, жаны ашиды десеңдер, тіл алыңдар, қан төкпеңдер, қарсылық қылмаңдар! Алынатын жастар басын қорғаймын деп, үйдегі кемпір-шал, қатын-баланың обалына қалмасын! Бізді «орысша оқып, орыс арасында жүр, біздің пайдамызды айтпас» деп ойлайтындарың, бізді Құдай мен аруаққа тапсырыңдар! Біз газет арқылы болсын, ауызша да болсын, бұрын сан рет айтқанбыз, «көнбесеңдер елге бүліншілік болады, әскер шығады, түбінде алмай қоймайды» дегенбіз. Сол айтқанымыз міне, келді. Бұған біздің көзіміз бұрыннан жеткен. Әлде болса да, бізді осы елдің баласы екен дейтін болсаңдар, біздің ең соңғы қысылғандағы ақылымызды алыңдар! Түбінде іс өткен соң, өкінгеннен пайда жоқ, өлген тірілмейді, өшкен келмейді.

Біз есітеміз, «Бұл жұмысшылар шепке ұсталады, қатерлі жерлерге барады, бір кеткен соң тірі қайту жоқ. Онан да өз жерімізде өлеміз» деген ел арасында лақап, қорқыныш тараған. Бұл бекер. Басқа облыстардан, хати өзіміздің көрші Қостанай, Ақтөбе үйездерінен алынған жігіттердің барған жерінен хат келіп, оларды елдерінен шығарып салған басшылары да бізге ауызекі жолығып тұр. Ондай қорқыныш жоқ, жай-күйлері жақсы. «Бекер қорыққан екенбіз» деседі.

Ал халық, біздің бар айтарымыз осы. Желікпеңдер, қор болмаңдар! Құдайдың жазғанын, патшаның жарлығын екі етпеңдер! Ел иесі жақсылар, ақсақалдар, түсінікті жастар, ойланыңдар, түсінбегендерге тоқтау салыңдар, жұрттың обалына, көз жасына қалып жүрмеңдер! Әркімнің ниет-көңілі бір Аллаға аян, бізге сеніңдер! Біз білгенімізді айттық, борышымыздан құтылдық! «Көре, біле тұра айтпады, бізді отқа салды» деп жүрмеңдер!

Ахмет Байтұрсынов, Сейітғазым Кәдірбаев,
Міржақып Дулатов, Мұхамедияр Тұнғашин

Торғай һәм Ырғыз үйезінің халқына.
«Қазақ» газеті. 1916 жыл (ұлу) ноябрь айы №207 саны

[КӨҢІЛ АЙТУ]

Райымжан мырзаға hәм сүйікті анасынан жастай айырылған балаларына көңіл айтып, марқұманың Алла тағала жайын жанаттан нәсіп етсін деп тілейміз. Рахима ханым, Райымжан мырзаға лайық жар-жолдас еді. Біз тілектес дос-жарларыңыз қайғыңызға ортақпыз.

Бәдәрисафа
Ахмет
Ғайнижамал
Міржақып

5-й г. изданія, 4-я стр.

رایم‌جان مرزاغا هم سۆیکتی آناسینان
جاسدای آیرلمان بالالارینا کوڭل آیتب،
مرحومەنك الله‌تعالی جاین جنت‌دن نصیب
ایتسن دیب تلیمز. رحیمه خانم رایم‌جان
مرزاغا لایق جار-جولداس ایدی. ۆز-
تلکتمس دوجارلارکز قایغۆزغا اورتاقبز.

بدری صفا
احمد
عینی جمال
میر یعقوب

[Көңіл айту]. «Қазақ» газеті. 1917 жыл февраль айы №219 саны

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНА

(Есеп алу тарихы)

1 июлден бастап Торғай облысында мал-жан, шаруа, жер-судың есебі алынады. Сол шамада қазақ облыстарының бәріне де есеп болады.

Бұл есепке біздің қазақ халқы қалай қарар? Бұрынғыдай бұ жолы да сенімсіз көзбен қарар ма? Жоқ, мәнісіне түсінер ме?

Бұрын хүкімет есеп аларда қазақ сенбейтін еді. «Жеріміз мол, егінді көп саламыз десек, жерден айырыламыз ғой» деп қорқатын еді. "Малымызды көп көрсетсек, алым шығын көп түседі» деп жасыратын еді. Адам есебін алатын болса: «Неге адам есебін алады, бізден салдат алғалы жүрмесін?» деп сезіктенетін еді. Қысқасы, қазақ ескі хүкіметтің расына да, өтірігіне де бірдей сенбейтін еді. Онысының қисыны да бар еді. Енді бұрынғы сенімсіз хүкімет жоқ. Қазіргі хүкімет – халықтың өзі, жаңа хүкіметке сенбеу, өзіне сенбеу болады.

Бұл жолғы есепте малдың, жанның, жер-су, шаруаның есебін дұрыс, я теріс көрсеткенде келетін пайда-зиян мынадай:

Алдымызда учредительное собрание тұр. Онда мемлекет законына негіз салынады. Учредительное собраниеде қаралатын мәселелердің қазақ үшін ең зоры – жер мәселесі. Қазаққа жер малына қарай, яки жерге сіңірген еңбегіне қарай пішіледі. Сонда қазақтың малы аз болып көрінсе, жерде аз тиеді. Егін егіп отырған елдердің егіні һәм малы аз болып көрінсе, көрші мұжықтан шаруасы кем көрініп, онда да жер сыбағасы аз тиеді. Соның үшін қазақ бұрынғыдай «орысты алдаймын» деп, бұл жолы да малы, егінін, шаруасын жасырса, ұрылады, ұтылады.

Қазақ өз малыңды өзің құртып, есепті кем берсең, ертең учредительное собраниеде депутаттарың басқа жұртпен қалай дауласады? «Маған көп жер бер» дегенде не дәлел айтады? Малың аз болса, егін сала білмесең, саған көп жер неге керек демей ме? Малыңды, шаруаңды жасырған кем есепті алдыңа әкеп көлденең тартса, депутаттарыңның тілі байланбай ма?

Учредительное собраниенің законын Құдайдан басқа ешкім бұза алмайды.

Адам есебін алғанда, бұрынғыдай «салдат алады» деп жасырсаңдар, яки кемітсеңдер, оның зияны зор.

Учредительное собраниеге депутат әр халықтан адам санына қарай алынбақ. Қазақ еркек-әйелінің дұрыс жасын кемітсе, яки тіпті жасырса, қазақтан депутат аз болады. Аздың сөзі қанша пұлды болатынын өздерің білесіңдер. Қазақтан салдат алады деп қорқып, жас кемейту – баланың ісі. Бұрынғыдай жасырын іс енді болмайды. Қандай закон шығатын болса да, ішінде қазақтың өз депутаты отырады. Халыққа ыңғайлы законды бірге шығарысады. Қалайда болса, салдат алатын реті келсе, қазақ жасырынып құтылып кете алмайды. Былтыр «25 июннен» бұрын да қазақтың жасы шатақ еді ғой. Сонда сенің жасыңа қарады ма? Жүзі қара хүкімет қойдай тоғытқан жоқ па? Бір мемлекетке бағынған біздің қазақ сияқты іргелі жұрт жасырынып жүріп күн көре алмайды.

Енді бұрынғы қате ізді баспалық, үлгілі жолға түселік. Мынау ұлы дүбірге қосылалық. Тиісті бәйгемізден құр қалмалық, жұрт болалық! Егер қазақ, мұны істемесең, кейінгі нәсіл, нәсіптің көз жасына қалғаның. Біздің былтырғы «25 июнь» жарлығы тақырыпты айтқан ақылымыз тыңдалмаған орын көп болған. Онан тапқан «олжаларың» өздеріңе аян. Біз онда да әулиелікпенен білгеніміз жоқ-ты, замананың сазына көзіміз жеткен. Әлі де де солай!

Әлихан Бөкейханов
Ахмет Байтұрсынов
Міржақып Дулатов
Жанұзақ Жәнібеков
Сейтағзам Кәдірбаев
Елдес Ғұмаров
Есен Тұрмұхамедов
Нысанғали Бегімбетов.

Қазақ халқына. «Қазақ» газеті.
1917 жыл июнь айы №234 саны

«АЗАМАТ» СЕРІКТЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИЫЛЫСЫ

Малярия науқасы Түркістан өлкесінде өткен жылы да күшті болып еді. Енді биылғы жылы докторлардың тәжірибесі бойынша, одан да күшті боларлық түрі бар. Сондықтан Түркістанның малярия науқасына қарсы құрылған орталық дәрігерлер комиссиясы әрбір малярия науқасы күшейген жерлердегі саулық сақтайтын мекемелерге 20 мың қадақ малярия дәрісін (хинин) жіберіп отыр hәм жергілікті саулық мекемелерінен күрделі пұл жинап, малярия дәрісін Россияның бар шаhарынан қордалы қылып жинаудың шарасына кірісіп жатыр. Малярия науқасының күшті жайылған жерлеріне арнап экспедиция шығарылды. Бұл науқастың күшейген жерлеріне арнап, жаңадан дәріхана (аптека), ауруханалар ашу қамына кірісілді. Сондықтан малярия науқасымен ауырған адамдар өз алаптарындағы ашылған ауруханаларға барып, дәрі алып, емдетуі өте қажет.

А.Б.

آق جول

Малярия. «Ақ жол» газеті.
1923 жыл маусым айы №313 саны

САЛЫҚ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ

Мемлекет күшінің өркендеуі қолындағы пұлына, қаражатына тіреледі. Хүкіметтің халыққа аса пайдалы жұмыстарды істеуге шамасы болмай қалатындығының бәрі де пұлдың жоқтығының салдары. Әйтпесе, хүкімет халықтың болашақ тұрмысына не пайда, не зиян екендігін білмегендіктен емес, «іш қазандай қайнайды, күресуге дәрмен жоқтықтан» болып табылады.

Осы ретпен хүкімет халықтың жұмысын алға бастырып, көркейту үшін халықтың өз тарапынан, ескіден келе жатқан дағдылы халыққа салынатын салық ретімен қаражат жинап алады. Жиналған салық – хүкіметтің зор күші. Хүкімет халықтан жинап алған салығын қайтадан халықтың керек мұң-мұқтажына жұмсап, жемісін өздеріне қайта тартқызады. Сондықтан салық ісінің хүкімет адамдары тарапынан болсын, халық тарапынан болсын бөгеусіз, көңілдегідей болып орындалғаны мақұл.

Салық жұмысын көңілді қылып жүргізіп, меңзеген уақытынан қалдырмай жинап, тапсыру үшін Кіндік хүкіметіміздің жақын арада болып өткен жиылыстарында күшті қарарлар жасалып, жалпы халыққа һәм жергілікті хүкімет адамдарына тиісті бұйрық-жарлықтар таратылып, тапсырылып отыр.

Салық туралы Түркістан Кіндік партия комитетінің барлық облыстық һәм үйездік партия комитеттеріне тапсырған іс реті мына төменде жазылған түрде:

1. Салық жұмысын атқаратын азық-түлік мекемелеріне һәм салық жұмысын жүріп атқаратын қызмет адамдарына мейлінше іскер, партиядағы таза, сенімді адамдар орындау керек. Істі шала істейтін, сенімсіз, меңзеген уақытта тапсырған істерді орындай алмайтын бос адамдарды салық жинау ісіне қатынастырмау керек. Екінші, халықтан тәңір бір жауса, терек болып екі жауатын, өз тамағын хүкімет ісіне қатынастырып жүретін арам ниет, халық жендеттерін тіпті қатыстырмау жағына жергілікті хүкімет адамдары аса сақ болуы керек.

2. Салық жинау жұмысын жалғыз ғана азық-түлік мекемелеріне артып, басқа кеңес мекемелері қол қусырып қарап отырмай,

салық жинау жұмысына шамаларының келгенінше, күш-көмектерін тигізіп жәрдемдесу керек.

3. Салық жинайтын мекемелер болсын, басқа міндетті хүкімет адамдары болсын, халықты шошытпай, салық туралы үгіт-насихат жағын халық арасына көп таратып, түпкі шыққан кіндіктің [орталықтың] бұйрық-жарлықтарын түсіндіріп, мейлінше тазалықпен, қиянатсыз жиналу жағын қарастыру керек. Бұрынғы уақыттағыдай, салық жинаған адамдардың қылатын қаталдығы һәм түрліше жәбіршіліктері болмасқа тиіс. Екінші, диқаншыларға салықтың жиналып бітетін мерзімді уақытынан қалдырмай, міндетті төлейтін салықтарын төлеуі тиіс екендігін ұқтыру қажет.

Жергілікті әкімдер һәм партиядағы адамдар салық жұмысының тез бөгелмей жүруіне түрліше шаралар қарастырып, бар күш-көмектерін көрсету – мойындарына борыш. Әсіресе, салық туралы істерде хүкімет пен халық арасын жақындастырып, жігін ашпай орындау үшін аса ептілік қылу керек. Салық жұмысына бөгде істер қосарланып, шырмалып жүретін болмасын. Салық жинаған адамдар көбінесе салған жерден халыққа қаружарақ күшімен қырып-жойып тастаймын деп белкүштік көрсетпей, жәй жабайы сөзбен түсіндіріп, қысқасы, қол күштен де ептілік жағын ескеруді ешқашан естен шығармау керек.

Жергілікті салық жұмысын орындайтын азық-түлік мекемелері салық жұмысының қалай жүріп жатқандығы туралы кіндіктегі азық-түлік мекемелеріне телеграмма арқылы хабарландырып тұруы тиіс.

А.Б.

Салық жұмысы туралы. «Ақ жол» газеті.
1923 жыл маусым айы №322 саны

ОКТЯБРЬ ӨЗГЕРІСІ – ЕҢБЕКШІЛЕР ЖҰРТШЫЛЫҒЫНЫҢ ЖЕМІСІ

Көп жылдар өтіп, бірнеше дәуірлер бойынша орныққан тұрмысты бұзып, оның орнына екінші жаңадан бір тұрмыс орнатылды. Саясат тілінде «төңкеріс» дейді.

Ескілікті бұзып, жаңа, соныдан жол салу, я болмаса, ескі тамды бұзып, жаңа жерден жаңадан там салу деген сияқты нәрселер – төңкеріс. Мыңдап, жүздеп, мимырттап өткен адамдар өмірі тұрмыс жүзінде айнымастан бір ағыммен жүре бермек емес. Жалпы адамзат өмірінің тілегі бойынша, ерте ме, кеш пе, тұрмыс жүзінде бір өзгеріс салмай қоймайды. Бұрынғы ескі тұрмыс қалайда болса, бір өзгереді.

Бірақ, ескі, айлас, әділсіз тұрмысты өзгертіп, оның орнына жаңа, жайлы тұрмыс орнату үшін адамзат баласына ұзақ еңбек, көп тәжірибе, айқын жол, көсем жолбасшы, бірлік керек.

Бірлік болмай, көздеулі күш болмай, күшті орнына жұмсайтын білім болмай, дағдарыс тапқанда, жол көрсететін шамшырақ болмай, адам баласы тұрмыс жүзінде ажырап, алыс кете алмайды. Бірлікті тудыратын адам баласының күнелту жолында тіршілік ету үшін, қолданатын кәсіп. Егер, тіршілік мақсаты бір болса, оған қолданатын әрекеті және бір болса, адам баласы ықтиярсыз бірігеді.

Мәдениетті халықтың зауыт-фабрикаларында мыңдап-мыңдап жұмысшылар болады. Бұлардың ететін кәсібі, түпкі тіршілік мақсаты бір болған соң, аралары жіпсіз байланып, табиғи ұйымдасады, (бұл жұмысшыларды саясат тілінде «пролетариат» дейді) жұмысшылар арасында достық көбейеді. Бәсекелесетін байлығы болмаған соң, ешбір таластары болмайды. Бірінің мұнын бірі көргіш болады, бірінің тілін бірі алады, жаны-тәні бірігеді. Мақсат, тілек, тіршілік бәріне бірдей ортақ болады.

Бай болу, құлқын құмар болу, дүние көбейген сайын қызғылықты болып арта береді. Дүние көбейген сайын, құлқың арандай ашылады. «Күшікті етпен асыраса, бөрі болады» дегеннің кері болады. Капитализм дәуіріндегі байлар жұмысшылардың табан

ақы, маңдай тері, аққан қанымен байыды. Зауыт-фабрикаларда жұмыскерлердің істейтін жұмыстарын арттырады. Пайда өнетін заттарды көп жасатады. Жұмыс күннің сағатын ұзартады, жұмыскер ақысын азайтады, жұмыскерлер қысыңқылыққа түседі. Еңбекақысына разы болмаған жұмыскерлерді іссіз тастап, қаңғыртып жібереді. Бұл қысу барлық жұмыскерлерге бірдей батады. Тұрмыстан соққы жеген аш-жалаңаш жұмыскерлер, қанына қарайып, бір күні байларды бас салады, капитализм өзінеөзі ор қазады. Осы айтылған рет бойынша төңкеріс жасалады.

Жоғарғы айтылғандай, октябрь төңкерісін жасаушы орыс жұмыскерлері.

Октябрь төңкерісінің белгілі тарихы бар. Октябрь төңкерісі 1905 жылдан басталады. Нақ бұл жылдарда Россияда капитализмнің гүрілдеп тұрған шағы болған. Байлар пайдасы үшін болған Жапон соғысынан патша әскерлері жеңілген соң, 1905 жылы Россияда социалистер төңкеріс жасамақшы болған. Сол жылы Лондан қаласында болған социалистердің 3-ші жиылысы төңкеріс жасау үшін, жоба түзген: жалпы жұмыс тоқтату, қару алып, хүкіметке қарсы соғыс ашу, жұмыскерлер кеңесін ашу; жұмысшылар кеңесін ашудағы мақсат, жалғыз патшаны түсіріп, билікті қолға алу ғана болмай, байларды жеңіп, байлық құралдарын (жер, су, фабрика-зауыт...) қолға алып, бейнетқорлар мемлекетін тұрғызу болған.

Ол кезде социалистердің бастығы болып, бұл істердің басы-қасында Ленин жолдас болған. Алғашқы кезде меньшевик, большевик бәрі бір тілекте жүрген. Бірақ соңғы кезде «кеңес» дегеннің мағынасына түсінгеннен кейін, меньшевиктер байлар жағына ауған. Меньшевиктердің байлар жағына ауғанына большевиктер онша қынжылмады. Өйткені, олардың сенгені жерсіз мұжықтар болды. Мұжықтарда жер жоқ. Баяғы, 1861 жылғы құлдықтан босатқандағы хүкіметке бермек болып басын санап алған борышынан құтылмаған мұжықтар, төңкеріс ретімен бай помещиктердің жерін алып беретін болсақ, қалай да болса жұмыскерлердің соңынан ерер деп ұғынған һәм шынында да

солай болуға тиіс еді. Бірақ патша хүкіметінен соққы жеп қалған қоянжүрек сорлы мұжық большевиктердің еңбегін еш қылып, ақысына ие болып, көтерілмей, байлардың, хүкіметтің құралы болып кетті. Сөйтіп, жұмыскерлердің құрған планы орнына келмей қалды. Жұмыскерлердің бұл сырын әбден білген соң, хүкімет байлар, мұжықтарды құралданып, қосылып алып, бірінші Г.Думаны құрды. Артынан, «3 июнь» законын шығарып, жұмыскерлер әкімшілігі орнына Россияда Сталыпин әкімшілігі құрылды.

Жұмысшылардың әлегі аспаннан келді. Асылды, атылды, айдалды, абақтылар толды. Бұл дәуірді тарих жүзінде «Реакция» дейді. «Реакция» – күнді қараңғылық басып, жерді қара түнек қаптады деген жарықтыққа қарсылық деген сөз. Жұмысшылар жолбасшысы Ленин жолдас Финляндия арқылы Еуропаға көз таса қыла тұруға кетті. Құрыш қайратты Ленин жолдас Еуропаға барған соң да, мақсатты ісін атқарып, жұмыскерлерді біріктірді.

1912 жылғы Ленада хүкіметтің бірнеше мың жұмыскерлерді қырып тастағаны һәм басқа осы сияқты саяси оқиғалар жалпы еңбекшілдер көзі ашылуына себеп болып, жұмыс ілгері жүре бастады. Адасқан мұжықтарға да ес кіріп, жұмыскерлерге оң көзбен қарай бастады. Ақырында 1917 жылы жұмысшылар күшейіп, еңбекші мұжықтарды қосып алып, қан майдан қылып, патшаны тағынан тайдырып, байларды бордай тоздырып, октябрь төңкерісін жасады. Әкімшілікті қолға алып, бейнетқорлар хүкіметін түзіп, әлеуметшілік негізінде құрылған Кеңесті республикаға «РСФСР» деп ат қойды. Қазіргі күнде төңкеріс Россия мемлекетіне жемісін татқызып отыр. Осы күнгі жұмыскерлерді қойдай қырып, үнін шығармай отырған Еуропа мемлекеттерінің де күні санаулы, хүкіметтерінің көрі қазулы.

Достықтарыңды нығайт, жер жүзінің еңбекшілері! Заман бәйгесі сендердікі!!!

А.Б.

ҚАЗАҚША ЖАЗЫУ ТАҚЫРЫПТЫ ЖАҢА ЕРЕЖЕЛЕР*

1. Дауысты «ы» (ى) нүктесіз «ى», « ى», «د » харфі мен жазылады; жарты дауысты «ي» астынан екі нүкте қойылып «ي», «ۍ», «ې » харфі мен жазылады. «ى» (ы) харфі бітеу бұуында ғана жазылмайды, – бас бұуын ашық болса, онда да қалмай жазылып отырады. «ى» бас бұуында жазылмайды деген ереже бұзылады.

2. «ۇ» (ұ) харфі мен (үтірлі «ۇ») дауысты «ۇ» (ұ) ғана жазылады; жарты дауысты «ۋ» (у) үстінен үш нүкте қойылған «ۋ» харфі-мен жазылады.

3. Астында тік жөнді нүктесі бар «ې» харфі қазақ әліпбійінен шығарылады; мұның орнына үшкіл қалыпты «ه» (е) жазылады. Сөздің бас бұуынында «ه» (е) орнына «ې» жазылады – деген ереже бұзылады.

4. Қазақ тіліне сіңісіп кеткен, ішінде қазақ тілінде жоқ «خ» (х),«ش» (ч),«ف» (ф) hәм «ھ» (h) дыбыстары бар жат сөздерді жазыу үшін қазақ әліпбійіне ғарабтың «خ»,«ش»,«ف» hәм «ھ» харіфтері кіреді. Бұл төрт харіф-пен белгіленетін дыбыстарда қазақтың өз тіліндегі дыбыстар сықылды, әр қайсысы екі түрлі, қатты да, жұмсақ та айтылады делініп, бұл харіфтермен жазылған сөздердің алдында-да керегінде дәйекші («ء») қойылып жазылады.

5. Ішінде «خ» (х),«ش» (ч),«ف» (ф) hәм «ھ» (h) дыбыстары бар жат сөздер, мағанасы бұзылып кетпейтін болса ішіндегі жат дыбыстары шығарылып, орнына қазақ тіліндегі дыбыстар қойылып, қазақ тілінің дыбыс қыйынына үйлестіріліп айтылып hәм солай жазылады. Жоғарғы төрт харіф, ішіндегі жат дыбыстарды шығарып тастағанда сөздің мағанасы бұзылып кететін болғанда ғана сол жат дыбыстарды белгілеу үшін жазылады. Ондай сөздерді әр кім әр түрлі жазып кетпейтін болыуы үшін білім камыйсыйасы жат сөздерді тізіп лұғат жазып шығарады.

6. «у» (ۋ) дың алдында дүдәмәл естілетін дауысты дыбыстың «о» (و) йә «ы» (ى) екенін, – дүдәмәл дыбысты ашық бұуынның

* Баспаханада нүктесіз («*») жоқтығынан әзірге нүктесіз басылды. Жәна шолақ «*» қос нүктесі де әзірге болмай тұр, жаңа ымла бойынша Қазаннан күтіп тұрған харіфтер келген соң басыла бастайды.

айағына келтіріп, сөзді өзгертіп ашқанда «ұ» (ۇ) болып естілсе «у» (ۋ) жазылады. «сұуы», «сұу», тұуы», «тұу»).

«ы» (ى) болып естілсе, «ы» (ى) харфі тақырыпты ереже бойынша, ашық бұуында жазылып, бітеу бұуында жазылмайды. «жазыуы», «жазыу», «сұлұы», «сұлыу», «оқыуы», «оқыу»).

7. Бұрын «тын» (تىن) болып жазылатын етістік жалғауы «ұ» (ۇ) харфі-мен «тұн» (تۇن) делініп жазылады. («оқыйтұн», «жазатұн»).

8. Қосалқы сөздер түбір сөзге сызықша-мен («-») жалғанып жазылады.

9. «ма», «ба» қосалқы сөздері түбір сөз бен жалғаудың арасында келсе түбір сөзге сызықша-мен жалғанып, жалғау-мен бірге жазылады. («келемісін», «жақсы-мысын»). Бұл сөздер «еді» деген етістіктің алдында келіп, өзінің алдындағы сөз-бен үшеуі бір сөз сықылды айтылатын болса, қосалқы сөз алдындағы сөзге сызықша-мен жалғанып, «еді» («ەدى») бөлек жазылады («келер-ме еді», «келер-ме екен»).

10. «Еді» деген етістік-пен алдындағы сөздің арасында «игі» деген сөз болып, үшеуі бір сөз сықылды айтылатын болса-да, үшеуі үш бөлек жазылады («келсе ійгі еді»).

11. Жалпылауыш қос сөздер арасына сызықша қойып жазылады. («айақ-табақ», «төсек-орын», «кійім-кешек»). Жалқылауыш қос сөздің екеуі бірдей қатты йа екеуі-де жұмсақ айтылатын болса, екеуі бірге жазылады. Біреуі қатты, біреуі жұмсақ айтылатын болса арасына сызықша қойылып жазылады. («бас-құр», «жел-бау», «Сәнді-бай», «Тәтті-бай», «Кене-сары»).

12. Етістіктің бірінші жақтық жалғауы «м» (م) болса, оған сәйкес екінші жақтық жалғауы «ң» (ڭ) болады; етістіктің бірінші жақтық жалғауы «мын» (مىن) болғанда оған сәйкес екінші жақтық «сын» (سىن) болады. («бардым» – «бардың»; «барамын» – «барасын»).

13. Сан белгісіне ғарабша сыйфрлар (1, 2, 3, 0000) алынады. Ғарабша сифр-мен нөмірленген бір ұғым өз ішінен жіктеліп, әр бір жігін нөмірлеу үшін hәм басқа сол сықылды орындарда

hүнді сифрлары («١»«٢»«٣»…..) жазылады. Ғараб сифрлары мен нөмірленген ұғымдарды тап-тапқа бөліп, әр тапты нөмірлеу үшін hәм басқа сол сықылды орындарда рұм сифрлары (I, II, III...) қолданылады. «Нөмір» деген сөзді белгілеу үшін латынша № харфі жазылады: Әуелі сифр жазылып «№» сыйфрдың сол жағына жазылады. (« ٧٢» ыншы нөмір деген сөз «№72») болып жазылады.

Қазақстан Респіублійкесінің оқыу кемесері: Залы ұлы Нұғыман
Қазақ білім кәмесеретінің бастығы: Байтұрсын ұлы Ахмет
Қазақ білім кәмесійесінің хатшысы: Омар ұлы Елдес

Қазақша жазу тақырыпты жаңа ережелер. «Қазақ тілі» газеті.
1923 жыл 22 наурыз №22 саны

БАСПА ХӘРІПТЕРДІ ТҮЗЕТУ МӘСЕЛЕСІ

Түркістан қазақ-қырғыз білім комиссиясына Ахмет Байтұрсынұлынан келген хат

(қысқартылған түрі)

Жазу машинасы туралы

Мен жасаған жобадағы хәріптерді Мәскеуде Рамингтон машинасына орнатып, мәшине кәреткесін оңнан солға бұрып жазып, жазуының пернесін бізге жіберген екен. Бұл жазудан біз (ғылым, әдебиет кеңесі) мынадай кемшілік тауып отырмыз: әуелі хәріп терушінің олақтығынан, я болмаса, мәшиненің таспасы (лентасы) қалың болғандықтан ба, хәріптердің жіңішке, нәзік сызықтары жобадағыдай жіңішке болып шықпаған, 2-нші, мәшиненің ескілігінен бе, хәріптердің арасы бір жерде алыс, бір жерде жақын ұйқы-тұйқылау болып шыққан. Бұл туралы Қазақстан білім, әдебиет кеңесі өз пікірін айтып, қарар шығарып отыр.

Хәріп мәселесі туралы сиез

Сол қарар Қазақстан компросының коллегиясында қаралған уақытта, Мәскеуде мемлекет баспаларының сиезінде болған келісу мынадай хабар айтты: сиезде хәріп (шрифт) мәселесі сөз болды.

Татарстан, Башқұртстан, Қазақстан, Түркістан, Әзірбайжан сияқты мұсылман хәрпін қолданатын республикалардың бәрінде де, хәріп мәселесі қозғалуы һәм баршаларының да, жасаған жобалары бар көрінеді. Сиез қаулысы баршаларының хәрпі жалғыз-ақ (единный шрифт) болсын: Олай болу үшін барша жобаларды қарап, ішінен қалап, біреуін алуға мұсылман хәрпін қолданатын республикалардың уәкілдерінен сиез шақырылсын деген. Ол сиез жақын арада шақырылмақшы, оған дейін, жалғыз Қазақстан болып, хәріп жасатпай тұра тұру керек деп, сиез болғанын күтіп, тоқтап тұрмыз.

Жоба түзелмекші

Сиез болғанша, мен жобамды дұрыстап түзеп алмақшымын. Жобамдағы ұстайтын негізім – баспа хәрпі дара болып, жазба хәріпі жалғас – бұрынғыша болу. Осы негізге ыңғайлап хәріп тұрпатын келтіру керек. Мұның мағынасы – хәріптердің баспа тұрпаты мен жазба тұрпатының арасын алыстатпай, дара күйіндегі хәріптердің арасын қосып жібергенде, жазба жазу болып шығу. Баспа хәріпі дара болса екен дегенім – олай болғанда, талассыз 1) хат білдіру жұмысы 2) баспахана жұмысын бұрынғыдан 3-4 есе жеңілдетеді.

Хәріп түрі айтылған мақсатқа тура келу үшін мен хәріптердің бас тұрпатын алдым да, тұлғасы түгел болу үшін (чтобы придать очертанию букв законченный вид) жіңішкелеп құйрық қойып, ұштап отырмын. Ұштағанда хәріптердің жазбадағы аяғының жоғары төмен қайырылуына қарай ұштадым.

Екіншіден, хәріп бойын биіктету үшін хәріптердің негізгі денесін жуан істеп ем, бірақ, соңғы жуандату қол машинеге қолайсыз болатын көрінеді.

Хәріптің өз жалпақтығының үстіне, лента арқылы жазған соң, тағы жалпақтық қосылып, жазу түрі баттасып шығатын көрінеді. Және де хәріп беті жалпақ болса, қол машине копияны аз беретін. Сондықтан енді қол мәшине хәріпін жіңішкертіп, тек сүлде суретінің сызықтарын алмақпын.

Енді хәріптердің биік, аласалығын айтсақ, менің жобамдағы хәріптердің ені тар, бойы биік. Мұсылман хәрпінің көбі нүктемен айырылады. Оларға да хәріп қатарында орын керек. Сондықтан хәріптердің тек сызық денесін ғана алмай, нүктелерге де орын беріп, хәріптердің енінен де, бойын ұзын етіп отырмын. Қол мәшине хәріптерінің енін тарылтып кеңітуге болмайды. Себебі: мәшине кареткасы жылжығанда, hәман бір өлшеумен жылжып отырады. Осы күнгі қолданылып жүрген мәшинелердің бәрі солай жасалған. Жылжу түрлі болу үшін жаңадан мәшине жасау керек.

Төрт түрлі жоба бар

Біздің есітіп, я көріп-біліп отырған жобалар мыналар:

1) Сәлімгерей Жантөрин жобасы. Мұның жобасын Татарстан қабыл алды деп, Мәскеуден хабар алып отырмын. Естуімше, оның алған жобасы татарлардың осы күнгі баспаға аламыз деп жүрген хәріптердің бас тұрпатын алып отырса керек.

2) Алпаров жобасы деген, оны «Ақ жолдан» көрдік. Оныкі де со хәріптердің бас тұрпаты.

3) Ахметжанов жобасы. Бұл осы күнгі қолданып жүрген баспа хәріптің бас, аяқ, орта, оңаша (дара) тұрпаттарының бәрін кіргізеді. Бұныкінің осы күнгі баспадан айырмасы аз.

4) Менің жобам және Әзірбайжан жобасы бар дейді. Оның қандай екенін білмеймін, латын хәріпін алу деген жобасын көріп едім, сол болмаса?

Енді осы жобалардың арасында қанша айырма бар деген сауал қойсақ, 1-нші мен 2-нші жобалардың арасында hешбір айырым жоқ сықылды. Екеуінде де алынатын бас тұрпат, екеуінде де баспа хәріптер байласулы болмақ, негіз байласулы баспа. 3-ші жобамен айтылған екі жобаның арасындағы айырым алғашқылар хәріптің бас тұрпатын алады да, мынау барша тұрпатын алады. Араларындағы бірдейлік үшеуінің де байласулы баспа екендігінде.

Менің жобам мен жоғарғы жобалардың арасындағы айырым: ең әуелі олардікі байласулы баспа, менікі дара баспа екендігінде. Екінші, алғашқы екі жобаның алатыны аяқсыз, құйрықсыз, тұлғасында түгелдік жоқ (не законченный) хәріптің бас тұрпаты. Менің алатыным тұлғасында түгелдік түр (законченный вид) беретін бас тұрпаты. (Менікі әсілінде, нағыз бас тұрпатын алғанда емес, нағыз дара тұрпатын алғанда да емес, екеуін жабыстырып, дара тұрпатын бас тұрпатына жақындатып, бас тұрпатын дара тұрпатына жақындатып алған. Бас тұрпатын дара тұрпатына жақындату үшін құйрық қойылған, дара тұрпатын бас тұрпатына жақындату үшін құйрығы қысқартылып, нәзіктеліп елеусіздеу етілген). Үшінші жобамен менің жобамның

ортасында hешбір жақындық жоқ. Тек қол мәшинеге араб хәріпін қою жағынан жанаспаса, басқа жағынан жанаспайды.

Әзірбайжан жобасы латын хәріпін алу болса, ол тіпті алынбайтын жоба ғой. Халыққа хат таныта алмай жүргенде, хат білгендерімізден айырылып қалуымыз мүмкін.

Қанша айтқанмен жоба біткеннің бәрін тексергенде, қойылатын сауалдар мынау болады ғой: әуелі, баспа хәріптерді осы күнгісінен өзгерту керек пе, жоқ осы күйінде қалдырып, тек қол мәшинеге қолайлау керек пе? деген сауал болмақ. Өзгерту керек десе, 3-ші жоба сықылдылар далада қалмақ. Ал, өзгертпей, тек мәшинеге қолайлау десе, сол 3-ші жоба алынбақ. Өзгерту керек дегенде, екінші сауал туады: араб хәріпінің өзін өзгертіп алу ма, жоқ басқа бір хәріптерді де алу ма? деген. Басқа алынбайды, араб хәріпі алынады десе, латын жобасы далада қалып, үшінші сауал тумақ: «хәріптер байласулы болсын, я дара болсын ба?» деген. Байласулы болсын десе, менің жобам далада қалады. Дара болсын десе, Сәлімкерей мен Алпаров жобасы далада қалмақ. Осы айтылған екі баспаның яғни байласулы, дара баспаның қайсысы алынса да ықтимал. Бұлардың қай тұрпатын алу туралы дау болуы сондықтан. Тиісті пікірлердің айтылуы теріс болмас еді.

Ахмет Байтұрсынұлы

Баспа хәріптерді түзету мәселесі. «Ақ жол» газеті.
1924 жыл қаңтар айы №398 саны

ЕНДІ ҚАЗАҚ ДЕМЕЙ БОЛМАЙДЫ

Ерте күндерде өздерімен адас болып кетіп қала ма деген қызғаншақтықпен ол заманның жуан білегі болған қазақ-орыс бұзды ма? Болмаса табаны жоқ, тайғақ тарихтың онан да үлкен өзгерісі бұзды ма? Әйтеуір басқа жұрттардың аузында біз қырғыз-киргиз деп аталғанбыз да кеткенбіз.

Қырғыз басқа, қазақ басқа екенін қазақ баласы тегіс білсе де, бұл күнге шейін оған ештеңе демей, тымақтары салпиып келді. Оны өткен замандардың ағымдары көтерсе де, қазіргі күнде ұлт атын жасыруды көтерсе де, қәзіргі күнде ұлт атын жасыруды ұлт тарихы ондай жаңылыс-жаңсақтықты көтермейді.

Өйткені бәрімізге белгілі, қырғыз бұл күнде қазақтан бөлініп, отауын өзінің Алатауына апарып бөлек тігіп, жер жүзіне олар да «Қырғыз автономиясы» деген өз ұрандарын атап отыр.

Енді тарихи шын атымызды айдай әлемге дұрыс әйгілеу біздің де міндетіміз шығар деп ұғынсақ, осы жолмен мен қазақтың басы түгел қосылып отырған мынау Ақмешіттегі ұлы топтың қалдыратын бір ізі «Шын атымыз қырғыз емес, қазақ» деу керек. Мұнан былай біз сияқты 6-7 миллиондық ұлы бір ұлттың өз атын жоғалтып, я жасырып, басқаның атына зорлық, я қанағат қылып жүре беру тарих алдында үлкен ұят болмақ.

Ал енді, қазақ елі атын бұ күннен бастап, жалпақ әлемге «Қазақ» деп атандырсын дейміз.

Ахмет.

Енді қазақ демей болмайды. «Ақ жол» газеті.
1925 жыл 14 сәуір № 561- саны

БАУЛЫУ МЕКТЕП

Мектептерге «баулыу» деп ат қойылғаны 7-8 жыл болды. Сонан бері тек болмаса, ісі баулыу түрге айналған мектептер әлі аз. Көбінің-ақ аты «баулыуға» айналғанмен, ісі бұрынғыша жүріп жатыр. Себебі оқытыушылардың көбі баулыу мектебінің атына қанық болғанмен, затына қанық емес; затына қанықтардың да көбі түсіне жетік болғанмен, ісіне жетік емес. Сондықтан «баулыу мектептің» атын да, затын да жақсы білетіндердің көбі де «баулыу» ісін жөндеп жүргізіп, дұрыстап алып кете қойған жоқ. Баулыу мектеп жөнделіп жүре бастаған жерлерге қарасақ, бәрі де қаржы мен маданыйат қатар тұрған жерлер екенін көреміз. Олай болатұн мәнісі – баулыу мектеп Еуропа мен Әмерійкенің маданыйаты мен байлығын бойлап өсіп, аспанға таласқан басына қырағы зейін барып салған қыран ұйасы сыйақты түрдегі мектеп.

Баулыу мектеп баланың табыйғатына жақын, тұрмыс ісіне үйлесімді мектеп болғандықтан, бала үйретіуді баулыу түрге түсіріу керек деген пікір Ресейде тұуғалы да біраз заман болды. Патса үкіметінің тұсында мектептерді «баулыу» түрге түсіріу керек деушілер болса да, үкімет мойны оған жар бермейтін. Баулыу мектеп бала тәрбійелеу жүзіндегі көсемдердің көңіліндегі іздеген мүддесі, көздеген мұраты есебінде жүрген мектеп еді. Үкіметінің қарасы өшкен соң-ақ баулыу мектепті жарыққа шығарыу шарасы істеле бастады. Әлі күнге дейін баулыу мектептің айағы жерге тіймей, тек мақсат пен мұрат түрінде болып, ұсынса қол жетпейтін себебін байандаудан бұрын баулыу мектеп дегеннің мазмұнына қандырыу үшін атына сәйкес затында несі барлығын, жана да бұрынғы мектептерден мұның айырмасы қандай, артықтығы қанша екендігін айтып кетсе, босқа ұуақыт алатын керексіз сөз болмас деймін. Оны білгеннен кейін баулыу мектептердің тоғыз ай көтергенде де, тоғыз күн толғатқанда да не шала тұуып, шалағайлық қылып жатқаны немесе тіпті дүнійеге келе алмай жатқан мәнісі мен себептері аса байандаусыз да түсінікті болар деймін.

«Баулыу» деген сөз жаңа мектептің атына да, затына да дөп келеді. Баулыу мектепте балалар «баулыу» түрде үйретіледі. Қазақ тілінде «баулыу» деген сөз үйретіудің қай түріне айтылады? Қасқыр күшігін жеуге баулығанда, қорадан қозы ұрлап апарып баулыйды. Мысық баласын тышқан ұстауға баулығанда, тышқанды тірілей әкеп беріп, қашырып ұстатып, баулыйды. Қазақтың ескі жырларынан, ескі сөздерінен батыр болғандарды қалай баулып батыр қып өсіргендерін көреміз, батырлар басқалардың балаларын қалай баулып өсіргенін көреміз. Мәселен, Шыңғыс ханды жасында баулыған Шолақ қол батыр тас атыудан бастап, садақ пен құс атыуға дейін баулыған. Адам арқасына мініп қарыу қылыудан бастап, ат арқасында қарыу қылыуға дейін баулыған. О заманда бій болғандар бій мектебінде баулынған, йағный бійге атшы болып, бірге жүріп, бірге тұрып, бітірген істердің ішінде бірге болып, баулынып, бій болған.

Үйретіу бастапқы кезде қайда да болса, «баулыу» түрде болған. Оқыу – беріде шыққан үйретіу түрі. Баулыудан шығып бала үйретіу, «оқыу» түріне түсіп кетіуі, оқыу түріне түскенде де жалаң оқыу түріне түсіуі тіршілік түріне қарай болған. Тіршілікке керектің бәрі табыйғаттан алынады. Сондықтан үйретіу «жалаң оқыу» түрге айналыуы адамның табыйғат таныу түріне қарай болған. Табыйғаттың күші мен ісін бөлектеп (схоластика), күшін көкке шығарып, ісін жерге қалдырып, табыйғатты жанынан айырып, өлікке айналдырғанда, үйретіудің түрі «жалаң оқытыу» сыйақты өлі түрге айналған.

Он жыл оқып жазыу білмеген «оқыу» өліге болмаса, тіріге керек болмаған. Қазақ баласын молдаға бергенде, намаз сабағын білсін, өлгенде басымызға Құран оқый білсін деген мақсатпен беретін. Намаз оқыу да, Құран оқыу да – өлген күнге, о дүнійеге ғана керек қылатын нәрсе. Оқыудан о күнде тірлікке пайда күтпеген. Ақырет қамы үшін ғана бала оқытқан. Өлі білім үшін берген баланы «өлі оқыуға» үйреткен. Бергі замандарда ғана қазақ балалары орыс мектептерінде оқып, дүнійесіне керек білім үйренетін болған шақта, қазақ мектептерінде үйретіу

«төте оқыу» түріне түсіп, оқыумен қатар жазыу үйренетін болған шақта қазақ баласын мектепке Құран оқыу мен намаз сабағын біліуден гөрі дүнийесіне керек басқа мақсатпен беретін болған.

Қазақ тәртіптеп мектеп ашып, тәрбійелеп бала үйреткен жұрт емес. Сондықтан қазақта бала үйретіу, тәрбійелеу тарыйхы да қысқа, сол қысқа тарыйхынан да бала үйретіу түрі, жұрттың керек қылыуына қарай, түрленгенін байқаймыз.

Қай жұрттың да болса, маданыйат есігінде отырған заманы болған. Маданыйат есігінде отырған шағында олардың да бала үйретіуі «баулыу» түрде болған. Олар да үйретіудің «өлі оқыу» түрін де бастарынан кешірген. Олар да «өлі оқыуды» жандандырып, «төте оқыу» түріне түскен. Онан бері келе «төте оқыуды» да жандандырыу үшін «көрнекі оқыу» түріне түскен. Ақырында қайтадан «баулыу» түрге түсіп отыр.

Мұнысы несі? Кер жайылыу ма? Болмаса басқа бір мәнісі бар ма? Сырттан қарағанда, кер жайылыу сыйақты да, ішінен қарағанда, тек кер жайылыу болып шықпайды. Бұрынғы «баулыу» мен бүгінгі «баулыудың» түрі бір болғанмен, сыры бір емес, үйреткені о күндегі тұрмыс түрі мен бұ күндегі тұрмыс түрі бір емес. Тұрмыс түрі басқа болған соң баланы баулығанда үйрететін істің түрі де басқа болады. О күндегі тіршілік шарасына істелетін істің түрі аз болған соң, баланы баулып үйрететін әдістің де түрі аз болған. Бұ заман – машыйна заманы. Машыйна заманындағы тіршілік ісінің бәрі де машыйналы. Бұрын қолмен істелетін керек-жарақтың көбі бұл күнде машыйнамен істеледі. Бұрын көлікпен істелетін жұмыстың көбі бұл күнде машыйнамен істеледі. Бұрын күшпен істелетін қыйанат, зорлық сыйақты істердің көбі бұл күнде машыйнамен істеледі. Бұрынғы батырлық, қайрат бұл күнде машыйнамен істеледі. Солай болған соң бұрынғы «баулыу» мен бүгінгі «баулыудың» тек түрінің бірлігі болмаса, қазіргі «бала үйретіу» қайта жайылыу емес. Табыйғый жолынан ұлағып шығып кеткен үйретіу беттің ілгергі алдын түзетіу болады.

«Өлі оқыу», «төте оқыу», «көрнекі оқыу»– бәрінің асылы – оқыу. Оқыу біткеннің бәрінен алатын білім – өлі білім. Үйткені оның бәрі де нәрсенің өзімен, затымен айналыстырып үйретпей, тек нәрсенің атымен, бернесімен ғана айналыстырып үйретеді. Бәрі де істің әдісін үйретпей, тек мәнісін үйретеді. Сондықтан оқыу мектептерінен шыққандар да мәнісін білім мол болғанмен, әдіс білім аз болады. Әдіссіз тек мәніс білімі – өлі білім. Тіршілік – тірлік шарасы. Тірлік шарасына үйрететін білім тірі білім болыу керек. Ондай білімді адам мәніс білімі мен әдіс білімін қатар үйренгенде білмек. Тіршіліктің ең оңай ісі – қазық істеу немесе қарындаш ұштау. Бірі шотпен, екіншісі пышақпен істеледі. Шотты қалай ұстап, қалай жоныу мәнісін түсіндіріп, әбден білдіргенмен, шот шауып, пышақпен жонып әдісін алмаған адам қазықты да дұрыстап істей алмайды, қарындашты да дұрыстап ұштай алмайды. Тіршілік ісінің оған керек білімінің мысалдары осы. Бұл көрсетілген – тіршіліктің ең ұсақ, ең оңай ісі. Ұлы істердің әдісі де ұлы болады. Ұлы әдісті үйретіу де, үйреніу де қыйын болады. Ұсақ істің істеу мәнісін білгенмен, істеу әдісін білмей, дұрыстап істеуге болмаса, ұлы істі дұрыстап істеуге болар ма?

Мектепке бала бергенде, ата-анасы баланы тұрмыс ісіне қайым болып, өмірдің азабын көрмей, рахатын көргендей адам болып шықсын деген үмітпен береді. Мемлекет жұрттың баласын үйреткенде, о да сөз үйренген балалар тұрмыс ісіне шебер болып, өзіне де, мемлекетке де пайдалы адам болып шықсын деген мақсатпен үйретеді. Оның үстіне сәбет үкіметі тіршілік негізі – еңбек. Адам күн көріуі көптің еңбегімен. Мектепте балалар жасынан еңбекке баулынып көптесіп, көлемдесіп, қоғамдасып іс қылып үйреніп, еңбекті іске дағдыланып, еңбекті сүйіп, шын еңбекші болып шығарға керек деп отыр. Ортақшыл тұрмыстың тасын қалаушы болып шығыуын көздейді.

Мектептің міндеті – берген баланы ата-анасының үміті мен мемлекеттің мақсатындағы көздеген түрде адам қылып шығарыу. Бұл міндетін дұрыстап атқарыу үшін көздеген мақсатқа

керек істерді дұрыстап істеу тійіс. Қалай үйреткенде бала көздеген түрдегі адам болып шықпақ? Мәселенің қыйсыны – осы жерінде. «Өлі оқыу» – о дүнійедегі іске үйретпеген, сондықтан о түрлі оқыу тіршілік мақсатындағы іске үйлеспейтіні көрініп тұр. «Төте оқыу» нәрсенің, істің затын алмай, атын ғана алып, құр сөз түрінде үйреткен. Сөзбен үйреніп, сөз жүзіндегі іске шебер болыуға болады, бірақ тіршілік ісі жалғыз сөз жүзінде емес. Сөзге қарамайтын тіршілік істері толып жатыр. Ол істерге істеп, үйреніп, шебер болмаса, сөзбен үйреніп шебер бола алмайды. «Көрнекі оқыу» нәрсенің затын, ісін көрсетіп үйретеді. Көріп үйретіу баланың табыйғатына жақын дейді. Бала мектепке барғанша 5-6 жылдың ішінде бір талай білім білетіні рас. Бірақ ол білімді жалғыз көріумен ғана емес, көргенін еліктеп істеумен үйренеді. Солай болған соң тек көрсетіумен болып, істетпей үйрететін «көрнекі оқыу» да көздеген мақсат түрдегі тіршілікке лайық адамдар жасап шығара алмайды. Өйткені нәрсені көріп біліу, біліу мен істеп біліудің арасы – көш жер. Нәрсеге ісің түсіп қарағанда байқауың мен ісің түспей қарағандағы байқауың – екеуі бірдей болмайды. Нәрсеге тек жүріп қарасақ, тек көреміз де өтеміз. Нәрсеге жұмыспен келіп қарасақ, олай болмайды. Тоғай талын тек тамашаға аралап барып байқауымыз бен құрықша іздеп аралағандағы байқауымыз бірдей болмайды. Тоғай толының жайын тамашаға аралағаннан құрықша іздеп аралағанда, әлбетте жақсырақ білсек керек.

«Көрнекі оқыу» мен бала үйретіу тоғай талын тамашаға апарып танытқан мыйсалды да, «баулыу» мен бала үйретіу тоғайдан балаға құрықша іздетіп танытқан мыйсалды. «Көрнекі оқыу» мен «баулыу» екеуінің арасындағы айырмасының асылы осы.

«Өлі оқыудан» көрі «төте оқыу» беретін білім жандырақ. «Төте оқыудан» гөрі «көрнекі оқыу» беретін білім жандырақ. «Баулыу» беретін білім бәрінен де жандырақ. «Баулыу» асылында дағдылы шағындағы тіпті «бала оқытыу» емес, тіршілік ісіне тігілей түсіріу. «Баулыу мектеп» дағдылы мағынадағы

мектеп болмай, толып жатқан ұйым, қоғамдардың бір түрі сыйақты боларға керек. От басы, ауыл аймақ, ел, жұрт болып немесе қостас, шығырлас, арықтас, соқалас, артел, каператсыйа (пайдалас) болып, ұйымдасып іс қылмай ма? «Баулыу мектеп» – бұрынғыдай тек мектеп емес, әлгі айтылғандар сыйақты, адам ұйымдарының бір түрі.

«Баулыу мектеп» – нәрседен нәрсе жасап, тауар қылып шығаратын пабірік, зауыт сыйақты да орын емес, өзінен өзі өсерлік жағдай жасап, бәрін бәрін дайар күйінде беріп, балапан шығаратын жұмыртқа сықылды да орын емес, ұйым түрінде іс қылып, іс жүзінде білім алып, еңбекті сүйетін шын еңбекші болып, ұшқанда алатын нәрсесіне ұйада баулынған қыран баласы сыйақты жастар шығаратын орын.

Дағдылы оқыу мектебін «баулыу» мектепке айналдырып, қыран ұйасындай етіу үшін не керек болатынын алдағы әңгімелерге қалдырып, осымен сөзді тоқтата тұрамыз.

Байтұрсын ұлы

Баулу мектеп. «Жаңа мектеп» журналы.
1925 жыл №1 саны

«ҚАЗАҚСТАН» МЕН «ҚАЗАҒЫСТАН» ТҰУРАЛЫ

«Қазақыстан» мен «Қазағыстан» екеуінің қайсысы дұрыс екенін Елдес алған бетімен шешіу қыйын. Бұ сөздің қалай жазылыуы дұрыс болатынын ашыу үшін: 1) парсы тілінде **стан (ыстан)** бүтін сөз бе, жұрнақ па? Оны ашыу; 2) *Қазақыстан* не *Қазағыстан* дегенде, **стан (ыстан)** *қазақ* дегенге ме, *қазақы* дегенге ме, болмаса, *қазағы* дегенге ме тіркеліп отыр? Мұны ашыу.

Стан (ыстан) бүтін сөз болса, *Қазақстан (Қазақыстан)* болып жазылыуы дұрыс, өйткені қос сөздерді өзгертпей, *қара құрт* (*қара ғұрт* демей), *құла құнан* (*құла ғұнан* демей) деп жазамыз. Мұндай сөздердің бәрі **ғ** арқылы айтыла да бермейді, мәселен *қарақас, қарақан, сарықан* сыйақты сөздер, жана да **қ** мен **к** дауысты дыбыстардан соң ғана ауытқып, **ғ, г** болып айтылып тұрмайды, дауыссыз дыбыстардан соң да **қ-ғ, к-г** болып айтыла береді, мәселен, *таң ғаламын* (*таң қаламын* орнына), *сылаң ғыз* (*сылаң қыз* орнына), *жетім гөк* (*жетім көк* орнына), *аман гелді* (*аман келді* орнына).

Стан (ыстан) жұрнақ болса, *қазақ* деген сөзге қазақ тіліндегі соған ұқсас жұрнақтарша тіркеліу керек. Бұған ұқсас жұрнақтар (екі дауыссыз дыбыс қатар келетүн) **нша, ншы** түбір сөзге бұлар қалай тіркелетінін қарайық.

Қазақ, қазағы, қазағынша
Түрік, түрігі, түрігінше.
Бір, бірінші, үш, үшінші.
Екі, екінші, алты, алтыншы.

Мұнда **нша** жұрнақ сөздің тәуелдеу түріне ғана тіркелетінін көреміз. **ншы** жұрнақ түбір сөзге екі түрлі тіркелетінін байқаймыз: түбір сөздің айағы дауысты дыбыс болса, тікелей тіркеледі де, дауыссыз дыбыс болса, дәнекер **ы** арқылы қосылады.

«Қазақыстан» немесе *«Қазағыстан»* дегенде *«қазақ»* деген сөздің қай түрін алып отырмыз (жұрнақ қылып алып отырмыз). *Қазақ* деген түрін алсақ, **ншы** жұрнақ сыйақты дәнекер **ы** арқылы *Қазақыстан* болып жазылыуы дұрыс.

Қазақы деген түрін алсақ, онда да **ншы** жұрнақ сыйақты *Қазақыстан* болып жазылыуы дұрыс. *Қазағы* деген тәуелдеу түрін алсақ, сонда ғана *Қазағыстан* болып жазылыуы дұрыс.

Қазақыстан деген сөз *қазақ там, қазақ үй, қазақ бет, қазақ қол* тәрізді мағанада болса, *қазақ* деген түрін алып отырған боламыз (*Қазақыстан – қазақ жер* деген болады). *Қазақы мал, қазақы ер* деген сыйақты *Қазақыстан қазақы жер* мағанасында болса, *қазақы* деген түрін алып отырған боламыз. *Қазағы мал, қазағы қол, қазағы үй* деп айтылмайды, олай болса, *қазағы жер* деп де айтыуға болмайды. Сондықтан *Қазақыстаннан Қазағыстан* дұрыс болады деп кесіп айтыуға жол жоқ.

Жалғыз дыбыс айнымалдығына сүйеніп, кесіп айтыуға болмайды. Себебі *қазақ қазақы, қазағы* болып, *түрік, түркі, түрігі* деген сыйақты дыбыс айнымал заңына келмейтін де жері бар. *Түрігістен* демей, *Түркістен* деп жазып отырған соң, *Қазағыстан* демей, *Қазақыстан* деп жазсақ, емле заңын бұзбайды. Елдестің айнымалы дыбыстар тұурасындағы ережесі ондай дыбыстардың бәрін қамтый алмайды. Қазақ тілінде айнымалы дыбыстар **қ, к, ғ, г**-лер ғана емес, **б** мен **м** айнып, алмасып отырады. Мәселен, *адамбыз, жұртбыз, ұлтбыз* дегенде **быз** болады да, *елміз, ерміз, тамамыз, телеуміз* дегенде **мыз** болдады. Сол сыйақты *мен, менен, бен, бенен* жалғаулықтағы **б** мен **м** дәйім ауытқып, айнып отырады. Сондықтан Елдес ұсынып отырған ереже «сөз айтылыуынша жазылады» деген жалпы ережеге «тайға таңба басқандай» анықтық келтіре алмайды. Елдес ережесі **қ, к** дыбыстар, **ғ, г** болып айныуын да түгел қамтый алмайды, мәселен, *бақ – бақылау* (*бағылау* орнына), *тік – тіке, тікен* (*тіге, тіген* орнына). Жалпы ережеден айқындап, айнымалы дыбыстарға айрықша бәріне бірдей жарарлық ереже болмаған соң, Елдес ұсынысын алмаса да келер кемшілік жоқ.

Ақымет

«قازاقستان» مەن «قازاعستان» تۋۋرالى.

«قازاقستان» مەن «قازاعستان» «كۋۋتىنك تايىسى قورىس» «كەنىن مادەمى العلى» يەنى مەن شەشۋ قىيىن. بۇ سوزدىك قالاي جازىلۋى قورىس بولاتۇنىن اشۋ "ۇشىن 1) پارىمى تىلىندە «ستان (ستان) "بۇتىن "سوز» بە جورناقى بە؟ ولى اشۋ؟ 2) «قازاقستان» نە «قازاعستان» دەگەندە «ستان (ستان)» «قازاق» دەگەنگەمە «قازالى» دەگەنگەمە بولماسا، «قازاعى» دەگەنگەمە تىركەلىپ ونىر؟ مۇنى اشۋ.

«ستان (ستان)» "بۇتىن "سوز بولسا، قازاقستان (قازاقستان) بولىپ جازىلۋى قورىس، ۇيتكەنى قوس سوزدەردى وزگەرتپەي قارا قورت (قارا مورت دەمەي)، قولا قونان (قولاعۇنان دەمەي) دەپ جازامىز. مۇنداي سوزدەردىك "بارى «ع» ارىپى ايتىلادا بەرمەيدى، ماسەلەن، قارالى، قارالى، سارىقان سىياقتى سوزدەر! جاناما «ق» مەن «ك» داۋىستى دىبىستاردان سوڭ ماعا ازىتقىپ «ع» «گ» بولىپ ايتىلىپ تۇرمايدى، داۋىسسىز دىبىستاردان سوڭدا «ق» - «ع» «ك» - «گ» بولىپ ايتىلا بەرەدى، ماسەلەن، تاق مالامىن (تاگ مالامىن ورنىنا)، سىلاق مىز (سىلاگ مىز ورنىنا) جەتىم گوك (جەتىم گوگ ورنىنا)، امان - كەلدى (امان - كەلدى ورنىنا).

«ستان (ستان)» جورناقى بولسا، «قازاق» دەگەن سوزگە قازاق تىلىندەگى سوەان ۇلىسى جورناقتارىنا تىركەلىپ كەرەك. بۇعان ۇلىسى جورناقتار («كى داۋىسسىز دىبىس ناتار كەلەتۇن) «شا» «شى» "تۇبىر سوزگە بۇلار قالاي تىركەلەتۇنىن قارايىق.

قازاق، قازاقى، قازاقشا؟

تۇرىك، تۇرىكى، تۇرىكشە

"بىر، "بىرىنشى، "ۇش، "ۇشىنشى!

«كى» «كىنشى» انى، انىنشى.

مۇندا «شا» جورناق "سوزدىك ناۋالىنا تۇرىنە ماعا تىركەلەتۇنىن كورەمىز! «شى» جورناق "تۇبىر سوزگە «كى "تۇرلى تىركەلەتۇنىن بايقايمىز: "تۇبىر "سوزدىك ايماق داۋىستى دىبىس بولسا، تىكەلەي تىركەلەدى، داۋىسسىز دىبىس بولسا، دانەكر «ى» ارىپى قوسىلادى.

«قازاقستان» ەسىمىنە «قازاعستان» دەگەندە «قازاق» دەگەن "سوزدىك قاي "تۇرىن السەك تىرمىز (جورناق قىلىپ السەك تىرمىز). «قازاق» دەگەن "تۇرىن السا، «شى» جورناق سىياقتى دانەكر «ى» ارىپى «قازاقستان» بولىپ

Қазақстан мен Қазағыстан туралы. «Еңбекші қазақ» газеті. 1925 жыл 19 мамыр

ЖОҚШЫҒА ДЕРЕК

«Еңбекші қазақ»тың 410-ыншы санында «Қашан болады?» деп Нәзір сұрау салып отыр.

Жоқтайтұны дара қаріп.

Қазақ білімпаздарының тұңғыш тобында баспа қаріпті даралау шарасына кірісіу керек деген қаулы болған еді. Нәзірдің іздейтіні – сол қаулы бойынша не істелгені.

Сұрауына жауап:

Қаріп тұуралы екі түрлі тәжірійбе істеп байқадық: 1) әліп бій қаріптерін дара тұрған тұрпатында ықшамдап алып; 2) қаріптердің бас тұрпатын алып, керектеріне бөлекей құйрықша жалғап.

1-інші түрде алып тізгенде, жазыу жатырақ көрініп, үйренем деген көзге шапшаң оқыуға ауырлық қылды.

2-нші түрде алып тізгенде, осы күнгі баспа қаріптерден айырысы аз болып, жазыуды көз жатырқамайтын болды.

Баспа қана қаріптерін жасатып, тәжірійбе істеу қаржыны көп керек қылатын болғандықтан, қаріп тәжірійбелері жазыу машыйналарына жасалды. Осы күнде Қазағыстанда қаріптің екі түрі мен де жасалған жазыу машыйналары бар. Екеуі де сыйғандықтан, басыуға орыс машыйналарынан да оңай болып шықты: орыс машыйналарында сыйпырлардың басқа да өңшең ұлы қаріптері регістер арқылы басылады; қазақ машыйналарында, қаріпке қосалқы екі құйрықшадан басқа, қаріп біткеннің бәрі регістерсіз басылады.

Даралауға қаулы жасалғандағы мақсат, тек даралау үшін емес, жазыу машыйнасының басыуын, баспақананың қаріп тізіу жұмысын жеңілдетіу, арзандатыу үшін еді. Жазыу машыйнаның басыуын орыс машыйналарынан да артық жеңілдетті.

Аз қылабышқа қаріп белгілері, аз ұйаға жыйып, баспақана қаріптерін тізіу жұмысында жеңілдететіні шексіз. Олай болса, бұрынғы пәлен пұт қаріп керек деп, адамның жүрегін ұшыратын қорқыныш енді жоғалады. Қаріп белгісі азайып, алыуы арзандаса, тізіуі жеңілденсе, бізге сол болады. Оның солай болатындығын істелген тәжірійбе көрсетіп отыр. Ендігі кеп тек қаржыда.

Қаржы табылса, қанша машыйна керек болса, соншасын жасап шығарыуға болады. Оған мен міндеткер боламын.

Кәзіргі жасалған машыйналардың қарпіндегі жалғыз айып – сұлыу еместігі. Онысы араб қарпі мен машыйна жасауға болмайтындығын көрсетпейді, қазақта зауыт түгіл, шеге басын тойтара білетін шебер жоқтығын көрсетеді. Біз машыйна қаріптерін араб қарпі түсіне енбеген орыстың шелек жасайтын шеберлеріне істетіп отырмыз. Орыс машыйналарының қаріптерін, орыс қарпі түсіне енбеген қазақтың кездік сататын ұстасына істетсе, көркем болып шыға қоймас еді ақ деймін.

Мекемелер қазақ машыйнасын керек қылып, қаржысынан қашпай істетпекші болса, онда шелек жамайтын шеберге істетпей, зауытқа істетіуге болады. Онда қаріптердің сұлыулық жағының да міндері жоғалады.

Мекемелерде қазақ тілі жүрмей отырғаны машыйна жоқтығынан деп, Нәзір жала жапқысы келеді. Бұлайша жала жабыу орынсыз, Нәзірдің өзіне де тійімсіз: латын қарпі уылжыған жапжас; араб қарпі құураған кәрі, сондықтан араб қарпін жақтаушылар ескішіл, қазақ алға басыуына бөгетшіл деп бізге жала жауып, жұртты өзіне ұйытыуға мүмкін еді; үйткені қай қаріптің кәрі, қай қаріптің жас екенін жұрт тісіне қарап да, түсіне қарап да айыра алмайды. Нәзірдің жұрт көзіне көрініп сөзіне ұйытайын деуі батылдық ба? Батырлық ба? Немесе асқан адамшылық ба? Біле алмадым.

Қалай да машыйна мен қаріпке қарап, бөгеліп тұрған іс жоқ. Бөгеу басқа нәрселер жағынан. Оны Нәзір көрмесе де, йә көріп отырып, көргісі келмесе де, басқалар көріп отыр. Былтырдан бері Нәзір қаріп деп отыр. Ондағысы – латын қарпі мен жасалған дайын машыйнаны алыуға бөгет болыушыларды қалық мақсатына қарсы адамдар қылып көрсетіу.

Латын қарпі мен жасалған машыйналар дайын екені ырас. Оған бірақ басқа жағы дайын ба екен? Дара қаріп пен басылған жазыуды жатырқап отырған жұрт, латын қарпі мен жазылған жазыуды саулатып оқып кете ме екен? Болмаса, қазақ ісінің

бәрі дұрыстанып йаурыпаша болып алып, жалғыз латын қарпіне көшіу ғана қалып тұр ма екен? Немесе соның бәрінің йаурыпаша болып дұрыстаныу жетіліу тетігі латын қарпіне келіп тіреліп тұр ма екен? Қысқасынан айтқанда, Нәзір сонша қақсағандай, қазақтың кәзіргі маусымды мәселесі латын қарпінің мәселесі ме екен?

Менің ойымша, латын қарпі деген жұрт аңсап, сөйлеп керек қылып отырған нәрсе емес.

Сондықтан латын қарпі үшін жұмсалған еңбек, жігер, қайрат, ұуақыт қатта қарыспа қағаз бос шығын деп, былтырдан бері латын қарпі тұуралы ләм демей жатыр едім. Қазақ білімпаздарының қаріп тұурасындағы қаулысы қашан орындалады деп, Нәзір сұрау салған соң, жауап беріу қажет болды.

Ақымет

Жоқшыға дерек. «Еңбекші қазақ» газеті.
1925 жыл № 410 саны

ӨРБУ

Дүниеде өзгермейтін нәрсе жоқ. Дүниенің табиғи, негіздік жолы өзгеріс, өзгергенде кер кетіп, кеміп өзгеру емес, ілгері басып, жеттіге, жетіле, өсіп-өне өзгеру. Мұны ғылым тілінде «эволюция» (табиғат тағдыры) дейді.

Үстіміздегі шені, шеті жоқ көк, күндіз болса дүниені жарық еткен күн, түн болса аспанда күлімсіреп тұрған ай мен жұлдыздар, іздесең тіршілігіңе керек нәрсенің бәрі табылып, анаша асырап отырған мынау жер, ол жердің үстіндегі жанды, жансыз мақлұқтар бәрі осы түрінде, осы күйінде, осы қалпында болмаған. Мәселен, жер осы түр, осы күй, осы қалпына жеткенше, ғалымдар айтуына қарағанда, 5 – 6 миллион жылдар өткен. Жердің тұман сияқты буға ұсаған замандары да болған. Онан келе-келе қойылып, балқыған қорғасынға ұсаған замандары да болған. Онан бері келе тас болып қатып қалған замандары да болған. Сонан соң тас ұсатылып, үгіліп, топырақ болып жерге айналған. Жерге айналған соң су пайда болған. Су пайда болған соң өсімдік аталған түрлі жер түктері ағаш, бұта, шөптер, жануар аталған түрлі жандықтар пайда болған. Ол айтылған жердің түктері де, ол айтылған жандықтар да осы түр, осы қалпында болмаған. Өзгеріле-өзгеріле келіп, осы күй, осы түр, осы қалыпқа түскен. Адам да осы түр, осы кескін, осы қалыпты болмаған. Тұрмысы, істеген кәсібі, ұстаған жолы, жұмсаған білімі, тұтынған нәрсесі осы күнгідей болмаған.

Адамзат адам болғаннан бері де неше мың жылдар өткен. Неше мың жылдарды өткізе, неше түрге түсіп, жеттіге, жетіле келіп, осы күнгі тұрмыс түрін тапқан. Бұл тұрмысқа жеткенше адамның тұрмысы, қалпы, салты талай өзгерген, талай құбылған. Өнер білім де талай күйді басынан кешірген, талай жанып, талай сөніп, тағы көтерілген. Бір-ақ ілгерінің ақылы, білімі кейінгіге қалып, кейінгілер оған қосып жамай келіп, тіршілік әдісі артылып, ақтығында өнер-білім ауданы ұлғая, кеңи берген. Күн көріс тәсілі молая берген. Пайдалы тәсіл алынып, пайдасыз тәсіл қалынып, тіршілікке керек білімдер атадан балаға, үлкеннен

кішіге, нәсілден нәсілге қалып, білім сабасына құйылып отырған. Осы күнгі білім-өнер дегеніміз адам болғаннан бергі адам баласының тапқан тіршілікке керек әдіс-амалы. Өнер-ғылым білген адам тіршіліктің ісіне керек әдіс, амалды жақсы білмек.

Күн көріс ісі оған оңай, барлық қақпасының неше есігі, неше тесігі оған мәлім. Жылдық жерден көз ашып жұмғанша жылдам хабар алып отырған, атсыз арбамен жүріп, суды балықтай кезіп, құстай аспанға ұшып отырған жұрттар ғылым мен өнер арқасында, дүниенің есік-тесігін білгендіктен істеп отыр. Бұл ғылым-өнер табиғат тағдыры бойынша аса бермек, өсе бермек. Бірақ адам баласының бәрі қатар жетілу, қатар жеттігу жоқ.

Табиғат тағдырының жолы – жарыс, талас, тартыс, күрес. Бәйге өнерлі жүйріктікі, әдістінікі. Қарасақ қатар жетіліп отырған жұрт жоқ. Біреу ілгері, біреу кейін, біреу көкке ұшатын, суды кезетін мәшинелер істеуге жеткенде, біреулер терінің де жөндеп илеуін білмей, қаудырлаған тері мен сірі киіп отыр.

Өрбу. Сауат ашқыш. – 1926.

ТҮРІКШІЛЕР ҚҰРЫЛТАЙЫ

Түрікшілердің 1-інші құрылтайы пыйбыралдың 26-нда басталып, марттың 6-ында жабылды. Түрік нәсілді жұрттардың өкілін жібермегені аз болар. Қалмақтар да адамын жіберген. Бір шеті Ыстамбол, екінші шеті қыйыр күншығыстағы жақыт – сол екі арадағы түрік нәсілді жұрттардың көбінің-ақ өкілдері болды. Бұрын қағаз жүзінде білісіу болмаса, көрісіуі жоқ түрік жұрттары бірін бірі жүзбе-жүз көріп танысты.

Түрікше ілімдерден әкедемійе мүшелері: Бәртөлт, Өлденбүр, Қырымскій, толып жатқан жана тағы пұрапесірлер болды. Бөтен мемлекеттерден неміс пұрапесірі Менсіл, мажар пұрапесірі Майсереш, анатол түрік пұрапесірі Көперлі зада мен Құсайын зада болды.

Құрылтай қарауына арналған 14 бапты мәселе еді. Соның әрбірінен 4-5, қатта 8-9 байандамалар жасалды. Бірақ мәселе көп болғанмен, құрылтай шақырыушылардың көбінесе көздегені латын қарпы екендігі құрылтайды ашыушылардың да, үкімет тарапынан құттықтаушылардың да сөзінен көрініп тұрды.

Солай болған соң қарыпқа қатысы бар мәселелерге көбірек зер салынып, солар көбірек талқыға түсіп, басқалары ат үстінен айта өткен сыйақты болды.

Құрылтай програмындағы мәселелер мыналар еді:

1) Түрік жұрттарының тарыйқын таныу жүзіндегі істердің кәзіргі күйі мен келешектегісі. Байандамашылар: Бәртөлт, Барауден деген пұрапесір, татар тарыйқшысы Ұбайдөллін Әзіз.

2) Түрік жұрттарының мәденійетін зерттеу ісінің кәзіргі күйі мен келешектегісі. Байандамашылар: Үріуденко, Мейсереш, Міллер пұрапесірлер мен Шүрсен деген.

3) Түрік тілдерінің өзара жана мұғал, тұңғыз, пійн ұуғыр, жепет тілдері мен тұқымдастығы. Байандамашылар: Шобан зада мен Кенкө деген пұрапесірлер.

4) Түрік тілдерін таныу жүзіндегі істің кәзіргі күйі мен келешектегісі. Байандамашылар: Самайлыуыш, Малау, Ашмарын деген пұрапесірлер.

5) Емле жалпы негізі. Байандамашы: Шербі пұрапесір. Түрік емлелері. Байандамашылар: татар қалам қайраткері Ибрайым ұлы Әлімжан, әзірбайжандық Аға зада деген.

6) Пән сөздерінің жүйесі тұуралы. Байандамашылар: Шобан зада пұрапесір мен Зібпелт деген. Түрік тілінің пән сөздері тұуралы. Байандамашылар: Зайналы, Одабаш, Байтұрсын ұлы.

7) Әліп-бій сыны пән жағынан, әліп-бій сыны іс жағынан. Байандамашылар: Жәкібліб пен Жіркөб пұрапесірлер. Түрік әліп-бійлері тұуралы. Байандамашылар: Мамет зада, Шараб ұлы Әлімжан, Алпар ұлы, Төрекұл ұлы, Берді ұлы, Омар ұлы.

8) Ана тілін үйретіу әдісіндегі жаңа ағымдар тұуралы. Байандамашы Шербі пұрапесір. Түрік тілін оқытыу әдістері тұуралы. Байандамашы Епенді зада.

9) Түрік әдебійет тілдерінің жетіліуі тұуралы. Байандамашы: Көперлі зада пұрапесір мен Әкім ұлы Нығымет.

10) Түрік әдебійет тілдерін таныу жүзіндегі істің кәзіргісі, алдағысы. Байандамашылар: Көперлі зада, Менсіл пұрапесір, Сағадый ұлы Абдырақман.

11) Түрікші мекемелердің кәзіргі құрылған түрлерімен жақында істейтін істері тұуралы.

12) Өлке таныу ісінің әдістері. Байандамашы: Өлденбүр.

13) Түрік жұрттарының мәденійет жүзінде соңғы кездегі жетілісі. Байандамашы: Паулауыш.

14) Ұйымдастырыу мәселесі.

Осыншама толып жатқан мәселелер тұуралы толып жатқан байандамалар қайсысы қай түрде жасалып, қалай қаралып өткенін бейнелеп айтыуға орын тар болғандықтан жана да құрылтайда не болып, не қойғаны тұурасындағы барша мағлұматтар түгелімен бәрі басылып шығатын болғандықтан, құрылтай қабарын түгел сөйлеймін демей, оқыуға қатысы көбірек мәселелер ғана тұурасынан азырақ айтып өтпекпін.

Ол мәселелер: 1) емле, 2) пән сөз, 3) әліп-бій, 4) ана тілін оқытыу әдісі тұурасындағылары.

Бұл мәселелер тұуралы әуелі орыс ілімдерінің пән пәтіуасы түріндегі байандамалары болып, сонан кейін басқалардың байандамалары болып отырды.

Емле тұуралы пән пәтіуасын сөйлеген Шербі пұрапесірдің сөзі қысқалап айтқанда мынау болды.

Төрт жүйелі емле бар: 1) дыбыс жүйелі, 2) тұуыс жүйелі, 3) тарыйқ жүйелі, 4) таңба жүйелі.

Дыбыс жүйелі емле – сөзді айтылыуынша жазыу (қазақ пен қырғыз емлесі дыбыс жүйелі болады). Тұуыс жүйелі емле – сөздің тек айтылыуына қарамай, тегіне де қарай жазыу (орыстікі тұуыс жүйелі емле). Тарыйқ жүйелі емле – қашаннан жазып келе жатқан қалыпша жазыу (арабтікі, араб емлесін өзгертпей қолданыушылардікі, ағылшын, пырансоз, немістердікі тарыйқ жүйелі емле болады). Таңба жүйелі емле – сөз орнына таңба салыу (қытай жазыуы, бұрынғы екі сұулықта болған аққаттардың, шумерлердің сүйір жазыулары).

Бұл емлелердің ең жақсысы – дыбыс жүйелісі; үйткені бұ жүйелі емле үйреніуге жеңіл. Емле жеңіл болыуы тәрбійешілік жағынан да, бұқарашылық жағынан да артық. Жақсы емленің қасыйеті үйреніуге жеңілдігі мен ойды дұрыс ұқтырыуы.

Онан соңғы жақсы емле – тұуыс жүйелісі. Ең қыйыны тарыйқ жүйелісі мен таңба жүйелісі деді.

Ибрайым ұлы Әлімжан жасаған байандамасында емле жеңілдетіу жүзінде түрік жұрттарында не істелгенін, қайсысының емлесі қай күйде тұрғанын, емле қай түрде болыуы керектігін айтып өтті. Емле түзеу жүзінде түрік жұрттарының алдағысы қазақ, арттағысы әзірбайжан, анатолы түркі болып шықты. Басқалары соның екі аралығында болды. Құрылтай дыбыс жүйелі емлені, керегіне қарай тұуыс жүйесімен үйлестіріп алыуды қабыл етті. Әзірбайжандықтар араб қарпымен дыбыс жүйелі емле жасауға болмайды деп ойлайтын көрінеді. Сондықтан олар дыбыс жүйелі болған соң, латын қарпысыз болмайды деп, дыбыс жүйелі, латын негізді деген сөзді керек емес десек те

болмайды, көпшілік қолында болған соң, қыстырып өткізді. Ол жерде пікіріміз айырылатынын мәлім еттік те қойдық.

Пән сөздері тұуралы байандаманың бірі менікі болғандықтан, өз байандамамның да мазмұнын қысқасынан айта өтейін. Байандамамдағы айтқаным: пән сөздері жағынан басынан-ақ қазақ басқалардан бөлек жол тұтынды, басқа түріктер әдебійет тілі араб, парсы сөздерімен шұбарланса көркем болады дегендіктен, екінші, өз тілдерінен пән сөзіне лайық сөздер іздеуге ерініп, дайын пән сөздерді ала бергендіктен, түпкі ана тілі мен әдебійет тілі бөлектеніп, өз сөздерін жат сөздер жұтып, жойып жіберіу даражаға жеткен.

Қазақ жат сөзге әуестенбей, пән сөздерін өз тілінен жасауға тырысты. Әдебійет тілі ауылдағы қазақтың қат білетін, білмейтін – қайсысына да болса түсінікті болыуын көздеді. Тіл арасына жік түсіп айырылмас үшін жат сөздерді амалсыз болған жерде ғана алатын тәртіп қолданды. Ол тәртіп қазақ білімпаздарының тұңғыш тобында қабылданғаны айтылды.

Сол жол басқа түріктер қолданыуына да теріс болмас делінді.

Құрылтай қарары да осы негізді болды. Бірақ жалғыз қазақ емес, басқалар да қолданатын болғандықтан, біздің қолданған тәртібімізге қосқандары мынау болды: түрік жұрттары тілдерінің жақындығына қарай топталып бөлінсін, пән сөз топ ішіндегі жұрттардың бәріне ортақ түрде алынсын.

1-інші басқыштағы мектептерде қолданатын пән сөздер әр жұрттың өз тілінен алыныуы абзал; 2-нші басқыштағы мектептерде қолданатын топқа ортақтастырып алған пән сөздер болсын. Жоғары мектептерде әлемге жайылған Ауропа пән сөздері қолданылсын делінді. Латын қарпын қолдаушы 7 байандаманың екеуін ілім пәтіуасы түрінде екі пұрапесір жасады. Жәкібліб пұрапесір әліп-бій қандай қасыйеттерімен жақсы болатынын, не үшін латын қарпын қолдайтынын айтты. Оның айтыуынша, жақсы әліп-бій тіл дыбысына түгел жетіу керек, қарып белгісі аз болыу керек. Бұл екі қасыйет – қазақ әліп-бійінен табылатын қасыйет. Қазақтан басқада ондай әліп-бій бар деп айтпады.

Дәйекші қойып қарып белгісін азайтыу – бұл табылған ақыл деп.

Латын қарпын жақтайтыны латын қарпы – жайылып келе жатқан қарып, арабтікі тоқталып қалған қарып деді. Онан басқа латын қарпының араб қарпынан пәлендей артықшылығы бар деп айтқан жоқ.

Жіркөб пұрапесір араб қарпының сұлыулығын, бірақ баспа істері жағынан қолайсыз жағын, кәзіргі жеңілдетіуге жасап жатқан өзгертіулер араб қарпының сұлыулығын бұзатындығын сөйледі. Мұның сөзінше баспаға жеңілдетіу мақсатпен араб қарпының сұлыулығын бұзыудан да өзінен безіу артық деген пікір ұғылды. Латын қарпымен араб қарпын салыстырған жерінде арабтың ескі қарыптарын алып салыстырғандықтан, айтқан сөздері дәлелді бола алмай шықты.

Бұлардан кейін байандама жасаған латыншыл бес кісінің бесеуі латын қарпы мен араб қарпын салыстырғанда (тістеріне жұмсағырақ болған соң) арабтың ескі қарпын алып салыстырыумен болды. Көбі түк дәлелсіз болды. Араб әліпбійінің кемшілігі деп көрсетіуге алған нәрселері біздің мұнан 15-16 жыл бұрын басын ауыртқан араб емлесінің кемшіліктері болып шықты.

Біздің 10-ыншы жылдарда шығарып ескі-ұсқы қоймасына тастаған нәрселерімізді кейбіреулер 26-ншы жылдарға дейін тұтынып келіп отырып, соны өзгертіу нійетке жаңа ғана кіргенін өздерінше бір артықша жаңашылдық деп біліп, өздерін әлдеқандай өзгерісшіл көріп жүр екен. Тарыйқ жүйелі араб емлесінің тас талқанын шығарып бұзып-жарып, араб қарпымен-ақ дыбыс жүйелі қазақ емлесін жасап алғанымыздан қабарсыз екен. Олар арабтың емлесін бұзыудан қарпын тастау оңай; қарпын тастамай, емлесін бұзыуға болмайды деп ойлайды екен. Араб қарпынан латын қарпына көшеміз деуінің ең негізгі себебі осы екен. Қазақ, қырғыз, башқұрт, татар, араб емлесін бұзғаннан араб қарыптары қыйраған жоқ, қайта түзеліп жақсы бола бермекші. Бұл басқаларға мүмкін емес нәрсе сыйақты көрінеді. Мәселен, арабтың «хбз» деген сөзін арабтың бес қарпымен

«хабаз» деп жазыуға болмайды. Латынның ғана бес қарпымен жазыуға болады.

Араб қарпын қолдаушы екі байандама болды. Оның да бірі, мәселен, Алпар ұлының байандамасы, араб пен латын қарыптарының жақсы-жамандығын сөз қылмай, араб қарыптарына баспа жағынан жеңілдетіу мақсатпен жасалып жатқан өзгерістер тұуралы, ол өзгерістермен жасалған тәжірійбелер араб қарыптарын түбінен қопармай-ақ түрін азырақ өзгертіумен да баспа жағының кемшілігі жоғалып, басқалардан артық болмаса, кем болмайтынын айтып, қандай өзгеріс жасалғандарын көрсетті. Өзгерткен қарыптардың ірілері осы күнде қолданылып, ұсақтары құйылып жатқандығын мәлім етті.

Араб пен латын қарыптарын таразыға тартқандай салыстырып, артық-кем жақтарын ыспаттап көрсетіп, арабтікін тастап, латындікін алыуда түк мағана жоқтығын айтып сөйлеген байандама асылында жалғыз Шараб ұлы Әлімжандікі болды. Латынға қарсы байандама, сөйтіп, біреу-ақ десек те болады. Бірақ бір де болса, бірегей болды. 2 сағаттан астам айтылған байандаманың мұнда жүзден бірін сыйғызыу мүмкін емес. Сондықтан тек ұшығын ғана көрсетіп өтемін.

Байандамашы мәселені асылынан алып, алшысынан қойып бастады. Ол айтты; біздер сөз қылып отырғанымыз – «әліп-бій қалау» мәселесі емес, «әліп-бій алмастырыу» мәселесі, «әліп-бій қалау» деген мен «әліп-бій алмастырыу» деген – екеуі бір емес.

Түрік жұрттары әліп-бійі жоқ жұрттар болса, алдына салған әліп-бійлерді қарап-қарап, ұнатқан біреуін алар еді. Түрік жұрттары – тұтынып отырған әліп-бійі бар жұрттар. Көбінің әліп-бійімен байласқан әдебійеті, мәденійеті бар. Тұтынып отырған әліп-бійді тастап, бөтен әліп-бійге көшкенде, қанша сауатты адамдар сауатсызға айналмақшы, қанша мұғылімдер қайтадан қат үйренбекші, қанша баспақаналардың қарыптары жаңадан жасалып, жаңадан құйылмақшы, қанша қарып тізіушілер қайтадан үйренбекші, қанша қаржы шықпақшы, қанша еңбек сарп

етілмекші. Осыншама құрбандықтың бәрін өтегендей алмастырып алатын әліп-бійде бұрынғымыздан анағұрлым артықшылық болыу керек. Сондай артықтық алатын әліп-бійде бар ма екен деп алып, екі әліп-бійді түрлі жағынан салыстырыуға түсті.

Екі әліп-бійдің де артық-кем жерлерін әншейін сөйлемей, әр түрлі ілім тәжірійбелерімен ыспаттап, даусыз дәлелдер келтіріп байандады. Ақтығында латын әліп-бійінде көп құрбандықты өтерлік аса артықтық болмақ түгіл, араб әліп-бійінен де көрі кемшіліктер көбірек болып шықты, бірақ құрылтай дүкені жасаушылардың қолында болғандықтан, күн бұрын қолайлап бәрін ійкемдеп қойғандықтан, қазанның құлағы қазаншының қалаған жерінен шықты: «Латын әліп-бійінің артықтығына құрылтайдың көзі жетті. Енді алыу-алмау әр жұрттың, әр мемлекеттің ықтыйарында» деген қарар көпшілікпен өтті.

Қанша ыспат, дәлелдер болғанын түбінде құрылтай жұмысының мағлұматтары басылып шыққанда, әркім өзі көре жатар.

Қарып мәселесі тұурасында қазақ тарабынан айтқанымыз мынау болды: біздер мәденійет жүзінде кейін қалған жұрт болғандықтан, мәденійет құуатымыз да, мал құуатымыз да шағын, сол шағын құуатымызды қазірде өте-мөте керек нәрселерге ғана жұмсап жатырмыз. Қәзіргі бізге өте-мөте керек нәрсе – оқыу кітаптары. Бар күшімізді соған салып жатырмыз. Басқа керек нәрселер де толып жатыр; оларды қойа тұрып, өте керегін істеп жатырмыз. Қарып жағынан өте-мөте керек болып қысып тұрған мұқтаждық жоқ. Осы құрылтайда айтылған пән пәтіуаларынша ең жақсы емле де, ең жақсы әліп-бій де біздікі болып шықты. Емле мен әліп-бій жағына келгенде, біз орыстан да, немістен де, пырансоздан да, ағылшындардан да алда тұрғанымыз мәлім болды. Азғана күшімізді озған үстіне озамыз деп, озып тұрған жерімізге жұмсауымыз керек. Бізге жаны ашыйтындар қарып тауып береміз демей, мектептерімізді бұзау мен қозы алатын үйлерде пысынатпай, соларға үй салып берсе екен делінді.

Қарыптан соңғы жасалған байандамалар талқыға түсіп сөз болмастан кемесійеге жіберіле берді. Ана тілін оқытыу әдісі

ғана сөз болыңқырады, басқалары тіпті айтыс ашылмастан кемесійеге кетіп отырды. Ана тілін оқытыу әдісі тұуралы байандама жасаған Шербі пұрапесірдің айтқан сөзінің қысқаша мазмұны мынау болды: осы кезде ана тілін оқытыуға қолданатын әдіс мынау: дыбыс негізді әдіс, тұтас тұлғалы әдіс (Әмерійка әдісі дейтін). Қай әдісті қолданыу қолайлы болыуы емле жүйесіне қарай: дыбыс жүйелі емлені қолданыушыларға дыбыс негізді әдіспен оқытыу оңай, тарыйқ жүйелі емлені қолданыушыларға тұтас тұлғалы әдіспен оқытыу оңай. Тұтас тұлғалы әдіс – ағылшын емлесінің ауырлығынан тұуған әдіс. Ағылшын емлесі тарыйқ жүйелі. Дыбыс негізді әдіспен ағылшын емлесін үйреніу азап, қатта мүмкін де емес. Дыбыс негізді әдіс дыбыс жүйелі емлеге өте қолайлы. Емлесі дыбыс негізді жұрттар қолданған жерде үйретіуге ең жеңіл, жемісі тез пісетін дыбыс негізді әдіс екені ақыйқат.

Тұтас тұлғалы әдістің өзін оңаша алып, дыбыс негізді әдіспен салыстырғанда, түк артықтығы жоқ. Жазылыуы мен айтылыуы – екеуі екі басқа, ағылшын емлесіне дегенде ғана тұтас тұлғалы әдістің артықтығы бар. Біздің орыс әдісшілерінің тұтас тұлғалы әдіске әуестенетіндері дыбыс негізді әдістен көрі оны көрнекірек дейді. Асылында, дыбыс негізді әдіс тарыйқ жүйелі ағылшын емлесіне қандай қолайсыз болса, тұтас тұлғалы әдіс дыбыс жүйелі емлесі бар жұрттардың қолданыуына да сондай қолайсыз болады деді.

Құрылтай түрік жұрттары үшін дыбыс жүйелі емлені қабыл алған соң, оған қолайлысы дыбыс негізді әдіс болған соң, осы әдісті қабылдап қарар шығарды.

Ана тілін оқытыу тұурасынан шығарған қарарға тағы да кірген баптар болды. Оның өте-мөте ескерерлігі сынау болды:

1) Ана тілін үйреніу жағын жақсылау үшін түрік жұрттарының әр тілі анық танылыуы керек. Тіл іліміне жетік білімпаздар шығарыу үшін оқытыушы дайарлайтын орта мектеп пен жоғарғы мектептерде тіл сабақтары елеулі орын алыу керек.

2) Бірінші басқыштағы мектептерде тіл сабағы жүзінде қалық әдебійеті басым боларға керек.

3) Екінші басқыштағы мектептерде тіл сабағы жүйелі ілім түрінде өз алдына оқытыларға керек.

4) Әдебійет 2-нші басқышта әлеумет таныу ілімімен бірге кез келген түрде де, жүйеленіп әдебійет тарыйқы түрде де оқытылыу керек. Тарыйқ түрінде оқытылғанда ана тілінің әдебійетінен басқа ағайын жұрттардың әдебійеттерімен таныстырыу керек.

5) Тіл білімі ереже жаттатыу түрде үйретілмей, сөздің тұлға, мағана, қыйсын жағын таныу түрде үйретіу керек. Сөздің тұлға, мағана жағын таныуға керекгі жоқ нәрселер тіл білімінің сабағына кірмеске тійіс.

Оқыуға қатысы көбірек осы төрт мәселе сөзі мен құрылтай әңгімесін тоқтатамын.



تۆرىكشىلەر قۇرىلتايى.

اقمەت.

تۆرىكشىلەر 1- ىنشى قۇرىلتايى پەيىسۋالەمنىڭ 26- ندا باستالىپ، مارتتىڭ 5 ندا جابىلدى. تۆرىك ناسىلدى جۇرتتاردىڭ وكىلدەر جىيىرمەگەنى از بولۋ. نالماتاردا ادامىن جىيىرگەن. بىر شەنى مىستامبول ەكەنشى شەنى قىيىر كۆن تىمىستاغى جاتىت - سول ەكى ارادانى تۆرىك ناسىلدى جۇرتتاردىڭ كوبىنىڭ تىل وكىلدەرى بولدى. بۇرىن ۋاعاز جۇرىتىنە بىلىسىۋ بولماسا، كورىسىۋى جوق تۇرىك جۇرتتارى بىرىن بىرى جۇزبە - جۇز كورىپ تانىستى.

تۆرىكشى المىتىردىن اكەلىنىپ مىنشەلەرى: بارتولت ولىمىنور، قورىمىس، كىي، تولىب جانتان جانا تاغى پۇرايىسولار بولدى. بۇنىڭ مەملەكەتتەردىن ىسىس پۇرايىسىرى مەنسىل، ماجار پۇرايىسىرى مايسەرەش، ازىول تۆرىك پۇرا- يىسىرى كوبىرەك زادا مەن تۇسايىن زادا بولدى.

قۇرىلتاي تارالىنا ارنالعان 14 بابتى ماسەلە مەن سونىڭ ار بىرىنەن 4-5، كەتا 6 - 9 بابىندالعالار جاسالدى. بىر اق ماسەلە كوپ بولعان مەن قۇرىلتاي شەشىلەردىڭ كوبىنەسە كوزدەگەنى لاتىن تارىپى ەكەنىنەگى تۆرىك- دەي اشىلىشىلاردىڭدا، كەمەتتارالىنان، تۇنىنەقتاۋشىلاردىڭدا، سوزىنەن كورىنىپ تۇردى.

سولاي بولعان سوڭ تارىپقا قاتىسى بار ماسەلەلەرگە كوبىرەك زەر سالىنىپ سولار كوبىرەك تالقىعا تۇسىپ، باسقالارى اۋ ۇستىنەن ايتا وتكەن سىيقاتى بولدى.

قۇرىلتاي بۇراعىرامىنداعى ماسەلەلەر مىنالار مەن

1) تۆرىك جۇرتتارىنىڭ تارىيخىن تانۋ جۇزىندەگى، دىنىندەگى تازىرگى كۇيى مەن ەرەكشەلىگى بابىندالعالار: بارتولت، بارلىق- مەن پۇرايىسىرى تاتار تارىيخشىسى ۋ ىيدوللىن ۋلىۋ.

2) تۆرىك جۇرتتارىنىڭ مادەنيەتىن زەرتتەۋ مەسەلەسىنىڭ تازىرگى كۇيى مەن ەرەكشەلىگى. بابىندالعالار: قورىمىنكى، مايسەرەش، مىللەر پۇرايىسىرلەر مەن شۇرىسىن دەگەن.

Түрікшілер құрылтайы. «Жаңа мектеп» журналы.
1926 жыл №7 саны

ТҮЗЕТІЛГЕН ӘРІП

Араб әрпіне тағылатын міннің ең зоры баспа түрінің төрт тұрпаттылығы еді. Ол кемшілік араб әрпінің бойына біткен кемшілік емес, кейіннен кез болған кесепет еді.

Араб әрпін жазбадан баспаға айналдырғанда сөзді әріп жігінен кеспей, бұуынсыз жерінен бұтарлаған. Әр әріп тұрған жерінде тұуралып, бір әріптің айағы екінші әріптің басына, басы басқа әріптің айағына қосылып, бір әріп бірнеше бөлініп кеткен. Сонан баспадағы әріптер жазбадағыдай емес, тіркесетіндері төрт тұрпатты, тіркеспейтіндері екі тұрпатты болып шыққан. Оның әр тұрпаты әріп кассасында өз алдына ұйа алып тұратын болған себепті ұйа көбейіп, кассы үлкейіп, баспа жұмысына кемшілік келтіретін еді. Сол кемшілігі жазыу машыйнасын жасауға да көпке дейін бөгеу болған еді. Сол кемшіліктің кесепеті әрі кесіу, қалып жасау, әріп құйыу жұмысына тійетін еді. Баспамен істес болған жұрттар осы қолайсыздығын көріп, көптен-ақ түзетіуге ойланса да, патша заманында пәтіуашы молдалар ықпалы жүріп тұрған кезде батылдық етіп түзете алмаған еді.

Өктебір өзгерісі болып, мәденійет ісі молдалардың құрсауынан босаған соң, араб әрпінің айтылған қолайсыздығын жойып, кемшілік кесепеттерінен аршыу талабына кірісіушілер бола бастады. Солардың 7-8 жылдан бері өткен еңбектерінің нәтійжесі бірнеше түзеу жобасы болып шыққан. Жобаларды қарап, ақылдасып, қайсысын алыу тұуралы кеңеспекке Татарыстан білім ордасы түрік респіублійкаларынан өкілдер шақырған, әріп мәселесіне араласып жүрген, әріп жобаларын жасап жүрген адамдарды шақырған. Кеңес өктебірдің 20-нда ашылып, 26-нда бітті.

Кеңеске толып жатқан жобалар түсті. Жобалар қарай келгенде екі негізге бөлінді: 1) араб әрпін еуропашалау негізінде жобалар, 2) араб әрпін өз негізінше түзеу жобалары.

Алдыңғы түрде жоба жасаушылар: бұрынғы Рамей, Қарыйтон ұлылар, қазіргі Қасенқалый, Тайыр, Молдаш ұлылар.

Бұлардың жобаларында араб әрпінің тұрпаты Еуропа әріптерінің тұрпатына ұқсас болып шығады. Соған ұқсатыу үшін араб

әріптерін кереді, созады, ійеді, бүгеді, әйтеуір, жақындастырыуға тырысады. Бұлардың ойлауынша, әріптер жазбада тұтасса да, баспада Еуропа әріптерінше дара-дара басыларға керек.

Екінші түрде жоба жасаушылар: Бұрнаш, Алпар, Едірес, Тоқай, Шарап, Орманшы ұлылар. Бұлардың жобалары бір негізді болғанмен, өзара айырылатын жерлері бар.

Бұрнаш ұлының жобасы әріптің бас тұрпаты мен жеке тұрпатын алып, екеуін үйлестіріп, қыйындастырғандығынан, бұрынғы баспадан айырғысыз болып, түзеткені түк сезілмейтін дәрежеде жасалған.

Алпар, Едірес, Тоқай, Шарап ұлыларының жобалары әріптің бір-ақ тұрпатын алып жасаған жобалар. Бұлардың әр тұрпатты әріптері бұрынғы бас тұрпатқа жақын. Сөздің басында, ортасында келгенде, бұрынғы баспадан айырғысыз болып, жалғызақ сөздің айағында ғана құйрығының шолақтығынан жаңаланғаны білініп қалады. Білінгенімен де оқыуға кемшілігі жоқ, өйткені, сөздің сүуреті соңындағы жалғыз әріптен елерлік болып өзгермейді.

Орманшы ұлының жобасы араб әріптерін негізінше алған. Бірақ нүктелерін әріпке қосып, тұтас мүше іспетті жасаған. Нүктелері тұтасқандықтан, әріп ысқыны жатырқарлық болып көрінеді.

Сын нарқына алған негіздегі шарттардың көбіне тұура келетін жоба Бұрнаш ұлынікі. Оның жобасындағы әріптер ұқсастығымен де, сұлыулығымен де бұрынғы баспадан түк айырылмайды. Бірақ қолайлылық жағына келгенде, жалғыз тұрпатты әріп алған жобалардан төмен. Төмендігі сол – бір әріп орнына екі әріп алады. Түзетіліудегі мақсат бір әріптің бірнеше тұрпатты болыуын жойыу болған соң, неғұрлым тұрпат түрлері кемісе, соғұрлым көздеген мақсат жақын болмақ. Сондықтан Бұрнаш ұлының жобасы түпкілікті алынбай, уақытша алынатын болды.

Түпкілікті баспаға тек жалғыз тұрпатты әріп жобалары алынатын болды. Ондай жоба ұсыныушылар: Алпар, Едірес, Тоқай, Шарап ұлылар. Бұлардың жобалары бір негізді:

алатындары әріптің жалғыз тұрпаты. Араларындағы айырымдары аз. Сондықтан төртеуінің де жобалары қабыл алынды.

Орман ұлының жобасы жалпы баспаға алынбағанмен, әріптерді түрлендіріу жүзінде түр үлгісінің бірі болып алыныуға жарарлық делінді.

Сөйтіп, кеңестің шығарған қарары мынау болды:

1. Әріптің бір ғана ысқынды болыуы оқытыу жағынан да, қаражат жағынан да, баспа жұмысы жағынан да зор жеңілдік келтіретін болғандықтан, түрік-татар жұрттары тұтынып отырған араб әріптері баспада бір ысқынды болыуы тійіс.
2. Бір ысқынға әріптің бұтарламаған, тек қысқартылған сүуіреті алынады.
3. Бір ысқынға алынған әріп сүуреті сөздің басында да, ортасында да, айағында да, қандай әріппен қатар тұрса да, жалғыз ғана сүуретті болып, халықтың көзі үйренген тұрпатына мүмкін қадарлы жақын болыуы тійіс.
4. Баспа жұмысына қолайлы болыу жағынан қарап, әріптер толық пункттерге сыйымды болып, подрезкасыз, шпонсыз тізілерлік болсын. Жалпы, баспаның 14-інші кегілінен артпасқа тійіс.
5. Алдағы 1927-28-інші оқыу жылына басылатын оқыу кітаптаптары жоғарыда айтылған бір ысқынды әріптермен басылсын.
6. Бір ысқынды әріп баспаханаларға таралып болғаннан кейін, газеттер, жұурналдар, кітаптар (қара бұқараға деп айырмастан) бір ысқынды әріптермен басыла басталыу керек.
7. Қара бұқараның бір ысқынды әріпке көшіу жолын жеңілдетіу үшін әріптердің сөз айағындағы түрлерін бірден тастамай, бірте-бірте тастай барыу керек: бірақ бір жылдың ішінде әріп құйрықтары жоғала-жоғала барып, ақтығында тек бір ысқынды ғана әріптер болыуы керек.
8. 1928 жылғы ғыйныуардың 1-інен бастап татар мен қазақ баспаларында бір ысқынды әріптерге көшіп болыу керек.

9. Татар мен қазақ баспалары үшін төрт ысқынды әріп құйыу қазірден тоқтатылсын.
10. Жазыу машыналарына қазірден-ақ жоғарыда айтылған бір ысқынды әріптерді қолданыу керек.
11. Мектепте үйретілетін қол жазбалары бір ысқынды әріптердің тұрпатынан онша алыстамасқа тійіс.

* * *

Әріпті бұлай түзетіуден көретін ійгілігіміз қандай?

Мұнан көретін ійгілік есепсіз көп.

Әуелі, әріп жасау жұмысын азайтады.

Қазақша баспаға бұрынғы бойынша 77 әріп жасаудың орнына 35 кәна әріп жасалады. Бұл әріп жасау ісін үш еседен де артық жеңілдетіу болады. Ашық түрде айтқанда, үш әріптің орнына бір-ақ әріп жасау болады.

Әрійне, бір әріп жасауына кететін уақыт пен еңбек, қаржы-қаражат үш әріп жасауына кететін уақыт пен еңбек, қаржы-қаражаттан үш есе кем болмақшы. Әріп кесіуінен бастап, сол үш есе жеңілдік әріп қалыбын жасау, құйыу, оған төлейтін ақыға дейін барады.

Екінші, әріп тізіу жұмысын жеңілдетеді.

Әріп аз болса, әріп кассасының ұйасы да аз болмақ. Ұйасы аз болса, касса шағын болмақ. Касса шағын болыуы мен ұйа аз болыуы әріп тізіу жұмысын оңайлатпақ. Түзетілген араб әрпі бір ысқынды ғана болған соң, кассасының ұйасыын азайтады. Ұйасы аз болған соң, кассы шағын болады. Мәселен, қазақ әріптеріне бұрынғыша 77 ұйа керек болса, енді оның орнына 25 ұйа ғана керек болады. Бұл 68% ке жақын азайтыу болады. Не қадар азайса, со қадар баспаның жұмысын жеңілденіу, басылған нәрсенің бағасы арзанданыу болады.

Оның үстіне, кассы шағынданса, әріп тізіушілер бұрынғыдай түрегеп тізбей, отырып тізіуге мүмкін болады. Олай болыуы тізіушілердің шаршамасына жақсы болады.

Үшінші, жазыу машыйналарын жақсылауға жол ашады.

Бұрынғы әріптерге орын көп керек болғандықтан, жазыу машыйнасынның түрткіштеріне (қылабыштарына) сыймай, әурелейтін еді. Енді жазыу машыйнасына бір түгіл, екі әліп-бійдің әрпін сыйдырыуға болады. Мәселен, бір машыйнаны енді әрі қазақша, әрі орысша басыуға жарайтын етіп, екі әліп-бійдің әрпін сыйдырып жасауға болады.

Төртінші, оқытыу ісін жеңілдетеді.

Араб әрпі оқытыу әдісін жақсы білетін адамдардың қолында бұрын да оқытыу жүзінде онша қыйындық қылмайтын. Оқытыу әдісін шала білетіндерге ғана төрт тұрпатты болыуы қыйын көрінетін. Енді әріп тұрпаты бір ысқынды болған соң, оқытыу әдісін білетін, білмейтіндердің бәріне бірдей жеңіл болмақшы.

Бесінші, басқа да машыйнамен істелетін баспа жұмысының көбіне пайдасы тіймек.

Соңғы замандарда шыққан лыйнотійп, мійнотійп деген әріпті әрі құйып, әрі жыйып, кітаптың бір жолын біржолата тізіп шығаратын машыйналарға келгенде, түзеткен араб әрпінің қолайлылығы тағы артықша болмақ. Сондай машыйналардың түркіштеріне орыстар, басқа да Еуропа жұрттары бір ғана әліп-бійдің әрпін сыйғызғанда, жаңарған араб әрпімен екі әліп-бій әрпін сыйғызыуға болады.

Қысқасы, жаңарған араб әрпі баспа дүнійесі, жазыу машыйнасы, оқытыу жұмысы жағынан орыс әрпінен де, басқа Еуропа жұрттарының әріптерінен де анағұрлым артық болмақ.



Түзетілген әріп. «Жаңа мектеп» журналы.
1927 жыл №1 саны

ДЫБЫСТАРДЫ ЖІКТЕУ ТҰУРАЛЫ

1927 жылғы «Жаңа мектеп» жорналының 2-нөмірінде басылған Елдестің «Қазақ дыбыстары»* деген мақаласы тұуралы төмендегі пікірімді айтқым келеді.

Қазақ тіліндегі дыбыстарды жаңадан жіктейтін болсақ, әрі айтыуына қарай, әрі сөз жүзінде білінетін қасыйеттеріне қарай жіктеу керек. Қазақтікі сыйақты заңы азбаған тілдің айтылыу жүзіндегі дыбыс жіктері сөз жүзінде білінетін дыбыс қасыйеттерінің жіктерімен түйісетін көрінеді.

Айтылыуына қарай жіктегенде қазақ тіліндегі дыбыстар дауысты, дауыссыз болып екі айырылады.

I. Дауыстылар: ***а, р, ң, л, м, н, е, о, ұ, у, ы, й.***

II. Дауыссыздар: ***б, п, т, ж, д, з, с, ш, ғ, қ, к, г.***

Дауысты дыбыстар өзара толық дауысты, шала дауысты болып екі айырылады.

1) Толық дауыстылар: ***а, е, о, ұ, ы.***

2) Шала дауыстылары: ***р, ң, л, м, н, у, й.***

Толық дауыстылары өз ара кең шығысты, тар шығысты болып, тағы екі айырылады.

1) аңғал түрлісі: ***а, е, ы.***

2) қымқырыу түрлісі: ***о, ұ.***

Шала дауыстылары ауыз шығысты, мұрын шығысты болып, олар да екі айырылады.

1) ауыз шығыстылары: ***р, л, у, й.***

2) мұрын шығыстылары: ***ң, м, н.***

Ауыз шығыстылары босаң жолды, қысаң жолды болып, екі айырылады.

1) босаң жолдылары: ***р, у, й.***

2) қысаң жолдысы: ***л.***

---

* Елдес. Қазақ тілінің дыбыстары – «Жаңа мектеп», 1927. № 2. 61-67 б.

Мұрын шығыстылары босаң бөгеулі, қысаң бөгеулі, тұйық бөгеулі болып үш айырылады:

1) босаң бөгеулісі: ***ң.***
2) қысаң бөгеулісі: ***н.***
3) тұйық бөгеулісісі: ***м.***

Дауыссыз дыбыстар босаң жолды, қысаң жолды болып екі айырылады.

1) Қысаң жолдылары: ***п, т, с, ш, қ, к.***
2) Босаң жолдылары: ***б, ж, д, з, ғ, г.***

Қысаң жолдылары ашық жолды, тұйық жолды болып, екі айырылады.

1) ашықтары: ***с, ш.***
2) тұйықтары: ***п, т, қ, к.***

Босаң жолдылары да *ашық, тұйық, тұйықтау* болып үш айырылады.

1) ашықтары: ***ж, з.***
2) тұйықтары: ***б, д***.
3) тұйықтаулары: ***ғ, г.***

Сүйтіп, қазақ дыбыстары көшелеп көрсеткенде былай болады: ***а, б, п, т, ж, д***, ***р, з, с, ш, ғ, қ, к, г, ң, л, м, н, о, ұ, у***, ***е, ы, й.***

<table>
<tr><td colspan="7">I. Дауыстылары: а, р, ң, л, м, н, е, о, ұ, у, ы, й</td></tr>
<tr><td colspan="2">1. толықтары:
а, е, о, ү, ы</td><td colspan="5">1. шалалары:
р, ң, л, м, н, у, й</td></tr>
<tr><td>аңғалы – а, е, ы</td><td>қымқырыулысы – о, ұ</td><td colspan="2">ауыз ш.: ш, р, л, у, й</td><td colspan="3">мұрын ш.: м, н, ң</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td>1. босаңы – р, у, й</td><td>2. қысаңы – л</td><td>1. босаңы – ң</td><td>2. қысаңы – н</td><td>3. тұйығы – м</td></tr>
</table>

<table>
<tr><td colspan="5">II. Дауыссыздары: б, п, т, ж, д, з, с, ш, ғ, қ, к, г</td></tr>
<tr><td colspan="2">1. Қысаңдары: п, т, с, ш, қ, к</td><td colspan="3">2. Босаңдары: б, ж, д, з, ғ, г</td></tr>
<tr><td>1) ашықтары: с, ш</td><td>2) тұйықтары: п, т, қ, к</td><td>ашықтары: з, ж</td><td>тұйықтары: б, д</td><td>тұйықтаулары: ғ, г</td></tr>
</table>

Бұлардың бірінен бірінің шектерін айыратын не нәрсе десек, ол нәрселер мынау болады.

1. Дауыстылар мен дауыссыздардың шегін айыратын жіктеу жалғауы «мын», жалғаулық «мен» дауыстылардан соң «мын», «мен» дауыссыздардан соң «бын», «бен» («пын», «пен»).

Дауыстылардың өз ара шегін ашып, толық дауысты, шала дауысты қылып айыратын тәуелдеу, жіктеу жүзінде толып жатқан нәрселер бар, оларды түгендеп жатпай, мына жағынан да айырыуға болады:

Толық дауыстылар бұуын ішінде дауыссыз дыбыстардың алдында да келеді, соңында да келеді.

Шала дауыстылар бұуын ішінде дауыссыз дыбыстардың алдында келеді, соңында келмейді.

Толық дауыстылардың өз ара шегін ашып, **аңғал** деп, **қымтырынды** деп айыратын мынасы:

Аңғалдары орын талғамайды.

Қымтырындысы бас бұуыннан басқасында келмейді.

Шала дауыстылар да өз ара, әуелі, дыбыстардың шығыу орнына қарай *ауыз шығысты, мұрын шығысты* болып екіге айырылады, екінші шығыу орны басқа болғандықтан, арасының шегін ашатын басқа нәрселер де бар.

Ауыз шығыстылары септегенде «дың», «дан»мен, жіктегенде «мыз»бен келеді.

Мұрын шығыстылары септегенде «ның», «нан»мен, жіктегенде «быз» бен келеді.

Ауыз шығыстылардың жігін ашып, біреуін *босаң*, екіншісін *қысаң* деп айыратын айтылыу түрінен басқа нәрсе – босаң сөз басында келмейді, қысаң – келеді.

Мұрын шығыстыларын да *босаң, қысаң, тұйық* деп айыратын айтылыу түрінен басқа нәрсе – босаңының сөз басында келмеуі. Қысаңының алдындағы дыбысқа әсер етіуі (аздырыуы), тұйығының алдындағы дыбысқа әсер етпеуі (аздырмауы).

Дауыссыздырға келсек, бұлар да өз ара жіктеліп, бірнеше түрге айырылады. Әуелі, бұлар *қысаң, босаң* болып екі айырылады.

Бұлай айырылыуы айтылыу түріне қарай болғанмен, басқа да жігін ашатын нәрсе бар.

Қысаңдары мен босаңдары біріне бірі жұуыспайды; екінші сөзбен айтқанда, бірі қысаң, бірі босаң болып, екеуі қатарынан келмейді.

Қысаңдарын ашық, тұйыққа бөліп екі айыратын нәрсе – ашықтарының азбайтыны, айнымайтыны, тұйықтарының азатыны, айныйтыны.

Босандарын *ашық, тұйық, тұйықтау* деп айыратын айтылыу түрінен басқа нәрсе – ашықтары сөздің басында да, айағында да келіуі; тұйықтары сөз айағында келмеуі; тұйықтаулары сөз басында да, айағында да келмеуі.

Түсінікті болыу үшін көшелеп көрсетсек, былай болып шығады.

Дыбыстар

<table>
<tr><td colspan="4">I. Дауыстылары (а, р, ң, л, м, н, е, о, ұ, у, ы, й)
мын, мен, баламын, ермін, таңмын...</td></tr>
<tr><td colspan="2">Толықтары: а, е, о, ұ, ы
Буын ішінде дауыссыздың алдында да, соңында да келеді</td><td colspan="2">Шалалары: р, ң, л, м, н, у, й
Буын ішінде дауыссыздың соңында да келмейді</td></tr>
<tr><td>1) Аңғалы – а, е, ы. Орын талғамайды</td><td>2) қымқырын – о, у. Бас буыннан басқасын сүймейді</td><td>1) Ауыз ш. (р, л, у, й) «дың», «дан», «мыз»</td><td>2) Мұрын ш. (м, н, ң) «ның», «нан», «быз»</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td>1) Босаңы (р, у, й) Сөз басында келмейді
2) Қысаңы (л) сөз басында келеді</td><td>1) Босаңы – ң Сөз басында келмейді
2) Қысаңы – н Алдындағы дыбысқа әсері бар.
3) Тұйығы – м. Алдындағы дыбысқа әсері жоқ.</td></tr>
<tr><td colspan="4">II. Дауыссыздары: б, п, т, ж, д, р, с, ш, ғ, к, к, г
бын, бен, көппін, азбын, сізбен, атпен... (пін, пен)</td></tr>
<tr><td colspan="2">1. Қысаңдары: й, т, с, ш, қ, к
Босаңға жұуыспайды
(босаңмен бірге қатарынан келмейді).</td><td colspan="2">2. Босаңдары: б, ж, д, з, ғ, г
Қысаңға жұуыспайды.
(қысаңмен бірге қатарынан келмейді).</td></tr>
</table>

1) ашықтары (***с, ш)*** азбайды, айнымайды 2) тұйықтары (***п, т, қ, к)*** азады, айныйды	1) ашықтары: – ***ж, з.*** Сөздің бас, айағы демей келе береді. 2) тұйықтары: ***б, д.*** Сөздің басында ғана келеді. 3) тұйықтаулары – ***ғ, г.*** Сөздің басында да айағында да келмейді.

Тіл дыбысына қатысатын мүшелердің қайсысынан шыққан дыбыс жоғарғы жіктеудің қайсысына келеді екен, онысын да қарап өтелік.

Дыбыстың шығуына қызмет қылатын өкпе, кеңірдек, тамақ (жұтқыншақ), мұрын, түрлі мүшелері менен ауыз.

Ауыз мүшелерінің ішінде де көбінесе қызмет қылатын тіл. Тілдің қатыспайтын дыбысы жоқ. Төменде тілдің аты қатысқан дыбыс атаулары бар жерлерді тілдің қатысатын орындары сол жерлер екен деп ұқпасқа керек. Қай сөзде де болса дыбысқа түр беріп, тіл дыбысы болып шығуына тіл қатыспай қалмайды. Басқа мүшелер тілдің жұмсайтын құралы, ылаждаушы (амалдаушы) есебіндегі нәрселер болады. Дыбыс жасауға жем беретін – өкпеден кеңірдек арқылы келетін ауа. Сол ауаны бірде ананы, бірде мынаны сепке алып, керегіне қарай олай да, былай да жіберіп сөзге керек түрдегі дыбыс қылып шығаратын тіл. Сондықтан да «сөз», «сөйлеу», «айтыу», «хабар» дегеннің орнына көбінесе «тіл» аты жұмсалады. Мұның сөз қылып отырғандағы мақсат сол – егерде дыбыс атына тіл аты, немесе басқа мүшенің аты қатысса, ол тек тілден немесе аты қатысқан мүшеден қана шыққандықтан емес, бұлардың басқадан көрі басымырақ қатысқанын ғана көрсетеді.

Жоғарыдағы жіктеулер дыбыстардың айтылыуына қарай істелген. Айтылыу түрлері басқа-басқа болатыны түрлі мүшенің түрліше қатысыуынан. Сол қатысыу түріне қарай дыбыстардың біреулері еркін, біреулері қымтырына, біреулері қақтыға, біреулері іймене, біреулері қысыла, біреулері бөгеле өткелден өткен сыйақты болғанда, біреулері олай да өте алмай не сүзіліп өтіп, не қамалып қалып қойған сыйақты болып шығады.

Сонда еркін өтсін, қысылып өтсін, бөгеліп өтсін әйтеуір өтетін өткелділері дауысты дыбыстар болып шығады; өткелсіздер дауыссыз дыбыстар болып шығады.

Сөйтіп, дыбыстарды мүшелердің қатысуы түріне қарай қай дыбыс қалай жасалатынын көрсете жіктесек, мынау түрде болып шығады.

I. Өткелділер

Бұлар әуелі, *ауыз арқылы*, екінші, *мұрын арқылы* өтетін болып екі айырылады.

I. **Ауыз арқылы өтетіндері:**

а, е, ы – ауыз мүшелерінің күшіне онша тійместен еркін өтеді.

о, ұ-ны айтқанда ерін едәуір қымқырылады. Сондықтан бұлар қымтырынып өтеді.

у, й – ерін жабылыуға бейім болғандықтан, жабылып қала ма деп іймене өтеді.

р – тіл қақтықтыра қыймылдағандықтан, қақтыға өтеді.

л – тіл келе жатқан бетін бөгеп алғандықтан, тілдің жан-жағынан өтеді.

2. **Мұрын арқылы өтетіндер:**

м – ерін бөгеп жібермегендіктен, мұрынға қарай кетеді.

н – тіл бөгеп жібермегендіктен, мұрынға қарай кетеді.

ң – тамақта бөгеп ауызға қарай жібермегендіктен, мұрынға қарай кетеді.

II. Өткелсіздер

1. Қамалатындары:

б, п – ерінге қамалады

т, д – тіске қамалады

қ, к – тамаққа қамалады

2. Сүзілетіндер:

с, ш, ж, з – тіл ұшы мен таңдайда сүзіліп шығады.

ғ, г – тіл түбі мен тамақта сүзіліп шығады.

Сүйтіп, дыбыстарды мүшелердің қатысыуына қарай жіктеп, көшелеп көрсетсек, мынау түрде болады:

а, б, п, т, ж, д, р, з, с, ш, ғ, қ, к, г, ң, л, м, н, о, ұ, у, е, ы, й			
1. Өткелділері: ***а, р, ң, л, м, н, о, ұ, у, е, ы, й***		II. Өткелсіздері: ***б, п, т, ж, д, з, с, ш, ғ, қ, к. г***	
1. ауыз арқылы өтетіндері: ***а, р, л, о, ұ, у, е, ы, й***	2. мұрын арқылы өтетіндері: ***м, н, ң***	1. қамаулысы: ***б, п, т, д, қ, к***	сүзіліулісі: ***с, ш, ж, з, ғ, г***
1) еркіндері – ***а, е, ы*** 2) қымқырындысы – ***о, ұ*** 3) ійменіштілері – ***а, ұ, й*** 4) қақтықпалары – ***р*** 5) бөгелістісі – ***л***	1) ерін бөгеттісі – ***м*** 2) тіл бөгеттісі – ***н*** 3) тамақ бөгеттісі – ***ң***	1) ерін қамаулысы – ***б, п*** 2) тіс қамаулысы – ***т, д*** 3) тамақ қамаулысы – ***қ, к***	1) тандай сүзімділері – ***с, ш, ж, з*** 2) тамақ сүзімділері – ***ғ, г***

Дыбыстардың айтылуына қарай жіктелген жүйесін мүшелер қатысу түріне қарай жіктелген жүйесімен шағыстырсақ, былай түйіскенін көреміз.

	2) Тамақ с.	*1) Таңдай с.*	*2. Сүзілулері*	*3) Тамақ қам.*	*2) Тіс қам.*	*1) Ерін қам.*	*Өткелсіздері 1. Қамаулылары*	*3) Тамақ бөгет*	*2) Тіл бөгет*	*1) Ерін арқылы өт.*	*2. Мұрын арқылы өт.*	*5) Бөгелістілері*	*4) Қақтықбалылары*	*3) Именіштілері*	*2) Қымтырындылары*	*1) Еркіндері*	*1. Ауыз арқылы өт.*	*I. Өткелділері*
I. Дауыстылары; 1) 1. Толық дауыстылары:																		
1) Аңғалы																*А, Е*		
2) Қымқырулысы															*О*	*Ұ*		
2. Шала дауыстылары																		
1) Ауыз шығыстылары																		

1) Босаңы												*Р*	*У*	*Й*			
2) Қысаңы												*Л*					
2) Мұрын шығыстылары:																	
1) Босаңы								*Ң*									
2) Қысаңы									*З*								
3) Тұйығы									*М*								
II. Дауыссыздары. 1. Қысаңдары:																	
1.1) Ашықтары		*С Ш*															
2) Тұйықтары				*Қ К*	*Т*	*П*											
2. Босаңдары: 1) Ашықтары		*Ж З*															
2) Тұйықтары					*Д*	*Б*											
5) Тұйықтаулары	*Ғ Г*																

Бұлай жіктеуде бұрынғыдан артық қанша қолайлылық барлығы келесі жолы айтылмақ.

28/04/1927
Қызыл орда


جاڭا مەكتەپ

Дыбыстарды жіктеу туралы. «Жаңа мектеп» журналы.
1927 жыл №2 саны

АНА ТІЛІНІҢ ӘДІСІ

Ана тілінің үйретіуі әліб-бійден басталады. Сондықтан ана тілін үйретіу әдісі тұурасындағы әңгімені де әліб-бій үйретіуден бастаймыз.

Жаңа әліб-бій шыққалы екі жылдай болды. Оны шығарғанда екі түрлі әдіспен оқытыуға да болатын етіп шығарған едік.

Ол екі әдістің бірі бұрынғы дыбыс әдісі еді де, бірі Әміркан (тұтас сөз) әдісі еді. Дыбыс әдісімен оқытыуға боларлық еткендегі ой бұл әдіс оқытыушыларға таныс болған соң, мұнымен оқытыу бәрінің де қолынан келер дегендік еді. Әміркан әдісімен оқытыуға да боларлық еткендегі ой-мұғалімдар онымен таныс дегендік емес еді. Тек әміркан әдісін білетіндер оқытар, деген ой еді.

Әліб-бій үйретіу әдісі әр тілдің өзіндік қасыйетіне, түзелген емлесінің жүйесіне қарай қолайлы, қолайсыз болатыны – үйретіу әдісімен таныс адамдарға мәлім нәрсе.

Жаңа әліб-бійді мұғалімдар қай әдіспен жүргізіп жатқанынан қабар жоқ, жана да бұл әліб-біймен үйретіу бұрынғы «Оқыу құралы» деген әліб-біймен үйретіуден қанша ауыр, жеңіл болды. Онан да қабар жоқ. Солай болған соң, ана тілінің әдісін әліб-бімен таныстырыудан бастамай болмайды.

Әуелі, қалай үйретіу әдісін айтыудан бұрын, үйретіу асылында қандай іс, оның ішінде әліб-бій үйретіу қандай іс, ол іс жүзінде қандай тәсілдер, әдістер жұмсалған, сол жағының тарыйхынан тамтымдап аз-аздан қабар беріп өтіу қажет деймін. Олай дейтінім «балмен де болма, балсыз да болма» деген сыйақты тарыйқпен де болыу, тарыйқсыз да болыу жарамайды: тарыйқпен танысып, тарыйқ сабағының тәжірійбесін көріп, іс жүзінде пайдаланыу адам әдісінің негізі болады.

Үйретіу деген өнер. Өнердің шені-шетіне ешкім жете алмайды: Өнер артыла береді, жетіле береді. Оны осы күнгі өнерлі жұрттардың істері көрсетіп отыр.

Үйретіу өнер болған соң, ана тілін үйретіу бұ да өнер. Олай болса, басқа өнерлерде болған сындар мұнда да болмақ.

Тіл үйретіу дегенге оқыу үйретіу, жазыу үйретіу, сөйлеу үйретіу кіреді. Сөйлеуді айрықша үйретпей-ақ, әуелі, ата-анасынан, онан кейін айналасынан үйреніп біліп кетеді. Оқыу мен жазыу ондай емес, бұлар айрықша үйретіуді керек қылады.

Бұрынғы заманда оқыусыз, жазыусыз күнелтіуге болған. Үйткені оны керек қылыушы аз болған. Керек болмаған соң, оқыусыз, жазыусыз күнелтіу қыйын болмаған. Бұ заманда оқыу жазыу білетін сауатты адамдар көбейген. Сауатты көбтің ішінде сауатсыздың күнелтіуі қыйын; себебі сауатты көбтің ішіндегі сауатсыз адам құлағы жоқ, тілі жоқ керең-мылқау күйінде болмақ.

Сөйлеп жатқан көптің ішінде керең-мылқау болса, өзгелердің айтып жатқан ойын тыңдарлық құлақ жоқ болса, өз ойын айтарлық тіл тағы жоқ болса, оның күйі жеңіл күй бола ма?

Бұ заманда сауаттаныу кәдірі қанша екенін осынан шамалдауға болады. Сауаттаныу – мылқауға тіл, саңырауға құлақ, соқырға көз бітіргенмен бірдей нәрсе. Байағыдан бері адам баласы жыйған білім қазынасының есігі оқыу арқылы, сауаттаныу арқылы ашылады.

Сондықтан көптен-ақ қалай еткенде оқыу мен жазыуды оңай үйретіу болар екен, кәйткенде білім қазынасының есігін тілегенге тезірек ашып беріуге болар екен деп, шарасын іздеушілер болған. Түрлі тәсілдерді істеген, түрлі әдістерді қолданған.

Біздің заманымызға дейін неше түрлі әдістерді тұтынып көрген. Осы күнгі жаңа әдіс дегендердің бәрі де бұрынғы әдістердің жаңа түрі. Үйлестіріп жаңа түрде құрастырғаны ғана болады.

Тіл – тіршілік құралы. Тіл үйретіу (оқыу, жазыу, сөйлеу үйретіу мағанада) сол тіршілік құралын жұмсауды үйретіу. Олай болса, тіл үйретіу өнері тұрмыс өнері болмақ. Тұрмыс өнері өзінің тұрмыстағы байласқан нәрсесінің түріне қарай тұрмыспен бірге өзгермек.

Тұрмыс өзгеріуі дегеніміз – тұрмыс өнерінің тәсілі өзгеріуі болады. Оның мыйсалы машыйнаның тетігі. Жаңадан табылатын машыйна тетігі аз болады. Жаңа машыйна дегенде оның тетігінің көбі-ақ бұрынғы тетіктерді жаңа түрде жанастырып, жаңа түрде үйлестіріп, құрастырыу болады.

Тіл үйретіу тұрмыс өнері болған соң мұның да тәсілдері машыйна тетіктері сыйақты тұрмыс керек қылыуынша өзгеріп тұрады. Бірақ өзгергенде бүтіндей тәсілдерінің бәрі жаңаланбайды. Жаңасы аз болып, көбі бұрынғы тәсілдердің жаңадан жанастырып, үйлестіріуі болады.

Машыйнаның тетігін де, басқа өнердің тәсілін де керектік тұуғызады. Керектік іс істететеді. Іс тәсіл іздетеді. Тіршілік керек қылмаған жерде, тек қыйалмен табылған тұрмыс тәсілі жоқ.

Істі тұрмыс жүзіндегі керектік табады, тәсілді іс жүзіндегі жұмыс табады.

Оқыуды тұрмыс керектігі тапқан. Оқытыу әдісін оқытыу жұмысы тапқан. Адам баласы оқыуды керек қылғаннан бері, оны үйретететін адамдар шыққаннан бері толып жатқан тәсілдер табылған болар, толып жатқан әдістер жұмсалған болар. Олардың бәрімен таныстырыудың қажеті де жоқ, олардың көбінің тарыйқ жүзінде табы да қалған жоқ. Біздің анық білетініміз – бергі замандарда болған, тарыйқы мәлім, қатта шет жағасын өзіміз көрген әдістер. Солардың бәрі болмағанмен, басты-бастыларымен мұғалімдарды таныстырып өтіуді керек деп білемін. «Алдын дарыйа, артын жар» қылып қамаған сыйақты бір ғана әдіспен таныстырып қоймай, керек орында түрлі жолмен өрлеп шығарлық еткен сыйақты, әдіс жолының талай тарауларымен таныстырып өтіу керексіз нәрсе болмас деймін.

Сондықтан келесі әңгімеміз, әуелі, әліб-бій үйретіу әдісінің жалпы түрлері тақырыпты, онан кейін жалқы түрлері тақырыпты. Солардан соң барып, қазақ әліб-бійін қалай үйретіу тақырыбты болмақ.

Байағыдан бері адам баласының тұтынған үйретіу әдістері толып жатыр. Солардың әншейін түрі қаншама көп болғанмен, негіз түрі көп болмайды. Негіз түрінің басқалығына қарай үйретіу әдістері былай бөлінеді:

1) кей әдістердің негізі қосыу, жыйнау болады. Барша ол негізді әдістер жалпылау (сійнтез) немесе жыйылыңқы әдіс деб аталады;

2) кей әдістердің негізі талдау, айырыу болады. Ол негізді әдістердің бәрі жалқылау, (анализ) немесе айырыңқы әдіс деп аталады;

3) кей әдістердің негізінде қосыу да, талдау да болады. Ондай әдістер жалқылаулы-жалпылау немесе айырыңқы-жыйылыңқы деп аталады.

Енді осы әдістердің әр қайсысының негізімен де, әр қайсысында болған тәсілдер түрлерімен де жақынырақ таныстырып өтейік.

Жалпылау әдісі

Бұл әдістің басқалардан айырылатын негізгі жасы – ұсақтан ірілетіу. Ана тілін алсақ, үйретіу әріптен не дыбыстан басталады, онан әрман бұуын жасалады, онан әрі бұуындарды қосып, сөз қылып шығарады. Немесе бірден-ақ бұуыннан бастайды, сонан соң бұуындарды құрап сөз қылады.

Жалпылау әдісі – үйретіу әдісінің ең ескі түрі. Бұл әдіспен бұрынғы гректер, үрімдіктер үйреткен. Арабтың да үйретіу әдісі осы болған.

Бұл әдіспен үйреткенде, әуелі, әріптердің атын жаттатып, түрін танытып алады. Мәселен, (әліб), (бій), (тій)...арабша а (аз), б (буки), в (веди)... орысша. Сонан соң арабтар асыт, үсіт үтір қойып, бұуын жасайды, орыстар дауысты дыбыстардың әріптерін қосып, бұуын жасайды. Сөйтіп, әріп біткеннің бәрінен бұуын жасап үйреткеннен кейін бұуындарды құрап сөз қылып оқыуға түсіреді. Бұл әдісше үйреткенде сауаттаудың 3 дәуірі болған: әліб-бій, ежік, сүре.

Бұлайша оқыу өте қыйын болған. Ежік оқыуы қандай қыйын болғанын бәріміз болмағанмен, көбіміз-ақ білеміз; үйткені сонымен оқыған адамдардың көбі әлі тірі. Жаурыпа жұртында жалпылау әдісі 19-асырдың орта шамасында жоғалса да, біздерде ежік оқыу жоғалмастан 20-асырға дейін келген.

Ежік оқыу бізде ғана қыйын болып, басқаларда оңай болды деп айта алмаймыз. Орыста, мәселен, біздің ежігімізден де

қыйын болған. Басқа жаурыпалықтарда да орыстікінен оңай болып жарымаған.

Сондықтан бергі замандарда ежік оқыуын жеңілдетіу үшін түрлі тәсілдер істелген. Арғы заманда да, мәселен, үрім жұрты сыйақты өнері жетілген жұрттар әліб-бій жаттатыу ісін жеңілтіу үшін балалар асық орнына ойнайтын сүйек әріптер қолданған. Ағашқа қыйып орнатқан сондай сүйек әріптердің үстінен балалар шыбық жүргізетін болған. Ойнап жүріп әріптердің түрін танып, атын жатқа біліп алыу әншейін әліб-бій әріптерін жаттаудай балалардың ішін пыстырмаған, мыйын ашытпаған. Әріп үстінен шыбықпен жүргізгеннен көз түйімі мен құлақ түйіміне тән түйімі мен қыймыл түйімі қосылып, әріптердің сүгіреті балалардың жәдіне тез бекіуге көп көмек болған.

Бергі замандарда сүгірет басыу тәсілі табылғаннан кейін, әліб-бій үйретіуді сүгіретпен жеңілдеткен. Аты әліб-бій әрпінен басталатын нәрселер алынған. Кітапқа сол нәрселердің сүгіреті салынған. Мәселен, «әліб» үшін арбаның, айнаның, араның сүгіреттері, «бій» үшін балтаның, балғаның, ботаның сүгіреттері салынған. Немесе дыбыстары әріп дыбысына ұқсас нәрселердің сүгіреті салынған. Мәселен, дыбысы «с» дыбысына ұқсас болғандықтан, жылан сүгіреті, дыбысы «р» дыбысына ұқсас ійт сүгіреті, дыбысы «м» дыбысына ұқсас болғандықтан сыйыр сүгіреті салынған. Не болмаса, жаттайтын әріптер басына келетін сөздерден құрастырып өлең шығарып, соларды әліп кітаптарының айағына тіркеп қойған. Әріпке ұқсас нәрсенің сүгіретін салып та жеңілдетіушілер болған. Әріп дыбысы жәдінде сақталыу үшін кейбіреулер әріпті әңгіме арқылы үйреткен. Мәселен, біздің бұрынғы үстінде мәті бар әліп әрпімізге әңгіме әдісін істесек, балаларға былайша үйретер едік. Мектепке келе жатып, бағанға көзім түсті деп баған сүгіретінің орнына бір тартып, тайақша жазады. Бағанға қарай құс ұшып келе жатыр екен. Құс бағанға қонбастан айналақтап ұшты да жүрді деп, әліп үстіне мәтін қойады. Кәйтер екен деп қарап тұрып едім, айналып жүріп «а» деді де, кетіп қалды. Сендер де кітапта осы бағанға ұқсас әріп көрсеңдер, құстың даусын естеріңе түсіріп, «а» (І) деңдер.

Бұл тәсілдердің бәрі де оқыу үйретіу жұмысын жеңілдетіуге себеп болған. Бірақ шыбық соқпай үйретерлік етіп жеңілтпеген. «Кәріге тайақ жүріуге қандай керек болса, балаға тайақ үйреніуге сондай керек» деген пікірді тастата алмаған.

17-інші асырда ағылшын данасы Лоқ* деген адам қамшы мен шыбық үйретіу үшін жұмсалмау керек, олай болыу үшін оқыуға үйреніу жұмыс түрінде болмай, ойын түрінде болыуға керек деген пікір таратады.

Ойыншықтар текшешік түрінде болсын. Оның алты жанарына алты әріп жапсырылсын. Текшешіктермен ойнап жүріп, үстіндегі әріптерді көре-көре көздері қанып, айрықша жаттаусыз, айрықша ежіксіз балалар әріптерді танып, оларды қосып сөз қылып оқыйтын болады деген.

Лоқтың пікірі дұрыс болып шыққан. Текшешіктермен ойнап жүріп балалар әріптерді де, әріптерді қосып бұуын етіуді де, бұуынды қосып, сөз қылып оқыуды да оңай үйренетін болған.

Лоқ текшешіктері ойыншық орнында мектептерде қолданбағанмен, ошақ басы үй ішінде осы күнге дейін жас балаларға оқыу үйретіуге жұмсалады.

Лоқтың жолын құуаттаушылар оқыудың ойын жағын да күшейткен. Ойнайтын нәрселерін де түрленткен. Мәселен, балалар жейтін тәтті нандардың түрлерін әріп түріне салып пісіртіп, балаларды сондай нанмен ойнатып, әрпін танып болғаннан кейін немесе әріптерді қосып бұуын не сөз жасайтын болғаннан кейін нан-әріпті жеуге ұрықсат еткен. Бұл пікірдің ійесі-Базедіп** деген әр мектептің жанында сондай нан-әріп пісіретін дүкен боларға керек деген ойға да келген.

Әрійне, бұл нан-әріптер ойын оқыудың «сақалын бойау» мысалды түрге айналғандағысы болады. Ал, жоғарғы тәсілдердің қайсысын алсақ та, әліб үйретіу жұмысына бәрі де жеңілдік келтірген.

---

* Лоқ 1632-1704 жылдарда болған адам

** Базедіб 1723-1790 жылдарда болған адам

Кей бала бапкерлер әріп атауын жеңілдетіп, әліб, бій, тій деп атаудың орнына а, бе, те... деп ататып үйретіу керек деген. Бұ да әріптерді қосқызғанда бұрынғыдан гөрі жеңілдік келтірген.

Атақты балабапкер Песталотсый* әріптен бұрын оқыуды жатқа үйретіу қолайлы деген. Әріп орнына әріптердің атауларын алып қосып, бұуын жасауды, сөз жасауды білгеннен кейін әріп көрсетіу керек деген. Солай еткенде бұуын жасау, сөз жасау балаларға таныс болып, тек әріп түрін таныу ғана жұмысы қалады деген.

Кей оқытыушылар бұуын жаттатыу тәсілін қолайлы көрген. Әріп қосып ежікпен үйренген адам оқыуды шапшаң жүргізіп оқый алмаған. Сол кемшілікті жоғалтыу үшін әріпті қосып, бұуын жасатып үйретпей-ақ бірден бұуын жаттатыу қолайлы деушілер болған. Ол үшін дауысты дыбыстардың әрпін бір бөлек, дауыссыз дыбыстардың әрпін бір бөлек танытып алып, сонан кейін қосқызбастан дауыссыз дыбыс пен дауысты дыбысты қатар қойып, бұуын түрінде жаттатқан. Мәселен: *ба, та, па, жа...* дегізіп жаттатқан. Сонан соң сол бұуындардан сөз жасап, оқытқан. Мәселен, *бата, бапа, бажа*... деген сыйақты.

Бұл тәсіл шапшаң оқыуға сеп болған. Бірақ бұуындар не үшін олай айтылатынын білмей жаттау – мағынасыз жаттау болып, балаларды жалықтырыу жағынан қолайсыз болып шыққан.

Қалайда әріпшіл әдіс (әріпке әріп қосып оқыу) ақсаса да, қалмастан 19-ғасырдың ортасына дейін келеді. Дыбысшыл әдісті қолайлаушы пікір, оны қолдаушы адамдар ерте заманда-ақ шыққан. Бірақ әріпшіл әдіске үйреніп қалғандықтан, оған көпке дейін жол тіймеген.

Дыбысшыл әдіс тұуралы сөз көтеріуші – неміс тіл құралын шығарған Ійкелзәмер деген адам. Ійкелзәмер 16 асырдың адамы. Оның дыбысшыл әдісті құуаттағанда айтатыны мынау: «Оқыу деген әріптерді атау. Мұны бірақ әріптерді бе, те, се... деп атаушылар түсінбейді, үйткені – олардың үйдеп атайтындары әріп

* Песталотсый 1746-1827 жылдарда болған адам

емес, бұуын. Әріптерді олай бұуын түрінде атап оқыу үйреніу көп уақыт алады. Үйреткенде әріптің атымен үйретіу керек емес, сол әріптің дыбысының затымен үйретіу керек. Дыбыстың затын танытыу үшін қай дыбыс қалай шығатын жолын түсіндіріу керек. Мәселен «б» мен «п»-ны айтыу үшін ауызды жұмып, бірінде ерінді бір-біріне босырақ қосыу, бірінде қаттырақ қосыу. «Т» мен «д»-ны айтыу үшін тілді тістің етіне апарып қосыу, басқаларын да сол іреуішті түсіндіріу керек» дейді.

Ійкелзәмерше үйретіу сөздердің дыбыстарын айырыудан басталарға керек, сонан кейін әріптер сол дыбыстардың белгісі түрінде көрсетілерге керек.

Ійкелзәмер әдісі нағыз дыбысшыл әдіс болғандығы, онымен оқытыу ежіктетіп әріп қосқызып үйретіуден көп жеңіл болатындығы да көрініп тұр. Бірақ заманында әріпшіл әдіс дәуірлеп тұрғандықтан, жұртты ерте алмаған; сол күйінде қалып қойған. Онан кейін 300 жыл өткеннен соң барып, дыбысшыл әдісті балабапкерлер Ійкелзәмерсіз өз беттерінен тапқан.

18-асырдың айағынан бастап дыбысшыл әдіс жұртты өзіне қарата бастайды. Әліпшіл әдісті сырып бірте-бірте істен шығара бастайды. Дыбысшыл әдістің құуаттанып, дәуірлеуіне заманында Германийеде ашылған семенерійелерден шыққан жақсы әдіскерлер себеп болған. Семенерійелерде түрлі әдістер қаралып, іс жүзінде сыналып, тәжірійбелер жасалған. Сондықтан онан шыққандар жақсы әдіскер болып шығатын болған. Бір заманда үйретіу әдісінің үлгісін жұрт біткен Германийеден алатын болған.

Ең әуелі, дыбысшыл әдістің асылын анықтап, түсіндіріп, артықтығын көзге көрсетіуші Істепаны* деген кісі. Бұл бұрынғы әдістердің мінін айта келе қойатын бір кінәсы мынау:

Бұрынғы үйретіу әдістерінде дыбыс, әріп, әріп-аты айырылмаған. Мұның үшеуі өз алдына үш нәрсе деп танылмаған дейді де, әр қайсысын байандап түсіндіреді.

Оның түсіндіріуінше, дыбыс – дауыс түрлері. Әріптер – сол дауыс түрлеріне арналған белгілер. *Әліб, бій, тій...* – сол

* Істепаны 1761-1850 жылдарда болған адам.

белгілердің аттары. Дыбысты айтыуға болады. Айтыуға болған соң естіуге де болады. Әріптерді айтыуға да, естіуге де болмайды, тек көріуге болады. Оқығанда әріптердің атын айтпаймыз, көрсетіп тұрған дыбысын айтамыз. Оқыу күй есебінде, ауыз домбыра есебінде, әріптер нота есебінде. Қай пернені басыу керектігін гана көрсетеді дейді.

Істепанше оқыу үйретіу былай болыу керек. Мұғалім, әуелі, дауысты дыбыстардың әріптерін алып, әр қайсысын көрсетіп, қайсысы қалай айтылатынын білдіреді. Өз үшін әріпке сәйкес дыбысты өзі айтады. Айтқанын балаларға да айттырады. Дауысты дыбыстардан кейін дауыссыз дыбыстарды, айтыуға жеңіл-ауырына қарай топтап береді. Алдыңғы тобына шала дауыстылар кіреді, екінші тобына дауыссыз дыбыстар, үшінші тобына дауыссыз дыбыстардың жазыуға қыйындары кіреді.

Балалар бір табымен танысып болғаннан кейін оларды дауысты дыбыстардың әріптерімен таныстырып жатықтырады. Қосыуын мұғалім айтып бермеске керек. Балалардың өздері қосыу керек. Мәселен, екі әріпті қосып, бұуын жасау керек екен. Мұғалім соңғысын басып тұрып, алдыңғысын созып айтқызады. Созыуын соңғы әріпті ашқанша қоймайды. Созыудың өзі де бір ғана ірет емес, бірнеше ірет істелмек. Әуелгі іретте ұзақ, онан соң қысқарақ, онан кейін алдыңғыдан көрі қысқарақ, ақырында тіпті қысқа. Оны Істепаны сызықпен былайша көрсетеді:

М – - – - а

М – - – а

М – - а

М – а

Егерде әріп созыуға келмейтін дыбыстікі болса, мәселен *б, п, т...* сыйақты. Ондайдың дыбысын бала соңғы әріпті ашқанша қайта-қайта айта бермек.

Бұуынды оқый білгеннен кейін сөз оқыуына түспек.

Осы мен жалпылау әдістің тарыйқын тоқтата тұрып, келесі жолы басқа әдістердің тарыйқын сөйлеп өтпекпіз.



23 جاڭا مەكتەپ

انا تىلىنىڭ ادىسى

اقىمەت

انا تىلىنىڭ ۋىرىنداۋى الىپ - بىيدىن باستالادى. سوندىقتان انا تىلىن ۋىرىنداۋ ادىسى تۇۋراسىنداعى انكەمەنى دە الىپ - بىي ۋىرىنداۋ - دەن باستايمىز.

جاڭا الىپ - بىي شىققالى كى جاندانا بولدى. ونى شەمارعاندا كى تۇرلى ادىس بەن وقىتۋعا دا بولاتىن مىنە شەمارعان مەنەن.

بۇل كى ادىستىڭ بىرىنشى بۇرىنعى دەپىس ادىس دەيدە، ەكىنشى امىركان (تۇتاس سوز) ادىسى دەي. دەپىس ادىس مەن وقىتۋعا بولارلىق ىڭعايلى وي بۇل ادىس وقىتۋشىلارعا تانىس بولماق سوڭ، مۇنى مەن وقىتۋ مارىنىڭ دە تولىقتان كەلەر دەگەندەك دەي. امىركان ادىسى مەن وقىتۋعا دا بولارلىق ىڭعايلى وي-مۇعالىمدار ونى مەن تانىس دەگەندەك بەس دەي تەك امىركان ادىسىن بىلمەيتىندەر وقىتار، دەگەن وي دەي.

الىپ - بىي ۋىرىنداۋ ادىسى ءار تىلدەگى وزدەك تاسىلىمىنە، تۇرلىلىكتەن ەلىنە دەك مۇيىسىنە قاراي تولايىن تولايسىز بولا تۇرىپ ۋىرىنداۋ ادىسى مەن تانىس ادامدارعا ءماليم نارسە.

جاڭا الىپ - بىيدىڭ مۇعالىمدار ناي ادىس بەن جۇرگىزىپ جاتقانىنان قابار جوق؟ جاقا دا بۇل الىپ - بىي مەن ۋىرىنداۋ بۇرىنعى «وقىتۋ تۇرالى» دەگەن الىپ - بىي مەن ۋىرىنداۋدەن قانشا اۋىر جەڭىل بولدى، ونان دا قابار جوق. سولاي بولماق سوڭ انا تىلىنىڭ ادىسىن الىپ - بىي مەن تانىستىرۋ-بۇدان باستالماي بولمايدى.

اۋەلى، قالاي ۋىرىنداۋ ادىسىن ايشىقتان بۇرىن، ۋىرىنداۋ ىسىلمىدا قالداي ءىس، ونداق بىلىنەدە الىپ - بىي ۋىرىنداۋ قالداي ءىس، بۇل ءىس جۇزىندە قالداي تاسىلدەر، ادىستەر جۇمسالماق سوڭ جاسىنداق تاربيەلەنىپ تامىرداپ ار ازدان قابار بەرىپ ونداۋ تابىعىن دەپىس، ولاي دەپتۇنىم «بال مەن» دە بولماق بالا-سىزدا بولماق، دەگەن سىياقتى تاربيە بەن دە بولۋى تاربىيەسىزدا بولۋ جارامايدى. تاربىيە بەن تاڭىسىپ تاربىيە سالىنعاندىق تاجىربىيەسىن كورىپ ءىس جۇز-ىندە پايدالانۋ ادام ءىسىنىڭ نەگىزى بولادى.

Ана тілінің әдісі. «Жаңа мектеп» журналы.
1927 жыл №9 (24) саны

Жалқылау (айырыңқы) әдіс

Жалқылау әдіс жалпылау әдіске қарсы жөндегі әдіс. Жалпылаудың асылы ұсақтан ірілетіу болса, жалқылаудың асылы іріден ұсақтатыу.

Жалқылау әдістің жалпылау әдістен артықтығын құуаттайтын пікір 18 асырдың айағында тұуады. Бастап тұуған жері Пырансы. Бастап құуаттаныушылар бұл әдістің артықтығын былайша дәлелдеген: бір нәрсемен баланы таныстырғанда, оның бөлімдерінен бастап таныстырмаймыз, тұтас тұрған тұлғасында таныстырамыз. Мәселен – шапанмен таныстырғанда жеңінен, жағасынан, етегінен, өңірінен бастап таныстырмаймыз. Шапанның өзін алып таныстырамыз. Оқыу үйреткенде де сөздің әріптен, бұуыннан бастамай сөздің тұтас тұрған тұлғасынан бастап үйретіу керек дейді.

Былайша оқыу үйретіу үшін әліп-бій кітабы болсын, басқа кітаптар болсын – бірі де керек емес. Түсінікті сөздерді алып, балаларға көрсетіумен балалар сөздерді танып, оқып кетеді. Мағанасыз әріптерді, ежіктерді жаттаудан мағаналы сөздерді жаттау балаларға жеңіл де болады, көңілді болады дейді.

Пырансыда мұндай пікір тұуып тарай бастағанда немістерде де осы пікірге келіушілер болады.

Неміс әлімі Гедике* деген жалпылау әдісін құуаттаныушының бірі болып пікір таратады. Ол құуаттағанда былай дәлелдейді: дүнійе танып, білім біліуіміздің бәрі жалқылау әдіс жолымен болады: дерексіз заттан деректі затты бұрын таныймыз, мүшелер мен тұтас тұлғасын бұрын таныймыз. Балаға оқыу үйретіу де сол жолмен болыу тійіс. Оқыу үйретіу балаларға түсініксіз әріп сыйақты дерегі кем нәрседен басталмай түсінікті тұтас сөзден басталыу керек дейді.

1791-жылы Гедике тұтас сөзбен үйрететін әліп-бій кітабын шығарады. Бес жасар қызын сонымен үйретіп үш айда сауатын

* 1745-1803 жылдарда болған адам.

ашып, кітап оқыйтын етеді. Үш айда сауат ашып кез келген сөзді оқый білерлік етіу о заманда болмайтын оқыйға.

Бір әріпті үйретіу үшін бірге дикенеше сөз алады. Мәселен «а»ны үйретіу үшін бізше болғанда мынадай сөздерді алған: *ар, азық, арғын, ас, ақыл.*

Кітаптың бірінші бетіндегі бірінші жолдағы сөздер осылар болмақ. Басқа жолдарындағы сөздер басқа болмақ, бірақ олардың ішінде «а» әрпі болмақ. Бұлардың «а»сы басында келмейді, ортасында, айағында келеді. басында «а» келетін анау сөздер өз алдарына бір жол болып, екі-үш жолдан кейін қайта-қайта келіп отырады. Елеулі болыу үшін «а» әрпі бірде қызыл, бірде қара бойаумен басылған.

Үйретіу тұтас сөзді оқыудан басталады. Мұғалім бірінші жолдағы сөздерді бір-бірлеп көрсетеді, оқыйды; балалар көрсеткеніне қарап мұғалім айтқанын олар да айтады. Солай етіумен балалар әлгі алған бір жолдағы бес сөзді әбдан танып көрсеткенде айтарлық, айтқанда көрсетерлік даражаға жеткенде, сөздің бұуынын айырыуға түседі; онан әрі бұуынның әріптерін айырыуға түседі.

Оны былай істеген: мұғалім бірінші сөзді алып «а-р» деп екеуін қоспай жіктерін ашып айтады да, неше бөлініп, айтылып тұр деп сұрайды. Сонан соң әр бөлімін бөлек айтқызады. Екінші, үшінші, төртінші, бесінші сөздерді де солай етеді. Бәрінің де басындағы дыбысы бірдей болып, басқаларынікі ондай болмаған соң, «а» дыбысы айырықша болып шығады. Сонда бұл дыбыстың әрпі мынау деп «а» әрпін көрсетеді. Басқа сөздерге де, басқа әріптермен таныстырғанда істейтін тәсілі осылай болған. Балалар бір беттегі сөздерді танып, оқырлық даражаға жеткенде екінші беттегі сөздерге түскен. Мұның тәсілі жеке балаларды оқыуға жараса да, мектепте көп баланы оқытыуға жарамсыз болып шыққан. Негізгі кемшілігі сөзді жаттатыу, сөз әріптен бұуыннан маганалы, балаларға түсінікті болғанмен не үшін былай «ат» етіп сызған нәрсе ат болып оқылыуға тійістігі, онысы

балаларға түсініксіз. Сондықтан бұл әдіс те іске асып жарымайды. Бірақ жалқылау әдіс пікірі өшпейді.

Жалқылау әдіске жан беріп күшейткен атақты пырансоз оқытыушысы Жақото*. Жақото – үйретіу асылында үйреніуге дағдыландырыу дейді. Баланың үйреніу талабын қоздырса, білімнің бәрін басқаның көмегісіз өзі ақ алады. Балаға талаптылық тәрбійе беріу үшін басынан табыйғат жолымен үйретіу керек. Табыйғат жаратқан нәрсесін тұтас түрінде жаратады. Табыйғат нәрсесін адам да әуелі тұтас түрінде түйеді. Бала оқытыушы осыны дәйім есінде сақтау керек. Балаға ән үйретпек болсақ, әуелі дауыстың түрін (нотасын), дауыстың даражасын (тонын), сонан соң барып әнді үйретер ме едік. Әуелі әннен бастап үйретер ме едік дейді. Баланы өсімдікпен таныстырсақ, гүлінен, жапырағынан бастап таныстырамыз ба? Айуан мен таныстырсақ, сүйегінен бастап таныстырамыз ба? Тұлға түрінде алып таныстырамыз ғой. Бала үйреткенде сол жолмен үйретіу керек. Нәрсені бөлшегінен бастап үйретпей, тұтас тұлғасынан бастап үйретіу; дерексіз заттан бұрын деректі затты алып таныстырыу дейді.

Мұнын да дәлелі алдыңғылардікіндей; бұ да әліп-бій кітабы керек емес дейді. Бала үйретіуге айрықша кітаптың керегі жоқ; кез келген кітап жарайды. Кез келген кітаптың бір бетін алып, соның ішіндегі сөйлемдерді оқытып, оларды сөзге бөліп оқытып, сөздерді бұуынға бөліп оқытып, бұуындарды әріпке бөліп таныстырса, сонымен бала оқыуды үйреніп алады. Үйткені әліп-бій әрпінің бәрі кітаптың бір бетінен табылады дейді.

Жақотоның әдісін өзгертіңкіреп осы күнде де қолданып отырғандар да бар. Әміркән әдісі деп айтып жүрген әдістің негізі Жақотонікі.

Жақотоша үйретіу іреті былай болмақ:

Кітаптың алған бетіндегі әуелі келетін, мәселен мынадай сөйлем екен – «қалаға жақын жердің бәрі жыйын».

* 1770-1840 жылдарда болған адам.

Осы сөйлемді мұғалім кеспе әріптен жасап, тақтай бетіне тізіп қойып, дауыстап әр сөзін қолмен көрсетіп оқыйды. Сонан соң оны балалар оқығанда бәрі дауыс қосып көптеп те, жеке де оқыйды. Жана да қалыпты ретпен оқымай сөзді есеп қосып былайша оқыйды:

Қалаға
Қалаға жақын
Қалаға жақын жердің
Қалаға жақын жердің бәрі
Қалаға жақын жердің бәрі жыйын.

Осылай оқыу балалар сөйлемнің ішіндегі кез келген сөзді танып айтатын болғанша істеледі.

Сонан кейін мұғалім басындағы сөзді алып, кеспе әріптен бұуынға бөлген тұрде бөлек шығарып қойады да бұуын бұуынына бөлгілеп оқыйды. Балаларға да солайша оқытып, сөз неше бөлініп айтылатынын айтады. Сөздің бәрін солай оқытып, солай айттырып болғаннан кейін пәлен бұуынды түлен бұуынды көрсет дейді; пәлен бұуын қай сөзде, түлен бұуын қай сөзде деп сұрайды. Пәлен бұуыны бар, түлен бұуыны бар сөзді көрсет дейді. Пәлен сөздің бас бұуыны, айақ бұуыны қайсы деген сыйақты сұраулар болады.

Сүйтіп, бір сөйлемнің өзінде балалар буынның бірнеше түрлерімен танысып қалады. Әріппен таныстырыу үшін де істейтін тәсілі осы. Бір бұуында алып, мәселен, «ла»ны алып екі арасын ашық қойып, арасын бөліп оқыйды. Балаларға оқытады. Неше бөлініп айтылатынын сұрайды. Басындағы, айағындағы әріп әр қайсысы не деп аталатынын айтады; оқығанда қалай айтылатынын айтады. Сонан соң білген әріптерін басқа сөздерден тапқызады. Сонан әрпі екінші, үшінші, тағысын тағы бұуындарды алып, істейтін ісінің іреті осылайша болады. Бір сөйлемді солайша үйретіп болғаннан кейін басқаларын алып, солайша үйретеді. Жалғыз қойылатын шарт – балалар үйренген нәрсесін нық біліу; ол үшін оқыу сабағын дәйім басынан бірінші сөйлемнен

бастап отырыу; жаңа сөйлемді оқытыуға алғанда ішінде келетін бұрынғы таныс бұуындар мен таныс әріптерді балалардың өздері көрсетіу керек.

Сүйтіп, он шақты сөйлемді оқый білген кезде балалар бір жағынан әріптерді, бір жағынан, бұуын түрлерін танып алып, бір жағынан оқыуға жаттығып, әрмен қарай өз беттерінен оқыуға жараған.

Жақото оқытыуға ұста, әдісінде шеберлік толық болғанмен Гедикенің әдісіндегі кемшіліктен бұ да құтыла алмаған. Ол кемшілік – оқыған сөздерін балалар неге солай оқылатынын білместен жаттау. Ол кемшілігіне қарамай Жақотоның әдісі тәуір-ақ жайылған. Немістер Жақото әдісінің мәнісіне түсінгеннен кейін, Жақотоның әріпті әдісін дыбысты әдіске аударыу шарасын қарастырады. Сүйтіп бір заманда дыбысты жалқылау әдіс пен дыбысты жалпылау әдіс екеуі қатар өркендеп күшейген кезі болған. Онан әрі барып екеуі қосылып, бір әдіс түріне түскен. Онысы жалқылаулы-жалпылау әдіс. Ол келесі жолы сөз болмақ.*

Жалқылаулы-жалпылау әдісі

Бір жерде жалпылау, бір жерде жалқылау әдісі жүріп, ақырында екеуі жалқылаулы-жалпылау әдісі болып бірігеді.

Бұл әдістің өзі қолданыу жүзіндегі басқалдақтарына қарай бірнеше түрге бөлінеді:

1. «Шағын сөзді» деген түрі. Мұның асылы балаларға шағындап алған әр сөздің оқыуы мен жазыуын білдіріу. Мұны әуелі қолданыушылар Пөгел, Томас, Беме деген неміс оқытыушылары. Сонан басқалар алып түрліше қолданады. Бірақ бәрінінің негізі мынау болады:

Әліп-бій кітабы болмақ. Ол кітаптың ішінде, біріншіден, сүгіреттер болмақ. Екіншіден, сүгіреттегі нәрселердің атын көрсететін баспа да, жазба да сөздер болмақ. Үшінші, сол сөздерге

* Тұтас сөз – сөйлем әдісінің негізі осы мақалада айтылған болса да, бұл күнде басқаша ұсталатын кездері де бар. Ахаңның жалқылаулы-жалпылау әдіс дегені осы тұтас сөз-сөйлем әдісі. Мұның бүге-шігесі келер санда басылады. Басқарма.

ұқсас басқа да сөздер болмақ. Төртінші, үйретілген әріптерден жасалған сөздер, сөздерден жасалған сөйлемдер, сөйлемдерден жасалған қысқа-қысқа әңгімелер болмақ. Бесінші, түгел күйінде әліп-бій іретімен жазылған әріптер болмақ. Бұл соңғысы үйретіу үшін емес, әріп біткеннің бәрі үйретіліп болғандығын көрсетіу үшін қойылады. Осылайша шығарған әліп-бій кітаптары бірінен бірі негізгі жағынан емес, – бірінші, шағындап алған сөзінің сандары жағынан, екінші, сөздерінің түрлері жағынан, үшінші, сөздерінің орналасыуы жағынан, төртінші, оқыуға алынған әңгімелер жағынан айырылады.

Үйретіу көшесі былай:

1. Әліп кітабының бірінші бетінде тұрған сүгіретті оқытыушы тақтайға салады да сол нәрсенің жайынан әңгіме қозғайды. Әңгіме балаларды қозғайды. Балалар мен оқытыушы әңгімелесе әңгімелесе барып, сол нәрсе тұурасындағы жұмбақтар, өлеңдер сыйақты нәрселерді айтқызады немесе өзі айтады. Бұл әңгіменің пайдасы – алынған нәрсені балаларға анық танытып білім береді. Сөйлесіуге бойын да, тілін де үйретеді.

2. Салынған сүгіретті балалар дәптерлеріне көшіреді. Бұл көшіріу балаларды сүгірет салыуға үйретіу емес, салғандары ұқсасын-ұқсамасын әркім әлінше салса болғаны. Мұның пайдасы – сүгірет салыуға балалар әуес болғандықтан сүгірет салғандарына мәз болып өздері ырақаттанады. Қарындаш ұстауға қолдары үйренеді.

3. Сүгіреттегі нәрсенің атын көшіріу. Оқытыушы сөзді тұтас күйінде тақтайға жазады. Балалар дәптерлеріне көшіреді. Дәптерлеріне көшіріуден бұрын былай етіу керек дейді: оқытыушы тақтайға жазып жатқанда, балалар қарап бағып отырады. Жазып болған соң балалар орнында отырып, оқытыушының жазыуын еліктеп, жазған сыйақты болып сұқ қолдарымен тақтай бетіндегі жазыу бойымен жүргізеді. Сонан соң барып қарындаш пен дәптерлеріне жазады.

4. Сөздің дыбыстарын айырыу. Ол үшін оқытыушы тійісті сөзді алады да дыбыстарын анық етіп ашық дауыспен айтады.

Әсіресе кезінде үйретіуге керек болып тұрған дыбысты айқындата айтады.

5. Сөзді әріптен бұтарлау. Ол үшін оқытыушы әріп араларын ашығырақ жазады. Балалар соның ішінен үйреніп жүрген әріпті танып алып бірнеше ірет жазады. Солай бірнеше әріпті таныққаннан кейін оқытыушы енді әр әріпті жеке күйінде алып тақтайға жазып, бұл қай сөзде қандай орында тұр деп сұрайды. Балалар алып, кітабынан жазылған әріпті сөздің ішінен танып көрсетеді.

6. Әріптерден сөз жасау. Балалар үш-төрт әріпті таныйтын болғаннан кейін солардан құрап сөз жасайды.

7. Баспа таныу. Ол үшін жазба сөздің астына баспа сөз құйылып екеуінің әрпі салыстырылады.

Шағын сөзді алдыңғы әдістерше не әріп жаттатып, не сөз жаттатып, балалардың басын қатырып жалықтырыу жоқ. Жұмыстың бір ұшы оқытыушы да бір ұшы балалар да болып, бұлардың басы білім құйатын тең ыдыс есебінде болмай, немесе бір жағы адамша, бір жағы машыйнаша істемей, екі жағы да зер салып істейтін болады.

Мұнысы алдыңғы әдістерден артық бір жері болса, екінші бір артық жері – аз сөзді оқый біліумен балалар көп сөзді оқып кетіуге жарайды. Сондай артықтығы болғандықтан бұл әдіс мәденийетті жұрттардың бәріне де жайылады. Жұрт өзінің тілінің емлесінің жүйесіне қарай, түрліше ыңғайлап қолданады. Сондықтан пәлен әдіс, түген әдіс деп түрлі атпен аталады. Атына қарамай, затына түптеп қарағанда бәрінің негізі бір болып шығады. Орыстарда түрлі атпен аталған әліп-бій кітабы үйрететін әдістер, татарлардан, мәселен, түрлі атпен аталған әліп-бій кітабы үйрететін әдістер, біздің қазақта да әліп-бій кітабымен үйрететін солардың бәрі де шағын сөз әдісінің негізінен құр емес.

2. «Жазыу-оқыу» деген түрі. Былай деп біреулер жазыу мен оқыу екеуін қабат үйретіуді айтады. Біреулер оқыуды жазыу арқылы үйретіуді айтады. Әдістің затына соңғы маған да

айтыулары дұрыс келеді; үйткені – бұл әдісті қолданыушылар оқыу үйретіуді оқыудан бастау дұрыс емес, жазыудан бастау дұрыс дейді.

Мұны былай дәлелдейді: жазыу жоқ кезде оқыу жоқ. Оқыудан жазыу дүнійеге бұрын келген. Оқыуды жазыу тұудырған.

Оқыу білмейтін адамды үйреткенде жазыу мен оқыудың пайда болған жолымен жүріу керек дейді.

Бұл әдістің өзі онша дүнійеге көп жайылмаған мен, өзге жайылған әдістерді түзетіуге дақылы болды. Мұнан бұрын ылғый оқыу алда жүріп, жазыу соңғы жүріуші еді. «Жазыу-оқыу» әдісі шыққаннан кейін оқыу мен жазыу екеуі қатар жүретін болды. Оқытыушылар үйретіуді оқыудан бастаса, әдістер, оқығанын жаздырып отыратын болды; жазыудан бастаса, – жаздырғанын не жазғанын оқытып отыратын болды.

Бұл «Жазыу-оқыу» әдісін орыстан үлгі алған Ресейдегі басқа жұрттар көп қолданады.

3. Дыбысты әдіс. Дыбысты әдіспен үйреткендегі істелетін істің негізі бес түрлі. Бірінші балалармен әңгімелесіу; екінші оқыу үйретіуге дайарлайтын жұмыстар; үшінші сөзден дыбыстарды айырып шығарыу; төртінші әріптермен қатыстырыу; бесінші білген әріптермен сөз құрау, соны оқыу.

* * *

Әңгімелесіу. Бұл балалардың бойын үйретіу үшін істеледі. Әңгімелескеннен кейін балалар оқытыушыға үйір болады. Оқытыушы балалар жайларын біледі. Әңгіме арқылы балалар мектептегі нәрсенің аттары мен жүріу-тұрыу жүзіндегі тәртіптермен танысады.

Оқыуға дайарлайтын істер. Бұл әуелі «сөз» деген ұғыммен «дыбыс» деген не нәрселер екенін білдіріу.

Екінші, сөздің ішіндегі дыбыстарды айыртыу.

«Сөз» деген ұғымды танытыу үшін оқытыушы балаларға бір нәрсені ататады. Оның атаған нәрсесі тұуралы өзі бірнәрсе айтып неше сөзбен айтылып тұрғанын сұрайды. Мәселен, балалар

«тақтай» деген болса, оқытыушы «тақтай үлкен» дейді де балалардан неше сөзбен айтылып тұр деп сұрайды. Сол жөнмен бірнеше рет сөздер, сөйлемдер алынып сұралып өткеннен кейін «сөздің» немене екенін біліп кетеді.

«Дыбыс» ұғымын танытыу үшін істелетін тәсіл екі түрлі болады: біреуі былай: оқытыушы бір дыбысты айтады да, айтқаным не дыбыс деп сұрайды. Балалар естіген дыбысын айтады. Тағы бір дыбыс алып тағы солай сұрайды. Балалар сұрағанын айтып береді. Солай бірнеше ірет істегеннен кейін балалар «дыбыс» деген нәрсенің не екенін ұғады. Екінші тәсіл былай істеледі: балалардың көзін жұмғызып қойып, оқытыушы бір нәрсені сылдырлатады немесе тықылдатады. Бірақ не істесе де балалардан не естідіңдер деп сұрайды. Балалар естігенін айтады. Содан оқытыушы бір дыбысты айтады. Мұны да не естідіңдер деп сұрайды. Балалар естігенін айтады. Солай бірнеше ірет істеп, бірнеше ірет сұрағаннан кейін «дыбыс» деген немене екенін балалар ұғады. Дыбыс айыртыу үшін оқытыушы өзі не балаларға бірдеме айтқызады. Сонан бір сөзді алады да соны әуелі бұуындап бөлектей айтады. Бұуындап бөлектеп айтқанда бұуын жіктері ашылып, әр бұуын бөлектеніп естіледі. Солай бірнеше сөзді алып айтқаннан кейін балалардың құлағы сөз бұуынын айыратын болады.

Бұуынды айыра білгеннен кейін, дыбыстарын айырыуға түседі. Ол айырыуға қолайлы бұуын табылатын сөздерді алып, әуелі, бұуынға бөледі де сонан өзінің керек қылған бұуынын алып дыбыстарын бөлектей айтады. Немесе әнге салған сыйақты созып айтады. Балалардың тез айырып үйреніуге соны-сы қолайлы. Бұуынды созып айтқанда оның ішіндегісі нендей дыбыс екені біліне қалады. Мәселен – «ара» деген сөздің «ра» деген бұуынын алып, әр дыбысын созып айтса, әуелі **р**, сонан соң **а** естілетіндігін құлақ қазір айырады. Мұндағы бір керек нәрсе ол – алғашқы кезде алған бұуындардың әріптері созылатын болыуы тійіс; ол дыбыс айырыу жұмысын көп жеңілдетеді. Дыбыстарды айыра білгеннен кейін оларды қоса біліуге

кіріседі. Дыбыстарды қосып бұуын жасап, бұуыннан сөз жасау керек дейтіндер де бар. Оның керегі жоқ дейтіндер де бар. Керек деушілердің пікірі де екі бөлінеді: біреулері әріп көрсетіуден бұрын балалар сөзді дыбыстан құрап жасай біліуі керек дейді; екіншілері – дыбыс құрастырыу әріптерімен таныстырып соларды құрастырып сөз қылып қосар жерде істеліу керек дейді.

Әуелі бұл үш түрлі пікірдің дыбысын құрастырыу керек емес дейтіндер дұрыс емес. Дыбысты әдіс болмасқа керек десе, онда жөн. Ал дыбысты әдіс болса, онда құрастырыу болмаса, ол шала болмақ. Екінші, әріптерді құрастырып оқыр кезде істеліу керек деген пікір де дұрыс емес: онда кеш болады; ол жерде еш пайдасы тіймейді. Олай болғанда сөздің дыбыстарын айырып үйретіудің де қажеті жоқ. Оны жазыу кезінде істетіуге болады.

Сөздің дыбыстарын айыра біліу – соңыра жазыуға керегі бар нәрсе. Дыбыстарды құрастырып сөз құра біліу ол соңыра оқыуға керегі бар нәрсе; дыбысқа дыбысты қосыу әріпті әріпке қосыудан жеңіл болады. Үйретіу жеңілден басталыуы керек: ол үйретіудің негізгі дабыл жолы.

Әріптермен таныстырыу. Сөздің дыбыстарын айыра білгеннен кейін, түрлі дыбыстарды қосып сөз қыла білетін болғаннан кейін әріп пен таныстырыуға түседі. Әріп пен таныстырыу іреті әріптердің әліп-бій кітебіндегі тұрған іретінше болады. Әліп-бій кітебінің басындағы бөлек әріптер немесе сөздің ішіндегі әріптер мәселен – **а, с** болса, сол әріптер бар сөзді алып, дыбыстарын айырады. Сонан соң пәлен дыбыстың таңбасын мынау деп әрпін көрсетеді. Дыбыс таңбасы әріп деп аталатынын да айтады. Сонан кейін жаздырады. Басқа әріптердің арасынан іздеп таптырады.

Сонан кейін танытқан әріптерінен құрастырып сөз қылып оқытады. Дыбыстарды айыртыу, құрастырып сөз қылыу дұрысталып істеліп, балалар әбдән әдісін алған болса, сол дыбыстардың әріптерін құрастырып, сөз қылып оқыуға балалар қыйналмайды. Бір-екі сөзді әріптен құрап оқығаннан кейін тез әдісін алады. Алғашқы кезде сөзді ылғый бұуындап қостырып

оқытады. Сонан бұуындап оқып әдеттенеді. Бұуындап оқыу жаттыға бара қалыпты оқыу түріне түседі.

* * *

Адағында Ауропа жұрттары соңғы кезде қолданып жүрген Әмерійке әдісі деген жалқылау-жалпылау әдісінің «тұтас сөзді» тағы бір түсін айтып, сонымен әдіс жалпы тарыйхын айақтайық. Бұл ескі емлелі жұрттың шығарған, ескі емлелі жұрттардың қолданып отырған әдісі. Ағылшын, пырансоз жұрттарының емлелері араб емлесі сыйақты ескі болады. Ескі емлемен жазылған сөздің жазыуы мен оқыуы бір-біріне сәйкес болмайды. Мәселен – арабтар «тырқы» деп жазып, *тарақый* деп оқыйды. Ағылшын мен пырансоз емлесі онан да сорақы: біз олардың емлесінше жазатын болсақ, *жой* деп жазып *жұуа* деп оқыр едік. Ондай емлесі бар жұртқа дыбыстың құны шамалы: сөзді сүгіретін жаттаумен танып оқыйды; әріп тек сүгірет мүшесінің орнына жүреді.

Бұл күнде бұл әдісті әр жұрт өз тілінің емлесінің ыңғайына қарай әр түрлі тұтынып отыр. Нағыз өзінің шыққан жерінің Әмерійкеде тұтыныуы былай: жылдың ортасына дейін кітап қолданыу жоқ. Балалар оқытыушының тақтайға жазғанын ғана оқыумен барады. Оқыу әріптен не дыбыстан басталмайды. Тұтас тұрған сөздерді оқыудан басталады. Мәселен – бір бала шегіртке ұстап әкелген екен. Оқытыушы – «не әкелді» деп балалардан сұрайды. «Шегіртке әкелді» дейді. «Шегіртке әкелді» деген сөйлемді оқытыушы тақтайға жазады. Өзі оқыйды, балаларға оқытады.

Сонан соң «шегіртке» деген сөзді кірістіріп басқа сөйлемдер алады. Оны жазады, оқыйды, оқытады. Сөйте-сөйте «шегіртке» деген сөздің жазыуы қайта-қайта ұшырап, балалардың дәптерінде қала-қала барып, әбдән танып болып бірден таныйтын болады. Бірден таныйтын болса, бірден оқыйтын болғаны. Басқа сөздердің оқыуын сол іретше үйретеді. Солай етіумен жарты жылдың ішінде 125 шамалы сөзді танып оқыйтын болады. Екі

айдай сөздің дыбыс жағына жоламайды. Онан әрі ғана балалар бірсыпыра сөздің оқыуын енді біліп болды ғой дегенде барып сөздің дыбыстарын айыра бастайды. Дыбыс айыртыуға тұқымдас сөздер алынады. Тұқымдас сөздерінің дыбыстарының көбі бірдей болады. Дыбыс айыртыуға түсерде жаңа үйретілген сөздер тұқымдастығына қарай сұрыпталып, бірінің астына бірі сатыланып жазылады. Соларды көре-көре оқый-оқый жүріп, сөздердің бәрінде де ұшырайтын ортақ дыбыстардың үнін де, әрпін де айыратын болады.

Әмерійкенің жазыуға үйретіуге де оқыуға үйретіуі сыйақты әріптен басталмай бүтін сөздің жазыуынан басталады. Бірақ жеңілдік үшін бастапқы кезде әрпі аз сөздер алынады.

ҚАЙ ӘДІС ЖАҚСЫ?

Жалғыз әліп-бій үйретіудің өзінде толып жатқан әдіс бар. Сол әдістерді әр әдісқой өзінше өзгертіп қолданған түрлерін сөз қылсақ, әдіс түрлерін айтып түгесе алмас едік. Бүтін Жаурыпа әдісқойларының тұтынған әдістерін түгендемек түгіл, жалғыз орыстың ғана әдісқойларын алып сөз қылар болсақ, оның өзі әлденеше сан жұурнал бетін аларлық сөз болар еді, сөз созылып ұзарыуынан қашып, орыс әдісқойларының бірін де өткен сандарда сөз қылмай өтіп кеттік.

Бұған дейін сөз болған әліп үйретіу жүзіндегі әдістердің негізгі түрлерін алып, солардың қайсысы жақсы деп сауал қойар болсақ, оған ешкім мынасы жақсы, мынасы жаман деп кесіп айтып, тұура жауап бере алмайды.

Орыс данасы Лев Толстой (бала оқытып тәжірійбе жасаған адам): «Жақсы дерлік те, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олақтықтың белгісі – бір ғана әдісті болыу; шеберліктің белгісі – түрлі әдісті болыу; керек орында жоқ әдісті табыу да қолынан келіу. Мұғалім әдісті көп біліуге тырысыу керек; оларды өзіне сүйеніш қолғабыс нәрсе есебінде қолданыу керек»* дейді.

Толстой олай десе, өзгелердің де тәжірійбе жасағаннан кейін келген қарары онан алыс емес. Әдіс тұурасындағы басқалардың да пікірлерін қорытып қысқасынан айтқанда, әр әдіс өз орнында жақсы деген пікір болып шығады.

Бұл не деген сөз болады?

Әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылыуына қарай. Мәселен, сауаттау әдісін алсақ, бір жұрттың сауаттау ісіне қолайлы болған әдіс екінші жұрттың да сауаттау ісіне қолайлы боларға тійіс деп айтыуға болмайды. Екеуінің тілінің заңы, емлесінің жүйесі бірдей болса, біріне қолайлы болған әдіс екіншісіне де қолайлы болыуы мүмкін. Егер де тілінің заңы, емлесінің немесе әрпінің жүйесі басқа болса, онда біріне жақсы

* Лев Толстой «Үйрету әдістері туралы»

болған сауаттау әдісі екіншісіне де жақсы болады деп ешкім айта алмайды.

Кей жұрттар жазыу үшін әріп алмаған, таңба алған. Кей жұрттар жазыу үшін әріп алғанмен, әріптері тілі өзгергендіктен бұл күнде тіліндегі дыбыстарына сәйкес келмейтін болған. Кей жұрттардың әуелде дыбыстарына әріп арнауында шатақтық бар болғандықтан, сөздерінің жазылыуы мен айтылыуы екі баска, кей жұрттардың тілінің шартына қарай дыбысына сәйкестеп әріп белгілеуге болмайды. Сондықтан оның да сөзінің жазылыуы мен айтылыуы арасында басқалық болады. Кейбір жұрттардың тіліндегі дыбыстары мен әріптері екеуінің арасында сәйкестік күшті болғандықтан, сөзінің жазылыуы мен айтылыуы арасында да сәйкестік күшті болады.

Жазыу үшін әріп алмай, таңба алған жұрттың бірі, мәселен, қытай. Мұның жазыуы біздің таңбамыз түрлі. Бізде ○○ (арғын), // (қыпшақ), ψ (төре). Қытайда = (ауыз) Λ (ит). Ауыз таңбасы мен ійт таңбасы қатар тұрса, мәселен, былай = Λ «үреді» деген сөз болады. Біздің жазыуымыз әріпше болмай таңбаша болса, біз де арғын таңбасы мен төре таңбасын қатар қойып |○○ψ| «арғын төресі» деп оқыр едік; қыпшақ таңбасы мен төре таңбасын қатар қойып / // ψ / «қыпшақ төресі» деп оқыр едік.

Қытай жазыу жүйесінің мысалы осы бұл жазыуша сауаттағанда, мұғалімнің дыбыспен де, әріппен де жұмысы жок. Әр сөзге арналған таңбаны танытса, сол таңбаларды қойдыра білсе, қытайша оқыуды да, жазыуды біліп сауаттанғаны.

«Ауыз» деген, «ит» деген, «үреді» деген – үшеуінің жазыуын оп-оңай үйреніп алдық. Қытайша хат біліу (сауаттаныу) қыйын дейтіні қайда? Қыйын жазыу ұшыраған кезде, «қытай жазыуы» деп мазақтайтындары қайда? Жоғарыда мысалға келтірген 2-3 сөздің таңбасын таныу да, таңбасын қою да оп-оңай емес пе? Қыйындығы қайда?

Мұның оңай болып тұрғаны – алған сөздің аздығынан. Қытай тіліндегі сөздің саны 10, 20, 30 болса, хатта 100 болса да, қытайша сауаттаныу оңай болар еді. Ондай болса, сөз саны. 10 мың, 20 мың, 30 мың болса, ондай көп сөздің әр қайсысына арналған

таңбасын таныуға көп уақыт керек. Ондай көп таңбаны ұмытпай баста сақтау үшін, басты көп әурелеу керек. Қытай тілінде 50 мың таңбасын жатқа білгенде ғана қытайша кәміл сауатты адам болмақ. Ойы жаттау [дың] оңай-жеңілін «Жаңа мектеп» жұурналының оқыушылары шамалай жатар, басқа жүйелі жазыулардың әңгімесіне көшейік.

Жазыу үшін әріп алғанмен, ол әріптері тіліндегі дыбыстарына сәйкес келмейтін ағылшын, әмерійкан сыйақты жұрттар. Бұлардың сөздерінің жазылыуы мен айтылыуы айырылып, алыс кеткендігі сонша, «ит деп жазып, шошқа деп оқыйды» деген мақал болған жазыу жүйесі нақ осылардікі.

Олардікінен гөрі тәуірлеу жазыу жүйесі пырансоздікі. Бірақ тәуірлеу дегенмен, мұның да оңған жері жоқ. Мұның әуелінде дыбыстарына әріп арнауында шатақтық көп. Пырансозда әріп басына жасалған толып жатқан ереже бар; толып жатқан қосымша белгілер бар. 26 әріптің 100 шамалы ережесі бар. Ол ережелері бойынша бір әріп түрлі орында түрлі айтылмақшы. Кей әріптер тұрған орнына, қарай жазылғанмен, тіпті оқылмай да қалмақшы. Кей әріптер басқа дыбыстармен қатар келген жерде, тіпті дыбысынан айырылып қалмақшы. Анықтық үшін азырақ мысал келтіріп көрсетелік.

«Бе ау» (beau) деп жазады, оны «бо» деп оқыйды.

«орейлле» (oreille) деп жазады «орей» деп оқыйды.

«мой» (moi) деп жазады, «мува» деп оқыйды.

«Коин» (koin) деп жазады «кувек» деп оқыйды.

«Айгүйлле» (aiquille) деп жазады, «егуй» деп оқыйды.

Тәуірлеу деген жазыу жүйесі мынау болса, мұнан жаманның жазылыуы мен айтылыуы арасындағы сәйкестігі қандай болмақ.

Бұл сыйақты жүйелі жазыумен сөздің ішіндегі дыбыстарын айырып, дыбыстарына қарап жазыуға болмайды.

Олай болса, сөздің дыбыстарын айыра біліудің қажеті жоқ. Мәселен, «егуй» деген сөзді «айгүйлле» деп жазатын болса, «мува» деген сөзді «мой» деп жазатын болса, ол сөздердің дыбыстарын айырыудың керегі не?

Сондықтан ағылшын, әмерійка, пырансоз жазыуларының жүйесі әріпті болғанмен, мағынасы таңба жүйелі жазыуға жақын. Мұнда да сөзді дыбыстарына қарай әріптерін қойып жазбайды, тек әріптерден құрап сөздің таңбасын салады. Мұндай жазыулар мен қытай жазыуының арасындағы айырмасы тек таңба сүуретін құрауында ғана: қытайлар сөз таңбасын әріп деп ат қойылмаған сызықтардан құрайды, ағылшын, әмерійкан, пырансоздар сөз таңбасын әріп деп ат қойылған сызықтардан құрайды.

Тілінің шартына қарай дыбысына сәйкестеп әріп арнауға болмағандықтан, сөзінің жазылыуы мен айтылыуы бөлектенген жұрттың мысалы – орыс халқы. Орыс тіліндегі дыбыстарға сәйкестеп әріптер белгілеу мүмкін емес: «сақал» орысша «барада» (борода), «сақалдар» дегенде «бороды» (бороды) дейді, «тырма» орысша «барана» (борона), «тырманы» дегенде «борыныу» (борону) дейді.

Бізде көпше жалғау немесе басқа жалғау қосылғанда, тек жалғау қосылғаны болмаса, сөздің басқа тұлғасы мен тұрпаты өзгермейді. Орыстікінде ондай емес: тек жалғау қосылып қана қоймайды, бүтін тұлға-тұрпаттарында өзгеріс кіреді. «О» дыбысы «а» дыбысына, «а» дыбысы «ы» дыбысына орыста айналып кете береді.

Сөздің дыбыстары сондай өзгергіш болған соң, орыс тіліндегі сөздердің дыбыстарына сәйкестеп әріп алыуға болмайды. Дыбысқа сәйкестеп әріп алынбаса, сөздің жазылыуы мен айтылыуы бөлектенбей қала алмайды.

Мұндай жазыуы бар жұрттың кей сөздерін дыбыстарына қарай жазыуға болады, кей сөздерін дыбыстарына қарамай, тек жатталған түрінде ғана жазыуға болады. Мәселен, орыстың бір сөзін дыбыстарына қарай жазсаң, он сөзін жатталған түрінде жазасың. Солай болған соң орыс жазыуы сыйақты жазыуларға сөздің дыбысын айыра біліудің керектік жағынан керексіздік жағы басым болып шығады.

Дыбыстар мен әріптер арасында сәйкестік күшті болғандықтан, сөзінің жазылыуы мен айтылыуының арасында да

сәйкестігі күшті жазыудың мысалы біздің қазактікі мен қырғыздікі. Бұлардың тіліндегі дыбыс басына арналып әріп алынған, әріп таңылған дыбыстан қайда тұрса да айырылмайды. Сөздері жазылғанда көбінесе-ақ сөзінің ішінде естілетін дыбысына қарай жазылады. Орыста бір сөз дыбысына қарай жазылып, он сөз дыбысына қарамай жазылатын болса, қазақта он сөз дыбысына жазылып, бір сөз ғана дыбысына қарамай жазылады.

Солай болған соң бізде сөздің ішіндегі дыбыстарын айыра біліу өте керек. Сөздің дыбыстарын дұрыс айыра біліп, оларға арналған әріптерді қойа біліудің өзімен де үйреніуші емлеміздің аз болса 60-70%-ын біліп қалады.

Біздің жазыу жүйемізбен ағылшын, әмерійка, пырансоз жазыу жүйесінің арасы алыс. Олардікі қытайдың таңба жүйелі жазыуына жақын. Он сөзінен бір сөзінде де болса сәйкестік бар, бізге біртабан жақын жүйелі жазыу орыстікі. Онан да гөрі бізге жақын жүйелі жазыу италыйанікі дейді (оның да сөзінің жазылыуы мен айтылыуы арасында сәйкестік көп деп айтылады).

Сүйтіп, жоғарыда айтылған сөзден мынадай нәрсе байқалады: Әуелі, жазыу екі негізді екендігі: 1) таңба негізді. 2) әріп негізді. Екінші, әріп негізді жазыулардың емле жүйелері түрлі-түрлі болатындығы. Үшінші, емле жүйелеріне қарай, әріп негізді жазыулардың таңба негізді жазыуға жақыны да, алысы да бар екендігі.

Осы күнгі колданып отырған емлелердің бәрі төрт жүйеге бөлінеді: 1) таңбаша жүйе, 2) дағдыша (тарыйхша) жүйе, 3) тұуысша жүйе, 4) дыбысша жүйе.

Таңбаша емле – таңба негізді жазыумен тәртіптес, негіздес емле, мәселен, қытайдікі.

Дағдыша емле – байағыдан бері жазып келе жатқан қалыпты қолданып отырған емле, мәселен, ағылшынша.

Тұуысша емле – сөздің тек басына қарамай, басқа түбірлес, тұуыстас сөздердің де айтылыуына қарайтын емле, мәселен, орысша.

Дыбысша емле – сөз дыбыстарының естіліуінше жазыу жолын қолданатын емле, мәселен, италыйанша, немісше, қазақша.

Бұл айтылған емле жүйелерінің бәрі де өріп негізді жазыулардың емле жүйелері. Бұлардың біреулері таңба жүйелі жазыуға жақын болатыны көрініп тұр. Сөздің айтылыуы мен жазылыуының арасы алыстаған сайын емле тәртібі таңба негізінен жақындамақшы. Сөздің айтылыуы мен жазылыуының арасындағы сәйкестік күшейген сайын емле тәртібі таңба негізінен алыстай бермекші.

Емле тәртібінің жүзіндегі жақындық, алыстық сауаттау әдісінің жүзінде де болмасқа мүмкін емес.

«Ауыз» деген сөзді мынадай (=) таңбамен жазатын қытай дыбысты әдіспен үйретер ме?

Ондай таңба салмағанмен, «ит деп жазып, шошқа деп оқыған» сыйақты «мой» деп жазып «мува» деп оқыйтын емле тәртібі бар ағылшын, әмерійкан, пырансоз сынды жұрттарға дыбысты әдісті қолданыу қолайлы бола ма?

Олар түгіл, «борода» деп жазып «барада» деп оқыйтын емле тәртібі бар орыс сыйақты жұрттарға да дыбысты әдісті қолданыу қолайсыз болатын орындары көрініп тұр.

Солай болған соң бұлардың бәрі де сөзді таңбаша жазып отырған соң немесе таңбаша жазыуға жақын түрде жазып отырған соң, таңбаша үйретіу әдісін қолданып отыр, «Тұтас сөз» әдісі деген сол «таңбаша үйретіу» әдісі болады: бұл әдісше әріппен жазылған сөз таңба мағынасында көрсетіліп, таңба есебінде үйретіледі.

«Сақал» деп жазып, «сақал» деп оқыйтын, «тырма» деп жазып, «тырма» деп оқыйтын дыбысша емлесі бар қазақ, қырғыз сыйақты жұрттарға дыбысты әдісті қолданыу тійістігіне дау болмасқа керек еді, үйткені басқа да дыбысша емлесі бар жұрттар дыбысты әдісті қолданып отыр. Мәселен, италыйан жұрты.

«Тұтас сөз» әдісін не мәніспен қолданып отырғандарына назар салмай, тек басқалар қолданып жатқанда, бізге де қолданыу керек деушілер бар. Рас, «тұтас сөз» әдісін бізге қолданыуға болады. Бірақ біз ағылшын, әмерійкан, пырансоздарша шарасыздықтан, ең болмағанда орыс қадары мұқтаж болғандықтан, оны

қолданбаймыз, дыбысты әдіспен үйретіуден «тұтас сөз» әдісімен үйретіу қолайлырақ, оңайырақ болса, қолданамыз. Олай болса, әуелі қайсысы қолайлы деген сауал қойып, соған берілген жауапқа қарай қайсысын колданыу тійісті болатындығын айтыу жөн.

Сауаттауға қайсысын қолайлы десек те қолайлылығын сыйпаттайтын тійісті дәлелдері боларға керек.

Сауаттауға әдістерін тексеріу ушін, әуелі, сауаттылық дегеннің не нәрсе екенін, оның негіздік жағы қайсы, негіздік емес жағы қайсы, онысын ашып алыу керек.

Сауатты адам деп қандай адамды айтамыз? – Оқый да, жаза да білетін адамды айтамыз.

Сауаттылық негізі оқыу ма, жазыу ма – мұны ашсақ, сауаттау әдісі қайсысынікі болатынын да ашамыз; үйткені – сауаттылықтың негізі не нәрсе болса, сауаттау әдісі де сонікі болыу керек.

Оқый біліп, жаза білмейтін адам бола ма? – болады. Ескіше үйренгендердің көбі-ак оқый біліп, жаза білмейтін. Ондай адамдарды толық сауатты деуге бола ма? – Болмайды. Ондайлар шала сауатты адамдар. Жаза біліп, оқый білмейтін адам бола ма? – Жоқ. Жаза білетіндер оқый да біледі. Олай болса сауаттылык негізі оқыу бола ма, жазыу бола ма? – Әрійне, жазыу болады.

Сауаттылық негізі жазыу екендігін сауаттылықтың шыққан жолы да көрсетеді. Сауаттылықты оқыу мұқтаждығы тұудырмаған, жазыу мұқтажы тұудырған. Мұқтаждық жазыуды тұудырған, оқыу жаза біліумен бірге қосыла біліп кететін қосалқы күйдегі асылы жазыу болып, оқыу соның бетіндегі нәрсе болып шығады.

Осы айтылғандардың бәрі сауаттылық негізі оқыу емес, жазыу екендігін сыйпаттайтын дәлелдер.

Сауаттылық асылы оқыу болмай, жазыу болса, сауаттау әдісінің де асылы оқыудікі болмай, жазыудікі болыу керек.

Ол не деген сөз болады? Ол – сауаттау әдістерін сынағанда, оларға оқыу үйрететін әдіс деп қарамай, жазыу үйрететін әдіс

деп қарау керек деген болады, жаза білдіріуге қолайлы әдіс – оқый білдіріуге де қолайлы болады, үйткені негіздік нәрсе, жазыу, оқыу жаза біліумен бірге қосыла біліп кететін қосалқы күйдегі нәрсе.

Жаза біліу үшін тілдегі дыбыстарды таный біліу керек. Ол дыбыстарға арналған әріптерін таный біліу керек. Таныған әріптерін жаза біліу керек. Жазған әріптерін дыбысымен атай біліу керек.

Әріптердің бәрін шапшаң жазыуға жарағанда, жазған әріптерін атауға жарағанда, екінші түрде айтқанда – шапшаң жаза білген де, шапшаң оқый білгенде, сауаты ашылды, сауатты адам болды дейміз.

Сауаттау әдісі дегеніміз – соны білдіріуге жұмсалатын түрлі әдістердің шұмағы болады.

Жазыу – әріптердің сүгіретін сала тізу; оқыу – әріптердің дыбыстарын айта тізу.

Әдісін алғанша қай істе болса қыйын болады. Әдісін алған соң, қайсысы да болса оңайланады. Істің шапшаң істеліу күйге жетіуі, қайта-қайта істеліп, дағдыға айналған кезде болады.

Сауаттаныу жас балалардың жүріуге үйренгені мысалды. Бастапқы кезде балалар айағын бір басып, бір тұрады, онан соң апыл-тапыл басып жүріуге жарайды. Онан кейін ақырын да болса кәдімгідей жүретін болады. Онан әрі жүгіріуге жарайды, жүгіріуге жарағаннан әрі жарысқа түсіп, жүрісті өнер есебінде қолданыу даражаға жетеді.

Балалар түгіл үлкендерді алсақ, олардың да бір нәрсемен жүріуге үйретіу жолы нақ әлгідей. Шій-айақпен сырғанақ тебіуге үйренгенде, үрелікпен немесе белетсепетпен жүріуге үйренгенде, бірден сырғытып кете алмайды. Бастапқы кезде жүріу әдісін алғанша, олар да балалар секілді өз денесін озі бійлей алмай, мүшелері өзіне көнбеген сыйақты, өзі жұмсаған жағына жүрмеген сыйақты болып, әр ісін бөлек-бөлек андап, әр қозғалысын бөлек-бөлек алып, санап істеген сыйақты болады. Әдісін алғаннан кейін батылырақ қыймылдайтын болады, онан әрі

батылырақ жүретін болады, онан соң қалай болса, солай жүретін болып әбден төселеді, төселгеннен әрман (қарай) басқалармен жарысып өнер салыстырарлық даражаға жетеді.

Сол сыйақты сауаттанарда балаларға болсын, үлкендерге болсын әдісін алғанша сөздің ішіндегі дыбыстарын танып, айырып шығарыу да қыйын, бөлек-бөлек дыбыстарды құрап-қосып, сөз қылып айтыу да қыйын.

Әдісін алғаннан кейін айырыудың да, қосыудың да қыйындығы жоғалады. Онан әрі тек жаттығыу, төселіу ғана қалады. Жаттығыу, төселіу үшін істін қайта-қайта істеліуі ғана шарт.

Жазыу да, оқыу да бір істеліп қана қойылатын іс емес, мектепте күнде керек болып, күнде істеліп отыратын іс.

Сондықтан мектептен шыққанша жазыу мен оқыуға балалар төселмек түгіл, әрі барған сайын қайсысын да болса өнер түрге айналдырып, әдемілеп жазыу, безендіріп оқыу қолынан келетін болады.

Сауаттау әдісінің қызметі жазыу мен оқыу әдісін алғанша бастапқы кезде болатын қыйындықты кемітіу, не жоғалтыу үшін, жүріуге үйренгенде балаларға беретін сүйеніш арба сыйақты, шій-айақ тебіуге үйренгендерге беретін сүйеніш шана сыйақты көмек беріу.

Енді үйретіу табыйғый жонімен жүріп, үйреніу әдісінің жолымен жүріп отырып, дыбысты әдіс пен тұтас сөзді әдістің жолдарына келейік.

Дыбысты әдіспен үйретіу жолы – әлгі айтылған үйреніушіге сүйеніш арба, сүйеніш шана беріп үйретіу жолы. Мұнымен үйренетіндер жүріу әдісін алмай тұрғанда, бойын бійлей алмағандықтан арбамен, шанаға сүйеніп қозғалған сыйақты жылжыйды. Соларға сүйеніп жүріп бойын үйретіп, мүшелерін жаттықтырып әдісін алыу сыйақты болады. Бірақ айағын бір басып, екі басып, ақырын жылжыса да, өздігінен өз мүшелерін жұмсаса, өз денесінің құуатымен жылжыйды. Бұлай жылжыған уақыт әр қыймылды мүшелері өзі істеп, өз басынан кешіріп сезіп, түйіп отырғандықтан, қыймыл тетігін тез аңдап, әдісін тез алады.

Дыбысты әдіспен үйретіу жолы – мысалмен түсіндіріп сууреттегенде, осы болып шығады.

Тұтас сөзді әдіспен үйретіу жолына келсек, ол – арбаны өзіне беріп, соған сүйендіріп, өзін қозғалтып, өзін жүргізіп үйретіу емес, арбаға тіркеп, біреу сырғытып жүргізіп, жіберіп отырып үйретіу сыйақты. Немесе шанаға тіркеп, біреу сырғанатып жіберіп отырып үйретіу сыйақты. Өз күшімен жылжымай, басқаның күшімен бара жатқан соң, сырттан қарағанда жүре білмейтін баланың жүрісі жүре білетін баланың жүрісі сыйақты көрінеді. Шій-айақ тебе білмейтін адамның сырғанағаны тебе білетін адамның сырғанағанындай болып көрінеді. Бірақ жүргізіп жүрген құуат біткен жеріне дейін барады да, одан әрі жылжымай түрып алады, жылжыу үшін әрдайым біреудің күшін керек қылады. Үйткені, әрбір жүріп келген жеріне өз денесінің құуатымен жүріп келмейді, біреудің жүргізген құуатымен келеді. Мұнда дайым біреу жүргізіп, басқаның құуатымен қозғалып отырған соң өз санасының ісімен жұмысы өз денесінің құуаты аз қатысқандықтан, қыймыл тетігін тез аңдап, әдісін тез ала алмайды.

Тұтас сөзді әдіспен үйретіу жолы – мысалмен түсіндіргенде осы болады.

Осындай мысалға келтірген жүріуге, сырғанақ тебіуге үйретіу әдісінің екі жолын сауаттау әдістерінің мысалына алмай, жас баланы жүріуге, үлкенді шій-айақ тебіуге үйретіудің әдісі болған нақ өз қалпында алып сынға салсақ, жүріумен сырғанақ тебіуді үйретіуге жоғарғы екі әдістің қайсысы жақсы дер едік?

Әрійне, алдыңғысы жақсы екендігіне дау жоқ. Солай болған соң алдыңғы әдіске ұқсас дыбысты әдісті, соңғы әдіске ұқсас тұтас сөзді әдісті екеуін де ешбір тілге, емлемен әліп-бій жүйелеріне матастырмастан өз алдына оңаша тұрған күйлерінде алып тек қана асылын тійісінше тексеріп қарасақ, дыбысты әдіспен үйретіу жолының артықтығы да даусыз нәрсе болып шығады.

Егерде тұтас сөзді әдісті дыбысты әдіспен төмен бола тұрса да, керек қылатын болсақ, онда басқа жұрттардікіндей

тіліміздің, емлеміздің, әліп-бійіміздің жағдайына қарай, шарасыз керек қылатын орнымыз боларға керек.

Ондай шарасыз керек қылатын орнымыздың бар-жоғы қазақша сауаттау әдісін көрсеткен кезде білінбекші.

Келесі әңгімелеріміз қазақша сауаттау әдісі тұуралы болмақшы.

СӘБІЙТКЕ ЖАУАП

«Еңбекші қазақтың» №15 нөмірінде «Әскерлік атауларында» орыс ұраны «ура» орнына қазақ ұраны «алаш» алынғанын жаратпай, Сәбійт бірталай сөз қылыпты.

Сәбійт сыйақты түйрерлік, шаншарлық өткір қалам бізде қайдан болсын. Сондықтан сөзді көбейтпей, тұурасынан даулы мәселеге түсейін.

Қазақ әскеріне «алаш» ұранын қолданыуға қолайсыз көргендегі Сәбійттің келтіретін дәлелі мынау: «Ертең соғыс бола қалып, Алаш орда бас көтерсе, біз «ураның» орнына «Алаш» деп шабамыз ба? Алда, масқара-ай! Ұйат-ай!» – деп ұйалғаннан жерге кіріп кете жаздайды.

«Алаш» деп шабыу Сәбійтке масқара, ұйат нәрсе болып көрінетін себебі – «Алаш» қазақ ұраны болғанмен, ол соңғы кезде қазақтың байлары қолданған ұран емес пе еді? – дейді.

Сүйтіп, жаратпағандағы бар болған дәлелдері осы.

Енді орыстың «ура» ұранына келейік. Оны да Сәбійтше тексерейік. Сәбійтше тексеріу үшін Сәбійтше болжалға салайық та, сұрайық. Ертең соғыс бола қалып, орыстың ақтары басын көтерсе, оларға қарсы орыс көменестері, қызыл әскері шапқанда, «ура» орыс байлары, жанаралдары, патсалары, солдаттары тұтынған, қолданған ұран еді деп «ураны» ұйалып айтпай ма екен? Немесе қазақтың байлары «Алаш» ұранын қолданған кезде орыс байлары «ура» ұранын қолданбады ма екен?

Ертең басын көтергенде қызылға қарсы «ура!» деп шаппай ма екен? Болмаса ақтар уралап шапқанда қызыл әскер қызылға қосылып кете ме екен?

Орыс байлары, патсалары қолданған «ураны» айтыуға орыс көменестері ұйалмағанда, қазақ байлары қолданған «алашты» айтыуға ұйалатын мәнісі немене екен? Әлде «ура» орыстың байлары, ақтары қолданбайтын, тек қана жарлылары, қызылдары қолданатын интернационалдық ұран болған ба екен?

Оны Сәбійт білмесе, біз білмедік. Сәбійт не дейді? Көменес партийасы не дейді? «Ұлт мәденійетінің пормысы (қалыбы) ұлтша болсын, мазмұны пролетарыйатша болсын» дейді партийа.

Пормы деген нәрсенің тысқы қабығы сыйақты жағы, мазмұн деген ішкі дәні, маңызы сыйақты жағы. Партыйа қарауынша ұлт мәдениетіндегі істің мәні тысында емес, ішінде екендігі көрінеді.

«Алаш» та, «ура» да – ұлт сөздері. Ұлт сөздері болған соң әр қайсысы өз ұлтындағы бай-жарлыға бірдей ортақ сөз болады. Үйткені ұлт болатын 10% бойы ғана емес, 90% жарлы мен орташасы. Бұл – бір.

Екінші, сөз – тысқылық нәрсе. Тысқылық нәрсе екендігін «ураны» қызылдар да, ақтар да бірдей қолданатындығы көрсетеді. Жалғыз бұл сөз емес, басқа сөздер де көрсетеді. Мәселен, *Сәбет, кемесер* тағысын тағы сөздер. Сәбет атты мекемелер патша заманында да бар еді (*Мемлекеттік Сәбет, Министрлер Сәбеті,* қазақта хан ордасында *депутат сәбеті* бар еді). Кемесер атты лауазым пролетарыйат бійлеп отырған мемлекетте де бар. Солардың «Сәбет», «кемесер» деген аттары ғана бірдей, заттары бірдей емес. Сөз тысқылық нәрсе болмай, ішкілік нәрсе болса, былай бола алмас еді.

«Ертең алаштап шапсақ, Алаш орда болып кетеміз» деген – түкке тұрмайтын, дәлелсіз сөз. Уралап шапқаннан орыс қызыл әскері ақтар солдаты болып шықпайтын болса, алаштап шапқаннан Сәбійт Алаш орданың адамы болмайды.

Пролетарыйатша тәрбійе алған қызыл әскер болсын, Сәбійт болсын, уралап шаба ма, алаштап шаба ма, пролетарыйат жағында болады. Егерде байлар да олар байларша тәрбійе алса, уралап шаба ма, алаштап шаба ма, – байлар жағында болады.

Олай болса, кеп сөзде емес, тәрбійеде. Партыйаның айтып отырғаны да осы. Осылай болмаса, әр ұлтты пролетарыйатша тәрбійелегенде, өз тілімен тәрбійелемей, бір-ақ тілде тәрбійелер еді ғой.

Тіл демекші, бұ жағынан да Сәбійт бірталай сөйлеген екен. Онысына айтатыным: жат сөздерді басқалар, мәселен, орыстар өз тілінің заңына үйлестіріп алғанда, солай алыуға біздің де қақымыз бар деймін. Ақшасын адалдамай алып отыр деген тағы жаласы бар екен. Оның адал-арамын жалғыз Сәбійт емес, өзгелер де білетін шығар деп, онысына ештеме демей-ақ қойамын.

Сәбитке жауап. «Еңбекші қазақ» газеті.
1928 жыл 26 қаңтарындағы саны

ЕМЛЕ ТҰУРАЛЫ

(қысқартылып басылды)

Емле негізі 4 түрлі: 1) таңба жүйелі (негізі ынтымақ); 2) тарыйх жүйелі (негізі дағды); 3) тұуыс жүйелі (негізі тегіне қарау); 4) дыбыс жүйелі (негізі естіліуіне қарау).

1. Таңба жүйелі емле арғынға дөңгелек таңба алайық. Қыпшаққа «әліп» таңба алайық деген сыйақты немесе «бірге» мынадай: «1» белгі, «екіге» мынадай «2» белгі алайық деген сыйақты, не болмаса пәлен дыбысқа пәлен белгі алайық деп дыбыс басына әріп арнаған сыйақты, тіл іліміне тіремей, тек ынтымақ пен мына сөзді мынадай, ана сөзді анадай етіп жазайық деу мен жасалатын емле жүйесі, емленің бұл жүйесін алыу-алмау жағын сөз қылмай өтеміз; үйткені жоғарыда емлеміз қалай жасалса да, негізгі тіл іліміне, тіл жүйесіне тіреліп отырып жасалыу тійіс дедік.

2. Тарыйх жүйелі емле байағы бір жасалған түрінде қолданып дағдыланғандықтан, тіл өзгерсе де өзгерместен әдеттенген бойынша қолданатын емле. Ондай емледе бір дыбысқа арналған әріп, тіл дыбыстары өзгеріп кеткендіктен бірнеше дыбыстың ортасындағы ортақ таңба болыуы мүмкін. Бір дыбысты жазыуға бірнеше әріп жұмсалыуы мүмкін немесе тіпті дыбысы жоғалып кеткен әріптер де әлі күнге жоғалмастан сөз ішінде жазылып жүріуі мүмкін. Емлеміз бұл жүйелі болыу-болмауын тағы сөз қылмай өтеміз, үйткені дағдыланған емлеше жазамыз десек, емле мәселесі қозғалмас еді.

3. Тұуыс жүйелі емле – сөздің ауыздан шыққандай дыбыстарына қарамай, тегіне қарап отырып жазатын емле. Мәселен, ауыздан шыққанда «қорада бір қара ат тұр екен» дегенде «қара» деген «ат» деген сөздерді ауыздан шығыуынша «қарат» деп жазбай, «қара ат» деп жазады. Сол секілді ауыздан шыққанда, «солай болсигеді» болып естілсе де, жазғанда «солай болса ійгі еді» деп, «болса», «ійгі», «еді» деген сөздердің тегіне қарап жазады. Біздің осы күнгі емлемізше жазыу бар болғандықтан, емленің бұл түрі сөз болыуға тійіс.

4. Дыбыс жүйелі емле – сөздерді ауыздан шыққан күйінше жазатын емле. Сөздің ауыздан шығыуының өзі екі түрлі болады. Сөйлегенде сөздер бір-біріне жалғаса айтылғанда ауыздан бір түрлі болып шығады: әр сөзді оңаша жеке алып айтқанда ауыздан екінші түрлі болып шығады. Оның мысалын айқын түрде «ақ», «көк» деген сөздердің айтылыуынан көріуге болады. Осы сөздерді оңаша жеке түрінде айтсақ, ауыздан айнымай шығады: соларға «өгіз» деген сөзді жалғас айтсақ, әлгі сөздеріміздің айағы айнып, екінші түрлі естіледі (*ақ өгіз – аг өгіз, көк өгіз – көг өгіз).*

Дыбыс жүйелі емленің сөйлегендегі ауыздан шығыуынша жазыу түрін тілдің ілім-білімі жүзінде қолданбаса, өнер-білім жүзінде еш жұртта қолданыу жоқ. Жеке айтқандағы ауыздан шығыуынша жазыу түрін біздің қазақ қолданып келеді. Сондықтан емлемізді тұуыс жүйесіне қатысқан жерлеріне қарамай, көпшілігіне қарап, «дыбыс жүйелі» деп атап келдік.

Жаңа емлешілер емле үйреніуге жеңіл болыу үшін дыбыс жүйелі болыу тійіс дейді: керек орындарда ғана тұуыс жүйелі (сөз жүйелі) болсын дейді. Бұрынғы емлеміз дыбыс жүйелі емес пе еді? Тұуыс жүйесін керексіз орында кірістіріуші едік пе? Бұрынғы емлемізде дыбыс жүйелі екендігін, тұуыс жүйелі қандай керек орындарда кірісетіндігін жоғарыда айтып өттік. Олай болса, жаңа емлешілердің емле жобасының бұрынғыдан басқалығы қай жерінде? Басқалығы мынадай: екі сөз, үш сөз жалғаса айтылғандағы дыбыстарының естіліуінше жазыу тійіс дейді (бұрынғы емлемізде әр сөз жеке айтылғандағы естіліуінше жазылатын). Бұл – бір. Екінші – үйлес болғандықтан, бірінің орнына бірі алмасып айтылатын дыбыстардың тегі тексерілмей ауыздан шығыуынша жазылсын дейді. Бұрынғы емлемізде ондай дыбыстар ауыздан шығыуына қарамай, тегіне қарап жазылатын. Мысал үшін бұрынғы емлеше жазыу мен жаңа жобаша жазылыу арасындағы айырымын бірнеше сөз алып көрсетіп өтейік. Алдыңғысы бұрынғыша, соңғысы жаңаша жазылған сөздер болады: *Тұрғанбай – Тұрғамбай, қонған – қоңған,*

көнген – көңген, інге – іңге, бара алмайды – баралмайды, келе алмайды – келалмайды, келе алмай тұрмын – келалмайтұрмын, бүрсі күні – бүрсігүні, бұрнағы күні – бұрнағыгүні, жазды күні – жаздыгүні, тұзсыз – тұссыз, басшы – башшы, ізші – ішші, қазса – қасса тағы сондайлар.

Мұны мен емле үйреніуге оңай болар ма? Көз таныуына, қол жүріуіне жеңіл болар ма? Басқа түріктерге түсініктірек болып жақындар ма? – Жоқ. Олай болса, бұрынғыдан мұның несін артық деп аламыз?

Емлені бұрынғысынан артық болғандай етіп өзгертіуде мағына бар; бұрынғысынан төмен болғандай етіп өзгертіуде мағына да, мақсат та жоқ. Кілең тұуыс жүйелі болсын дейтіндер де, кілең дыбыс жүйелі болсын дейтіндер де алдарында неге барып қамалатындарына не көз салмайды-ау деймін.

Кілең тұуыс жүйелі емле болсын дегенде, «балалы», «тұзлы», «атлы», «баланы», «тұзны», «атны» деп жазатын болмақ. Бұлай жазыу қолайлы болып табылар ма? Кілең дыбыс жүйелі болсын дегенде, «сөзшең» дегенді «сөшшең» деп, «ізшілер», «ісшілер» деген сөздердің екеуін де бірдей «ішшілер» деп, «кійгізсе» дегенді «кійгіссе» деп, «кійгізше» дегенді «кійгішше» деп, «жазса» дегенді «жасса» деп, «қызса» дегенді «қысса» деп, «сезсе» дегенді «сессе» деп жазатын болмақ. Бұлай жазыу қолайлы бола алар ма?

Екі жүйені де аралас тұтыныу керек деушілер: керегіне қарап, екеуін де тұтыныу керек дейді. Солай дейді де, мынау сөзді мынадай, анау сөзді анадай етіп жазайық деп, сөз басына ереже жасайды. Сөз басына ереже жасайтын болсақ, ондай емле қолайлы, оңай емле болып табылар ма?

Онан басқа тағы бір байқалып тұрған нәрсе сөздерді қосып жазыуға құмарлық. Ол құмарлықтың ар жағы неге барып кійлігетініне тағы көз салынбайды-ау деймін. Мәселен: «бара алмайды» дегенді «баралмайды» деп жазыу керек дейтін бар. Бұл қосылып айтылып тұрған сөздердің біреуі көсемше етістік, екіншісі – көмекші етістік екен. Бұл екі түрлі етістіктің

бірлесіп айтылыуы ылғый бір көсемше, бір көмекшіден болып отырмайды.

Онан көбірек болып бірлесетін орындары болады. Менің ойымша, қопа қардай етіп емле жүйесін өзгертеміз демей, бұрынғы емленің кеміс жерлері болса, соларын тексеріп, соларын ғана түзеу. Басқа түріктерге жазыу тіліміз түсінікті болыу үшін мүмкіндігінше жанастырыу жағына қарап ійкемдеу.

Осы күнге дейін тұтынып отырған емлеміздің кемшілігінің бәрін түзеп, жоғарыда айтылған тұуыс жүйелі емленің де, дыбыс жүйелі емленің де түкпіріне қамалмай өтетін екеуінің арасынан жол тауып беретін төменгі ұсыныс болады деймін:

1. Әрбір өз алдына түбірі бар сөз оңаша айтылғандағы естіліуінше жазылыу.
2. Азған сөз азған күйіндегі естіліуінше жазылыу.
3. Үйлестіктен дүдәмал естілетін болған дыбыстар айқын орындардағы естіліуінше жазылыу.
4. Қосымшалар қосылатын сөздерімен бірге жазылыу.
5. Қосалқы сөз, қос сөз, қосар сөз, қосынды сөз бәрі де қосарлық (-) белгімен жазылыу.
6. Жалғаулықтар бөлек жазылыу: онысынан басқа жағы жалғау ережесінше болады.
7. Үйір айтылатын сын есім мен зат есім бөлек жазылыу. Қосынды сөзге айналғандары басқа қосынды сөздерше қосарлықпен (-) жазылыу. Сын есімнің шырай күшейткіштері де қосарлықпен (-) жазылыу.
8. Көсемше, көмекші етістіктер бөлек жазылыу.

* * *

Мұның әр қайсысын бас-басына байандасақ мынау болады:

1. «Әрбір түбірлі сөз» дегенде мағына жағынан алмай, тұлға жағынан алып, өз алдына түбірі бар сөзді айтып отырмын. Қазақ тілінде екі сөз, үш сөз, төрт сөз қатта бес сөз бірлесіп, бір ұғым, бір мағаналы болып келіуі жиі ұшырайды. Мәселен: «кете берер», «кете берер ме?», «кете берер ме екен?», «кете бере алар

ма екен?», «кете бере алмай отырғанымды-ау». Осыларды бірге айтылғанына қарай, бір мағына көрсетіуіне қарай біріктіріп, тұтастырып айтып, естіліуінше тұтастырып жазыу емлені оңайлатпайды. Сондықтан әр қайсысын түбір-түбірімен айырып алып, оңаша шығарып айтып, сондағы естіліуінше жазамыз.

Осылай жазылғанда үйреніуге де, көз таныуына да, басқа түріктер оңай түсінуіне жеп-жеңіл болады.

2. «Азған сөз» дегенде «үйтіп», «бүйтіп», «сүйтіп», «әйтседе», «әйтпесе», «бұрнағы», «бүрсі», «белбеу» деген сыйақты сөздерді айтамын. Сөздің азып өзгеріуі бар, айнып өзгеріуі бар. Соңғысы – дыбысы айнып, бірде олай, бірде бұлай айтылыуынан болатын өзгеріс. Алдыңғысы – ондай емес, тұрлаулы өзгеріс. Солай болған соң «азған сөз» деп сол күйінде айнымай қалатын сөзді айтамыз.

3. «Үйлестікпен» дүдәмал естілетін дыбыстар деп **б – п, т – д, ж – ш – з – с – ш – з – ш – н** сыйақты айтылыуында ұқсастық, үйлестік бар дыбыстар жанындағы басқа дыбыстардың әсерімен күңгейленіп немесе өздері қатар келіп, бірін бірі күңгейлеп не болмаса біріне бірі үйлес болған соң бірінің орнына бірін алмастырып айтыуы мүмкін болатын орындарда қайсысы екені ашық естілмейді. Сондай орындарда күңгейленбейтін айқын жерге келтіріп айтып, сондағы естіліуінше жазыу. Мәселен: «Қасекең сау күндегі әнге басты» дегенде «басты» деген жіктеу жалғауында «т» естіле ме, «д» естіле ме? – дүдәмал, ашық емес. Қасындағы «с» дыбысының әсерімен күңгейленіп, анық естілмей тұр.

Күңгейлеп тұрған дыбыстар аулақ, басқа жерге қойып айтып көріу керек. Мәселен, *«Қас екең сау күндегі әнге салды»* десек, қай дыбыс екені анық естіледі. Сол сыйақты септеу жалғаулары да көмескі естіліп, дүдәмәлдік болады, мәселен: *бастың ба? – басдың ба? басты ма? – басды ма? баста ма? – басда ма? бастан ба? – басдан ба?* – дүдәмал, анық емес. Мұнда да әлгідей жалғауларды әсер етіп тұрған дыбыстан құтқарыу үшін айағында әсер етпейтін дыбыс бар сөздерге жалғап қарау керек.

Мәселен, *балдың, малдың, қардың, қаздың, балды, малды, қазды, қарды, балда, малда, қарда, қазда, балдан, малдан, қардан, қаздан*. Қай дыбыс екені мұнда анық естіліп тұр. Бұлар үйлес дыбыстар, басқа дыбыстардың әсерімен күңгейленгенде болатын дүдәмәлдік.

Енді үйлес дыбыстардың әсері мен күңгейленгенде болатын дүдәмәлікті мыйсалмен көрсетелік: «мылтық атты» . Мұнда да жіктеу жалғауы не болатыны дүдәмәл болып тұр: – **ты** ма? – **ды** ма? – белгісіз, анық емес. «Қымыз ішше», «сұу кешше», «кійім пішше», «құс ұшша», «құлын қашша» айағына қосылып тұрған рай белгісі дүдәмәл: – **ше** ме? – **ша** ма? – **са** ма? Бұлар – үйлес дыбыстардың бірін бірі күңгейлеуінің бір түрі. Бұлардың анығына жетіу үшін алдыңғы айтылған әдіс істеледі. Мәселен, «мылтық алды» десек, не жалғау екені ашылады. «Қымызға қанса», «сұу сепсе», «кійім кійсе», «құс қонса», «құлын құуса» дегенде рай белгісінің қандай екені анық ашылады. Үйлес дыбыстардың бірін бірі күңгейлегенде болатын дүдәмәлдіктің екінші түрі бар. Олар мынау сыйақтылар: «құрған тешше», «басқан ішше», «төккен тұсса», «тұздық тұссыз», «қазан ашшы», «нан кешші», «көссіз көбелектей», «ішшілер ізіне түсті», «ішшілер ісін тоқтатты», «башшылар баж басты», «башшылар алға түсті» .

Сөздің бұл жалғауларында емес, негізіне әсер етіу, негізін күңгейлеу болғандықтан, сөздің негізін айқын шығарып, айтқандағы естіліуінше жазыу. Үйлес болғандықтан, бірінің орнына бірі айтылыу мүмкіндіктен болатын дүдәмәлдік мынау сыйақтылар: *Қорғамбай – Қорғанбай, Арғымбай – Арғынбай, Тасқымбай – Тасқынбай, қоңған – қонған, жоңған – жонған, жаңған – жанған, көңген – көнген, өңген – өнген, міңген – мінген, сеңген – сенген, күңге – күнге* тағысын тағы сондай сөздер. Бұлардың қайсысы дұрыс? Әрійне, соңғылары дұрыс. Үйткені *қорғам, арғым, Тасқым* деген сөзден шықпағаны, *қорған, арғын, тасқын* деген сөздерден шыққаны көрініп тұр. Онан кейінгілеріне келсек, бұларда әсер етіп тұрған «ғ» мен «г» дыбыстары. Олардың әсерінен құтылса болғаны, дүдәмәлдік жоғалады.

Мәселен: «қоныс», «қондық», «жоныу», «жондым», «жанып», «жанды», «көніп», «көнді», «өніс», «өнім», «мініп», «мініс», «сеніп», «сенім», «күнде», «күндік» дегенде, дүдәмәлдік жоғалып, «ң» емес, «н» екені ап-анық көрініп тұр.

4. Қосымшалар дегеніміз – жұрнақтар мен жалғаулар. Олар бұрын да солай (бірге) жазылатын.

5. Қосалқы сөздер (демеулер) білімпаздар сійезіне дейін қосарлық белгімен жазылып жүрді. Білімпаздар сійезі бөлек жазылсын деді. Оқыу жағына қолайсыздық ететін болған соң енді қосарлықпен (-) жазылыуы қолайланып тұр. Қосарынан айтылатын қос сөз, қосар сөз – бұлар бұрында қосарлық (-) белгімен жазылатын. Бұлар тұуралы өзгеріс жоқ. Мәселен: *құрт-құмырсқа, бақа-шайан, айақ-табақ, төсек-орын, бала-шаға, келін-кепшік, қысылып-қымтынып, құрап-сұрап, артып-тартып, ырғап-жырғап* тағысын тағы сондай сөздер бұрын да осылай қосарлық (-) белгімен жазылатын.

Қосынды сөз бұрын «Тіл – құралда» қос сөздің біріне саналып, «жалқылаушы қос сөз» деп атанып келіп еді. Былтырдан бері атын ықшамдау үшін, балаларға үйреткенде жеңіл болыу үшін «қосынды» деп атайтын болдық. Балалар үшін шығарған «Тіл жұмсар» деген кітапшаларда солай аталған. Бұлар бір өңкей болса, қосыла жазылатын. Бір өңкей болмаса, араларынан қосарлық (-) белгісі қойылып жазылатын. Мәселен: *қолғап, жүк-айақ, төсек-ағаш, тұс-кійіз, тұстартпа, келі-сап, балта-сап, қаламсап, қаламбас, қазоты, кійік оты, Ақ-төбе, Ақмола, Қызылжар, Атбасар* тағысын тағы сондай сөздер. Енді бұлардың бәрі де қосарлықпен (-) жазылады.

6. Жалғаулықтар бұрыннан бөлек жазылатын. Олардың жазылыу жағы солай қалады. Мұнда қосымша ескертіу есебінде айтылып отырған бөлек жазылыуынан басқасы жалғау ережесінше деген сөз.

Олай айтылып отырғаны мынау: жалғаулықтардың кейбіреулері алдыңғы сөздің айағындағы дыбыстың әсерінен жалғауларша айныйды. Мәселен, «менен», «мен», «бенен», «бен» болып

айтылғандай, бұлардың арасында дүдәмәлдік жоқ. «Бенен» «бен» алдындағы дыбыстың әсері мен «пенен», «пен» сыйақты болып естілгенде дүдәмәлдік тұуады. Сондай жерде анығын жалғаулардың дүдәмәлдігін ашатын жолмен айырыуымыз керек.

7. Үйір айтылатын сөздер бұрыннан бөлек жазылатын. Мәселен: *бұл ат ала байтал, ақ нар, құла құнан, тоз шелек, жез құман, күміс жүзік* тағысын тағы сондай сөздер. Үйір сөзден қосындыға айналған сөздер тұуралы көрсетілген белгілі жол жоқ еді. Сондықтан бұларды әркім әртүрлі жазыуы мүмкін еді. Енді бұларға да тәртіп жасау үшін ашық айтылып отыр. Үйір сөздің қосындыға айналғаны да қосарлықпен жазылады дегенде төмендегі сөздердің төмендегіше жазылыуы айтылып отыр: *ақ-сақал, ала-бота, сасық- құурай, май-шағыр, боз-жүусан, боз-торғай, бор-бүға, қара-құс, көк-құтан, ақ-құу, ала-қарға, қара-қарға, торы-ала қаз* тағысын тағылары осылай қосарлық (-) белгімен жазылады.

Шырай күшейткіштері деп таңдаулы шырайдың басына сөздің өзінен алып күшейтіу үшін қосатын бұуындар айтылып отыр. Мәселен: *қып-қызыл, сап-сары, үп-үлкен, ып-ықшам, ып-ыңғайлы, біп-бійік, сып-сыйда, шіп-шійкі* тағысын тағы сондайлар. Бұлар бұрын да солай жазылатын, қосып жазыу керек деушілер болғаннан мұндай сөз болып отыр.

8. Көсемше, көмекші етістіктер бұрын бөлек жазылатын. Онда өзгеріс жоқ. Тек бірге жазыу керек деушілер болғандықтан, айырықша сөз болып отыр. Бұған қосымша түрде айтып ескертіп өтетін нәрселер мыналар:

1. Лепестен, лебізден шыққан сөздер шыққан лепес пен лебізіндегі айтылған қалпынан айнымай жазылыу. Лепестен шыққан сөздер деп одағаймен бірлесе айтылатын сөздерді айтамыз. Мәселен: «Ой, пәлі!», «А, пірім!», «А, Құдай!», «А, пірім-ау!», «А, пірім-ай».

Лебізден шыққан сөздер деп «кет әрі», «әпер бақан», «көріп-кел», «ұр да жық», «барса келмес», «найзамды әпер», «шаш ал десе бас алар» деген сыйақты сөздерді айтамыз.

2. Есімшелі қосынды сөздер де қосынды сөздерше қосарлықпен (-) жазылады. Мәселен: *Қой-бағар, Тай-мінер, Жылқы-айдар, Қой-айдар, Тау-соғар, Көп-жасар, ійт-алмас* (жалқы есімдер), *бір-санар, бір-тартар, бұу-тартар, ат шабар, бес-атар, құс-қонбас, ійт-кірмес, жел-кесер (*жалпы есімдер).

3. Дүдәмәлдігі ашылмастай орындарда сондай дүдәмәлдік ашылған орындағы тәжірійбе бағытымен жазыу. Мәселен: *аспан ба? асбан ба?* – дүдәмәл екен, жоғарыдағы айтылған жолмен айқынға шығарып ашыу болмайды екен. Сол сыйақты сөздер өте көп болмағанмен, қазақ тілінде ұшырайды: *дұспан – дұсбан, оқпан – оқбан, кетпен – кетбен, шекпен – шекбен* тағысын тағылар.

Бұларды «п» мен «б» дүдәмәл болған орындағы ашылыуы ылғый «б» жағына болғандықтан, «б»-мен жазыу. Түбін қарап тексергенде де, солардың көбі «б»-мен жазылыуға тійіс болып шығады. Мәселен: «асбан», «дұсбан», «данышбан», «кетбен» деген сөздер «асман», «дұшман», «данышман», «кетмен» деген сөздерден шыққан: «м» дыбысы «б» дыбысымен алмасып отырады. «Қақбан», «қақба», «қақбақ», «өкбе», «оқбан» секілді сөздерде «қақбан», «қақба», «қақбақ», «өкбе», «оқбан» дегеннен дыбыстары алмасыу мен «б» дыбысты сөз екені көрініп тұр.

4. «ы» әрпі бітеу бұуындарда да қалмай жазылыу, *қарт – қарыт, арт – арыт, жұрт – жұрыт, сырт – сырыт, құрт – құрыт* дегендегі сызықша мен қосақтап қатарлап қойған сөздердің айтылыуы бірдей емес. Бітеу бұуынға «ы» жазсақ, бұлар бірдей жазылатын болады: бірдей жазылса, бірдей естіледі деген болып шығады.

5. «Асыу», «алыу», «барыу», «келіу» деген сөздерді «сұу», «шұу», «тұу» деген сыйақты етіп, айағына «ұу» келтіріп жазамыз деушілер бар. Тіпті жалғыз ғана «у» келтіріп жазамыз деушілер бар. Олардың бәрі де – жете тексермегендіктен айтылып отырған сөздер. «Алып» демей, «алұп» деп, «асыб» демей, «асұп» деп, «барып» демей, «барұп» деп, «келіб» демей, «келүб» деп жазатын болсақ, «алұу», «барұу», «келүу» деп жазыуға

болады. Олай жазбай, «алып», «асып», «барып», «келіп» деп жазатын болсақ, «у»-дың алдына «ұ» («ү») жазыудың орны жоқ. Мұндай «у» сөздің айағына «б» есебінде қосылып тұрған дыбыс немесе «алыс», «беріс», «барыс», «келіс» дегендері сөздердің ішіндегі «с» есебінде қосылып тұрған сөз. «Алыс» деген «алыу» деген «барыс» деген «барыу» деген, «келіс» деген «келіу» деген сөздердегі айырым айақ дыбыстарында ғана, басқа жерінде айырым жоқ. Егер «алұс», «барұс», «келүс» деп жазсақ, онда «алұу», «барұу», «келүу» деп жазыу дұрыс. Бірақ «алұс», «барұс», «келүс» деп айтпаймыз ғой. Егерде «ұ» («ү») мен «ы» («і») дүдәмәл естілетін болса, ол дүдәмәлдік «ы» жағына қарай шешіліп отырады ғой. Мәселен: «тан» деген, «таны» деген, «жан» деген «жаны», «тас» деген «тасы» деген сөздерді алып, айақтарына «п», «с», «у» қосып тұуынды сөз жасасақ, айағы дауысты дыбыс болса, осы дыбыстарды қосамыз да қойамыз. Айағы басқа дыбыстар болса, «ы» арқылы қосамыз: «танып», «таныс», «таныу», «жанып», «жаныс», «жаныу», «тасып», «тасыс», «тасыу». Осында «ұ» дыбыстың келіп кірерлік орны бар ма? Қай жерден келіп кіріспекші?

6. **р, л, у, й** әріптерінің алдында «ы» әрпі жазылыу-жазылмауы естіліуінше: естілсе жазылады, естілмесе жазылмайды. Мәселен: *лыпа, леп, лепес, лап қойды, лаулап жанды, лоқы, лықылдап, Ленін, Лепсі* деген сөздердің алдында келген «л» таптаза «ы»-сыз естіліп тұр. Оған «ы» жазыудың керегі жоқ. *Ылай, ылайық, ылаж, ылау, ілім, ілік, ылғый* деген сөздерде «л» алдында «ы» анық естіліп тұр. Егерде осы айтылған сөздердің өздерін дауға салыушылар болса, онда әркімнің құлағы әртүрлі еститін болғаны немесе әркім солай естіледі деп ұғып әдеттеніп қалғаны. Ондай дау болған орында өлең өлшеуімен ашылады. Онан басқа ашатын кілтін әзірге ешкім тапқан жоқ. Өлең арқылы тексергенде «р», «л» сөз басында тіпті келмейтін көрінеді. «у» жалғыз-ақ «уақыт» деген сөзде келетін көрінеді. Онда да қазақтың «ұуақытты» қысқартып, кейде «ұуақ» деп айтатындығынан, қазақтың «ұуақыт» деп айтатын жерін баспадағылар

немесе жазыудағылар «уақыт» дегенге айналдырғаннан болады. Қалайда жалпы ереже бұлар тұурасында естілсе, «ы» жазыу, естілсе, «ұ» жазыу, естілмесе жазбау. Мәселен: *ұрыу, ұрықсат, дұрыс, ырыс, ырым, ырғақ, ыржаң, ірі, ірімшік* деген сөздердің басында «ұ», «ы» бар екеніне дау болмас. Болса қалай етеміз? – әрійне, өлеңмен болмаса басқа шара жоқ.

«Й» дыбысы жалғыз-ақ «йә» деген сөзде келетін көрінеді («йәкій» де «йә» мен тұқымдас). Оның өзінде оқығандар болмаса, жай қазақтар «жә» деп айтатын көрінеді.

«Й» тұуралы жалпы ереже: естілсе «ы» жазылады, естілмесе жазылмайды. Даулы болса, өлең арқылы ашылады. Осымен емле ережелері тұуралы әңгіме бітеді.

• • دمله توؤرالی • • •

(قىسقارتىلمىپ باسىلدى).

دمله دەگىزى گورت گۇرلى : 1) تاڭبا جۇيەلى. (دەگىزى ىنتىماق)، 2) تارىىق جۇيەلى (دەگىزى داعدى)، 3) تۇۋىس جۇيەلى (دەگىزى دەگەن قارالۋ)، 4) دىبىس جۇيەلى (دەگىزى مىشىلىۋشە قارالۋ).

1. تاڭبا جۇيەلى دمله ارىسىما مىدوگ گەلىك، تا گىبا الايىق . قىيىشقاقا، "الىپ" تاڭبا الايىق دەگەن سىياقتى، تەمىسە مىرگ، مىنداي «ا» بەلگى، «گگ» مىنا داي. 2-بەلگى الايىق دەگەن سىياقتى، ە بولماسا بالەن دىبىسقا بالەن بەلگى الايىق دەپ، دىبىس باسىنا گرىپ ارنا- مان سىياقتى ، گىل بلىمىنە تەرەمەي، تەك ىنتىماق بەن مىنا گىوزدى مىنادای انا گىوزدى انادای ، تىپ جازايىق دەۋ مەن جالالاتىن دمله جۇيەسى، دمله‌نىڭ بۇل جۇيەسىن انۋ، انۋ جاعىن گىوز قىلماي وتەمىز: ۋىتكەنى-سوعارىدا دمله- مىز قالاي جالالىدا دگىزى گىل بلە- مىنە، گىل جۇيەسىنە تەرەلىپ وتىرىپ جالالۋ گىنىس دەدىك.

2- تارىىق جۇيەلى دمله بايىمى گىر جالالان تۇرىندە قولدانىپ داعدىلانعان- دىقتان گىل وزگەرىسىدە وزگەرمەستىن ادەتتەنگەن بويىنشا قولدانادىن دمله. وت- داي دمله‌دە گىر دىبىسقا ارنالعان گرىپ، گىل دىبىستارى وزگەرىپ كەتكەندىكتەن گىر تەشە دىبىستىك ورنالىسىنداعى ور- تاق تاڭبا بولۋى مۇمكىن. گىر دىبىس- تى جازۋعا گىر تەشە گرىپ جۇمسالۋى مۇمكىن، تەمىسە گىمىتى دىبىسى جوعا- لىپ كەتكەن ارىبىتەردە گىلى كۇنگە جو- عالىستان گىوز شىشىندە جازىلىپ جۇرۋى مۇمكىن . دمله‌مىز بۇل جۇيەلى بولماۋ- بولماۋىن تا ىى گىوز قىلماي وتەمىز: ۋىتكەنى-داعدىلانعان ، دمله‌شە جازامىز دەىىك، دمله ماسەلەسى قوزعالماس دەدى.

گىلەك تۇۋىس جۇيەلى بولىسىن دەپشىندەردە گىلەك دىبىس جۇيەلى بولىسىن دەپشىندەردە الدارىندا نەگە بارىپ قامالاتىندارىنا نە گوز سالماىداۋ دەيمىن.

گىلەك تۇۋىس جۇيەلى ، دمله بولىسىن دەگەندە، «بالالى»، «تۇزلى»، «تاتلى»، «بالانى»، «تۇزانى»، «تاتنى» دەپ جازاتىن بولماق. بۇلاي جازۋ قولايلى بولىپ تابىلارما؟

گىلەك دىبىس جۇيەلى بولىسىن دەگەندە، «سوزشەنىك» دەگەندى «شوش- شەك» دەپ «سزشىلەر»، «ششىلەر» دە- گەن سوزدەردىك «گەۋىندە» بىردەي «ششىلەر» دەپ ، «گىيگىزسە» دەگەندى «گىيگىسسە» دەپ، «گىيگىزشە» دەگەندى «گىيگىششە» «جازىسا» دەگەندى «جاسسا» دەپ، «قىزسا» دەگەندى «قىسسا» دەپ، «سىزسە» دەگەندى «سىسسە» دەپ جازا- تىن بولماق. بۇلاي جازۋ قولايلى بولا الارما؟

«گى جۇيەنى»دە ارالاس تۇزىتىلۋگە. ەك دەۋشىلەر: گەرەگىنە قارالى، «گەۋىن»دە تۇزىتىلۋ گەرەك دەيدى. سولاي دەيدى‌دە مىناۋ گىوزدى مىنادای انا ۋ گىوزدى انادای «تىپ جازايىق دەپ گىوز باسىنا «رەجە جاسايدى، گىوز باسىنا «رەجە جا- سايتىن بولساق ، وندای ، دمله قولايلى وگاي «دمله بولىپ تابىلارما؟

ونان باسقا تا ىى گىر بايقالىپ تۇرعان تارىىە سوزدەردى قوسىپ جازساڭ تۇمارلىق: و ل قۇمارلىقتىك ارجامى دەگ بارىپ كەيىنگەتىندە تاىى گوز سالىنبايدى دى اۋ دەيمىن. ماسەلەن-جارا المايدى» دەگەندى «جارالمايدى» دەپ جازۋ كەرەك دەيتىن بار. بۇل قوسىلىپ ايتىلىپ تۇر- عان سوزدەردىك بىرەۋى كوسەمشە «تىپ- تىك . «كەنشىسى - كومەكشى «تىستىك

Емле туралы. «Еңбекші қазақ» газеті.
1929 жыл 27 наурыздағы саны

БАЯНДАМАЛАР, ТЕЗИСТЕР



УЧРЕДИТЕЛЬНЫЙ СЪЕЗД СОВЕТОВ КИРГИЗСКОЙ (КАЗАКСКОЙ) АССР

Заседание девятое (11 октября 1920 г., утреннее)

Докладчик Байтурсунов. В области социального обеспечения старый режим оставил советской власти пустое место. Существовало так называемое призрение. Государство помещиков и капиталистов заботилось, главным образом, о людях своего класса: многотысячные пенсии давались только своим, трудящемуся же люду подавались или нищенские подачки или совсем ничего. Дети господствовавшего класса воспитывались в роскошных пансионах, институтах, корпусах: дети бедняков – в нищенских приютах.

Рабоче-крестьянское правительство на первых же своих шагах лишило пенсий обеспеченных и объявило войну тунеядцам и паразитам.

Главное отличие советской политики от политики прежней власти заключается в том, что власть трудового народа стремится дать полное обеспечение каждому трудящемуся. На случай инвалидности выдаются пенсии: больным – бесплатные лекарства и лечение: безработным – пособия; беременным женщинам – за 2 месяца до и после родов пособие. Кроме того, оказывается помощь семьям красноармейцев – в виде пайков, освобождения от квартирной платы, помощь в сельскохозяйственных работах: дети их помещаются в детские дома, ясли: престарелые родители – в инвалидные дома и пр.

Вторая особенность мероприятий советской власти заключается в том, что оказываемая помощь носит характер не благотворительности, а характер обязанности со стороны государства.

Если буржуазное правительство вообще очень мало проявляло забот по отношению к трудящимся массам, то по отношению к киргизскому населению оно ничего не делало. Если же иногда и пыталось, то с исключительными целями. Я говорю

о миссионерах, которые за кусок хлеба совращали киргиз в христианство.

Голодные годы для миссионеров в этом отношении были самыми прибыльными.

Таким образом, организация помощи нуждающимся исходила исключительно от самого населения. В степи практиковались, с одной стороны, виды помощи, оставшиеся как пережиток от древнего коммунистического* строя, с другой – помощь по шариату. Но тот и другой вид помощи ставил бедняков под гнет богачей. На обязанности государства лежит освободить киргизский пролетариат от этой зависимости. Нужда в помощи со стороны государства для киргизского населения очень велика. Здесь много вдов и сирот, много пострадавших от контрреволюции, много разоренных. Они требуют от государства помощи, которая или совсем не оказывалась, а если и оказывалась, то в ничтожных размерах.

По докладу секции социального обеспечения видно, что работа органов социального обеспечения не налажена, работа его началась только в августе 1920 г., но открыл свои действия пока только отдел пайков. Открылись также пенсионный, хозяйственный, инструкторский и, отчасти, отдел связи с местами, но работа их еще не налажена. Приняв во внимание все вышеуказанные обстоятельства, секция социального обеспечения и приняла резолюцию (оглашает резолюцию).

---

* В подлиннике сначала было написано «коммунистического», а затем выправлено – «капиталистического». Судя по контексту и по общей концепции алашордынцев того времени Байтурсунов говорил о пережитках родовой помощи, которые в дореволюционный период имели довольно широкое распространение и нашли вполне ясный для мало-мальски грамотного человека характер кабальной эксплуатации. Это так называемые саун, атмайе и др. Байтурсунов и алашордынцы вообще пытались в своей борьбе против советской власти и партии выдавать такого рода пережитки как пережитки древнего «коммунистического» строя, идеализируя эти пережитки в интересах сохранения своего влияния. Как видим, Байтурсунов не мог на первом съезде советов удержаться на старых букейхановский позициях идеализации родового строя, ибо он признает, что этот вид «помощи» ставил и бедноту под гнет богачей. – ред. ("Учредительный съезд Совет Киргизской (Казакской) АССР (Протоколы") брошюрасында берілген түсінік. - құрас.)



КАЗАКСКИЙ НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ИНСТИТУТ МАРКСИЗМА-ЛЕНИНИЗМА
КАЗАКСКОЕ ЦЕНТРАЛЬНОЕ АРХИВНОЕ УПРАВЛЕНИЕ

Пролетарии всех стран, соединяйтесь!

УЧРЕДИТЕЛЬНЫЙ СЪЕЗД СОВЕТОВ КИРГИЗСКОЙ (КАЗАКСКОЙ) АССР

4—12 октября 1920 г.

ПРОТОКОЛЫ

При редакций и со вступительной статьей
Е. Г. ФЕДОРОВА

КАЗАКСТАНСКОЕ КРАЕВОЕ ИЗДАТЕЛЬСТВО
АЛМА-АТА — 1936 — МОСКВА

Учредительный съезд советов Киргизской (Казакской) АССР.
1920 жыл октябрь айы

ҚАЗАҚ БІЛІМПАЗДАРЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ СІЙЕЗІ

Үйеннің 13-і күнгі ертеңгі мәжіліс

Ақмет: Жазыу мәселесін тексергенде әуелі жазыудың негізін шешіб алыу керек: қазақ тіліндегі дыбыстардың қандай екенін, оның таңбалары қандай болатұнын, олардың өзара қалай жіктелетүнін ашыб алыу керек. Елдестің байандамасынша қазақ тілінің 24 дыбысы бар; арабтың 4 әрпі «х», «ш», «ф», «h»-лермен белгіленетүн дыбыстар қазақ тілінде жоқ десек, дыбысымыз 24 болады; бұл 24 дыбысты Елдес айтқанша жіктесек, тіліміздің дыбыс жүйесінше мінсіз болады. Қазақша дыбыстарды солай, дыбыс жүйесіне келтіріб жіктегенде, «у» мен «й» дауысты дыбыстардың табына кіре алмайды, дауыссыз «р» мен «л»-ға қосылыб кетеді. «Бала», «кісі», «еге», «оқы» деген сөздердің айағындағы дыбыстары дауысты; «қар», «жүр» деген сөздердің айағындағы дыбыстары дауыссыз «р»; «сұу», «сай», «жұу», «тій» деген сөздердің айағындағы дыбыстары «у» мен «й». Осы сөздерге түрлі жалғау, жіктеу жұрнақтар жалғаб көрейік:

I. дауысты дыбыс

Атау:	бала	кісі
Ілік жалғау:	бала**ның**	кісі**нің**
Барыс жалғау:	бала**ға**	кісі**ге**
Табыс жалғау:	бала**ны**	кісі**ні**
Жатыс жалғау:	бала**да**	кісі**де**
Шығыс жалғау:	бала**дан**	кісі**ден**
Көбтік жалғау:	бала**лар**	кісі**лер**

Етістік түбірі:	еге	оқы
1-інші жақ:	егей**мін**	оқый**мын**
2-інші жақ:	егей**сін**	оқый**сын**
3-інші жақ:	егей**ді**	оқый**ды**

II. дауыссыз	«р»	
Атау:	қар	
Ілік жалғау:	қар**дың**	
Барыс жалғау:	қар**ға**	
Табыс жалғау:	қар**ды**	
Жатыс жалғау:	қар**да**	
Шығыс жалғау:	қар**дан**	
Көбтік жалғау:	қар**лар**	
Етістік түбірі:	жүр	
1-інші жақ	жүре**мін**	
2-інші жақ	жүре**сін**	
3-інші жақ	жүре**ді**	
III . «у» мен «й»		
Атау:	сұу	сай
Ілік жалғау:	сұу**дың**	сай**дың**
Барыс жалғау:	сұу**ға**	сай**ға**
Табыс жалғау:	сұу**ды**	сай**ды**
Жатыс жалғау:	сұу**да**	сай**да**
Шығыс жалғау:	сұу**дан**	сай**дан**
Көбтік жалғау:	сұ**лар**	сай**лар**
Етістік түбірі:	жұу	тій
1-інші жақ	жұу**амын**	тій**емін**
2-інші жақ	жұу**асын**	тій**есін**
3-інші жақ	жұу**ады**	тій**еді**

Мұнан: дыбыс жүйесінше «у» мен «й»-дың дауыссыз «р»-дан еш басқалығы жоқ екені, екеуінің де дауысты дыбыстарға қосылмайтұны ыспатталады. Мұның үстіне қазақша «тау», «мүйіз» сықылды сөздерді бір сыпыра түрік қалықтары «тағ», «мүгіз» дейді; мұнан «у» мен «й»-дің асылы дауыссыз екені ыспатталады.

«Қ» мен «ғ»-ның «к» мен «г»-ден айтылыуы да, естіліуі де басқаша, әр қайсысының ауыздан шығатұн орындары да бірінен бірі өте алыстаб кеткен; бұларды бірінің бірі жіңішке түрі деу қыйсынсыз.

«Б» мен «п»-ның ережесі тақырыбты Қалелдің айтқаны дұрыс, «б» тұйықталыб келгенде де көбіне «п» болыб естіледі; «б» мен «п»-ның ережесін «Тіл – құралша» қалдырған дұрыс.

2-інші жақтық жіктеу «сын» болмай «сың» болсын – деген қыйсынсыз: 1-інші жақтық жіктеу, тәуелдеулер «м» болғанда ғана, 2-інші жақтық жіктеу «н» болады; 1-інші жақтық жіктеу «мін» болғанда оған сәйкес 2-інші жақтық жіктеу «сын» болыуға тійіс; «мін»-нің асылы «мен», «сын»-нің асылы «сен» болыуға керек, бұлардың айағындағы дыбыстары, «ң» емес, «н», сондықтан «сын»-ді «сың» деб жазыудың жөні жоқ. Қалықтың аузында бір сыпыра жерлерде «сін» демей «сің» дейді – деген дәлел емес, тілдің негізгі ережелерін бұзыб, қатадан айтылған сөз түріне еліктеу – қыйсынсыз.

Елдес шығарыуға ұйғарған төрт әріптің қазақ тілінде сақталыуға аз да болса ақысы бары «h»; өйткені «h» дыбысы мен айтылатұн қазақтың өз тілінде аз да болса сөздер бар. Мәселен: «Ah!», «yh!» деген одағайлардан тұуған «аhыламақ», «үhілемек» сыйақты сөздер түрлі тұрпат түрлері жалғаулары мен. Басқаларының сақталғандай қазақ тілінде ақысы жоқ. Сондықтан «h»-ден басқаларын сақтау керек деу орынсыз.

Қалелдің «ы» мен «у»-дың қайсысы екенін айырыуға дүдемал болған жерде «ұ» жазыу қолайлырақ деуінің мәнісі мынау: дыбысты айтарда аузымыздың сөзді айтыуға қатысатұн мүшелерін сол дыбыстың айтылыуына ыңғайлаймыз. Дыбысты айтқандағы ауыз мүшесінің қалпы біріне бірі жақын болса, дыбыстар да жақын ұқсас болыб шығады. Мәселен: «таны», «тасы», «қоры», «тоқы», «құры», «мұжы» деген сөздерді айтыб қарасақ, әуелгі екі сөздің айағындағы «ы» ап-анық естіліб тұр. Мұнда айағы «ы» ма? «ұ» ма? деб күмәнданбайсың. Олай болатұн себебі: бұл сөздерді айтқанда ауыз мүшелерінің қалпында «ұ»

дыбысын айтқанда болатұн қалыптарына ешбір ұқсасы жоқ. Ауыз мүшелерінің қалпы да, айтылатұн орындары да басқа болғандықтан, дыбыстарының арасында да ұқсастық жоқ. Онан кейінгі екі сөзді алсақ, бұлардың айағындағы дыбыс «ы» ма, «ұ» ма деген дүдемалдық пайда болыб, сезіле бастайды. Себебі – «о»-ны айтқанда ернімізді созыңқыраб айтамыз; «ұ»-ны айтқанда да ернімізді созыб айтамыз. Арасындағы айырымы сол – бірін айтқанда ерін аз созылады, ауа тамақтан еркін шығады, екіншісін айтқанда, ерін көбірек созылыб, ауа қысылыңқыраған тамақтан шығады.

«О» мен «ұ» ауыз мүшесінің ұқсас қалпымен айтылғандықтан дыбыстарында да ұқсастық бар. «О»-ға ійкемделген ауыз мүшесі «ы»-ны айтыуға кіріскендіктен, «ы»-ға «ұ»-ның дыбысына ұқсас өң береді. Сондықтан «ы» анық естілмей дүдемал болыб шығады. Соңғы екі сөзді алсақ, мұнда «ы» ма, «ұ» ма деген дүдемалдық күшті. Қатта «ы» емес, «ұ» деб айтыуға да болады. Мұның олай болатұн себебі – «ұ»-ны айтыуға ійкемделген ауыз мүшесі «ы»-ны барыб айтқанда «ы» «ұ» сыйақты болыб естіліуден. Егер де ондай орындарда «ы» жазбай, «ұ» жазыу керек делінсе, мен оған да қарсы емесбін. Бірақ олай болғанда айтатұным мынау: «қоры», «тоқы», «құры», «мұжы» деген сөздерді «қорұ», «тоқұ», «құрұ», «мұжұ» деб жазатұн болсақ, бұлардың зат есімге айналған түрі де, тәуелдеу түрлері де сол жөнмен «ұ» арқылы жазылыу тійіс болады, – «қорұу», «тоқұу», «құрұу», «мұжұу» (зат-есімге айналған түрі), «қорұуұ», «тоқұуұ», «құрұуұ», «мұжұуұ» (тәуелдеу түрі) деб жазыу керек болады; үйткені – жалғыз «ұ»-ның әсерінен «ы» «ұ»-ға айналыб кетті десек, «ұ» мен «у» екеуінен кейін «ы» сақталады деуге орын жоқ. «ы» мен «ұ» дүдемал талас болғандықтан екеуінің таңдаб, қай қолайлысын алыуымыз керек. «Ұ» қолайлы десек, жоғарыда көрсетілгенше жазамыз. «ы» қолайлы десек, жоғарыдағы сөздерді бұлай жазамыз: «қорыу», «тоқыу», «құрыу», «мұжыу» (зат-есімге айналған түрі) «қорыуы», «тоқыуы», «құрыуы», «мұжыуы» (тәуелдеу түрі).

Ақмет: (К) мен (г)-ні қазақ әліббійінен шығарыб тастауға болмайды: (к) мен (г)-нің (қ) мен (ғ)-дан заты басқа, әр қайсысы ауыздың әр жерінен шығатұн дыбыс – деді.

Ақмет: Екінші жақ жіктеудің «сын» болыуын қолдаб, бұрын айтқан дәлелдерінің үстіне мынаны айтты: «мын», «сын» жіктеулері жалғыз етістіктерге ғана емес, зат есім, сын есімдерге де жалғанады; бұл жіктеумен айтылған сөз көбіне нәрсенің күйін көрсетеді. «Мен кісімін», «сен кісісін» дейміз, мұның үшінші жақ жіктеуі жоқ, «ол кісі» дейміз; бұл жіктеулер етістікке басқаша жалғанады: етістіктің түбіріне жалғанбайды, көсемше түріне жалғанады, «мен қараймын», «сен қарайсын» – дейміз: жана бұл жіктеулердің етістікке жалғанғанда, үшінші жақтық түрі де болады: «ол қарайды» дейміз. Бұл жіктеудің үшінші жақтық түрі беріде болған. Әуелде ескі түрік тілінде мұның үшінші жақтық түрі болмаған; етістіктің «мын», «сын»-ға сәйкесі үшінші жақ жіктеуі бір сыпыра түрік халықарында бұл күнде де жоқ: мәселен ноғайлар – «ол қарайды», «ол барады» демейді, – «ол қарый», «ол бара» – деб етістікті тек көсемше түрінде ғана айтады. Үшінші жақтық түрі жоқ, бірінші жағы «мын», екінші жақ түрі «сын» болған соң – бұл жіктеудің асылы «мен», «сен» болыуға тійіс деб біліу керек. «Кісімін»-нің асылы «кісі мен» болыуға тійіс, «қарайсын»-ның асылы «қарай сен» «қарайтұн сен» болыуға тійіс. Екінші жақтық түрі «ң» болатұн жалғаулар дұрысында, жіктеу емес, тәуелдеу болыуға тійіс: «сенің басың» дегендегі «ң» – тәуелдеу, «сен бардың» дегендегі «ң» да тәуелдеуден шыққан болыуға тійіс: – «барыу сенің амалың» деген мағанада болған соң айағы тәуелдеуге ұсаб «ң» болған. Дұрысында екінші жақ жалғау «ң» болғанда, бірінші жақтық «м»-ға сәйкестеніб болады; бірінші жақтық жалғау «мын» болғанда, оған сәйкес екінші жақ жалғауы, еш уақытта да «ң»-мен тынбайды, «сын» болады.

Үйеннің 14 -інші күнгі кешкі мәжіліс

Мәжіліс ағасы Нұғман мәжілісті ашқаннан кейін кемесійенің бір ынтымаққа келе алмаған ұзын «у» мен ұзын «и» мәселесі тексерілетүнін жарыйалаб, Ақметке сөз берді.

Ақмет: Айағы «ұу», «ыу», «ый» болыб тынатұн сөздерге түрлі жалғау, жіктеу, жұрнақтар жалғаб, оны дауысты дыбыстардың жұрнақ жалғаулары мен салыстырыб, «у» мен «й»-ды, қай жағынан тексергенде де, дауысты деуге болмайтұнын, екеуінің де дауыссыз – екенін айтыб өтті.

Ақмет: Қазақ тілінде дауысты ұзын «у» мен «и»-дің жоқ екеніне мойындаған соң, – «ыу», «ұу»-лардың орнына жалғыз «у» жазамыз деудің түк қыйсыны жоқ. Мұнан бұлай «у» мен «й»-дің жазылыуын дыбыс жүйесіне келтіріб, дұрысынша жазыуымыз керек. Онан қашыб, тілдің заңына келмейтүн шатақ ереже шығарыудың жөні жоқ, ондай ереже жазыуды ауырлатбаса жеңілдетбейді деб, «у» мен «й»-дің жазылыуы дыбыс жүйесінше болыуын ұсынды.

Мәселе дауысқа қойылыб сійездің көбшілігі: «у» мен «й»-дің жазылыуы дыбыс жүйесінше болсын деб ұйғарды.

Үйеннің 15 -і, күндізгі мәжіліс

Әліббій тақырыбты Ақметтің байандамасы

1 – Әліббій түзеу деген түрік жұртында көбтен келе жатқан мәселе. Мәселе қозғалғаннан бері түрік әліббійінің түзелген жақтары да бар. Түрік әліббійінің түбі арабтан шыққан мен, түрік тіліне ійкемделіб, өзгеріс кіріб, таза күйінде тұрмағандықтан, мен оны, араб әліббійі демей, **түрік әліббійі** деймін.

2 – Осы күнгі жұрттардың бәрі де өзі шығарған әліббійін тұтыныб отырған жоқ. Бәрінікі де өзгеден өзгертіб алған әліббій. Йаурыпа жұрттарының тұтынған әліббійінің түбі көне семійт әліббійі. Көне семійт әліббійін өз тіліне үйлестіріб пінікійе жұрты алған; онан гірек алған, гіректен латын, йаурыпа жұрттары

алған. Түрік әліббійінің түбі де көне семійт әліббійі. Онан көпеліктер алған, көпеліктен араб өз тіліне үйлестіріб алған, арабтан ыйран, түрік жана басқа мұсылмандар алған. Солардың қайсысы да бірінің әліббійін бірі алғанда, тұрған қалпында алмаған, өз тілінің дыбыстарына қарай өзгеріс кіргізіб алған, тіліне әліббійдің артығы болса, алыб тастаған, кемтігі болса әріп қосыб толықтырған, дәл келмеген әріптер болмаса, оның не түсін өзгертіб, не дыбысын өзгертіб алған. Сондай өз тіліне ійкемдеб өзгеріс жасаб алған әліббійлеріне әр қайсысы өз аттарын қойыб латын әліббійі, орыс әліббійі дегенде, түрік өз тіліне үйлестірген әліббійін түрік әліббійі деб, қазақ онан өз тіліне үйлестіріб алған әліббійін **қазақ әліббійі** деб атауға жолымыз болыуға тійіс.

3 – Түрік жұрттары әліббій түзейміз десе, бәрі қосылыб бір әліббій түзей алмайды; үйткені тілдеріндегі дыбыстарының түрлері бірдей емес. Дыбыстары бірдей болмаса, бәріне бірдей жалпылаб әліббій жасауға болмайды, өйткені олай жасалған әліббійдің не әріптері тұс келмеске тійіс, не әріптерінің дыбыстары тұс келмеске тійіс. Сондықтан түрік жұрттары үшін бір әліббій түзеу деген мәселені бір әліббійді бәрі негізге алыб, түрік жұртының әр қайсысы өз тіліне үйлестіріу деб түсініу керек. Солай болған соң бізге ең әуелі, негіз боларлық әліббій керек; сол әліббійді қарастырыб табыуымыз керек.

4 – Түрік жұрттары әліббійі жоқ жұрт болса белгілі-белгілі әліббійлерді алар еді де, түрлі жағынан қолайлы-қолайсыздығынан қарар еді де, ұнатқан біреуін алар еді.

Түрік жұрты ондай емес, көбтен тұтыныб келе жатқан әліббійі бар жұрт.

Көбтен қолданыб көзге үйір болыб, көңілге сіңген, қалыққа тамыры таралған әліббійді тастай салыб, басқа әліббій ала қойыу оңай жұмыс емес. Солай болған соң түрік жұрттары бәріне бірдей негіз боларлық әліббій іздегенде, әуелі өз әліббійінің ондай негіз болыуға жарайтұн, жарамайтұндығын анықтаб ашарға керек. Екінші өз әліббійі жарамаса, онан артық әліббій табарға керек. Үшінші, қолайлаған әліббійді түрік жұртының әр

қайсысы өз тіліне үйлестіріу керек. Әліббій түзеу жүзінде алдымен істелетүн осы үш жұмыс.

5 – Түрік жұрттарында әліббій түзеу мәселесі қозғалыб жүрген себебі – бір кезде түрік тіліне өлшеб жасаған әліббій бұл кезде түрік жұртының бұтақтары өскен соң, бәріне бірдей шақ келмей жүргендігі. Ол кемшілік түрік әліббійінде жоқ деб ешкім айта алмайды. Бірақ сол кемшілігі не даражалы кемшілік? Негізді кемшілік бе, некен-сайақ кемшілік бе? Екінші сөзбен айтқанда түрік әліббійін негізге алыуға жаратбай шығарыб тастайтұн кемшілік бе? Болмаса олай-бұлай түзетіумен оңдалатұн кемшілік бе? Осы жерін ашыуымыз керек.

6 – Әліббій талғаб бірін артық, бірін кем дегенде, бірінде мін көб, бірінде аз дегенде, табан тіреб бағалайтұн бір тыйанақ болыуы керек. Ол тыйанақ әліббій қасыйеттерінен шығатұн нарқ боларға керек, ашыб айтқанда онымыз әліббійді бұлды, бұлсыз қылатұн сыпаттары боларға керек.

Менің ойымша жақсы әліббійдің қасыйеттері мынадай болыуға керек:

1) Жақсы әліббій тілге шақ болыу керек. Өлшенбей тігілген о жер бұ жер бойға жұуысбай, қолбыраб, солбыраб тұрған кең кійім сыйақты артық әрібтері көб әліббій де олайсыз; бойынды қысыб, тәнінді құрыстырыб, тырыстырыб тұрған тар кійім сыйақты әрпі кем әліпбій де қолайсыз болады.

2) Жақсы әліббій жазыуға жеңіл болыуға тійіс. Әліббійдің әріп сүгіреттері қыйын болса, мүшелері көб болса, жазыуды ұзақтатыб уақытты көб алады.

3) Әліббійдің жақсысы басба ісіне қолайлы болыу тійіс, әрпі тізгенде оңай тізілетүн, басқанда орынды аз алатұн әліббій басба сөзді арзандатады.

4) Жақсы әліббій үйретіуге де қолайлы болыуы тійіс. Әрпі сара жазыуға оңай, басбасы мен жазбасының сүуреті жақын әліббій үйретіуге жеңіл болады.

Жақсы әліббійге ылайық бұл төрт сыпатқа келмейтүн әліббійлердің бәрі де кемшілікті әліббій болмақ. Тұтыныб жүрген

түрік әліббійін бұлдағанымызда да, басқа әліббійді бұлдағанымызда да, осы төрт сыпат жағынан қараб бұлдауымыз керек.

7 – Тұтыныб жүрген әліббійдің о жер бұ жерін өзгертіб түзетіу деген оңай нәрсе.Тұтыныб жүрген әліббійді тастаб, басқа әліббій алыу деген – ол өте қыйын жұмыс. Оны істеуге көб күш, көб қаржы керек. Ондай өзгеріс жасау: істеуге адамы құралы сай, жұмсауға қаржысы мол, әлді жұрттардың қолынан келмек. Біздер сыйақты анасы да, мынасы да жоқ мешеу жұрттарға бір әліббійді тастаб, екінші әліббійді ала қойыу оңай жұмыс емес. Солай болған соң, біз осы күнгі тұтыныб жүрген әліббійімізді әбден тексеріб, негіз болыуға тібті жарамайтұн болғанда ғана, шарасыздықтан басқа әліббійді негізге алыуымыз керек.

8 – Түрік әліббійінің қолайсыздығынан залал шегіб жүрген түрік жұрттарының әр қайсысы қандай кемшілігі бар екенін, ол кемшіліктері түзеуге боларлық кемшілік бе, болмайтұн кемшілік бе, ашыу керек. Қазақ да, башқұрт да, ноғай да, өзбек де, түрікбен де, азырбайжан да түрік әліббійінің негіз болатұн-болмайтұн кемшіліктерін әбден ашса, сонда түрік жұрты болыб, басқа әліббій іздеуге болады.

Оған дейін латын әліббійін аламыз деб, жасалыб жатқан жобалар асыққандардың ісі болса керек.

9 – Мәселенің қазакқа қараған жағына келсек, біз түрік әліббійін түзеб, тілімізге шағындаб әліббій жасағанымызға он жылдан асыб барады. Қазақ әліббійі түрік әліббійін негізге алыб, қазақ тілі үшін әліббій жасау оңай екендігін көрсетті. Қазақ басқа әліббій аламыз десе, өзгелерді еліктеумен аламыз демесе, өз әліббійі жарамағандықтан, шарасыз болыб аламыз демейді. Қазақ тілінің дыбыстары анықталыб ашылған, ол дыбыстарға әріп арналған. Әліббій деген осы болады. Біз әліббій түзейміз дегенде түрік әліббійін тілімізге келмеген соң тастаб түзейміз демейміз, әліббійіміздің түзелмей қалған жағы бар; сонысын ғана түзейміз дейміз.

10 – Түрік әліббійінің басба түрі қолайсыз. Онысы басба ісі жүзінде де, үйретіу жүзінде де кемшілік қылады. Біздің басба

әріптеріміз жазба сыйақты тіркесіб басылады. Йаурыпа жұрттарының, онан басқа да жұрттардың көбінің ақ басба әріптері дара басылады. Дара әріп сара көрінеді. Жазба түрінде тіркесіб басылғанда әріптің баста, ортада, айақта ұшырайтұн түрлерінің бәрі алыныб, бір әріп бірнеше түр болыб саралығы кемійді. Мұнан келетүн кемшілік, әуелі бір әріптің бірнеше түрде болыуы әріп ұйасын көбейтіб, әріп тізіу жұмысын қыйындатады. Екінші әріп саралығын кемітіумен үйреткен шақта кемшілік қылады. Үшінші сол кемшілігінің кесірінен осы күнге дейін түрік жұрттары қол машыйна жасатыб, тұтына алмай келді. Біз әліббій түзейміз дегенде әліббійіміздің осы кемшілігін түзетеміз дейміз.

Әлгі айтылған үш түрлі кемшілік бәрі келіб бір шұқырға құйатұн кемшілік, әліббійіміздің басба түрін даралау мен үш кемшіліктің үшеуі де жоғалмақшы.

11 – Басба түрін даралау қолдан келместей онша қыйын да, көб де жұмыс емес. Әріп түрі дара мен тіркес екеуінің аралығында басылса оқыуға болатұндығын көрсетерлік аз да болса тажырыйба бар. Қол машыйнаға жасалған әріптермен дара басылған сөздерді жылдам оқыб кетбегенмен ақырында оқыуға әр кімге де болады. Таныуға болса, жылдам оқыу деген көз үйреніумен жеттігетүн нәрсе, қол машыйнаға жасалған әріптерде көре-біле амалсыздықтан көніб отырған кемшіліктер бар.

Басбаға арнаб жасаған әріптерде ол амалсыз жіберіліб отырған кемшіліктер болмайды. Сөйтіб қазаққа қолайсыздық қылыб отырған түрік әліббійінің жалғыз ақ басба түрі болыб шығады. Сондықтан біздің әліббій түзейміз дегендегі істейтүн ісіміз әріптердің басбасын дара түрге айналдырыу болыб шығады.

12 – Қазақ тіліне түрік әліббійінен қолайлы әліббій бар шығар, оны неге қарастырмаймыз, оны неге алмаймыз деуші бар шығар. Солай болған соң мәселенің бұл жағында үндемей өтіуге болмайды. Соңғы кезде түрік тіліне өте қолайлы деб жүрген әліббій латын әліббійі. Бұл әліббійдің түрік әліббійімен салыстырғанда артықтығы жалғыз ақ басба түрінің даралығында.

Басқа жағынан қарағанда кемшілігі көб, артықтығы жоқ. Жоғарыда айтылған жақсы әліббійге лайық төрт сыпат жағынан сынға алыб, екі әліббійді қатар қойыб қараб шықсақ екеуінің де артық-кем жері белгілі болмақ.

13 – Жақсы әліббійдің белгісінің бірі – тілге шақтығы деб едік. Әуелі екі әліббійді осы жағынан салыстырыб қарайық: қайсысы қазақ тіліне сәйкесірек келеді екен.

Түрік әліббійінен қазақ дыбыстарына тұсба-тұс келгендіктен өзгертіусіз, ережесіз тігілей алынған әріптер: **а, б, п, т, ж, д, р, з, с, ш, ғ, қ, к, г, ң, л, м, н, й,** барлығы 19 әріп.

Бұрын дербес ійемдеген дыбысы жоқ болыб бірде олай, бірде бұлай жұмсалыб жүргендіктен ережелеб бекітіб алыб отырған әріптеріміз: **о, у, е, ы** – төртеуі; өзгертіб алғанымыз жалғыз: **ұ.**

Латын әліббійін алыуға жасаған жобаға қарағанда (Қалел жобасы), латын әліббійінен қазақ дыбыстарына тұсба-тұс келгендіктен өзгертіусіз, ережесіз, тігілей алынатұн әріптер: **а, б, д, л, м, н, о, п, р, с, т, з, к, г.**

g, k, z, t, s, r, p, o, n, m, l, d, b, a,

ا، ب، د، ل، م، ن، و، پ، ر، س، ت، ز، ك، گ

Барлығы 14 әріп.

Нақ тұсба-тұс келмегенмен жұуықтығы барлықтан ережелеб ійкемдеуге келетүн әріптер: **у, й, ы, ж, е** – бесеуі.

e, j, y, ı, u

ۆ، ي، ى، ج، ه

Қазақ дыбысына жұуық келетүн де әріп болмағандықтан өзгертіб алынатұн әріптер: **ұ, ң, қ, ғ** – төртеуі.

ǵ, k, n, u

ۇ، ڭ، ق، ع

Мұның үстіне дербес бір әріп келмегендіктен екі белгі мен алынатұн **ш** дыбысының әрпі *sh*/ش бар.

Бұл салыстырыу жүзінде латын әліббійінен түрік әліббійінің анағұрлым артықтығы айқын ақ көрініб тұр.

Түрік әліббійінен ережесіз, өзгертіусіз 19 әріп қазақ дыбысына сәйкес келгенде, латын әліббійінен 14 ақ дыбыс сәйкес келіб тұр.

Түрік әліббійінен ережемен 4 әріп алынғанда, латын әліббійінен ережемен 5 әріп алынатұн көрінеді. Түрік әліббійінен өзгертіумен алынған әріп біреу ақ; латын әліббійін алғанда ондай әріп төртеу болатұн көрінеді.

Түрік әліббійінде бір дыбысқа екі әріп алынбайды; латын әліббійін алғанда ондай да болатұн көрінеді.

Жақсы әліббійдің екінші сыпаты жазыуға жеңілдігі деб едік. Енді ол жағынан да салыстырыб қарайық.

Әріп сүуретінің оңайлығы мен мүшесінің аздығы мен жазыуға жеңіл болады. Сүуретінің оңай қыйындығы да, мүшесінің азкөбі де қалам сермеуімен өлшенеді.

Қаламның бір сермеуімен жазылатұн әріп екі сермеумен жазылатұн әріптен шапшаңырақ жазылады, қаламның қысқа сермеуімен жазылатұн әріп ұзын сермеумен жазылатұн әріптен шапшаңырақ жазылады.

Бұ жағынан салыстырғанда да түрік әліббійінің анағұрлым артықтығы айқын екендігін көріу қыйын емес. Түрік әліббійіндегі қалам сермеу саны:



барлығы 33-41; оның да көбі нүкте.

2) Латын әліббійіндегі қалам сермеу саны:



барлығы 53 сермеу.

Жақсы әліббійдің екінші сыпат жағынан да түрік әліббійі анағұрлым артық болыб шықты. Түрік әліббійінде қалам сермеуі 41, латында 53. Түрік әліббійіндегі сермеудің көбі нүкте сыйақты қысқа сермеу. Қысқа сермеулі әріп бен ұзын сермеулі әріпті жазыу екеуі бірдей болмайды.

Жақсы әліббійдің үшінші қасыйеті басбаға қолайлылығы деген едік. Бұ жағынан бәйгені латын әліббійі алады. Түрік әліббійінің басбасын дараласақ, латын әліббійі бұл бәйгені де ала алмайды.

Жақсы әліббійдің төртінші қасыйеті үйретіуге жеңілдігі деб едік. Әліббій үйретіуге жеңіл болады: 1) әріптерінің пішіні саралығы мен; 2) басба түрі мен жазба түрінің жақындығы мен; 3) сууретінің жабы сүгірейлігі мен, жазыуға шеберлікті онша керек қылмауы мен. Саралық жағынан түрік әліббійінің осы күнгі түрі латын әліббійінен төмен; өйткені басбасының бас, орта, айақ түрлері әріп саралығын кемітетүндігі жоғарыда айтылды. Даралық жоқта әріпте саралық да болмайды. Басбасын саралағанда түрік әліббійі латын әліббійінен саралық жағынан да кем болмайды. Қатта латын әліббійі ұлылы-кішілі әріптерімен алынса түрік әліббійі үйретіу жағынан да артық болады. Түрік әліббійі дараланған шақта латын әліббійі ұлы әріпсіз болған шақта екеуі саралық жағынан да үйретіуге жеңілдік жағынан да теңеледі. Басба түрі мен жазба түрінің жақындығы жағынан салыстырғанда түрік әліббійі латын әліббійінен озады: басбаға түрік әліббійінің жазба түрі алынған соң екеуінің арасында айырымы аз болатұны айқын нәрсе. Түрік әліббійінің басбасын даралағанымызда осы күнгі дара түрі мен тіркес түрінің орталығында етіб басба әріптер жасалса басба түрі мен жазба түрінің арасындағы жақындық ілгеріде де сақталмақшы. Дара түрін олай жасау қолдан келетүн нәрсе.

Сүгіреттерінің жабы сүгірейлігі жағынан салыстырғанда түрік әліббійі латын әліббійінен тағы озады. Әріп жабы сүгірейлеу болса үйретіуге келтіретүн жеңілдігі жазыу үйреткен кезде болады. Бала болсын, үлкен болсын қат білмейтүн адамның жазыуға үйренбеген қолына әріп сууреттері неғұрлым жабы

сүгірейлеу келсе, не ғұрлым шеберлікті аз керек қылса, сол ғұрлым жеңілдік келтірмек. Латын әліббійінен көрі түрік әліббійінде жабы сүгірейлік көб екеніне еш кім таласбас деб екеуін қатар қойыб қараб жатыуды қажет көрмеймін. Керек деушілер болса қатар қойыб қараб өтіуге де болады. Оның үстіне түрік әліббійінің жазыу үйреткендегі келтіретүн тағы жеңілдігі – түрік әліббійінің 14 әрпін жазыб үйренген соң былайғы 10-ны үйретіусіз жазылады. Сөйтіб манағыдан бергінің бәрін қорытыб айтқанда, екі әліббійді салыстырыб қарағандағы көргеніміз не?

Түрік әліббійінің латын әліббійінен кем жері басба түрінің дара болмай, тіркес болғандығы. Басқа жағынан көбінесе түрік әліббійі артық болыб шықты. Басба түрін дараласақ, ол жалғыз кемшілік те жоғалмақшы. Әріпті даралау түрік әліббійін тастаб латын әліббійін алыудан әлбетте оңай болса керек.

15 – Латын әліббійін алыу деген сөз екі әліббій әбден тексерілгеннен кейін шығыб жүрген сөз бе, тексеріусіз тек алайық дегеннен шығыб жүрген сөз бе – ол жағы маған қараңғы. Тексеріб қарасақ, латын әліббійінің түрік әліббійінен кемдігі болмаса, артықтығы көрінбейді. Жаманнан жақсыға, залалдан пайдаға бой үрыу – жөні бар дұрыс іс. Оны әр кім ақ қостау тійіс, жақсыдан жаманға, пайдадан зыйанға бой ұрғанда, оны дұрыс деб қостауға болмайды. Латын әліббійін аламыз деушілер ол әліббійдің түрік әліббійінен не артықтығын айқындаб ашбай, пайдалы екендігін байналаб түсіндірмей тек пәлен-түлендер алыб жатыр; біз де аламыз дейді. Еліктеу мен лепіртіу базары көтеріңкі нәрсе екені ырас. Бірақ біреу алыб жатыр екен деб латын әліббійін алыуға болмайды. Біреудің істегенін дұрыс, бұрысын тексерместен істеу тек еліктеу болады. Тек еліктеуді маймылша еліктеу деб айтады. Тесе қараб тексеріб, түрік әліббійінен латын әліббійінің артықтығы мынау, пайдалылығы мынау деб көзге көрсеткен, еш кімді әлі көргенім жоқ. Көбінікі құр дүбірге қызыу, дүрмекке еріу сыйақты көрінеді.

16 – Латын әліббійін түрік әліббійінен кем де болса аламыз дер едік, латын әліббійі Йаурыпаның мәдениетті жұрттардың

пәнді, сәнді әдебіеттерін өзімен ала келетүн болса, йағный ол жұрттар бізбен тұқымдас тілі жакын болыб, олардың газет, журнал, пән кітабтарын оқыб кететүн болсақ. Әліббійін алған мен тіліміздің арасында ешбір жақындык болмаған соң, латын әліббійінен ондай пайданы көре алмаймыз. Болмаса латын әліббійін тұтынған жұрттар орыстың орнында болыб, аузына қараб, әмірін күтіб, балаларымызға тілін үйретіб отырған жұрттар болса екен. Онда да латын әліббійін түрік әліббійінен төмен болса да, алыуда маған бар дер едік. Ең болмаса, латын әрпін тұтынған жұрттар мен көрші отырыб, аралас-құралас болыб, қатысыб, қабысыб, түйіндесіб жатқан істеріміз болса екен. Онда да пайда-майдасы тійер дер едік. Мұнда о да жоқ. Тібті қолайлығын қойыб, сұлыулығы үшін аламыз десек, ол жағынан да латын әліббійінің жеңіб шығыуы нағайбыл. Үйткені сұлыу жазыу қолдың шеберлігіне қарайды. Қолы шебер адам екеуі мен де сұлыу жазады, қолы олақ адам екеуі мен де жаман жазады. Жазбасы емес, басбасының сұлыулығы үшін аламыз десек, басба әріптің сүуреті шебер қолынан шығады, шебер қолынан екеуі де сұлұу болыб шығыуы ықтыймал.

17 – О жақ бұ жағына қараб латын әліббійіне қызығарлық еш нәрсе таба алмаймыз. Латын әліббійін алғанда, келтіретүн пайдасы жоқ болмақ, істейтүн зыйаны көб болмақ. Зыйаны сол – бұл «сау басқа сақыйна тілеб алыу да» болмай, аурыу үстіне аурыу тілеб алыу болады. Біздің осы күнгі аурыуымыздың зоры: мешел өскендіктен мәденійет жүзіндегі мешеулігіміз; надандық, сауатты адамдардың, іс қыла білетүн адамдардың аздығы, қаржысыздық, тағысын тағы мәденійет жағынан кемшіліктер. Сол аурыудың үстіне латын әліббійінің аурыуы келіб жамалмақ.

Латын әліббійін аламыз деушілер сол қыйалын қалай жүзеге шығарамыз дейді екен? Түрік әліббійін қалайша қалдырыб, латын әліббійін қалайша жүргіземіз дейді екен? Осы күнгі аз да болса түрікше сауаттылықты латын әліббійінің жолына құрбан қылыб, түрікше сауатты адамдарымызды сауатсыздыққа айналдырамыз дей ме екен? Әйтбесе бала оқытыуға күш, құрал қаржы

табылмай жатқанда түрікше сауаттыларды бір күнде латынша сауатты қылыб жібереміз дей ме екен? Болмаса бұрынғы сауаттыларға газет, жорнал, кітабтарды түрік әліббійімен бастырыб, кейінгілерге латын әліббійімен бастырамыз дей ме екен? Олай ойлайтұн болса, осы күні бір әліббіймен бастырыуға табылмай жатқан қаржыны латын әліббійі ала келеді дей ме екен?

Осылардың бәрін анықтаб ашыб, түрік әліббійін түзеуден латын әліббійін алыудың оңайлығын көрсеткенше латын әліббійі түрік әліббійінен жұмысының жеңілдігі жағынан да бәйге ала алмайды. Түрік әліббійін түзеу жұмысы жалғыз ақ басба әрпін даралау мен бітеді. Ол жұмыс латын әліббійін алыудан жүз есе оңай болатұнына таласатұн адам табылар ма екен?

Үйеннің 16-сы, күндізгі мәжіліс

Ақмет: – Нәзір соңғы сөзінде байандама тұуралы сөйлеген шешендер көркем әңгіме айтты, дәлел келтірген жоқ дейді. Нәзірдің дәлелдерін де көрдік, өз пікірін үске шығарыу үшін Нәзірдің де жұмсамаған әдістері қалған жоқ. Нәзірдің бар дәлелі – латын әріптері даралығынан басба жұмыстарына жеңілдік келтіретұндігі ғана. Біз де түрік әрпінің дара түрін тауыб отырмыз. Сонымен жазғанда бұрын түрікше таныйтұндар ежелеб болса да оқый алады. Латын әрпімен басылған сөздерді ежелеб оқыуға да жоқ. Латын әрпін еліктеб азырбайжан да алыб еді. Айағында өмір жүзінде іске асыра алмай, бұл уақытта бұрынғы шығарған декіретін өзгертіб, түрікше әріпке қайта айналыб келіб отыр.

Онсыз да латыншадан түрік әріптерінің қыйын болмайтұндығы ыспатталғандай. Бір газет үшін латыншадан 2 $^{1}/_{2}$ бұт, бұрынғы түрікшеден 15 бұт әріп керек болатұн болса, енді түрікше әріптерді даралағаннан кейін 2 бұт да жететұндігі анық. Орыс әріптерінің ұйасы 98 болса, оның реті мына түрмен болыб отыр. Орыста 33 әріп бар, оның бас әріптері тағы сондай 33, барлығы 66. Әр түрлі тыныс, сыйпыр белгілері 32, барлығы 98. Біздің 24

әрпімізге ортақ 32 белгіні қоссақ, барлығы 56 болмақ. Ал енді әріп қойдырыу жағына келсек, біз әлгі 24 дара әріпті ғана қойдырады екенбіз. 24 әріп қойдырыудың шығыны латын жазыуын жаңадан кіргізіуден неше есе кем екендігін әр кім түсінсе керек. Біз көрініб тұрған дайын нәрсеге қызыққышбыз, өнер-шеберлік жұмсаб, ой жүргізіб өзімізге қолайлы нәрсені істеб алыуға жалқаумыз. Нәзір латынша мен жазыу жеңіл дейді. Бұл дұрыс емес. Латын жазыуы мен орыс жазыуы бір түстес. Мәселен, менің жасымнан көб жазған бір сөзім әкемнің аты екен, соны орысша да, қазақша да жазайын Байтурсун – بايتۇرسن. Міне, бұған қарағанда, түрікше әріп бен жазыудың шапшандығы, әдемілігі, орынды аз алатұндығы бадырайыб көрініб тұр. Шапшаң жазыу қолды көтерместен ійректей беріуде емес, көб жазыб әдеттеніуден болады. Жазыу машыйнасын басқанда, пыйаныйно ойнағандай, қол ылғый секіріб жүреді. Сонда қолдың секіріуі шапшаңдыққа бөгет болмайды. Шапшаңдық қолды сырғанатыб отырыумен ғана болса, жазыу машыйнасын жүргізіу, пыйаныйно ойнау мүмкін де болмас еді.

Әріптің түрі (біріне бірі ұқсамауы) әр түрлі болса, ол шеберліктің тұуғызғаны. Қазақтың жастары жалаң сөз бен ғана болмай шеберлікті, іскерлікті көздеу керек. Сонда өзіміздің жастар шебер шығыб, осы түрік әрпінің өзінен әлде неше түрлер шығармай ма. Біз мәденійетті, өнерлі болыуға талпынсақ, мақсатқа сонда жетеміз, сонда дайын нәрсеге қызығатұн болмай, барды ұқсатыб, жоқты табатұн боламыз. Біз әлі де болса да, қолымыздағы жұртқа түсінікті әріптерімізді ұқсатыб алыу шараларына кірісіуіміз керек. Латын әрпіне қызыға қойатұн еш нәрсе жоқ. Латын әрпі ескірген, өлген зат, оны қайтадан тірілтіб аламыз деу адасқандық болады.

Ақмет: Қорытынды сөзін айтыб болған соң, әліббій тақырыбты өз жобасын оқыб шықты.

Әлібби тақырыбты Ақметтің жобасы

Қазақ-қырғыз білімпаздарының сійезі, әліббій түзеу тұуралы жасалған байандаманы талқыға салыб тексергеннен кейін жана осы күнгі тұтыныб жүрген түрік әліббійін тастаб, латын әліббійін аламыз деген пікірдің де дұрыс-терісін тексеріб қарағаннан кейін, мынау қарарды шығарды:

1 – Қазақ тұтыныб отырған түрік әліббійінің басба түрінің дара болмауы басба істеріне де, үйретіу жағына да қолайсыздық қылатұн болғандықтан ол қолайсыздықтан құтылыу үшін түрік әліббійінің өзін түзетіу өзге әліббій алыудан анағұрлым оңай болғандықтан: түрік әліббійінің жазба түрін осы күйінде қалдырыб, басбасын дара түрінде алыу керек.

2 – Латын әліббійінің түрік әліббійінен артықтығы жалғыз ақ даралық жағынан болмаса, басқа жағынан қолайсыз кемшіліктері көб болғандықтан, ол артықтығы да түрік әліббійінің басба түрін дараласақ жоғалатұн болғандықтан, жана да латын әліббійін жүргізіу жұмысы өте көб іс, көб күш керек қылатұн болғандықтан, латын әліббійін алыу деген сөзді ауызға алмасқа керек.

4. Исходя из сказанного, помощи со стороны РКП и Коминтерна освободительному движению на Востоке должна выразиться во всякого рода содействии и поддержке стремления восточных народов освободить от ига европейского империализма, и в направлении этого освободительного движения в желательную для мировой революции сторону, подачи руководящих указаний туземным революционным силам, проводя как в области хозяйственно-экономической и культурно-просветительной, так и в области классового дифференцирования населения и военной организации для борьбы с внутренними и внешними эксплуататорами; но помощь эта отнюдь не должна носить господства и насилия, а должна быть оказана в виде содействия, поддержки и указания.

В частности, коренным образом должно быть изменено отношение к уже образованным на территорий бывшей Российской империи восточным республикам, которые явятся без сомнения живой пропагандой в деле развития мировой революции на Востоке, в смысле расширения их прав и создания условий проявления инициативы туземцев не только в области культурно-просветительной, как было доныне, но и в области политико-экономической, так как стремление проводить те или иные принципы коммунистического строительства на восточных окраинах исключительно руками пролетариата господствовавшей до революции велико-русской нации неизбежно влечет за собой проявление последними впитавшегося веками высокомерного презрения к туземцам и отталкивает последних как новое проявление велико-русского империализма. Только снятие всякого подозрительного отношения к туземной бедности живейшим образом заинтересованной в развитии мировой революции, и массовое привлечение их к хозяйственной работе своей страны и возложения ответственности за нее выработает из туземца практического работника и равноправного члена будущего мирового коммунистического общества.

Қазақ халық білім беру институтының (КИНО) жергілікті комитетіне №8 А.Байтұрсынұлының берген түсініктемесі





Моя работа называлась ,т.е., я работал над теоретическим [illegible] тему раньше не писал. Я,как преподаватель иностранного [illegible] филол. ,библиограф,грамматика и методы обучения иностранным [illegible] так в этой области более 20 лет,я на эту работу посмотрел с [illegible] тем,опыт не только спортивных чтений в отчетах ранбиз [illegible] кренной методики образования,но в большая часть моей жизни, [illegible] та,как преподавательская,тратит много времени. Она в одной стороне [illegible] ер-преподавательская,в другой- творческая и с третьей. [illegible] в мои последующие мои работы в отношении предыдущих [illegible] чаем изучения и разработки применения результатов изучения [illegible] ны. Планы моей работы в отношении изучения аспектов [illegible] ков и их исследований в отношении творчества-преподавателя [illegible] ских результатов изучения в практическом плане не применяются [illegible] ча практики играет преподавание в учебных заведениях.

Рецензия моей преподаванной моей работе [illegible] ает в заключение библиографии,основное себе равным в переводе [illegible] мотика английского языка в деле обучения английской грамматике, [illegible] дов по моей научности на первое место. В последнее время, [illegible] 20 лет,я работал над собранием материалов в изучении [illegible] по преподаванию русского языка для восстановления интереса [illegible] изучения. Результаты изучения этих методов и материалов [illegible] всегда разных,других,составлением Университета,где я спутал [illegible] дов методики родного языка. Правда,я работал на этом [illegible] не от моего труда сам для Университет получает разные [illegible] представления; следовательно бюджетбюро Госиздрада в том,что [illegible] преподаватели могут пострадать учебным материалом Университета, [illegible] родного языка.

Следовательно,следует-ли мне,преподавателем методики [illegible] в Институте и кроме преподавательской работающему над созданием [illegible] преподавания изучения,пользуясь материалом материалов,[illegible] и изучением методов преподавания родного языка других [illegible] на такая работа с моей службой в Институте и в интересах [illegible] как учебного изучения,полученного преподавателей. Эта [illegible] Представляют на себе Госиздрада,что изучения приносящие [illegible] собранным материалом для исправления первого метода [illegible] классов,в чем преподавания,нет безвременности. Когда так,то [illegible] до сложной работы?

Третья- Представляют на себе Госиздрадом моей моей трудности [illegible] мои учебных пособиях на казахском,когда я изучаюсь на учебных



57

57

ческой,из научно-популярной литературы на казахском,приходится самому преподавателю собирать материалы,разрабатывать и составлять лекции и конспекты,уделяя на это все свое внеучебное время.

К вышеуп.,четвертое.- Предполагает до сих Гороноатрелы,что [illegible]. В то показывает мне урочная работа,в учебное время у всякого казахского преподавателя в Институте не хватает времени для изучения знаков методики преподавания,на теории уже о взаимодействии,дальнейшем и изучении,и разработкой нашего метода,и что единственным временем,дающим возможность систематично заниматься подобной доп работой,является время от внеучебных занятий в Институте до их возобновления.

Помимо занятия в Наркоматуте,проведение занятий,по поручению Адм. Совдепа Института,в помощь в Тьмоновский Дворец для чтения лекций. Почти занятия в одновременно научно постоянному в методы преподавания [illegible] языка в Пекуин, профил так с [illegible] Ин. В заключение по что Горонатрелы [illegible] в [illegible] случае занятости в том,что я,работая [illegible] [illegible] [illegible]



Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві: 184-қор, 1-тізімдеме, 17-іс.

№8 МЕСТКОМУ ПРИ КАЗИНСТИТУТЕ

По акту ревизии Госконтроля 16-23/IX - 1927 г. предложено администрации КазИНО взыскать с меня 432 руб. 10 коп., из коих 165 р. 98 к. получены мною будто бы за пропущенные уроки по неявке из отпуска, 2 руб. за пропущенные уроки по болезни и 264 р. 17 к. за пропущенные уроки по командировке, будто бы не связанной со службой моей в Институте.

Подобное предложение Госконтроля основано по недоразумении, вследствие его недостаточной осведомленности о действительном положении дела.

1. Я получил отпуск с 20 июня по 20 августа для поездки на курорт поболезни своей жены и возвратился из отпуска 23 августа, т.е. в то время, когда занятия в Институте еще не начались.

Не думаю, чтобы Госконтроль, будучи в достаточной степени осведомленным о действительном положении дела, мог допустить себе такую слишком суровую меру, как взыскание 165 р. 98 к. за 3 дня не учебного времени. Надо полагать, что Госконтроль введен в заблуждение полученными им неправильными сведениями.

2. В апреле месяце жена заболела сыпняком. Потребовалась экстренная помощь врача. Не имея телефона у себя дома, за врачом поехал сам и вследствие этого, явился на уроки часом позже.

Полагаю, что и в данном случае Госконтроль поступил со мною чрезмерно строго, благодаря своей недостаточной осведомленности о положении дела. Он мог бы допустить подобную строгость по отношению ко мне лишь в том случае, если бы я злоупотреблял вообще «правом по болезни».

При правильном осведомлении Госконтроля о положении дела, опоздание на час в течении всего учебного года и при том по причине серьезной болезни члена семьи едва ли мог бы послужить подходящим объектом для проявления Госконтролем чрезмерной строгости. Полагаю, что и это есть плод недоразумения.

3. Возбуждение Госконтролем вопроса о моей командировке и определение им поля моей деятельности, с разграничением ее функции в стенах Института и вне его стен, объясняются отсутствием у Госконтроля ясного представления о характере моей работы в области народного образования среди казакского населения, именно о таком характере, где Институтские части моей работы, переплетаясь с общеказакскими частями, тесно связываются между собою.

Моя работа созидательная, т.е., я работаю над созданием ..., чего раньше не было. Я, как создатель казакской письменности, алфавита, орфографии, грамматики и метода обучения казахской грамотности, работаю в этой области более 30 лет, и на эту работу посвящены и посвящаются мною не только служебные часы в стенах учебных заведений и учреждений народного образования, но и большая часть моей жизни. Моя работа, как созидательная, требует много времени. Она с одной стороны научно-исследовательская, с другой – творческая, и с третьей – практическая и все последующие мои работы в отношении предыдущих являются углублением изучения и улучшением применения результатов изучения на практике. Полем моей работы в отношении изучения является собирание материалов и их исследование; в отношении творчества – претворение теоретических результатов изучения в практические; полем же применения после на практике служит преподавание в учебных заведениях.

Благодаря такой трехсторонней моей работе созданы казакский алфавит и казакская орфография, не имеющие себе равных в мире; созданы грамматика казакского языка и метод обучения казакской грамоте, претендующие по своей научности на первые места. В последнее время, начиная с 1925 года, я работаю над собиранием материалов в изучении новых методов по преподаванию родного языка для составления методики преподавания казакского языка. Результаты изучения этих методов и материалов сделаются всегда раньше других, состоянием Казинститута, где я состою преподавателем методики родного языка. Правда,

я работаю на все казакские школы, но от моих трудов свои доли Казинститут получает раньше других и непосредственно; следовательно беспокойство Госконтроля о том, что от командировки могут пострадать учебные интересы Казинститута, лишено всякого основания.

Спрашивается, следует ли мне, преподавателю методики родного языка в Институте и притом преподавателю, работающему над созданием методики преподавания казязыка, заниматься собиранием материалов, исследованием и изучением методов преподавания родного языка других народов. Связана ли такая работа с моей службой в Институте и с интересами последнего, как учебного заведения, выпускающего преподавателей. Это одно. Другое. Представляет ли себе Госконтроль, что изучением существующих методов, собиранием материалов для выработки нового метода всецело заниматься в классе, в часы преподавания, нет возможности. Если так, то когда заниматься подобной работой?

Третье. Представляет ли себе Госконтроль всей той трудности преподавания учебных предметов на казязыке, когда за неимением ни учебников, ни научной, ни научно-популярной литературы на казязыке, приходится самому преподавателю собирать материалы, разрабатывать и составлять лекции и конспекты, убивая на это свои неурочные часы.

И, наконец четвертое. Представляет ли себе Госконтроль, что благодаря сказанным внеурочным работам, в учебное время у всякого казакского преподавателя в Институте не хватает времени для изучения новых методов преподавания, не говоря уже о преподавателе, занимающимся и изучением, и выработкой нового метода, и что единственным временем, дающим возможность – сосредоточенно заниматься подобного рода работой, является время от окончания занятий в Институте до их возобновления.

Окончив занятия в Казинституте, производив зачеты, по одобрению Администрации Института, я поехал в Ташкентский

Казпедвуз для чтения лекции. Читая лекции и одновременно изучая постановку и методы преподавания казахского языка в Педвузе, пробыл там с 5-31 Мая. В наказание за это Госконтроль подвергает меня взысканию в 264 р. 17 к. Вина моя в данном случае заключается в том, что я, благодаря 32-летней преподавательской практике смог пройти положенные по курсу предметы на 2-3 недели раньше других. Взыскание за это имело бы смысл, конечно, в том случае, если бы от скорости прохождения курса результаты усвоения учащимися пройденных мною предметов в сравнении с другими оказались слабыми. Этого не было.

Быть может, Госконтроль полагает, что по окончании мною учебных занятий в Институте следовало Администрации его посадить меня в канцелярии Института, чтобы заниматься либо постукиванием на машинке, либо пощелкиванием на счетах, считая такую работу более связанной с моей службой в Институте и признавая подобные занятия для Института более важными, чем командировки, имевшие целью упрощения как учебных методов, так и методов их преподавания.

Подобное представление Госконтроля о значении моих занятий, безусловно ошибочно, и вызвано оно недостаточным знакомством Госконтроля с характером моей работы.

Сообщая обо всем вышеизложенном, прошу местком через союзную организацию оградить от покушения Госконтроля мои заслуженные своим трудом деньги и мое дорогое время, необходимое для занятий более важных, нежели Госконтролем предполагаемых.

ПРИЛОЖЕНИЕ: – Удостоверение об отпуске от 7-го Июня 1927 г. за №524.

Преподаватель (личная подпись) /Байтурсунов/

КАЗ. ИНПРОС

Начальнику Отдела ГосФинКонтроля при КНКФ
Контролера ОГФК Болгарцева
Доклад

По акту ревизии расходов, произведенных КазИнПросом во II-ом полугодии 1926/27 г. от 16-23/IX – 1927 г. была установлена неправильная выдача зарплаты преподавателю КазИнПроса т. Байтурсунову в сумме 165 руб. 98 к., за время, проведенное в отпуску сверх положенного ему срока и 2 руб. за дни болезни, а всего 167 руб. 98 к., каковая сумма была предъявлена к взысканию с последнего, через Финансового Института г. Кзыл-Орды, но указанная сумма до сего времени не взыскана.

Ныне в связи с предоставлением т. Байтурсуновым справки о сроках предоставленного ему отпуска, из которой усматривается, что отпуск т. Байтурсунову был предоставлен 2^{х} месячный, из которого последний возвратился с опозданием лишь на 3 дня, за которые подлежат взысканию с него 17 руб.76 к. и за пропущенные уроки 2 р., а всего 19 руб. 76 коп.

Докладывая о вышеизложенном, нахожу возможным первоначальное решение о взыскании с т. Байтурсунова 165 руб. 98 к. за время, проведенное в отпуску сверх положенного ему срока и 2 р. за пропущенные уроки – изменить, оставив в силе взыскание лишь в сумме 19 р.76 к., о чем поставить в известность КазИнПрос и Фининспектора гор. Кзыл-Орды.

Контролер ОГФК Болгарцев
25/VI-1928г.

ФОТОСУРЕТТЕР



Сол жақта А.Байтұрсынұлы, ортада Ә.Бөкейханов,
оң жақта М.Дулатов. Орынбор, 1913 жыл.

Отырғандар солдан оңға қарай: Х. Ғаббасов, М. Дулатұлы,
А. Байтұрсынұлы, М. Әуезов. Тұрғандар: Ж.Аймауытов, Ә. Марғұлан,
А. Байтасов, 1926 жыл.

Отырғандар: сол жақтан – қырым татар ғалымы Бекир Уақапоғлы,
екінші – Ахмет Байтұрсынұлы, үшінші – Біләл Сүлейұлы.
Тұрғандар: сол жақтан бірінші – Әміре Қашаубайұлы,
екінші – Елдес Омарұлы, үшінші – әзірбайжан ғалымы Фархад Рагимоғлы.
Баку қаласы, 1926 жыл, 1 наурыз.

Бірінші Бүкілодақтық түркітанушылар құрылтайы.
Бірінші қатарда ортада: Әміре Қашаубайұлы, екінші қатарда алтыншы отырған – А.Байтұрсынұлы, үшінші қатарда жетінші тұрған – Біләл Сулейұлы.
Баку қаласы. 26.02-05.03.1926 жыл.

Бірінші Бүкілодақтық түркітанушылар құрылтайы. Баку қаласы.
26.02-05.03.1926 жыл.

Отырғандар солдан оңға қарай: 1. Әйтиев А. (Ішкі істер халық комиссары), 2. Калашников Н.Г. (Қаржы комиссары), 3. Жангелдин Ә. (Әлеуметтік қамтамасыз ету комиссары), 4. Мырзағалиев М. (Совет халық комиссариаты төрағасы), 5. Шефтель, 6. Райхман (Азық-түлік халық комиссарының орынбасары), 7. белгісіз, 8. Шамов (Денсаулық сақтау халық комиссары); Тұрғандар: 1.белгісіз, 2. Байтұрсынұлы А. (Оқу-ағарту халық комиссары), 3.белгісіз, 4. Әлібеков А. (Жұмысшы-шаруа инспекциясының халық комиссары).

Ғылыми қызметкерлердің бүкілодақтық съезінде.
Бірінші қатарда үшінші отырған – А.Байтұрсынұлы. 1927 жыл, ақпан.

Қазақ жастарымен. Отырғандар: оңнан солға қарай – Имам Әлімбеков, Ахмет Байтұрсынұлы, Ғазымбек Бірімжанов. 1922 жыл.

Қазақ оқымыстылары мен жастарының бас қосуы.
Ортада Ахмет Байтұрсынұлы мен Сәкен Сейфуллин. 1928 жыл

1954 жылы Түркияда жарық көрген «Түркістанда түрікшілдік және халықшылдық» атты кітапқа енген суреті.

Отырғандар (оңнан) : 1. Ахмет Байтұрсынұлы, 2. Белгісіз, 3. Көкбай Жанатайұлы, Тұрағұл Абайұлы, 5. Белгісіз; Тұрғандар (оңнан): 1. Белгісіз, 2. Міржақып Дулатұлы, 3. Қажымұқан Мұңайтпасов, 4. Сейдәзім Кәдірбаев, 5. Елдес Омаров.

Шәуешек сапарынан естелік. Екінші қатарда оңнан екінші отырған – А. Байтұрсынұлы, оң жақ артқы қатарда жеке отырған – Әсет Найманбайұлы. 1918 жыл.

Торғайлық делегация, А. Байтұрсынұлы ортада.

Семей қаласында. Үшінші қатар сол жақта бірінші отырған – А.Байтұрсынұлы, үшінші – Ә. Бөкейханов.

Қазақ оқымыстыларының бас қосуы.
Екінші қатарда ортада отырған – А. Байтұрсынұлы.

Ахмет Байтұрсынұлы мен Әбікей Сатбаев. 1928 жыл.

1927 жылы ақпан айында өткен педагогикалық білім берудің бүкілқазақстандық 1-кеңесіне қатысушы қазақ зиялылары. Екінші қатарда (солдан): 1. Ж.Тілеулин, 2. М.Дулатұлы, үшінші қатарда (солдан): 3. Ә. Сәтбаев, 4. А. Байтұрсынұлы, 5. С. Сәдуақасов. Төртінші қатарда (солдан): 1. Т. Шонанұлы. 1926 жыл.

«Ғалия» медресесінің шәкірттері арасында.
Екінші қатар оңнан төртінші тұрған – А. Байтұрсынұлы.

3/III, 1927 жыл. Қызылорда.
Екінші қатарда сол жақтан екінші отырған – А. Байтұрсынұлы.

Семей түрмесінде

1934 жылы лагерден
қайтқан кездегі суреті.

Ахметтің жары –
Бадрисафа.

ҚОСЫМШАЛАР



Ғылыми түсініктер

Киргизские приметы и пословицы. Мақала «Тургайские ведомости» газетасының жексенбілік қосымшасы ретінде шығып тұрған «Тургайская газетаның» 1895 жылғы №39 санында жарияланған.

Мақала: «Торғай газетінің» 1895 жылдың № 25 санында ауа райы жөніндегі ырымдарды жинап, жариялау мақсатында ел ішіндегі газет тілшілеріне бірнеше қазақ ырымдарын жазып алып, түпнұсқада немесе орыс тіліне аударып жіберуін өтінген едік», – деп басталады.

Адам баласы өмірлік тәжірибеге сүйеніп, күннің шығуы мен батуын, ай фазалары ауысымының тіршілікке әсерін байқап, жамандықтан сақтану үшін өзін қоршаған табиғатты, күн мен айды, отты, аң-құсты кие тұтып қастерлеген. Қоршаған орта жөніндегі діни-мифологиялық көзқарас, түрлі түсінік-пайымдар көптеген ырымдарды тудырған. Халқымыздың тыныс-тіршілігінде, көшпелі өмір сүру салтында, отбасылық салт-дәстүрінде, тәлім-тәрбиесінде дағдыға айналған ырымдар мол кездеседі.

А. Байтұрсынұлы ел ішінен жинап, орыс тілінде жариялаған табиғат құбылыстарына қатысты қазақ ырымдары көшпелі өмір сүру тәжірибесінен туындаған, аспандағы ай мен күнге, соққан жел мен боранға, ұшқан құс пен жүгірген аңға, ен далада жусаған төрт түлік малға қарап бағамдау жағдайында орныққан.

Ш. Уәлиханов, Г.Н. Потанин, Ә. Диваев еңбектерінде қазақ ырымдары жөнінде айтылған. Көшпелі өмір тәжірибесіне сүйенген ырымдарда қоршаған орта жөніндегі түсініктер көрініс тапқан. Мысалы, «Жазда құйын көп болса, қыс аязды болады». «Қой тісін қайраса», кешікпей боран болады. «Қой қысты күні қораға иін тіресіп, бір-бірін итермей, емін-еркін кірсе», ауа-райы жайлы болады. Керісінше «иіріліп, топырлай кірсе», күн бұзылады. «Тышқандар іниіне құрғақ шөп тасыса, қыс суық болады. «Ал тышқандар шөпті інінің сыртына жинаса», қыс жайлы болады. Сондай-ақ мақалада халқымыздың уақыт есептеу, ай

ауысу, маусым алмасуының белгісі ретінде үркер шоқ жұлдызына қарап шаруашылықты реттеуі сөз болады, ежелден астрониядан хабары болған қазақ есепшілерінің үркер тоғысына сай тұрмыс-тіршілігін қамдағаны, жұт жиі болатын қоян жылы жөнінде айтылады.

Орыс тілінің 1918 жылғы реформаға дейінгі орфографиясы бойынша жазылған мақалада қазіргі оқырманға бейтаныс көптеген өзгешеліктер кездеседі. Олар орыс тілінің қазіргі қолданыстағы орфографиясына лайықтап алынды. Мысалы, сөз соңындағы ъ белгісі қазір оқылмайды, сонымен қатар *зимою* – зимой, *весною* – весной, *благоприятною* – благоприятной, *солнечнаго* круга – солнечного, *луннаго* – лунного, тучи *разсеятся* – рассеятся болып жазылды.

Баспадан кеткен бірнеше қателер орын алған: «Күн кораланса, *күрешн* сайла», «*Эртень ш* кун кулактанса» деген сөйлемдерде курсивпен берілген сөздер «*курегин*», «*эртенги*» (ертеңгі) болуы керек. Жылына 10 рет келетін тоғыс жөнінде айта келіп, оларды санамалап өтеді, сонда алғашқы көктем айы аталмай қалғаны аңғарылады, сондықтан ол тік жақшаға алынып берілді: «... 5 [марта] и 3 апреля...»

Мақаланың түпнұсқасын филология ғылымдарының докторы, профессор Алмасбек Әбсадық 2019 жылы Орынбор архивінен тауып, «Қазақ» газетінің 2019 жылдың 22 мамырдағы санында жариялады [41].

1895 жылғы «Тургайская газетадағы» мақала мен А.Әбсадық 2019 жылы жариялаған мәтін жолма-жол салыстырылды, нәтижесінде бірнеше мәтіндік айырымдар байқалды, олар бұл жинақта түзетілді:

Түпмәтінде орыс тілінің 1918 жылғы реформаға дейінгі орфографиясына сәйкес «урькерь» деп жазылған, 2019 жылғы жарияланымда екі жерде: «урькерь» және «уркер» болып әр қилы таңбаланған.

2019 жылғы жарияланымда «*глубокоснежную* зиму», «поднимается *кверху*» деген курсивпен көрсетілген сөз «глубоко снежную», «к верху» болып бөлек жазылған.

2019 жылғы жарияланымда: «8) ... летом голодного года цвет неба бывает светлее против *обыкновенного»* деген сөйлемде курсивпен көрсетілген сөз «обыкновенно» болып жазылған, сонымен қатар «*предположили»* – предложили, «зима будет *суровая»* – суровой, «обилие *росы»* – расы, «овца *скрежещет* зубами» – қойдың тіс қайрауы «скрежет» болып қате берілген.

2019 жылғы жарияланымда курсивпен көрсетілген сөздер, сөз тіркестері мен сөйлемдер қалып қойған: «2) Закат солнца в ясный край неба *и* очень красная заря при этом предвещают жаркую погоду»; «*9) Если вечером дым из трубы поднимается прямо вверх, то погода зимой будет теплая»; «*12) Если тучи рассеятся в середине неба, то погода будет *плохая, а если на окраине неба, то погода будет* хорошая»; «13) ... Облако это по-киргизски «найзагай-булт» *(найзагай – молния, булт – облако); «*15) Соответственно жгучему *летнему* ветру, такой же резкий ветер будет и зимой»; «17) Если первый весенний дождь сопровождается *грозою и* громом, *то* будет обильный урожай»; «30) Если зимующие в степи черные скворцы поднимаются вверх очень высоко, то будет буран или *резкий* холод».

2019 жылғы жарияланымда тыныс белгі дұрыс қойылмаған: «Если зимой облака ходят против ветра, то пойдет снег, а летом – дождь» деген сөйлемде сызықша, ал «Есть особое облако, которое появляется, будто бы, с двух сторон света» деген сөйлемде үтірлер орнына қойылмаған.

Мәтін бұл жинаққа «Тургайская газетаның» 1895 жылғы №39 саны негізінде дайындалды.

КОРРЕСПОНДЕНЦИЯ (ОТ НАШЕГО КОРРЕСПОНДЕНТА) Бистамакская волость, Актюбинского уезда. Ақтөбе уезінің Бестамақ болысынан А.Байтұрсынұлының жолдаған хабарламасы «Тургайская газета» басылымында 1896 жылы 20 ақпандағы № 60 санында жарық көрген.

Автор шалғайдағы қазақ ауылына екпе салатын фельдшер тағайындалған фельдшерлік емдеу мекемесінің ашылуын маңызы зор оқиға ретінде атайды. Бұған дейін емші, бақсылардың көмегіне жүгініп келген қарапайым халықтың денсаулығына

сауатты дәрігерлік көмектің оң әсері болатыны айтылады. Ауыл мен қаланың арасындағы алшақтық, жол қатынасының қиындығы науқастың дәрігерлік көмекке дер кезінде жүгінуіне мүмкіндігі бола бермеген. Дәрігерлік көмекке бұрыннан мұқтаж халықтың осыған қол жеткізуін, орыс дәрігеріне сенімі арта бастауын, көптеген адамдардың ем қабылдап жатқанын әкімшіліктің орынды жарлығы ретінде бағалайды.

Газет тілшісі ретінде жазған хабарламаны Орынбор архивінен тауып, оның мазмұны туралы «Бестамақта жазылған беймәлім мақала (Ахмет Байтұрсынұлының тағы бір мақаласы табылды) деген атпен «Егемен Қазақстан» газетінің 2020 жылдың 13 қазанындағы № 195 санында филология ғылымдарының докторы, профессор Алмасбек Әбсадық жариялаған. Ол ұлы ұстаз Ақтөбе-Ырғыз өңірінде 6 жыл қызмет еткен деп шамалайды. Ақтөбелік өлкетанушылар Бестамақ болысындағы №4 ауылды 1902-1903 жылдардағы анықтамалық деректерге сүйеніп, «Арынғазиев ауылы» екенін растап отыр.

1918 жылғы реформаға дейінгі орыс тілінің орфографиясы бойынша жазылған мақалада көптеген айырмашылықтар кездеседі. Қазіргі оқырманға ыңғайлы болуы үшін олар орыс тілінің қазіргі орфографиясына лайықтап алынды. Мысалы, сөз соңындағы ъ белгісі оқылмайды, сонымен қатар разстояній – расстояний, баксъ – баксы, одержимаго – одержимого, такія печальныя – такие печальные, русскія– русские т.б. деп алынды.

Мәтін бұл жинаққа 1896 жылы 20 ақпандағы газет нұсқасы негізінде дайындалды.

Ж.Рақыш

Тағы да народный сот хақында. Мақала алғаш 1329 хижра жылы ережеп айында, қізіргі жыл санау бойынша 1911 жылы июнь (сарыатан) айында «Айқап» журналының 6-санында (7-10 бб.) жарық көрген. Кейіннен «Қазақ» газетінде (1913 ж. № 8,9), «Ақжол» (Б.210-213), «Айқап» энциклопедиясы (Б.65-68), «Жаңа низам» (Б.12-16), «Қазақ прозасы» (Б.444-447) жинақтарында және соңғы рет 2013 жылы А.С. Ісімақованың

жауапты редакторлығымен жарық көрген Байтұрсынұлы Ахмет. Алтытомдық шығармалар жинағының 4-томында* басылды.

Мақалада қазақ арасына енгізілген "Народный соттың" түп мәнін білмей, сайлауды "талас" деп түсінетін халықтың шала-сауаттылығын әшкере етеді."Сайлау халықты бүлдірді" деуінің себебі, өкімет қазаққа өз халқына жаны ашитын, білімді, қамқор адамдарын өздері таңдап сайлар десе, әркім өз руынан шыққан байларын, жемқорларын, озбырларын сайлайды. Және басқа рудың атқамінерлері алдына түспес үшін партия болып майдандасады. Жақтастарын жиып, мал беріп, пара беріп, сайлауда жеңіп шығу үшін елді әбігерге салады. Сондықтан сайлаудың мәні қазақ арасында "талас" деген ұғым қалыптастырған. А. Байтұрсынұлы осы мақаласы арқылы "Сайлаудың" шын мәнін ашып, оның елге келтірер пайдасын өркениетті елдерді мысалға келтіріп, нақты түсіндіреді.

Мақалада орыс тілінен енген *«народный», «закон», «чиновник», «казенный», «пункт», «временная комиссия», «волостной управитель», «общества», «старшина», «общий», «оброк», «областной», «инструкция», «десятина», «расход», «палата», «поселка», «июнь», «правила», «положение», «переселенчинск», «план», «чиновник», «протокол», «статья»,* т.б. сөздері қазақша баламаланбаған, кей тұстары мәтін ішінде *халық, қазына, заң* сөздері аударылған тізбекпен қатарласа беріледі. Аударма ісіне шебер Ахмет Байтұрсынұлы сол тұстағы әлеуметтік орта зиялы қауымның ұғымына түсінікті болу үшін орыс тіліндегі термин сөздерді сол қалпында беріп отырса, екіншіден, сол тұстағы шығып жатқан заң-закондарды халық бұқарасына білдіру, көбінде орыс тілінде айтылатын терминдерді таныту, үшіншіден қазақшаға дөп келетін баламаларының әлі толық пісіп-жетілмегенінен болса керек. Сондай-ақ жалпы түркі жұртына ортақ «низам, шариғат, муафик» атау сөздері кездеседі.

---

* Байтұрсынұлы Ахмет. Алты томдық шығармалар жинағы**.** *Әліппелер мен мақалалар жинағы. (Төте жазудағы тұңғыш әліппелер және ұлттық баспасөзде жарияланған көсемсөздер).* – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. Т. IV: –384 б.

Мақала мәтіні жинаққа аталған 1911 жылғы «Айқаптағы» басылым бойынша ұсынылды. 2013 жылғы басылыммен мәтіндік салыстырулар жасағанда көп өзгеріс жоқ, тек «Жолсыз болған соң, олар не хәкім» деген сөйлемдегі «хәкім» сөзі «Жолсыз болған соң, олар не хүкім» деп түпмәтін бойынша өзгертілді. Себебі, мақала билердің хәкім болуы емес, хүкім кесуі жайынан өрбиді.

Қазақ өкпесі. Фельетон алғаш 1329 хижра жылы Рабиғ әл-әууал айында, қазіргі жыл санауы бойынша 1911 жылы февраль (сафар) айында «Айқап» журналының 2-санында (12-14 бб.) жарық көрген. Кейінен 1989 жылы Р.Нұрғалиевтің дайындауымен «Социалистік Қазақстан» газетінде (7 ақпан), «Айқап» энциклопедиясында (1995 жыл. Бас редактор: Нұрғалиев Р). – Алматы: Қазақ энциклопедиясында және А. Байтұрсынұлының 2005, 2006 жинақтарында басылған. Кітапқа 1911 жылғы «Айқап» нұсқасы бойынша ұсынылды.

Мақалада қазақ халқы басына келген нәубеттің қайдан келгенін, кімнен болғанын біле алмай, әркімнен көріп өкпелейтіні туралы сөз болады. Яғни, пайдаланып отырған жерін «мұжыққа алып берді» деп хүкіметке өкпелесе, «Қазақ жерін қазыналық етуге неге көнген» деп өткендерге өкпелейді. Автор бұл өкпенің орынсыз екенін, естек халқын мысалға келтіре отырып, оның түбі еңбексіздік пен надандық, «Аллаңнан ойбайым жақсы» деп жата берген жалқаулығынан екенін таратып айтады. Сол үшін өзгелер секілді алға ұмтылып, жерді пайдалануға, ол үшін ақыл, өнер, ілім керек екенін еске салады.

Тағы да жер жайынан. 1329 хижра жылы джумәда әл-әуалл айында, қазіргі жыл санауы бойынша 1911 жылы апрель айында «Айқап» журналының 4-санында (1-4 бб.) жарық көрген. Мақала бұрын А. Байтұрсынұлы жинақтарына енбеген, алғаш рет ұсынылды.

Мақалада қазақтың жарарлық жақсы жерлерінің күннен-күнге тарайып орыс мұжықтарының қолына және «артық жер» деп жердің көбі қазына есебіне алынып жатқаны айтылады. Ал бұл тұстағы қазақтың жайын қалың орманға кіріп адасып жол таба

алмай дағдарып тұрған кісіге ұқсатады. Ахмет Байтұрсынұлы осы мақаласы арқылы қазаққа жерді алып қалудың басты жолы қала салу керек екенін ұғындырады, жол-жобасын көрсетеді. Мәселен, «Егінге жайлы жерді алып қаламын дегендер қала салу керек. Қала салуға бел байлағандар сұрап әуре болмасқа керек. Жақсы жерге жиылып қала салсаң, сен неге салып жатырсың дейтұғын ешкім жоқ, қазақ қалаған жеріне қала болып отырса, мешіт-медресе салса, қаланың маңайындағы егіндік жерлерді өлшетіп планға түсірсе, өлшеген жер артылмастай көп болып жиылып отырса, қаланды бұзып, мешітінді қиратып, жеріңді ала қоймас. Аламын десе, сонда ізден» дейді. Себебі, қазақ өз жерінде не істеймін десе өзі біледі, керісінше қазақ жеріне келіп бір нәрсе салғысы келгендер, қазақтан рұқсат сұрасын деген ойды түйіндейді.

Қазақ пайдасындағы жерді алу турасындағы низамдар мен бұйрықтар. Мақала алғаш 1329 хижра жылы шәууал айы және зул-қағда айлары қазіргі жыл санауы бойынша 1911 жылы сентябрь (мизан), октябрь (Ахраб) айларында «Айқап» журналының 9,10-сандарында (9-13 бб. және 14-16 бб.) «Қазақ пайдасындағы жерді алу турасындағы низамдар мен бұйрықтар» деген атаумен жарық көрген. *Екі жылдан соң* 1913 жылы «Қазақ» газетінің екі санында қайта жарияланған. №29 санында *«Қазақ жерін алу турасындағы низам»* десе, ал №30 санында *«Қазақ жері туралы насихат бұйрық»* деп тақырыбы өзгертіліп берілген. Газеттің 30-санында «*Басы 28-ші нөмірде*» деп көрсеткен. Алайда, бұл мақаланың бас жағы газеттің 29-нөмірінде басылған. Кейіннен тағы «Ақжолда» (Б.222-225), «Жаңа низамда» (Б.19-24), «Масада» (Б.148-154) басылды.

Мұнан соң араға көп жыл салып еліміз өз тәуелсіздігін алған соң 1996*, 2005**, 2013 жылдарда жарық көрген А.Байтұрсынұлы шығармалар жинағында басылды. 2013 жылғы жинақтағы

* Байтұрсынұлы А. Жаңа низам. Алматы. Жеті жарғы, 1996.

** Байтұрсынұлы А. Маса: Өлеңдер мен көсемсөздер. – Алматы: Раритет, 2005. – 208 бет. – «Алтын қор» кітапханасы. ISBN 99-663-85-8

мәтінді 1911 жылы «Айқапта» басылған түпмәтінмен салыстырғанымызда дұрыс оқылмаған, қалып қойған сөздердің, сөйлемдердің бар екені анықталды. Мәселен, «*22 пунткке бөлінеді» дегенді «12 пунктке бөлінеді» деп көрсеткен. Кейбір жаңсақ кеткен сөз, сөйлемдер алғашқы басылым бойынша қалпына келтірілді. Яғни 13-пункттегі «Жерінен көшпекші .... қазақтарға» дегенді «*жерінен көшірмекші болған қазақтарға», «10-шы *анте* а, б, в харіптерінің тұсында айтылған» деген сөйлемді «10-ші *пункт* а, б, в қаріптерінің тұсында айтылған», «*сол жердегі мұжыққа анте мөлшерменен қалынады*» деген сөйлемді «сол жердегі мұжыққа берген мөлшерменен қалынады», «*қағидаға тіркейді. Ол қағидаға жазылады*» деген сөйлем, «қағазға тіркейді. Ол қағазға жазылады», «*ұста салған мүлкі*» деген сөйлем «үстіне салынған мүлкі», «*бұл қағидаға басында болған мүлік иесі*» дегенді «бұл қағазға басында болған мүлік иесі», «*мезгілгі (временная) комиссияға түсіп*» деген сөйлемді «мезгілдік (временная) комиссияға түсіп», «*жер үлесін ан сыбағасымен алғандықтан*» сөйлемін «жер үлесін жан сыбағасымен алғандықтан» т.б. көптеген әріп қателіктері түзетіліп, түпмәтін бойынша берілді.

1-пунктте заңда айтылатын кейбір статьялардың реттік нөмірлері 124-127, 129 130, 134-154 деп көрсетілген. Жоғарыда айтылған жинақтардың бәрінде бұлардың арасына үтір қойылып, жеке-жеке реттік нөмір ретінде жазылған: 24,127, 129, 130, 134,154 және 124 саны 24 болып жазылған.

4-пункттегі «Мұныменен көрінеді: а) қаралмыш жерді шаруасы бар қанша үй пайдаланып отыр, арасындағы қонақтарды басқа көрсеткенде; б) қанша еркек жаны бар; в) бағылатұғын қанша малы бар; г) жыртатұғын жері қанша, шабатұғын шөбі жері қанша» деген сөйлемдегі *шабатұғын шөбі* деген тіркестегі *шөбі* сөзі жері болып өзгертілген.

Жоғарыда аталған жинақтардың бәрінде 13-пункттегі «... жерінен көшірмекші көшпекші болған қазақтарға көшкен шығыны о ғайри 10-шы пунктте а, б, в харіптерінің тұсында айтылған жерлерін алғандықтан көрген зарары үшін, осы насихат бұйрықтың 14-16-шы пункттерінде айтылған жол бойынша,

көшіруден бұрын ақша төлеу тиіс» деген сөйлемдегі *көшірмекші* сөзі *көшпекші* болып жазылған. Бұдан кейінгі *болған* деген сөздің орынан көп нүкте қойылған, яғни оқылмаған. Осы сөйлемдегі *қазақтарға* деген сөзден кейінгі *көшкен шығыны* деген сөздер де жазылмаған, орнына көп нүкте қойылған.

Жоғарыда аталған жинақтардың бәрінде 14-пункттегі «көшірмекші болған мүліктерді, алынбақшы болған жерлерді, су үшін жасалған нәрселерді, еккен ағаш, егіндерін жер жұмысының чиновниктері (производитель работ) қағазға тіркейді. Ол қағазға жазылады: жерінің түрі, үстіне салған мүлкі, еккен ағаштарыменен» деген сөйлемдегі *қағаз* сөзі *қағида* болып, *үстіне* сөзі *ұста* болып өзгертілген. Осы пункттегі «Бұл қағазға басында болған мүлік иесі, жер жұмысының чиновнигі, басында болған қазақтың білімді адамдары қол қояды» деген соңғы сөйлемде де *қағазға* сөзі *қағидаға* деп берілген.

Жоғарыда аталған жинақтардың бәрінде 15-пункттегі сөйлемде де *қағаз* сөзі екі жерде *қағида* деп жазылған.

19-пункттегі «Комиссияның хүкіміне риза болмаған жағы областной правлениенің общий присутствиесіне арыз етеді» деген сөйлемдегі *хүкіміне риза болмаған* деген тіркес жоғарыда айтылған жинақтардың бәрінде *хүкімдері болмаған* деп жазылған. Бестомдық жинақта хүкім сөзі күкім деп берілген.

20-пункттегі *ауған мұжықтар* деген тіркестегі ауған сөзі жоғарыда айтылған жинақтардың бәрінде *оған* деп берілген.

21-пункттегі «қала ретінде боламыз деп бүтін ауылнай обществаның бәрі иә бір парасы ғана» деген сөйлемдегі *парасы* сөзі жоғарыда айтылған жинақтардың бәрінде *шамасы* болып өзгертілген.

Алтытомдық жинақта 20-шы және 22-пункттердегі *жан басына, жан сыбағасыменен* деген тіркестердегі *жан* сөзі *ан* болып жазылып кеткен.

Мақалада Патша өкіметінің 1909 жылы шығарған жер-суды пайдалану туралы Заңы түсіндіріледі. «Қазақ жол ретін білмейді» деп заңды бұзушылардың бар екенін, соның кесірінен талай қазақтың жерінен заңсыз айрылып, сандалып қалғанын айтады.

А. Байтұрсынұлы осы заңды дұрыс білмегендіктен халықтың құқы аяққа тапталатынын түсіндіре келіп, 1909 жылғы низамбұйрықтың пункттеріне жеке-жеке тоқталады. Осылайша бұл жарлықты қалың бұқара түсінетіндей тілмен жеткізеді.

Дегенмен мақаланың ішінара сөз қолданыстарында орыс тілінен тікелей алынған сөздер мен сөз тіркестері көп кездеседі: волостной управитель, казенный, общества, старшина, граница, оброк, областной, инструкция, десятина, расход, поселка, положение, план, чиновник, протокол, статья, переселенчинский правила және т.б. олардың көпшілігі дыбысталу ырғағына қарай қазақша қалыпқа түскен және дыбысталуы бойынша жазылған. Мысалы, совет – савет, комиссия – камиссия, поселок – поселка, казенный – казеннай, общее крестьянское положение – общий крестьянский положения және т.б.

Қазақ һәм 4-ші дума. Мақала алғаш 1331 хижра жылы мұхаррам айының 3-күні, қазіргі жыл санауы бойынша 1912 жылы ноябрь (қауыс) айының 30-күні, «Айқап» журналының 12-санында (259-262 бб.) жарық көрген.

Мақала мәтіні «Ақ жолда» (Б.214-216); «Айқап» энциклопедиясында (Б.118-119) және «Жаңа низам» (Б.16-19) мен «Қазақ прозасында» (Б.449-452), соңғы рет А.Байтұрсынұлының бес томдығының 4-томы (*Байтұрсынұлы А. Бестомдық шығармалар жинағы. 4-том / Жауапты ред. А.Ісімақова; құраст. А.Ісімақова, Р.Имаханбетова. – Алматы: Алаш, 2006. – Б. 148-151*) және алтытомдық шығармаларының 4-томында (*Байтұрсынұлы Ахмет. Алтытомдық шығармалар жинағы. Әліппелер мен мақалалар жинағы. (Төте жазудағы тұңғыш әліппелер және ұлттық баспасөз де жарияланған көсемсөздер). – Алматы: «Елшежіре», – 2013. Т. IV: Б. 163-165. Жауапты редактор А.С. Ісімақова, құрастырып, баспаға дайындап, түсініктерін жазған Р.С. Имаханбет.*) басылған. «Ақ жолда» адамдардың аты-жөндері: *«Қоңырқожа Қожықов, Ғеси Енекеев, Қарынбаев, Алдияров, Махмұт Шарипов»* деп берілсе, «Айқап» жинағында: «*Қоңырқожа Қожиев, Ғайсы Иникеев, Орынбаев, Әндияров, Мұхамед Шәріпов»* деп жүр. Бұл төте жазудағы «дәйекшені»

дұрыс оқымаудан немесе түпнұсқадағы жазудың көмескіленіп, ескіруінің салдарынан қазіргі әріпке түсіру үстінде кеткен қателіктер. Және *«мағлұм-мәлім», «қал-хал», «ийуин-июнь»,«әгер-егер», «әмма-әмбе»* сөздері де бүгінгі қалыпқа түсірілген. Сондай-ақ, бұл мақалада да *«закон», «депутат», «выборщик», «адрес», «проект», «интерес», «пенсия», «телеграмма»* сынды орысша сөз тіркестері жиі кездеседі. А.Байтұрсынұлы Думаға қазақ депутаттарын сайлау туралы жазылған мақалаларға қорытынды жасайды. Мемлекеттік Думаға қайткен күнде де қазақтан депутат сайлаудың қажет әрі маңызды екенін дәлелдейді. Заң шығаратын орында қазақ халқының мүддесін жақтайтын және қорғайтын тек қана қазақ азаматы бола алатынын айтады. Қазаққа қатысты заң қабылдана қалған күнде оның кемшіліктерін айтып, басқа депутаттарға түсіндіре алатын қайраткер тек қазақтан сайланған болуы керектігі даусыз еді. Мысалы, 2-ші Мемлекеттік Думаға Орал облысынан сайланған Бақытжан Қаратаевтың қазақ жерін қорғап сөйлегені тарихтан мәлім.

Аз уақытта көп білу жолының басы. Мақала алғаш 1330 хижра жылы жәмәди әл-әуалл (сур) айында, қазіргі жыл санауы бойынша 1912 жылы апрель айында «Айқап» журналының 4-санында (82-83 бб.) жарық көрген. А. Байтұрсынұлының бұған дейінгі жинақтарында басылмаған, алғаш рет түпмәтіннен кирилл әрпіне түсіріліп, жинаққа ұсынылды.

Мақалада мақсатты жерге бару үшін ең әуелі барар жолын анықтап алу керек, егер жалғыз болып жаңылса, қатесі өзіне тиеді. Ал елдің басшысы болып қателессе, залалы көпке тиетінін ескертеді. Басшысы түзу болса, ұзын жол қысқа, олақ болса қысқа жолдың өзі ұзын екенін баса айтып, бала оқытып жүрген молла мұғалімдердің мақсат, мұратын айқындап алуды, қай жолымен балаға ғылым, білімді тез үйретуге болатынын, білмегендерін бір-бірінен сұрап дұрыс жолды таңдауын үгіттейді.

Н.Елесбай

Жазу тәртібі. «Айқап» журналының 1912 жылғы №4 (84-86-б.), 5-сандарында (104-107-б.) жарияланған мақала. Мақала 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта (380-385-б.),, 2003 жылы жарық көрген бестомдық (238-244-б.), және 2013 жылы шыққан алтытомдық шығармалар жинағында (254-260-б.), 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» енген жинақта (537-543-б.), Ақымет Байтұрсынұлы Таңдамалы шығармалары» (Алматы: Қазақ университеті, 2022) атты жинақта (495-499-б.) жарияланған.

Түпнұсқадағы «Сондықтан даулы нәрселер турасында жұрт бір ытфаққа келіп жеткенше, даусыз нәрсе оқуды тәртіпті жолға түсіру жайындағы ойымызды жұрт алдына салалық» деген сөйлемдегі «ытфаққа» сөзі 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында «итпақға», 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта, 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» «итфақға» түрінде берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Қазаққа керек оқу екі түрлі: бірі – мұсылманша оқу, бірі – росша оқу» деген сөйлемдегі «росша» сөзі 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта «русша» түрінде берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Бұл күнгі мұсылманша оқып жүрген жолдың былғалақ-шырғалағы көп, оныменен жүріп хат жаза білуге жеткенше росша білуден уақыт кем кетпейді» деген сөйлемдегі «былғалақ-шырғалағы» сөзі 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта «бұлғалақ-жырғалағы» түрінде берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Жақсы құрал менен іс істегенде күшке тиіп жанды қинамайды» деген сөйлемдегі «күшке» сөзі 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта «көпке» түрінде берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Мысалы: «و» менен жазамыз бес түрлі дыбысты, «ي» менен жазамыз үш түрлі дыбысты» деген сөйлемдегі «و», «ي» таңбалары 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта, «و» таңбасы берілмеген, «ي» ғана берілген. 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» «و», «ي» таңбалары берілген. 2013 жылғы алтытомдық жинақта «о-و», «-ыي» түрінде берілген: «о-و» менен жазамыз бес түрлі дыбысты, «-ыي» менен жазамыз үш түрлі дыбысты». Бұл «о» немесе «ы» дыбыстары бірнеше әріптің орнына қолданылған екен» деген қате түсінік тудыруы мүмкін. Бұл жерде А.Байтұрсынұлы қазақта бар, арабта жоқ «ұ», ү», «о», «ө» дыбыстарының таңбасын араб тіліндегі «у» әрпімен тұлғалас етіп, «ы», «і» дыбыстарын араб тіліндегі «и» әрпіне ұқсатып бергені жайында айтқан. Сондықтан бұл жерде араб тіліндегі әріпті (таңбаны) ғана беру керек те қалай дыбысталатынын көрсетудің қажеті жоқ. Себебі бұл таңбалар араб тілінде «у», «и» түрінде ғана дыбысталады. Сондықтан ғалымның тұжырымына нұқсан келтірмеу мақсатымен түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Дауысты дыбыстар: **آ (а), و (о), ۇ (ұ), ى (ы), يە (э)»** деген сөйлемдегі «ұ» әрпі 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта, 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» «у» түрінде берілген. Дұрысында, А.Байтұрсынұлы дауысты дыбыстарды жуан, жіңішке сыңарларымен жұптап берген: **а – ә, о – ө, ұ – ү, ы – і** және **е**. Осы мақалада «у» әрпін «й» әрпімен қатар беріп,

«жарты дауысты» деп атаған. Яғни ғалым ол дыбысты толық дауыстылардың қатарында бермеген. «Ұ» әрпінің орнына «у» әрпі таңбаланатын болса, «Ғалым бір дыбысты әрі дауысты, әрі жарты дауысты ретінде таныған екен» деген қате түсінік қалыптасуы мүмкін. Сондықтан ғалымның ұстанымдарын негізге ала отырып, баспа тарапынан кеткен қате жөнделді. Сонымен қатар осы сөйлемдегі «е/э» дыбысының таңбасы 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта «ه» түрінде берілген. 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» **يه (э)** түрінде берілген.Түпнұсқада **يه (э)** түрінде берілгендіктен, сол қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Дауыссыз дыбыстар: **ب(б), پ (п), ت (т), ج (ж), چ (ш), د (д), ر (р), ز (з), س (с), غ (ғ), ق (қ), ك (к), گ (г), ڭ (ң), ل (л), م (м), ن (н)»** деген сөйлемдегі «ң» дыбысының таңбасы түпнұсқада «ڭ» түрінде берілгенмен, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында түрінде берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Бұл дыбыстардың ішінде **қ (ق)** hәм **ғ (غ)** дәйім жуан айтылады, **г (گ), к (ك),** hәм **يه** дәйім жіңішке айтылады» деген сөйлем 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында «Бұл дыбыстардың ішінде **қ** hәм **ғ** дәйім жуан айтылады, **г, к,** hәм **й** дәйім жіңішке айтылады» деп берілген. Дұрысында, «й» жуан да, жіңішке де айтыла береді. А.Байтұрсынұлы **к, г, е** дыбыстары әрдайым жіңішке айтылатындықтан, ондай дыбыстары бар сөздерге дәйекше белгісін қоймайды. Түпнұсқада «**يه**» деп берілгенмен, ол – «й» емес, «е» дыбысының таңбасы. Сондықтан түпнұсқадағы қалпы сақталды.

«Егер де бұл 19 дыбыстың жуан айтылғанына бір харіф, жіңішке айтылғанына бір харіф керек десек, мысалы: – **ت – ط، س** ص сықылды, онда 19 дыбысқа 38 харіф керек болар еді, бұған дәйім жуан айтылатұғын **қ (ق)** менен **ғ (غ)** ларды, дәйім жіңішке айтылатұғын **к (ك), г (گ)** hәм **يه (е)** лерді қосқанда, hәммасына 43 харіф керек болар еді» деген сөйлемдегі

ت – ط، س – ص таңбаларының орнына 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында ғана жазылған да «Араб тілінің жуан **с, т** дыбыстарының таңбалары жазылуы керек» деген ескерту берілген. Бұл сөйлемді оқыған кезде « таңбаларының орнына жуан нұсқасы ғана берілген екен» деп, ағат түсініп қалуы мүмкін. Мұнда да «е» әрпі қате оқылып, «й» ретінде таңбаланған. Жинақта бұл қателіктердің бәрі жөнделіп, түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Мақала 1912 жылы жарық көргендіктен, сөздердің таңбалануында бірқатар ерекшеліктер бар. Олардың бәрін қазіргі жазумен сол қалпында көрсету оқуға қиындық келтіреді. Түпнұсқада «харіфлер» түрінде берілген сөздер 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында «харіф» сөзі «қаріп» түрінде берілген; 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында да сол қалпы сақталған. Алайда басқа сөздердің берілуінде түпнұсқадағы қалпы сақталмаған. Біріздiлікті сақтау мақсатымен жинақта «харіфтер» түрінде берілді: «Қазақ тіліндегі дыбыстар hәм олардың жазу белгілері (харіфтері)», «Бұлай болған соң араб харіфтерін қазақ дыбыстарына жеткізу амалын табу керек», «Сөздің алдында тұрған жіңішкелік белгісін көріп, ол сөздің ішіндегі дауысты дыбыстардың харіфтерін жіңішке оқимыз», т.с.с.

«Сөздің алдында тұрған жіңішкелік белгісін көріп, ол сөздің ішіндегі дауысты дыбыстардың харіфтерін жіңішке оқимыз; дауысты дыбыстардың жіңішке оқылса, олар менен қатар дауыссыз дыбыстар да жіңішке оқылады, мысалы: *арман – әрман (*آرمان-ءآرمان*), тор – төр (*تور –تور*), тұр – түр (*تۆر – ءتۆر*), торы – төрі (*توری–ءتوری*)*» деген сөйлем 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында «Сөздің алдында тұрған жіңішкелік белгісін көріп, ол сөздің ішіндегі дауысты дыбыстардың харіфлерін жіңішке оқимыз; дауысты дыбыстардың жіңішке оқылса, оларменен қатар дауыссыз дыбыстар да жіңішке оқылады, мысалы: *арман-әрмен,*

торы-төрі, тұр-түр, тор-төр» түрінде берілген. Мұнда, біріншіден, мысалдағы сөздердің берілу тәртібі сақталмаған, екіншіден, араб жазуындағы нұсқасы берілмегендіктен, жіңішкелік белгісі қай жерге қойылғаны түсініксіз болып қалған. 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта араб жазуындағы нұсқасы ғана берілген де қолданыстағы жазу нұсқасы берілмеген. Сондықтан түпнұсқадағы жазуды оқи білмейтін адамға бұл қиындық келтірері сөзсіз. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды әрі түпнұсқадағы қалпы да, қолданыстағы жазу нұсқасы да берілді.

Түпнұсқадағы «Сонда қазақ сөзіне жазылатұғын харіф-белгілер мынау болады: **ا, а(آ), б(ب) , п(پ) , т,(ت) ж,(ج) ш(چ) , д(د) , р (ر), з(ز) , с(س) , ғ(غ) , қ (ق), к (ك), г (گ), ң (ڭ), л (ل), м (م), н (ن), о (و), ұ (ۇ), у (ۋ) ы (ى), й (ي) е (ه، يه), ء**» деген сөйлемдегі **ң (ڭ)** 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында мүлде берілмеген. Дәйекшенің орнына фатхалы тәштид белгісі қойылған: . Бұл белгі сөздерді жіңішкертпейтіні (дыбыстың қайталанатынын білдіреді), Байтұрсынұлы еңбектерінде бұл белгі мүлде болмағанын ескеріліп, жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Бұлардың **ғ (غ), қ (ك), е (ه، يه)** лерден басқалары жіңішкелік белгісі «ء» тұрса, жіңішке оқылады» деген сөйлемдегі дәйекшенің («ء») орнына 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында фатхалы тәштид белгісі қойылған. **غ,ك,يه ،ه** таңбаларының қандай әріп екені қазіргі жазумен көрсетілмеген. Ғалымның ұстанымдарын нақтылап көрсету мақсатымен жинақта ол таңбалардың қандай дыбысты бейнелеп тұрғанын қолданыстағы таңбалармен де бердік.

Түпнұсқадағы «5 дауысты дыбыс үшін керек мынау жеті белгі: **آ (а), و (о), ۇ (ұ), ى (ы), يه ،ه(э)**» деген сөйлем 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар

жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта алифтің үстіндегі мәд белгісі қойылмай жазылған. Сол кездегі нормаға сәйкес, мәд белгісі қойылса, «а» дыбысы оқылады, қойылмаса – оқылмайды. Сондықтан мәд белгісін қоймай кетуге болмайды. Оны ғалымның өзі де «Оларды жіңішке айту үшін бір белгі «ء» hәм оларға сүйеу болатұғын бір белгі ا (таяқ) «ا» сөздің басында «~» менен тұрса آ (а) болып оқылады. Мысалы «ай» (آي) – луна. «~» жоқ болса, «а» болып оқылмайды» деп түсіндіреді. Сондай-ақ сөз басындағы «يه» таңбасының орнына 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында «?» (сұрақ белгісі қойылған. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Мысалы: *ор (اور) (канав) – өр (اور ء) – (подъемъ горы), ырым (ارم), ер (اير)* дегендей орындарда» деген сөйлемдегі «канав» сөзі 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта «канал» түрінде берілген; «ырым», «ер» деген сөздер «өр», «ор» болып оқылған. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды. 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта, 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» осы сөйлемнің соңына нүкте қойылмай, кейінгі сөйлемдермен араласып берілген: «Мысалы: ор (канал) – өр (подъем горы), *өр, ор* дегендей орындарда «ا «сөздің ортасында « » жоқ болса да «ا» болып оқылады». Дұрысында, «ا» сөздің ортасында «~» жоқ болса да «آ» болып оқылады» деген – жаңа сөйлем. Екі сөйлем араласып кеткендіктен, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында А.Байтұрсынұлының тұжырымы түсініксіз болып шыққан. Әрі тырнақшаның іші бос күйінде беріліп, мәд белгісі қойылмаған. Әліфтің үстіне де мәд белгісі қойылмаған. Сол себепті ғалымның ұстанымы мүлде түсініксіз болып қалған.

Одан кейінгі сөйлем түпнұсқада «Мысалы*: қазақ (قازاق), қалмақ (قالماق), қалқа (قالقا), қара (قارا)*. «آ» ашық, анық дыбыс, оны

қалдырып жазудың тіпті жөні жоқ» деп берілген. Алайда 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында «қазақ» сөзінің алдына таңбасы қойылған. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында түпнұсқадағы мәд белгісінің орнына бірде фатхалы тәштид қойылса, бірде ештеңе қойылмастан жазыла берген. Соның салдарынан ғалымның тұжырымдары түсініксіз болып шыққан. Мақаланың өн бойында түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Мысалы: «тамақ (тағам)» (تاماق)-ты «تماق» (тмақ) деп жазсақ; «қарау» (قاراو) -ды «قراو» (крау) деп жазсақ, адам (ادام)-ды «адм» (ادم) деп жазсақ» деген сөйлем 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында «Мысалы: (тағамды) «қара-қарауды» «тамақ» деп жазсақ, қара-қарауды деп жазсақ, адам-адамды деп жазсақ» деп берілген. яғни сөздердің орындары ауысып кеткендіктен, сөйлем түсініксіз болып шыққан. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

«Хасыл кәләм, менің ойым: сөз жазылу керек айтылатұғын түрінше, яғни сөз ішінде қай дыбыс естілсе, сол дыбыстың харфін жазу, естілген дыбыстың харфі жазылмай басқа әріп жазу керек болса, не үшін ол керектігі ғылым наху я ғылым сарф жолы менен ыспат етілсін» деген сөйлемдегі «керектігі» сөзі 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта «керекті» түрінде берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «ا» жазылған сөздің алдында «ء» тұрса «ا» жіңішке айтылады: *әбдән, ән, сән* деген сөздер ішіндегідей» деген

сөйлемдегі дәйекшенің орнына 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында фатхалы тәштид белгісі қойылған. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта «و» (о) *боқай, тоғай, қоға* деген сөздерде ب (б)-ның, ت (т)-ның, ق (қ)-ның соңында естілетұғын дыбыстың белгісі» деген сөйлемдегі «و» (о) түсіп қалған. Сол себепті сөйлем түсініксіз болып шыққан. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды. Сонымен қатар түпнұсқадағы ب, ت, ق әріптерінің қандай дыбыстарды бейнелеп тұрғаны да көрсетілмеген. «ق (қ)-ның соңында естілетұғын дыбыстың белгісі. «و» (о) – қазақ тілінде анық, ашық дыбыс, оны қалдырмай жазуға керек. «و» (о) жазған сөздің алдында «ء» тұрса, «و» (о) жіңішке оқылады» деген сөйлемдердегі араб жазуындағы әріптердің бәрі жинақта жақша ішінде нақтыланып отырды.

1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында «و» жазған сөздің алдында «ء» тұрса, «و» жіңішке оқылады: *боз – бөз, тор – төр, от – өт* деген сөздердегі сықылды» деген сөйлемдегі дәйекшенің орнына да фатхалы тәштид белгісі қойылған да алдымен сөздердің жіңішке нұсқалары, кейін жуан нұсқалары берілген. Ғалым жуан сөздердің дәйекші қойылғаннан кейін жіңішке оқылатынын көрсеткен. Араб жазуы оңнан солға қарай бағытталғандықтан, жіңішке нұсқасы оң жақта орналасқанымен, қолданыстағы жазуға түсіргенде орындары алмасуы керек. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында «ؤ» (ұ), *азу, қару, жабу* деген сөздерде ز (з)-ның, ر (р)-дың, ب (б)-ның соңында естілетін дыбыстың белгісі» деген сөйлемдегі **з, р, б** дыбыстарының алдында естілетін дыбыс «у» деп көрсетілген.

Дұрысында, ғалым «ұ» әрпін айтып тұр. Сол себепті «жазылған» деп емес, «естілетін» деп берген. Еріннің қатысуымен жасалатын «у» дыбысының алдында «ұ», «ү» дыбыстары естіледі. Бұл жерде А.Байтұрсынұлы «ұ» дыбысы туралы айтып отырғанын «ۇ» (ұ) сөздің бас буынында қысқа һәм көмескі естіледі: *құрау, құлақ, құрғақ* деген сөздер ішіндегідей» деген сөйлемнен де аңғаруға болады. Ғалымның ұстанымдарын негізге ала отырып, «ұ» әрпі жазылды. Сонымен қатар 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» ز, ر, ب дыбыстарының қолданыста қандай әріппен берілетіні де көрсетілмеген. нақтыланып отырды.

1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында түпнұсқадағы «ۋ»(ұ)-дан «ۇ»(у)-ды айыру керек» деген сөйлемдегі «ۋ»(ұ) әрпінің орнына ,«ۇ»(у) әрпінің орнына таңбасы жазылған. 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» «ұ» әрпінің орнына «о» () берілген. Дұрысында, әңгіме «ұ» мен «у» әріптері жайында. Себебі ғалым одан кейінгі сөйлемде «ۇ»(у) – жарты дауысты дыбыс» дейді. 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында ол сөйлемде «ۇ» таңбасы қолданыстағы қай әріпті бейнелейтіні көрсетілмеген. Ғалым «у», «й» дыбыстарын «жарты дауысты» дыбыс деп атаған. Бұл жерде әңгіме «у» дыбысы туралы екенін А.Байтұрсынұлының «Бұл дауысты дыбыстардың соңынан ғана айтылады: *тау, тауық, тәуір, біреу, екеу* деген сөздер ішінде айтылғандай» деген сөзінен де байқауға болады.

Түпнұсқадағы «ۇ» (у) сөздің бас буынында анық һәм ұзын естілсе, ол «ۇ» (ұ) менен «ۇ»(у) қатар келгендіктен, онда «ۇ» (ұ) һәм «ۇ»(у) екеуін де жазуға керек» деген сөйлем 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта «ۇ» (у) сөздің бас буынында анық һәм ұзын

естілсе, ол «ۇ» менен қатар келгендіктен, үнде «ۇ» һәм екеуін де жазуға керек» деп берілген. Яғни түпнұсқадағы «онда» сөзі «үнде» түрінде берілген. Сондай-ақ «ۇ» (у) әрпінің орнына (о) әрпі жазылған. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Сөздің бас буыннан басқа жерде «ۇ» ұзын қысқа естілсе де, жалғыз «ۋ» жазылады: *ашу, ашулану, тату, татулық, татуласу* اشۇ، اچۋلانۋ، تاتۋ، تاتۋلىق، تاتۋلاسۋ деген сөздер сықылды» деген сөйлемдегі *ашу* сөзі 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында түсіп қалған. 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында түпнұсқадағы «ашу» сөзі жақша ішінде «ашулану» түрінде берілген де «ашу» сөзінің қодланыстағы қалпы, «ашулану» сөзінің түпнұсқадағы қалпы берілмеген. «Тату» сөзі «тану» түрінде берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Қысқасы, сөздің бас буынында «ۇ» ұзын һәм анық естілсе, екі харіф менен жазарға: *тұура, тұумыс, бұуын, бұуаз* تۇۋرا، تۇۋمىس، بۇۋىن، بۇۋاز дегендей» деген сөйлемдегі *тұура, тұумыс, бұуын, бұуаз* сөздері 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында *тура, тумыс, буын, буаз* түрінде берілген. Сөйлемде ғалым екі әріппен жазылатыны туралы айтқанмен, кейінгі басылымда мысалға алынған сөйлемдерде ол анық көрсетілмей, бір әріппен ғана (у) берілген. Сол себепті А.Байтұрсынұлының тұжырымы түсініксіз болып қалған. 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта ол сөздердің қолданыстағы қалпы берілмеген. Жинақта сөздердің таңбалануында түпнұсқадағы қалпы сақталды әрі қолданыстағы жазу нұсқасы да берілді.

1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта түпнұсқадағы «ۇ»-ды «و»-дан айыру үшін үстіне «‘» қоямыз» деген сөйлемдегі «,» белгісінің орнына қойылған. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

«Мысалы: *қой* (мал) деген сөз бенен *құй* (*шай құй*) деген сөздердің мағаналары қандай басқа болса, айтылуы һәм сондай

басқа» деген сөйлем 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында «Мысалы: *қоймал* деген сөз бенен *шәй құй* деген сөздердің мағаналары қандай басқа болса, айтылуы һәм сондай басқа» деп берілген. яғни түпнұсқадағы *қой (мал)* түрінде ажыратылып, жақшамен берілген сөздер бірге жазылып кеткен; *құй* сөзі түсіп қалып, *шәй құй* деген сөйлем жақшасыз берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «ۇ» (ұ) – сөз ішінде қысқа естілсе де, қалдырмай жазатұғын дыбыс. «ۇ» (ұ) жазылған сөздің алдында «ء» тұрса «ۇ» жіңішке айтылады*: ұр – үр (ءاۇر-اۇر), тұр – түр (ءتۇر–تۇر), бұр – бүр (ءبۇر–بۇر)* дегендей» деген сөйлемдегі *ұр – үр (ءاۇر-اۇر), тұр – түр (ءتۇر–تۇر), бұр – бүр* (*ءبۇر–بۇر*) деген мысал 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында *өр-ор, тор-төр, бор-ор* түрінде берілген. Сондай-ақ дәйекшенің орнына фатхалы тәштид қойылған. 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта сөздердің орын тәртібі ауысып кеткен. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Онда жазбасқа болмайды: *алды (الدى), әрі (ءارى), малы ((مالى), жаны (جانى), қаны (قانى)* деген сөздерде «ы» (ى)-ны жазбай, *жаны, қаны...* деп оқуға болмайды» деген сөйлемде көп нүкте *қаны* сөзінен кейін қойылса, 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында *жаны* сөзінен бұрын қойылған: *...жаны, қаны деп, оқуға болмайды.* Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «ы» (ى) өзі сөз басында жазылмаса да сүйеніш таяғы «ا» жазылады: *ықтын (اقتىن), ынтық (انتىق), ырғақ (ارعاق), ызғар (ازعار), ысқыру (اسقرو), ышқыну (اشقنو)* деген сөздер сықылды» деген сөйлемдегі мысалда берілген сөздер 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында *ышқын, ышқыр, ызғар, ырғақ, ынтық, ықтым* түрінде берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды. 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы

«Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта ол сөздердің қолданыстағы қалпы берілмеген. Жинақта сөздердің таңбалануында түпнұсқадағы қалпы сақталды әрі қолданыстағы жазу нұсқасы да берілді.

Түпнұсқадағы «ы» (ى) жазылған сөздің алдында «ء» тұрса, «ى» жіңішке айтылады: *бары – бәрі (باری– ءباری), саны – сәні (سانی– ءسانی), бозы – бөзі (بوزی – ءبوزی)* дегендей» деген сөйлемдегі дәйекшенің орнына 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында фатхалы тәштид қойылған. Алайда келтірілген мысалда араб жазуындағы нұсқасы берілмегендіктен, не себепті жіңішке оқылатыны түсініксіз болып қалған. Жинақта қолданыстағы жазумен таңбалануымен қатар жақшаның ішінде араб жазуындағы қалпы да беріліп отырды.

1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта түпнұсқадағы «й» (ي) «у» (ۇ) сықылды дауысты дыбыстардың соңынан айтылатұғын жарты дауысты дыбыс» деген сөйлемдегі «ي», «ۇ» дауыстыларының қолданыста қай әріпті бейнелейтіні көрсетілмеген. Оқырманға түсінікті болуы көзделіп, қазіргі жазудағы нұсқасы да беріліп отырды.

Түпнұсқадағы «й» (ي) дауыссыз дыбыстардың соңында келсе, ол жерде жазылмайтын «ы» (ى) бар болғаннан. Мысал: *қиқм (قيقم), қин (قين), тин (تين)*» деген сөйлемдегі мысалдар 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында *қиқым, тиын, қиын* түрінде берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды. 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта ол сөздердің қолданыстағы қалпы берілмеген. Жинақта сөздердің таңбалануында түпнұсқадағы қалпы сақталды әрі қолданыстағы жазу нұсқасы да берілді.

«ы» (ى)-ды қалдырмай жазатын болсақ, бұл сөздерді бұлай жазар едік: *қыйқм (قيقم), қыйн (قيين), тыйн (تيين)* деген сөйлемдегі

мысалдар 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында *қыйқым, қыйын, тыйын* түрінде берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды. 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта ол сөздердің қолданыстағы қалпы берілмеген. Жинақта сөздердің таңбалануында түпнұсқадағы қалпы сақталды әрі қолданыстағы жазу нұсқасы да берілді.

Түпнұсқадағы «Бұл дыбысты осы кезде сөз басында былай «ﻳ» сөздің аяғында, ортасында былай «ﻴ» я былай «ﻲ» жазып жүрміз» деген сөйлемдегі араб жазуындағы таңбалардың орнына «?» (сұрақ белгісі) қойылған не бос қалдырылған. Сол себепті сөйлем түсініксіз болып шыққан. Түпнұсқадағы таңбалар көрсетіліп отырды.

2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында түпнұсқадағы «Сол үшін былай «اي» жазылатұғын дыбыс енді былай «ﻳ» жазылса деймін» деген сөйлемдегі араб жазуындағы таңбалар көрсетілмей, бос қалдырылған. Түпнұсқадағы таңбалар көрсетіліп отырды.

1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта сөздердің орны, араб жазуындағы әріптердің таңбалары ауысып кеткен. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында түпнұсқадағы «ﻳ» жазылатын орындар: *ер, кер, жем, тең*، ایر، کیر، جیم، تیڭ басқалар» деген сөйлемде де араб жазуындағы таңба көрсетілмей, бос қалдырылған. Түпнұсқадағы таңбалар көрсетіліп отырды. Мысалға берілген сөздер *тең, жем, қыр, ғер, ер* түрінде жазылған. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында «ﻳ» жазылатын орындар» деген тіркестегі араб жазуындағы таңба көрсетілмеген. 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта,

2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта ایر، كير، جيم، تيڭ сөздерінің қолданыстағы қалпы берілмеген. Жинақта сөздердің таңбалануында түпнұсқадағы қалпы сақталды әрі қолданыстағы жазу нұсқасы да берілді.

2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында түпнұсқадағы «ه» жазылатын орындар: *есек, желек, кеме, төбе, келеке*» деген сөйлемде де араб жазуындағы таңба көрсетілмей, бос қалдырылған. Түпнұсқадағы таңбалар көрсетіліп отырды. Әрі мысалдар түпнұсқадағы ретімен берілді. 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта сөздердің қолданыстағы қалпы берілмеген. Жинақта сөздердің таңбалануында түпнұсқадағы қалпы сақталды әрі қолданыстағы жазу нұсқасы да берілді. 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында бұл сөйлем келесі сөйлеммен араласып кеткен. Мәтіннің түпнұсқадағы қалпын сақталып, сөйлемнің соңына нүкте қойылды.

«ه» жазылатын орындар: *есек, желек, кеме, төбе, келеке* ايسەك، چيلەك كيمە، توبە، كيلەكە. «ە» жазылатын орындар: *кіре, тізе, керек, кедей, керует* كره، تيزه، كيرەك، كيدەي، كيروەت деген сөйлемдегі мысалдар түпнұсқадағы ретімен берілді. 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында бұл сөйлемнен кейін нүкте қойылмағандықтан, ол келесі сөйлеммен араласып кеткен. Мәтіннің түпнұсқадағы қалпын сақталып, сөйлемнің соңына нүкте қойылды.

« ه,ە, ۆ» жазылған сөздердің алдына «ء» қойылмайды, себебі: бұл олсыз да жіңішке айтылатұғын дыбыс» деген сөйлемдегі « ه,ە, ۆ» таңбаларының орнына 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында «ء» таңбасы қойылған. Ал дәйекше қойылатын жерге фатхалы тәштид қойылған. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Мұнан көрінеді осы күнде қазақ сөзіне көбінесе жазылып жүрген «ص» пенен «ط» ларды алмағанымыз» деген сөйлемдегі араб жазуындағы таңбалар 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық

шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында көрсетілмей, бос қалдырылған. Түпнұсқадағы таңбалар көрсетіліп отырды. 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында бұл сөйлемнен кейін нүкте қойылмағандықтан, ол келесі сөйлеммен араласып кеткен. Мәтіннің түпнұсқадағы қалпын сақталып, сөйлемнің соңына нүкте қойылды.

Түпнұсқадағы «Жоғарыда айттық: екі түрлі айтылатұғын дыбыстардың харфін «ء» тұрмаса жуан оқимыз деп» деген сөйлемде дәйекше қойылатын жерге 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында фатхалы тәштид қойылған. Түпнұсқадағы қалпы сақталды. Түпнұсқада жаңа сөйлем *жоғарыда айттық* тіркесімен басталып, одан кейін нүкте қойылғанмен, 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта ол алдыңғы сөйлеммен араласып кеткен. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Бұлай болғанда «ت»-ны «ء» тұрмаса «ط» сықылды жуан оқимыз. Сондықтан «ت» болған соң, «ط»-ның, «س» болған соң «ص» ның hәм «ج» болған соң «ژ»-ның керегі жоқ» деген сөйлемдегі араб жазуындағы таңбалар 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында көрсетілмей, бос қалдырылған. Түпнұсқадағы таңбалар көрсетіліп отырды.

1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта түпнұсқадағы «Басқа түркі тілдерін қарасаң, бізде «س» (с) келетұғын сөздерге оларда көбінесе «ش» (ш) келетұғын көрінеді. Бізде «ش» (ш) келетұғын сөздерге оларда «چ» (ч) келетұғын көрінеді» деген сөйлемдердегі

араб таңбалары қолданыстағы қандай әріптердің белгісі екені көрсетілмеген. Ғалымның ұстанымдарын нақтылап көрсету мақсатымен жинақта ол таңбалардың қандай дыбысты бейнелеп тұрғанын қолданыстағы таңбалармен де бердік.

Түпнұсқадағы «Мысал: *бас – баш, қас – қаш, тас – таш, ақша – ақча, қанша – қанча, шара – чара*» деген сөздер 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында *баш – бас, қаш – қас, таш – тас, ақша – ақща,қанжа – қанша, жора –шора* түрінде берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды. 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта ол сөздердің қолданыстағы жазу қалпы берілмеген. Жинақта сөздердің таңбалануында түпнұсқадағы қалпы сақталды әрі қолданыстағы жазу нұсқасы да берілді.

1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта түпнұсқадағы «ش» (ш) дыбысы қай тілде болса да «س» (с)-дан гөрі «چ» (ч)-ға жақын» деген сөйлемдегі араб таңбалары қолданыстағы қандай әріптердің белгісі екені көрсетілмеген. Ғалымның ұстанымдарын нақтылап көрсету мақсатымен жинақта ол таңбалардың қандай дыбысты бейнелеп тұрғаны қолданыстағы таңбалармен де берілді.

Түпнұсқадағы «Сондықтан «ش» дыбысының белгісіне «چ»-ны алдым» деген сөйлемдегі араб жазуындағы таңба («ش») 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында көрсетілмей, бос қалдырылған. Түпнұсқадағы таңбалар көрсетіліп отырды.

Түпнұсқадағы «Мысал: ایکنچی деп жазу ەکنشی деп жазудан ұнамдырақ, قانچا деп жазу قانشا деп жазудан ұнамдырақ» деген сөйлем 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында «Мысал: *еңбекжі* деп жазу *еңбекші* деп жазудан ұнамдырақ, қанжа деп жазу қанша деп жазудан ұнамдырақ» деп берілген. Дұрысында, А.Байтұрсынұлы бұл жерде *еңбекші* деп жазудың орнына *еңбекжі* деп, *қанша* деп жазудың орнына *қанжа* деп жазу ұнамды

екенін айтып тұрған жоқ. Бұл жерде әңгіме – сол сөздердің араб нұсқасындағы таңбасы жайында. Ғалым өзге түркілерден жырақтамас үшін ортақ таңба ұсынады. Сондықтан оқырмандар қате түсініп қалмау үшін түпнұсқада таңбаланған күйінде берілді.

Түпнұсқадағы «ك» һәм «گ» жазылатұғын сөздің де алдына «ء» қойылмайды, ол қойылмаса да бұлар жіңішке айтылады» деген сөйлемдегі дәйекшенің орнына 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында сұрақ белгісі қойылған. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта түпнұсқадағы «Мысал: арабтан алған *адал – халал, арам – харам, әл – хал* ادال - حلال، ارام - حرام، ءال - حال. Фарсыдан алған *ән – аһн, қожа – хоажа* - ءان - ءاهن، قوجا – حواجه сықылды сөздер» деген сөйлемдегі араб-парсы тілдерінен енген сөздердің түпнұсқа қалпы берілмеген. Араб-парсы тілдерінен енген сөздердің түпнұсқасын бүгінгі жазуға түсіргенде әріптерін ауыстыра салуға болмайды. Сондықтан түпнұсқадағы қалпы сақталып, араб-парсы тілдеріндегі тұрпаты берілді.

Шаһзаман мырзаға. «Айқап» журналының 1912 жылғы №9-11 сандарында (212-214, 229-233, 251-254-б.) жарияланған мақала. «Айқап» журналының 1912 жылғы 6,7-сандарында жарияланған Шаһзаман Жияшевтің «Бірге қозғалайық» атты сын мақаласына жауап ретінде жазылған. Мақала 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта (387-395-б.), 2013 жылы шыққан алтытомдық шығармалар жинағында (262-270-б.), 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» (542-561-б.) жарияланған.

Түпнұсқадағы «Ол дыбыстарының ғараб харіфтеріне тура келетіні де бар, келмейтіні де бар деп; бәрі тегіс келмейтін себебі: ғараб алифбасы қазаққа деп арнап шығарған алифба емес, ғараб тіліне арнап шығарған, һәр халықтың тіліндегі дыбыстардың

ішінде бөлектік болады. Бірінде бар дыбыс, бірінде жоқ болуға ықтимал» деген сөйлем 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында өз ішінен бірнеше сөйлемге жіктелген: «Ол дыбыстарының араб хәріптеріне тура келетіні де бар, келмейтіні де бар деп. Бары, тегіс келмейтін себебі: араб әл әліппесі қазаққа деп арнап шығарған әліппе емес, араб тіліне арнап шығарған, hәр халықтың тіліндегі дыбыстардың ішінде бөлектік болады». Түпнұсқада сөйлемнің жалғасы ретінде берілген «бәрі тегіс келмейтін себебі» тіркесі 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында жаңа сөйлем ретінде берілген де «бары» деген сөзден кейін үтір қойылған. Түпнұсқада үтір болмағандықтан әрі үтір қойылғаннан сөйлемнің мағынасы өзгеріп кететіндіктен, түпнұсқадағы қалпы сақталды. Түпнұсқада «ғараб алифбасы» деп берілген тіркес 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында «араб әл әліппесі» түрінде берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «و (о), (ы), ‘ه (э), پ (п) дыбыстар қазақта бар, ғарабта жоқ; ғараб алифбасы өз дыбыстарына арнап шығарған олардың дыбыстарының арасында و (о), (ы), ‘ه (э), پ (п) дыбыстар болмаса, бұл дыбыстарға тура келетін харіфтері де болмасқа керек» түрінде берілген сөйлем 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында «’(о), ى) ы), ‘ ب) е), پ) п) дыбыстар болмаса, бұл дыбыстарға тура келетін хәріптері де болмасқа керек» деп беріліп, «қазақта бар, ғарабта жоқ; ғараб алифбасы өз дыбыстарына арнап шығарған олардың дыбыстарының арасында و (о), (ы), ‘ه (э), پ (п) дыбыстар» деген сөздер түсіп қалған. Сондықтан ғалымның ойы түсініксіз болып қалған. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Өзіңіздің көрсеткен харіфтеріңіздің ішіндегі «پ» ,«ژ» ,«چ» осындай түсін бұзумен табылған әріптер емес пе?» деген сөйлем 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында «Өзіңіздің көрсеткен хәріптеріңіздің ішіндегі «»,چ پ»,«ع» «осындай түсін бұзумен табылған әріптер емес пе?» деп

беріліп, түпнұсқадағы «پ» ,«ژ» ,«چ» таңбаларының орнына басқа әріптер қойылған. 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта да әріптер шатастырылған. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Олардың «о», «а» дыбыстарынан біздің «о», «а» дыбыстарымыздың heш кемдігі болмаса, біз қалай жарты дауысты дейміз? деген сөйлем 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында «Олардың «о», «а» дыбысымыздың heш кемдігі болмаса, біз қалай жарты дауысты дейміз?» түрінде беріліп, ««о», «а» дыбыстарынан біздің» деген сөздер түсіп қалған. Сол себепті ғалымның ойы түсініксіз болып қалған. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «э» дыбысы қазақта «يە» (е) емес, «ئە» -ге жақын дейсіз» деген сөйлем 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында ««е» дыбысы қазақта «ە-е» емес, «ئە - и» ге жақын дейсіз» деп берілген. яғни «э»-нің орнына «е», «ئە» орнына «ئە - и» таңбаланған. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Мұнан көрі «ئە» менен жазу қолайлы десеңіз, олай да жазып көрелік» деген сөйлемде де 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында «ئە» таңбасының орнына «ئە» қойылған. 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта да әріптер шатастырылған. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Сіздің айтқаныңызша, «ژ» мен «ف» қазақ дыбыстары болмақшы» деген сөйлемдегі «ژ» мен «ف» таңбаларының орнына 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында «ۇ» «ع» таңбалары қойылған.

Түпнұсқадағы «ژ» ды қазақ тілінде бар дейсіз де, сөзіңізді ыспаттау үшін «журнал» деген сөзді көрсетесіз. Бұл сөз қазақ сөзі емес, франсоз сөзі ғой. «ژ» қазақ дыбысы десеңіз, қазақ сөзінен тауып берерге керек» деген сөйлемдердегі «ژ» таңбасының орнына 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында «ع» таңбасы жазылған. 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта да әріптер шатастырылған. Сондай-ақ бұл жинақта «франсоз» сөзі «фданцуз» түрінде берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «ف» (ф) дыбысы қазақ тілінде бар дейсіз де, қай сөздерге жазылатынын көрсетпей, азырақ әдіс айтып бұлтарып кетесіз. «ف» дыбысы бар сөздер қазақта есепсіз көп болғандықтан жазып көрсетпеймін дейсіз. Есепсіз болса бәрін жазу мүмкін емес, бірақ бір-екеуін жазып көрсетсеңіз, қазақ тілінде «ف» дыбысы рас бар екенін көрер едік» деген сөйлемдердегі «ف» әрпі 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2013 жылғы басылымда түрінде берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «ژ»-ды рос сөздеріне жазған, «ف»-ды ғараб сөздеріне жазған» деген сөйлемдегі «ژ» таңбасының орнына; «ف» таңбасының орнына жазылған. 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта да әріптер шатастырылған. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы چانا، چاڭ، چاڭراق، چال، چالا، قانچا، اقچا، قاچاق . сөздері 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында қолданыстағы жазумен әріппе-әріп көшірілген. Бұл жерде әңгіме – сол сөздердің араб нұсқасындағы таңбасы жайында. Ғалым өзге түркілерден жырақтамас үшін ортақ таңба ұсынады. Сондықтан оқырмандар қате түсініп қалмау үшін түпнұсқада таңбаланған күйінде берілді.

2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында түпнұсқадағы «Олай болғанда хәрфінде де өз басқалық болмай, бәрі я «چ» хәрфіменен жазылады, я «ش» хәрфіменен жазылады; біреуіне «چ» біреуінеش» » жазылмаса керек» деген сөйлемдегі араб таңбалары ауысып кеткен. 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта да әріптер шатастырылған. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында түпнұсқадағы «ص» менен «ط»-ны қазақ сөзіне керексіз дегенім мәнісі мынау: «ز» (з) дыбысы біреу болса, «س» (с) дыбысы да біреу; «د» (д) дыбысы қазақта біреу болса «ث» (т) дыбысы да біреу. «С» дыбысы hәм «т» дыбысы қазақта бір-бірден болса, оған екі-екі әріптен алып, арнау қажеті не? Сіз айтарсыз «ص» менен «ط» жуан сөздерге жазылады, «س» менен «ت» жіңішке сөздерге жазылады

деп. Онда неге «س» менен «ت»-ны жуан сөздерге жазамыз» деген сөйлемдегі араб таңбалары ауысып кеткен. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Мысалы: *бас, басқа, жас, жақсы, ат, ата, айту, жату* бұлардың бәрі де жуан сөздер» деген мысалдағы *басқа* сөзі 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында *басқе* түрінде берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды. 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта ол сөздердің қолданыстағы жазу қалпы берілмеген. Жинақта сөздердің таңбалануында түпнұсқадағы қалпы сақталды әрі қолданыстағы жазу нұсқасы да берілді.

2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында түпнұсқадағы «Бұларға неге «ص» менен «ط» жазбай, «س» менен «ت»-ты жазамыз. Жуан сөзге кіріскен дыбыс жуан болып айтылады. «س» менен «ت»-ның hәмән жіңішке айтылмай, жуан болып айтылуын көрсетеді» деген сөйлемдегі араб таңбалары ауысып кеткен. 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта әріп нұсқалары мүлде берілмеген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Осы күнде жазып жүрміз: *бас, басқа, басқару, бастыру, атау, тау, айту, тура* توژرا اتاو، تاو، ایتو, باسطرو, باسقارو، باس، باسقه، » деген сөйлем 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында «Осы күнде жазып жүрміз: ...5 бас... басқе...ету» деп берілген. 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта да келтірілген сөздер толық бірелмеген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында «ص» менен «ط»-ны қазақ сөзінен шығармалық» деген сөйлемдегі араб жазуындағы таңбалары жазылмай, тырнақшаның іші бос қалдырылған. Сол себепті сөйлем түсініксіз болып шыққан. Түпнұсқадағы таңбалар көрсетіліп отырды.

Түпнұсқадағы «Қазақта сөз екі түрлі: бір түрі жуан, екінші түрі жіңішке» деген сөйлемдегі «екінші түрі» деген тіркестегі «түрі» сөзі 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында түсіп қалған. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында түпнұсқадағы «س» менен «ت»-ның жуан сөздерге де, жіңішке сөздерге де кіріскені жуандық, жіңішкелік екі түріне де тұтынуға жарайтындығын көрсетеді» деген сөйлемдегі араб таңбалары ауысып кеткен. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында түпнұсқадағы «Онан әрі айтасыз: «қағидасыз қойылған «ء» дәйекші белгіден не мағана шығады» деп. Сіз не қағида мен «ا»-ның үстіне«ء» » қойып отырсыз, мен де сол қағидаменен қоямын» деген сөйлемдерде дәйекшенің орнына кәсралы тәштид қойылған. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында түпнұсқадағы «Оны ыспаттау үшін көрсетесіз اوزەن яки بوزەن (өзен) деген сөзді» деген сөйлемдегі араб жазуымен берілген сөздер «озен» яки өзен» деп берілген. Бұл жерде әңгіме – сол сөздердің араб нұсқасында таңбалануы жайында. Сондықтан оқырмандар қате түсініп қалмау үшін түпнұсқада таңбаланған күйінде берілді.

Түпнұсқадағы «Мұныңыз дұрыс ғой, егер де (ө) дыбысы алғы сөздің басында келсе, сөздің ортасында келсе қалай жазылады деп, ретке салынғанын?» деген сөйлемдегі *дыбысы* сөзі 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында *дыбысты* болып өзгертілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Мысалы: *жон (арқа), жөн (түзу, дұрыс), боз (түс), бөз (шүберек), бол (істе, бітір), бөл (бөлекте)* деген сөзімізді алалық» деген сөйлем 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында «Мысалы: жон-арқа, жөн-түзу, дұрыс, боз-түс, боз-шүберек, бол-істе, бітір, бөл-бөлекте деген сөзімізді алалық» түрінде, қос сөз сияқты берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Менің «ء» ні «ا» ның үстінен алып сөз алдына қойғаным мәнісі: «ء» ны жалғыз «ا» ның үстіне қойсақ, жалғыз «ا» ны жіңішкертуге ғана жарайды, өзгелерді жіңішкерту үшін де тағы басқа белгі алу керек болады. Мен оларға

басқа белгі алынбай, осы «ء» бәріне де жарайтын болсын деймін. Олай болуы үшін «ء» жалғыз «ا» ның үстінде тұрмай, сөздің алдында тұрсын деймін. «ء» қоюдың асыл мағанасы жіңішкерту ғой, болғанда «ء» жіңішкелік белгісі» деген сөйлемдерде 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында дәйекшенің орнына кәсралы тәштид қойылған. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында түпнұсқадағы «Әлде сіз «ص» менен «ط» қазақ тілінен шықса, басқалардан айырылып кетеміз дейсіз бе?», «ص»-ты шығармай тұрғанда жазатын едік: («сол, солай»). Енді «ص»-ты шығарған соң жазамыз: Татарлар жазады: («шол, шолай»; «сол» «шул») hәм деген сөздерін қазақ пенен татар түсініп жүрсе, hәм деген сөздерді түсіну олардан қиын болар ма екен?.. Сол сөздерді түсінуден «س» яки «ت» менен жазып басқалаған сөздерді түсіну оңайырақ шығар деймін. Қысқасы, «ط» ,«ص» бұл екі харіфті қазақ тілінен шығарғандағы жазуымыздың басқаланғаны тіліміздің басқалығынан артық болмайды... Мұндай басқалық, бұрын да бар-ды» деген сөйлемдердегі араб әріптерінің, сөздердің берілуінде бірқатар қателік орын алған, араб таңбалыр жазылмай, бос қалдырылған. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында түпнұсқадағы «Мысалы: Бөкейханыф әфенде айтты: «Жарты дауысты **й** hәм **у** () Англия тілінде де бар, оларға өз алдына басқа харіфтер алынбайды, неге десең, дауысты дыбыстардың соңынан келетін **й** hәм **у** жарты дауысты болады деген қағидалары бар» дейді. Сол қағиданы біздің тілімізге кіргізуге болады. Жарты дауысты **й** hәм **у** үшін харіф белгілеп арнамаймыз» сөйлемдеріндегі таңбаларының қолданыстағы жазуда қай әріптермен берілетіні көрсетілмеген. «Оқырманға түсінікті болсын» деген оймен жинақта ол таңбалардың қазірзі жазудағы белгілері көрсетіліп отырды.

«Қазақша сөз жазушылар диқатына» сөз жазушыға. «Шора» журналының 1913 жылғы №4 (100-113-б.) жарияланған

мақала. Мақала 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2003 жылы жарық көрген бестомдық және 2013 жылы шыққан алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» енген жинақта жарияланған.

Мақаланың тақырыбы 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта «Қазақша сөз жазушыларға» болып берілген.

Түпнұсқадағы «Бұл күндегі адамдардың сөйлесетін тілдерінің түбі мұнарланған сағымдай алысқа барып жоғалады» деген сөйлемдегі *күндегі* сөзі 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта, 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» *күндері* түрінде берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Оның жасы жылдап емес, жүз жылдап емес, мың жылдап саналады» деген сөйлемдегі *жасы* сөзі 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта, 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» *жолы* түрінде берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Тілдің басқалануына себеп болған – әр түрлі бөтен жұрттармен сыбайлас болып араласқандық» деген сөйлемдегі *араласқандық* сөзі 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта, 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» *араласқандықтан* түрінде берілген. Сондай-ақ жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында *тілдің* сөзі *тілідің* түрінде берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Түріктің балалары өсіп, алды-алдына тарап әр түрлі халық бен сыбайлас болған, араласқан түрлі жұрттың түрлі тілінен түрік тіліне жат сөздер, жат дыбыстар кірісіп, тіл арасының бірте-бірте жігі ұлғайған» деген сөйлемдегі *түрлі тілінен* тіркесі 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта, 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында *түрлі тілінің* түрінде берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Мақсұт сол жікті бітеп жоғалту болса, оған түзуді қисық деп, дұрысты хата деп қыңыр жол мен кірмей, тура жол мен келу керек» деген сөйлемдегі *жоғалту* сөзі 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта, 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» *жалғау* түрінде берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Шөнке дұрыс пен қатені, қисық пен түзуді айыруға жаратқан көкіректе көз бар» деген сөйлемдегі *шөнке* сөзі 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта *шөнки* түрінде берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Жат жазудың ыңғайына қарап, басқалардай тілін бұзуға, арасына жазу жайылмаған түрік баласы қазақ» деген сөйлемдегі *басқалардай* сөзі 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта, 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» *басқалардан* түрінде берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Сырттан бірен-саран жат сөздер келсе оны жаншып жіберіп, өз тілінің қалпына түсіріп алған қазақ» деген сөйлемдегі *жіберіп* сөзі 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта, 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» *кеміріп* түрінде берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Еділден бастап Ертіске шейін, Оралдан бастап Ауғанға шейін қазақта тіл де бір, емле де бір» деген сөйлемдегі *шейін* сөзі 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта, 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» *дейін* түрінде берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Ең әуелі біздің қисық көрінетін емлеміз «лр» орнына «дар», «тар», «лар» (жіңішке сөздерде «дер», «тер», «лер») деп жазғанымыз» деген сөйлемдегі «лр» 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта, 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» «лер» түрінде берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Үш түрін жазғанша «лар» деп бір ақ түрін жазса болмай ма?» деген» деген сөйлемдегі *жазғанша* сөзі 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта, 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» *жазғанмен* түрінде берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Бұл дұрыс болар еді, егер де сөздің бәрінің айағы дауысты дыбыс бен йә жарты дауысты дыбыс бен біте

берсе» деген сөйлемдегі *егер де* сөзі 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта, 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» *егерде* түрінде берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Сондай ақ «балалар», «аналар», «аталар» деген сөздер «лар» мен жазылады деп «маллар», «нанлар», «атлар» деп жазу керек деген сөз «бараймын», «біреймін», «малыдай», «малыда» деп жазу керек деген мен бірдей» деген сөйлемдегі *біреймін* сөзі 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта *бираймын* түрінде берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Сөздің ұшығы бірінде дауысты дыбысқа тіркеледі, бірінде дауыссыз дыбысқа тіркеледі» деген сөйлемдегі *бірінде* сөзі 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта, 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» *бірде* түрінде берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Тіл табиғатына қарағанда қазақтың солай істеуі дұрыс» деген сөйлемдегі *табиғатына* сөзі 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта, 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» *табиғатынан* түрінде берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Малы» дегеннен шыққан ұшықтарды «мал» дегеннен шыққан ұшықтармен бірдей істеу керек десек, тіл табиғатына дұрыс келе ме; сондай ақ «бала», «ана», «ата» һәм «мал», «нан», «ат» деген сөздердің бәріне де «лар» бірдей болу керек деген дұрыс емес» деген сөйлемдегі *дұрыс* сөзі

2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында түсіп қалған. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Малдар» дегенде тілде көріс кідіріс жоқ, жеп жеңіл ағып өте шығады» деген сөйлем 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта, 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» «малдар» дегенде тілде кідіріс жоқ, тек жеңіл өте шығады» деп берілген, сөздер түсіп қалған. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Ауыз еркін ашылғанда шыққан дыбыс «ا» (а), ол барша дыбыстан ашық; сонан соң ауыздың тарылуына қарай екінші дәрежедегі дыбыстар шығады» деген сөйлем 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта, 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» «Ауыз еркін ашылғанда шыққан дыбыс «а» барша дыбыстан ашық; сонан соң ауыздың тарылуына қарай екінші дәрежедегі дыбыстар шығады» деп берілген, сөз түсіп қалған. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Ауыз еркін ашылғанда шыққан дыбыс « «ا(а), ол барша дыбыстан ашық; сонан соң ауыздың тарылуына қарай екінші дәрежедегі дыбыстар шығады: жай тарылса «اَ» (ә), дөңгелектеніп тарылса «و» (о), онан әрі тарылғанда – үшінші дәрежедегі дыбыстар шығады: жай тарылса «ي» (й), дөңгелектеніп тарылса «ۇ» (у)» деген сөйлемнен кейін нүкте қойылған. 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта, 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» бұл сөйлем келесі сөйлеммен араласып кетіп, ой түсініксіз болып шыққан. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Дыбыстың ашықтығы қай дәрежеде болса, көркемдігі де сол дәрежеде болады» деген сөйлем 1992 жылы

жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта, 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» алдыңғы сөйлеммен араласып кеткен. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Жоғарғы дәрежедегі дыбысты төмен дәрежедегі дыбыстарға алмастырып тілді аздырған кемшілік татар тілінде көп» деген сөйлем 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта, 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» алдыңғы сөйлемнен нүктелі үтір арқылы ажыратылған. Сондай-ақ осы сөйлемдегі *жоғарғы* сөзі *жоғары* түрінде берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «А» дыбысы «и» дыбысына алмасуына себеп болған нәрсе: түрік сөздерін де ғараб емлесі мен жазамыз деген, мәселен: *қарамай – қарами*» деген сөйлемдегі *себеп болған нәрсе* тіркесі 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта, 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» *себеп болып* түрінде берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Онан әрі: «-нан» дұрыс емес, «-ндан» дұрыс деген – о да даулы сөз, табиғатқа салғанда екеуі де дұрыс, жолға салғанда екеуі де дұрыс емес» деген сөйлем 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта *дұрыс* сөзінен кейін үтір қойылып: «Онан әрі: «-нан» дұрыс емес, «-ндан» дұрыс деген – о да даулы сөз, табиғатқа салғанда екеуі де дұрыс, жолға салғанда екеуі де дұрыс емес» деп берілген. Соның салдарынан сөйлем түсініксіз болып шыққан. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Бұлардан басқа қисық көрінетін: «ма», «ме» орнына «ба», «бе» жазғанымыз; «ш» орнына «с» жазғанымыз» деген сөйлемдегі *қисық* сөзі 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта, 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» *пысық* түрінде берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Османыларға сендердің «бін», «уар», «даг» дегендердің дұрыс емес, «мен», «бар», «тау» деп жазу керек дегеніміз жөн бе?» деген сөйлемдегі *дегеніміз* сөзі 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта, 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» *дейміз* түрінде берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Татарлар неге: – «атасыға», «атасыдан», «атасыдай» деп жазбай, – «атасына», «атасындан», «атасындай» деп жазады?» деген сөйлем 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында «Татарлар неге «атасыға», «атасыдан», «атасыдай» деп жазбай, «атасына», «атасынан», «атасындай» деп жазады?» түрінде берілген. 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта, 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» да түпнұсқадан ауытқыған. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «*Атасыға – атасыдан – атасыдай* деп жазса, түсінбес бе?» деген сөйлемдегі *атасыдан* сөзі 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында *атасынан* түрінде берілген. 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта, 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» да түпнұсқадан ауытқыған. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Қазақ та солай: **-ның, -ны, -ндан, -лар, -лық, -лы** орынсыз жерлерде келсе, ол сөз қазақша болмайды; шөнке тілдің өзі табиғаты тартуынша әрқайсысын өз орнына қойған» деген сөйлемдегі *шөнке* сөзі 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта, 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» *жөнге* түрінде берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Емлесін хата десек, тастап бізге келер деген ой – хата: ол жақсы мен жаманды, қисық пен түзуді айырарлық қазақта көз жоқ деген болады» деген сөйлемдегі *деген* сөзі 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта, 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» *дегендік* түрінде берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

«Оқу жайы». «Қазақ» газетінің 1913 жылдың 21 сәуіріндегі 11-санында жарияланған мақала. Мақала «Ақ жол» (226-228-б.), «Тіл тағылымы» (428-430-б.), «Қазақ прозасы» (465-467-б.), 2003 жылғы бестомдық шығармалар жинағы (288-291-б.), 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағы (302-305-б.), 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақ (596-599-б.), 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» (578-583-б.) басылған.

Түпнұсқада «Қазақ быйыл 5 теңгеге сатқан нәрсесін келер жылы өзі 10 теңгеге қайта сатып алады» деген сөйлемдегі *қайта* сөзі 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында *қайьа* болып берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқада «Мұнан 20-25 жыл бұрын қазақ Бұхар, Ташкентке түйемен кіре салып қанша пайда қылыушы еді» деген сөйлемдегі *қанша* сөзі 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында *қанаша* болып берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқада «Басқа жұрттарда өздерінің істеген нәрселері өз ішінде сатылып, жұмсаған ақша өз елдерінде қалып, шетке

кетпейтін болса, оны жұртқа шығын деп есептемейді, тек бірінен біріне ауысқанға санайды» деген сөйлемдегі *бірінен біріне* тіркесі 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта *бірінен-біріне* болып берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды. 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта *басқа жұрттарда* тіркесі *басқа жұрттардың* болып берілген.

Түпнұсқада «Жоғарыда айтылған шарыуа тұуралы болсын, партыйаға мүбталла болсын, бәрінде де қазақтың байлығы осы көлденеңге, көк аттыларға түсіп, соларға жем болады» деген сөйлемдегі *партыйаға* сөзі 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында *патрияға* болып берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқада «Бұл заманда қолы жетпегендерді теңдікке жеткізетін, әлсіздерге күш беретін өнер-білім, сол өнер-білімге мезгілі өтпей тұрғанда үйренсек тұрмысымызды түзетіп, басқалардың айақ астында жаншылмас едік, біз де өз алдымызға бір жұрт екендігімізді білдірер едік» деген сөйлемдегі *теңдікке жеткізетін* тіркесі 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында *теңдіккежеткізетін* болып берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқада «Әуелгі заманда жұрт шаһар дегенді білмейді екен, далада аңша өсіп-өніп жүріпті, араларында «менікі-сенікі» болмапты, аңның терісін кійім, етін тамақ, тарамысын жіп, сүйегін ійне қылды, екі ағашты біріне бірін үйкеп от шығарды» деген сөйлемдегі *тарамысын* сөзі 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында *тарамсын* болып берілген. Сондай-ақ *біріне бірін* тіркесі 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында *біріне-бірін* болып берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Әр жердегі қазақтың өнер-білімі қаралас, сол себепті бір облыс, йәкій бір уез елдегі оқыудың таралыуын көрсетсек, күллі қазақтағы оқыуды шамалауға болады» деген

сөйлем 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында кіші әріптен басталған. Бұл – жаңа сөйлемнің басы болғандықтан, бас әріппен берілді.

Түпнұсқадағы «Қостанай уезінде 1909-ыншы жылғы есеп бойынша 60 мың 594 еркек, 52 мың 63 әйел – барлығы 112 мың 657 қазақ болған» деген сөйлемдегі *1909-ыншы* сөзі 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында *1909-інші* болып берілген, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта *1909-ншы* түрінде жазылған. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Сонда оқыған балалар ілгері школдарға келіп оқымаса, тіршілікке пайдалы білім алып шыға алмайды» деген сөйлемдегі *оқымаса* сөзі 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында *оқөымаса* болып берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Әр облыстың қазақтары үшін өнійверістет, институттерден 2-3-тен артық орын жоқ» деген сөйлемдегі *Әр* сөзі 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында *Ә* болып берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Ақшаны артық төлеп, пайдасын кем көретін болсақ, лайықты жолымен есептесіп, школдарды көбейттіріп hәм жоғарғы школдардан молырақ орын аштырыу тійіс» деген сөйлемдегі *көбейттіріп* сөзі 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» *көбейтіріп* болып берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Орысша оқушылар. «Қазақ» газетінің 1913 жылдың 26-санында жарияланған мақала. Бұл мақала «Ақ жол» (259-260-б.), «Тіл тағылымы» (430-432-б.), «Маса» (186-189-б.), «Қазақ прозасына» (507-509-б.), 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында (291-294-б.), 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында (305-308-б.), 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта (599-604-б.), 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» (583-588-б.) жарияланған.

Түпнұсқадағы «Бір жыл орысша оқып, бірден соңғы болып ышқолаға ымтыйхан беріп кірді» деген сөйлемдегі *беріп* сөзі 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында *еріп* болып берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Олар барып оқырлық орындар шамалы; үшитилский ышқола, симинариа, адам фельдшері йә мал фельдшерінің ышқолалары» деген сөйлемдегі 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта *барып* сөзі түсіп қалған. Сондай-ақ 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта, 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» *ышқола* сөзі *ышқолаға* болып берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Бұлардың қызметке кіргендері қазаққа епсініумен болады, үйінде тұрғанының оқығанынан жұрнақ қалмайды» деген сөйлем 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында кіші әріптен басталған. Бұл – жаңа сөйлемнің басы болғандықтан, бас әріппен берілді.

Түпнұсқадағы «Егер де оқығандарымыз деп жоғары йә орта оқыулыларды айтса, олар тіпті аз-ақ есепте емес пе?» деген сөйлемдегі *Егер де* сөзі 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта, 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» *Егерде* болып берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Жұмысшы аз болса, жұмыстың өнімі де аз, көп болса, өнімі де көп болмақшы» деген сөйлем 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында «Жұмысшы аз болса, жұмыстың өнімі де аз, көп болмақшы» болып берілген. Яғни *көп*

болса, өнімі деген сөздер түсіп қалған. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Айып балада ма?» деген сөйлем 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта «Айып...?» түрінде берілген. Жинақта ол сөздер оқылып, түпнұсқадағы қалпы сақталып берілді.

Түпнұсқадағы «Егер де осы күнгі орысша, мұсұлманша оқығандардың арасында жұртым дегендер шығып жатса, жұрттың өткізген борышын төлеу үшін емес, адамшылық борышын басынан атқарыу үшін» деген сөйлем 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында «Егерде осы күнгі орысша, оқығандардың арасында жұртым... шығып жатса, жұрттың өткізген... төлеу үшін емес, адамшылық бо...* басынан атқару үшін» болып берілген. Яғни бірнеше сөз оқылмай, көп нүкте қойылған. 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта да сөздер түсіп қалған. Жинақта ол сөздер оқылып, түпнұсқадағы қалпы сақталып берілді. Сондай-ақ *Егер де* сөзі 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында *Егерде* болып берілген.

Түпнұсқадағы «Мойындағы борышты біліу білім ісі, борышты төлеу адамшылық ісі» деген сөйлемдегі *білім* сөзі 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта *білімі* болып берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Жоғарыдағы айтылған сөздердің ақтығы мынау: әуелі, қазақ, жұртшылық етіп оқыймын деген жастарыңды бүйтіп қаңғыртып қоймас үшін, қам қылыңдар!» деген сөйлемдегі *қазақ* сөзі 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында *қзақ* болып берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Ол үшін һәр жердегі оқыйтын орындарда көбірек істипендия ашыу керек, оны ашыу қыйын да емес, қымбат та емес» деген сөйлемдегі *һәр* сөзі 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта, 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» *һәм, әм* болып берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Қандай школдарда, қанша стипендия ашыу һәм қалай ашыу жайын тағы да жазармыз» деген сөйлем 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта «Қандай школдарда, қанша стипендия ашу һәм...» болып берілген. Яғни *сөйлемнің соңы* оқылмай қалған. Жинақта ол сөздер оқылып, түпнұсқадағы қалпы сақталып берілді.

Қазақша оқу жайынан. «Қазақ» газетінің 1913 жылдың 16 мамырындағы 14-санында жарияланған мақала. Бұл мақала «Ақ жол» (252-253-б.), «Қазақ прозасына» (497-499-б.), 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта (432-434-б.), 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында (294-296-б.), 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында (308-311-б.), 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта (604-607-б.), 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» (588-593-б.) жарияланған.

Түпнұсқадағы «Қазақ ішінде әр жерде бала оқытатын адамдардан бала оқытыуға праграмма (жосық) көрсетілсе екен деген өтініштер келеді» деген сөйлемдегі *праграмма* сөзі 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта *програмы*, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында *прогырамасы*, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында *програсы*, 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» *прогырам* болып берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Сондықтан прагырамма деген сөз әзір ертерек» деген сөйлемдегі *праграмма* сөзі 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында *програм*, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында *прогырам*, 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» *прогырам* болып берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта түпнұсқадағы «Әуелі біз бала оқытатын кітаптарымызды түзеп, сайлап алып, сонан соң неден бастап, неге шейін оқытатынымызға жосық белгілеуге дұрыс» деген сөйлемдегі *біз* сөзі түсіп қалған. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Ол үшін бала тұурасындағы педагогика ғылымын біліу керек» деген сөйлем 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта «Ол үшін бала турасындағы... керек» болып берілген. Яғни *педагогика ғылымын біліу* тіркесі оқылмай қалған. Жинақта ол сөздер оқылып, түпнұсқадағы қалпы сақталып берілді.

Түпнұсқадағы «Біз болысымыз, басқа жұрттың болысындай, елді бағалмайтын мінін айтып жатырмыз» деген сөйлемдегі *бағалмайтын* сөзі 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында *баға алмайтын* болып берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқада «бұлардың мінін айтқанда бала оқытыуымызда қандай мін барын да айтып, әуелі біз елді түзеуді бала оқытыу ісін түзеуден бастау керек» деген сөйлем алдыңғы сөзден нүктелі үтір арқылы ажыратылып, *бұлардың* сөзі кіші әріппен берілген. 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы

алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта, 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» ол сөйлем жаңа сөйлем ретінде беріліп, *бұлардың* сөзі бас әріппен жазылған. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Бұл күндегі үлкендердің көбі біздің жаңалық ісімізді жатырқап, жаңалық фікірімізді түсінбей, айтқанымызды тыңдамай, істегенімізге қосылмай отыр» деген сөйлемдегі *көбі* сөзі 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта түсіп қалған. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Сондықтан жастардың қалай оқып, қалай тәрбійеленіуі бәрінен бұрын ескеріп, бәрінен жоғары қойылатын жұмыс» деген сөйлемдегі ескеріп сөзі 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта *ескеріліп* болып берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Бұлар білгенін, тапқан-тайанғанын жұртынан айап қалатын емес» деген сөйлемдегі *айап* сөзі 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында *айар* болып берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Сондықтан көбіне бала оқытыуында кемшіліктері қазақ мұғалімдері түгіл, ноғай мұғалімдерінің көбі дыбыс айырыу жағына шорқақ көрінеді» деген сөйлемдегі *сондықтан* сөзі 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» кіші әріппен берілген. Алдыңғы сөйлемнің соңында нүкте қойылғандықтан, жинақта ол сөз бас әріппен берілді.

Түпнұсқадағы «Дыбысты жақсы білмей, усул сотие жолымен жақсылап бала оқытыуға болмайды» деген сөйлемдегі *дыбысты* сөзі 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында *дбысты* болып берілген. Бұл мақала 1924 жылғы Қазақ

білімпаздарының сійезіне дейін жарық көргендіктен, ол кездегі норма бойынша жазу оқуға қиындық келтіреді. Сол себепті мұндай сөздердің жазылуы қазіргі нормаға сәйкестендірілді.

Түпнұсқадағы «Араб хәрфі дұрыс келмейтін дыбыс қазақ тілінде де бар болса да, жоққа санайды» деген сөйлемдегі *қазақ* сөзі 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында *қзақ* болып берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды. 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында *харыфы*, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында *қарпі* түрінде берілген сөз түпнұсқадағы қалпында сақталды.

Түпнұсқадағы «Дыбыспен жаттықтырыуды олай оқыта білетін адамдардың оқытқанда істеген ісінен көріп үйреніуге болады йә білетін адамдардан 10-15 күн сабақ алып үйреніуге болады» деген сөйлемдегі *дыбыспен* сөзі 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында кіші әріппен берілген. Алдыңғы сөйлемнің соңында нүкте қойылғандықтан, жинақта ол сөз бас әріппен берілді.

Отзыв Байтурсунова о рукописи руководства к преподаванию казахского языка русским, составленного т. Косивцовым. А.Байтұрсынұлының Әулиеатадағы мектептің мұғалімі Петр Романович Косивцовтың орыстарға арналған қазақ тілі оқулығына берген пікірі. Пікір ҚР Орталық Мемлекеттік мұрағатында сақтаулы (81-қор. - 1-тізім. – 1314-іс. - 6-б.). Пікір 2000 жылы «Тілтаным» атты журналда, 2013 жылғы «ХХ ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» атты жинақта (578-579-б.), 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» (739-740-б.) жарияланған.

Заключение о ходатайстве Джетысуйского ГИКа о переименовании г. Алма-Ата в «Алматы» и уезд «Алматинским». Ғылыми және ғылыми-әдістемелік кеңестің мүшелері ретінде А.Байтұрсынұлы мен Т.Шонанұлының жазған қорытындысы. Материал ҚР Орталық Мемлекеттік архивінде сақталған (81-қор.- 1-тізім. - 1313-іс. - 32-б.). Мақала 2013 жылы жарық көрген

«XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» атты жинаққа, 2017 жылы жарық көрген «Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы», 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» (749-б.) жарияланған.

О. Жұбай

Бес мың десятина жер. Мақала «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 6-санында жарияланған. Мақалада қымызхана салу үшін Біршөгір станциясының маңындағы Ырғыз үйезінің Шенгел болысының қарамағындағы қазақтың жерін алуға қатысты мәселенің талқыға түскені, бірақ жиналысқа қатысушы қазақтардың өздерінің бұл мәселеге қатысты пікірі екіге жарылып, келісімге келе алмағаны айтылады. Осы жиналысқа Мәскеуден арнайы келіп қатысқан адамның, жері алынатын қазақтардың пікірін «Қазақ» газеті арқылы білейік деген ұсынысынан кейін А.Байтұрсынұлы газеттің кезекті санына осы мақаланы жазып, Біршөгір станциясының маңындағы жері алынатын қазақтың пікірін білдіруді сұрайды. Сұрап қана қоймай қымызхана салынса, бұл істің жері алынған қазаққа қандай пайдасы мен зияны барын санамалап, талдап жазады.

Бұл жинақта газеттегі мақалада *десетина* деп жазылған сөз бүгінгі жазу ережелеріне сәйкес *десятина* деп берілді. Газетте "Россия" сөзі "Руссия" деп берілген. Ұсынылып отырған жинаққа "Россия" деп берілді.

Газеттегі мақала мәтінінде «Газета арқылы сұрау керектігін мен де қуаттап, қазақтардан сұрап, олардың газетамызға жіберген пікірлерін Мәскеу советіне жеткізу міндетін мойынға алдым» деген сөйлемдегі *қазақтардан* деген сөздегі «р»» әрпі орнына «з» жазылып кеткен, яғни бұл сөз *қазақтаздан* болып жазылған, бұл – баспадан кеткен қате.

Мақаланың соңында автордың аты-жөні «Ахмед Байтұрсынф» деп берілген.

Бұл мақала А. Байтұрсынов шығармалары жинағына (1989), «Ақ жол» (1991), «Жаңа низам» (1996) басылымдарына,

А.Байтұрсынұлы шығармаларының бестомдық жинағы (2006) мен алтытомдық жинағына (2013) енбеген.

Білім жарысы. Мақала «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 16-санында жарияланған. Мақалада қазақ байларының ақшасы мен малын асқа, тойға шашып, босқа рәсуа қылатыны, ал білімді жұрттардың байлары ақшасын білім жарысына шашатыны айтылып, салыстырылады. Автор Нобель сыйлығын мысалға келтіре отырып, қазақ арасында осындай білім жарысын қалай өткізуге болатыны жайлы ұсыныс айтады.

Мақала кейіннен «Ақ жол» басылымында (1991), А. Байтұрсынұлының бестомдық (2006) және алтытомдық (2013) шығармалар жинақтарында жарық көрген. Бұл жинақтардағы мәтінді газеттегі мақала мәтінімен салыстыру барысында өзгертілген сөздер, түсіп қалған сөйлемдер бар екені анықталды. Бұл өзгерістер газеттегі мақала мәтіні негізінде қалпына келтірілді.

«Ақ жол» басылымында, А. Байтұрсынұлының бестомдық және алтытомдық шығармалар жинақтарында «Ол жарыста бәйгеге қосылатындар білімділер, зейінділер» деген сөйлемдегі *түсе алатындар* деп берілген сөз тіркесі газеттегі мақала мәтіні негізінде *қосылатындар* деп түзетілді.

Осы аталған жинақтарда «Оларға бәйге тігіп, жарыстыратындар бай адамдар я обшествалар» деген сөйлемдегі *жарысатындар* болып берілген сөз газеттегі мақала мәтіні негізінде *жарыстыратындар* болып түзетілді.

«Білім жарысы дегеніміз: бай адам пәлен мың сом ақшаны бәйгеге тігеді де, мәлім етеді – осы ақшаны пәлендей іс істеген кісі алады деп» деген сөйлемдегі *сом* сөзі «Ақ жол» басылымында, А. Байтұрсынұлының бестомдық және алтытомдық шығармалар жинақтарында түсіп қалған.

Жоғарыда айтылған үш басылымда «Өткен 1912-нші жылы Нобель бәйгелерін алған адамдар: 1) Инженер Дален – ғылым хикметінен көрсеткен үздік біліміне алды. 2) Профессор Каррел – дәрігерліктен көрсеткен үздік біліміне алды. 3) Неміс жұртының атақты драма жазғыш жүйрігі Гауыптман – әдебиет жүзінде үздік біліміне алды. 4) Сабатиа (Собатье). 5) Гриниер

(Гриньяр)– француз ғұламалары, ғылым кимиадан көрсеткен үздік білімдеріне алды» деген сөйлемдегі *хикмет* сөзі *қикмет* болып берілген. *Гриниер* деген ғалымның тегі *Гренкер* болып жазылған. Сонымен бірге *ғылым кимиадан* деген тіркес *ғылым қикметінен* деп өзгертілген. Бұл өзгерістер газеттегі мақала мәтіні негізінде түзетілді.

«Жылда Рождество мейрамының алдында швед жұртының астанасы Стокгольм шаһарында білім жарысынан озғандарға бәйге аталады» деген сөйлемдегі *астанасы* сөзі А. Байтұрсынұлының бестомдық және алтытомдық шығармалар жинақтарында түсіп қалған. Газеттегі мақалада *раждество* деп жазылған сөз бұл жинақта қазіргі жазу ережесіне сәйкес *рождество* деп берілді. Нобель, Стокгольм, швед сөздері бүгінгі жазу ережелеріне сәйкес жазылды.

«Мың жылқысы бар байлар оның үстіне мал іздегенде, бір аты жоқ жарлы мал іздемей, қарап отыруы дұрыс па?» деген сөйлемдегі *іздегенде* және *іздемей* деген сөздер *аз дегенде* және *аз демей* деп өзгертілген. «Егін салсаң, шықпай қалып, босқа шығындау ықтимал, мал жисаң, өліп қалып, босқа шығындау ықтимал, білім бәйгесінен пайда болмаса, шығын болмайды» деген сөйлемдегі «мал жисаң, өліп қалып, босқа шығындау ықтимал» деген сөздер А. Байтұрсынұлы шығармаларының бестомдық және алтытомдық шығармалар жинақтарында түсіп қалған. Бұл жинақта осы айтылған өзгерістер газеттегі мақала мәтіні негізінде қалпына келтірілді.

А. Байтұрсынұлы шығармаларының бестомдық және алтытомдық шығармалар жинақтарында мына екі абзац түсіп қалған:

«Біздің қазақ байларында Еуропа байларындай мол байлық жоқ. Аз байлықпен халінше жомарттық қылатын байлар қазақта аз – жоқтың қасында. Біреудің малы көп болса да, саңылауы жоқ болады. Жұрт ісіне жаны ашып, жұрт намысына қаны қызатын қазақта адамдар аз болады. Себебі жұрт жұмысы деген қазақтың әдетінде болған емес. Өзге жұрттан оңаша жүріп, қазақ басқа халықтармен бәсекелесіп, жарысқа түскен жоқ. Сондықтан жұрт жұмысы, ұлт намысы

деген сөз қазақтың көбіне түсініксіз нәрсе. Отбасына келерлік бәле болмаса, жұрт басына келерлік бәлені ойлап уайымдамайды. Қуанышы, қайғысы от басынан аспайды.

Ұлт намысы дегенді қазақтың көбі екі ауылдың, екі таптың я екі рудың намысы деп ұғады. Басқадан кемшілік көрсе намыстанбайды, кектемейді, бір-бірінен кемшілік көрсе, кегін жібермейді: ауылын шауып, адамдарын сабаса, жауын мұқатып, мақсұтына жетіп болғаны. Халықтың көбі сондай болған соң, сол көптің ішіндегі байлар қайда барсын? Сондықтан қазақ байлары білім бәйгесіне ақшасын Европа байларындай басыбүтін бере алмайды. Европаша істе деп айтуға аузымыз бара алмайды. Осыны есімізге алып, Европа үлгісін қазақтың мүшесіне лайықтап, артығын мінеп, қазақ байларының алдына саламыз».

Бұл жинақта осы өзгерістер мен түсіп қалған абзацтар газеттегі мақала мәтіні негізінде қалпына келтірілді.

Бас қосу турасында. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 18-санында басылған. Газеттің бұл нөмірі табылмағандықтан, мақала А. Байтұрсынұлының алтытомдық шығармалар жинағының 5-томында (218-221 бб.) басылған мәтін негізінде берілді.

Көшпелі һәм отырықшы норма. 1913 жылғы «Қазақ» газетінің 20-санында жарияланған. Мақалада қазаққа отырықшы норма мен көшпелі норманың қайсы тиімді деген мәселе сөз болады. Отырықшы норманың қазаққа не үшін шығарылғанын, переселен чиновниктері не үшін қазақтардың отырықшы нормамен жер алғанын қуаттайтындығын түсіндіру үшін переселен управлениесі бастығының Думада сөйлеген сөзін келтіреді. Қазақ отырықшы нормамен жер алса, көп жердің артылатыны, ол жерлердің орыс мұжықтарына берілетіні айтылады. Осылайша отырықшы нормамен жер алам деп қазақ өз жерінен айрылып қала ма деген қауіпті астарлап жеткізеді. «Переселен чиновниктері – алушы, қазақтар – беруші. Алушыға көп алғаны жағымды, берушіге аз бергені жағымды» дей келіп, «Жағымдысын ойлаңдар» дейді.

Бұл мақала «Ақ жол» (1991), «Жаңа низам» (1996) басылымдарында, А.Байтұрсынұлы шығармаларының бестомдық (2006) және алтытомдық (2013) жинақтарында басылған.

А. Байтұрсынұлы шығармаларының бестомдық және алтытомдық жинақтарында «Бұл мәселе турасында қазақтың білемін деген адамдарының пікірлері екіге бөлінуші еді» деген сөйлемнен кейінгі «Бірі отырықшы норманы ұнатушы еді» деген сөйлем түсіп қалған.

«Осы екі пікірдің бастапқысын көбі қолайлап, соңғысын әншейін наразылықпен айтатынға санаңқырайтын еді» деген сөйлемдегі *қолайлап* деген сөз жоғарыда айтылған басылымдардың бәрінде жазылмаған, орнына көп нүкте қойылған. Алтытомдықта жақшаның ішіне «оқылмады» деп жазылған. Осы сөйлемдегі *әншейін* сөзі жоғарыда айтылған жинақтардың бәрінде түсіп қалған.

«Өткен 11-ші иуінде Думада айтылған сөздерден мағлұм болды» деген сөйлемдегі *июньде* деген ай аты жоғарыда айтылған жинақтардың бәрінде *июльде* деп берілген.

«Қазаққа істеп отырған жолсыздық емес, ебіміз әдісіміз бар – қазаққа тиісті жер беріп, орналастыру турасында Думаға закон жобасын кіргізбей отырмыз» деген сөйлемде *ебіміз* деген сөз жоғарыда айтылған жинақтардың бәрінде түсіп қалған, одан соң *орнастыру* деген сөз *орналастыру* деп жазылған. Сөйлем соңындағы *отырмыз* сөзі түсіп қалып, келесі сөйлеммен жалғасып кеткен. Яғни, «Кіргізбей тұрғанымыздың мәнісі мынау: көшпелі қалпында жер беріп, орналастырсақ, қазаққа көп жер тиеді, артыларлық жер аз болмақшы» деген сөйлеммен бірігіп, «Қазаққа істеп отырған жолсыздық емес, әдісіміз бар – қазаққа тиісті жер беріп, орналастыру турасында Думаға закон жобасын кіргізбей тұрғанымыздың мәнісі мынау: көшпелі қалпында жер беріп, орналастырсақ, қазаққа көп жер тиеді, артыларлық жер аз болмақшы» деп бір сөйлем болып кеткен. Бұл өзгерістер газеттегі мақала негізінде түзетілді.

«Ол істеген ебіміз мынау еді» деп басталатын сөйлемдегі *ебіміз* сөзі бестомдық және алтытомдық жинақтарда *себіміз* деп берілген.

«Жарлы-жақыбай, нашарларыңды жермен теңгеріңіздер» деген сөйлемдегі *теңгеріңіздер* сөзі жоғарыда айтылған жинақтардың бәрінде *теңгеріңдер* деп берілген.

«Сендер адассаңдар, аттарыңмен алаш адасады» деген сөйлемдегі *аттарыңмен* сөзі жоғарыда айтылған жинақтардың бәрінде *арттарыңнан* деп берілген.

Бұл жинақта газеттегі мақалада *савет, десетина* деп жазылған сөздер бүгінгі жазу ережелеріне сәйкес *совет, десятина* деп берілді.

Н. Сәрсек

«Жазу мәселесі» (Шәкәрім ақсақалға жауап). А.Байтұрсынұлының бұл мақаласы ғалымның академиялық толық жинағына тұңғыш рет еніп отыр. А.Байтұрсынұлының осыған дейін жарық көрген жинақтарында, көптомдықтарында автордың «Жазу мәселесі» атты мақаласы басылып келді. Алайда, ғалымның «Жазу мәселесі» атты мақаласы екеу яғни бір тақырыппен берілген желілес екі мақала болатын. Автор жазу мәселесі атты екі мақаланы да замандас қаламдастарына ғылыми жауап ретінде жазған. Атап айтқанда, ғалымның төте жазуы барылыққа келіп, балаларды төте жазу арқылы жазған «Оқу құралы» (Қазақша әліфба) арқылы оқытуды бастаған 1912-1913 жылдары, аталған жаңа жазудың емлесін жетілдіру туралы әріптестерінің ұсыныстарына қайтарған жауабы. Автор бірінші мақаланы «Қазақ» газетінің 1913 жылы, 16 шілде (сейсенбі), №22 (4-б.) санында Шәкәрім Құдайбердіұлының «Жазу мәселесі» деген атпен жазып, қойған сауалына жауап ретінде жазған. Екінші мақаланы «Айқап» журналының 9, 10-нөмірлерінде басылған Ғ. Мұса мырзаның мақаласына жауап ретінде жазады. Автор Шәкәрімге жауап ретінде жазған мақаласында аталған екі кісінің көтерген тақырыбына бір жолда жауап

жазбақшы екенін айтады. Алайда, Шәкәрімге берілген жауаптың өзі біршама созылып кеткендіктен, Мұса мырзаға берер жауабымыз келесі нөмірлерде болсын деп түйіндейді. Автор Шәкәрім ақсақалға қайтарған жауап ретінде жазылған мақаласында, Шәкәрімнің жаңадан қолданысқа енгізілген төте жазу әліпбиіне араб жазуындағыдай «уау», «харакет», «сүкін», т.б. көмекші шартты белгілерді қажетіне қарай қолданыста қалдыруды ұсынады. Ғалым А.Байтұрсынұлы ондай жағдайда әліпбидің емлесі күрделі бола түсетінін, баспа шығындары бірнеше есе артып кететінін және усул сотие жолына өте бастаған Қазақ оқу-ағартуын «ежікке» (ескіше оқыту жолы) қайта шақырудың дұрыс таңдау емес екенін ғылыми тұрғыда дәлелдеп көрсетеді. Шәкәрім ақсақал болса, «Қазақ» газетінің келесі нөмірлерінің бірінде А.Байтұрсынұлы қайтарған жауапқа ерекше разы болғанын, өзінің аталған саланың маманы емес болғандықтан емле туралы орынсыз ұсыныс қойғанын айтып, газет оқырмандарын емле мәселесінде А.Байтұрсынұлының пікірлерін басшылыққа алуға шақырады.

Жазу мәселесі (Ғ.Мұсаға жауап). Мақала «Қазақ» газетінің 1913 жылдың 16, 21, 31 қазанындағы № 34, 35, 36-сандарында жарық көрді. Мұнан соң «Тіл тағылымы» (1991), А.Байтұрсынұлының бестомдық (2003), алтытомдық (2013) шығармалар жинағында және «Қазақ тіл білімінің мәселелері» (2013), «Ақымет Байтұрсынұлы Таңдамалы шығармалары» (Алматы: Қазақ университеті, 2022) атты жинақтарда жарияланған. Ұсынылып отырған басылымға 1913 жылғы түпбасылым негізінде берілді.

Ә. Ахмет

Шаруа жайынан. Мақала 1913 жылғы «Қазақ» газетінің 24-санында жарық көрген. Мұнда қазақтың мал бағып, егін егетін жерінің тарылуына байланысты шаруа жайына икемделуі қажеттігі туралы айтылады. Ол үшін мал бағу мен егін егуге қатысты жаңа білім керектігі сөз болады.

«Біздің қарауымызша, егін турасындағы білімі де, мал турасындағы білімі сияқты жердің молшылығында білім болып жүр» деген сөйлемдегі *білім* сөзі «Ақ жол» жинағында, бестомдық пен алтытомдық жинақтарда *ілім* болып жазылған. Бұл жинақта газеттегі мақала мәтіні негізінде бұл сөз түзетілді.

Бестомдық пен алтытомдықта *қабар* деп жазылған сөз газеттегі мақала мәтіні негізге алынып, *хабар* болып түзетілді. Осы екі жинақта *утшасток* болып жазылған сөз *участок* болып берілді.

«Ол – көп малдың есесін аз малдың асылын ұстап, толықтыратын білім, аз жерді аздырмай, көп жердің орнына тұтынатын білім» деген сөйлемдегі *есесін* сөзі «Ақ жол» жинағында, бестомдық пен алтытомдық жинақтарда *есесіне* деп берілген. Бұл өзгеріс газеттегі мақала мәтіні негізінде түзетілді.

«Ақ жол» жинағында, бестомдық пен алтытомдық жинақтарда «Оны да білу керек» деп берілген сөйлем газеттегі мақала мәтіні негізінде «Оны да біліп алу керек» деп қалпына келтірілді.

Земство. 1913 жылғы «Қазақ» газетінің 25-санында жарық көрген. Автор бұл мақалада Ресей губернияларында енгізілген земствоның құқықтық жақтары мен міндеттерін талдап, тиімді жақтарын түсіндіреді. Оны қазақ қоғамына енгізу тиімді болатынын айтып, бұған мысалдар келтіреді. Қазақ арасында жергілікті басқаруды тиімді етудің жолдарын қарастырады. Мақаланың мәтінінде орыс сөздері көп кездеседі: чрезвычайный собрание, земский положение, сбор, волостной сход, гимназия, степендия, губернский, член т.б. Бұл мақала 1991 жылғы «Ақ жол», 1996 жылғы «Жаңа низам» басылымдарына, А. Байтұрсынұлы шығармаларының бестомдық (2006) және алтытомдық (2013) жинақтарына енген.

Мақала мәтінінде *әр* сөзінің басында h әрпі жазылып, *hәр* деп берілген. Бірақ жоғарыда айтылған жинақтардың барлығында қазіргі тілдік нормаға сәйкес әр деп берілген. Мақалада *hешкім* деп жазылған, бірақ жоғарыда аталған жинақтардың барлығында қазіргі тілдік нормаға сәйкес *ешкім* деп берілген. Пайда сөзі

мақалада көп қолданылады, газеттегі мәтінде «п» әрпінің орнына «ф» әрпі жазылған, яғни сол кездегі жазу ережесіне сәйкес *файда, файдалы* деп жазылған, жоғарыдағы жинақтарда қазіргі тілдік нормаға сәйкес *пайдалы* деп берілген. Бұл жинақта аталған сөздерді қазіргі тілдік нормаға сәйкес *әр, ешкім, пайда* деп қалдыру дұрыс саналды.

Мақалада *һәм* сөзі бестомдық жинақта әм деп берілген. Қалған жинақтарда *һәм* болып жазылған. Бұл жинақта газеттегі мақала мәтіні негізінде *һәм* деп түзетілді.

А. Байтұрсынұлы шығармаларының бестомдық жинағында *халық, хат* сөздеріндегі х әрпінің орнына қ әрпі жазылып, *қалық, қат* болып берілген. Алайда газеттегі мақала мәтінінде бұл сөздер *халық, хат* болып жазылған. Газеттегі мақала мәтінін негізге алынып, бұл сөздер қалпына келтірілді.

Бестомдық жинақта *болостной* деп жазылған сөз газетте жарияланған мақала мәтіні негізінде *волостной* деп қалпына келтірілді.

Бестомдық жинақта *закон* сөзі *закөн* деп, *хүкімет* сөзі *күкімет* болып, *смета* сөзі *сімета* болып жазылған. Бұл сөздер бүгінгі жазу нормасына сай берілді. мақалада "Россия" сөзі "Руссия" деп берілген. бұл жинаққа "Россия" деп берілді.

А. Байтұрсынұлы шығармаларының бестомдық пен алтытомдық жинақтарында «Россия земский положениесі бастапқы қалпында да жұрт тізгінін өзіне түгел ұстатқан закон емес еді, онан бергі жерде талай кесіліп, кеміп, земстворының басында билігі аз» деген сөйлемдегі *түгел* сөзі түсіп қалған. «Орынсыз халықтан тиын алынбайды, алған тиын пайдасыз жоғалмайды» деген сөйлемдегі *алған* сөзі бестомдық пен алтытомдық жинақтарда *алынған* деп жазылған.

«Мысалы, Торғай облысының қазағынан жиылған земский ақша оқимын деген қазақ баласына беріле бере ме?» деген сөйлемдегі *қазағынан* сөзі бестомдық пен алтытомдық жинақтарда түсіп қалған, «Торғай облысынан жиылған ақша» деп кеткен. «Оған әр бала азығын ала барып жатып оқу қолайсыз

һәм қымбат түседі» деген сөйлемдегі *оқу* сөзі бестомдық және алтытомдық жинақтарда түсіп қалған, «*...барып жату қолайсыз»* деп кеткен. Бұл сөздер газеттегі мақала мәтіні негізінде түзетілді.

«Жан денсаулықпен байласулы, ден сау болса жан тыныш, зиһин шабытты, жұмысқа дене қайратты болады, ауру денеде мұның бірі де жоқ» деген сөйлемдегі «ден сау болса» деген тіркес жоғарыда айтылған барлық жинақта «денсаулық болса» деп берілген. Бұл сөз газеттегі мәтін негізінде түзетілді. Осы сөйлемде кездесетін *зиһин* – араб тілінен енген сөз. Қазақшасы – зейін. Бұл сөз «Ақ жол», «Жаңа низам» жинақтарында, А. Байтұрсынұлы шығармаларының бестомдық және алтытомдық жинақтарында *заһан* болып жазылған, беттің соңына «Заһан – зейін» деп түсінік берілген. Осы жинақта бұл сөз газеттегі мақала мәтінін негізге алынып, қалпына келтірілді.

«Қырғы ауылдарға шығып, адам емдемейді» деген сөйлемдегі *қырғы* сөзі жоғарыда аталған жинақтардың бәрінде *қырдағы* болып, *емдемейді* сөзі *емдейді* болып кеткен. Бұл өзгерістер газет түпнұсқасы негізінде қалпына келтірілді.

«Ауруды жатқызатын орны жеткіліксіз» сөйлеміндегі *орны* сөзі жоғарыда айтылған жинақтардың бәрінде *орын* деп жазылған. Осы жинақтардың барлығында «Дәрігер үшін ақша төлеген қазақтарға ауырса, емдеуге дәрі жоқ, жататын орын жоқ» деген сөйлемдегі *қазақтарға* сөзі *қазақтар* деп кеткен. Бұл жинақта айтылған өзгерістер газеттегі мәтін негізінде қалпына келтірілді.

Ауру жайынан. Мақала 1913 жылғы «Қазақ» газетінің №27 санында жарық көрген. Мұнда автор қазақ жерінде білікті дәрігерлердің аз екенін айтып, емделудің жолдарына, жақсы дәрігерді қалай табуға болатынына тоқталады. Аурудың алдын алу жолдарын да сөз етеді.

Бұл мақала 1991 жылы А. Байтұрсынұлы шығармаларының «Ақ жол» атты жинағында, 2006 жылы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылы алтытомдық шығармалар жинағыда

басылған. Осы кітаптардағы мақала мәтінін газеттегі мақаламен салыстырғанда, біршама айырмашылықтар бар екені анықталды.

Бестомдық пен алтытомдық жинақтарда *хаттар, хикмет, хабар, халық, хабардар* деген сөздерде *х* әрпінің орнына *қ* әрпі жазылған. Бұл жинақта осы айтылған сөздер газеттегі мақала мәтін негізінде түзетілді.

Газеттегі мақалада ешкім сөзі *hешкім*, пайда сөзі *файда*, пәлен сөзі *фалан* деп жазылған. Бірақ жоғарыда айтылған жинақтардың барлығында қазіргі тілдік нормаға сәйкес *ешкім, пәлен, пайда* деп берілген. Бұл жинақта да қазіргі тілдік нормаға сай осы қалпында қалдыру жөн көрілді.

«Ауқаты кемдер екі бастан алыстан доктор іздей алмайды, ауқаттылар жанынан малын аямайтын болса, істейтін іс мынау: науқас адамды көрсету, не ауру екенін анықтап білу» деген сөйлемдегі «не ауру екенін анықтап білу» деген тіркес «Ақ жол» жинағында, бестомдық пен алтытомдық шығармалар жинағында «не ауру екені анықталып болу» деп өзгертілген. Бұл өзгеріс газеттегі мақала мәтіні негізінде қалпына келтірілді.

«Қазақтың неше жылдан берлі орнығып» деп басталатын сөйлемдегі *берлі* сөзі бестомдық пен алтытомдықта *бері* деп берілген. «Ақ жол» жинағында газет нұсқасындағыдай *б е р л і* деп берілген. Бұл сөз газеттегі мақала мәтіні негізінде қалпына келтірілді.

«Ауру – денеге зараралы нәрселерден болатын бүліншілік» деген сөйлемдегі *бүліншілік* сөзі бестомдық пен алтытомдық жинақтарда *бүліншік* деп берілген, бұл сөз газеттегі мақала мәтіні негізінде түзетілді.

Газеттегі мақалада микроб сөзі микроб болып жазылған. «Ақ жол» жинағында бұл сөз қазіргі тілдік нормаға сәйкес *микроб* деп, ал бестомдық пен алтытомдық жинақтарда *микіроб* деп жазылған. Бұл жинақтағы мәтінде қазіргі тілдік нормаға сәйкес микроб деп жазу жөн көрілді.

«Тән қаруын мықтасақ, сырттан кірген ауру микробтары оңайлықпен орнығып, тыныш өсіп, өне алмайды» деген

сөйлемдегі *мықтасақ* сөзі «Ақ жол» басылымында, бестомдық пен алтытомдық жинақтарда *мықтасаң* деп берілген, ал *өне алмайды* тіркесі осы үш жинақта да *өне салмайды* деп берілген. Бұл сөздер газеттегі мақала мәтіні негізінде түзетілді.

«Тән жеңіп отырса, бізге сезілмей кете береді, микроб жеңіп, тәнді ауру басқан кезде ғана сеземіз» деген сөйлемдегі *сеземіз* сөзі бестомдық және алтытомдық жинақтарда *білеміз* деп өзгертілген. Бұл сөз газеттегі мақала мәтіні негізінде *сеземіз* деп түзетілді.

«Тәннің жүдегені емдеудің түп мағынасына хылаф келеді» деген сөйлемдегі түп сөзі «Ақ жол» жинағында, бестомдық пен алтытомдық жинақтарда берілмеген. Бестомдық пен алтытомдық жинақтарда бұл сөздің орнына көп нүкте қойылып, жақша ішіне «оқылмады – құрастырушыдан» деп жазылған, ал «Ақ жол» жинағында көп нүкте берілген. Бұл сөз газеттегі мақала мәтіні негізінде қалпына келтірілді.

«Берген дәрі тәнге пайдалы болып, микробтарға жайсыз болса, пайда бар» деген сөйлемдегі *пайда* сөзі «Ақ жол» жинағында, бестомдық пен алтытомдық жинақтарда *пайдасы* деп кеткен.

«Оқыған дәрігердің арасында не ауру екенін айыра алмайтын докторлар толып жатыр» деген сөйлемдегі *дәрігердің* сөзі бестомдық пен алтытомдық жинақтарда *дәрігерлердің* деп берілген. Бұл өзгертілген сөздер газеттегі мақала мәтіні негізінде түзетілді.

«...және де қазақ емшілері пышақ жұмсаудан тыйылу керек, пышақпен тілген жердің жарасы жазылғанша оны микробтан қорғау керек» деген сөйлем «Ақ жол» жинағында «...және де қазақ емшілері *я* пышақ жұмсаудан тыйылу керек, *я* пышақпен тілген жердің жарасы жазылғанша оны микробтан қорғау керек» деп берілген, ал бестомдық пен алтытомдық жинақтарда «я-ның» орнына «иа» жазылған. Бұл өзгерістер газеттегі мақала мәтіні негізінде түзетілді.

Жауап хат. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 30, 31-сандарында жарияланған.

Бұл хат жалпықазақтық съезд шақыруға қарсы болған Ә.Бөкейхан мен А. Байтұрсынұлын сынаған Ж. Сейдалиннің хатына жауап ретінде жазылған. Жанша Сейдалиннің хаты «Айқап» журналының №13, 14, 15-сандарында жарияланған. Хатында Байтұрсынұлы съездің пайдалы жақтарына тоқталады, бірақ дәл қазіргі уақытта оған қазақтың дайын емес екенін айтады. Десе де съезд өткізуге жұрт даяр болса, өздерінің еш қарсылығы жоқ екенін, көмектесуге әзір екенін айтады. Оқыған азаматтардың съездге қазақтың керегін түгендейтін, соны үкіметтен талап етіп сұрайтын докладтарын дайындап келгені жөн екенін ескертеді.

Бұл хат «Ақ жол», «Жаңа низам» басылымдарында, А. Байтұрсынұлының бестомдық және алтытомдық шығармалар жинағында жарияланған. Съезд сөзі газеттегі мақалада сиез болып берілген, бұл жинақта газеттегі жазылуы қалдырылды.

«Сіздің де, біздің де ниетіміз қазақ азып-тозбасына қызмет ету» деген сөйлемдегі *қазақ* сөзі А. Байтұрсынұлы шығармаларының бестомдық және алтытомдық жинақтарында *қазақтың* болып жазылған.

«Сіз сиез жасаймын деп жатырсыз, біздер «Домострой» * кәкір-шүкірді қазақшаға аударып, арзан рисалалар жазып, газета-мазета шығарған болып тырбанып жатырмыз» деген сөйлемде келетін Домострой сөзіне А. Байтұрсынұлы жұлдызшамен сілтеме көрсетіп, газеттің төменгі жағында мынадай түсінік берген: «*Жаңалыққа қарсы пікір жазылған орыс кітабының аты». Бірақ жоғарыда аталған басылымдардың ешқайсында автордың бұл түсінігі берілмеген. Бұл жердегі айтылып отырған «Домострой» кітабы – орыс халқының көне әдеби жәдігері. Бұл кітапта адамның қалай өмір сүру керектігі, шаруашылықты қалай жүргізу қажеттігі айтылады. Сонымен бірге отбасылық қарым-қатынас, қоғамдық қатынас, дін жолы, әдет-ғұрып, т.б.мәселелер де сөз болады. Адамға қалай өмір сүру керектігін үйретін ережелер жинағы десе де болады.

«Бай жарлының кедейлігін бетіне басады» деп басталатын құрмалас сөйлем құрамындағы «жан қылышын жұрт үшін құрбан

етіп» деген жай сөйлемдегі *жан қылышын* деген сөзден кейін «Ақ жол», «Жаңа низам» басылымдарында, А. Байтұрсынұлының бестомдық шығармалар жинағында көп нүкте қойылған, ал алтытомдық шығармалар жинағында көп нүктеден кейін жақшаның ішіне «оқылмады» деп жазылған. Бірақ бұл сөз бен *жұрт үшін* деген сөз арасында ешқандай сөз жоқ. Бұрынғы басылымдарда кездескен бұл өзгерістер газеттегі мақала мәтіні негізінде түзетілді. Осы сөйлемнен кейін келетін «Мағынасы не?» деген сөйлемнен кейін «Ақ жол», «Жаңа низам» басылымдарында, А. Байтұрсынұлының бестомдық шығармалар жинағында көп нүкте қойылған, сұрақ белгісі қойылмаған, ал алтытомдық шығармалар жинағында жақшаның ішіне «оқылмады» деп жазылған. Газеттегі мақала мәтінінде бұл сөйлемнен кейін сұрақ белгісі қойылып, сөйлем аяқталған. Ал келесі сөйлем «Домострой переводы» деп басталады. Жоғарыда айтылған жинақтардың бәрінде Домострой сөзі оқылмаған, сөйлем бірден переводы деген сөзбен басталған. Бұл өзгерістер мен түсіп қалған сөздер газеттегі мақала мәтіні негізінде қалпына келтірілді.

«Сіздің не жөнмен кекесін сөйлеп, кемітіп отырғаныңыздың мәнісін біле алмадым» деген сөйлемдегі *кекесін* сөзі жоғарыда айтылған жинақтардың бәрінде *кеңесіп* деп жазылған.

«Сіз – юрист (адвокат), мен – учител, әрқайсымыз өз орнымызда керекпіз» деген және «Әрқайсымыз арнап үйренген, я жаттығып істеген ісімізге шеберміз, онан басқа іске әркім ортақ» деген екі сөйлем бірігіп кеткен, яғни, бірінші сөйлемдегі «өз орнымызда керекпіз» деген соңғы сөздер мен екінші сөйлемнің басындағы «Әрқайсымыз» деген сөз түсіп қалған. Осылайша бұл сөйлемдер жоғарыда аталған жинақтардың бәрінде бір сөйлем болып берілген. Бұл жинақта осы айтылған өзгерістер газеттегі мақала мәтіні негізінде қалпына келтірілді.

Жоғарыда аталған жинақтардың бәрінде «Үшінші түрі: жұрт жұмысының кемшілік жағын қалай түзетсе жақсы болатын жайын ойлаған адамдар ақылдасып, ойласып, болашақ іске проект (жоба) жасап, жұрт алдына салып, ұнатса, батасын алып, *жолға*

жіберуге бас қосу» деген сөйлемде жіберуге деген сөз түсіп қалған, яғни сөйлемнің соңғы жағы «*жолға бас қосу*» болып кеткен.

«Пәлендей сиез жасаймыз деп жазылмаған соң, менің ойыма келгені сиездің үш түрінің бастапқысы болды» деген сөйлемдегі жасаймыз деген сөз жоғарыда айтылған жинақтардың бәрінде түсіп қалып, орнына көп нүкте қойылған.

«Үшінші түрі болар деп ойламағаным» деп басталатын сөйлемдегі *ойламағаным* сөзі жоғарыда аталған жинақтардың бәрінде *ойлағаным* болып берілген. Бұл жинақта осы айтылған өзгерістердің бәрі газеттегі мақала мәтіні негізінде қалпына келтірілді.

«Сондықтан ертедегі емес, жақындағы болған генерал сиездері қазаққа қанша жағымды, жағымсыз болғанына қарау керек емес пе?» деген сөйлемдегі *жағымды* сөзі жоғарыда аталған жинақтардың бәрінде *жақты* деп берілген.

«Бұл сөз сиез жасау керек емес, сиез пайдасыз деген емес; сиез – керек жұмыс, пайдалы жұмыс; бірақ сиездегі тілек шкаф бұрышында жатса, пайда жоқ» деген сөйлемдегі бірақ сөзі жоғарыда аталған жинақтардың бәрінде түсіп қалған.

«Басқалардың бәрі жануы түскен пышақтай жаланданып, даяр тұрған көрінеді» деген сөйлемдегі *жануы* сөзі «Ақ жол» жинағыда *жанулы* деп, ал «Жаңа низам» мен А. Байтұрсынұлы шығармаларының бестомдық және алтытомдық жинақтарында *жануға* деп жазылған. Бұл жинақта осы айтылған өзгерістер газеттегі мақала мәтіні негізінде түзетілді.

«Ол мырзаның айтуынша, қисық сөйлеп, алауыздық қылып, жұрттың шырышын, ұйымын бұзып тұрған Қыр баласы – Бөкейханов һәм мен болсам керек» деген сөйлемдегі Бөкейхановтың тегі бестомдық пен алтытомдық жинақтарда Бөкейхан болып берілген. Газеттегі мақалада Бөкейханов деп жазылған, сондықтан бұл жинақта да солай берілді.

«Жұрт күтініп, даяр тұрса, жұрттың біздің ойлаған жеріміздің шықпағаны: біз жұрт жайын білмегеніміз» деген сөйлемдегі шықпағаны сөзі жоғарыда айтылған жинақтардың бәрінде «шыққаны» деп берілген.

"Сондықтан даярмыз деген мырзалардың дайындығы ат ерттеніп, киімін киіп, тойға жүруге дайындалған даярланыс емес, сиезге алып келіп салатын дәлелді докладтары даяр деп ұғамыз (түсінеміз)» деген сөйлемдегі *ерттеніп* сөзі «Жаңа низам» басылымында және А. Байтұрсынұлы шығармаларының бестомдық және алтытомдық жинақтарында *ерттеліп* деп берілген.

Хаттың соңында Ахмет деп жазылған, ал бестомдық және алтытомдық шығармалар жинағында Ақымет деп жазылған. Бұл жинақта газеттегі мақала мәтіні негізінде Ахмет деп жазылды.

А. Байтұрсынұлы шығармаларының бестомдық және алтытомдық жинағында кей сөздерде «х» әрпі орнына «қ» әрпі жазылып, хүкімет-күкімет, хат-қат, сход-сқод болып берілген. Орыс тіліндегі учитель сөзі – утшител, юрист сөзі – иіруіс, чрезвычайный сөзі – шерезуытшайный, шкаф сөзі – ышкап болып жазылған. Бұл жинақта осы сөздер бүгінгі жазу нормасына сай берілді.

Білім жарысы хақында. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 31-санында жарық көрген.

«Қазақ» газетінің 16-санында жарияланған «Білім жарысы» деген мақалаға оқырмандардың хаттарынан үзінді беріліп, олардың ойын да келтіріле кетеді.

Мақала кейіннен «Ақ жол» (1991) басылымында, А. Байтұрсынұлы шығармаларының бестомдық (2006) және алтытомдық (2013) жинақтарында басылған.

«Қазақ» газетасы арқылы бір сомнан жисақ, екі-үш жылдың ішінде бірнеше мың сом болмай ма...» деген сөйлемдегі *жисақ* сөзі жоғарыда айтылған жинақтардың бәрінде *жинасақ* болып берілген.

«Бұл кісі: «Жағрапия кітабын осы жылдың аяғына шейін жазып бітіруге майданға түсемін, жағрапия жазушылар жарысқа шықсын», – дейді» деген сөйлемдегі *түсемін* сөзі жоғарыда аталған жинақтардың бәрінде *түсеміз* деп жазылған. Бұл жинақта осы айтылған өзгерістер газеттегі мақала мәтіні негізінде қалпына келтірілді.

Байтұрсынұлының бестомдық және алтытомдық шығармалар жинағында *халық, хат, хақында* сөздері *қалық, қат, қақында* болып жазылған. Газеттегі мақала мәтініне сүйене отырып, бұл сөздер *халық, хат, хақында* болып берілді.

Уақ қарыз. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 32-санында жарияланған.

Мақалада уақ қарыз серіктігінің халыққа қандай пайдасы бары айтылады. Ақша қажет болғанда шартының ауыр-жеңіліне қарамай көп өсіммен ақша алған елдің оны қайтаруда қиналатыны сөз болып, бұдан құтылудың жолы ретінде уақ қарыз серіктігін ашу ұсынылады. Оны қалай құрып, жұмысын қалай жүргізу керектігі түсіндіріледі.

«Ақ жол» (1991), «Жаңа низам» (1996) басылымдарында, А.Байтұрсынұлы шығармаларының бестомдық (2006) және алтытомдық (2013) жинақтарында басылған.

Осы жинақтарды газеттегі мақала мәтінімен салыстырғанда кейбір өзгерістер анықталды.

«Сондай қысылғандарға көп өсімменен қарыз беруді кәсіп қылып алған адамдар да көп» деген сөйлемдегі *өсімменен* деген сөз жоғарыда айтылған жинақтардың барлығында *өнімменен* деп берілген.

Жоғарыда айтылған жинақтардың барлығында «Оны дұрыстап жүргізу үшін керек, әуелі, іс мәнісін жақсы білетін адамдар, екінші, серіктіктің тиын-сиындарына көзі қызбайтын адамдар...» деген сөйлемдегі *қызбайтын* сөзі *қызықпайтын* деп берілген.

«Ол адамдардың әрқайсысы өз алдына шаруасы я кәсібі бар адамдар болу тиіс, жасы 21-ден кем болмасқа болмайды, еркек болсын, әйел болсын, бәрі бір есеп» деген сөйлемдегі *болмасқа* сөзі жоғарыда айтылған жинақтардың барлығында *болмайды* деп берілген.

Жоғарыда айтылған жинақтардың барлығында «Учредительдер министр қол қойып шығарған уақ қарыз жайындағы уставты қарап, қолайлағандарын алып, қолайламағандарын, себеп айтып, өзгерт деп сұратуға ықтиярлы» деген

сөйлемдегі *себеп* сөзі *себебін* деп, *сұратуға* сөзі *сөз етуге* деп берілген.

«Бас қосып кеңесіп, ақылдасып, ойласып, сөзді пісіріп болған соң, ашуға рұқсат сұрап, арыз береді» деген сөйлемдегі *ашуға* деген сөз жоғарыда айтылған жинақтардың барлығында *ашарға* деп берілген.

«Арыз беріліп, рұқсат алынғаннан кейін қызмет иесі адамдарын сайлайды...» деген сөйлемдегі *қызмет иесі* деген тіркес жоғарыда айтылған жинақтардың барлығында *қызмет етер* деп жаңсақ оқылған.

«Түгел жиылыстың ұнатқаны – серіктік жұмысына закон» деген сөйлемдегі *ұнатқаны* сөзі жоғарыда айтылған жинақтардың барлығында *ұйытқаны* деп берілген.

«Бәріне жол салып...» деп басталатын ұзақ құрмалас сөйлемдегі *тәртіптерді бекіту* деген тіркес жоғарыда айтылған жинақтардың бәрінде *типтерді бекіту* деп кеткен.

«Серіктік члендеріне қарыз бергенде, бастапқы кезде бір жылдан артық срокке бере алмайды» деген сөйлемдегі *бергенде* сөзі *берілгенде* деп жазылған.

«Өсімге салған ақшаларға қанша өсім төлеу – о да серіктіктің қолайлап кесуімен» деген сөйлемдегі *кесуімен* сөзі Байтұрсынұлы шығармаларының бестомдық және алтытомдық жинақтарында *келісуімен* деп берілген.

«Істің жақсы, жаман болуы..» деп басталатын сөйлемдегі сенімді адамдары деген тіркестегі *сенімді* сөзі *секілді* деп жазылған.

«Қазақтардың өз бетінен ашарлық адамдары болмаса, орыстардың ашқан уақ қарыз серіктігіне қосылғанын мақұл көреміз, басқалармен қосылып, іс көріп үйренгеннен кейін өздері ашуға да болар» деген сөйлемдегі *болар* сөзі *болады* деп берілген. Бұл өзгерістердің барлығы газеттегі мақала мәтінін негізінде қалпына келтірілді.

Бестомдық жинақта *hәм* сөзі *әм* деп, *хат, халық* сөздері *қат, қалық* болып жазылған. Бұл сөздер газеттегі мақала мәтіне

негізінде түзетілді. Сонымен бірге орыс тілінен енген сөздер айтылуы бойынша жазылған: совет – соует, правление – прабление, учитель – утшител, учредитель – утшредител, фельдшер – фелдшер, писарь – писар, расход – расқод, волост – болост деп жазылған. Бірақ мұндағы прабление сөзі газеттегі мақалада в әрпімен, яғни, правление болып жазылған. Болост сөзі де солай в әрпімен жазылған. Утшител, утшредител сөздерінде у әрпінен соң т әрпі жазылмаған. Совет сөзі газеттегі мақалада айтылуы бойынша *савет* болып жазылған. Бұл жинақта осы айтылған орысша сөздерді орыс тілінің жазу ережесіне сай беру оң көрілді.

Егін егу. Мақала «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 33-санында жарияланған.

Мақала кейіннен «Ақ жол» (1991) басылымында, А. Байтұрсынұлы шығармаларының бестомдық (2006) және алтытомдық (2013) жинақтарында басылған.

«Бұлар егуге сүйеніп, дағдыланып, екпесе, шықпайды да hәм еккенде де өсуі көп күй талғайды» деген сөйлемдегі *көп* сөзі «Ақ жол» жинағында, бестомдық пен алтытомдық жинақтарда түсіп қалған. «Тұқым түскен жерден ас болатын заттар табыларға керек, ол заттарды жібітіп, ас қылатын топырақтың ішінде ылғал боларға керек» деген сөйлемдегі *жібітіп* сөзі «Ақ жол» жинағында, бестомдық пен алтытомдық жинақтарда *жіберіп* деп берілген. Бұл өзгеріс газеттегі мақала мәтіні негізінде қалпына келтірілді.

Мұнан былай егін жақсы шығуына нені біліп, не істеу керек екендігін егін ғылымында айтылған сөздерден теріп алып, жазып тұрмақшымыз» деген сөйлемдегі екендігін сөзі бестомдық пен алтытомдық жинақтарда еккендігін болып кеткен. Осы сөйлем соңындағы *жазып тұрмақшымын* деген тіркестегі тұрмақшымын сөзі «Ақ жол» жинағында, бестомдық пен алтытомдық жинақтарда тұрмақшымыз деп берілген. Бұл өзгерістер газеттегі мақала мәтіні негізінде түзетілді.

Газеттегі мақалада *әркім, ешкім, еш жерде* деген сөздер h әрпімен басталып *hәркім, hешкім, hеш жерде* болып жазылған.

Жоғарыда аталған жинақтардың барлығында бұл сөздер қазіргі тілдік нормаға сәйкес әркім, ешкім, еш жерде деп берілген. Бұл жинақта да қазіргі тілдік нормаға сай жазу жөн көрілді.

«Ол, әуелі, орыстардың қазақтардан гөрі егін жақсы шығатын шарттарын артық білгендігінен...» деген сөйлемдегі «орыстардың қазақтардан гөрі» деген тіркес газетте «*орыстардан қазақтардың гөрі*» деп берілген, бұл газетті басу кезінде баспаханадан кеткен қате болса керек. Жоғарыдағы аталған жинақтардың бәрінде «орыстардың қазақтардан гөрі» деп түзетіліп берілген. Бұл жинақта да осылай қалдырылды.

Жер жалдау жайынан. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 34-санында жарық көрген.

Мақалада қазақ жерін Ресейден ауған мұжықтарға беруге қатысты сөз болады. Қазақтың жайылымын, қыстауын мұжықтарға кесіп беріп жатқанына үкіметтен бұрын қазақтардың өздері кінәлі екені айтылады. Өйткені қазақтың еңбексіз мал тапқысы келетінін, сол себепті де көшіп келген мұжықтарды қоңсы қондырып, жер сатуды кәсіп қылып алғанын тарата айтып, бұлай кете берсе, қазақтың өз жерінен айрылатынын ескертеді.

Мақала «Ақ жол» (1991), «Жаңа низам» (1996) басылымдарында, А.Байтұрсынұлы шығармаларының бестомдық (2006) және алтытомдық (2013) жинақтарында басылған.

Газеттегі мақала мәтінін бұған дейін жарық көрген басылымдардағы мәтінмен салыстырғанда, кейбір сөздердің түсіп қалғаны, кейбірінің өзгертілгені анықталды.

«Айтқан сөзге түсінбесе я түсінсе де айтқанды істемесе, біз айтып отырсақ, жұрт оны істемей, өз ұнатқанын істеп отырса, оған етер не амал бар?» деген сөйлемдегі *өз ұнатқанын* деген тіркестегі «*өз*» есімдігі жоғарыда айтылған жинақтардың бәрінде түсіп қалған.

«1882-ші жылы Жалғызкөл деген жерге түскен қаланы рұқсатсыз отырсың деп, Колпаковский көшірген» деген сөйлемдегі *рұқсатсыз* сөзі жоғарыда айтылған жинақтардың бәрінде түсіп қалған, орнына көп нүкте қойылған.

«Жұртқа келер зарарға қарамай, өздерінің жер сатып, байып алғанын артық көрді» деген сөйлемдегі *жұртқа* сөзі жоғарыда айтылған жинақтардың бәрінде *жұрт* болып берілген.

«Болыс, ауылнайлардың жұртты сыртынан сатып іс қылатындарын былай қойып, жай қазақтарды алғанда да жер сатпайтындары аз болса керек» деген сөйлемдегі *болыс* сөзі жоғарыда айтылған жинақтардың бәрінде *болса* деп жазылған.

«Орнығып қалған екі поселкадағы 700 үйді көшіру ретін тағы таба алмаған» деген сөйлемдегі *таба алмаған* тіркесі жоғарыда айтылған жинақтардың бәрінде *таба алмайды* деп берілген.

«Хатта переселен чиновниктері: артығы жоқ, қалай аламыз деп қысылып, қызаратын жерлерден қазақтар ұялмай, қызармай, жер сатып отыр» деген сөйлемдегі арабша «хатта» сөзі (хатта – араб сөзі, тіпті деген мағынаны береді) жоғарыда айтылған жинақтардың бәрінде *құты* деп берілген.

«Өздерің шақырып қондырған орыстарға ортаңнан ойып, өлшеп алған жерлеріңнен жер кесіп береді» деген сөйлемдегі *береді* деген сөз жоғарыда айтылған жинақтардың бәрінде *бересің* деп жазылған.

Бестомдық жинақта *хүкімет* сөзі *күкімет* деп, *һәм* шылауы *әм* болып жазылған. Бұл өзгерістердің барлығы газеттегі мақала мәтіні негізінде қалпына келтірілді.

Бас қосуға рұқсат берілмеді. Мақала 1913 жылғы «Қазақ» газетінің 35-санында жарық көрген. Мақалада көшпелі я отырықшы болу жайын кеңеспек мақсатында ақсақалдардың басын қосу үшін Торғай губернаторынан рұқсат сұралғаны, бірақ рұқсаттың берілмегені жеткізіледі. Ары қарай бас қосудың, яғни съезд өткізудің қиын екені жайлы сөз болып, осы мәселеге қатысты жұрт арасында түсініспеушіліктер болғаны да айтылады.

Бұл мақала 1991 жылы «Ақ жол», 1996 жылы «Жаңа низам» жинақтарында және А. Байтұрсынұлы шығармаларының бестомдық (2006) және алтытомдық (2013) жинақтарында басылған. Осы басылымдардағы мақала мәтінін газеттегі мәтінмен салыстырғанда өзгерістер бар екені анықталды.

«*Біз бұл хабарды «Уақыттан» оқып, онымен қатар алынған «Айқап» журналының 17-ші нөмірінде бұл туралы ешбір сөз болмаған соң, түбі бос хабар бола ма деп, «Уақыт» басқармасынан қайдан шыққан хабар екендігін сұрастырып едік, олар бұл хабарды «Русское слово» газетасынан алған екен*» деген сөйлем жоғарыда айтылған жинақтардың барлығында өзгертілген:

«*Біз бұл хабарды «Уақыттан» оқып, онымен қатар алынған «Айқап» журналының 17-ші нөмірінде бұл туралы ешбір сөз жеңіл қарағанмен, ондай жеңіл бола қоймас. Қазақта кемшілігі басынан қайдан шыққан қабар екендігін сұрастырып едік, олар бұл хабарды «Русское слово» газетасынан алған екен*». Бұл жинақта газеттегі мақала мәтіні негізінде осы өзгертілген жерлер қалпына келтіріліп, түзетілді.

«Он облыс қазақтың жиылысы түгіл, бір үйез қазақтардың бас қосуына рұқсат берілмей отыр, бұл екі сиез арасы жер мен көктей» деген сөйлемдегі *берілмей* сөзі жоғарыда айтылған жинақтардың барлығында *бермей* деп кеткен. Бұл сөз газеттегі мақала мәтіні негізінде түзетілді.

«Біздің онымыз бұл айтқандардың бірі де емес еді» деген сөйлемдегі *біздің* сөзі жоғарыда айтылған жинақтардың барлығынада *бірақ* болып берілген. Бұл сөз газеттегі мақала мәтіні негізінде түзетілді.

«...істей бастасақ, бұлардан он облыс түгіл, бір үйез жиылысы да бөтен болып шығады» деген сөйлемдегі *істей бастасақ* тіркесі «Ақ жол» жинағында және бестомдық пен алтытомдық жинақтарда *істей бастасаң* деп берілген.

Бестомдық пен алтытомдық жинақтарда программа сөзі прогырамма, болып, Покров сөзі Покыров, волостной сөзі уалостный, *чрезвычайный* сөзі *шерезуытшайный* болып берілген. Бұл сөздер газетте қалай жазылса, сол қалпында қалдырылды.

Газеттегі мақалада *уезд* сөзі *үйез* болып жазылған, бірақ жоғарыда аталған жинақтардың барлығында уезд болып жазылған, бұл жинақта газеттегі жазылуы бойынша беру дұрыс саналды. *Съезд* сөзі газетте *сиез* деп берілгендіктен бұл жинақта солай қалдыру жөн көрілді.

Бестомдық пен алтытомдық жинақтарда *хабар, сход* деген сөздердегі «*х*» әрпінің орнына *«қ»* әрпі жазылып, *қабар, сқод* деп берілген. Газеттегі мақала мәтіні негізінде бұл сөздер түзетілді.

Сонымен бірге бұл мақала М. Дулатұлының бестомдық шығармалар жинағына енген [34, 126]. Мақаланың соңына авторы «М.Д.» деп көрсетілген, бірақ газетте мақала соңына ешқандай автор көрсетілмеген. Дегенмен мақала мәтінін оқығанда сөз саптасынан, стилінен А. Байтұрсынұлының қолтаңбасы анық байқалатындықтан, ғалымның мұрасын зерттеушілер мен бұрынғы жинақтарын құрастырушылар бұған дейінгі жарық көрген басылымдарға енгізгендіктен, әрі газетте авторының кім екені көрсетілмегендіктен аталған мақаланы бұл жинаққа да қосу жөн көрілді.

Орыс «мейірманшылығы». «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 35-санында жарияланған.

Мақалада Алтай тауының моңғол бетінен ауып, орыстың қоластына тығылған 1000 үй қазақтың аянышты халі айтылады. Автор патша үкіметі оларды паналатпай, кері көшуге мәжбүрлегенін, шекарада оларды моңғол әскерінің күтіп тұрғанын айтып, енді осынша қазақтың қаны төгіліп, малы шабылатынына қатысты алаңын да білдіреді. Осы оқиға жайында депутат Некрасовтың «День» газетіне берілген пікірін де келтіреді. Мұнан басқа Мұқтар Саматовтың Омбыдағы мектептердің біріне қазыналық орынға оқуға қабылданғаны, бірақ әлгі мектептің «өз күшіңмен оқисың» деп орын бермегені, осылайша әлгі жас баланың қаңғып қалудың аз алдында тұрғаны айтылады. Оның бір жылдық оқуына жеткендей жәрдем жиюға рұқсат сұрайтындарын да жаза кетеді. Осындай мысалдар келтіре отырып «орыс мейірманшылығының» қаншалықты дәрежеде екенін көрсетуге тырысады.

Бұл мақала кейіннен «Ақ жол» (1991) басылымында, А. Байтұрсынұлы шығармаларының бестомдық (2006) және алтытомдық (2013) жинақтарында басылған.

Байтұрсынұлының бестомдық және алтытомдық шығармалар жинағында «День» газетінің аты «Денн» болып жазылған.

Осы екі жинақтағы мәтінде *хүкімет* сөзі *күкімет* болып берілген. Бұл өзгерістер газеттегі мақала мәтіні негізінде түзетілді.

«Қазақтар қорыққанынан, 1000 үй 120 мың малымен орыс қол астына қашып тығылып, орыс хүкіметіне арыз беріпті, бізді қол астына алсаң екен деп» деген сөйлемдегі *беріпті* сөзі *береді* болып жазылған, сонымен бірге осы сөйлемдегі *алсаң екен* деген тіркестегі *екен* көмекші сөзі түсіп қалған. «Олар әлбетте кек алмақшы...» деген сөйлемдегі *әлбетте* сөзі жоғарыда айтылған жинақтардың бәрінде *әліпте* деп берілген. Бұл өзгерістердің барлығы газеттегі мақала мәтіні негізінде түзетілді.

Байтұрсынұлының бестомдық және алтытомдық шығармалар жинағында «Ол бұрын Семейдегі 4 класты городской школды бітіріп, Омбыға тілеген школына қазыналық орынға кіру үмітімен келген» деген сөйлемдегі «қазыналық орынға кіру үмітімен келген» деген сөздер және бұдан кейін келетін «Жоғарыда айтылған школаға кіруін кірсе де, «өз күшіңмен оқисын» деп, қазынадан орын бермепті» деген сөйлемдегі «Жоғарыда айтылған школаға кіруін кірсе де» деген сөздер түсіп қалған. Осылайша екі сөйлем бір сөйлем болып кеткен: «Ол бұрын Семейдегі 4 класты городской школды бітіріп, Омбыға тілеген школына кіруін кірсе де, «өз күшіңмен оқисын» деп, қазынадан орын бермепті». Бұл сөйлемдер жеке-жеке жазылып, газеттегі мақала мәтіні негізінде қалпына келтірілді.

«Біз газетамыз арқылы Мұқтар Саматовқа ең болмаса бір жылдық оқуына жеткендей жәрдем жиюуға жақын арада Орынбор губернаторынан рұқсат сұрамақшымыз» деген соңғы сөйлемдегі *сұрамақшымыз* сөзі *алмақшымыз* болып берілген. Бұл өзгеріс те газеттегі мақала мәтіні негізінде түзетілді.

Орынбор. 13-нші октябрь. Мақала «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 36-санында жарияланған. Мақалада қазаққа қатысты заң жобаларының Госдумада қарауға енгізілгені туралы хабарланады. Бұл заңдардың қазаққа аса жағымды болмайтыны, себебі бұл жобалардың қазақ облыстарында қызмет ететін, бірақ жергілікті елдің қалпын, салтын, мінезін жақсы білмейтін орыс төрелерінің

пікіріне сүйеніп жасалатыны айтылады. 4-Думаға қазақтан депутат сайлау керектігіне тоқталады. Сонда "қазаққа қатысты заң қазақтың мінезіне, салтына қарай жасалатын еді" деген пікір айтады.

Бұл мақала «Ақ жол» (1991), «Жаңа низам» (1996) басылымдарында және А. Байтұрсынұлы шығармаларының бестомдық (2006) және алтытомдық (2013) жинақтарында басылған.

Әр, әркім, ешкім, ешбір сөздері сол кездегі жазу нормасына сәйкес сөздің басына h әрпі қосылып жазылған. Жоғарыда айтылған жинақтардың барлығында бұл сөздер қазіргі тілдік нормаға сай жазылған. Бұл жинақта да солай қалдыру жөн көрілді.

Бестомдық пен алтытомдық жинақтарда *хүкімет, күкім*, *хәкім* деген сөздегі х әрпінің орнына к әрпі жазылып, *күкімет*, *күкім, кәкім* деп берілген. Халық деген сөздегі х әрпінің орнына қ әрпі жазылып, қалық деп жазылған. Бұл өзгерістер газеттегі мақала мәтіні негізінде түзетілді.

«Басшылық етіп, ел бағатын жақсыларыңды өздерің сайла деп, дұрыстық айтып, дау бітіретін адамдарыңды өздерің сайла деп, би, болыс, ауылнай сайлауды қазақтың өз еркіне беріп қойған жаман закон емес» деген сөйлемдегі *қазақтың* деген сөз жоғарыда айтылған жинақтардың барлығында *қазақтардың* деп берілген.

«Жер турасында да степное положение қазақ қамын ойлап, қазаққа пайдалы жағын көздемеген жоқ» деген сөйлемдегі *көздемеген* сөзі «Жаңа низам» басылымында, А. Байтұрсынұлы шығармаларының бестомдық және алтытомдық жинақтарында *көздеген* болып берілген.

Жоғарыда аталған жинақтардың барлығында «Степное положениені шығарушылар ойлады: лауазымға қазақтар халыққа жағымды жақсы адамдарын сайлар, обырларын, жебірлерін сайламас деп» деген сөйлемдегі *ойлады* сөзі *ойлайды* деп, ал *лауазымға* деген сөз *лауазымды* деп берілген.

Тосын волосы, Шұбалаң волосы деген тіркестер бестомдық пен алтытомдық жинақтарда Тосын болосы, Шұбалаң болосы деп жазылған.

«Арызында айтқаны...» деп басталатын сөйлемдегі арызында сөзі жоғарыда айтылған жинақтардың бәрінде арызда деп берілген. Бұл өзгерістер газеттегі мақала мәтіні негізінде түзетілді.

Бас қосу. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 37-санында жарияланған.

Бұл Ж. Сейдалинннің халықтың басын қосып, өткір мәселелерді талқылау үшін жалпықазақтық съезд шақыруға қатысты пікірін газетке жарияларда оқырманға бұл хаттың не себепті басылып отырғанын түсіндіретін жазба. 1913 жылы «Айқап» журналында М. Сералин, Р. Мәрсеков сияқты азаматтар жалпықазақтық съезд өткізу керектігін айтып, мақала жариялайды. Бірақ «Қазақ» газетін шығарушы азаматтар, соның ішінде А. Байтұрсынұлы да мұндай съезд шақыруға әлі ерте екенін, халықтың саяси тұрғыдан әлі дайын емес екенін айтып, бұған қарсы болады. Бірақ съезге қатысты сөз құр тер төгу мен ерегіске айналып бара жатқан соң, өз ойлары дұрыс болса да, көптің ыңғайымен болатындарын да жазған. Осы бас қосуға қатысты «Қазақ» газетінде 1913 жылы бірнеше мақала басылған. Газеттің 35-санында бұл бас қосуға рұқсат берілмегені жайында «Бас қосуға рұқсат берілмеді» деген материал басылған. Онда Ж. Сейдалин мырзаның Торғай губернаторынан рұқсат сұрағаны, рұқсаттың берілмегені туралы айтылады. Бұл жазба съезд мәселесі осылай аяқталып, бұл әңгіме біткеннен кейін Ж. Сейдалиннің хатын не үшін басып отырғандарын түсіндіру мақсатында жазылған.

«Ақ жол» (1991), «Жаңа низам» (1996) басылымдарында, А. Байтұрсынұлы шығармаларының бестомдық (2006) және алтытомдық (2013) жинақтарында басылған.

Жоғарыда айтылған жинақтардың бәрінде «Әркім білген халінше пікірін айтып, майданға салып, ақырында рұқсат сұралып, берілмеген соң, сөз тынып еді» деген сөйлемдегі *пікірін* сөзі түсіп қалған. «Сиез сөзі құр арам тер ерегіске айналып бара жатқан соң, ерегіс тоқталуы үшін, ойымыз дұрыс болса да, таласпай, көптің ыңғайымен боламыз деп алдақашан айтып едік»

деген сөйлемдегі *ерегіске* сөзі *төгіске* деп жазылған, сірә оның алдындағы *тер* сөзіне қарап, *тер төгіске* деп жазылып кетсе керек. Осы сөйлемдегі «көптің» деген сөз «көндік» болып берілген. Бұл өзгерістер газеттегі мақала мәтіні негізінде түзетіліп берілді.

«Опырып, жапырып, оңай істеп тастайтындай болып, әркімге қақтыға, соқтыға Жанша мырза шыға келіп, ортасынан киліге кетті» деген сөйлемдегі *опырып* сөзі жоғарыда айтылған жинақтардың бәрінде *өшіріп* болып жазылған.

Байтұрсынұлының бестомдық шығармалар жинағында *хат, хал* деген сөздер қат, қал деп жазылған. Бұл жинақта газеттегі мақала мәтіні негізінде *хат, хал* деп қалдырылды. Газеттегі мақалада әркім, ешнәрсе деген сөздер һәркім, һешнәрсе болып жазылған, бұл жинақта қазіргі тілдік нормаға сәйкес *әркім, ешнәрсе* деп берілді. Съезд сөзі газеттегі мақала мәтініндегідей "сиез" болып берілді.

«Алаш азаматтарына». Үндеу ретінде жазылған бұл жазба «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 42-санында жарияланған. «Азамат» серіктігін ашу жайы сөз болады. Жазба соңында «Ашушылар Ахмед Байтұрсынов, Міржақып Дулатов» деп көрсетілген.

Үндеуде бір халықтың ілгері басып, ел қатарынан қалмауына себеп болатын нәрсенің бірі – баспасөз екені айтылады. Басқа елдерде газет пен журналдың шығуына қажет қаржы мәселесінің қандай жолдармен шешілгені түсіндіріледі. «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің шығарушыларының тек газет-журнал шығарумен айналыспай, басқа қызмет істеуге мәжбүр болып отырғанына, ол қызметті тастаса, қаржының жоқтығынан газетке салмақ түсетініне тоқталады. Себебі бұл іске ақша салатын қазақ байлары жоқ. Бірақ қазақ байлары жомарттық етпеді деп қарап отыруға болмайтынын, «қазақта кесек сома шығарарлық байлар аз болғанмен, аз сомасымен, адамгершілігімен серіктікке жарайтын азаматтар аз емес» екенін айта келіп, «Азамат» серіктігін ашып, бұдан былай газетті сол серіктіктің қолдауымен

шығару шешілгенін хабарлайды. Ары қарай «Азамат» серіктігінің мақсаты, оның кәсіпшілер мен көпестердің серіктігінен айырмашылығы сөз болады. Бұл серіктікке кірген адамдар істі жүргізуге ақшамен ғана емес, азаматтықпен кіріседі деп үміт ететіндері айтылады. Алаш азаматтарын бұл серіктікке көңілмен де, ниетпен де серіктес болуға шақырады.

Бұл мақала А. Байтұрсынұлы шығармалары жинағына (1989), «Ақ жол» (1991), «Жаңа низам» (1996) басылымдарына, А. Байтұрсынұлы шығармаларының бестомдық жинағы (2006) мен алтытомдық жинағына (2013) енбеген. М. Дулатұлының алтытомдық шығармалар жинағының 2-томында жарық көрген [34, 143-145]

Осы басылымдағы мәтінді газеттегі мақаламен салыстырғанда, кейбір өзгешеліктер бары анықталды.

"Үш жылдан берлі «Айқап» журналы шығып тұр, бір жылға жақын «Қазақ» газетасы шығып тұр, бұлардың екеуінің басындағы кісілер газета мен журнал ісіне оңашаланып шықпай, есас басқа қызметке байлаулы күйінде іс жүргізіп отыр; газетаға оңашаланып шығайын десе, салмақ газетаға түседі, оны көтеретін газетада пұлдылардың салып отырған сомалары жоқ» деген сөйлемдегі *есас* сөзі *басы* деп берілген. Осы сөйлемдегі *пұлдылардың* деген сөз *бұлардың* деп берілген.

«Азамат» серіктігіне жалғыз байлықпен емес, азаматтықпен көбі кіріседі деп үміт етеміз» деген сөйлемдегі *кіріседі* деген сөз *кірсе* деп берілген.

«*Жүз сомын «Азамат» жарнасына қосқанда қолы қалтылдап, «Осы ақшам қайда кетпекші?» деп сенімсіздік қылатын адамдарға «Кіріспе» дейміз. Екінші, «Осы жүз сомнан пайда болса, жақсы, олай болмаса, шығын болады ғой» деп, ауырсынатын адамдарға «Кіріспе» дейміз»* деген екі сөйлем бірігіп кеткен. Бірінші сөйлемдегі *«...деп сенімсіздік қылатын адамдарға «кіріспе» дейміз»* деген сөздер, екінші сөйлемнің басындағы «*Екінші*» деген сөз түсіп қалған. Осылайша бұл сөйлемдер бірігіп: «*Жүз сомын «Азамат» жарнасына қосқанда қолы*

қалтылдап, «Осы ақшам қайда кетпекші, осы жүз сомнан пайда болса, жақсы, олай болмаса, шығын болады ғой» деп, ауырсынатын адамдарға «Кіріспе» дейміз» деп берілген. Осындағы екінші сөйлемдегі *ауырсынатын* сөзі *ұрсысатын* деп жазылған. Бұл өзгерістер газеттегі мақала мәтіні негізінде қалпына келтірілді.

«Сондықтан «Азамат» серіктігі ақшасының мол болу жағын да ескермекші» деген сөйлемдегі *серіктігі ақшасының* деген сөздер *серіктігінде ақшаның* деп берілген.

Газеттегі мәтінде мақсат сөзі мақсұт деп берілген. Бұл жинақта бүгінгі сөз қолданысына сай мақсат деп берілді.

Н. Сәрсек

Мұсылмандар үшін Петербурда болатын кеңес жиылысы. Мақала алғаш 1332 хижра жылының жәмади әл-ахир айында, қазіргі жыл санауы бойынша 1914 жылы апрель (сур) айының 15-күнгі Айқап журналының 7-санында (112-114 бб.) жарық көрген. А.Байтұрсынұлының бұған дейінгі шыққан жинақтарында басылмаған. Түпбасылымнан кирилл әрпіне түсіріліп, жинаққа алғаш рет ұсынылды.

Мақалада Петербург агентствосының берген телеграмының хабары бойынша 1914 жылдың сәуір айының соңы мен мамыр айларының басында Петербор қаласында мұсылман істері бойынша үлкен жиылыс болатынын жазады. Және оған арнайы шақыртулар бойынша әр мұсылман елдерінен өкілдер қатысатынын ескертеді. Сол үшін мұсылман кеңесіне бейжай қарамай, уақытында қарманып, түйткілді мәселелерді қозғап қалуға үндейді. Мәселен, «*Мінеки, осы кеңестер бізге де пайдалы болғандықтан мезгілін өткізбей, қазақтың есіне түсіріп отырмыз. Біздің қазаққа алдын-ала кеңес беріп, хабарландырып қоймаса, уақытында (өзі шабан жұртқа) кенеттен бас көтеруі қиын. Малымызды, жанымызды салып бейнеттеніп іздейтін керегіміз оп-оңай алдымыздан табылып тұр. «Қазақ» деген ел болуды ойлаған ақыл иесі ақсақалдарымыз, жұртқа оқуменен қызмет қылатын молдаларымыз һәм жас өспірім мырзаларымыздың*

ескерулері тиіс. Мезгілінде қимылдап қалмасақ мезгіл өткен соң қимылдауда пайда жоқ» деген пікірін ортаға салады. Осы арқылы өзіміздің ел екенімізді, мұсылман халық екенімізді көрсетіп қалуға атсалысуға шақырады.

Н. Елесбай

«Аңдаспаған мәселе» турасында. Мақала «Қазақ» газетінің 1914 жылғы № 48 санында жарияланған.

Мақала «Ақ жол» басылымында (1991, 263-б.), А. Байтұрсынұлының бестомдық шығармалар жинағының 5-томы (2006, 233-б.) және алтытомдық (2013) шығармалар жинақтарының V томында (245-б.) жарық көрген.

«Ақ жол» басылымы, бест томдық шығармалар жинағы мен алтытомдық шығармалар жинағында *«...қазақты һәм басқалар да қате ұқпастай етіп...»* сөйлеміндегі *«қазақты»* сөзі газеттегі мақала мәтіні негізінде *«қазақ та»* болып түзетілді.

Бестомдық шығармалар жинағы мен алтытомдық шығармалар жинағында *«Әлде болса бүркеуірек...»* тіркесіндегі *«бүркеуірек»* сөзі «Қазақ» газетінің мәтіні негізінде *«бүркеурек»* болып түзетілді. Келесі аталған жинақтарда *«...қала болуды біз де ұнатамыз...»* сөйлеміндегі *«де»* шылауы түсіп қалған. Осы академиялық жинақта аталған өзгерістер газеттегі мақала негізінде қалпына келтірілді.

Губернатор өзгерілуі. Мақала «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 14 ақпанында, № 50 санында жарияланған.

Мақалада Семей губернаторы Тройницкийдің орнына Чернецов келгендігі және ол губернаторлардың қазақ халқына жағымды, жағымсыз жақтары сипатталады. Сонымен қатар, пайдасы мен пайдасыз тұстары да айтылады.

Мақала «Ақ жол» (274-275 бет), 2006 ж. көп томдық шығармалар жинағы (238-239 бет) мен 2013 ж. алтытомдық шығармалар жинағында (251-252 беттер) жарық көрген.

Газет мәтініндегі *«оның орнына»* тіркесіндегі *«орнына»* деген сөзі 2013 ж. алтытомдық шығармалар жинағында (251-б.) кездеспейді.

Газет мәтініндегі *«тәжірбие етіп»* деген тіркестегі *«етіп»* сөзі 2013 ж. алтытомдық шығармалар жинағында *«айтып»* болып берілген.

Газет мәтініндегі *«Оренбургқа қуылмас едім»* деген тіркес 2013 ж. алтытомдық шығармалар жинағында мүлдем кездеспейді.

Бұл академиялық жинақта 1914 жылғы «Қазақ» газетінде жарияланған мәтін бойынша әзірленді.

Досмайыл қажыға ашық хат. Мақала «Қазақ» газетінің 1914 жылғы № 52 санында жарияланған.

Мақалада Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатовтың нақты деректер мен дәйектерін келтіре отырып Досмайыл қажының жазған хатына жауап ретінде жазған мақаласы жарияланған.

Газеттегі аталған мақала «Ақ жол» жинағы (271-274 бб.) бестомдық шығармалар жинағының (234-238 бб.) 5 томы (2006) мен алтытомдық шығармалар жинағының (246-250 бб.) V томында жарық көрген.

Газет мәтінінде берілген *«...менім де керегім болар»* тіркесіндегі *«менім»* сөзі «Ақ жол», алтытомдық шығармалар жинағы мен алтытомдық шығармалар жинағында: *«менің»* болып берілген. Сөйлемдегі контекске сай «менің» сөзі дұрыс, алайда газет мәтіні негізінде «менім» деп берілді.

Газет мәтініндегі *«Оның бәрі һеш нәрсе емес екен»* сөйлемінде *«бәрі»* сөзіне бестомдық шығармалар жинағы мен алтытомдық шығармалар жинағында *«н»* әрпі қосылып, *«бәрін»* болып өзгеріске түскен.

Газет мәтінінде *«Бұрынғы хаттарына...»* тіркесіндегі *«хаттарына»* сөзіне бестомдық шығармалар жинағы мен алтытомдық жинақта *«н»* әрпі қосылып *«хаттарынан»* болып берілген.

Газет мәтінінде кездесетін араб тілінен енген *«мухарир»* сөзі «Ақ жол» жинағы мен бестомдық шығармалар жинағында *«махырар»*, ал алтытомдық жинақта *«маһырар»* болып берілген.

Алтытомдық жинақта *«оқып шыққанан кейін көзімізге набадық»* сөйлемінде «н» әріптері түсіп қалып, қателер орын алған.

Газет мәтініндегі *«сөзін өтімді»* тіркесіндегі *«өтімді»* сөзі «Ақ жол», бестомдық шығармалар жинағы мен алтытомдықта *«ұтымды»* болып өзгеріске түскен. Келесі «Ақ жол», бестомдық шығармалар жинағы мен алтытомдық жинақтарындағы *«... серік іздеген. Серікті қалай іздеген. Қалай іздеді деңіз?»* сөйлемінде *«іздеген. Қалай»* сөздері қосымша беріліп, газет мәтініне сәйкес келмейді. Газет мәтініндегі *«мұсылманша оқығандарды масқара қылды»* сөйлеміндегі *«масқара»* сөзі алтытомдық шығармалар жинағында өзгертіліп, *«мазақ»* болып берілген.

Газет мәтініндегі: *«біз елең қылмас едік»* сөйлеміндегі *«біз»* есімдігі «Ақ жол», бестомдық шығармалар жинағы мен алтытомдық шығармалар жинағында түсіп қалған.

Сонымен қатар, газет мәтініндегі *«...жаласын бұлай бөліп һәм соларға жеке-жеке жауап береміз»* сөйлемде *«жаласын»* сөзі «Ақ жол», бестомдық шығармалар жинағы мен алтытомдық шығармалар жинағында: *«бәлесін»* болып өзгертілген.

Газет мәтініндегі *«...71 тиын жиып жіберген еді»* деген сөйлемдегі *«жиып»* сөзі алтытомдық шығармалар жинағында түсіп қалған. Мақаладағы алтытомдық шығармалар жинағында *«ел кісілеріне де дер кезінде...»* сөйлеміндегі *«дер»* деген сөз газет мәтінінде кездеспейді.

Газет мәтінінде *«...3 бөлімі орысша оқығандар»* сөйлеміндегі *«3 бөлімі»* деген тіркес «Ақ жол» бестомдық шығармалар жинағы мен алтытомдық шығармалар жинағында: *«үштен бірі»* болып өзгеріске түскен.

Келесі газет мәтініндегі *«бетін аударған Дәкең емес пе еді»* сөйлеміндегі *«Дәкең»* сөзі «Ақ жол», бестомдық және алтытомдық шығармалар жинағында *«мынадай кек»* болып өзгеріске түскен.

Газет мәтініндегі *«...біз пайдаланып та отырғанымыз жоқ»* сөйлемінде *«та»* шылауы алтытомдық шығармалар жинағында түсіп қалған. Газет мәтініндегі *«комиссиаға беріліп»* тіркесіндегі *«беріліп»* сөзі 1991 жылғы жинақ, бестомдық және алтытомдық шығармалар жинағында *«берілді»* болып берілген.

Газет мәтінінде *«жаз елде, қыс Уфада болып»* сөйлеміндегі «Уфада» сөзі «Ақ жол», бестомдық пен алтытомдық шығармалар жинағында *«жаз елде, қыс оқуда болып»* деп «Уфа» сөзі *«оқуда»* болып өзгеріске түскен.

Газет мәтінінде берілген *«...елден де безіп, бізден де безіп, біздің ісіміздан де безіп отыр»* сөйлеміндегі *«бізден де безіп»* деген тіркесі 1991 жылғы жинақ, бестомдық пен алтытомдық шығармалар жинағында түсіп қалған. Сонымен қатар, осы сөйлемнен кейін келетін *«мұсылманша оқушыларды желіктірсем, бұларға дұшман болар»* сөйлеміндегі *«оқушыларды»* сөзі алтытомдық жинақта *«оқығандарды»* болып, ал *«дұшман»* сөзі «Ақ жол», бестомдық пен алтытомдық шығармалар жинағында *«дұшпан»* деп берілген.

Газет мәтініндегі «хат», «Уфа» сөздері бестомдық шығармалар жинағында «қат», «Упа» болып берілген.

Осы академиялық жинақта аталған өзгертулер газет мәтіні негізінде түзетіліп, өзгерістер қалпына келтірілді.

Қазақ һәм түрлі мәселелер. Мақала 1914 жылғы «Қазақ» газетінің № 59 санында жарияланған.

Мақалада бұратана халықтар орыс тілінде оқытылсын деген мемлекеттік бағдарламаны қатаң сынға алған. Орыс тілінде оқытылсын дегенге қарсы шыққан басқа жұрттарды үнсіз қалған өз халқына мысал етеді. Селт етпеген көзі ашық халқына «өзгелер не істер екен» деп бұқпай, дер кезінде әрекет ет, ертең қапы қаласың дегенді айтады. Сондай-ақ қазақ арасында дін саласындағы мамандарды даярлау мәселесі, дінді дамыту үшін ең алдымен, бағдарлама жасауды өзекті мәселе етіп қойған. Мұсылмандықты биік дәрежеге көтеру үшін алдымен дін қызметкерлерін оқытып, дайындау қажеттілігі айтылады.

Газеттегі мақала «Ақ жол» (1991, 264-266 бб.) және А.Байтұрсынұлының бестомдық *(2006, 5-том. 171-174 бб.),* алтытомдық шығармалар жинағында *(2013, 4-том. 185-188 бб.)* жарық көрген.

Газет мәтінінде *«мектептерде оқу орыс тілімен оқытылсын»* сөйлеміндегі *«оқытылсын»* сөзі «Ақ жол», бестомдық пен алтытомдық шығармалар жинағында *«оқылсын»* болып берілген.

Газет мәтінінде *«...тілі жоқ мылқау болар да отырар»* сөйлеміндегі *«мылқау»* сөзі «Ақ жол» мен бестомдық, алтытомдық шығармалар жинағында *«мақау»* болып өзгеріске түскен.

Газет мәтінінде *«тіпті керексіз мәселе деп айту білмегендіктен»* сөйлеміндегі *«айту»* сөзі 1991 жылғы жинақ пен бестомдық және алтытомдық шығармалар жинағында түсіп қалған.

Газет мәтінінде *«Дін істері туралы пікірін айтып, жоба көрсетуге бірі де жоқ»* сөйлеміндегі *«пікірін»* сөзі бестомдық пен алтытомдық шығармалар жинағында түсіп қалған. «Ақ жол» жинағында газет мәтіні негізінде берілген.

Жоғарыда көрсетілген өзгерістер осы академиялық жинақта газет мәтіні негізінде қалпына келтірілді.

Бастауыш мектеп. Мақала «Қазақ» газетінің 1914 жылғы № 61санында жарық көрген. Мақалада қазақ мектептерінің қандай болуы туралы ой қозғап, орыс тілді мектептерінің баланың жас ерекшелігіне сай оқыту керектігі айтылып, бастауыш мектепке қойылатын талаптар туралы жазылған. Бастауыш мектептерінде білім беруді дұрыс жолға қою нәтижесінде білім беру негізі қаланатынын айтады.

Газеттегі мақала «Ақ жол» *(1991, 266-268 бб.)* және А.Байтұрсынұлының бестомдық *(2006, 4-том. 296-300 бб.)* пен алтытомдық шығармалар *(2013, 4-том. 311-315 бб.)* жинағына енген.

Газет мәтінінде кездесетін *«Петербурғта болатын»* тіркесіндегі *«Петербурғта»* сөзі «Ақ жол» мен алтытомдық шығармалар жинағында «Петербургта», бестомдық шығармалар жинағында (296-бет) *«Петерборда»* болып берілген. Келесі осы мақаладағы *«хат»* және *«халық», «мужик», «һәм», «хүкімет», «тарих»* сөздері бестомдық жинақта *«қат», «қалық», «мұжық», «әм», «күкімет», «тариқ»* деп берілген. Аталған сөздер газет мәтіні негізінде түзетіліп берілді.

Газет мәтінінде *«сонан соң керек мектеп не түрлі болу жайын сөйлеу тиіс»* сөйлеміндегі *«мектеп не»* сөзі «Ақ жол» жинағында *«мектебі»*, ал бестомдық шығармалар жинағы мен алтытомдық шығармалар жинағында *«мектебіне»* болып өзгеріске түскен.

1991 жылғы жинақ, бестомдық шығармалар жинағы мен алтытомдық шығармалар жинағында *«күйсіз қалыбында» тіркесіндегі «қалыбында»* сөзі газет мәтінінде *«қалпында»* болып берілген.

Газет мәтініндегі *«онда да, мұнда да жоқ болып шала оқумен қалады»* деген сөйлем бестомдық пен алтытомдық жинақта *«онда жоқ болып шала оқумен қалады»* деп *«да, мұнда да»* сөзі түсіп қалған. Берілген сөйлем осы академиялық жинақта газет мақала мәтіні негізінде түзетілді.

Газет мәтінінде *«оқыганның көбінен айрылып»* сөз тіркесіндегі *«оқыганның»* сөзі «Ақ жол» жинағында *«оқыганының»* болып берілген. Бестомдық пен алтытомдық шығармалар жинағында газет мәтіні дұрыс берілген.

А.Байтұрсынұлының «Ақ жол» жинағы және бестомдық пен алтытомдық жинақта *«...күйі: тіл, я құлағы, я қолы жоқ адамның...», сонымен бірге* бестомдық жинақ және алтытомдық жинақта *«Әр оқимын деген қалде: мұсылманша оқыса, бастауыш мектеп оқуы артқы оқудың негізі болуға жарасын»* сөйлеміндегі *«тіл», «әр», «артқы»* сөздері газет мәтінінде *«тілі», «әрі», арғы»* болып берілген.

Газет мәтінінде *«...қиындығын жеңілтерлік»* тіркесіндегі *«жеңілтерлік»* сөзі «Ақ жол» жинағында *«жеңілдетерлік»* болып өзгеріске түссе, бестомдық пен алтытомдық шығармалар жинағында газет мәтінімен бірдей берілген.

Газет мақала мәтінінде *«орыс тіліне түсірерміз»* сөйлеміндегі *«түсірерміз»* сөзі бестомдық пен алтытомдық жинақта *«түсіреміз»* болып «р» әрпі түсіп қалған.

Газет мәтінінде *«Оның бер жағында Қазан окгругінде»* сөйлемі «Ақ жол» жинағында *«Оның бергі жағында қазақ округінде»*

болып *«бер» «Қазан»* сөздері *«бергі», «қазақ»* болып өзгеріске түскен.

Газет мәтінінде *«...қазақ әрпінен бастап оқыт деп»* сөйлеміндегі *«деп»* сөзі бестомдық пен алтытомдық шығармалар жинағында *«деген»* болып беріліпті. «Ақ жол» жинағында газет мәтініндей берілген.

Газет мәтінінде *«бәрі бір тілде»* тіркесіндегі *«бәрі»* сөзіне «Ақ жолда» *«де»* шылауы қосылып, *«бәрі де бір тілде»* болып берілген.

Газет мәтініндегі *«орысшаға аударамыз деген пікірден хүкімет безіп»* сөйлеміндегі *«аударамыз»* сөзі «Ақ жол», бестомдық пен алтытомдықта *«аударамын»* болып берілген.

Газет мәтінінде *«қазақ тілімен оқылатын үш жыл оқу оқыларға»* сөйлеміндегі *«тілімен»* сөзі бестомдық пен алтытомдық шығармалар жинағында *«тілінен»* болып *«м»* әрпінің орнына *«н»* әрпі берілген.

Бестомдық пен алтытомдық шығармалар жинағында *«оқыларға тиіс», «алынарға тиіс», боларға тиіс», алуға тиіс»* сөз тіркестеріндегі «тиіс» сөзі және алтытомдық шығармалар жинағындағы *«көздеу керек», «оқу керек», «болу керек»* тіркестеріндегі *«керек»* сөзі газет мәтінінде кездеспейді. «Ақ жол» жинағы газет мәтінімен бірдей берілген.

Газет мәтінінде *«...бұлардан әрі мұсылманша я орысша оқыту үшін қазақ балаларының бастауыш мектепте үйренген білімі негіз болуға жарайды»* деген сөйлемдегі *«бұлардан», «білімі»* сөздері «Ақ жол» жинағында *«бұлар», «біліміне»* болып өзгеріске түскен. Бестомдық пен алтытомдықта газет мәтініне сәйкес берілген.

Жоғарыда аталған сөздер мен өзгерістер осы академиялық жинақта газеттегі мақала мәтіні негізінде қалпына келтірілді.

Мектеп керектері. Мақала «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 17 мамырдағы 62-санында жарияланған. Мұнан соң Р.Нұрғалиев құрастырған «Ақ жол» (1991), «Тіл тағылымы» (1991), А.Байтұрсынұлының бестомдық (2003), алтытомдық

(2013) шығармалар жинағында және «Қазақ тіл білімінің мәселелері» (2013), «Ақымет Байтұрсынұлы Таңдамалы шығармалары» (Алматы: Қазақ университеті, 2022) атты жинақтарда жарияланған.

Мақалада бастауыш мектептерде ана тілінде оқыту мәселелері көтерілген. Оқытушыларды дайындау және оқыту әдістемесі туралы жазылған. Жинаққа 1914 жылғы «Қазақ» газетінде жарық көрген түпбасылым бойынша ұсынылды.

Соғысушы патшалар. Мақала «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 31 шілде айындағы № 72 санында жарияланған.

Мақалада бірінші дүниежүзілік соғыс туралы ақпарат берілген. Соғыс майданындағы бес алпауыт мемлекеттерінің әскери күштері, территориялық аймақтарының көлемі, халқы, нәсілі, діні туралы біршама мағлұматтар қамтылған.

Мақала «Ақ жол» (275-277 беттер), 2006 ж. көп томдық шығармалар жинағында (240-242 беттер), 2013 ж. алтытомдық шығармалар жинағында (253-256 беттер) жарық көрген.

Түпнұсқа мәтінінде берілген *«тарих», «халық», «ұлық», «флот»* сөздері 2006 ж. көп томдық жинақ пен 2013 ж. алтытомдық жинақтарында *«тариқ», «қалық», «ұлық», «пылот»* болып берілген. Бұл академиялық жинақта аталған сөздер түпнұсқа бойынша берілді.

Газет мәтінінде берілген мемлекет атаулары қазіргі орфографиялық жазылу емлесіне сәйкес берілді. Мысалы: Германия, Австрия, Россия, Венгрия, Франция.

Газет мәтінінде келетін *«үлкен ауылдық сыбағаларын»* тіркесіндегі *«ауылдық»* деген сөз 1991 ж, 2006, 2013 ж. жинақтарда *«ауылдың»* деп берілген.

Газеттің түпнұсқа мәтініндегі *«соғыспай тұратын күйге әлі жеткен жоқ»* сөйлемінен кейін келетін *«Сондықтан міне Европа соғысы басталды»* деген сөйлемі 2013 ж. алтытомдық шығармалар жинағында (253-б.) мүлдем кездеспейді. 1991 ж. жинақ (275-б) пен 2006 ж. көп томдықта (240-б.) бұл сөйлемнің орнына көп нүкте қойылған.

Газет мәтініндегі *«олай-бұлай аударуға»* тіркесіндегі *«аударуға»* деген сөз 1991, 2006, 2013 ж. алтытомдық шығармалар жинағында *«аудару»* болып берілген.

Түпнұсқа мәтінінде келетін *«Австрия һәм Венгрия деген екі патшалықтан құралып болған патшалық»* сөйлеміндегі *«Австрия һәм Венгрия деген»* деген тіркес 1991, 2006 көп томдық пен 2013 ж. алтытомдық шығармалар жинағында кездеспейді.

Газет мәтінінде кездесетін *«Жері 593 мың 590 шаршы шақырым»* сөйлеміндегі *«мың 590»* деген тіркес 2013 ж. алтытомдық шығармалар жинағында мүлдем кездеспейді.

Түпнұсқадағы келесі мәтінде келетін *«олардың ішінде көбірегі»* тіркесіндегі *«көбірегі»* деген сөз 1991, 2006, 2013 ж. алтытомдық шығармалар жинағында *«көбірек»* болып келеді.

Газеттегі мәтінде келетін *«Бұл ынтымаққа кірген 25 патшалықтың ешқайсысы ұйымдасқан бірліктен, айтысқан серттері бойынша оқшау шықпайды һәм ешкім бөлек шығармайды да»* сөйлеміндегі *«кірген»* деген сөзден кейін 1991 ж. жинақта көп нүкте беріліп, *«бірліктен»* деген сөзбен жалғастырылған. Ал 2006 ж. көп томдық пен 2013 ж. алтытомдық шығармалар жинағында *«Бұл ынтымаққа кіргендер бірліктен, айтысқан серттері бойынша, оқшау шықпайды һәм ешкім бөлек шығармайды да»* болып арасындағы сөздер түсіп қалған.

Газеттегі мәтінде келетін *«құрдағы соғыс ісіне»* деген тіркестегі *«құрдағы»* сөзі 2006 ж. көп томдық шығармалар жинағы мен 2013 ж. алтытомдық шығармалар жинағында *«құрлықтағы»* болып өзгеріске түскен. 1991 ж. жинақта түпнұсқа бойынша берілген.

Газеттің түпнұсқа мәтініндегі *«Жауы жағындағы әскер 7 миллион болмақшы»* деген сөйлем 2006 (242-б.), 2013 (255-б.) ж. жинақтарда мүлдем кездеспейді. «Ақ жол» басылымында түпнұсқа қалпы сақталған.

Газет мәтініндегі *«қосылмас деп ойлады», «алалығы да жоғалды»* тіркестеріндегі *«ойлады», «жоғалды»* сөздері 2006 (242-б.), 2013 (256-б.) ж. басылымдарда *«ойлайды», «жоғалады»* болып берілген. 1991 ж. басылым түпнұсқа бойынша берілген.

Бұ заманның соғысы. Мақала «Қазақ» газетінің 1914 жылғы № 73 санында жарияланған.

Мақала «Ақ жолда» *(1991, 278-279 бб.)* А.Байтұрсынұлының алтытомдық шығармалар жинағына (*2013, 5-том. 257-259 бб.)* енген.

Газет мәтінінде *«қай жағынан»* тіркесіндегі *«жағынан»* деген сөз 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында *«жағының»* болып өзгеріске түскен. Сонымен қатар осы жинақта (257-бет) *«Енді бұл заманның соғысқа жұмсайтын құралдары һәм заманың соғысқа жұмсайтын құралдары һәм соғысу тәртібі қандай екендігі айтып өтпекшіміз»* сөйлемінде сөздер қайталанып кеткен. Бұл сөйлем «Ақ жол» жинағында газет мәтінімен бірдей берілген. Келесі абзацта келетін *«жеткізуге керек»* тіркесіндегі *«жеткізуге»* деген сөз 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында *«жеткізу»* дегенде, *«ге»* жалғауы түсіп қалған.

Газет мәтінінде *«көп орнататын түрін шығарды»* сөйлеміндегі *«шығарды»* сөзі алтытомдық шығармалар жинағында *«шығарады»* болып берілген.

Газет мәтінінде берілген *«...басшылық ету бұл күнде жоқ»* сөйлеміндегі *«ету»* сөзіне алтытомдық шығармалар жинағында *«і»* әрпі қосылып, *«етуі»* болып берілген.

Газет мәтініндегі *«флот», «дреднот»* сөздері алтытомдық шығармалар жинағында (257-258 бб.) *«пылот», «плот» «діредноуіт»* деп берілген.

Жоғарыда аталған өзгерістер осы академиялық жинақта газет мәтіні негізінде қалпына келтірілді.

Алашқа. Мақала «Қазақ» газетінің 1914 жылғы 16 қыркүйектегі № 78 санында жарияланған.

Мақалада бірінші дүниежүзілік соғыс барысында Ресейдің қол астындағы халықтардың көмек көрсетуі секілді Алаш халқына да үндеу ретінде көмек көрсетуге шақырады.

К. Мұстафаева

«Шаруалық өзгерісі». А.Байтұрсынұлының 1915 жылдан бастап шаруашылық, экономика, мәдениет тақырыптарын зерттеп жазған көлемді еңбегі. Көлемді мақаланың араб әрпімен жазылған 107 беттен тұратын қолжазба нұсқасы ҚР Ұлттық кітапханасының Сирек кітаптар мен қолжазбалар қорында (480-бума) сақталған. Ғалымның бұл зерттеу жұмысы алғаш «Қазақ» газетінің 1915 жылғы (№145, 146, 147, 148, 158, 161, 163) және 1916 жылғы (№167) сандарында жарық көрген. Қолжазба түпнұсқа мен басылым нұсқасы араб қарпінен кирилл әрпіне өзгеріссіз түсіріліп, алғаш рет академиялық жинаққа ұсынылды.

Аталған еңбекті ғылыми тұрғыдан зерделей отырып, «Шаруалық өзгерісін» бүгінгі таңда алаштанушы, ахметтанушы ғалымдар мен Қазақ оқырмандары жоқтап жүрген А. Байтұрсынұлының «Мәдениет тарихы» атты кітаптың басы емес пе екен деген де ой келеді. Себебі, ғалым «Шаруалық өзгерісінде» негізінен мәдениеттің шығу тарихы мен адамзат өркениетінің өсіп-өркендеу барысы туралы жиі тоқталады. 8 бөлімнен тұратын көлемді мақалада «мәдениет» сөзі 143 рет қолданылған. «Мәдениет қырқалары», «Мәдениет төбелері», «Мәдениет жұғысы», «Мәдениет тараған жолы» және «Мәдениет бесігі» қатарлы толып жатқан терминдерді қолданады. Алайда, қалам иесі аталған еңбегінің соңғы таралуларына келгенде, XX ғасыр басындағы қазақ ұлтына отырықшылықты дәріптей бастаған билік өкілдерінің сөзінен кейін, алаш баласын ояту туралы аса үлкен ой келген соң, осы желілес мақаланы жазғанын емексітіп білдіреді. Адамзаттың өркендеу барысын ұзыннан-ұзақ баяндай келіп, қолымызға іліккен нұсқалардың соңғы тарауларында: «*Қазақ халқы отырықшылыққа дайын ба, дайын емес пе? Бірден отырықшы өркениетке өтуге Қазақтың даласы, тауы, суы, өзен, көлі, шөбі, ауарайы, климаты, т.б. шарттар қолайлы ма, жоқ па?*» деген өзекті мәселелерді көбірек талдайды. Өкінерлігі, ғалым енді ғана қаузап отырған тақырыбын ел мен жердің сол кезеңдегі және болашақтағы жағдайына байланысты талдап, анық көрсете бастағанда аталған еңбектің бізге белгілі бөлегі аяқталады.

М. Әуезов өзінің «Ахаңның 150 жылдық тойы» атты көлемді мақаласында: *«Жаңадан алған хабарға қарағанда былтырдан жазып жүрген «Мәдениет тарихы» деген кітабын осы күнде бітіріпті. Жақында о да басылып шықса керек»*, – деп жазады («Ақжол» газеті, 1923 жылы, 4-ақпан). Осыған қарағанда, ғалымға «Мәдениет тарихын» жазу туралы ой 1915 жылғы Қазақ халқын отырықтандыру бастамалары көтрілген кезде келіп, аталған еңбектің бастапқы бөлегін сол жылдары бастап, соңғы бөлімін 1921-1922 жылдары аяқтаған деп болжауға негіз бар.

«Шаруалық өзгерісінің» қазірге дейін табылған нұсқасы 8 тараудан тұрады. Осы 8 тараудың алдыңғы 7 тарауы аталған қолжазбада бар. 8-тараудың қолжазбасы табылмады. Алайда еңбектің 8-тарауы жарияланған өзге жеті тарауымен бірге «Қазақ» газетінен табылды. «Қазақ» газетінде берілген соңғы тараудың да (8-тарау) соңында «*тағы да бар*» деген ескертпе берілген. Бірақ, «Қазақтың» кейінгі нөмірлерінен аталған еңбектің жалғасы кездеспейді. Осы тұрғыдан қарағанда, ғалымның аталған еңбегінің қолжазбасының екінші бөлімі яғни 8-тараудан кейінгі тараулары тағы бір дәптерде болуы мүмкін. Яғни екінші дәптердің басына жазылған 8-тарау газетке жарияланған да, қалған бөлімдері жазылып бітпеген я жазылса да газетке бастыруға бермеген болуы мүмкін.

Ғалым аталған еңбегін 1915-1916 жылдары «Қазақ» газетінің кезекті нөмірлерінде желілес түрде жариялап отырған. Атап айтқанда, «Қазақ» газетінің 1915 жылғы № 145 (15-тамыз), № 146 (22-тамыз), № 147 (29-тамыз), № 148 (8-қыркүйек), № 158 (21-қараша), № 161 (16-желтоқсан), № 163 (31-желтоқсан) және 1916 жылғы № 167 (31-қаңтар) күнгі сандарында жарияланған. «Шаруалық өзгерісінің» қолжазба нұсқасы тұңғыш рет ғылыми айналымға ұсынылып отыр. Бұған дейін, «Қазақ» газетінің қазіргі жазумен басылған нұсқаларынан аталған көлемді мақаланы оқып, ғылыми еңбектеріне ішінара пайдаланушылар болған. Алайда, «Қазақ» газетіндегі нұсқаларда автордың аты жазылмағандықтан, көлемді желілес еңбектің нақты А. Байтұрсынұлы екенін батыл түрде кесіп айтқан зерттеуші болған жоқ.

«Шаруалық өзгерісі» атты бұл көлемді, танымдық, зерттеу мақаласының авторы – Ахмет Байтұрсынұлы екеніне қолжазба нұсқаға қарап толық көз жеткізуге болады. Қолжазба нұсқаның сырты сары түсті қағазбен қапталған. Қолжазба нұсқаның сыртқы бетіне аталған мұраны кітапхана қорына өткізуші адам немесе кітапхана қызметкері 1930 жылдардағы латын әліпбиімен **Bajtursьnulь A.** (А. Байтұрсынұлы) және **Caruvacьlьq өzgerisi** (Шаруашылық өзгерісі) деп жазған. Бұл бетте автор есімі тек бір жазумен (латын әліпбиі) жазылса, ал еңбек атауы латын әрпімен қоса, кейінгі кирилл жазуымен қайталап жазылған. Мақала атауының астына «қол жазба» деп ескерткен. Осы беттің оң жақ жоғары шекесіне, жақша ішінде **әṇgime** (әңгіме) деп ескертпе де жазған.

Қолжазба сызықсыз (жолсыз) сары қағаздан жасалған дәптерге жазылған. Әр бетке көрнекті үлкенірек әріппен 14-15 жол ғана жазу сыйған, дәптердің көлемі шағын, алайда бет саны көбірек (сыртқы бетімен 107 бет).

Қолжазбаның 1-бетінің басында төте жазумен «Ахмед Байтұрсынұф» деп көрнекті жазылған. Онан кейін еңбек аты «Шаруалық өзгерісі» деп үлкенірек әріппен жазылған.

Келесі (2-) беттің басына «1) Шаруалық өзгерісі» деп тақырып қояды да әрі қарай көлемді еңбек басталалады:

«Шаруалық өзгерісінің жайынан сөйлеуден бұрын шаруалық деп не нәрсе айтылатынын баяндап өтейік» деп сөзін бастаған ғалым аталған тарауда адамзаттың даму тарихынан бастап сөз алып, шаруашылық, өндіріс, мәдениет, т.б. ірі тақырыптарды қаузайды.

Әр тарау аяқталғаннан кейін автор «А.Б» деп төте жазумен қолтаңбасын қойып отырған. Алайда, бұл қолтаңбалардың үстінен қара сиялы қаламмен кейінгі адамдар (мүмкін, автор өзі) көлденең сызық басқаны байқалады. Бұл ғалым А. Байтұрсынұлының еңбектеріне шектеулер қойылған кездегі осы еңбекті пайдаланушылардың сол тұстағы биліктің қаһарына ұшыраудан қорқып, істеген амалдары болса керек.

«Шаруалық өзгерісі» атты бұл көлемді мақаланы кәдеге жаратушылар мақаланың атын дұрыс атамай, «Шаруашылық өзгеріс» деп жазғаны байқалады. Алаш зиялыларының экономика ғылымы туралы ойларын зерттеген бірлі-жарым қаламгерлер болмаса, осыған дейін ұлт ұстазының аталған еңбегін алаштанушы ғалымдар ғылыми айналымға толықтай енгізе қойған жоқ. Азды-көпті сілтеме жасаушылардың өзі еңбектің қолжазба нұсқасына емес, «Қазақ» газетінде ара-тұра жарияланған нұсқасына немесе 2017 жылы «Елтаным» баспасынан басылып шыққан, «Қазақ» газетінің 1915 жылғы нөмірлері жинақталған нұсқасынан пайдаланғаны байқалады.

Ғалымның «Шаруалық өзгерісінің» қолжазбасының жалғасын екінші бір дәптерге жазғанына «Қазақ» газетінің № 167 санындағы аталған мақаланың 8-тарауы айғақ. Және оған да «тағы бар» деуіне қарап, аталған еңбектің қолжазба нұсқасы да, газет нұсқасы да халыққа толықтай жетпей қалғанын мөлшерлеуге болады. Бірақ, «Қазақ» газетінің 1916 жылғы аталған нөмірден кейінгі сандарының біздің қолымызға түскендерінің ешбірінен мақаланың жалғасы кездеспейді. 1916-1917 жылдары ғалымның Алаш орда үкіметін құруға байланысты ірі-ірі саяси істердің басы-қасында болғаны белгілі. Сол тұрғыдан алғанда, мәдениет пен экономика турасында қаузап жүрген тақырыбының үлкен бөлегін келешекте жазуға ниеттеніп, уақытша тоқтата тұрған болуы да ықтимал.

«Шаруалық өзгерісінің» біз оқып, зерделеген бөлегінен аталған тақырыптың автор жазбақшы болған үлкен бөлегі әлі жарыққа шықпағанын білуге болады. Қолжазбамен 100 беттен асып жығылатын, газетте 8 бөлімнен тұратын осы кесек еңбектің мазмұнында шаруалықтың яғни өнер-кәсіп пен шаруашылық ісінің және мәдениеттің адамзат баласы пайда болғаннан тартып, өткен ғасыр басына дейінгі барысы сөз болады. Адамдардың аңсымақ (автор жиі қолданған атау. – Ә. А.) кезеңнен бастап өркениетті дәуірге аяқ басқан дәуірлердегі басып өткен жолдарын, табиғатқа және қоғамдық өмірге бейімделуін

шетелдік ғалымдардың ғылыми болжамдарынан үзінділер ала отырып баяндайды.

А. Байтұрсынұлының «Шаруалық өзгерісі» тұңғыш рет ғалымның өзіне тиесілі еңбек ретінде толық (табылған бөлегі) жарияланып отыр. Ғалымның академиялық толық жинағында «Шаруалық өзгерісінің» қолжазба нұсқасы мен «Қазақ» газетінде жарияланған 8 тарауынан тұратын нұсқасы салыстырылды. Және «Елтаным» баспасынан 2017 жылы жарық көрген «Қазақ - 2017» атты жинақтағы нұсқасымен де салыстырылды. Аталған жинақта қате оқылып, қате басылып кеткен ішінара сөздер түзетілді. Еңбектің қолжазба нұсқасы мен «Қазақта» жарияланған нұсқаларының әр беттерінде кездескен тың сөздер мен кісі есімдеріне, жер-су атауларына түсініктер жазылды.

1. Bajtursьnulь A. Қолжазбаның сыртқы бетінің сол жақ шекесіндегі «Байтұрсынұлы А.» деген жазу 1929 жылғы қабылданған латын әліпбиі бойынша жазылған. Бұл жердегі латын әліпбиі бойынша жазылған автордың есімінде бас әріп қолданылған. Осыған қарап қолжазбаның сыртындағы бұл жазу 1934 жылдардан кейін қорға табыс етілгенін болжауға болады. Себебі, 1929 жылы латын әліпбиі қабылданып, арада 3-4 жылға дейін кісі есімдері бұған дейінгі төте жазу емлесі секілді бас әріпсіз жазылып келген еді. Мысалға, А. Байтұрсынұлының «Әліпби. Жаңа құрал» атты оқулығының 1928 жылғы басылымының титул бетінде ғалымның аты сол кезеңде қабылдану алдында тұрған латын әліпбиімен *«a.baitursьn ulь»* деп жазылған.

2. Әŋgime. Қолжазбаның сыртқы бетінде оң жақ шекесінде шығарманың жанрын «әңгіме» деп латын әліпбиімен ескерткен. Бұл сөз түпнұсқа бойынша берілді. Жанрын не үшін әңгіме деп жазғаны зерттеуге татиды. Мүмкін сол тұстағы цензуралық қысымдардан сақтануға себі тиер деп, айтулы шығарманың жанрын жасырған деп тұспалдауға болады.

3. Caruvacьlьq özgerisi. Қолжазбаның сыртқы бетінде жазылған еңбектің аты. Бұл жерде латын әліпбиімен «Шаруашылық өзгерісі» деп берілген. Мұнда да бірінші сөзің бірінші әрпі бас

әріппен басталған. Астына қазіргі қазақ жазуымен «Шаруалық өзгеріс» деп жазылған. Яғни сөздің ең соңғы «і» әрпі түсіп қалған. Келесі бетінде төте жазумен «Шаруалық өзгерісі» деп жазылған. «Қазақ» газетінде де «Шаруалық өзгерісі» болып басылған. Сондықтан, «Шаруалық өзгеріс» деп жазу кітапхана қорына қолжазбаны өткізушілердің ағаттығы болуы мүмкін.

4. Қол жазба. Қолжазбаның сыртқы бетінде «Шаруалық өзгерісі» деп еңбектің аты жазылған соң, төменгі жағына жақша ішінде осы сөз жазылған. Бұл сөз түпнұсқа бойынша берілді.

5. Ахмед Байтұрсұнұф. Қолжазбаның бірінші бетінің жоғарғы бөлімінде көрнекті жазумен «احمد بايتۇرسنف» (Ахмд Байтұрснф) деп жазылған. Бұл жердегі «Ахмет»-тің «احمد» (Ахмед) болып жазуы – 1912-1924 жылдар аралығында қолданыста болған, ескі қазақ жазуының дәстүрлі емлесінен қалыптасқан, дауысты дыбыстарды харакат, сүкін, т.б. шартты белгілер арқылы оқитын араб тілінің заңдылығына сәйкес ереженің сақталуы деуге болады. А. Байтұрсынұлы төте жазуы жарыққа шыққанға дейін қадім жазуы (шағатай жазуы) деп аталған қазақ жазуында да осы ереже қолданыста болды. Төте жазу барлыққа келгеннен кейін де кісі аттары мен араб тілінен енген сөздер бірнеше жыл (1912-1924 жж.) сол үлгіде жазылып келді. 1924 жылға келгенде ғана қазақтың төл сөздері қалай жазылса қазақтың кісі аттары, араб тілінен енген сөздер түгелдей қазақ тілінің дыбыстау заңдылығына сәйкес емлемен алынды. Міне, осы жердегі «Байтұрсынов» сөзінің «بايتۇرسنف» (Байтұрсұнұф) болып жазылуы сөздің орта және соңындағы буындарда келетін дауысты дыбыстар жазылмай, қажетіне қарай қосып дыбыстап оқуға арналған көне ережелерге сәйкес келеді. «В» дыбысы орнына ол кезде (1924 жылға дейін) «ф» дыбысы қолданыста болды. 1924 жылдан кейін ғалым өз аты-жөнін барлық басылымдарда «Байтұрсын ұлы Ақымет» деп жазды. Жоғарыда қолжазба дәптердің сыртында латын әліпбиімен «Bajtursьnulь A.» деп жазуы сол кезде (1924-жылдан кейін) қалыптасып кеткен дәстүрге сай берілген.

6. «Шаруалық өзгерісі, І». Автор шығарманың басына «1) Шаруалық өзгерісі» деп жазып, онан төменірек «І» деп тарау санын жазған. Ал, «Қазақ газетіндегі» (1915, № 145, 2-3 бб.) нұсқада тарау санын көрсетпеген. Мақала соңына да «тағы бар» деп ескертпе бермеген.

*7. «...я бір-бірімен тартысады»***.** Қолжазбаның 3-бетінде кездеседі. Бұл сөйлем «Қазақ» газетінің № 145, 2-бетінде *«бір-бірімен я тартысады»* деп берілген.

8. Тұрмыс қандай болғанынан хабарымыз көмескі. Қолжазбаның 3-4 бетінде кездеседі. Осы сөйлем «Қазақ» газетіндегі *«тұрмыс түрі қандай болғанынан хабарымыз көмескі»* деп, «түрі» деген сөз қосылып берілген. Бұл жерде газеттегі нұсқа бойынша берілді.

9. Аңсымақ. Қолжазбаның 4-бетінен бастап соңына дейін 6 жерде қолданылады. Ғалым адамзаттың мәдениет кезеңдерін таныстыру үшін, аң секілді, жабайы, анайы болған адамзаттың алғашқы қоғамдық дәуірі туралы сөйлемдерде осы сөзді жиі қолданған. Ғалым еңбектерінде *-сымақ/-сімек* қосымшалары бүгінгідей жаратпау, жағымсыз мағынасында емес, жағымды мағынада да қолданғанын ескеру керек. *Аңсымақ, затсымақтану, үстеусімектену,* т.б. сөздер ғалымның терминдендірген атауларының бірі деуге де болады. *-сымақ/-сімек* қосымшаларының ХХ ғасыр басында жағымды мағынада да белсенді қолданыста болғанына әдеби мұралардан көп дәлел келтіруге болады. Тілеуұлы Жұмағали 1926 жылы жазған «Гійгійене» (Гигиена) атты оқулығында *сүтсымақтану* термині кездеседі. Мұнан сырт, Е.Омаровтың оқулықтарында *допсымақ, тотсымақ* терминдері, сол кезеңдегі сөздіктерде *сусымақ, жолсымақ* терминдері кездеседі.

10. Мәдениет. Қолжазбаның 4-бетінен бастап кездеседі. Аталған еңбекте мәдениет сөзі 143 рет қолданылған. Мәдениет араб тілінен енген сөз болғандықтан қолжазбада және «Қазақ» газетінде «мднет» болып жазылған. 2017 жылы «Еттаным баспасынан» шыққан ««Қазақ» газеті, 1915»

жинағында құрастырушылар бұл сөзді кей жерде «міндет» деп қате көшірген.

11. Тісейлон. Қолжазбаның 6-бетінде кездеседі. Бұл Цейлон аралы. Түпнұсқа бойынша берілді.

12. Уеддар. Қолжазбаның 6-бетінде кездеседі. Бұл видтар. Түпнұсқа бойынша берілді.

13. Қалағар даласы. Қолжазбаның 6-бетінде кездеседі. Мұндағы Қалағар даласы – Калахари. ‘Калахари (kalahari, бечуа тілінде karri – жан азабы деген сөз) – Оңтүстік Африканың орталық бөлігіндегі табиғи атырап. Африка платформасының Калахари синеклизасында орналасқан.

14. Бұшмендер. Қолжазбаның 6-бетінде кездеседі. Бушмендер (голланд тілінде basjesman – «орман адамы») – Оңтүстік және Шығыс Африканың Калахари мен Намиб шөлді аймақтарында тас ғасырынан бері қоныстанып келе жатқан ежелгі, жергілікті халық.

15. Андаман аралдары. Қолжазбаның 6-бетінде кездеседі. Андаман аралдары. Бенгал шығанағы мен Андаман теңізі арасында жатқан Үнді мұхитындағы аралдар тізбегі. 2017 жылы «Елтаным баспасынан» шыққан ««Қазақ» газеті, 1915» жинағында бұл сөз түсіп қалған.

16. Сұматыра. Қолжазбаның 6-бетінде кездеседі. *Суматра* мөлшері бойынша әлемдегі ең ірі аралдардың арасында алтыншы орында тұр. Ол Үнді мұхитында орналасқан және Индонезия аралдарының тобына жатады.

17. Мәдениет қырқалары. Қолжазбаның 6-бетінен бастап жалпы осы шығармада 18 рет қолданылады. Мұндағы қырқа сөзін ғалым *кезең, саты, барыс* мағынасында қолданғаны байқалады. Мәдениет қырқасымен қоса, шаруалық қырқасы деген атау да жиі кездеседі.

18. Ф. Листтің бөлісі. Қолжазбаның 14-бетінде кездеседі. Қолжазбада және «Қазақ» газетіндегі нұсқада бұл кісі аты дәл осы жерде Ф. Кист болып қате жазылған. 2017 жылы «Елтаным баспасынан» шыққан ««Қазақ» газеті, 1915» жинағында да

түпнұсқадағы осы қателік қайталанған. Мәтіндегі мағынаға сай, бұл Ф. Лист екеніне көз жеткізіп, қатені түзетілді.

19. Бөліс. Қолжазбаның 14-бетінен бастап бірнеше жерде кездеседі. Осындағы бірнеше рет кездесетін «бөліс» деген сөз 2017 жылы «Елтаным баспасынан» шыққан ««Қазақ» газеті, 1915» жинағында «болыс» болып қате берілген.

20. «...бірсыпырасын айтып өткеніміз керексіз әңгімеден болып табылмас дейміз. А.Б.». Қолжазбаның 16-бетінде. Қолжазба бойынша осы жерден бірінші тарау аяқталады. Астына төте жазумен «А.Б» деп жазылған. Бірақ, сол қолтаңбаның үстінен көлденең қос сызық бастырып өшірілген. «Қазақ» газетінің № 145, 2-3-беттеріне берілген «Шаруалық өзгеріснің» де бірінші тарауы осы жерде аяқталады. «Жалғасы бар» деп ескертілмеген. Дегенмен, бірінші тараудың соңын түйіндеген сөйлемнен мақаланың ұзағырақ жазылатыны, жалғасы бар екені өздігінен білініп тұр. «Қазақтың» келесі нөмірінде («Қазақ» газеті, 1915. №146, 2-б.) қолжазба нұсқадағы секілді мақаланың екінші тарауы басталады. Онда да «Басы өткен нөмірде» деп ескертілмеген.

21. «Шаруалық өзгерісі, II». Қолжазба нұсқаның 17-бетінде мақаланың II тарауы басталады. Әр тарау басталған жерге мақала авторы тек «II, III, ... VII» сандарын қойып отырған. «Қазақ» газетінің 1915 жылғы № 146 санында «Шаруалық өзгерісі» деп жазылған. «Басы өткен нөмірде» деп ескертпе берілмеген.

22. Ḥауа. Оқулықтың 17-бетінде *ḥауа, күн ḥауасы* деп қолданылады. Ауа сөзі XX ғасыр басында, 1924 жылға дейін осылай жазылып келді. Қолжазбада «ḥауа» деп берілсе, «Қазақ» газетінің №146, 2-бетінде «ḥуа» деп берілген. Екеуі де ауа мағынасында.

23. Бір жерде бар, бір жерде жоқ. Бір жерде көп, бір жерде аз. «Қазақ» газетінің № 146, 2-бетінде «бір жерде бар» дегеннен кейін, «бір жерде жоқ» деп сөйлем толық берілген. Қолжазбада бұл сөйлемнің «*бір жерде жоқ*» деген бөлімі жазылмаған.

24. Жердің бел ортасы. Қолжазбаның 18-бетінде кездеседі. Автор бұл жерде эквадор белдеуін меңзеп отыр.

25. Ұшында. Қолжазбаның 17-бетінде бұл сөз осылай берілсе, «Қазақ» газетінің № 146, 2-бетінде «үшінде» деп берілген.

26. Мәдениет мый мен аяқ-қол қатар жұмыс істеген жерге орнамақшы. Қолжазбада «мәдени мен» болып басталған (21-бет). «Қазақ» газетінің № 146, 2-бетінде «мәдениет мый мен» деп басталған. «Мәдениет мый мен аяқ-қол қатар жұмыс істеген жерге орнамақшы» деп айту үйлесімді болғандықтан, «Қазақ» газеті нұсқасын дұрыс деуге болады.

27. Уауилония. Қолжазбаның 22-бетінде кездеседі. Вавилония яғни Бабыл елі меңзеліп отыр.

28. Һінд. Қолжазбаның 22-бетінде кездеседі. Түпнұсқа бойынша берілді. Үнді елін меңзеп отыр.

29. Гуанго һәм Янцикиянг. Оқулықтың 22-бетінде кездеседі. Қытайдағы Хуанхэ (Желтая река яғни Сары өзен) мен Янцзыны (Ұзын дария) меңзеп отыр.

30. Орын тебіп. Қолжазбаның 23-бетінде кездеседі. «Қазақ» газетінің № 146, 2-бетінде «орын теуіп» деп берілген.

31. Кей жұрттар жасық жаратылған. Қолжазбада бұл сөйлем жоқ. «Қазақ» газетінің № 146, 3-бетіндегі осы мазмұндар айтылған жерде қосылған.

32. Зейін. Қолжазбаның 26-бетінде кездеседі. Қолжазбада да, «Қазақ» газетінде де «зіһн» болып арабша емлеге сай жазылған. Бұл зейін деген сөз.

33. Қолжазбаның 27-28-беттеріндегі *«... жұмбақтың қиындығы»* деген сөзден басталып, *«пікірді айтқан»* деп аяқталатын сөйлемге дейін автордың жазуы өзгешелеу. Қасындағы біреуге жаздырғаны немесе шаршау арқылы қол талғаны белгісіз. Ал келесі азат жолдан бастап бұрынғы жазу қалпына келген. Жазу жазып отырған қаламның бұзылуы да себеп болса керек. Осыған дейін көк сиямен жазып келе жатқан автор осыдан кейін қара қоңыр сиялы қаламды пайдаланғаны байқалады.

34. Табиғат әсері. Қолжазбаның 29-бетінде кездеседі. Осындағы *әсері* деген сөз «азры» болып арабша емлеге сай жазылған. «Қазақ» газетінде де солай берілген. Сол кездегі араб тілінен

енген сөздерді барынша арабшаға жақындатып жазу дәстүрінен солай берілген. Академиялық жинақта қазіргі қазақ тіліндегі *әсер* қалпында берді.

35. Ұйық. Қолжазбаның 29-бетінде *«Ніл дариясының теңізге таянған ойпат алабы ұйық болып, теңізбен екі арада қатынастырмай, бөгет болушы еді»*, – деген сөйлем бар. Осындағы *ұйық*. з а т. 1. Ұйма, тартпа, ми батпақ.

Жалаңаш балық, бақа қалды шулап,
Жатқан зат су түбінде сүттей ұйып.
Құр аяқ кеуіп қалды арналары,
Тартылып талай жылғы батпақ, ұйық (О.Шораяқов, Шайыр.).

Тіреліп талай тұйыққа,
Кездесіп қиын жайларға.
Қансырап батпақ ұйықта,
Өлгендер де бар майданда.
Осы бір нұрлы көктемге
Жетпеген де бар, жеткен де (С.Мәуленов, Алыс кет.).

36. «...бірте-бірте халық арасына жайылып орын тепкен». Қолжазбаның 33-бетінің басында осы сөйлеммен екінші тарау аяқталады. Қолжазбада осы жерге «А.Б» деп автордың қолтаңбасы қойылған. Бірақ, үстінен қос сызық бастырып, өшірілген. «Қазақ» газетінің № 146, 3-бетіндегі нұсқасында да осымен екінші тарау аяқталған. Онда «тағы да бар» деген ескертпе қосылған.

37. «Шаруалық өзгерісі, III». Қолжазбаның 33-бетінде «III» саны қойылып, үшінші тарау басталады. «Қазақ» газетінің 1915 жылғы № 147, 2-бетінде де «Шаруалық өзгерісі*» деп, жұлдызша қойылып, үшінші тарау басталады. Беттің төменгі жағында *«Басы 145 һәм 146 ыншы нөмірлерде»* деп ескертпе берілген.

38. Бір жерде қалың болса, екінші жерде сирек. Бұл сөйлем қолжазба нұсқада жоқ. Газеттегі («Қазақ», 1915 жылы, № 147) нұсқада бар.

39. Дәйім. Қолжазбаның 36-бетінде кездеседі. Әрдәйім, үнемі деген мағынада. 2017 жылы «Елтаным баспасынан» шыққан

««Қазақ» газеті, 1915» жинағында бұл сөз «дым» деп қате көшірілген.

40. Ол екі нәрсенің арасында сабақтастық барлығын көрсетеді. Қолжазбаның 36-бетінде кездеседі. 2017 жылы «Елтаным баспасынан» шыққан ««Қазақ» газеті, 1915» жинағында осы сөйлемдегі «*екі*» деген сөз «ескі» деп қате көшірілген.

41. Күн еліту. Қолжазбаның 38-бетінде кездеседі. Күнелту сөзі ХХ ғасыр басындағы әдеби еңбектерде осылай бөлек жазылып келді. «Шаруалық өзгерісінің» қолжазба нұсқасында да, «Қазақ» газетінде де «күн еліту» болып жазылған. Ал, 2017 жылы «Елтаным баспасынан» шыққан ««Қазақ» газеті, 1915» жинағында бұл сөз «күнелту» болып, қазіргі емле бойынша берілген.

42. Өсуіне. Қолжазбаның 43-бетінде кездеседі. «Қазақ» газетінде басылған (№ 147, 3-бет) нұсқада «өз-өзіне» болып берілген. Осыған байланысты 2017 жылғы «Елтаным баспасынан» шыққан ««Қазақ» газеті, 1915» жинағында бұл сөз «өз-өзіне» болып қате күйінде көшірілген.

43. Хатта. Қолжазбаның 44-бетінде: *«... екі жыл, хатта онан да артық»* деген сөйлемде кездеседі. Осы «*хатта»* деген сөз *«тіпті»* деген мағынада. Қолжазбада және газеттегі нұсқада да «*хаты*» болып жазылған. ХХ ғасыр басындағы әдеби жазбаларда бұл сөз көбірек қолданыста болған.

44. «Мал шаруалығын тастай алмайды. А. Б». Қолжзбада үшінші тарау осы жерде (47-бетте) аяқталады. Жоғарыдағы екі тараудың соңы сияқты бұл жерде де автордың «А. Б» деп жазған қолтаңбасы үстінен шимайланып өшірілген. Ал, «Қазақ» газетіндегі нұсқасында да (№ 147, 3-бет) үшінші тарау осы арада аяқталады. *«Тағы да бар»* деп ескертпе де берілген. 2017 жылы «Елтаным баспасынан» шыққан ««Қазақ» газеті, 1915» жинағында бұл ескертпе бұл жерге берілмеген.

45. «Шаруалық өзгерісі, IV». Қолжазбаның 47-бетінде төртінші тарау «IV» қойып басталады. «Қазақ» газетінің 1915 жылғы № 148 санында (2-бетте) тақырыпқа «*» белгісі қойылып,

беттің төменгі жағына «*Басы 145, 146, 147 інші нөмірлерде»* деп ескертілген.

46. Өткендегі сөздерде. Қолжазбаның 47-бетіндегі төртінші тарау «Өткен нөмірде» деп басталып, үстінен өшіріп, қайтадан «Өткендегі сөздерде» деп жазыған. «Қазақ» газетінде (№ 148, 2-бет) «өткен нөмірде» деп басталады.

47. Сүйек, сүйекпен қатар. Қолжазба нұсқада (48-бет) *«сүйек, сүйекпен қатар...»* деп берілген, «Қазақ» газетінде (№ 148, 2-бет) «сүйек» сөзі жазылмаған.

48. Құралдары дүкір. Қолжазбаның 48-бетінде кездеседі. Қолжазба нұсқада «*дүкір»,* газеттегі нұсқада «*дөкір*» болып берілген.

49. Тарқи етіп. Қолжазбаның 48-бетінде кездеседі. Газеттегі нұсқада да осылай берілген. *Тарқи.* Арабша бір күйден екінші күйге көшу деген сөз. Бұл жерде көрнекті, үлкен өзгеріс әкелетін істер меңзеліп отыр.

50. Көзге көрінетін. Қолжазбаның 48-бетінде кездеседі. Қолжазба нұсқада да, «Қазақ» газеті нұсқасында да «көрінетін» болып жазылған. 2017 жылы «Елтаным баспасынан» шыққан ««Қазақ» газеті, 1915» жинағында бұл сөз «*көзге көрінбейін*» болып қате оқылып, қате күйінде көшірілген.

51. Аң аңлау. Қолжазбаның 50-бетінде кездеседі. Қолжазба нұсқада «аңлау», «Қазақ» газеті нұсқасында (№ 148, 2-бет) «аулау» болып берілген.

52. Ыспат. Қолжазбаның 61-бетінде кездеседі. Сыпат (ыспат) сөзі, дәлел, айғақты білдіреді. 2017 жылы «Елтаным баспасынан» шыққан ««Қазақ» газеті, 1915» жинағында бұл сөз «сипат» болып қате көшірлген.

53. «Жер аздық қылмайды. А.Б». Мақаланың төртінші бөлім осы жерде (62-бетте) аяқталады. Қолжазбада «А.Б» деп жазылған қолтаңба үстінен сызықпен басылған. «Қазақ» газетіндегі нұсқада (1915, № 148, 3-бет) *«тағы да бар»* деп ескертпе берілген.

54. «Шаруалық өзгерісі, V». Мақаланың V тарауы қолжазбаның 65-бетінен басталады. Бұл тарау «Қазақ» газетінің 1915 жылғы

№ 158 санында (21-қараша, сенбі) 2-3-беттерінде жариялнған. Өткен нөмірдегідей мақала атына «*» белгі қойылып, аяқ жағына *«Басы 145, 146, 147, 148 інші нөмірдерде»* деп ескерткен.

55. «Мәдениет те қонатын тұғыры даяр, даяр емесіне қарайды, А.Б». Қолжазбаның 77-бетінде осы сөйлеммен V тарау аяқталады. Жоғарыдағы тарауларда көрсетілгеніндей, бұл жерде де автор қолтаңбасы үстінен басып өшірілген. «Қазақ» газетіндегі нұсқа (1915, № 158, 2-3 бб.) да осы жерден аяқталып, «*тағы да бар*» деген ескертпе берілген.

56. «Шаруалық өзгерісі, VI». Қолжазбада VI тарау 77-беттен басталады. Бұл тарау «Қазақ» газетінің 1915 қоян жылының 16 желтоқсан күнгі (сәрсенбі) нөмірінің 2-3-беттеріне (№ 161) басылған. Бастапқы бөлімдеріндегідей «Шаруалық өзгерісі» деген тақырып беріліп, оған жұлдызша (*) белгі арқылы өткен нөмірлері қайсы санда берілгенін ескертеді. Газеттің осы санында көлемді мақаланың басы «*145, 146, 147, 148, 149 ыншы нөмірлерде*» деп ескерткен. Алайда, газеттің №149 санында мақала жалғасы берілмеген, №158 де берілген. Және қолжазба нұсқағадағы мазмұнға қарап автордың желілес мақаласының төртінші тарауы №148 де, бесінші тарауы №158 де жарияланғанына толық көз жеткізуге болады. Сондықтан, басы «*145, 146, 147, 148, 149 ыншы нөмірлерде*» дегендегі «*№149*» деп қате берілген. Дұрысы, «*145, 146, 147, 148, 158 інші нөмірлерде*» болады. Баспадан кеткен қателік деуге толық негіз бар.

57. ... сауда жүзінде малмен қатар жүрген. Қолжазбаның 83-бетінде. «Қазақ» газетіндегі нұсқада (№ 161, 2-бет) Бұл жерлер анық емес, 2017 жылы «Елтаным баспасынан» шыққан «Қазақ газеті, 1915» жинағында бұл жерге көп нүктелеп қойып, оқуға мүмкін болмағанын ескерткен. Қолжазба нұсқадан пайдаланып бұл сөйлем түзетілді.

58. Екі үштірек. Қолжазбаның 85-бетінде кездеседі. Түпнұсқа бойынша берілді. Қолжазба нұсқа мен газеттегі нұсқада да осылай жазылған.

59. «...қандай шалығы тиетінін осыдан шамалауға болады. А.Б.». мақаланың VI тарауы осы жерде аяқталады (қолжазбаның

89-беті). Қолжазбада «А.Б» деп жазылған қолтаңба сызықпен басылған. «Қазақ» газетіндегі нұсқада (1915, № 61, 3-бет) «тағы да бар» деп ескертпе берілген.

60. «Шаруалық өзгерісі, VII». Мақаланың VII тарауы қолжазбаның 89-бетінде басталады. Сонымен бірге, «Қазақ» газетінің №163 санында (1915 қоян жылы, 31 желтоқсан, бейсенбі) беріледі.

61. Орғыл құм. Қолжазбаның 93-бетінде кездеседі. Орғыл құм. зат. Жүрсе аяқ бататын есілген құм. Қайыржан К., Сөз - сандық: Қазақтың көне сөздері. - Алматы: «Өнер» баспасы, 2013. - 480 бет.

62. Қайсысы себепкер болуында көп мән бар. «Шаруалық өзгерісі» атты желілес мақаланың қолжазба нұқсасы осы сөйлеммен аяқталады (қолжазбаның 101-беті). Қолжазбада осы сөйлемнен кейін, «А.Б» қолтаңбасы қойылып, «*тағы да бар*» деген ескертпе жазылған. Бірақ, қолтаңба да, ескертпе де үстінен қосы сызықпен басылып, өшірілген (жасырылған). Қолжазба нұсқа осымен аяқталғанымен, «Қазақ» газетіндегі нұсқасы осыдан кейін тағы да берілген. Атап айтқанда «Қазақ» газетінің 1916 (қоян) жылы 31-қаңтар (жексенбі) күнгі (№167, 2-3 бб.) санында берілген.

63. «Шаруалық өзгерісі, VIII». Желілес мақаланың VIII тарауы «Қазақ» газетінде ғана жалғасады. «Қазақ» газетінің 1916 (қоян) жылы 31-қаңтар (жексенбі) күнгі (№167, 2-3 бб.) санында берілген. Бұл нөмірде де «Шаруалық өзгерісі» деп шекесіне жұлдызша қойылып, «*басы 145, 146, 147, 148, 158, 161, 163 інші нөмірдерде*» деп ескертпе берілген. Қолжазба дәптерде аталған мақала жалғаспайды. Екінші бір дәптерде басталған VIII тарау бар болуы мүмкін. Бірақ, ондай дәптер қазірше қолға түспеді. Аталған көлемді желілес мақаланың біздің қолымызға түспеген қолжазба дәптерден тек VIII тарауы ғана газеттің бір нөміріне беріліп, газеттегі нұсқа да аяқталады.

64. Бақал. «Қазақ» газетіндегі нұсқаның (1915, № 167) 3-бетінде. бақал сөзінің бірнеше мағынасы бар. Бұл жерде, Бақал. Сем.: Ақс., Абай) мықыр, тапал адам. *Алдымызда келе жатқан*

б а қ а л кісі Әйтімнің бауыры. Өспей қалған нәрселерді де б а қ а л деп айтамыз (Сем., Ақс.) мағынасы қолданылып тұр.

65. Бұл бір облыстағы жердің үштен екісі. Ғалымның «Шаруалық өзгерісі» атты көлемді желілес мақаласының «Қазақ» газетіне жарияланған VIII тарауы осы сөйлеммен аяқталады. «тағы да бар» деп ескертпе берілгенімен, «Қазақ» газетінің келесі нөмірлерінен аталған мақаланың жалғасы кездеспейді.

«Дәйекші (ٔ). 1916 (қоян) жылы 9 қаңтарда (сенбі) «Қазақ» газетінде (№164. 4-б.) жарық көрген. Газеттің осы күнгі нөмірінде «Газеталардан» атты айдаршада берілген «Дәйекші» атты шағын жазбаның авторы А. Байтұрсынұлы екені тұрақтанды. Автор өзінің төте жазуындағы жаңалықтардың бірі болған дәйекшісі (жіңішкелік белгісі) туыстас татар зиялыларынан қолдау тапқанын, «Жұлдыз» журналында Байтұрсынұлының дәйекшісі туралы оң пікір айтқан Н. Домауи атты кісінің жазбасынан үзінді алып көрсеткен:

««Юлдыздың» («Жұлдыз») соңғы нөмірлерінің көбінде емле туралы мақалалар жазылып келеді. 1577 інші нөмірінде Н.Домауи жазады: «... жіңішкертуге лайық харіфтер туралы емлешілеріміздің біреуі де жаңа бір сөз айтқан жоқ. Бұл турада қазақ емлешілерінен Байтұрсынов әпендіден пайдаланып, ортақ харіптер үтірлі болғанда жіңішкелік үшін (ٔ) *жазуды қабыл етсек, не қадар жақсы болар еді...», – деп мысалдар келтіреді*. Автор осылайша оқырмандарын дәйекшіні жатырқамай қолдануға кеңес береді.

Ә. Ахмет

Қазаққа ашық хат. *Мақала алғаш* 1334 хижра жылы жамади әл-аһир айы, қазіргі жыл санауы бойынша 1916 жылы (ұлу) 23 наурыз (сәрсенбі) күні «Қазақ» газетінің 174-санында (2-бет) жарық көрген.

А.Байтұрсынұлы қазақтың мал санағаннан қорқып, бағып-өсіріп отырған малының санын жасыруды әдетке айналдырғанын

сынға алады. Кең-байтақ қазақ жерінде мал көп, сондықтан артық жер жоқ, яғни малыңның санын нақ көрсету арқылы «отарлауға жол бермеу» деген ұғымды орнықтыруға ұмтылады. Бұл мақала «Ақ жол» (316-б), «Жаңа низам» (Б.111-112) және Байтұрсынұлының бес томдығының 4-томында (*Байтұрсынұлы А. Бестомдық шығармалар жинағы. 4-том / Жауапты ред. А.Ісімақова; құраст. А.Ісімақова, Р.Имаханбетова. – Алматы: Алаш, 2006. – Б. 227-228*) 2013 жылы басылған А. Байтұрсынұлының алтытомдық шығармаларының 4-томына енген (Б. 246-247).

Торғай һәм Ырғыз үйезінің халқына. Бірнеше зиялы қауымның атымен жазылған үндеу мақала 1335 хижра жылы сафар айының 17-күні, қазіргі жыл санауы бойынша 1916 жылы (ұлу) 30 ноябр (сәрсенбі) күні «Қазақ» газетінің 207-санында жарық көрген. А. Байтұрсынұлының бұған дейінгі жинақтарында кездеспейді. Кітапқа алғаш рет «Қазақ» газетінен кирилл әрпіне түсіріліп, ұсынылды.

Мақалада 1916 жылғы патша өкіметінің «25 Июнь жарлығына» байланысты қазақтан қара жұмысқа солдат алу жайы сөз болады. Негізгі идея алып қашпа сөздерге, өтірік-өсекке, дүрмекке ілеспей бұйрықты орындау керек екенін баса айтады. Онда: «*Жақсылықпенен көнбесеңдер «патша жарлығына мойын ұсынбағандық, законге қарсылық» деп күш жұмсамақ. Жетісу, Жизақтың күні сендердің бастарыңа туады, қырғын болады, босқа қан төгіледі, шаруа күйзеледі, жұрттың жұрттығы, берекесі кетеді. Соның үстіне әскер көндірмей, алмай қоймайды. Қатын-бала бір қырылады, жігіт екі алынады, бүлікбасылары военный сотқа беріледі, асылады, атылады*» деп халыққа басу айтады. Құралды армияға қарусыз шауып босқа қырылмауын өтінеді. Және «*Бұл хатты жазушы біздер, өз балаларың, өз туималарың. Жанымыз ашиды, қабырғамыз қайысады. Біздің ата-ана, туған-туысқандарымыз іштеріңде. Бізді қазақ баласы, қанына тартады, жаны ашиды десеңдер, тіл алыңдар, қан төкпеңдер, қарсылық қылмаңдар! Алынатын жастар*

басын қорғаймын деп, үйдегі кемпір-шал, қатын-баланың обалына қалмасын! Бізді «орысша оқып, орыс арасында жүр, біздің пайдамызды айтпас» деп ойлайтындарың, бізді Құдай мен аруаққа тапсырыңдар!» деген жүрекжарды сөздерін айтады.

Алайда, 1916 жылғы қарсылық, тарихта қазақ халқының өз дербестігі үшін Ресей патшалығына қарсы жасалған «Ұлтазаттық көтерілісі» деп бағаланғанын ескергеніміз орынды.

[Көңіл айту]. 1335 хижра жылы жамади әл-әуал айы, қазіргі жыл санауы бойынша 1917 жылы (ұлу) 23 февраль (бейсенбі) күні «Қазақ» газетінің 219-санында жарық көрген. А. Байтұрсынұлының бұдан бұрынғы жинақтарына енбеген.

Бәдәрисафа, Ахмет, Ғайнижамал, Міржақып қатарлы зиялылардың атынан айтылған көңіл айту хаты сол тұстағы Алаш қозғалысының аса көрнекті қайраткері, Алаш қозғалысының негізін салушылардың бірі, заңгер, публицист Райымжан Мәрсековпен оның балаларына (Гүлғасыл, Жанша) арналған.

Қазақ халқына (Есеп алу тарихы). Бірсыпыра алаш зиялыларының атынан жазылған мақала алғаш 1335 хижра жылы рамазан айы, қазіргі жыл санауы бойынша 1917 жылы (24 июнь, сенбі) «Қазақ» газетінің 234-санында жарық көрген. Бұған дейінгі А.Байтұрсынұлы жинақтарына енбеген, алғаш рет «Қазақ» газетінен кирилл әрпіне түсіріліп, жинаққа ұсынылды.

Үндеу мақалада қазақ халқына мал мен адам санынан есеп алғанда жасырып, кем көрсетпеуді ескертеді. Оның зияны ертең есеп болғанда малыңның санын жасырсаң, жеріңнен айыраласың, ал «солдатқа алады» деп қорқып, адам санын кем көрсетсең, қазақтан депутат аз болатынын, аздың сөзі пұлды болмайтынын түсіндіре келіп: «*Қазаққа жер малына қарай, яки жерге сіңірген еңбегіне қарай пішіледі. Сонда қазақтың малы аз болып көрінсе, жерде аз тиеді. Егін егіп отырған елдердің егіні һәм малы аз болып көрінсе, көрші мұжықтан шаруасы кем көрініп, онда да жер сыбағасы аз тиеді. Соның үшін қазақ бұрынғыдай «орысты алдаймын» деп, бұл жолы да малы, егінін, шаруасын жасырса, ұрылады, ұтылады*» деген кеңес айтады.

«Азамат» серіктерінің жалпы жиылысы. 1335 хижра жылы, 5 рабиул-әуал айы, қазіргі жыл санауы бойынша 1917 жылан жылы 6 декабрь сәрсенбі күні «Қазақ» газетінің 254-нөмірінде жарық көрген. Жинаққа түпбасылым бойынша алғаш рет ұсынылып отыр.

Шура-и ислам. Бірсыпыра алаш зиялыларының атымен жазылған мақала алғаш 1335 хижра жылы Рамазан айының 4-і, қазіргі жыл санауы бойынша 1917 жылы (11 июнь, жексенбі) «Қазақ» газетінің 233-нөмірінде (1-2 бб.) жарық көрген. Мақала бұған дейінгі Ақмет Байтұрсынұлы жинақтарында жарияланбаған. Алғаш рет «Қазақ» газетінен кирилл әрпіне түсіріліп, жинаққа ұсынылды. Мақалада Мәскеуде болып өткен «Мұсылман съезді» туралды тоқталады. Сиез соңында бүкіл мұсылман істерін басқарып тұратын «Шура-и ислам» болуға қаулы жасаған. Алайда халық атынан сайланбаған Шура-и исламға сайланған қазақ ағзаларын (мүшелерін) халық тарапынан сайланған ағзалар дей алмайтынын ескертеді.

Шура-И Ислам (*Ислам кеңесі)* – 1917 жылғы мамырда Мәскеуде өткен бүкілресейлік мұсылман съезінің шешіміне сәйкес құрылған қоғамдық-саяси ұйым.

Бұл ұйым Уақытша үкімет жағдайында, мұсылмандардың және олардың қоғамдық ұйымдарының Құрылтай жиналысына дейінгі іс-әрекеттерін қадағалап, үйлестіріп отырды. Құрамына Түркістаннан 7, Кавказдан 2, қазақ облыстарынан 5, Литва татарларынан 1, ішкі Ресей мұсылмандарынан 10 адам кірді. Шура-и исламның Петроград каласында орналасқан 12 адамнан тұратын атқару комитетінің төрағалығына Ж.Салихов, орынбасары болып Ж.Досмұхамедұлы сайланды. Атқару комитеті мүшелері қатарында алғашында У.Танашев, Жақып Ақбаев, Зәки Уалиди Тоған, Ғ.Ходжаев, Көлбай Төгісов, Ш.Мұхамедияров, И.Лиманов секілді қайраткерлер болды. Шура-и ислам Бүкілресейлік мұсылмандар съезінің шешімдерін басшылыққа алды. 1917 жылы шілдеде өткен Бірінші жалпықазақ съезі Шура-и исламға мүшелікке қазақ өкілдерін: Ақмоладан А.Тұрлыбаевты, Семейден Ә.Сәтбаевты, Торғайдан Ә.Байғуринді, Оралдан У.Танашевты,

Жетісудан Б.Мәмбетовті, Сырдариядан М.Шоқайды, Ферғанадан Ғ.Оразаевты сайлады. Шура-и ислам 1917 жылы шілдеде Қазан қаласында Бүкілресейлік мұсылмандар сиезін өткізуді ұйымдастырды. Шура-и ислам Қазан төңкерісіне дейін жұмыс істеді («Алаш» қозғалысы. Алматы, 2008).

Алаш азаматтары (босқын қырғыздарға жәрдем беру туралы). Бірсыпыра алаш зиялыларының атымен жазылған үндеу мақала 1335 хижра жылы Рамазан айының 4-і, қазіргі жыл санауы бойынша 1917 жылы (11 июнь, жексенбі) «Қазақ» газетінің 233-нөмірінде (1-2 бб.) жарық көрген. Мақала бұған дейінгі Ахмет Байтұрсынұлы жинақтарында жарияланбаған. Алғаш рет «Қазақ» газетінен кирилл әрпіне түсіріліп, жинаққа ұсынылды. А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов т.б. алаш зиялылары осы үндеу арқылы ел азаматтарын 1916 жылғы патша өкіметінің «25 июнь» жарлығы қысымнан Қытайға ауған, ішіреге ас, киерге киім таппай күн көрісі қиындаған қырғыз ағайындарға жәрдем беруге шақырады.

Еркін дала. Бірнеше ұлт зиялыларының атынан жазылған үндеу мақала алғаш 1335 хижра жылының Шәууал айының 10-ы, қазіргі жыл санауы бойынша 1917 жылы (17 июль, дүйсенбі) «Қазақ» газетінің 236-нөмірінде басылған. Бұған дейінгі А. Байтұрсынұлы жинақтарына енбеген. Алғаш рет «Қазақ» газетінен кирилл әрпіне түсіріліп, ұсынылды. Мақалада «Еркін дала» атты қор құрылып, оның қаражатына аурухана салу, оқушыларға стипендия тағайындау, мұқтаж жандарға көмектесу т.б. түрлі игілікті істерге жұмсалатыны туралы айтады.

Н. Елесбай

НАШ ОТВЕТ докладной записке, напечатанной в № 125 «ЗАРЯ» от 5 сент. с. г. «Заря» газетінде жарияланған жазбаға А. Байтұрсынұлы мен М. Дулатовтың жауабы «Біздің жауап» деген атпен Орынборда шығып тұрған «Южный Урал» газетінің 1917 жылдың 14 қыркүйектегі № 10 санында (3-4 бетте) жарияланған.

Авторлар Әліби Жангелдиннің Торғай өлкесі 8 болыстың қазақтары атынан толтырған, өздерін ескілікті көксейтіндер деп, жала жауып қаралаған жазбасына ресми жауап берген. Патшалық Ресей кезінде губернаторлар мен христиан дінін таратушы миссионерлердің қолдауына арқа сүйеп көп бүліншілік жасаған Әліби Жангелдиннің шынайы бетбейнесін, оның бұрынғы шоқынды Джангельдин – Джалбагаев – Степнов екенін ашып көрсетеді. Енді революционерлердің қасында бұрынғы пиғылын жүзеге асыруды көздеп жүрген әрекеттерін әшкерелейді. Ел тәуелсіздігі үшін күресу жолынан ешбір күштің қайтара алмайтынын, туған халқына сенетінін жеткізеді.

А.Байтұрсынұлы мен М.Дулатовтың Ә.Жангелдинге жауап хаты «Қазақ үні» газетінде 2022 жылы 16 қаңтарда жарияланған [39].

1917 жылғы «Южный Урал» газеті мен «Қазақ үні» газетінде (2022) жарияланған мәтін өзара салыстырылды, нәтижесінде біршама өзгерістердің бары анықталды.

«Қазақ үні» газетінде «киргиз» этнонимін «казах» деп өзгерткен, сол тарихи кезеңде қазақ халқын «киргиз» деп атағаны белгілі, бұл академиялық жинақта тарихи дәлдік сақталды.

«Причина прошлогоднего восстания киргизов всем известна, так же известно, что творилосъ в киргизской степи, а какой род прежде всего восстал и кто кого приглашал на сопротивление властям, безразлично» деген сөйлем соңындағы «безразлично» деген сөздің алдында «Қазақ үні» газетінде «*а какой род остался*» деген сөз тіркесі қосылған.

1917 жылғы «Южный Урал» газетінде: «объявил себя Алибеем», «ныне прибавил к Али «бея»», «просидел в тюрьме 20 месяцев» деген сөйлемде етістіктер «Қазақ үні» газетінде «объявив», «прибавив», «просидев» болып алынған.

«Пока, не поднимая *вопроса о* подложности самой докладной записки ...» деген сөйлемде курсивпен көрсетілген сөздер «Қазақ үні» газетінде «*вопросы* подложности» болып жазылған. Сонымен қатар «*съезд»,* «*доносчикам»* деген сөздер «Қазақ үні» газетінде «уезд», «докладчикам» болып қате берілген.

«Букейханов – участник земских съездов *1905 года, член* 1-й Государственной Думы» деген сөйлемде курсивпен көрсетілген сөздер «Қазақ үні» газетінде түсіп қалған.

«Джалбагаев» деген фамилия «Қазақ үні» газетінде «Джалгабаев» болып берілген.

«Что касается 3-х киргизов, «томящихся уже четвертый месяц в тюрьме», деген сөйлемде Жангелдин хатынан алынған сөздер «Қазақ үні» газетінде тырнақшаға алынбаған.

«Қазақ үні» газетінде қате оқылған, түсіп қалған сөздер, тыныс белгіден кеткен қателер түзетіліп, осы жинақта жарияланып отыр.

1917 жылғы «Южный Урал» газетінде кейбір көнерген және қысқарған сөздер «Қазақ үні» газетінде және осы басылымда толық күйінде жазылды: зимой 1916 *г.* – 1916 *года*, 27-го июля *с.г.* (сего года – *ред.*) – 1917 *года*, 20 *л.* – 20 *лет*, Петроградского совета *солд.* и *раб.* депутатов, *с. и р.* депутатов – Петроградского совета *солдатских и рабочих* депутатов, *руб.* – *рублей*.

1917 жылғы «Южный Урал» газетінде: «Нашим *же* добром докладчик нас же бьет», ал «Қазақ үні» газетінде «Нашим добром докладчик нас же бьет» деп жазылған, осы академиялық жинақта да солай алынды.

С.-Х.А.Жүсіп пен Х.Б.Маслов қазақтардың Бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысуының тарихи аспектілері жөнінде жазған ғылыми мақаласында А.Бөкейханов пен М.Дулатовтың жауап хатына дәйектеме ретінде тоқталып, сілтеме жасаған [38].

Мәтін бұл жинаққа ««Южный Урал» газетінің 1917 жылғы № 10 саны негізінде дайындалды. 1918 жылға дейінгі жазудағы газет материалы қазіргі орыс тілінің орфографиясына, емле заңдылығына лайықтап берілді.

Революция и киргизы. Мақала «Жизнь национальностей» газетінің 1919 жылғы 3 тамыздағы № 29 санында жарияланған.

Автор қазақ халқының революцияға көзқарасы, қазақ топырағындағы екі революциядан кейінгі саяси ахуал жөнінде шынайы баяндайды, ел ішіндегі басқыншылық әрекеттердің

себеп-салдарын түсіндіреді. Алаш орда үкіметінің ұлт мүддесі жолында жанкешті тірлігі, өзін-өзі басқару мәселесі бойынша қай өкіметпен де келісімге келуге даярлығы айтылады. Патша өкіметі құлағанмен туған халқын қанаушылардың жойылмай отырғанын ашық мәлімдейді. Қазақ халқының өз билігі өзінде болуы, тәуелсіздікке, саяси дербестікке қол жеткізу үшін орталықтағы орыс өкіметімен тең дәрежеде одақтас болу мүмкіндігін қарастырады. Өз ұстанымдарын елшілік пиғылмен сауатты жеткізе біледі.

Еще о голоде в Киргизии. Мақала «Жизнь национальностей» газетінің 1921 жылдың 25 қазанындағы санында жарияланған.

Мақалада автор қазақ жеріндегі аштықтың орын алу себебін ашып көрсеткен. Қазақ халқының өмір сүру дағдысы мал шаруашылығымен тығыз байланысты екенін, төрт түліктен айырылған жағдайда жұт болатынын, аштыққа қарсы күрес мәселесінде нақты жәрдем беруде кешеуілдеуге болмайтынын жеткізген. Бар малынан айрылған қазақтың аштыққа душар болмауы үшін нақты әрекетке шұғыл көшуге шақырған ұлтшыл азаматтың жан айқайы деуге болады. А.Байтұрсынұлы жабайы құстың жұмыртқасы мен жабайы жуа теріп өлместің күнін кешіп отырған қыр адамының тыныс-тіршілігін тұжырымды дәлелдермен сипаттай келіп, Қырғыз (Қазақ) Орталық атқару комитеті мен Орталықтан көмек көрсетуді байыппен талап етеді.

Ж. Рақыш

Просвещение и голодовки. Мақала «Степная правда» газетінің 1922 жылғы 28 қыркүйектегі, бейсенбі күні № 210 санында «Просвещение и голодовки» (Ағарту және ашаршылық) деген атпен жарық көрген.

Мақалада Ресейдің сансыз қазба байлықтары бола тұра, сонымен қатар елдің 80 пайызы ауыл шаруашылығымен айналысса да, экономикалық жағынан мәдени артта қалушылық орын алып, мемлекеттің аштыққа жиі ұшырайтындығы айтылады. 1922 жылғы орын алған аштықты жылнама деректері бойынша 1230 жылғы болған аштықпен салыстырулар келтіріліп, XIII

ғасырдағы аштық адам төзгісіз қиын-қыстау заманды бастан өткергенін сипаттап өтеді.

Халықтың мәдени деңгейін көтермей, аштықты жою мүмкін еместігін айтып, экономикалық даму тек қана ауыл иелерінің ақыл ой дәрежесін дамыту арқылы жүзеге асатынын айтып өтеді.

Қорытындылай келе халықтың аштықтан шығу жолдарын ауыл шаруашылық өнімділігін арттыру керек екендігін және де халық шаруашылығын жоспарлы түрде дамытып, мәдени деңгейін жүйелі түрде көтеру талап етіледі.

У культурного очага (К открытию «Дома печати»). Мақала «Степная правда» газетінің 1922 жыл 26 қыркүйектегі № 208 санында жарық көрген. Мақалада «Баспа үйінің» салтанатты түрде ашылуында бірқатар баяндамашылармен қатар, Халық ағарту комиссариаты атынан А.Байтұрсынұлы сөз сөйлейді. Автор өзінен бұрын сөз алған баяндамашыларға жауап ретінде орыс халқының ғасырлар бойы қалыптасқан мол әдеби мұрасының бар екенін айтады. Ал қазақ халқының әдеби тіл түгілі, әліппенің болмағандығын айтып, бірнеше ғасыр артта қалғандығын атап өтеді. Елдегі тұрақтылық пен бейбітшіліктің орнауы қазақ әдебиетінің дамуына қолайлы жағдай туғандығын сөзге дәйек етеді. Мақала мәтінінің соңғы тұстарында кейбір сөздер толық оқылған жоқ. Себебі, газеттің түптелген тұсы толық көрінбей қалған.

Первый Всекиргизский съезд работников по народному образованию. Мақала «Степная правда» газетінің 1922 жылғы 21 мамырдағы № 110 санында жарық көрген. Мақалада А.Байтұрсынұлының 18 мамыр күні болған Халық ағарту қызметкерлерінің 1-ші Бүкіл Қырғыз съезінде көтерген мәселелері туралы айтылған. Қазан революциясына дейінгі Қазақ өлкесіндегі білім беру мәселесінің жағдайына тоқталып, патша үкіметінің отаршылдық пен орыстандыру саясатының білім беру саласының ұлттық тілдің дамуына кедергі келтіргенін тілге тиек етеді.

К. Мұстафаева

Малярия. Аса қауіпті індет жөніндегі мақала «Ақ жол» газетінің 1923 жылы 12 маусымдағы № 313 санында жарық көрген. Мақаланың соңына «А.Б.» деп қол қойылған.

Автор инфекциялық қан ауруы эпидемиясының Ресей көлемінде таралу жиілігін, Түркістан өлкесінде де осы індеттің кеңінен таралу қаупінің күшейіп отырғанын нақты дәлелдермен көрсетеді. Малярия ауруының қауіптілігі ХХ ғасырдың басында анықталып, көптеген адам шығынына душар еткен. Әсіресе 2-5 жастағы балалардың арасында таралу қаупі жоғарылағаны мен безгекпен ауырған адамдардың өлімі жиілегені жөнінде ақпараттарды айтып, дабыл көтереді. Мақалада аурудың алдын алу, сақтық шаралары және ауырған жағдайда емдеу мекемелерімен ынтымақтасып емдеу шараларын қарастыру жайы айтылған.

1913 жылы «Қазақ» газетінде медицина тақырыбында «Ауру жайынан» атты мақаласы жарияланған.

Мақала 2020 жылы «Ақ жол» газетіндегі материалдар жинақталған көптомдықтың 11-томында жарық көрген [35, 212-214]. Құрастырған Х.Есенқарақызы. 2020 жылғы басылымдағы мәтінді 1923 жылғы түпнұсқалық мәтінмен салыстырғанда бірнеше өзгерістердің бар екені анықталды: «Бұл науқас кейбір жылдарда бәсең, аз болады». «Малярия науқасы осыдан бірнеше жыл бұрын ... орталық жерлерінің бәріне де тегіс жайылды». «Сондықтан Түркістанның малярия науқасына қарсы ... hәм жергілікті саулық мекемелерінен күрделі пұл жинап, ... шарасына кірісіп жатыр». Осы сөйлемдердегі курсивпен көрсетілген сөздер 2020 жылғы басылымда: «жылдырда», «ордалық», «сауық» болып берілген.

Осы жинаққа енген мәтін түпнұсқалық газет негізінде дайындалды.

Салық жұмысы туралы. Мақала «Ақ жол» газетінің 1923 жылы 3 маусымдағы № 322 санында бірінші бетінде жарық көрген. Мақаланың соңына «А.Б.» деп қол қойылған.

Мақалада салық жүйесінің мемлекетті басқару тетігінде маңызды рөл атқаратыны, салық қаражатының орынды қолданылу қажеттігі айтылады. Түпнұсқада мемлекеттік биліктің жоғары

атқарушы органы болып табылатын «хүкімет» деп жазылған сөз қазіргі қазақ тілінің емле ережесіне сәйкес «үкімет» деп жазылды.

Мақала 2020 жылы «Ақ жол» газетіндегі материалдар жинақталған көптомдықтың 11-томында жарық көрген [35, 349-350]. Орталық деген мағынадағы «кіндік» сөзі бас әріппен жазылды, мәтінде осы сөздің бірінші қолданылған тұсында оның мағынасы тік жақшаға алынып берілді.

Академиялық жинаққа енген мәтін түпнұсқалық газет негізінде дайындалды.

Октябрь өзгерісі – еңбекшілер жұртшылығының жемісі. Мақала «Ақ жол» газетінің 1923 жылы 7 қарашадағы № 366 санында жарық көрген.

Газеттің осы санында «Октябрь өзгерісінің 7-ші жылында» деген айдармен мерекеге арналған бірнеше мақалалар жарияланған. Мысалы, А.Тоқтыбайұлының «Октябрь революциясының қысқаша тарихы», Хасенғалидың «Октябрь өзгерісінен кейін қазақ әдебиеті», Рысқұловтың «Октябрь өзгерісі һәм Орта Азия республикалары», «Қ.Ы.» деп қол қойған автордың «Октябрь өзгерісі һәм Түркістанда халық ағарту жайы», М.Қайып-Назарұлының «Октябрь өзгерісі һәм жастар қимылы» және «Октябрь өзгерісінің Октябрь өзгерісінің алты жасы толды», Тілектестің «Қазақ тілін іске асырушы» атты мақалалары.

Автор Октябрь төңкерісінің белгілі тарихына тоқтала келіп, бірлік, көздеулі күш болмай, күшті орнына жұмсайтын білім болмай, дағдарыс тапқанда, жол көрсететін шамшырақтай тұлғаның қажеттігін, тұрмыс түзеліп жайлы өмір орнауы үшін алғышарттар айтылады.

Мақала 2020 жылы «Ақ жол» газетіндегі материалдар жинақталған көптомдықтың 13-томында жарық көрген [36, 258-260]. Мәтінде «жолбасшы, еңбекақы, қоянжүрек» деген сөздер бірге жазылды. Кейбір сөздер қазіргі қолданыстағы емле бойынша берілді, олар: Россия, октябрь (газетте «өктәбір»), Лондон, фабрика, т.б.

Осы жинаққа енген мәтін түпнұсқалық газет негізінде дайындалды.

Ж.Рақыш

Қазақша жазу тақырыпты жаңа ережелер. Ғалымның Қазақ білім комиссариатының бастығы қызметін атқарып жүрген кезінде оқу комиссары Нұғыман Залыұлы, Қазақ білім комиссиясының хатшысы Елдес Омарұлымен бірге жазған мақаласы 1923 жылдың 22 наурызында «Қазақ тілі» газетінде жарияланған. Мақала 2017 жылы жарық көрген «Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы» (732-733-б.) атты жинақта жарияланған.

О.Жұбай

Баспа хәріптерді түзету мәселесі. Мақала «Ақ жол» газетінің 1924 жылы 30 қаңтардағы № 398 санында жарық көрген.

Ахмет Байтұрсынұлының Түркістан қазақ-қырғыз білім комиссиясына жазған хаты қысқартылып жарияланған. Жазу машинасы туралы, Ахаң жасаған жобадағы әріптерді Мәскеуде Ремингтон машинасына орнатып, жазу пернесін оңнан солға бұрып өзгерткені, оның кемшілігіне тоқталады.

Әріп (шрифт) мәселесі Қазақстан компросының коллегиясында, Мәскеуде мемлекет баспаларының сиезінде қаралғаны, Татарстан, Башқұртстан, Қазақстан, Түркістан, Әзірбайжан сияқты мұсылман әрпін қолданатын республикалардың бәрінде жасалған әріп жобаларын қарап, ішінен біреуін алуға сол республикалардың уәкілдерінен сиез шақырылсын деген қаулы қабылданғаны айтылады.

Ұсынылып отырған төрт жобаның айырмасын, Сәлімгерей Жантөрин, Ахметжанов пен Алпаров және өзі ұсынған жобаның ерекшелігін сөз етеді. Жобаны түзетіп, жетілдіру жолдарын көрсетеді. Осы жобалар талқыланып, тиісті пікірлердің айтылғанын қолдау қажеттігі жазылған.

Мақаланың соңына «Ахмет Байтұрсынұлы» деп авторы көрсетілген. Содан кейін Түркістан қазақ-қырғыз білім комиссиясының қаулысы жарияланған. Онда баспа хәрпі жасалып, қол мәшине шығару деген мәселенің кейінге қалдырылғаны, бұл жөнінде пікір алысу қажеттігі айтылған.

Мақала 2020 жылы «Ақ жол» газетіндегі материалдар жинақталған көптомдықтың 15-томында жарық көрген [37, 8-11].

Газет нұсқасы мен «Ақ жол» жинағында (2020) жарияланған мәтін салыстырылды, нәтижесінде біршама өзгерістердің бары анықталды.

Газетте «Башқұрдыстан, Қазағыстан», «сийақты» болып жазылғанмен, қазақ тілінің қолданыстағы емлесіне сәйкес жинақта бұл сөздер «Башқұртстан, Қазақстан», «сияқты» деп алынды.

Сөз тұлғасының жалғау, жұрнақ сияқты қосымшалар арқылы өзгеріске түсуі газеттегі қалпында берілді, мысалы: мақсатқа – мақсатына, ыңғайлап – ыңғайлы, жеңілдетеді – жеңілдету, кеңітуге – кеңейтуге болмайды, шығу – шығады, беретін – береді, хәрпінің – хәріптерінің, бәрі солай жасалған – жасалды, Жантөрин жобасы – Жантөриннің жобасы, қолданылып жүрген машиналардың – қолданып, естуімше – естуімізше, хәріптердің бас тұрпатын – хәріптерінің басты тұрпатын, қалдырып – қалдыру керек пе, алынбақ –алынды, сауал қойсақ – сауал қоймай, жобамның ортасында – жобам ортасында, дара баспаның қайсысы – дара баспаны қайсы. Бұл жерде алдымен газеттегі сөз нұсқасы курсивпен берілді, сосын сызықшадан кейін 2020 жылғы жинақтағы мәтін нұсқасы жазылды.

2020 жылғы жинақта «бас, аяқ, орта, оңаша *(дара)»,* «оның *алған* жобасы», «дара *тұрпатын* бас тұрпатына жақындатып» деген мәтіндерде курсивпен берілген сөз түсіп қалған. «Себебі: мәшине кареткасы жылжығанда, *һәман* бір өлшеумен жылжып отырады» деген сөйлемде «үнемі, әрдайым, әрқашан» дейтін мағына білдіретін «һәман» деген парсы сөзі 2020 жылғы жинақта түсіп қалған, осы академиялық жинақта газеттегі түпнұсқалық мәтін сақталды.

Газеттегі жазылым ескеріліп, «Тұлғасы түгел болу үшін жіңішкелеп құйрық қойып, *үштеп* отырмын» деген сөйлемде курсивпен берілген сөз жинақта «ұштап» болып берілді.

2020 жылғы жинақта 1924 жылғы газеттегі мәтіннің құрамындағы кейбір сөздер мағыналық жағынан басқа сөзбен

алмастырылған, олар: қысқартылған сөз – қысқартылған *түрі*, мынандай – *мынадай*, мынау – *мыналар*, кемшілік *көріп – тауып* отырмыз, хәріптердің негізгі дүниесін – хәріптердің негізгі *денесін*, жазбадағы аяғының жоғарғы – *жоғары*-төмен қайырылуына қарай, мұнда – *енді,* көп айырма – *Һешбір айырым*, араб хәріпін қою жағынан және – араб хәріпін қою жағынан *жанаспаса.*

«Екеуінде де *айырма жоқ. Екеуі де* бас тұрпат, екеуінде де баспа *хәріптері* байласулы болмақ, *негізгі* байласулы баспа» деген сөйлемде курсивпен көрсетілген сөздердің орнына 1924 жылғы «Ақ жол» газетінде «алынатын», «хәріптер», «негіз» болып жазылған, бұл жинақта газет нұсқасы қалпына келтірілді

Құрмалас сөйлемдегі тыныс белгі, бағыныңқы сөйлемдердің жазылу реті газет нұсқасына сай келмейді. 2020 жылғы жинақта: «Менің жобам және Әзірбайжан жобасы бар дейді. Оның қандай екенін білмеймін. Латын хәріпін алу деген жобасын көріп едім. Сол болмаса, енді...» 1924 жылғы «Ақ жол» газетінде төрт жай сөйлем бір құрмалас сөйлем құрамында берілген: «Менің жобам және Әзірбайжан жобасы бар дейді, оның қандай екенін білмеймін, латын хәрпін алу деген жобасын көріп едім, сол болмаса?»

Газетте өз жобасының ерекшелігі жөнінде автордың пікірі жақшаның ішіне алынған, осы жинақта мәтін газет негізінде дайындалды.

2020 жылғы жинақта «Төрт түрлі жоба бар» деген тақырыпшамен берілген мәтіннің мағына жағынан бірыңғай тиянақты бөліктерін ажырату үшін қолданылатын азат жолмен беруде кемшілік кездеседі. Сонымен қатар «Жоба түзелмекші» деген тақырыпшамен берілген мәтінде бастауыш зат есімнен, ал баяндауыш тұйық етістіктен болған екі сөйлемде олардың арасына сызықша қойылмаған, бұл жинақта олар газеттегі нұсқасы бойынша түзетілді.

Енді қазақ демей болмайды. Мақала «Ақ жол» газетінің 1925 жылы 17 сәуірдегі № 561 санында жарық көрген, соңына авторы «Ахмет» деп көрсетілген.

Мақалада ұлтымыздың белгілі бір себептермен өз атымен аталмай келуіне тоқталып, тарихи атаудың қайтарылуы жөніндегі мәселенің күн тәртібіне қойылуы қажет екені айтылады.

Мақала 2020 жылы «Ақ жол» газетіндегі материалдар жинақталған көптомдықтың 23-томында жарық көрген [38, 8-11]. Газет нұсқасы мен «Ақ жол» жинағында (2020) жарияланған мәтін салыстырылды, нәтижесінде біршама өзгерістердің бары анықталды, әр қилы оқылымдар курсивпен көрсетілді.

1925 жылғы газетте: Ерте *күндерде* өздерімен адас болып *кетіп* қала ма, 2020 жылғы жинақта: Ерте *кездерде* өздерімен *бірге* адас болып *келіп* қалама.

1925 жылғы газетте: үлкен *бір* өзгерісі, 2020 жылғы жинақта: үлкен өзгерісі болып, «бір» сөзі түсіп қалған.

1925 жылғы газетте: басқа жұрттардың аузында біз «қырғыз-киргиз» деп *аталғанбыз да* кеткенбіз. 2020 жылғы жинақта курсивпен көрсетілген етістік «аталғамбыз» болып, «да» жалғаулық шылауы бөлек жазылған.

1925 жылғы газетте: Қырғыз басқа, қазақ басқа екенін қазақ баласы тегіс *білсе* де, бұл күнге шейін оған *heш деңе демей, тымақтары сапиып еді*. *Оны өткен* замандар*дың ағымдары* көтерсе де, *қазіргі* күнде ұлт атын жасыруды ұлт тарихы ондай жаңылыс-жаңсақтықты көтермейді. 2020 жылғы жинақта: Қырғыз басқа, қазақ басқа екенін қазақ баласы тегіс *білмесе* де, бұл күнге шейін оған *ештеңе демеді*. *Өткен замандар ұлт атын жасыруды* көтерсе де, *қәзірг*і күнде ұлт атын жасыруды ұлт тарихы ондай жаңылыс-жаңсақтықты көтермейді.

1925 жылғы газетте: Өйткені, бәрімізге белгілі қырғыз, бұл күнде қазақтан бөлініп, отауын өзінің Алатауына апарып, бөлек тігіп, жер жүзіне олар да «Қырғыз *аптономиясы*» деген өз ұрандарын атап отыр. 2020 жылғы жинақта: «Қырғыз *аутономиясы»*

1925 жылғы газетте: Енді *тарихи* шын атымызды айдай әлемге дұрыс әйгілеу біздің де міндетіміз шығар деп ұғынсақ, осы жолмен қазақтың басы түгел қосылып отырған мынау Ақмешіттегі ұлы топтың қалдыратын бір ізі «*шын атымыз*

қырғыз емес, қазақ» деуі керек. 2020 жылғы жинақта: Енді шын атымызды айдай әлемге дұрыс әйгілеу біздің де міндетіміз шығар деп ұғынсақ осы жолмен қазақтың басы түгел қосылып отырған мынау Ақмешіттегі ұлы топтың қалдыратын бір ізі *жалшы, малшы* қырғыз емес, қазақ деуі керек.

Мақала 1925 жылғы газетте: «Мұнан былай біз сияқты 6-7 млиондық ұлы бір ұлттың өз атын жоғалтып я жасырып, басқаның атына зорлық, я қанағат қылып жүре беру тарих алдында үлкен ұят болмақ. Ал енді қазақ елі атын бүгіннен бастап жалпы әлемге «қазақ» деп атандырсын дейміз», – деген сөйлемдермен аяқталған, мақаланың соңы 2020 жылғы жинақта берілмей, «осы мақаланың соңы оқылмады» деп көрсетілген.

Осы жинаққа енген мәтін түпнұсқалық газет негізінде дайындалды.

Ж. Рақыш

Баулу мектебі. «Жаңа мектеп» журналының 1925 жылғы №1 санында (24-27-б.) жарық көрген мақала. Мақала 2000 жылғы ҚР БҒМ ҰҒА-ның хабарлары, Тіл әдебиеті сериясының 3-санында, 2009 жылы «Жалын» журналының 6-санында (37-39-б.), 2010 жылы «Қазақ әдебиеті, мемлекеттік тіл» басылымының 5-санында (2-3-б.), 2013 жылы жарық көрген «ХХ ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» атты жинаққа (383-388-б.), 2013 жылы шыққан алтытомдық шығармалар жинағына енгізілген (14-20-б.).

«Қазағыстан» мен «Қазақстан» туралы. «Еңбекші қазақ» газетінің 1925 жылдың 19 мамырындағы санында жарияланған мақала. А.Байтұрсынұлының мақаласы.Елдес Омаровтың «Еңбекші қазақ» газетінің 1925 жылдың 9 мамырында жарық көрген «Айнымалы дыбыстардың жазу ережесі» атты мақаласына жауап ретінде жазылған. Мақала 2017 жылы жарық көрген «Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы» атты жинақта жарияланған.

«Жоқшыға дерек». «Еңбекші қазақ» газетінің 1925 жылғы 410-санында жарияланған Нәзір Төреқұловтың «Қашан

болады?» деген мақаласына (бұл мақаланы Нәзір Төреқұлов Мәскеуде 1925 жылдың 15 қазанында жазған) жауап ретінде жазылған А.Байтұрсынұлының мақаласы. «Еңбекші қазақ» газетінің 1925 жылғы 14 желтоқсандағы санында басылған. Мақала 2013 жылы жарық көрген «ХХ ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» атты жинаққа, 2017 жылы жарық көрген «Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы» атты жинаққа енгізілген.

О. Жұбай

«Өрбу». Ғалымның бұл мақаласы өзінің «Сауат ашқыш» (1926) атты үлкендерге арнап жазған оқулығында берілген. Мақалада автор ретінде есімі көрсетілмегенімен бірнеше дәлелдер арқылы аталған мақала А.Байтұрсынұлының өзінің туындысы екені тұрақтанды. Аталған оқулыққа енгізілген материалдың бәріне авторы мен дереккөзін көрсетіп, тек «Өрбу» атты мақалаға автордың аты жазылмауы; А.Байтұрсынұлының танымдық мақалаларындағы үнемі кездесетін тілдік ерекшілігі мен жеке дара стилі; Ғалымның бірнеше мақаласында жиі қолданылған тіркестер мен мысалдар және көп зерттеген тақырыптарының бірі – адамзат дамуының тарихы болғандықтан, аталған мақала нақты ғылыми сараптама негізінде А.Байтұрсынұлына тиесілі екені дәлелденді.

Ә. Ахмет

Түрікшілер құрылтайы. «Жаңа мектеп» журналының 1926 жылғы №7-8 сандарында (43-50-б.) жарияланған. Мақала 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта (411-417-б.), 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында (266-275-б.), 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында (292-302-б.),, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта (567-576-б.), 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» (630-346-б.) жарияланған.

Түпнұсқадағы «Түрікшілердің 1-інші құрылтайы пыйбыралдың 26-нда басталып, марттың 6-ында жабылды» деген

сөйлемдегі *1-інші* сөзі 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта *1-нші* болып берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта түпнұсқадағы «Бір шеті Ыстамбол, екінші шеті қыйыр күншығыстағы жақыт – сол екі арадағы түрік нәсілді жұрттардың көбінің-ақ өкілдері болды» деген сөйлемдегі *қыйыр күншығыстағы жақыт* тіркесінің әр сөзі бас әріппен жазылған. Алайда бұлар – жалпы есім болғандықтан, жинақта кіші әріптермен берілді.

1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта, 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» түпнұсқадағы «Емле жалпы негізі» деген тіркес «Емле [нің] жалпы негізі» деп берілген. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында түпнұсқадағы «Түрік емлелері» деген тіркес «Түріе емлелері» деп берілген. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында түпнұсқадағы «Әліп-бій сыны пән жағынан, әліп-бій сыны іс жағынан» деген тіркес «Ләіп-бій сыны пән жағынан, әліп-бій сыны іс жағынан» деп берілген. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Біздің 10-ыншы жылдарда шығарып ескі-ұсқы қоймасына тастаған нәрселерімізді кейбіреулер 26-ншы жылдарға дейін тұтынып келіп отырып, соны өзгертіу нійетке жаңа ғана кіргенін өздерінше бір артықша жаңашылдық деп біліп, өздерін әлдеқандай өзгерісшіл көріп жүр екен» деген сөйлемдегі

10-ыншы сөзі 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» атты жинақта *10-ныншы*, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында *10-ншы* болып берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Тарыйқ жүйелі араб емлесінің тас талқанын шығарып бұзып-жарып, араб қарпыменақ дыбыс жүйелі қазақ емлесін жасап алғанымыздан қабарсыз екен» деген сөйлемдегі *тас талқанын* тіркесі 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» *тасталқанын* болып берілген. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Олар арабтың емлесін бұзыудан қарпын тастау оңай; қарпын тастамай, емлесін бұзыуға болмайды деп ойлайды екен» деген сөйлемдегі оңай сөзі 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында оңаы болып берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Емлесі дыбыс негізді жұрттар қолданған жерде үйретіуге ең жеңіл, жемісі тез пісетін дыбыс негізді әдіс екені ақыйқат» деген сөйлемдегі *жұрттар* сөзі 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» *құрттар* болып берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түзетілген әріп. «Жаңа мектеп» журналының 1927 жылғы №1 санында (32-36-б.) жарияланған. Мақаланың соңында «26-жыл. Нөйебірдің 7-і. Қызыл орда қаласы» деп көрсетілген. Мақала 1991 жылы Р.Нұрғалиев құрастырған «Ақ жол» атты жинақта (335-340-б.), 2003 жылы жарық көрген бестомдық (249-256-б.), 2013 жылы шыққан алтытомдық шығармалар жинағында (5-том, 263-268-б.), 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» (646-656-б.) жарияланған.

Түпнұсқадағы «Ол кемшілік араб әрпінің бойына біткен кемшілік емес, кейіннен кез болған кесепет еді» деген сөйлемдегі *кесепет* сөзі 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында *кемшілік* болып берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Сол кемшілігі жазыу машыйнасын жасауға да көпке дейін бөгеу болған еді» деген сөйлемдегі *кемшілігі* сөзі 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» *кемшлігі* болып берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Сол кемшіліктің кесепеті әрі кесіу, қалып жасау, әріп құйыу жұмысына тійетін еді» деген сөйлемдегі *кесепеті* сөзі 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында *кесапаты* болып берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Баспамен істес болған жұрттар осы қолайсыздығын көріп, көптен-ақ түзетіуге ойланса да, патша заманында пәтіуашы молдалар ықпалы жүріп тұрған кезде батылдық етіп түзете алмаған еді» деген сөйлемдегі *пәтіуашы* сөзі 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында *пәтуасыз* болып берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Өктебір өзгерісі болып, мәденійет ісі молдалардың құрсауынан босаған соң, араб әрпінің айтылған қолайсыздығын жойып, кемшілік кесепеттерінен аршыу талабына кірісіушілер бола бастады» деген сөйлемдегі *кесепеттерінен* сөзі 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында *кесапаттарын* болып берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Жобаларды қарап, ақылдасып, қайсысын алыу тұуралы кеңеспекке Татарыстан білім ордасы түрік респіублійкаларынан өкілдер шақырған, әріп мәселесіне араласып жүрген, әріп жобаларын жасап жүрген адамдарды шақырған»

деген сөйлемдегі *алыу* сөзі 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» *алау* болып берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Орманшы ұлының жобасы араб әріптерін негізінше алған. Бірақ нүктелерін әріпке қосып, тұтас мүше іспетті жасаған» деген сөйлемдегі *Орманшы ұлының* сөзі 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» *Орманұлының* (*Орман ұлының)* болып берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Нүктелері тұтасқандықтан, әріп ысқыны жатырқарлық болып көрінеді» деген сөйлемдегі *ысқыны жатырқарлық* тіркесі 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында *ұсқыны жатырқалық* болып берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Әріптің бір ғана ысқынды болыуы оқытыу жағынан да, қаражат жағынан да, баспа жұмысы жағынан да зор жеңілдік келтіретін болғандықтан, түрік-татар жұрттары тұтынып отырған араб әріптері баспада бір ысқынды болыуы тійіс», «Бір ысқынға әріптің бұтарламаған, тек қысқартылған сүуіреті алынады», «Бір ысқынға алынған әріп сүуреті сөздің басында да, ортасында да, айағында да, қандай әріппен қатар тұрса да, жалғыз ғана сүуретті болып, халықтың көзі үйренген тұрпатына мүмкін қадарлы жақын болыуы тійіс» деген сөйлемдердегі *ысқын* сөзі 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында *ұсқын* болып берілген. Жинақтың өн бойында түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Баспа жұмысына қолайлы болыу жағынан қарап, әріптер толық пункттерге сыйымды болып, подрезкасыз, шпонсыз тізілерлік болсын. Жалпы, баспаның 14-інші кегілінен артпасқа тійіс» деген сөйлемдегі *14-інші* сөзі 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2022 жылғы «Таңдамалы

шығармаларында» *14-нші* болып берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Алдағы 1927-28-інші оқыу жылына басылатын оқыу кітаптаптары жоғарыда айтылған бір ысқынды әріптермен басылсын» деген сөйлемдегі *1927-28-інші* сөзі 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» *1927-28-нші* болып берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Бір ысқынды әріп баспаханаларға таралып болғаннан кейін, газеттер, жұурналдар, кітаптар (қара бұқараға деп айырмастан) бір ысқынды әріптермен басыла басталыу керек» деген сөйлемдегі *ысқын* сөзі 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында *ұсқын* болып берілген. Жинақтың өн бойында түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Қара бұқараның бір ысқынды әріпке көшіу жолын жеңілдетіу үшін әріптердің сөз айағындағы түрлерін бірден тастамай, бірте-бірте тастай барыу керек: бірақ бір жылдың ішінде әріп құйрықтары жоғала-жоғала барып, ақтығында тек бір ысқынды ғана әріптер болыуы керек» деген сөйлемде *тастау* сөзінің орнына 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында *тастай барыу* деп берілген. Баспа тарапынан кеткен қате жөнделді.

Түпнұсқадағы «Татар мен қазақ баспалары үшін төрт ысқынды әріп құйыу қазірден тоқтатылсын», «Жазыу машыналарына қазірден-ақ жоғарыда айтылған бір ысқынды әріптерді қолданыу керек», «Мектепте үйретілетін қол жазбалары бір ысқынды әріптердің тұрпатынан онша алыстамасқа тійіс» деген сөйлемдердегі *ысқын* сөзі 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында *ұсқын* болып берілген. Жинақтың өн бойында түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Қазақша баспаға бұрынғы бойынша 77 әріп жасаудың орнына 35 кәна әріп жасалады» деген сөйлемдегі *жасаудың* сөзі 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында *жасадың* болып, 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» *жасаедың* болып берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында түпнұсқадағы «Бұл 68% ке жақын азайтыу болады» деген сөйлемдегі % таңбасының орнына *пыратсентке* болып берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Бұл 68% ке жақын азайтыу болады. Не қадар азайса, со қадар баспаның жұмысын жеңілденіу, басылған нәрсенің бағасы арзанданыу болады» деген сөйлемдегі *азайтыу болады. Не қадар азайса, со қадар баспаның жұмысын* сөздері 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында түсіп қалған. Сондай-ақ *арзанданыу* сөзі *арзандау* деп берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Бесінші, басқа да машыйнамен істелетін баспа жұмысының көбіне пайдасы тіймек» деген сөйлемдегі *жұмысының көбіне* сөзі 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» *жұмысыныңкөбіне* болып берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Қысқасы, жаңарған араб әрпі баспа дүнійесі, жазыу машыйнасы, оқытыу жұмысы жағынан орыс әрпінен де, басқа Еуропа жұрттарының әріптерінен де анағұрлым артық болмақ» деген сөйлемдегі *анағұрлым* сөзі 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» *анғұрлым* болып берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Дыбыстарды жіктеу туралы. Елдес Омаровтың «Жаңа мектеп» журналының 1927 жылғы №2 санында (61-67-б.) жарияланған «Қазақ тілінің дыбыстары» атты мақаласына жауап ретінде жазған А.Байтұрсынұлының мақаласы «Жаңа мектеп»

журналының 1927 жылғы №5 санында (65-70-б.) жарық көрген. Мақала 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта (372-379-б.), 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында (329-338-б.), 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында (344-353-б.), 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» (656-670-б.) жарияланған.

Түпнұсқадағы «1927 жылғы «Жаңа мектеп» жорналының 2-нөмірінде басылған Елдестің «Қазақ дыбыстары» деген мақаласы тұуралы төмендегі пікірімді айтқым келеді» деген сөйлемдегі *2-нөмірінде* сөзі 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында *2-ші нөмірінде* болып берілген. Сонымен қатар *Елдестің* сөзі *Елдес Омаровтың* болып берілген. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында түпнұсқадағы «Дауыстылар: ***а, р, ң, л, м, н, е, о, ұ, у, ы, й***» деген сөйлемде «й» әрпінің орнына «и» әрпі берілген. Қазақ тілінде «и» әрпі болмағандықтан, А.Байтұрсынұлы «й» әрпін ғана көрсетеді. Сол себепті түпнұсқадағы қалпы сақталды.

1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында түпнұсқадағы «Шала дауыстылары: ***р, ң, л, м, н, у, й***» деген сөйлемде «й» әрпінің орнына «и» әрпі берілген. Қазақ тілінде «и» әрпі болмағандықтан, А.Байтұрсынұлы «й» әрпін ғана көрсетеді. Сол себепті түпнұсқадағы қалпы сақталды. Сондай-ақ «ауыз шығыстылары: ***р, л, у, й», «***босаң жолдылары: ***р, у, й», «***Сүйтіп, қазақ дыбыстары көшелеп көрсеткенде былай болады: ***а, б, п, т, ж, д, р, з, с, ш, ғ, қ, к, г, ң, л, м, н, о, ұ, у, е, ы, й», «***Дауыстылары: ***а, р, ң, л, м, н, е, о, ұ, у, ы, й», «***Босаңы – ***р, у, й»,*** т.с.с. жерлерде «й» әрпінің орнына «и» әрпі берілген. Қазақ тілінде «и» әрпі болмағандықтан, А.Байтұрсынұлы «й» әрпін ғана көрсетеді. Сол себепті түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқада «Толық дауыстылар бұуын ішінде дауыссыз дыбыстардың алдында да келеді, соңында да келеді» деген сөйлемнен кейін «Шала дауыстылар бұуын ішінде дауыссыз дыбыстардың алдында келеді, соңында келмейді» деген сөйлем келеді. Алайда 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында ол сөйлем түсіп қалған. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқада «Қысаңдары мен босаңдары біріне-бірі жұуыспайды; екінші сөзбен айтқанда, бірі қысаң, бірі босаң болып, екеуі қатарынан келмейді» деген сөйлемдегі *біріне бірі* сөзі 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында, 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» *біріне-бірі* болып берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды. Сонымен қатар осы сөйлемдегі «екінші сөзбен айтқанда, бірі қысаң, бірі босаң болып, екеуі қатарынан келмейді» деген сөйлем 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында бас әріппен берілген. Түпнұсқада ол сөйлемнің алдында нүктелі үтір болғандықтан, жинақта кіші әріппен берілді.

1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында түпнұсқадағы «Дауыстылары: ***а, р, ң, л, м, н, е, о, ұ, у, ы, й»*** деген сөйлемде «и» әрпі екі рет берілген. Дұрысында, оның бірі – «л», екіншісі «й» болуы керек. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «*мын*, *мен, баламын, ермін, таңмын*» деген сөйлемдегі *мын* сөзі 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар жинағында *міні* болып берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы *шалалары* деген сөз 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2006 жылғы бестомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы алтытомдық шығармалар

жинағында *шамалары* болып берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Ана тілінің әдісі. «Жаңа мектеп» журналының 1927 жылғы №9(24) санында (23-31-б.) жарияланған. Мақала 2000 жылы «Тілтаным» атты журналда, 2013 жылғы «ХХ ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» (552-561-б.) атты жинақта жарияланған.

Жалқылау (айырыңқы) әдіс. «Ана тілінің әдісі» атты мақаланың жалғасы «Жаңа мектеп» журналының 1927 жылғы №11 санында (45-49-б.) жарық көрген. Мақала «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2003 жылы жарық көрген бестомдық және 2013 жылы шыққан алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «ХХ ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» атты жинақта, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» енген жинақта жарияланған.

Жалқылаулы-жалпылау әдісі. «Ана тілінің әдісі» атты мақаланың жалғасы. «Жаңа мектеп» журналының 1928 жылғы №1 санында (31-37-б.) жарық көрген. Мақала «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2003 жылы жарық көрген бестомдық және 2013 жылы шыққан алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «ХХ ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» атты жинақта жарияланған.

Қай әдіс жақсы? «Жаңа мектеп», 1928 жылғы № 4 санында (3-11-б.) жарық көрген. Мақала 2003 жылы жарық көрген бестомдық және 2013 жылы шыққан алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «ХХ ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» атты жинақта, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері» енген жинақта жарияланған.

Сәбитке жауап. «Еңбекші қазақ» газетінің 1928 жылдың 18 қаңтарындағы №15 санында жарияланған Сәбит Мұқановтың «Алаш – ура!» атты мақаласына жауап ретінде жазылған А.Байтұрсынұлының мақаласы. «Еңбекші қазақ» газетінің 1928 жылдың 26 қаңтарындағы санында басылған. Мақала қазіргі жазуға түсіріліп, 2000 жылы «Тілтаным» атты журналда, 2013

жылғы «ХХ ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» атты жинақта (372-374-б.), 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» (740-741-б.) жарияланған.

Емле туралы. «Еңбекші қазақ» газетінің 1929 жылғы 27 наурызында жарияланған А.Байтұрсынұлының мақаласы. 1929 жылғы 18 ақпанда «Еңбекші қазақ» газетінде Қазақстан Орталық жаңа әліпби комитетінің емле мәселесі туралы тіл білімпаздарына, оқушыларға, жазушыларға ашық хаты жарияланады. Онда 1929 жылы Қазақстан оқу комиссариаты шақыратын білімпаздар съезіне дейін емле мәселелері талқылануы керектігін ескерте келіп, емледегі өзгерістерге байланысты оқырмандардың пікірін сұрайды. Ақымет Байтұрсынұлының «Емле туралы» атты мақаласы сол кезде, конференция қарсаңында жарық көрген. Мақала қазіргі жазуға түсіріліп, 2000 жылы «ҚР ҰҒА хабарларында», 2013 жылғы «ХХ ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» атты жинақта (7-17-б.), 2013 жылы шыққан Ахмет Байтұрсынұлының алтытомдық шығармалар жинағында (187-196-б.), 2022 жылғы «Таңдамалы шығармаларында» (742-748-б.) жарияланған.

О.Жұбай

Баяндамалар, тезистер

Ахмет Байтұрсынұлының 1920 жылдың 11 қазанында Қазақ АССР кеңесінің құрылтай сиезінде сөйлеген сөзі. 1920 жылдың 4-12 қазанында өткен сиездің хаттамасы 1936 жылы Е.Г.Федорованың алғы сөзін жазып, редакторлық етуімен құрастырылып, Мәскеу, Алматы қалаларында жарық көрген. Ахмет Байтұрсынұлының 11 қазандағы 9-мәжілісте сөйлеген сөзі кітаптың 60-61-беттерінде берілген. Ғалымның бұл сөзі 2022 жылы жарық көрген «Ақымет Байтұрсынұлы Таңдамалы шығармалары» (құрастырып, түсініктерін жазған – филология ғылымдарының докторы О. Жұбай, магистр Ә. Ахмет. – Алматы: Қазақ университеті, 2022) атты жинақта (411-416-б.) берілген.

Ахмет Байтұрсынұлының Қазақ білімпаздарының тұңғыш сійезінде сөйлеген сөзі. Ахмет Байтұрсынұлының 1924 жылғы 12-18 маусымында Орынборда өткен қазақ, қырғыз білімпаздарының тұңғыш сійезінде сөйлеген сөзі 1925 жылы Орынборда құрастылып шыққан (Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі. – Орынбор, 1925. – 144 б.) жинақта берілген. Сондай-ақ ғалымның сөзі 2005 жылы Ш.Құрманбайұлы құрастырған жинаққа (Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі. Құрастырған: Ш.Құрманбайұлы. Астана: «1С-Сервис» ЖШС 2005. – 144 б.), 2022 жылы Халықаралық Түркі академиясы шығарған «Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі» (ред. алқа: Д. Қыдырәлі, М. Қойгельдиев және т.б. - Нұр-Сұлтан: Ғылым, 2022. - 248 б.) атты жинаққа, 2022 жылы жарық көрген «Ақымет Байтұрсынұлы Таңдамалы шығармалары» (құрастырып, түсініктерін жазған – филология ғылымдарының докторы О. Жұбай, магистр Ә. Ахмет. - Алматы: Қазақ университеті, 2022) атты жинаққа енгізілген.

Ахмет Байтұрсынұлының Бүкілодақтық сиезде сөйлеген сөзі. Ғалымның 1926 жылы 26 ақпан мен 5 наурыз аралығында Баку қаласында өткен Бүкілодақтық I түркологиялық сиезде сөйлеген сөзі сол жылы Баку қаласында басылып шыққан стенографиялық есепте жарияланған. Сондай-ақ

ғалымның сөзі Ғ.Мұтановтың алғы сөзімен жарық көрген жинақта (Первый Всесоюзный Тюркологический съезд. - 2-е изд., доп. – Алматы: Қазақ университеті, 2019. – 565 с.), 2018 жылы О.Жұбаеваның құрастыруымен жарық көрген «ХХ ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» атты жинаққа (74-84-б.), 2022 жылы жарық көрген «Ақымет Байтұрсынұлы Таңдамалы шығармалары» (құрастырып, түсініктерін жазған – филология ғылымдарының докторы О. Жұбай, магистр Ә. Ахмет. – Алматы: Қазақ университеті, 2022) атты жинаққа (462-495 бб.) енгізілген.

Сиездің өткізілген күндері түпнұсқада 1926 жылдың 26 ақпаны мен 5 наурызының аралығы (26 февраля-5 марта 1926 года) деп көрсетілгенмен, 5томдықта «6 март» деп берілген (275 б.). Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқада орыс әліпбиіндегі кемшіліктер ретінде А.Байтұрсынұлы «е», «ю», «я» әріптерін көрсетеді. Алайда бестомдықта «е» әрпінің орнына «ё» әрпі берілген. Ғалым «тебе», «чтение», «доброе» сөздерін мысалға келтіре отырып, орыс тіліндегі «е» әрпінің бұл сөздердегі дыбысталуы әртүрлі екенін алға тартады. Бұл сөздердегі «е» әрпімен таңбаланып жүрген дыбысты бере алатын әріп жоқтығын айтады. Байқап отырғанымыздай, келтірілген мысалдарда «ё» әрпі қатысқан сөздер берілмеген. Сол себепті кейінгі басылымдарда «е» әрпінің орнына «ё» әрпінің таңбалануы қате. Сондықтан түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Чем об‘яснить подобное явление, при неисчислимых и неисчерпаемых природных богатствах страны?» деген сөйлемдегі «об‘яснить» сөзі бестомдықта «объяснить» түрінде, қазіргі кездегі емле заңдылықтары бойынша берілген (178-б.). Сол сияқты «об‘единения», «с‘езд», «раз‘ясняющий» сияқты сөздерде де шартты белгі жуандық белгісімен («ъ») алмастырылған. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқада «*Оренбург – Орынбор, Самара – Самар, пуховой – бокебай, покров – бокрау, Адамовской – Адамау* и т. п.» түрінде берілген мысалдар бестомдықта қазақ тіліндегі нұсқада (*Оренбург – Орынбор, Самара – Самар, пуховой – бөкебай,*

покров – боқырау, Адамовской – Адамау и т. п.) берілген (283-б.). Кітап 1926 жылы Баку қаласында басылып шыққандықтан, келтірілген мысалдар қазақ тіліндегі нұсқада берілмеген. Сондықтан жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «При современном мировом характере хозяй ства и конкурренции, борьба за существование без высокой культуры – что война безоружных с вооруженными» деген сөйлемде «конкурренция» сөзі екі «р» әрпімен берілген. Бестомдықта ол түзетіліп, «конкуренция» деп берілген. Жинақта сол кездегі түркі тілдеріндегі (оның ішінде әзірбайжан тіліндегі) тілдік ахуалды көрсету мақсатымен түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқаның 286-289, 394-395-беттерінде де А.Байтұрсынұлының сөзі берілген. Алайда ол ғалымның бестомдық, алтытомдық жинақтарына енбей қалған. 2018 жылы жарық көрген «ХХ ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» атты жинақта (74-84-б.), 2022 жылы жарық көрген «Ақымет Байтұрсынұлы Таңдамалы шығармалары» деген жинақта (462-495-б.) толық берілген. Қолдарыңыздағы жинаққа түпнұсқадағы қалпы сақталып, толық берілді.

Тезисы о терминологии на тюркских языках. 1926 жылдың 26 ақпаны мен 5 наурызында Баку қаласында өткен I Бүкілодақтық түркологиялық сиезде жасаған баяндамасының тезистері сиезді ұйымдастырушы комиссияның бюллетенінде (Бюллетень организационной Комиссии по созыву I Всесоюзного Тюркологического С`езда. №2-й. Баку, 28 февраля 1926 года) жарияланған. Тезистер 2017 жылы жарық көрген «Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы» атты жинақта, «Ақымет Байтұрсынұлы Таңдамалы шығармалары» (құрастырып, түсініктерін жазған – филология ғылымдарының докторы О. Жұбай, магистр Ә. Ахмет. – Алматы: Қазақ университеті, 2022) атты жинақта (495-499-б.) жарияланған.

Байтұрсын ұлы Ақыметтің араб әліббесін жақтаған байандамасы. 1927 жылдың 28-29-сәуірінде Ташкенттегі Орта Азиялық коммунистер университетінің залында қазақ

оқушылары мен қызметкерлерінің жиылысында сөйлеген сөзі «Еңбекші қазақ» газетінің 1927 жылғы 17, 19 маусымдағы сандарында жарияланады. Кейін сол жылы «Әліппе айтысы» деген атпен жинақ түрінде жарық көреді. 1990 жылы Б.Әбілқасымұлы, Ш.Мәжітаева кітапты қазіргі жазуға түсіріп, жариялады (Әліппе айтысы – Қарағанды: ҚарМУ, 1990 – 106 б.). Байтұрсынұлы Ақыметтің араб әліппесін жақтаған баяндамасы 1991 жылы Р.Нұрғалиев құрастырған «Ақ жол» атты жинақта, 1992 жылы жарық көрген «Тіл тағылымы» атты жинақта, 2003 жылы жарық көрген бестомдық және 2013 жылы шыққан алтытомдық шығармалар жинағында, 2013 жылғы «Қазақ тіл білімінің мәселелері», Ақымет Байтұрсынұлы Таңдамалы шығармалары» (құрастырып, түсініктерін жазған – филология ғылымдарының докторы О. Жұбай, магистр Ә. Ахмет. - Алматы: Қазақ университеті, 2022) атты жинақта (495-499-б.) жарияланған.

Түпнұсқада «Байтұрсын ұлы Ақыметтің араб әліббесін жақтаған байандамасы» деп жазылғанмен, бестомдықта да, алтытомдықта да Байтұрсынұлы Ақыметтің араб әліб-бійін жақтаған байандамасы» деп берілген. ХХ ғасырдың басындағы емле бойынша *ұлы, қызы, келіні*, т.с.с. сөздер бөлек таңбаланған еді. Газет бетіндегі нұсқада да, кітап болып басылып шыққан кезде де ұлы сөзі бөлек таңбаланған. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқада «әліббесі» деп берілген сөз кейінгі басылымдарда (бестомдықта да, алтытомдықта да) «әліп-бійі» деп берілген. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқада қазіргі кезде «әліпби» түрінде таңбаланып жүрген сөз түрлі нұсқада («әліб-бій», «әліп бій», «әліббе») берілген. Бұл сол кезде бұл сөздің емлесі әлі тұрақтана қоймағанын көрсетеді. Әрі кітапты құрастырушы – А.Байтұрсынұлы емес, басқа кісілер. Бестомдық, алтытомдық шығармалар жинағында бұдан бөлек «әліп-би», «әліп-би» деген нұсқа да берілген. Алайда түпнұсқамен салыстыру барысында олай таңбаланғанын байқамадық. Сондықтан сол кездегі тілдік ахуалды нақты көрсету мақсатымен түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Бүгінгі таңда -атын/-етін, -йтын/-йтін түрінде берілетін есімше тұлғалары түпнұсқада -атұн/-етүн, -йтұн/-йтүн түрінде таңбаланған: *Ең әуелі аңғартыб өтетүн бір нәрсе – латын әрпін алыу деген тіршілік мұқтаж қылғаннан, ділгірлік қысыб тұуғызыб отырған мәселе емес. Керек қылмағанымыз – қажетімізге жарайтұн, басқалардікінен анағұрлым артық әрпіміз болғандықтан. Әліб бій деген асылына адам ақылы жетбейтүн нәрсе емес*, т.с.с. Кейінгі басылымдарда (бестомдықта да, алтытомдықта да) қазіргі норма бойынша -атын/-етін, -йтын/-йтін түрінде берілген. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Сол сияқты түпнұсқада сөздің, буынның соңындағы, болымсыздық қосымшасындағы "п" дыбысының орнына көбінесе б әрпі жазылған: *Байандама қазақ тілінде болсын дегеңдерге менің алдымдағы байандамашы орыс тілінде болсын, өйткені жұртты үгіттеу, үйіріу үшін жасалыб жатқан мәжіліс емес, пәнді мәселені қарауға жасалыб жатқан мәжіліс, орыс жолдастардың да қатысыуы керек деген еді. Мен мәселенің ілім мен іс жүзіндегі жағын алыб сөйлемекшімін. Ділгірлік қысбақ түгіл, еш уақытта әншейін керек қылған нәрсеміз емес. Араб әрпінен жасаб алған әліб-бійімізге жер жүзінде әліб-бій баласы жетбейді. Араб әрпімен түзеген емлемізге бізге мәлім емлелердің бірі жетбейді. Мұны ешкім бекер деб айта алмайды. Араб әрпін жазыу машыйнасына, әріп теріу машыйнасына орнатқанын көріб отырмыз.* «б», «п» әріптерінің ерекшелігі біраз уақыт талас болып, Қазақ білімпаздарының тұңғыш сійезінде де талқыланған еді. Бестомдықта, алтытомдықта, «Қазақ тіл білімінің мәселелері», Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы», «Ақымет Байтұрсынұлы Таңдамалы шығармалары», т.с.с. жинақтарда көбінесе қазіргі норма бойынша берілген. Түпнұсқада «әріп» сөзі әрдайым «п» әрпімен берілген: *Араб әрпінен жасаб алған әліб-бійімізге жер жүзінде әліб-бій баласы жетбейді. Араб әрпімен түзеген емлемізге бізге мәлім емлелердің бірі жетбейді. Араб әрпін жазыу машыйнасына, әріп теріу машыйнасына орнатқанын көріб отырмыз. Түзелген араб әрпі жазыу машыйнасына бір түгіл екі түрлі әріп құйыуға болатұн етіб отыр; мәселен: араб әрпі*

мен орыс әрпін қатар құйыуға болатұн етіб отыр. Әріп теріу машыйнасында екі сүуретті әріп құйыуға болатұндығына көз жетіб отыр. Сол кездегі норманы, емледегі ерекшеліктерді сақтау мақсатымен түпнұсқадағы қалпы сақталды.

ХХ ғасырдың басындағы оқулықтарда, Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінде де көмектес септік жалғаулық ретінде танылған. Сондықтан ол алдыңғы сөзден бөлек жазылған әрі сөздің соңы қатаң дыбыс болса да, жалғаулық морфологиялық ұстанымға сәйкес «бен» түрінде сақталған. Ал дауысты, үнді дауыссыздардан соң «мен» жалғаулығы қолданылған. Газеттегі жарияланымда да, кітапта да солай таңбаланған: *Мен мәселенің ілім мен іс жүзіндегі жағын алыб сөйлемекшімін. Әріб санын көбейтетүні мен, әріп кассыларын үлкейтетүні мен, әріп теріу, жазыу машыйналарын қыйындататұны мен, сауаттандырыу ісін ауырлататұны мен ісі жоқ адамдар ғана латын әрпінің ұлы түрін ұлы қасыйеті деб ойламақшы. Әуелі ондай қаржы, күш бен іс екі әріп бен бірдей қатар оқытыу, сауат ашыу істеріне керек, екінші, басба дүкендерінде қатар дүкен құрылмақ, қатар жұмыс жүрілмек, басылыб шығыб жатқан нәрселердің бәрі де екі әріп бен бірдей басылыб шығыб тұрмақ*, т.с.с. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Бүгінгі таңда бірге жазылып жүрген белгісіздік, болымсыздық есімдіктері түпнұсқада бос аралық қалдырылып, бөлек таңбаланған: *Қазақ әлде қашан тілінде қандай дыбыстар бар екенін айырған, әр дыбысқа белгілеген таңба арнаған. Әр қайсысының араб әрпі мен жасалған қат мәденійеті бар. Не ғұрлым тұрмыс түрленіб, шарыуа ұлғайыб қажетің өскен сайын, тіршілік әдісі де молайыб, өнер ісі де ұлғайыб өсе бермек*, т.с.с. Кейінгі басылымдарда (бестомдықта да, алтытомдықта да) қазіргі нормаға сәйкес берілген. Алайда жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

ХХ ғасырдың басында қолданылған ережесі бойынша, бітеу буында ы, і әріптері жазылмаған. Алайда Қазақ білімпаздарының тұңғыш сійезінде бұл ереженің қате екені дәлелденіп, сөздің тұрпатын сақтау мақсатымен барлық буында да ы, і әріптері түсірілмей жазылатын болған: *Жазыуға қай жазыу ыңғайлы*

болатұнын айырыу үшін басқа жұмыстар жүзінде қолға күш түсетүн істерден жасалған ілім тәжірійбелерін алыб қарау керек болады. Латын жүйелі әріб бен жазғанда қол қыймылдау бағдары сағат тілінің жүретүн бағдарына қарсы келіб отырады. Сол ыңғайына қарай жазыу жолы да солдан оңға қарай жүреді. Араб әрпі мен жазғанда қол қыймылдау бағдары сағат тілінің бағдары мен бір ыңғай келіб отырады. Бұл кезде у мен й дауыссыз дыбыстары үнемі дауысты дыбыстан кейін ғана таңбаланған. Сөйлемнің басында алдынан ұ, ү әріптері жазылған: *Ділгірлік қысбақ түгіл, еш ұуақытта әншейін керек қылған нәрсеміз емес. Оқыған ұуақытта адамның көзіне күш түсіб, етіне күш түсбейді.* Бестомдықта, алтытомдықта, «Қазақ тіл білімінің мәселелері», т.с.с. жинақтарда көбінесе қазіргі норма бойынша берілген. Сол кездегі норманы, емледегі ерекшеліктерді сақтау мақсатымен түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Бүгінгі таңда «х» әрпімен беріліп жүрген сөздер түпнұсқада «қ» әрпі арқылы таңбаланған: *Қат мәденійеті бар халыққа бір әріпті тастаб екінші әріпті ала қойыу оңай жұмыс емес. Бірден мұғалімдердің бәрін латынша үйретіб, бірден басба қаналардағы әріптерді латынға айналдырыб, адамдарын латынша үйретіб, оқыу кітабтарын латынша бастырыб, арабша сауаттыларды латынша сауаттандырыб жіберіу адамның білімін керек қылыуын қойа тұрғанда да он шақты күнде, он шақты мүлійен қаржымен біте қойатұн жұмыс емес. Жаман жазылған қаттарды айырыуға келгенде де араб әрпі латын әрпінен артық.* Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Бүгінгі таңда дефис арқылы таңбаланып жүрген демеуліктер (ақ) дефиссіз, бөлек жазылған: Латын әрпінен ең өзгертбестен алдық дегенде 15 әрпін ақ алған. Қытайдың сүгірет жазыуы да, басқалардың әріп бен жазған жазыуы да бірдей, жалғыз ақ сүгіреттің құралған жөні ғана басқа. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқада «Немістің Мейман деген пұрапесірі, басқа сондай сана заңын тексеріб тәжірійбе жасаған адамдар мынаны байқаған...» деген сөйлемдегі *Мейман, пұрапесір* сөздері бестомдықта *Майман, пропессор* түрінде берілген. Дұрысында, XX

ғасырдың басында шет сөздерді қазақ тіліне бейімдеуде өзіндік ұстанымдар болған. Мәселен, сөздің басында екі дауыссыз қолданылмаған; алдыңғы буындар езулік болып, соңғы буын еріндік болса, еріндік дауысты езулік дауыстыға айналдырылған, т.с.с. Сол себепті шет тілден енген «профессор» сөзі түпнұсқада *пұрапесір* түрінде таңбаланған. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «*Бірден мұғалімдердің бәрін латынша үйретіб, бірден басба қаналардағы әріптерді латынға айналдырыб, адамдарын латынша үйретіб, оқыу кітабтарын латынша бастырыб, арабша сауаттыларды латынша сауаттандырыб жіберіу адамның білімін керек қылыуын қойа тұрғанда да он шақты күнде, он шақты мүлійен қаржымен біте қойатұн жұмыс емес*», «*Араб әрпін түзетіуге кететүн шығын мен еңбек латынға көшіу бейнеті мен шығыннан мың емес, мүлійен есе кем екені айырықша есеп қылмай ақ айқын нәрсе*» деген сөйлемдердегі *мүлійен* сөзі бестомдықта орыс тіліндегі қалпынша «миллион» түрінде берілген. Қазақ тілінің заңдылығына сәйкес екі «л» қатар келе алмайды; қазақ тілінде дауысты «и» дыбысы жоқ. Сол себепті «й» дыбысының алдында дауысты дыбыс таңбаланған. Әрі сингармонизм заңына сәйкестендіре отырып, сөздің барлық буынында да жіңішкелік сақталған. Осыған байланысты «миллион» сөзі қазақ тіліне «мүлійен» түрінде бейімделген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқада «сурет» сөзі екі түрлі таңбаланған: бірде «сурет» (Мұның әріптерінің бірі бійік, бірі аласа, бірі ұзын, бірі қысқа келіб, сөз әлпіне айырың-ұйырың ашық сүурет береді. Бір жағынан онысы, екінші жағынан қойылатұн қосымша белгілері себ болыб, сөз сүуретін көзге елеулі етіб, тез танытады, тез оқытады), бірде «сүгірет» (Сауаты ашылған адам жазылған йә басылған сөзді әрпіне қараб оқымайды, бүтін тұрған сүгіретін таныб оқыйды. Не ғұрлым сөз сүгіреті көзге елеулірек болса, соғұрлым жылдам танылыб, шабшаң оқылмақшы. Әріп сөз сүгіретінің көзге елеулі болыу-болмауына себеб болмақ. Бір ыңғай, бір беткей қойған, бір өңкейленіб тұрған бір неше тайақша

сүгіреттерін алайық...) түрінде жазылған. Алайда бестомдық, алтытомдық шығармалар жинағында бірыңғай «сүгірет» түрінде берілген. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқада «Бір ыңғай, бір беткей қойған, бір өңкейленіб тұрған бір неше тайақша сүгіреттерін алайық да, соны мен саны да, алатұн орны да, бойы да бірдей, бірақ қойылыуы бір ыңғай, бір беткей емес, сондықтан бір өңкейленіб тұрмаған екінші тайақша сүгіреттерін алайық да, аналардың астына мыналарды қойыб санаб қарайық, қайсысы санауға оңай болар екен» түрінде берілген сөйлемдегі демеуліктер (да) морфологиялық ұстанымға сәйкес бір ғана нұсқада (ұяң) берілген. Ал бестомдық, алтытомдық шығармалар жинағында олар фонетикалық ұстанымға бағындырылып, сөздің соңғы дыбысына қарай өзгеріп (*та*) берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Әріб санын көбейтетүні мен, әріп кассыларын үлкейтетүні мен, әріп теріу, жазыу машыйналарын қыйындататұны мен, сауаттандырыу ісін ауырлататұны мен ісі жоқ адамдар ғана латын әрпінің ұлы түрін ұлы қасыйеті деб ойламақшы», «Бұлар басба әріпін екі пішінге ғана түсіріб, кассы ұйасын 50-ге жеткізген (қазақтікі 41)», «Әзір-байжанның латын кассысында 46-47 ұйа бар», «Латындікін алғанда қазақ кассысында 46-47 ұйа болмақ», т.с.с. сөйлемдердегі *кассы* сөзі бестомдық пен алтытомдық жинақтарда қазіргі нормаға сәйкес *касса* деп берілген. XX ғасырдың басында кірме сөздің соңындағы ашық дауысты «а» дыбысы «е», «ы», «і» дауыстыларымен алмастырылған: *Азия – Әзійе, Америка – Әмерійке, тонна – тонны, кооперация – кәперетсе, милиция – мелетсе*, т.с.с. Сол себепті касса сөзі де кассы түрінде таңбаланған. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Бұлонскій деген орыстың тәрбійе ғалымы қолдың әлгідей еткенде талмайтұны ұсақ бұлшық еттерінің бітісінен дейді» деген сөйлем бестомдық пен алтытомдық жинақтарда *Болонский* деп берілген. XX ғасырдың басында шет тілден енген сөздер (жалпы есім де, жалқы есім де) қазақ тілінің дыбыс жүйесіне сәйкестендірілген. Сол кездегі норманы көрсету мақсатымен түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Араб әрпі мен жазғанда істенгіреп жазыуы мен жазған сыйақты қолдың қыймылы көбінесе ұсақ болыб келеді», «Сондықтан да ұсақ ійректі жазыу істенгірепке алынған», «Жазыу дағдысы оңнан солға болғандықтан, істенгіреп жазыуын да сол бағдарлы етіб шығармақ» деген сөйлемдердегі «істенгіреп» сөзі бестомдықта да, алтытомдықта да «істенграп» түрінде берілген. Түпнұсқада істенгірепке «Сөзді әріп пен емес, басқа белгілер мен жазыуды істенгіреп дейді. Істенгіреп көбіне ауыз бен айтылып тұрған сөздерді жазып алыуға қолданылады» деп түсінік берілген. ХХ ғасырдың басында шеттен енген сөздер қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтарына сәйкестендірілген. Сол кездегі норманы, шет тілден енген сөздерді бейімдеудегі ұстанымдарды көрсету мақсатымен түпнұсқадағы қалпы сақталды.

«Санды үлкендете атауымызға қарағанда, жазыуымыздың оңнан солға қарай жазылатұн бағдарына қарағанда, санның үлкенінің сыйпырлары оң жаққа, кішілерінің сыйпырлары сол жаққа болыуы тійіс еді, одан келетүн кемшілік аз болғандықтан басқалардың ыңғайына қараб көбке бірдей болатұн ірет бен жазыб отырмыз» деген түпнұсқадағы сөйлем бестомдықта «Санды үлкендете атауымызға қарағанда, жазуымыздың оңнан солға қарай жазылатын бағдарына қарағанда, санның үлкенінің цифрлары оң жақта, кішілерінің цифрлары сол жақта болуы тиіс еді. Онан келетін кемшілік аз болғандықтан, басқалардың ыңғайына қарап, көпке бірдей болатын ретпен жазып отырмын» түрінде берілген. Яғни *жазып отырмыз* етістігі *жазып отырмын* түрінде таңбаланған. Құрастырушылар *жазып отырмыз* тіркесін көптік тұлға ретінде қабылдаса керек. Байтұрсынұлы еңбектерінде бұл форма әрі көптікті білдіретін, әрі сыпайылықтың жекешесін білдіретін тұлға ретінде сипатталады. Сол себепті ғылыми стильде осы тұлғаны мақсатты түрде қолданған. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

«Жазыу жайын сөйлегенде жазыу машыйналарын да сөз қылыб өтіу қажет болады» деген абзац алтытомдықта бос аралық қалдырылып берілген. Ал түпнұсқада жаңа абзац ретінде

берілгенмен, жұлдызшамен ерекшеленбеген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Бестомдықта да, алтытомдықта да «Соңғы кезге дейін араб әрпін жазыу машыйнасына орнатыу ісі былай болыб келіб еді: бір жағынан орыс машыйналарының жүрісі араб жазыуының бағдарына ійкемделіуші еді де, екінші жағынан араб әрпі созылыб жә жыйырылыб машыйна жүрісінің адымына ійкемделіуші еді» деген сөйлемдегі *жә* шылауы жазылмай, орнына үтір қойылған. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Ахмет Байтұрсынұлының төте жазуында сөз басындағы, сөз ортасындағы, сөз соңындағы әріптердің тұрпатында бірқатар ерекшеліктер бар. Ғалым жалғаулықтарды жазуда алдыңғы сөздің соңына сөз соңындағы таңбаны қойып, жалғаулықты біріктіре жазған. Яғни бір интонациямен айтылатын, бір мәнді сөздерді таңбалауда ғалым төте жазудың осы мүмкіндігін шебер пайдаланған: *Онда оңай оқылса, мұнда да оңай оқылады. ... Бір жағынан орыс машыйналарының жүрісі араб жазыуының бағдарына ійкемделіуші еді де, екінші жағынан араб әрпі созылыб жә жыйырылыб машыйна жүрісінің адымына ійкемделіуші еді. Бір жақтан ол солай болса, екінші жақтан түркі жұртындағы қалалардың басбаханаларында өзгертбеген латын әрпі де жеткілікті күйде табылмайды. Ұлы түрінікі де, кіші түрінікі де бәрі сонда. Әріпті өнер құралдарына ійкемдеу жағынан да олардан асыратұнымызға көз жетіб отыр. Солай болған соң аз күшімізді алға шыққан жақтағы керексіз іске салғанша, басқадан кейін тұрған жағымызға жұмсауымыз жөн емес бе деймін*. Араб жазуының бұл ерекшелігі жетілдірілген әліпбиге дейін де қолданылған. Орыс, латын жазуларымен бергенде бұл сөздер бірге жазылып тұрғандай көрініп, мағынаға нұқсан келетіндіктен, өзге жазумен бұлай беру мүмкін болмағандықтан, келтірілген сөздер бөлек жазылды. Түпнұсқада *да, де, ба, бе* шылаулары үнемі бос аралықсыз беріле бермеген, бос аралықпен, яғни бөлек жазылған тұстары да бар. Яғни біріздiлік сақталмаған.

Түпнұсқадағы «Жазыуда түйдектеліб жазылатұн 2-3 әріпті айырмай, оларды түйдек түрінде алыб, түйдегіне басба белгісін жасаған. Мәселен, « «لج(лж) етіб екі әріптен құраудың орнына « «لج(лж) деген жазыу түріндегі түйдегін алыб, өз алдына ««لج (лж) белгі алған. «لمج» (лмж) дегенді де « «ل م ج(л м ж) етіб үш әріптен құраудың орнына, оған да өз алдына «لمج» (лмж) белгі алған. 200-ден астам басба таңбаларының 25%-ы сондай керексіз белгілер болған. Олар болмағанда басба таңбасы 150-дей болмақ» деген абзац алтытомдықта «Жазуда түйдектеліп жазылатын 2-3 әріпті айырмай, оларды түйдек түрінде әріп түйдегіне айрықша баспа белгісін жасаған. Мәселен: «лж» етіп екі әріптен құраудың орнына, «лыж» деген жазу түріндегі түйдегін алып, өз алдына «лж» белгі алған. «мж» дегенді де «мыж» етіп үш әріптен құраудың орнына, оған да өз алдына «мж» белгі алған. Сондықтан 200- ден астам баспа таңбасы болып шыққан» деп берілген. Байқап отырғанымыздай, мұнда бірнеше сөз түсіп қалған, әріптер оқылмай қалған, түпнұсқада жоқ сөздер қосылып кеткен. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Бестомдықта да, алтытомдықта да «2. Әріптердің жігін айыратұн жерінен айырмағандықтан, алдыңғы әріптің айағы бөлініб келесі әріптің басына қосылыб кеткен. Ол келесі әріптің айағы тағы онан соңғы әріптің басына қосылыб кеткен. Сүйтіб, бір әріптің пішіні бір неше түрге түсіб кеткен.

3. Қол жазыуда әріптің жол сызығынан жоғары йә төмен тұрыуына қараб, түрлі тұрған қалпын түрлі әріп деб білген де, оларға да арнаб айрықша басба таңбасын жасаған.

4. Сөз айағында қолдың еркін тартқанынан болатұн әріп айағының созылыуын білмегендіктен, ондай бар әріптерді де айрықша таңба деб, айырым басба таңбасын жасаған.

Солай қаталасыу кесірінен 29 таңба 200-ден астам басба таңбасы болыб шыққан» деген абзацтар мүлде берілмеген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «1882-інші жылы Петірімпорда Қырым татары Ылыйас Бораганыскій, Қазанда Ғалый асқар Камал мен

Жүзей ұлы дегендер, кей әріптердің түрін ыйталылар жасаған түрінен өзгертіб, басба таңбасын жасайды» деген сөйлем алтытомдықта «1882-нші жылы Петерборда қырым татары Ілияс Бураганский, Қазанда Ғалиасқар Камал мен Жүзейұлы дегендер кей әріптердің түрін италияндар жасаған түрінен өзгертіп, баспа таңбасын жасайды» деп берілген. Яғни жалқы есімдер қазіргі нормаға сәйкес таңбаланған. Жинақта түпнұсқадағы қалпы сақталды. Бұл орайда «Петірімпорда» деген атау сол кездегі баспа тарапынан кеткен қате болса керек.

Түпнұсқада *ыйталы* сөзі бірнеше рет кездеседі: «1907-інші жылдан бастаб ыйталыйлар бүлдірген жерлерін түзеу талабына кірісушілер болады», «Жана да бір айтатұн сөз – латыншылдар екі әріпті салыстырғанда араб әрпін байағы ыйталы бұзған түрінде алыб, түзетілген әріп жағына әдейі жұуымайды», «Бенесійе шәріндегі ыйталылар айналдырған», «1882-інші жылы Петірімпорда Қырым татары Ылыйас Бораганыскій, Қазанда Ғалый асқар Камал мен Жүзей ұлы дегендер, кей әріптердің түрін ыйталылар жасаған түрінен өзгертіб, басба таңбасын жасайды», т.с.с. Бестомдықта да, алтытомдықта да бұл сөз *италиян* түрінде берілген. Бұл тұлғаның қазіргі нормаға да сәйкес келмейтінін, орыс тіліндегі нұсқаға барынша жақын нұсқа екенін ескеріп, түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Әуел бастаб бұ жолда 1907-інші жылы талаб етіушілер Алпар ұлы мен Ырақыманқұл ұлы дегендер болады. Онан кейін 1921-22-інші жылдарда Едіріс ұлы Мұқамбет де сол талабқа кіріседі. Соңғы жылдарда Бұрнаш ұлы мен Тоқай (ұлы 1924-28 жылы) кіріседі» деп келетін абзац алтытомдықта «Әуел бастап бұ жолда 1907-нші жылы талап етушілер Алпарұлы мен Рақманқұлұлы дегендер болады. Онан кейін – 1921-1922-нші жылдары Ідірісұлы Мұхамбет те сол талапқа кіріседі. Соңғы жылдарда Бұрнашұлы мен Тоқайұлы (23-24 жылы) кіріседі» деп беріліп, жалқы есімдердің тұрпаты біршама өзгерген. Сондай-ақ түпнұсқадағы «Ондай жобалар Алпар ұлынікі, Тоқай ұлынікі, Шараб ұлынікі, Едіріс ұлынікі» деген сөйлемдегі кісі

аттары да өзгеріске түскен: «Ондай жобалар Алпарұлынікі, Шарапұлынікі, Ідірісұлынікі». Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Екінші, әріп жасау жұмысын жеңілдетеді (пұнсон, матырысы жасау)» деген сөйлем алтытомдықта «Екінші, әріп жасау жұмысын жеңілдетеді (понсон, матрица жасау)» деп берілген. Яғни шеттен енген сөздер орыс тіліндегі қалпында берілген. Түпнұсқада шеттен енген сөздер қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктеріне сәйкес бейімделіп берілгендіктен, түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқа мен кейінгі басылымдарды салыстыру барысында да пунктуация бойынша да елеулі айырмашылықтар байқалады.

Түпнұсқада «Пайдасының есебсіз көбтігі сол – әуелі басба әріпін кемітіб татарлардікін 30-31-ге түсіреді. Біздікін 24-25-ке түсіреді.

Екінші, әріп жасау жұмысын жеңілдетеді (пұнсон, матырысы жасау).

Үшінші, өнер құралдарына қойыуға өте ыңғайлы.

Төртінші, үйретіу, әріп теріу, басқанды түзетіу істерін жеңілдетеді» түрінде берілген абзацтарда сол сөзінен кейін тире (сызықша) қойылған да *әуелі, екінші, үшінші, төртінші* сөздері қою қаріппен берілген. Бестомдықта да, алтытомдықта да сызықшаның орнына қос нүкте қойылып, *әуелі, екінші, үшінші, төртінші* сөздері ерекшеленбей берілген. Компьютердің көмегімен мұндай ерекшеліктерді көрсету еш қиындық келтірмейтіндіктен түпнұсқадағы қалпын сақтадық.

Түпнұсқада *ақ* демеулігінің алдынан дефис қойылмаған: «Осыншама пайдасының орнына біздің жоғалтатұнымыз – жалғыз ақ сөз айағында созыб кеткеннен шыққан құйрығы, онан басқа шығатұн шығын жоқ», «Араб әрпін түзетіуге кететүн шығын мен еңбек латынға көшіу бейнеті мен шығыннан мың емес, мүлійен есе кем екені айырықша есеп қылмай ақ айқын нәрсе», «Йаурыпа жұрттарының, онан басқа да жұрттардың көбінің ақ басба әріптері дара басылады», «Сөйтіб қазаққа қолайсыздық қылыб отырған түрік әліббійінің жалғыз ақ басба түрі

болыб шығады», т.с.с. Бестомдықта да, алтытомдықта да қазіргі нормаға сәйкес дефис арқылы жазылған. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Бүгінде түрліше таңбаланып жүрген әзірбайжан сөзі түпнұсқада әзір-байжан түрінде берілген: «Әзір-байжан латыншылдары латын әрпі мен әліп-бій жасаб, бастырайын дегенде, еш бір шәрінде латын әрпін таба алмаған», «Көбтен келе жатқан латыншылдары бар, жетілген кент маданыйаты бар, өнерлі кесібі бар әзір-байжандықтар әліп-бій бастырыуға соншама әурешілік шексе, басқа түріктер, әсіресе біздің қазақ сыйақтылары об-оңай дайын қыб ала алмас», «Әзір-байжанның латын кассысында 46-47 ұйа бар». Бұл сөз бестомдықта да, алтытомдықта да *әзербайжан* түрінде берілген. Түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы *«Қызыл орданы былай қойыб, Қазан, Өпі, Ташкент, Самарқан шәрлерінде де табылмайды», «Бәкіуде шығатұн «Көменес» газеті Әмірійкеден алдырған ескі әріпті теріу машыйна мен теріліб шығыб отыр», «Аурыпа жұрты мен бірдей болыу мақсат бен аламыз десек, алыу қыйын болған себебті орыстар айақ басбай отырғанда, біз сол мақсат бен істейміз деб айтыудың қанша орны барлығын сөйлеб, көб сөз қылмасақ та болар», «Әліп-бій түзеу, емле түзеу жағынан соңғы кезде істелген істер жемісті болыб, бұ жағынан біз Аурыпа, Әмерійке жұрттарының алдында тұрмыз»* деген сөйлемдердегі қала, мемлекет атаулары, басылым атауы бестомдықта да, алтытомдықта да қазіргі нормаға сәйкес таңбаланған: *«Қызылорданы былай қойып, Қазан, Уфа, Ташкент, Самарқан шәрлерінде де табылмайды», «Бакуде шығатын «Коммунистер» газеті Америкадан алдырған ескі әріпті теру машинамен теріліп шығып отыр», «Еуропа жұртымен бірдей болу мақсатпен аламыз десек, алу қиын болған себепті орыстар аяқ баспай отырғанда, біз сол мақсатпен істейміз деп айтудың қанша орны барлығын сөйлеп, көп сөз қылмасақ та болар», «Әліп-би түзеу, емле түзеужағынан соңғыкезде істелген істер жемісті болып, бұ жағынан біз Еуропа, Америка жұрттарының алдында тұрмыз».* Сол

кездегі норманы, шет тілден енген сөздерді бейімдеудегі ұстанымдарды көрсету мақсатымен түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Көбтен келе жатқан латыншылдары бар, жетілген кент маданыйаты бар, өнерлі кесібі бар әзір-байжандықтар әліп-бій бастырыуға соншама әурешілік шексе, басқа түріктер, әсіресе біздің қазақ сыйақтылары об-оңай дайын қыб ала алмас» деген сөйлем бестомдықта да, алтытомдықта да «Көптен келе жатқан латыншылдары бар, жетілген кент мәдениеті бар, өнерлі кәсібі бар әзербайжандықтар әліп-би бастыруға соншама әурешілік шексе, басқа түріктер, әсіресе біздің қазақ сияқтылары оп-оңай дайын қып ала алмас» түрінде берілген. Яғни түпнұсқадағы *маданыйаты* сөзі *мәдениеті*, *өнерлі кесібі* тіркесі *өнерлі кәсібі* болып, қазіргі нормаға сәйкес өзгерген. Сол кездегі норманы көрсету мақсатымен түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Қалыбты басба* табағына орысша 12-кегіл** мен ышпонсыз*** жыйғанда, 10-кегіл мен ышпондаб жыйғанда 40 мың шамалы әріп сыйады» деген сөйлем бестомдықта да, алтытомдықта да «Қалыпты баспа табағына**** орысша 12-кегелмен***** шпонсыз****** жиғанда, 10-кегелмен шпондап жиғанда, 40 мың шамалы әріп сыяды» деп берілген де белгіленген сөздердің түсініктемесінде (түпнұсқада да түсініктеме берілген) «ң» әрпінің орнына» (тырнақша) қойылып, техникалық қателер жіберілген. Жинақта бұл ақаулар жөнделді.

Баяндаманың өн бойындағы шет тілдік атаулар қазақ тілінің дыбыстық ерекшеліктеріне бейімделіп берілген: *Газеттер үшін 10-кегілмен ышпонсыз жыйғанда 50 мың шамалы әріп сыйады. Араб әрпінің ескі күйіндегі қалпында 12-кегіл «нормал» түрі мен ышпондаб жыйғанда 40 мың шамалы әріп сыйады. 14-кегіл мен*

---

* Баспа табақ жазба табақтың 4-ндей.

** Әріптің бөлігі

*** Ышпон – әріптерді ыдырататұн сына

**** Баспа табақ жазба табақтың» 4-ндей.

***** Әріпті» бөлігі

****** Шпон – әріптерді ыдырататын сына

ышпондаб жыйғанда 32-35 мың шамалы әріп сыйады. 3-інші түрде түзелген әріптен сол шамалы сыйады. Соңғы түзелген түрдегі әріптен 10-ыншы кегіл мен ышпондаб жыйғанда 54 мың кітаб, жа газет әрпі сыйады. 8-інші кегіл мен ышпондаб жыйғанда 65 мың шамалы әріп сыймақ. Латын әрпі сыйпыр түрдегі таңба болса, әріп бірлестіріу жағын сөз қылыуға болар еді. Сыйпырды кім жазса да түсінеміз, түсіне беретүн латын әрпі сыйпыр сыйақты жа қытай жазыуы сыйақты жазыу таңбасы емес. Келтірілген мысалдардағы *ышпон, кегіл, сыйпыр* сөздері бестомдықта да, алтытомдықта да қазіргі нормаға сәйкес *кегел, шпон, цифр* түрінде берілген. Сол кездегі норманы, шет тілден енген сөздерді бейімдеудегі ұстанымдарды көрсету мақсатымен түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Оны алсақ, оны мен кім жазса да түсінесін» деген сөйлемде етістіктің соңындағы «н» әрпі бестомдықта да, алтытомдықта да «ң» болып өзгерген. А.Байтұрсынұлы жіктік жалғаулары жіктеу есімдіктерінен шыққанын дәлелдеген (*білген-мін, білгенсін; келген-мін, келген-сін,* т.с.с.). Бұл тұжырымын Қазақ білімпаздарының тұңғыш сійезінде де айтады. Сөздің түп-төркінін сақтау мақсатымен қосымшаның соңында ң әрпі емес, н әрпі болуы керек екенін айтып, оқулықтарында сол ұстанымды басшылыққа алған. Әліпби ауыстыруға байланысты туындаған айтысты жариялаған кезде де ғалымның осы ұстанымы ескерілгенін байқаймыз. Сол кездегі норманы көрсету мақсатымен түпнұсқадағы қалпы сақталды.

Түпнұсқадағы «Манағыдан бергі айтылғанның бәрінен жасалатұн жалпы қорытын мынау» деген сөйлем бестомдықта да, алтытомдықта да «Манағыдан бергі айтылғанның бәрінен жасалатын жалпы қорытынды мынау» түрінде өзгерген. Яғни түпнұсқадағы *қорытын* сөзі *қорытынды* болып берілген. Сол кездегі норманы көрсету мақсатымен түпнұсқадағы қалпы сақталды.

О. Жұбай

ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

Әбубәкір Боранқұлұлы (1861-1903) – ақын. Кіші жүз Жетіру тайпасының Кердері руынан шыққандықтан, ел арасында «Кердері Әбубәкір» аталып кеткен. Әбубәкір ауыл молдасынан дәріс алып, кейін Орынбор, Троицк қалаларындағы мектеп пен медреселерді тәмамдаған. Тұзтөбе, Орал, Ақтөбе, Ор, Орынбор маңындағы елдерде бала оқытып, дін-шариғат жолын ұстанады. Сауатты, шешен, ақын біраз жыл ел әкімдерінің қасында хатшылық қызметтер атқарған. Сарыарқа, Оңтүстік, Батыс өңіріндегі ақындарды жақсы білген. Ақындық мұрасы «Әдебиет қазақия, яки Әбубәкір молланың сөздері» деген атпен екі рет (Қазан, 1902, 1905) жарық көрген. Әбубәкір дін, инабаттылық мәселелерін насихаттағаны үшін кеңес заманында кертартпа, «зар заман ақыны» аталып, теріс бағаланып келді. Ол, шындығында, оқуды, өнерді, дін-шариғатты, ғылымды, азаматтықты, жақсы мінезді, жарастықты әдет-ғұрыпты насихаттады. Ресей империясының отарлау саясаты ықпалымен адам мен заманның азуын, озбырлық пен арсыздықтың жол алуын ашына толғады («Заманның опасыз халіне айтқаны», «Өткен иманшылық заманды жоқтап айтқаны», «Заманның халіне айтқан сөздері» т.б.). Қарақалпақ Құлымбет, әлім Қожахмет, ноғай Нұрым ақындармен айтысқан. Оның айтыстарынан білімділік, қарсы сайысқа дес бермейтін ақындық дарыны айқын аңғарылады, танымдық әрі тәрбиелік мәні зор шежіре жырлары мен өлеңдері де кемел ой, кенен білімнің куәсі.

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан (1866-1937) – қазақтың мемлекеттік, саяси және қоғам қайраткері, ұлт-азаттық және Алаш партиясының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы. Ата тегі Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыдан тарайтын төре тұқымы. Арғы атасы атақты Сұлтан Барақ. Қазақтың соңғы хандарының бірі Бөкей осы Сұлтан Барақтың баласы. Бөкейден Батыр, одан Мырзатай, одан Әлиханның әкесі Нұрмұхамед тарайды.

Бартольд, Василий Владимирович (1869-1930) – орыс және кеңестік шығыстанушы, түркітанушы, арабтанушы, исламтанушы, тарихшы, мұрағатшы, филолог, Санкт-Петербург Ғылым академиясы мен КСРО Ғылым академиясының академигі.

Бәдәрисафа, Байтұрсынова Бәдрисафа Мұхаммедсадық-қызы (1878-1946) – «Алаш» партиясы мен Алашорда мүшесі Ахмет Байтұрсынұлының жұбайы. Оның шын есімі – Александра Ивановна. Ұлты орыс болса да, қазақ күйеуіне адал болған.Мамандығы мұғалім болды. 1896 ж. Троицкте Ахметпен некелесіп, ислам дініне өтеді. 1931 ж.қамауға алынды.Қызы Шолпанмен бірге Томскке жер аударылды. Кейін Бәдрисафаны одан әрі қызынан айырып, Батыс Сібірдегі Жуково селосына айдауға жібереді. 1934 ж. Ахмет екеуі бостандыққа шығып, кездесті. 1937 ж. Ахмет Байтұрсынұлы атылған соң, Бәдрисафа Свердловскке жер аударылды. Қамаудағы кезінде әбден азап шеккен Бәдрисафа мүгедекке айналды. 1946 ж. Қостанайда ауруханада қайтыс болды.

Фрэнсис Бэкон (1561-1626) – ағылшын философы, ғылыми зерттеудің тәжірибеге сүйенген методологиясын ұсынған. Эмпиристік бағыттың негізін салушы, саяси қайраткер. Англия лорд-канцлері, патшадан кейінгі екінші тұлғасы. «Білім – күш» деген қанатты сөз айтқан.

Бухер, Карл Вильгельм Бухер (1847-1930) – неміс экономисі.

Гаспиринский, Исмаил-Мирза Гаспринский (1851 - 1914) – Қырым татарларының саяси және қоғам қайраткері, зиялысы, ағартушы, баспагер және диссидент, бүкіл мұсылман халқы арасында атақ пен танымалдыққа ие. Ол жәдидшілдік пен пантүркизмнің негізін салушылардың бірі. Сондай-ақ 32 жыл «Тәржіман» газетін шығарып, түрік ұранды жұрттың ұстазына айналған адам. 1914 жылғы «Қазақ» газетінің 78-нөмірінде Гаспринскийдің қайтыс болғаны туралы, ол кісінің кім екені, қандай жұмыстар атқарғаны туралы суретімен басылған мақала жарық көрген.

Гауптман Герхарт (1862—1946) – неміс драматургі, әдебиет саласындағы Нобель сыйлығының 1912 жылғы лауреаты.

«Тоқымашылар», «Ганнеланың ғибадаты», «Батып кеткен қоңырау», «Ымырттағы махаббат» пьесаларының авторы.

Гегел, Георг Вильгельм Фридрих Гегель (1770-831) – неміс философы, неміс классикалық философиясының және романтизм философиясының негіздеушісі. Йоhанн Готтлиб Фихте және Фридрих Вильгельм Йозеф Шеллингпен бірге неміс идеализмінің негізін қалаушы.

Иоганн Готфрид Гердер (1744 – 1803 ж.ж.) – неміс философы, ағартушы, жазушы және әдебиеттанушы, мәдениет теоретигі. Ол адамзат тарихындағы ең түбегейлі органикалық негізде өлі және тірі табиғат эволюциясы нәтижесінде адам мен қоғамның қалыптасуы жөніндегі теорияны ұсынды. *«Адамзат тарихы философиясының идеялары»* (1784-1791) атты төрт томдық еңбек жазды.

Галикарнастық Геродот (б.з.д 485-425) – грек тарихшысы. Кіші Азияның оңтүстік-батысында, негізін дориялықтар қалаған Галикарнас қаласында туған.

Гипократ (Гиппократ) – ежелгі грек дәрігері, көне медицина реформаторы. Ол Ежелгі Грекияның Кос аралында біздің заманымыздан бұрынғы 460 ж. туып, 377 ж. (басқа мәліметтер бойынша 356) Фессалияда дүние салған. Гиппократ Грекияда, Кіші Азияда, Ливияда, сондай-ақ Қаратеңіз жағалауындағы сақтар арасында болып, Азия және Мысыр халық медицинасымен танысқан: ол науқасты емдегенде, аурудың пайда болу жолдары мен негізгі даму кезеңдерін анықтау керек екенін айтып, «Адамзатты табиғат емдейді, *Дәрігер* – табиғаттың көмекшісі ғана» деген тұжырым жасады.

Граф Лев Николаевич Толстой (1838-1910) – орыс жазушысы, ағартушысы, публицисит және ойшылы. Әлемдегі ең ұлы жазушылар романисттардың бірі. Ғалым және діни ойшыл. Әлемдік әдебиеттің классигі. Үйінде оқып, тәрбие алған.

Гриньяр Виктор (1871-1935) – француз химигі 1912 жылы Нобель сыйлығын алған ғалым.

Ғайнижамал – Міржақып Дулатовтың сүйіп қосылған жары, қызылжарлық Сыздық Өтегенұлы деген оқыған кісінің қызы.

Ғайнижамал оқыған, қатарының алды болған. НКВД хабарламасында «М.Дулатов лазаретте аурудан көз жұмды» делінген. М.Дулатов небәрі елу жасының отыз жылын қуғын сүргінде өткізіп, 1935 жылы бақилық болады. Мұнан соң Міржақыптың сүйкті жары Ғайнижамал да қайғының дертінен көп ұзамай, дүниеден өтеді. Артында Гүлнар атты қызы қалды. Сол Гүлнар Дулатова ХХ ғасырдың бас кезіндегі Алаш тарихы мен қазақ өмірін бейнелеген тамаша «Шындық шырағы», «Алаштың сөнбес оттары» атты естелік кітаптар жазып қалдырды.

Дален Нильс Густав (1869-1937) – швед өнертапқышы, 1912 жылы физикадан Нобель сыйлығын алған ғалым.

Елдес Омаров (1892-1937) – қоғам қайраткері, педагог, публицист. Саяси қуғын-сүргін құрбаны. Қостанай қаласындағы 2 сыныптық орыс-қазақ училищесін (1907), Орынбордағы орыс-қазақ мұғалімдер мектебін (1911) бітірген. Алаш Орда өкіметін құруға белсене араласты. Уақытша үкіметтің Торғай уездік комиссарының көмекшісі, Торғай облысы азаматтық комитетінің төрағасы қызметтерін атқарды. Бірінші және екінші жалпы-қазақ съездеріне қатысты. Қостанайда өткен Қостанай уезі қазақтарының төтенше съезінде «Жер мәселесі» туралы баяндама жасады. Қостанай уездік Алашорда комитетінің төрағасы ретінде жергілікті халықты Алаш автономиясын қолдауға шақырды. Мақалалары мерзімді баспасөз беттерінде (Еңбекші қазақ, Жаңа мектеп, Қызыл Қазақстан т.б.) жарияланып тұрды. Бірқатар қоғамдық қызметтерді істей жүріп Ахмет Байтұрсынұлымен бірге жазу мәселесіне қатысты еңбектер жазды. Қазақ мектептеріне арналған орыс тілі грамматикасын және геометрия есептері оқулығын жазды.

[redacted]

Каррель Алексис (1873-1944) – француз хирургі, биолог, патофизиолог, 1912 жылы физиология мен медицина бойынша Нобель сыйлығын алған ғалым.

Каррель Алексис (1873-1944) – француз хирургі, биолог, патофизиолог, 1912 жылы физиология мен медицина бойынша Нобель сыйлығын алған ғалым.

Колпаковский Г.А. (1819-1896) – XIX ғасырдың алпысыншы жылдарындағы Жетісу облысының әскери губернаторы және казачествоның атаманы, қазақ-қырғыздарды қарудың күшімен жаулаған Ресей монархиясының зорлықшыл генералы.

Крылов Иван Андреевич (1769-1844) – орыс жазушысы, ақын, мысалшы, Санкт-Петербург ҒА-ның академигі. Ол орыс әдебиетінде мысал жанрын биік сатыға көтерген. Мысал арқылы қоғамдағы сан түрлі келеңсіз дүниелерді сын тезіне алып, ажуа етеді. Әлеуметтік теңсіздікті, зорлық-зомбылық күшейген замандағы жағымсыз жәйттерді уытты тілмен астарлай әшкерлейді. Қазақ оқырмандарын Крылов мысалдарымен алғаш рет Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев т.б. таныстырды. Ал А.Байтұрсынұлы Крыловтан аударған және өзі жазған мысалдардан «Қырық мысал» деген атпен кітап етіп бастырған.

[redacted]

[redacted]

Лебон, Гюстав Лебон (1841-1931) – атақты француз психологы, социолог, антрополог және тарихшы. Оның «Араб өркениетінің тарихы» (1884), «Үндістан өркениетінің тарихы» (1887), «нағыз жылқы спорты» (1892), «Халықтар психологиясы және масса» (1895), «Тәлім - тәрбие психологиясы» (1902), «Социализм психологиясы» (1908), «Зат эволюциясы» (1912) сынды еңбектері бар.

М. М. Кауаленски (Максим Максимович Ковалевский) (1851-1916) – орыс ғалымы, тарихшы, заңгер, эволюционист әлеуметтанушы және қоғам қайраткері, орыс масондығы жетекшілерінің бірі, Бірінші Мемлекеттік Думаның және Мемлекеттік кеңестің депутаты. Оның ғылым жолының басым бөлігі шетелде өтті, бұл оның шығармаларының, соның ішінде шет тілдеріндегі шығармаларының танылуымен бірге оның әлемге әйгілі болуына ықпал етті. Императорлық Петербург Ғылым академиясының академигі (29.03.1914; корреспондент-мүше, 1899).

[redacted]

[redacted]

Менделеев (Дмитрий Иванович Менделеев 1834-1907) – орыс энциклопедист-ғалымы: химигі, физигі, физикалық химигі, метролог, экономист, технолог, геолог, метеоролог, педагог, мұнайшы, аэронавт. Петербург Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі (1876).

Илья Ильич Мечников (1845 – 1916) – орыс және француз биологы (микробиолог, цитолог, эмбриолог, иммунолог, физиолог және патолог). Физиология немесе медицина бойынша Нобель сыйлығының лауреаты (1908).

[redacted]

Нәзір Төреқұлұлы (1892-1937) – мемлекет және қоғам қайраткері, публицист, алғашқы қазақ елшілерінің бірі, дипломат. Ол бірнеше тілді жетік білген тілтанушы ғалым. Ғалымның «Жат сөздер», «Ұлт мәселесі және мектеп», «Қазақ-қырғыз үшін жаңа әліпби» сынды еңбектері мен өзге де мақалаларында емле, әліпби, терминология мәселелері терең талданады.

[redacted]

Райымжан Мәрсеков (1877 жылы Семей облысы, Өскемен уезі, Айыртау болысында туған. Қайда, қашан қайтыс болғаны белгісіз) – Алаш қозғалысының аса көрнекті қайраткері, Алаш қозғалысының негізін салушылардың бірі, заңгер, публицист, ел мүддесін көздеген ұлт жанашыры.

Ратсел, **Фридрих Ратцель** (1844 – 1904) — неміс географы және этнологы, әлеуметтанушысы; антропогеографияның, геосаясаттың негізін салушы, сонымен қатар диффузионизм теориясын жасаушы.

Риттир, Карл Риттер (1779—1859) – Нміс географы, педагог.

Сабатье Поль (1854-1941) – француз химигі, 1912 жылы Нобель сыйлығын алған ғалым.

[redacted]

Сергей Ефимович Малов (1880-1957) – орыс және кеңес лингвисті, шығыстанушы-түрколог, КСРО Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі (1939). Түркі тілінің маманы.

Томас Роберт Мальтус (1766 – 1834) – ағылшын дін қызметкері және ғалымы, демографы және экономисі, халықтың бақылаусыз өсуі әл-ауқаттың төмендеуіне және жаппай ашаршылыққа әкелуі мүмкін деген теорияның авторы және классикалық макроэкономиканың негізін салушы.

Ф. Лист, Даниэль Фридрих Лист (1789-1846, Куфштейн) – неміс экономисі, саясаткері және публицисті.

Фукидид Олор (б.з.б. 460 ж. ш. — 400) — ежелгі грек тарихшысы. Пелопоннесс соғысы кезінде 424 ж. әскери стратег болды және Фракия жағалауында афина эскадрасын басқарды. Фукидид «Тарих» атты еңбек жазды. Шығарма 8 кітаптан тұрады, бірақ аяқталмаған.

Шәкәрім Құдайбердіұлы, Шаһкәрім (1858-1931) – қазақ ақыны, ағартушы, ойшыл, композитор, аудармашы. Абайдың

немере інісі, әрі шәкірті. Араб, парсы, түрік және орыс тілдерін жетік меңгерген. «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» атты тұңғыш кітабы 1911 ж. жарық көрген. Оның шығармалары: «Үш анық», «Мұсылмандық шарты», «Жолсыз жаза», «Қалқаман – Мамыр», «Ләйлі – Мәжнүн», «Жастық туралы», «Анадан алғаш туғанда», «Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек» т.б.

Лев Владимирович Щерба (1880-1944) – орыс және кеңес лингвисті, КСРО Ғылым академиясының академигі (1943). Фонема теориясының негізін салушылардың бірі. Жалпы тіл білімі, орыс, славян және француз тілдерінің маманы.

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Ақмешіт – қазіргі Қызылорда қаласының орнында болған көне бекініс орны. Ол 1817 жылы салынған. А.И.Добросмысловтың дәлелдеуі бойынша бекіністі Қоқан ханы Омархан салдырған. Бекініс ішінде саз балшықтан салынған елуге жуық үй, екі мешіт, медресе, оқ-дәрі қоймалары, құдықтар болған. Бекініс орыс әскерлері келген кезден «Перовск форты» болып аталған. Қазан төңкерісінен кейін Ақмешіт аты қайта берілді. 1925 жылы оған Қызылорда аты беріліп, 1929 жылға дейін Қазақстанның астанасы болып тұрды.

Ақмола – Есіл өзенінің бойында ескі керуен жолы өтетін Қараөткелде орналасқан, аққайрақ тастан әдемілеп жасалған ескерткіш белгілері; Қазақстанның бас қаласы Астананың ежелгі атауы.

Алматы – Республикалық мәртебесі бар ең ірі қала. Қазақстанның оңтүстік-шығысында Іле Алатауының солтүстік баурайында орналасқан. 1927 жылдан 1997 жылға дейін Қазақстанның астанасы болды.

Алтай – Азия құрлығының орта тұсындағы таулы өлке. Ұзындығы батыстан шығысқа қарай 2000 шақырымға созылып жатыр. Алтай Солтүстік батыстан оңтүстік шығысқа қарай Батыс Сібір ойпатынан Гоби жазығына дейін жан-жаққа таралған. Оңтүстіктегі табиғи шекарасы Қара Ертіс өзені мен Зайсан көлі, ал батыс бөлігі Сарыарқадан Қалба жотасы арқылы бөлінеді.

Астрахань – көне қала. Қазіргі Ресей Федерациясындағы Астрахань облысының орталығы. Волга өзенінің Каспий теңізіне құяр тұсына орналасқан. Ежелгі орта ғасырда оның орнында хазарлардың астанасы Атель (Әтел, Итиль), одан соң Балангир қаласы болды. XIII ғасырда Шыңғысхан ұрпақтары қала орнына Сыйтархан деген жаңа шаһар тұрғызып, хандықтың астанасы етті. 1459-1556 жылдары *Астархан хандығының* орталығы болды.

Батыста Краснояр өлкесімен, солтүстік-шығыста Якутиямен, шығысында Забайкалье өлкесімен, шығысында және оңтүстігінде Бурятиямен, оңтүстік-батысында Тувамен шектеседі.

Ганга дария, (Ганг) – Оңтүстік Азияның ең терең және ең ұзын өзендерінің бірі. Суының мөлшері бойынша дүние жүзінде

Амазонка мен Конгодан кейін 3-ші орында. Батыс Гималайдан Уттаракханд штатындағы Ганготри мұздығынан басталып, оңтүстік-шығысқа қарай ағып, Үндістанның солтүстігіндегі Үнді-Ганг жазығын кесіп өтіп, Бенгал шығанағына құяды.

Гуанго (Хуаң хы) – Қытадағы ең үлкен дарияның бірі. Хаң хы қытай тілінде «Сары өзен» деген мағына береді.

Еділ (ежелгі атауы Ра, орта ғасырларда Итил) – Еуропадағы ең үлкен өзен. Бастауын Валдай қыратынан алып, Каспий теңізіне құяды. Сағасы теңіз деңгейінен 28 м төмен жатыр. Еділге екі жүзден астам салалар құяды. Орта ағысында Ока, Кама, Сура, Ветлуга және Свияга салалары құйғаннан кейін, Еділ суы мол ірі өзенге айналады.

Енесейск (Енисейск) — Ресейдің Красноярск өлкесіндегі қала, Енисей округінің әкімшілік орталығы (оған кірмейді).

Ертіс – Батыс Сібір мен Қазақстан жеріндегі өзен. Обътың сол саласы. Моңғол Алтайының оңтүстік батыс беткейіндегі мұздықтардан басталады. Жалпы ұзындығы – 4248 км. Өскемен, Семей, Павлодар, Қарағанды облыстарының өнеркәсіп орындары және шаруашылықтары өзен суын кеңінен пайдаланады.

Ефрат, Евфрат өзені – Сирия және Ирак, Батыс Азиядағы ең үлкен. Ол Армян таулы аймақтарынан бастау алып, оңтүстікке қарай ағады және Тигр өзенімен қосылып, оның оң және ең кеңейтілген құрамдас бөлігі болып табылатын Шатт әл-Арабты құрайды.

Иркутск облысы — Сібір федералды округінің оңтүстік-шығыс бөлігіндегі Ресей Федерациясының құрамдас бөлігі. Шығыс Сібір экономикалық ауданына кіреді. Әкімшілік орталығы – Иркутск қаласы.

Қазан – Ресей Федерациясы құрамындағы Татарстан автономиясының орталығы, Еділдің сол жағасында орналасқан қала.

Қарқаралы – қарағанды обылысы Қарқаралы ауданындағы қала. Қарқаралы 1824 жылы Сібір қазақтары дала губернаторлығының әкімшілік-аумақтық орталығы – станица негізінде, Ресей империясының әскери бекінісі ретінде қаланған. 1868 жылы уездік қалаға айналды. 1928 жылға дейін Семей облысына қарасты Қарқаралы уезінің, 1928-1930 және 1934-1936 жылдары

Қарқаралы округінің орталығы болды. 1930-1934 және 1936 жылдан Қарқаралы ауданының орталығы болды. XIX ғасырдың екінші жартысында Қарқаралы Орта Азия мен Қытайдан Сібірге баратын керуен жолының торабы ретінде маңызды сауда, кәсіпшілік және мәдени-ағарту орнына айналған.

Қафқаз (**Кавказ**) – батыста Қара теңіз бен Азов теңізіне дейін, Шығыста Каспий теңізіне дейін созылып жатқан таулы өлке. Солтүстігінде Кума-Маныч ойпаңымен шектеседі. Оңтүстігінде шекара айқын емес – Алдыңғы Азия таулы қыраттарына ұласып жатады. Ресей, Грузия, Әзірбайжан және Армения мемлекеттері жерінде орналасқан.

Қырым – Алтын орданың орнында пайда болған хандықтардың бірі, XVII ғасырдың екінші жартысына дейін дербес мемлекет болған. Қазіргі Қырым түбегінде орналасқан. Қырым жерінде Қырым хандығы құрылған, қазірде Қырым татарлары тұрады.

Мәскеу – Ресей Федерациясының астанасы. Москва өзенінің жағалауына орналасқан.

Мысыр – араб елінің африкалық бөлігіндегі көне шаһар әрі ел атауы. Жергілікті арабтар Египетті де, оның астанасы Қаһираны (Қайыр) да Мысыр деп атайды. Қазақ фольклорында, сондай-ақ, көптеген шығыс халықтарының ауыз әдебиеті шығармаларында Мысыр шаһары жиі ұшырасады.

Ніл дариясы – Египетше Әл-Бахр, Африкадағы өзен. Шығыс Африка таулы үстіртінен басталып, Жерорта теңізіне атырау жасап құяды. Ніл алабы толығымен немесе жартылай Руанда, Кения Танза ния, гранда, эфиопия, Судан және ЕАР территориясын қамтиды.

Һінд, **Һиндустан, Үндістан** – Азияның оңтүстік-шығысында орналасқан мемлекет. Астанасы – Дели қаласы.

Омбы (**Омск**) – Орталық Сібір өлкесіндегі Омь өзенінің Ертіске құйылатын тұсында орналасқан Ресейдің Омбы облысының орталығы. Омбы облысы Қазақстан солтүстігінің көп жерімен шектеседі

Орал – қала, Батыс Қазақстан облысының орталығы. Қала Жайық өзенінің жағасында, Шағанның Жайыққа құяр тұсында орналасқан.

Орынбор (орыс. Оренбург) – Ресей Федерациясындағы қала, обылыс орталығы. Атау Ор өзенінің атына байланысты қойылған. Орынбор 1868 жылдан Ресейдің Қазақстан және Орталық Азиямен арадағы ірі сауда орталығы болды. 1920 жылы 4 қазанда Орынборда Қазақ өлкесі кеңестерінің құрылтай съезі өтіп, Қазақ АКСР-і құрылды. 1925-1925 жылдары Қазақ АКСР-інің астанасы болды.

Петропаул – Солтүстік Қазақстан облысының орталығы. Есіл өзенінің оң жағасында орналасқан. Көне атауы – Қызылжар.

Семей – Ертіс өзенінің жағасында орналасқан қала. Іргесі XVI ғасырда қаланған қаланың алғашқы атауы Доржынкент.

Сібір – Азияның Орал таулары, Тынық мұхит, Солтүстік Мұзды мұхит жағалаулары мен Моңғолия шекарасы, Сарыарқа етегі аралығындағы бөлігі.

Сырдария – Қазақстандағы Сырдария өзенінің аты жөнінде көптеген пікірлер, зерттеулер бар. Өзен аты тарихи дәуірлерде бірнеше рет өзгертілген.

Ташкент – қазіргі Өзбекстанның астанасы. Қазақ хандығы дәуірінде Ташкент қазақ хандары үшін айрықша геосаяси маңызы бар өңірлердің бірі болған. Тарихи деректер Ташкенттің Тәуекел және Есім хандары тұсында қазақ билеушілерінің ықпалында болғанын аңдатады. XYIII ғасырдағы жоңғар шапқыншылығы кезінде де Ташкент бірде басқыншылардың, бірде қазақ халқының қолына өтіп тұрған. Ташкенттің XYIII ғасырда қазақтардың айтулы ордаларының бірі болғанын оның маңында Төле бидің және Әйтеке бидің бар екендігі де айғақтайды.

Тигр – Түркия, Сирия және Ирак жеріндегі өзен. Бастауын Армения таулы қыратынан алып, орта және төменгі ағысында Джезире үстірті мен Месопотамия ойпаты арқылы ағады.

Томск – Ресейдің батыс Сібір өлкесіндегі ірі қалаларының бірі. Кеме қатынасы мен Томск Темір жолы жақсы жолға қойылған Тайга бекетінен 80 шақырым қашықтықта орналасқан. Батыс Сібірдегі ірі өндіріс, сауда орталығы болып саналады.

Торғай – тарихи қала. XIX ғасырдың I-і жартысында патшалық Ресей үкіметі қазақ халқының XIX ғасырдың

40-жылдарыұлт-азаттық қозғалысы басу үшін қазақ даласының ең түкпірінен бекініс пунктін салған. Торғай облысының құрылуына байланысты 1868 жылы Торғай қала атанды. Қазақ халөының тарихи мен мәдениетінде ерекше рөлі болды.

Торғай – тарихи қала. XIX ғасырдың I-і жартысында патшалық Ресей үкіметі қазақ халқының XIX ғасырдың 40-жылдарыұлт--азаттық қозғалысы басу үшін қазақ даласының ең түкпірінен бекініс пунктін салған. Торғай облысының құрылуына байланысты 1868 жылы Торғай қала атанды. Қазақ халөының тарихи мен мәдениетінде ерекше рөлі болды.

Түркістан – қазақ хандығының ең бірінші астанасы. Қаланың көне атауы –Яссы. Яссы Ұлы Жібек Жолының сауда орталығы және округі болған. XII ғасырда әсіресе Қ.А.Ясауи көшіп келген соң ерекше атаққа ие болған. Ясауи кесенесі – ортағасырлардың ерекше сәулеті болып табылады. Керемет орналасуы және әдемі мозаика суреттермен апталған қоршау. 1500 жыл ішінде Түркістан атақты шейх-көріпкел ақын Хазірет-сұлтан аталған Қожа Ахмет Ясауидің арқасында әлемге әйгілі болған. Ол кезде қала атауы – Яссы болатын. XIV ғасыр аяғында Түркістан Ұлы Әмір Темір арқасында Қожа Ахмет Ясауи кесенесі салынған соң атақты болды

Ууилон – Қасиетті Құран, тарихи және ғылыми еңбектерден аты белгілі көне Вавилон қаласы.

Уфа – қала. Башқұртстан Республикасының астанасы. Ағидель өзенінің бойында орналасқан.

Шәуешек – ҚХР-дың Шыңжаң Ұйғыр автономиялы ауданына қарасты Тарбағатай аймағының орталығы. Шәуешек солтүстік батыста Қазақстан республикасымен шектеседі.

Шымкент – Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі тарихи, көне қалаларының бірі. Тарихи деректерге негізделгенде қала б.з.д. II ғасырда салынған деген дерек бар. Халықның көптігі жағынан, мәдениет, сауда экономикалық жағынан болсын маңызы зор.

Ырғыз – Ақтөбе облысының шығысындағы әкімшілік бөлік.

Янцикиянг дария – қытай жеріндегі ұзын әрі үлкен өзендердің бірі Шаң жияң дариясының атауы болса керек.

РУ АТАУЛАРЫ

Арғын – қазақ халқын құраған көне тайпалардың бірі. Шежіре бойынша Орта жүздің құрамына енеді. Ежелгі қонысы – Ертіс, Нұра, Есіл, Торғай өзендерінің бойлары мен Балқаш көлінің солтүстігіндегі шөлейт өлке. Бұл тайпаның ежелден келе жатқанын Орхон жазба ескерткіштеріндегі, Қытай жазбаларындағы мәліметтер мен М.Қашғари, орыс зерттеушісі Н.Аристовтардың еңбектері айғақтай алады. Қазақ шежіресінде арғындар бәйбіше арғын, тоқал арғын болып екіге бөлінеді. Бәйбішеден тарағандар «бес мейрам» аталып, қуандық, сүйіндік, бегендік (қозған), шегендік (қақсал), қаракесек деген аталарға бөлінсе, тоқалдан тарағандар «жеті момын» аталып қанжығалы, тобықты, бәсентиін, қарауыл, атығай, сарыжетім, шақшақ болып жіктеледі.

Естек (Башқұрт) – баш қорт, яғни бас құрт сөзі түрікше «бас бөрі» мағынасын білдіреді. Башқұртстан Республикасының байырғы халқы, түркі халықтарының бірі. Ресейдің Челябі, Қорған, Орынбор, Пермь, Свердлов, Саратов облыстарында, шағын тобы Қазақстан мен Орталық Азияда да тұрады. «Башқұрт» этногенезінің қалыптасуына VII–X ғасырлардағы әр алуан түркі тайпалары (үсерген, байлар, сұраш, маңғауыр, жағалбайлы, тама, бешуыл, кедей, табын, мың, керей, қаңлы, арғын, байұлы т.б.) ұйтқы болды.

Қыпшақ – қазақ халқының, басқа да бірқатар түркі халықтарының негізін құрған ежелгі тайпа, орта ғасырларда Орта Азия мен Шығыс Еуропаны мекендеген аса ірі ұлыстардың бірі. Қыпшақ атауы алғаш ежелгі түркінің Шина Усу ескерткішінде кездеседі. Махмұт Қашқари еңбегі бойынша IX ғасырдағы қыпшақтардың құрамына қимақ, субар, қаңлы, қарабөрікті, тоқсаба, жете, бөрлі т.б. рулар мен тайпалар енген. Қыпшақтар түрік қағанаты ыдыраганнан кейін алғашында қимақ қағандығының құрамында болып, XI ғасырда бөлініп шықты. Шыңғысхан империясының батыс бөлігіндегі Жошы ұлысын (Алтын Орда) тарихшылар Дешті қыпшақ деп атаған.

Ноғай – түркі халықтарының бірі. Негізінен Ресей Федерациясында (Ставрополь аймағы, Дағыстан, Шешенстан т.б.) тұрады. Басты субэтникалық топтары: қара ноғайлар, ащы-құлан-ноғай, ақ ноғай немесе қубандықтар, астрахандық ноғай. Антропологиялық жағынан Оңтүстік Сібір (тұран) ауыспалы аралас нәсіліне жатады. Ноғай тілінде сөйлейді. Діні – мұсылман, сүннит. Әдет-ғұрпы, тұрмыс-салты жағынан қазақ пен қарақалпаққа өте жақын. Ноғай Алтын Орда әскерінің қолбасшысы Ноғай ұлысының құрамына кірген түркі тілдес қыпшақтармен араласып, олардың тілін қабылдаған түрлі түркі және моңғол тайпаларының ұрпағы.

Төре – Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыдан тарайтын ұрпақ, қазақ даласында әлеуметтік топ. Олар қазақ руларына қосылмайтын өз алдына дербес қауым болып саналған. Төрелер өздерін «ақсүйек» қатарына жатқызған. Қазақ қоғамында хандар тек төрелерден шыққан сұлтандар арасынан сайланған.

СӨЗДІК

Ағза /а/ – дене мүшелері.
Асыл /а/ – себеп; шығу төркіні; негізі, мәні.
Ахлақи – адамгершілік.
Бақал – ұсақ-түйек деген мағынада
Ғайр /а/ – басқа, өзге.
Ғали таһсил – жоғары оқу, жоғары білім.
Гәп, кәп, кеп /п/ – сөз; ірі әңгіме; хикая; оқиға; бір нәрсенің сыры, мәні; бір істің, нәрсенің себеп-салдары, тетігі.
Ғумуми /а/ – жалпы.
Ғылым наху /а/ – снитаксис ғылымы
Ғылым сарф /а/ – морфология ғылымы
Дақыл /а/ – минут, сәт.
Әмме, һәмме /п/ – барлық, бәрі.
Жалуния (Жалование) /о/ – жалақы.
Жамағат /а/ – жиналған топ, халық, жұрт; әйел.
Жаһат /а/ – ниет, ықылас, талап.
Зарар – зиян, шығын.
Зиһин /а/ – ақыл, ес, ой, зейін, парасат.
Инабият – инабат, құрмет, ізет.
Иттифақ /а/ – келісім, ынтымақ, бірлік, келісім, бір ауыздылық.
Кәтта /п/ – үлкен.
Қадақ – екі жүз грамға тең салмақ өлшемі.
Қадар /а/ – сан, мөлшер, көлем
Қанун – заң, закон.
Лұғат /а/ – сөз; лебіз, сөздік.
Мағазын (магазин) – дүкен.
Мағлұм /а/ – белгілі.
Мархабат /а/ – қайырымдылық, мейірімділік.
Мухаррары /а/ – хабаршы, тілші.
Нәубет /а/ – апат, кесапат, ауыртпалық, кезек.
Низам /а/ – заң, жүйе.
Һәман /п/ – дәл өзі, соның өзі; әрқашан, ылғи.

Һәр, Һәрбір, Һәрне, Һеш – әр, әрбір, әрне, еш.

Обу – жеу, жұту.

Орғыл құм /ж.с/ – құмда көлік, я кісі жүрсе, аяғы бататын есілген құм. Орғыл-орғыл құм, яғни өркеш-өркеш құм мағынасында.

Өкәлт – өкілет.

Переселен – қоныс аударушылар, қоныстанушылар.

Рауыш /п/ – тәсіл, әрекет, қалып.

Сажын – үш кезге парапар ұзындық өлшемі.

Сұрып жер – таңдаулы жер, жақсы, тың жер.

Тарқы, тарақи /а/ – даму, жақсару.

Терте – арба-шананың көлік жегетін жетек ағашы.

Тәнбие, тәнбия /а/ – жаза, ескерту.

Уә /а/ – және.

Усул сотие – дыбыстық әдіс.

Фельдшер – орта медициналық білімі бар медицина қызметкері.

Хасыл кәлам /а/ – қорытынды сөз.

Хаттә /а/ – тіпті.

Хәкім /а/ – билеуші, әкім.

Харіф, (қаріп) /а/ – әріп.

Хилаф /а/ – қарама-қайшылық, келіспеушілік, бүлдіру, бұзу.

Хисаб /а/ – есеп.

Чиноуник, чиновник /о/ –

Шаһер, Шаһар /п/ – қала

Шонки, Шунке /п/ – өйткені, себебі.

Ықтисат – экономика.

Ыспат – дәлел, айғақ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байтұрсынов А. Шығармалары: Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер / Құраст. Ә.Шәріпов, С.Дәуітов. – Алматы: Жазушы, 1989. – 320 б.
2. Нұрғалиев Р. Алып бәйтерек // Қазақ әдебиеті. – 1989, 21 сәуір.
3. Елеукенов Ш. Халқының көңілін көгерткен // Елеукенов Ш. Жаңа жолдан. С новой строки. – Алматы, 1989. – Б. 94-109.
4. Байтұрсынов А. Ақ жол: Өлеңдер, тәржімелер, публ. мақалалар және әдеби зерттеу / Құраст. Р.Нұрғали. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
5. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
6. Абдиманов О. Литературно-публицистическая деятельность Ахмета Байтурсынова. Автореф. дисс. на соискание уч. степени канд. филол. наук. – Алматы, 1992.–
7. Әбдіманов Ө. «Қазақ» газеті. – Алматы: Қазақстан, 1993.
8. Сәтбаева Ш. Ахмет Байтұрсынов // XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Білім, 1994. – Б. 133-150. (248 б.)
9. Қирабаев С. Ахметтің ақындығы // Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері. – Алматы: Білім, 1995. – Б. 107-117 (288 б.)
10. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995.
11. Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 б.
12. Байтұрсынов А. Жаңа низам. – Алматы: Жеті жарғы, 1996. - 128 б.
13. Дулатова Г.М. Шындық шырағы (екінші кітап). – Алматы, 1998.
14. Исмакова А. Казахская художественная проза. Поэтика, жанр, стиль (начало XX века и современность). – Алматы: Гылым, 1998. – 394 с.
15. «Қазақ» газеті. Алаш азаметтарының рухына бағышталады / Бас ред. Ә.Нысанбаев. Құраст. Ү.Сұбханбердина, С.Дәуітов, Қ.Сахов. – Алматы: Қазақ энцикл., 1998. – 560 б.
16. Қазақ тілінің сөздігі. – Алматы, 1999.
17. Ұлттың ұлы ұстазы: Халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, ағартушы Ахмет Байтұрсыновқа арналады / Құраст. В.Қ. Күзембаева. – Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2001. – 267 б.
18. Әбдиманұлы Ө. XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиеті. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2002. – 430 б.
19. Исмакова А. Возвращение плеяды. – Алматы: Гылым, 2002. – 200 с.
21. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Зерттеу. – Астана: Күлтегін, 2002. – 528 б.
22. Байтұрсынұлы А. Көп томдық шығармалар жинағы. 1-том / Жауапты ред. А.Ісімақова. – Алматы: Алаш, 2003. – 408 б.
23. Қазақ тілінің аймақтық сөздігі /Құрас. Ғ.Қалиев, О.Нақысбеков, Ш.Сарыбаев, А.Үдербаев және т.б. – Алматы: Арыс, 2005.
24. Байтұрсынұлы А. Маса: Өлеңдер мен көсемсөздер. – Алматы: Раритет, 2005. – 208 бет.
25. Байтұрсынұлы А. Бестомдық шығармалар жинағы. 4-том / Жауапты ред. А. Ісімақова; құраст. А.Ісімақова, Р.Имаханбетова. – Алматы: Алаш, 2006.

26. Байтұрсынұлы А. Көп томдық шығармалар жинағы. 5-том / Жауапты ред. А.Ісімақова; құраст. А.Ісімақова, Р.Имаханбетова. – Алматы: Алаш, 2006. –288 б.
27. Имаханбет Р. Ахмет Байтұрсынұлының өмірі, шығармашылығы. – Алматы, 2006.
28. Әбдиманұлы Ө. Ахмет Байтұрсынұлы: Зерттеу-эссе. – Алматы: Арда, 2007. – 296 б.
29. Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы. – Алматы: Мектеп, 2009. – 560 б.
30. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бестомдық. Алматы, 2011.
31. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бестомдық. 14-том. / Құраст.: М.Малмақов, Қ.Есенова, Б.Хинаят және т.б. – Алматы, 2011. - 800 б.
32. Байтұрсынұлы Ахмет. Алтытомдық шығармалар жинағы. Әліппелер мен мақалалар жинағы. (Төте жазудағы тұңғыш әліппелер және ұлттық баспасөз- де жарияланған көсемсөздер). – Алматы: «Ел-шежіре», – 2013. Т. IV: Жауапты редактор А.С. Ісімақова, құрастырып, баспаға дайындап, түсініктерін жазған Р.С. Имаханбет.
33. Байтұрсынұлы А. Алтытомдық шығармалар жинағы. 5-том / Жауапты ред. А.Ісімақова; құраст. Р.Имаханбет. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.
34. М.Дулатұлы. Алтытомдық шығармалар жинағы, 2-том. Алматы: "Мектеп", 2013.
35. Байтұрсынұлы А. Энциклопедия / Бас ред. Ж.Тойбаева. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2017. – 744 б.
36. Ақымет Байтұрсынұлы. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: Қазақ университеті, 2022.
37. Байтұрсынова Бәдрисафа Мұхаммедсадыққызы. https://vk.com/wall-72231359_187
38. Жүсіп С.-Х.А., Маслов Х.Б. Исторические аспекты участия казахов в первой мировой войне // «edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы. № 3(27), 2021. https://edu.e-history.kz/kz/publication/view/1692
39. Как Джангельдин стал Иваном Степновым // https://qazaquni.kz/ru/159573-kak-dzangeldin-stal-ivanom-stepnovym? 2022 16 қаңтар.
40. https://kk.wikipedia.org/wiki/%D0%90%D1%85%D0%BC%D0%B5%D1%82_%D0%91%D0%B0%D0%B9%D1%82%D2%B1%D1%80%D1%81%D1%8B%D0%BD%D2%B1%D0%BB%D1%8B
41. http://qaa.kz/news/ahmet-bajt-rsyn-ly-lt-stazy/
42. https://e-history.kz/kz/news/show/774
43. Әнесұлы Ж. Ұлтына ғұмырын арнаған ұлы тұлға. – Алматы: Үш Қиян, 2013. – 160 б.
44. Әнесұлы Ж. Ахаң мен Жахаң салған азаттық жолы. – Алматы: Үш Қиян, 2020. – 96 б.
45. Ахмет Байтұрсынұлы. Энциклопедия / Бас ред. Ж. Тойбаева. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2017. – 744 бет.

46. Ахмет Байтұрсынұлы: фотожинақ /Құрастырып, анықтамалық әрі ғылыми түсініктерін жазған Райхан Сахыбекқызы, Қайдар, Байдебекұлы/. – Алматы: «Орхон» баспа үйі, 2017. – 240 б. Суретті, деректі. ISBN 978-7558-26-0

Мерзімді баспасөз беттері

1. Тургайские газета. – 1895. – №39;1896. – №60.
2. Айқап журналы. – 1911. – №2, 4, 6, 9, 10; 1912. – №4, 5, 6, 9, 10, 11, 12; 1914. – №7.
3. Қазақ газеті. – 1913. – №6, 14, 16, 18, 20, 24, 26, 27, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 42, 48; 1914. – № 52, 59, 61, 62, 73; 1916. – №174, 207; 1917. – №219, – 164, 233, 234, 236. 254.
4. Шора журналы. – 1913. – №4.
5. Заря газеті. – 1917. – №10.
6. Жизнь национальностей газеті. – 1919. – №29; 1921. – 25 қазан.
7. Учредительный съезд советов киргизской (Казакской) АССР. – 1920. – 4-12 октябрь.
8. Қазақ тілі газеті. – 1923. – 22 наурыз.
9. Ақжол газеті. – 1923. – №313, 322, 366; 1924. – №398; 1925. – №561.
10. Жаңа мектеп журналы. – 1925. – №1; 1926. – №7, 8; 1927.– №1, 5, 11; 1928. – 1, 4.
11. Еңбекші қазақ газеті. – 1925. 19 мамыр, 14 желтоқсан; 1927. – 17, 19 маусым; 1928. – 26 қаңтар; 1929. – 27 наурыз.
12. Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі. – Орынбор: Қазақстан мемлекет баспаханасы. – 1925.
13. Бюллетень организационной Комиссии по созыву I Всесоюзного Тюркологического С`езда. №2-й. – Баку, 1926. – 28 февраля.
14. Первый всесоюзный тюркологический съезд. – Баку: АССР. – 1926. – 26 февраль – 5 марта.
15. Сауат ашқыш: Қазақстан оқу комиссариаты. – 1926.
16. //Социалистік Қазақстан газеті. – 1989. – 7 ақпан.

Пайдаланылған мұрағат материалдары мен қолжазбалар

ҚР Орталық Мемлекеттік мұрағаты: 81-қор. 1-тізімдеме. – 1314-іс.
ҚР Орталық Мемлекеттік мұрағаты: 81-қор. 1-тізімдеме. - 1313-іс.
ҚР Президенті архиві: 139-қор, 1-тізімдеме, 148-іс.
ҚР Президенті архиві: 139-қор, 1-тізімдеме, 1016-іс.
ҚР Президенті архиві: 141-қор, 18-тізімдеме, 165-іс.
ҚР Президенті архиві: 811-қор, 20-тізімдеме, 568-іс.
Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві: 184-қор, 1-тізімдеме, 17-іс.
ҚР Ұлттық кітапханасының Сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры: 480-бума.
Ресей Мемлекеттік тарихи архиві: 1291-қор, 84-тізімдеме, 89-іс.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘӨИ – Әдебиет және өнер институты
ОҒК – Орталық ғылыми кітапхана
а – араб
о – орыс
п – парсы
ж.с – жергілікті сөз
ҚҚ – қолжазба қоры

ТҮЙІНДЕМЕ

Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына орай шығарылып отырған академиялық басылымының бесінші томына ғалымның мақалалары, баяндамалары және мұрағаттық құжаттары топтастырылды. Жинаққа А.Байтұрсынұлының 1895 жылы «Тургайская газетада» басылған «Киргизские приметы и пословицы» атты тұңғыш мақаласынан бастап, «Айқап» (1911-1914 жж.), «Шора» (1913 ж.), «Жаңа мектеп» (1925, 1926, 1927, 1928 жж.) журналдарында және «Тургайская газета» (1896 ж.), «Қазақ» (1913-1917 жж.), «Ақ жол» (1923-1925 жж.), «Южный урал» (1917 ж.), «Известия Киргизские края» (1920 ж.), «Жизнь национальностей» (1919, 1923 жж.), «Степная правда» (1922), «Қазақ тілі» (1923 ж.), «Еңбекші қазақ» (1925, 1927, 1928, 1929 жж.) газеттерінде, түрлі мерзімді баспа сөз беттерінде жарық көрген тоқсанға жуық мақаласы енді.

Академиялық басылымның басты жаңалығы ретінде бұрын Ахмет Байтұрсынұлының жеке жинақтарында жарық көрмеген «Шаруалық өзгерісі» (көлемді 107 беттен тұратын қолжазбасы негізінде), «Жазу мәселесі» (Шәкәрім ақсақалға жауап), «Алаш азаматтарына», «Көңіл айту», «Шура-и ислам», «Алаш азаматтарына» (босқын қырғыздарға жәрдем беру туралы), «Дәйекші», «Өрбу», «Қазақ халқына», «Еркін дала», «Тағы да жер жайынан», «Аз уақытта көп білу жолының басы», «Мұсылмандар үшін Петербурда болатын кеңес жиылысы», «Торғай һәм Ырғыз үйезінің халқына», «Азамат серіктігінің жалпы жиылысы», «Заявление т. Ахмета Байтурсунова», сондай-ақ Қызылорда мұрағатынан табылған «А. Байтұрсынұлының арызы» (орыс тілінде, машинкамен басылған. Жинаққа ұсынған – Махамбетова Айдана) сынды әр тақырыпта жазылған мақалалары, үндеу хаттары, арыз-шағымдары табылып, алғаш рет жинаққа ұсынылды.

Сонымен қатар «Қазақстан Президентінің архивінен» А.Байтұрсынұлының 1921 жылы және 1924 жылғы өз қолымен толтырған жеке іс парақтары, Ленинге жазған хаттары да (3 хат) табылып, академиялық басылымға алғаш рет енгізілді.

Әр кезде жарық көрген ғалымның жеке жинақтарындағы мақала мәтіндері («Тіл тағылымы» (1992), А.Байтұрсынұлының бестомдық шығармалар жинағы (4-том, 2006) және А.Байтұрсынұлының алтытомдық шығармалар жинағы (4-том, 2013) аталған газет-журналдардағы түпбасылым нұсқаларымен жолма-жол салыстырылып, алғаш рет жүйелі текстологиялық саралаудан өтті. Нәтижесінде кезінде қалып қойған, редакцияланған, сызып тасталған сөз-сөйлемдер, тіркестер, мәтіндегі өзгерістер толық қалпына келтірілді. Сонымен қатар кітап ғылыми түсініктер, мақалалардың факсимилесі мен мұрағаттық құжаттар, есімдер көрсеткіші, айтушылар мен жинаушылар туралы мәлімет, ру атаулары, сөздіктер сияқты қосымшалармен жасақталды.

РЕЗЮМЕ

В пятом томе академического издания, выпущенного к 150-летию Ахмета Байтурсынулы, собраны статьи, доклады и архивные документы ученого. В сборник вошла первая статья А. Байтурсынулы «Киргизские приметы и пословицы», опубликованная в «Тургайской газете» в 1895 г., а также около девяноста статей, опубликованных в в разное время в различных периодических изданиях, в том числе в журналах: «Айкап» (1911-1914 гг.), «Шора» (1913 г.), «Жаңа мектеп» (Новая школа) (1925, 1926, 1927, 1928 гг.); в газетах: «Тургайская газета» (1896 г.), «Казах» (1913-1917 гг.), «Ак жол» (1923-1925 гг.), «Южный Урал» (1917 г.), «Известия Киргизского края». (1920 г.), «Жизнь национальностей» (1919, 1923 гг.), «Степная правда» (1922), «Казахский язык» (1923 г.), «Енбекши казах» (1925, 1927, 1928, 1929 гг.).

Главным новшеством данного академического издания стали ранее неопубликованные в отдельных сборниках работы Ахмета Байтурсынулы: "Изменения в делопроизводстве" (согласно его 107-страничной рукописи), "Проблемы письменности" (Ответ аксакалу Шакариму), "Гражданам Алаша" (о помощи киргизским беженцам), "Соболезнования", " Шура-и Ислам», «Апостроф», «Развитие», «Казахскому народу», «Свободная степь», «Еще раз о земле», «Пути быстрого обучения», «Собрание совета для мусульман в Санкт-Петербурге», «Народу Торгайской и Иргизской областей», «Общее собрание гражданского товарищества», «Заявление т. Ахмета Байтурсунова», а также найденное в архивах Кызылорды « Заявление А. Байтурсынулы» (на русском языке, напечатанное н машинке). Махамбетова Айдана инициировала включение данного документа в сборник). В сборнике также впервые представлены тематические статьи, апелляционные письма, обращения.

Кроме того в академическое издание включены личные дела Ахмета Байтурсынулы из «Архива Президента Казахстана»,

заполненные собственноручно в 1921 и 1924 годах, а также его письма, адресованные В.И. Ленину (3 письма).

В издание вошли тексты статей из отдельных сборников ученого, изданных в разное время, из сборника «Изучение языка» (1992 г.), из пятитомного собрания сочинений А. Байтурсынулы (том 4, 2006 г.) из шеститомника собрания сочинений А. Байтурсынулы (Том 4, 2013 г.). Тексты былы построчно сопоставлены с оригиналами в изданиях газет и журналов и впервые подверглись текстологическому анализу, в результате чего отредактированные, оставленные, вычеркнутые в свое время слова, предложения, словосочетания, изменения в тексте были полностью восстановлены. Вместе с тем, в книге имеют место научные разъяснения, факсимиле статей и архивных документов, а также указатель имён, сведения о сказителях и собирателях, названия родов, словари и другие приложения.

SUMMARY

The fifth volume of the academic edition, issued on the occasion of the 150th anniversary of Akhmet Baitursynuly, contains articles, reports and archival documents of the scientist. The collection includes the first article by A. Baitursynuly "Kyrgyz signs and proverbs", published in the "Turgay newspaper" in 1895, as well as about ninety articles published at different times in various periodicals, including magazines: "Aykap "(1911-1914), "Shora" (1913), "Zhana mektep" (New School) (1925, 1926, 1927, 1928); in the newspapers: "Turgai newspaper" (1896), "Kazakh" (1913-1917), "Akzhol" (1923-1925), "Southern Ural" (1917), "News of the Kirghiz region" . (1920), "Life of Nationalities" (1919, 1923), "Stepnaya Pravda" (1922), "Kazakh language" (1923), "Enbekshi Kazakh" (1925, 1927, 1928, 1929).

The main innovation of this academic edition was the previously unpublished in separate collections works by Akhmet Baitursynuly: "Changes in paper work" (according to his 107-page manuscript), "Problems of writing" (Answer to Aksakal Shakarim), "To the Citizens of Alash" (on assistance to Kyrgyz refugees), "Condolences", "Shorai Islam", "Apostrophe", "Development", "To the Kazakh people", "Free steppe", "Once again about the land", "Ways of fast learning", "Council meeting for Muslims in St. Petersburg" , "To the people of Torgai and Irgiz regions", "General meeting of civil partnership", «Statement of Comrade Akhmet Baitursunov», as well as «Appeal of A. Baitursynuly» found in the archives of Kyzylorda (in Russian, typewritten. Makhambetova Aidana initiated inclusion of this document in the collection). The collection also represents thematic articles, letters of appeal, and other documents for the first time.

In addition, the academic publication includes the personal files of Akhmet Baitursynuly from the «Archive of the President of Kazakhstan», filled in with his own hand in 1921 and 1924, as well as his letters addressed to V.I. Lenin (3 letters).

The present academic edition includes the articles from separate collections of the scientist, published at different times: from the

collection "Language Study" (1992), from the five-volume collected works of A. Baitursynuly (volume 4, 2006) from the six-volume collected works of A. Baitursynuly (Volume 4, 2013). The texts were compared line by line with the originals in the editions of newspapers and magazines and for the first time were subjected to textual analysis, as a result of which the edited, left, crossed out words, sentences, phrases, changes in the text were completely restored. At the same time, the book contains scientific explanations, facsimiles of articles and archival documents, as well as an index of names, information about storytellers and collectors, names of the tribes, dictionaries, and other appendices.

МАЗМҰНЫ

МАҚАЛАЛАР 5
Киргизские приметы и пословицы 7
Корреспонденция (От нашего корреспондента)
Бистамакская волость, Актюбинского уезда 12
Тағы да народный сот хақында 15
Фельетон: Қазақ өкпесі *(Кесек әңгіме)* *21*
Тағы да жер жайынан 24
Қазақ пайдасындағы жерді алу турасындағы низамдар мен
бұйрықтар 28
Қазақ һәм 4-ші дума 35
Аз уақытта көп білу жолының басы 39
Жазу тәртібі 42
Шаһзаман мырзаға 50
«Қазақша сөз жазушылар диқатына» сөз жазушыға 60
Оқыу жайы 68
Орысша оқыушылар 73
Қазақша оқыу жайынан 77
Отзыв Байтурсунова о рукописи руководства к преподаванию
казакского языка русским, составленного т. Косивцовым 81
Заключение О ходатайстве Джетысуйского ГИКа о переименовании
г. Алма-Ата в «Алматы и уезд «Алматинским» 84
Бес мың десятина жер 87
Білім жарысы 91
Бас қосу турасында 96
Көшпелі һәм отырықшы норма 100
Жазу мәселесі [*Шәкәрім ақсақалға жауап*] 104
Жазу мәселесі *(Ғ. Мұсаға жауап)* *108*
Шаруа жайынан 112
Земство 116
Ауру жайынан 121
Жауап хат 126
Білім жарысы хақында 132
Уақ қарыз 134
Егін егу 139
Жер жалдау жайынан 142
Бас қосуға рұқсат берілмеді 147
Орыс «мейірманшылығы» 150
Орынбор. 13-нші октябрь 151
Бас қосу 157
Алаш азаматтарына 159
Мұсылмандар үшін Петербурда болатын кеңес жиылысы 162
«Аңдаспаған мәселе» турасында 166
Губернатор өзгерілуі 168
Досмайыл қажыға ашық хат 171
Қазақ һәм түрлі мәселелер 178

Бастауыш мектеп 183
Мектеп керектері 189
Соғысушы патшалар 194
Бұ заманның соғысы 199
Алашқа 204
Шаруалық өзгерісі 207
Шаруалық өзгерісі (VIII) 261
Дәйекші 266
Қазаққа ашық хат *(мал есебі туралы)* *267*
Торғай һәм Ырғыз үйезінің халқына! 270
[Көңіл айту] 273
Қазақ халқына *(Есеп алу тарихы)* *274*
«Азамат» серіктерінің жалпы жиылысы 277
Шура-и ислам 279
Алаш азаматтары! 282
Еркін дала 284
Наш ответ докладной записке, напечатанной в № 125 «ЗАРЯ» от 5 сент. с. г. 287
Революция и киргизы 294
Еще о голоде в Киргизии 300
Просвещение и голодовки 304
У культурного очага *(К открытию «Дома печати»)* *309*
Первый Всекиргизский съезд работников по народному образованию 313
Малярия *(безгектің бір түрі)* *316*
Салық жұмысы туралы 319
Октябрь өзгерісі – еңбекшілер жұртшылығының жемісі 322
Қазақша жазыу тақырыпты жаңа ережелер 325
Баспа хәріптерді түзету мәселесі 329
Енді қазақ демей болмайды 334
Баулыу мектеп 336
«Қазақстан» мен «Қазағыстан» тұуралы 343
Жоқшыға дерек 346
Өрбу 350
Түрікшілер құрылтайы 353
Түзетілген әріп 363
Дыбыстарды жіктеу тұуралы 369
Ана тілінің әдісі 378
Жалқылау (айырыңқы) әдіс 388
Қай әдіс жақсы? 400
Сәбійтке жауап 411
Емле тұуралы *(қысқартылып басылды)* *414*

БАЯНДАМАЛАР, ТЕЗИСТЕР 427
Учредительный съезд советов Киргизской (Казакской) АССР 429
Қазақ білімпаздарының тұңғыш сійезі 432
Әліббій тақырыбты Ақметтің байандамасы 437

Первый Всесоюзный съезд 26 февраля - 5 марта 1926 года.....452
Тезисы о терминологии на тюркских языках 470
Байтұрсын ұлы Ақыметтің араб әліббесін жақтаған байандамасы.....475

МҰРАҒАТ МАТЕРИАЛДАРЫ.....493
Прошение.....500
Жизнеописание 516
Заявление т. Ахмета Байтурсунова 520
1921 жылы Ахмет Байтұрсынұлының өз қолымен толтырған жеке іс-парағы.....524
1924 жылы Ахмет Байтұрсынұлының өз қолымен толтырған жеке іс-парағы.....533
Ахмет Байтұрсынұлының Ленинге жазған хаттары 543
Дорогой товарищ Ленин!.....549
Товарищу Ленину В.И.....561
К тезисам по «национальному и колониальному вопросам» тов. Ленина.....569
Қазақ халық білім беру институтының (КИНО) жергілікті комитетіне №8 А.Байтұрсынұлының берген түсініктемесі 572
№8 Месткому при Казинституте 576
КАЗ. ИНПРОС.....580

ФОТОСУРЕТТЕР 581

ҚОСЫМШАЛАР.....599
Есімдер көрсеткіші 749
Жер-су атаулары 758
Ру атаулары.....763
Сөздік.....765
Пайдаланылған әдебиеттер.....767
Шартты қысқартулар.....770
Түйіндеме.....771
Резюме.....773
Summary 775

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ

АХМЕТ

Шығармаларының академиялық толық жинағы

БЕСІНШІ ТОМ

Дизайнер Б. Серікбай
Беттеген А. Жұмағалиев

Басуға 18.10.2022 ж. қол қойылды.
Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Times New Roman».
Пішімі 60x90 $^{1}/_{16}$. Баспа табағы 48,75.

ЖШС «Brand Book» баспаханасында басылды